# ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

•

# СВОД ЗАКОНОВ КАЗАХСКОЙ ССР

ТОМ 9

Каз 3/21

А

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Казах. ССР.
Законы и постановления
Свод законов...
т. 9.

# ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

**9-том**

АЛМАТЫ

ББК 67. 99 (2К)—3
К—17

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

**Досполов Д.** (председатель),
**Қадырова З. Ж., Изюмников В. К.,**
**Елемесов Ғ. Б., Айтмұқанбетов Т. Қ.,**
**Бацула А. Е., Жандосов С. О.,**
**Карбовский Э. С., Ахметов З. А.**

ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ПУБЛИЧНАЯ
ИСТОРИЧЕСКАЯ
БИБЛИОТЕКА РСФСР
6614 1987 год

К $\frac{1203070000-87}{401(05)-87}$ 81—87

ББК 67.99(2К)—3

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

# ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

## 9-том

АЛМАТЫ

ББК 67.99(2К)—3
Қ — 17

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

**Досполов Д.** (председатель),
**Нұрпейісов С. С., Изюмников В. К.,**
**Елемесов Ғ. Б., Айтмұқанбетов Т. Қ.,**
**Бацула А. Е., Жандосов С. О.,**
**Карбовский Э. С., Әбділдин Ж. М.**

Қ $\frac{1203070000-135}{401(05)-89}$ 84—88 ББК 67.99(2К)—3

IV БӨЛІМ

# ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР[1]

[1] Қазақ ССР Заңдары жинағының 9-томын пайдаланған кезде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқару органдары жүйесіндегі өзгерістер туралы» 1985 ж. 2 декабрьдегі Указымен Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті құрылғанын еске алу қажет.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті жойылды.

Қазақ ССР Дайындау министрлігі Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігі болып қайта құрылды.

# 4-тарау

# ӨНЕРКӘСІП

## § 1. ӨНЕРКӘСІПТІ БАСҚАРУ

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОСПАРЛАУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІ МЕН ЖҰМЫС САПАСЫН АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛЫН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 12 ИЮЛЬДЕГІ № 695 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1979 жылғы 11 октябрьдегі № 386 ҚАУЛЫСЫ

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ӨНЕРКӘСІПТІ БАСҚАРУДЫ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1973 ЖЫЛҒЫ 2 МАРТТАҒЫ № 139 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1973 жылғы 15 майдағы № 266 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 11, 46-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, облыстық ат-

---

[1] 8-томның 8-бетін қараңыз.

[2] 2-пункттің екінші абзацы, 3, 8 және 11-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

9-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 2 марттағы № 139 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

қару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне кәсіпорындарды ірілендіру, өндірістік бірлестіктер (комбинаттар) және республикалық өнеркәсіп бірлестіктерін құру, шаруашылық басшылық органдарын өндіріске жақындату, салалық басқарудың әр түрлі буындары арасында праволар мен міндеттерді барынша мұқият шектеу, басқару аппаратының жұмысындағы жеделділік пен икемділікті арттыру жолымен өнеркәсіпті басқаруды ұйымдастыру ісін онан сайын жетілдіруді қамтамасыз ету міндеттелсін.

Өнеркәсіпті басқаруды ұйымдастыру ісін жетілдірген кезде саланың негізгі өнім түрлерін өндіруді шоғырландыру дәрежесін арттыру, ғылыми-техникалық базаны дамыту, бірыңғай өндірістік шаруашылық комплекстерінде органикалық біріктіру негізінде біріктірілетін кәсіпорындарды мамандандыру мен кооперациялау, еңбек өнімділігін едәуір арттыруды, өнім сапасын көтеруді, оның өзіндік құнын кемітуді және басқа техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдардың қажеттігі еске алынсын.

2. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына өнеркәсіп салаларын (шағын салаларды) басқарудағы көп сатылықты жою, сөйтіп өндірістік-шаруашылық қызмет мәселелерінің көпшілігін шешуді тікелей кәсіпорындарда, комбинаттар мен бірлестіктерде шоғырландыру міндеттелсін.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың министрліктері мен ведомстволарын, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетін КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 2 марттағы № 139 қаулысына сәйкес СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті бекіткен өнеркәсіп салаларын басқару схемаларын жасау тәртібі туралы нұсқаулармен қамтамасыз етсін.

5. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары республикалық өнеркәсіп бірлестіктері басқармаларының тиісті бірлестіктердің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдарға территориялық жағынан жақын болуы қажеттігін ескере отырып, олардың орналасатын орнын анықтасын.

6. Өндірістік бірлестіктер (комбинаттар) мен республикалық өнеркәсіп бірлестіктерін құру және дамыту негізінде өнеркәсіпті басқаруды ұйымдастырудың жетілдірілуіне байланысты әрбір министрлік (ведомство) өзінің күш-жігерін саланың перспективалық дамуы мен өндіріс тиімділігін арттырудың түбегейлі мәселелерін шешуге, жоспарлау жүйелері мен басқару әдістерін жетілдіруге, бірыңғай техникалық саясат жүргізуге, күрделі қаржылардың тиімділігін қамтамасыз етуге, ғылыми-техникалық прогресті тездетуге, шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға, мамандарды дұрыс орналастырып, пайдалануға, еңбек өнімділігін өсіре беруге және саланың барлық өнім түрлеріне халық шаруашылығының қажеттерін мейлінше толық қанағаттандыруға шоғырландыруға тиіс.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін өздерінің қызмет істеп тұрған бөлімшелерінің жұмысын жақсартуға қажетті шаралар қолдансын.

7. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

а) басқарудың қазіргі түрлері мен әдістерін және еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру жөніндегі озат тәжірибені республикалық өнеркәсіп бірлестіктерінің, өндірістік бірлестіктердің (комбинаттардың) қызметінде кеңінен пайдалансын, оларды электронды-есеп техникасымен

жарақтандыру шараларын қолдансын, сөйтіп ұйымдастыру дәрежесі, техникалық жарақтануы және өндіріс пен басқарудың тиімділігі жағынан таңдаулы бірлестіктерді өнеркәсіп комплекстерін басқарудың типтік жүйесін жасау үшін және маман кадрлар даярлау үшін тірек пункттерге айналдырсын. Жұмыс істеп тұрған үлгілі-көрнекі бірлестіктерді (комбинаттарды) анықтап, таяу арада олардың жұмыс тәжірибесін таратуды қамтамасыз етсін;

б) жаңа өндірістік бірлестіктерді (комбинаттарды) жобалаған кезде өндірістік единицаларды оптимальды мамандандыру, ұтымды орналастыру, олардың арасында тығыз кооперация жасау, бірлестіктің (комбинаттың) құрамына енетін өндірістік единицаларға, сондай-ақ осы ауданда орналасқан басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға қызмет көрсету үшін мамандандырылған дайындау және көмекші өндірістер ұйымдастыру көзделсін.

10. Қазақ ССР өнеркәсібін басқаруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін комиссия құрылсын [1].

Комиссияға өнеркәсіп салаларын басқару схемаларын, жаңа өндірістік бірлестіктерді (комбинаттарды) және республикалық өнеркәсіп бірлестіктерін құрудың техникалық-экономикалық негіздемелерін қарау, СССР министрліктері мен ведомстволары келісу үшін Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсынатын одақтық-республикалық бағыныштағы өнеркәсіп салаларын басқарудың бас схемалары бойынша қорытындылардың жобаларын әзірлеу жүктелсін.

12. Партияның облыстық комитеттері, қалалық комитеттері және аудандық комитеттері өнеркәсіпті басқаруды одан әрі жетілдіру жөнінде КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 2 марттағы № 139 қаулысында көзделген шаралардың жергілікті орындарда жүзеге асырылуын бақылауды қамтамасыз етіп, бұл саладағы ұйымдастыру жұмысын күшейтсін, өнеркәсіпте қызмет істейтін кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу ісін жақсартуға, олардың тапсырылған іске жауаптылығын арттыруға айрықша назар аударсын.

* * *

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілер өнеркәсіпті басқаруды одан әрі жетілдіруге байланысты ашылып отырған еңбек өнімділігін одан әрі өсіру, техникалық прогресті тездету, өнім сапасы мен өндірістің тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін кеңінен және толық пайдалануға өздерінің барлық күштерін жұмсайды деп берік сенім білдіреді.

---

[1] Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 28 июньдегі № 308 қаулысымен аталған комиссияның құрамына Қазақстан КП Орталық Комитетінің Секретары (комиссияның председателі), Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары (комиссияның председателінің орынбасары), Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің председателі, Қазақ ССР Финанс министрі, Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары бөлімінің бастығы, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жоспарлаудың және экономикалық ынталандырудың жаңа әдістерін енгізу бөлімінің бастығы (комиссияның секретары) енгізілді.

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1979 жылғы 14 декабрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

6-статьяның бірінші бөлігінің үшінші абзацы, 24, 25 және 26-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1980 жылғы 13 ноябрьдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48 185-ст.)

15-статья

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

17-статья

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

15-статья

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [5]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1968 жылғы 20 декабрьдегі ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

16-статья

---

[1] 1-томның 145-бетін қарақыз.
[2] 1-томның 163-бетін қарақыз.
[3] 1-томның 191-бетін қарақыз.
[4] 1-томның 221-бетін қарақыз.
[5] 1-томның 254-бетін қарақыз.

# ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІП БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1983 жылғы 5 ноябрьдегі № 440 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 22, 73-ст.)**

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің жергілікті өнеркәсіп басқармасын [2] ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі құрады және өз қызметінде ол Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне де бағынады.

Жергілікті өнеркәсіп басқармасы өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың бүкіл өндірістік және шаруашылық-финанс қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

2. Жергілікті өнеркәсіп басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

облыста (Алматы қаласында) жергілікті өнеркәсіпті дамыту, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының халық тұтынатын товарлар мен өндірістік мақсаттағы бұйымдарды жоғары сапалы және әр түрлі ассортиментте шығаруын ұлғайту, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар салып, іске қосу, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру, еңбек өнімділігін арттыру, жергілікті шикізат пен өнеркәсіп қалдықтарын барынша пайдалану, сондай-ақ үйде істейтін еңбек түрлерін ұлғайту;

экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарлары белгіленген барлық көрсеткіштер бойынша орындалуын қамтамасыз ету;

жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарында отандық және шетелдік ғылым мен техника жетістіктерін, озық технологияны, ауыр және еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруды, еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды және озық тәжірибені кеңінен енгізу;

жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары шығаратын халық тұтынатын товарлар мен басқа да өнімнің таңдаулы отандық және шетелдік үлгілер дәрежесінде жоғары сапалы болуын қамтамасыз ету.

3. Жергілікті өнеркәсіп басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескеріп және солармен өзара байланыс жасай отырып шешеді.

4. Жергілікті өнеркәсіп басқармасы өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тап-

---

[1] Қазіргі кезде Алматы қалалық атқару комитеті мен Ақтөбе облыстық атқару комитетінің жергілікті өнеркәсіп басқармалары жойылды.

[2] Бұдан былай текст бойынша «жергілікті өнеркәсіп басқармасы».

сырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Жергілікті өнеркәсіп басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

жергілікті өнеркәсіпті дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларының жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді, бұл жоспарларды қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға бекітіп береді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

жоспарлау мен басқаруды жетілдіру, өндірісті экономикалық ынталандыруды күшейтіп, оның рентабельділігін арттыру, кәсіпорындарды мамандандыру мен ірілендіру, озық технологияны енгізу, өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыру, өнім сапасын арттыру, жаңа бұйымдар шығаруды игеру және ескілерін өндірістен алып тастау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. Негізгі және айналым қорларын жақсы пайдалану, кәсіпорындардың жобалық қуаттарын тезірек игеру жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындарда мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттардың енгізілуін қамтамасыз етеді, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары шығаратын бұйымдарға арналған техникалық шарттарды әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді, жабдықтарды пайдаланудың және шикізатты, материалдар мен отын-энергетикалық ресурстарды жұмсаудың техникалық нормативтерін, прогресті нормаларын әзірлеп, енгізеді;

өнім мен еңбектің сапасын басқару жүйесін әзірлеуді, енгізу мен жетілдіруді ұйымдастырады;

қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады; басқарманың өндірістік-финанс көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шаралар әзірлеп, жүзеге асырады, экономикалық және әлеуметтік дамудың бекітілген жоспарлары орындалуын қамтамасыз етеді;

кәсіпорындарға уақытша финанс көмегін көрсетуге, тұрғын үй құрылысына, қызметкерлерге сыйлық, біржолғы жәрдем беруге және басқа мақсаттарға арналған қажетті қорлар мен резервтерді қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құрады;

облыстың (Алматы қаласының) жергілікті өнеркәсібін дамыту қорының қаржыларына белгіленген тәртіп бойынша иелік етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда бухгалтерлік есепке алу мен есеп берудің жолға қойылуын ұйымдастырып, бақылайды, осы кәсіпорындар мен ұйымдардың есептері мен баланстарын қарап, бекітеді, статистикалық есептерді жасап, белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді және олардың тиісті органдарға уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындарда бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жабдықтарға, автотранспорт пен материалдарға деген қажетін анықтайды, материалдар мен жабдықтарға арнап бөлінген қорларды алып, белгіленген тәртіп бойынша тұтынушыларға бөліп береді, қорлардың жұмсалуына және жабдықтар мен басқа да материалдық-техникалық ресурстардың өз мақсатына пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

дайын өнімді өткізуді және кооперацияланған өнім беріп тұруды ұйымдастырады, қарамағындағы кәсіпорындардың шаруашылық шарттар жасасу жөніндегі жұмысына басшылық етіп, олардың орындалуын қамтамасыз етеді, төте шарттық байланыстарды дамыту мен нығайтуға жәрдемдеседі;

шикізаттың, қосалқы материалдардың, комплектеуші бұйымдардың және басқа материалдық байлықтардың нормативтік қалдықтарының жайына талдау жасайды, шикізаттың, материалдардың нормативтен тыс қалдықтарын жоюға шаралар қолданады, басы артық және пайдаланылмайтын жабдықтарды өткізуді белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді;

экспортқа товарлар беріп тұру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді және экспортқа табыс етілетін бұйымдардың номенклатурасын ұлғайтып, сапасын арттыруға шаралар қолданады;

жергілікті өнеркәсіптің мұқтаждары үшін шикізаттың, отынның жергілікті түрлері мен өнеркәсіп қалдықтарын дайындауды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады;

күрделі қаржыны неғұрлым тиімді пайдалануды және негізгі қорларды уақтылы іске қосуды қамтамасыз етеді;

құрылыста үлгі жобалар мен жаңа материалдардың барынша қолданылуын, индустриалдық әдістер мен механикаландырудың енгізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ жобаларға экспертиза жасауды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі белгілеген лимит шеңберінде қарамағындағы кәсіпорындар бойынша титулдық тізімдер мен жобалау-смета документтемесін қарап, бекітеді, мердігер құрылыс ұйымдары жүзеге асыратын құрылыстың барысын бақылайды, қарамағындағы кәсіпорындардың мердігерлік шарттарды уақтылы жасасуына және құрылыстарды қаржыландыруды ашуға, сондай-ақ қажетті жабдықтар мен құрылыс материалдарын беріп тұруға шаралар қолданады;

басшы, инженер-техник қызметкерлерді, жұмысшылар мен қызметшілерді іріктеу, тәрбиелеу, даярлау, біліктілігін арттыру және оларды дұрыс орналастыру жөнінде жұмыс жүргізеді;

қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда еңбек ұйымдастыру және оны нормалау ісін жақсарту, еңбектің бригадалық формаларын дамыту, кадрлардың тұрақтамауын азайту жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бекітілген шарттарын қолданудың дұрыстығына, еңбек заңдарының сақталуына, сондай-ақ жалақының белгіленген қорларының дұрыс жұмсалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

кәсіподақ органдарымен бірлесіп жұмыс істеушілердің творчестволық инициативасын дамытуға, еңбек өнімділігін одан әрі арттыруға, өнеркәсіп өнімі мен құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге, материалдық және ақшалай ресурстарды үнемді жұмсауға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады; коллективтік шарттар жасасу жөніндегі жұмысқа басшылық етіп, олардың орындалуын бақылайды;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда рационализаторлық пен өнертапқыштықты барынша дамытуға шаралар қолданады, өнертапқыштар мен рационализаторлардың жұмысында оларға көмек көрсетеді, өнертабыстары мен рационализаторлық ұсыныстардың енгізілуін қамтамасыз етеді;

басқару аппаратының құрылымын жетілдіру және оны ұстауды арзандату жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда мүгедектерді жұмысқа орналастыру, еңбек қорғауды, хауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитарияны жақсарту және өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

қарамағындағы кәсіпорындар шығаратын өнім бағаларының жоба-

ларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекітуге табыс етеді, сондай-ақ осы кәсіпорындар мен ұйымдарда бағалар мен тарифтердің дұрыс қолданылуын бақылауды жүзеге асырады;

халық тұтынатын товарларға деген сұранымды зерттейді және халықтың шектеулі сұранымына ие товарлардың орнына көтеріңкі сұранымға ие товарлар шығарылуын қамтамасыз етеді;

күрделі қаржыға арналған амортизациялық жарналарды финанс жоспарымен бекітілген соманың шеңберінде, сондай-ақ күрделі жөндеуге арналған амортизациялық жарналарды міндетті түрде орындауға жататын бұйрықтарды банк арқылы ұсыну жолымен 15 процент шеңберінде қарамағындағы кәсіпорындар арасында қайта бөледі;

шарттар бойынша қажетті өнім шығару үшін белгіленген нормаларға орай басқа министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындарына қорлар немесе қолда бар ресурстардан материалдар мен комплектеуші жабдықтар береді;

жоспар бойынша айналым қаржыларының өсімін қаржыландыруға, жоспарлы шығындарды жабуға, күрделі қаржыны қаржыландыруға және басқа шараларға арнап көзделген меншікті қаржыларды белгіленген тәртіп бойынша қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар арасында қайта бөледі;

кәсіпорындар мен ұйымдар нысаналы комплектілеу үшін алған жабдықтардан және күрделі құрылыс балансының есебінде тұрған жабдықтардан басқа демонтаждалған, сондай-ақ нормативтен тыс және пайдаланылмайтын жабдықтарды қарамағындағы бір кәсіпорынның балансынан екіншісінің балансына өтеусіз береді;

халық тұтынатын товарлар мен өндірістік мақсаттағы бұйымдар жасап шығару үшін пайдалануға жататын өндіріс қалдықтарының номенклатурасы мен техникалық сипаттамасын бекітеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануын және оларды қалпына келтіруін, табиғат қорғау туралы заңдарды орындауын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындарда қосалқы шаруашылықтардың жұмысын ұйымдастырады;

азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және мұқият қаралуын ұйымдастырып, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда праволық жұмысқа басшылық етеді.

Жергілікті өнеркәсіп басқармасының, осы Ережеде баяндалған праволармен қатар, қолданылып жүрген заңдармен оған берілген басқа да праволары бар.

6. Жергілікті өнеркәсіп басқармасының қызметі дара басшылық пен коллегиялылықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

Жергілікті өнеркәсіп басқармасын бастық басқарады, ол «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

Жергілікті өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

7. Жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы;

басқарманың қызметіне басшылық етеді және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

СССР мен Қазақ ССР-інің қолданылып жүрген заңдары, СССР

Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін басқарманың компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарады;

басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшы қызметкерлерін белгіленген номенклатураға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының шешімдері мен жарлықтары және сайлаушылардың жергілікті өнеркәсіп басқармасының қызметіне қатысты аманаттары орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

8. Жергілікті өнеркәсіп басқармасы өз жұмысында халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі, оның атқару комитеті, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жиналыстарында есеп береді.

9. Жергілікті өнеркәсіпті дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау, ғылымның, техниканың ең соны жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жергілікті өнеркәсіп басқармасында директорлар советі құрылады.

Директорлар советінің құрамы мен ол туралы ережені жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы бекітеді.

Қажет болған реттерде халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің жергілікті өнеркәсіп басқармасында коллегия құрылуы мүмкін.

10. Жергілікті өнеркәсіп басқармасы шаруашылық есепте тұрады, банктерде есеп айырысу және басқа счеттары болады. Жергілікті өнеркәсіп басқармасының құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Жергілікті өнеркәсіп басқармасы заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## РЕСПУБЛИКАНЫҢ ӨНЕРКӘСІБІ МЕН ҚҰРЫЛЫСЫНДА ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН ОДАН ӘРІ ӨСІРУДІҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 13 марттағы № 151 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

---

[1] 1, 2, 7, 8-пункттер, 10-пункттің екінші абзацы, 12—17, 19, 20, 22, 26—29 және 33-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

34-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1966 ж. 22 декабрьдегі № 970 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

**Өнеркәсіп пен құрылыста еңбек өнімділігін одан әрі арттыру және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру жөнінде**

3. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті: 1967 жылдан бастап тоқсан сайын Қазақ ССР Министрлер Советіне және көшірмесін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне халық шаруашылығы жоспарларының орындалуы туралы баяндамалармен бірге республиканың өнеркәсібі мен құрылысында еңбек өнімділігін одан әрі арттыру жөніндегі ұйымдық-техникалық шараларды орындау бағытында жүргізілген жұмыс туралы есептер түсіріп отырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынышты кәсіпорындар мен құрылыстарда еңбек өнімділігін одан әрі арттыру жөніндегі ұйымдық-техникалық шараларды орындау бағытында жүргізілген жұмыс туралы жинақталған есептер мен ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советіне түсіріп отырсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, республиканың министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті: халық шаруашылығы жоспарларында өнеркәсіп өндірісінің құрылымын жетілдіруді және шығарылатын өнімнің сапасын арттыруды, сала аралық және сала ішіндегі пропорциялар мен өндірістің орналастырылуын жақсартуды, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін өте-мөте прогресті салаларды озық дамытуды қамтамасыз ететін шараларды қарастырсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың министрліктері мен ведомстволарын, Ғылым академиясын қатыстыра отырып, 1967 жылдан бастап халық шаруашылығы жоспарларында еңбек өнімділігін мүмкіндігінше барынша арттыруды қамтамасыз ету үшін республиканың халық шаруашылығы бойынша және өнеркәсіп пен құрылыстың жеке салалары бойынша ғылыми-техникалық және экономикалық шараларды қарастырып отыратын болсын.

6. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

а) 1967 жылдан бастап кәсіпорындарға өнімнің маңызды түрлерінің, жұмыс пен қызмет көрсетудің маңызды түрлерінің еңбек сіңіргіштігін азайту жөнінде тоқсандық және жылдық тапсырмалар белгілеп, олардың орындалуын бақылауды үнемі жүзеге асыру;

б) өнеркәсіп пен құрылыста санитарлық-гигиеналық және өндірістік қалыпты жағдайлар жасау жолымен жұмысшы күшін мейлінше ұқыпты пайдалану, қыдырымпаздықты жою, әкімшіліктің рұқсаты бойынша және аурулығы себепті жұмысқа келмей қалуды азайту есебінен жұмыс уақытының ысырабын барынша қысқарту жөнінде қосымша шаралар қолдану;

в) кәсіпорындар коллективтерінде саяси-тәрбие жұмысын күшейту, қызметкерлерге қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасау және осы себептер бойынша кадрлардың тұрақтамаушылығын таяу уақытта жою.

9. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, партия, совет және кәсіподақ органдарына мыналар жөнінде қажетті шаралардың бәрін қолдану міндеттелсін:

а) жұмысшылар мен қызметшілер арасында тәрбие жұмысын күшейту жолымен, бұл үшін баспасөзді, радионы, жиналыстарды, жолдастық соттарды, сондай-ақ тәртіптік ықпал жасау шараларын пайдалана отырып, еңбекке ықылассыз көзқарастың қандай да көріністерін

жоя отырып, әрбір кәсіпорында және құрылыста ішкі еңбек тәртібі ережесін қатаң сақтай отырып еңбек тәртібін нығайту, қыдырымпаздық пен жұмысқа кешігіп келуді жою жөнінде;

б) қолданылып жүрген заңдарды қатаң сақтай отырып, еңбек тәртібін арттыруға байланысты мәселелерді шешуде кәсіпорындар басшыларының дара басқаруын нығайтуды қамтамасыз ету жөнінде.

### Өндірісті мамандандыру жөнінде

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары 1967 жылдан бастап, халық шаруашылығы жоспарларында негізгі және қосалқы өндірістер мен қызметтердің салалық және сала аралық жан-жақты мамандануын жүзеге асыруды, жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп және құрылыс кәсіпорындарының мамандануын тереңдетуді, бұл мақсаттарға арнап қажетті күрделі қаржы мен материал ресурстарын бөліп отыруды қарастырып отырсын.

11. Қазақ ССР министрліктеріне, ведомстволарына және жобалау ұйымдарына жаңа кәсіпорындар салуды және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құруды техникалық-экономикалық жағынан негіздеу және жобалар жасау кезінде мыналарды қарастыру міндеттелсін:

а) шикізатты, материалды, жартылай фабрикатты, дайындамаларды, аспаптарды, жабдықтарды, комплектілеуші бұйымдарды, тетіктер мен тораптарды кооперация бойынша басқа мамандандырылған кәсіпорындардан алып отыратын барынша мамандандырылған кәсіпорындар құру;

б) ірі кәсіпорындарды қайта құрған кезде экономикалық қолайлылығын есепке ала отырып, олар шығаратын өнімдердің номенклатурасынан жеке тетіктерді, тораптарды, агрегаттарды, дайындамаларды шығарып тастау және мұндай тетіктерді, тораптарды, агрегаттар мен дайындамаларды шығаратын, қайта құрылатын кәсіпорынның да, осындай өнім даярлайтын басқа кәсіпорындардың да қажетін қамтамасыз ететін мамандандырылған қуаттар құру.

### Еңбек ұйымдастыруды және өндірісті басқаруды жетілдіру жөнінде

18. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, өнеркәсіп және құрылыс кәсіпорындарының басшылары мыналарды қамтамасыз етсін:

еңбектің озық әдістерін енгізу, көп станокты және көп агрегатты қамту, мамандықтарды қоса атқару, сондай-ақ жұмыс орындарын тәртіп бойынша қамтуды ұйымдастыру, олардың жарақтануын және жоспарлануын жақсарту;

жұмысшылардың барлық категориялары үшін, соның ішінде еңбегіне мерзімдік ақы төленетін жұмысшылар үшін, сондай-ақ инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілер үшін техникалық жағынан негізделген жұмыс нормаларын (қызмет көрсету) кеңінен қолдану;

құрылымдық бөлімшелерді ірілендіру, басы артық буындарды жою, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің еңбегін кеңінен механикаландыру және документтеу ісін жеңілдету негізінде инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің еңбегін ұйымдастыруды жетілдіру;

еңбекті көп талап ететін ауыр өндіріс процестерін механикаландыру, еңбектің физикалық тәсілдерін жеңілдету, жұмыс орындарына қолайлы жарық беріп тұру, кәсіпорындарда желдеткіштің тиімділігін арттыру, төңіректегі ауаның шаңдануын және газдануын жою, цехтарды

және кәсіпорын территориясын қоқыр-соқырдан тазарту, айқай-шу мен вибрацияны жою жолымен еңбектің өте-мөте қолайлы жағдайларын жасау.

21. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, өнеркәсіп және құрылыс кәсіпорындарының басшыларына заводтарда, фабрикалар мен құрылыстарда инженер-техник қызметкерлер мен жоғары квалификациялы жұмысшылардан еңбек өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеп, өндіріске енгізу жөніндегі творчестволық топтарды құру, сондай-ақ тиімді өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізу жөнінде бригадалар құру, бұл мақсат үшін кәсіпорындар мен құрылыстарда жаңа өте өнімді құрал-жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің енгізілуіне, жұмыс істеп тұрған құрал-жабдықтардың жаңғыртылуына, жаңа, прогресшіл технологиялық процестердің игерілуіне байланысты қолы босаған қызметкерлерді пайдалану ұсынылсын.

23. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті, республиканың министрліктері мен ведомстволары мыналарды қамтамасыз етсін:

а) озат отандық және шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, кәсіпорындарды салу және қайта құру ісін жоспарлаған кезде өндіріс пен еңбекті ғылыми ұйымдастыруға байланысты мәселелерді мұқият талдап әзірлеу;

б) қарамағындағы салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарында экономика және өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру мәселелерімен шұғылданатын бөлімшелерді нығайту, еңбекті ғылыми ұйымдастыру және өндірісті басқару саласындағы зерттеу жұмыстарын кеңейту, еңбек өнімділігінің өсу резервтерін анықтау, олардың кәсіпорындар мен ұйымдар үшін шарттар бойынша жұмыстар атқаруын қарастыру;

в) жобалау ұйымдарынан техникалық документтерді сапалы қабылдау және жобаларды сараптау ісін жақсарту.

24. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары:

— еңбекті ғылыми ұйымдастыруды кеңінен енгізу мақсатымен еңбек жөніндегі жоспарлардың шеңберінде кәсіпорындар мен құрылыстарда еңбекті ғылыми ұйымдастыру жөніндегі бөлімдерді, лабораторияларды, топтарды, нормативтік-зерттеу бөлімшелерін ұйымдастырып, оларды шеберлер, технологтар, экономистер есебінен маман инженер-техник қызметкерлермен нығайтсын;

— еңбекті нормалау және экономикалық талдау жасау жөніндегі қоғамдық бюроларды құру және олардың қызметін жандандыру ісіне барынша жәрдемдесу, бұл бюролардың ұсыныстары мен рекомендацияларын өндіріске енгізуде оларға қажетті көмек көрсетіп, оларды жемісті жұмыс істеу үшін тиісті жағдайлармен қамтамасыз етсін.

25. Республикада еңбекті ғылыми ұйымдастыруды енгізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіріп отырып және Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының нормативтік-зерттеу бөлімшелеріне методикалық басшылық ету Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы еңбек жөніндегі нормативтік-зерттеу станциясына жүктелсін.

## Кадрлар даярлауды жақсарту және олардың мамандығын арттыру жөнінде

30. Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советіне, кәсіподақтардың республикалық комитеттері мен облыстық советтеріне мыналар міндеттелсін:

а) социалистік жарысқа және коммунистік еңбек жолындағы қоз-

ғалысқа басшылықты жақсарту, оларды өндірістік жоспарлардың ойдағыдай орындалуына, әрбір өндірістік учаскеде еңбек өнімділігінің артуына, өнім сапасының жақсаруына, мол қор жинауға, озық өндірістік тәжірибені кеңінен таратуға бағыттап отыру. Жарысты ұйымдастырудың лениндік принциптерін, кең жариялылықты, нәтижелердің салыстырмалылығын, тәжірибені іс жүзінде қайталау мүмкіндігін, жолдастық өзара көмекті мұқият сақтау ісін қамтамасыз ету;

б) өндірістік кеңестер мен жұмысшылар жиналыстарының жұмыс дәрежесін жаңа, бұрынғыдан да жоғары сатыға көтеру, өндірістің түбегейлі мәселелерін, кәсіпорындар мен құрылыстардың финанс-шаруашылық қызметін, мемлекеттік жоспарларды орындау, жаңа техниканы енгізу, еңбек өнімділігін және жұмысшылар мен қызметшілердің мамандығын арттыру мәселелерін олардың талқылауына салып отыру.

31. Қазақстан КП облыстық комитеттері, қалалық комитеттері мен аудандық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, қалалық атқару комитеттері және аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары жұмысшы күші мен жұмыс уақытын тиімді пайдалану, еңбек тәртібін нығайту, ғылым мен техника жетістіктерін енгізу, өндірістік қуаттарды игеру, құрал-жабдықтар мен машиналарды пайдалану, еңбек ұйымдастыру мен өндірісті басқарудың еңбек өнімділігін одан сайын өсіруді қамтамасыз ететін ғылыми әдістерін енгізу мәселелерін өздерінің мәжілістері мен коллегияларында үнемі қарап отыратын болсын.

32. Қазақ ССР Министрлер Советінің Радио хабарын тарату және телевизия жөніндегі Мемлекеттік комитетіне, республикалық және облыстық газеттердің редакцияларына баспасөз бетінде, радио мен телевизия арқылы еңбекті ғылыми ұйымдастыруды енгізу жөніндегі озат кәсіпорындардың тәжірибесін, сондай-ақ өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктерді ашатын материалдарды кеңінен жазып отыру міндеттелсін.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК УЧАСКЕСІ ШЕБЕРІНІҢ РОЛІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 25 АПРЕЛЬДЕГІ № 317 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 18 майдағы № 258 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 13, 49-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап көрсетеді: өндіріс тиімділігін арттыру және жұмыс сапасын жақсарту жөнінде КПСС XXV съезі алға қойған

[1] 4-пункт, 6-пункттің бесінші абзацы және 7-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 25 апрельдегі № 317 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

Сондай-ақ Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің 1986 ж. 13 январьдағы № 18 қаулысын қараңыз (Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 4, 10-ст.).

міндеттерді шешуде өндірісті ұйымдастырушы, жаңа техника мен озық технологияны енгізу жөніндегі тапсырмалардың орындалуын, әрбір жұмыс орнында еңбек өнімділігін арттыруды ұйымдастырушы ретінде шебердің ролі барған сайын арта түсуде.

Соңғы жылдары республикада шеберлер кадрларын іріктеп алу, орналастыру мен тәрбиелеу, олардың жалпы білім, кәсіптік және мәдени дәрежесін арттыру жөнінде біршама жұмыс атқарылды, бұл олардың творчестволық белсенділігін онан әрі дамытуға жәрдемдесті.

Қазіргі кезде республиканың өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдары шеберлерінің 73 процентінен астамының жоғары және арнаулы орта білімі бар. Шеберлердің көпшілігі өз ісін жақсы біледі, өндірісті шебер ұйымдастырады, жұмысшыларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарауға тәрбиелеу жөнінде зор жұмыс жүргізіп, олардың кәсіптік және жалпы білім дәрежесін арттыруға қамқорлық жасауда.

Республиканың түсті және қара металлургиясының, көмір, химия және жеңіл өнеркәсібінің, машина жасау өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарында, құрылыс ұйымдарында шеберлер советтері құрылып, жұмыс істеуде, олардың кең түрде қатысуымен еңбек ұйымдастыруды, өндірісті, техникалық нормалауды жақсарту, технологиялық процестерді жетілдіру, социалистік жарысты дамыту жөніндегі шаралар жүзеге асырылуда.

Сонымен бірге бірқатар министрліктер мен ведомстволарда, көптеген өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарында шеберлердің ролін арттыруға, олардың жемісті жұмыс істеуі үшін, кадрларды іріктеп алумен, еңбекақы төлеумен, сыйлық берумен, жұмысшылардың тұрмыс қажетін қанағаттандырумен байланысты мәселелерді қарауға белсенді түрде қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасауға әлі де тиісті қамқорлық көрсетілмей отыр.

Шеберлердің еңбегі тәртіптелмеген, өндірістік учаскелерге жалпы заводтық және цехтық қызмет орындарының қызмет көрсетуінде елеулі кемшіліктер болуы және шеберлерді қазіргі заманғы байланыс құралдарымен және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз етпеу салдарынан шеберлер негізгі қызметіне залал келтіре отырып, көп уақытын өздеріне қатысы жоқ міндеттерді орындауға жұмсауға мәжбүр болады.

Өндірістік учаскені жетік басқару және коллективте тәрбие жұмысын жүргізу үшін жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ, даярлығы аз қызметкерлерді шебердің қызметіне тағайындау фактілері орын алып отыр. Шеберлерді даярлау мен олардың мамандығын арттырудың қазіргі бар жүйесі осы заманғы талаптарға әлі де толық жауап бермейді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының өндірістік учаскесі шеберінің ролін онан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1977 жылғы 25 апрельдегі № 317 қаулысы басшылыққа алынып мүлтіксіз орындалатын болсын.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, өндірістік бірлестіктердің (комбинаттардың), ғылыми-өндірістік бірлестіктердің, өнеркәсіп кәсіпорындарының, құрылыс және жөндеу-құрылыс ұйымдарының басшылары, партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары шеберлермен жұмыс істеуді жақсарту, олардың ролі мен беделін арттыру жөнінде, өндірістік учаскелердің жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындауы, жоғары сапалы өнім жасап шығаруы, жабдық пен жұмыс уақытын тиімді пайдалануы, шикізатты, материалдар мен отынды үнемдеп жұмсауы, жұмысшылардың инициатива-

сы мен еңбектегі белсенділігін барынша дамытуы үшін шеберлерге қажетті жағдай жасау жөнінде нақты шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын.

3. Өндірістік бірлестіктердің (комбинаттардың), ғылыми-өндірістік бірлестіктердің, өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылыс және жөндеу-құрылыс ұйымдарының басшылары, кәсіподақ және комсомол ұйымдары:

— өндірісті басқаруға, кәсіпорынның және коллективті әлеуметтік дамытудың ағымдағы және перспективалы техникалық-экономикалық проблемаларын шешуге шеберлерді кеңінен қатыстырып отырсын;

— өндірістік және еңбек тәртібін нығайту, социалистік жарыс пен ұстаздық қозғалысын дамыту жөніндегі, жұмысшыларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарауға тәрбиелеу жөніндегі жұмыста шеберлерге барынша көмек көрсетсін; өндірістік және тәрбие жұмысында тәжірибе алмасу жөнінде шеберлердің жиналыстары мен кеңестерін үнемі өткізіп отырсын;

— өндірістік тапсырмаларды орындау үшін өндірістік учаскелерді барлық қажетті ресурстармен жабдықтауды қамтамасыз етуге кәсіпорындар мен ұйымдардың функциялық бөлімдері мен қызметтерінің жауапкершілігін арттырсын; шеберлерге олардың өздеріне қатысы жоқ жұмыс жүктелмейтін болсын;

— шеберлер кадрларын іріктеп алу, орналастыру мен тәрбиелеу ісін жақсартсын; шебердің қызметіне ұйымдастыру қабілеті және өндірістік тәжірибесі бар инженер-техник қызметкерлерді, сондай-ақ арнаулы орта немесе жалпы орта білімді аса маман озат жұмысшыларды жоғарылатып отырсын (кен шеберінің қызметіне жоғары немесе арнаулы орта кен-техникалық білімі бар адамдар тағайындалсын); шеберлердің саяси және кәсіптік даярлығының дәрежесін арттырып, олардың еңбек, тұрмыс және тынығу жағдайларын жақсартуға барынша жәрдемдесетін болсын; жұмыста өздерін жақсы жағынан көрсете білген шеберлерді бірлестіктердегі, кәсіпорындар мен ұйымдардағы басшы қызметке жоғарылатуды кеңінен практикаға енгізсін.

5. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісіп алғаннан кейін:

— жоғары және арнаулы орта оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша мамандар даярлаған кезде студенттер мен оқушылардың өндірісті басқару мен ұйымдастырудың ғылыми әдістерін неғұрлым ерте үйренуін және шебердің міндеттерін ойдағыдай орындау үшін қажетті практикалық дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етсін;

— СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекіткен мамандықтардың тізбегі бойынша арнаулы орта оқу орындарында жалпы орта білімді практик-шеберлер үшін өндірістен қол үзбей қысқа мерзімде оқытатын бөлімшелерін белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырсын.

6. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

— мамандық арттыру институттары мен олардың филиалдарында, сондай-ақ министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, жоғары және арнаулы оқу орындарының жанындағы мамандық арттыру курстарында шеберлерді жүйелі түрде (3—5 жылда кемінде бір рет өндірістен қол үзіп және қол үзбей) СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың, байланыс пен сауданың басшы қызметкерлері мен мамандарының мамандығын арттыру жүйесін жетілдіру туралы» 1967 жылғы 6 июньдегі № 515 қаулысында (СП

СССР 1967 ж. № 14, стр. 95) көзделген тәртіп пен шарттар негізінде оқыту жөнінде шаралар қабылдау [1];

— қазіргі заманғы өндіріс жағдайларында шеберлерге қойылатын талаптарды есепке алып, олардың мамандығын арттыру программаларын әзірлеп, 1977 жылы Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісіп алғаннан кейін бекіту;

— өндірістік тапсырмаларды және социалистік міндеттемелерді орындауда, еңбек тәртібін нығайтуда ең жақсы нәтижелерге жеткен өндірістік учаскелердің жұмыс тәжірибесін зерттеу жөнінде озық кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарында шеберлер семинарларын үнемі өткізіп отыру.

* * *

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, министрліктердің, ведомстволардың, бірлестіктердің (комбинаттардың), өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының басшылары шеберлердің ролі мен беделін онан әрі арттыруды қамтамасыз етеді, өндірістік учаскелердің еңбек коллективтерін басқару жөнінде оларға жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда барынша көмек көрсетіп және қолдап отырады деп кәміл сенім білдіреді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі шеберлерді еңбек өнімділігін өсіру қарқынын тездету, өндіріс тиімділігі мен шығарылатын өнім сапасын арттыру жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуге шақырады.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН ВЦСПС-тің «ӨНЕРКӘСІП БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ, КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ УЧАСКЕ ЖӘНЕ ЦЕХ МАСТЕРЛЕРІНІҢ, БАСТЫҚТАРЫНЫҢ РОЛІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРЫП, ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІН ЫНТАЛАНДЫРУДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 10 ДЕКАБРЬДЕГІ № 1220 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ 1986 жылғы 13 январьдағы № 18 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 4, 10-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі қ а у л ы е т е д і:

1. Өнеркәсіп министрліктері, ведомстволары, өндірістік және ғылыми-өндірістік бірлестіктерінің, кәсіпорындарының, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, конструкторлық және технологиялық ұйымдарының басшылары:

учаске мен цех мастерлерінің, бастықтарының мемлекеттік жоспарлар мен коллективтердің социалистік міндеттемелерін жүзеге асыру жө-

---

[1] 6-пункттің екінші абзацының аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің біліктілікті арттыру жүйесіндегі тыңдаушыларды материалдық қамтамасыз ету шарттары бөлігі Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 13 марттағы № 92 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 8, 23-ст.)

[2] 4-пункт және қосымша СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің 1985 ж. 10 декабрьдегі № 1220 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

ніндегі міндеттерін ойдағыдай орындауы үшін барлық қажетті жағдайларды жасайтын болсын;

өндіріске ғылым мен техника жетістіктерінің, озық технологияның енгізілуін жеделдетуде, жаңа өнім шығаруды игеруде, коллективтерде өнертабыс пен рационализаторлықты дамытуда учаске мен цех мастерлерінің, бастықтарының ролі мен жауапкершілігін арттырсын;

учаске мен цех мастерлерінің, бастықтарының назарын жұмысшылардың жоғары өнімді еңбек етуін ұйымдастыру үшін шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерін барынша пайдалануға, өнім сапасын арттырып, ресурстардың барлық түрлерін үнемдеуге, еңбек жағдайларын жақсартуға, озық тәжірибені таратуға, социалистік жарысты дамытуға шоғырландырсын;

сала мен өндірістің ерекшеліктерін ескере отырып учаске мен цех мастерлерінің, бастықтарының жұмысын құрылымдық бөлімшелерді шаруашылық есепке дәйектілікпен көшіруге, коллективтік мердігерлікті енгізуге бағыттасын. Мастерлер ірілендірілген комплексті бригадалардың құрамына енгізілген жағдайда оларға мұндай бригадаларға басшылық ету жүктелсін;

еңбек коллективтері туралы СССР Заңына сәйкес бөлімшелер қызметінің өндірістік және әлеуметтік мәселелерін шешуге учаске мен цех мастерлерінің, бастықтарының белсене қатысуын қамтамасыз етсін;

қызметкерлерге, әсіресе жастарға еңбек және адамгершілік тәрбие беру дәрежесін арттыру, тиянақты коллективтер қалыптастыру, оларда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасау, тәртіпті, реттілік пен ұйымшылдықты нығайту мәселелеріне учаске мен цех мастерлерінің, бастықтарының көңіл бөлуін күшейтсін; цехтық буындағы әрбір басшының тапсырылған іске компетентті түрде және творчестволықпен қарауда өнеге көрсететін болуына күш салсын;

учаске мен цех мастерлерін, бастықтарын іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу ісін жетілдіре берсін, бұл қызметке неғұрлым даярлығы бар әрі инициативті инженер-техник қызметкерлерді, ал мастерлік қызметке — ұйымдастыра білетін және коллективтерде беделге ие озат бригадирлер мен жоғары білікті жұмысшыларды жоғарылатып отырсын. Өнеркәсіп бірлестіктерінде, кәсіпорындары мен ұйымдарында учаске мен цехтың таңдаулы мастерлерін, бастықтарын неғұрлым жоғары қызметке жоғарылату кеңінен қолданылсын;

учаске мен цех мастерлерінің, бастықтарының озық жұмыс тәжірибесін алмасуды ұдайы жүзеге асырып отырсын. Мастерлер советінің қызметі жандандырылсын, учаске мен цех қызметіне, тиісті басшыларды тағайындауға және көтермелеуге қатысты мәселелерді шешкен кезде советтердің пікірі ескерілетін болсын.

2. Өнеркәсіп министрліктері, ведомстволары, бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары:

учаске мен цех мастерлерін, бастықтарын белгіленген тәртіп бойынша кемінде 2—3 жылда бір рет (өндірістен қол үзіп және қол үзбей) біліктілікті арттыру институттары мен олардың филиалдарында, сондай-ақ кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, жоғары және арнаулы орта оқу орындары жанындағы біліктілікті арттыру курстарында міндетті түрде біліктілігін арттырып, қайта даярлайтын болсын. Даярлау мен қайта даярлау процесінде ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізудің, өндіріс пен еңбекті осы заманғы ұйымдастырудың, өнім сапасын арттырудың, еңбек шығынын кемітіп, материалдық ресурстарды үнемдеудің озық тәжірибесін оқытып зерттеу мен игеру қамтамасыз етілсін. Шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерін игеріп, практикада қолдануға ерекше назар аударылсын. Мастерлерді оқыту кезінде олардың жоғары

өнімді жабдықтарда еңбектің прогресті тәсілдері мен әдістерін игеру көзделетін болсын;

анықтамалық, информациялық және оқу-методикалық әдебиет шығарып, учаске мен цех мастерлерін, бастықтарын онымен қажетті мөлшерде қамтамасыз етсін;

учаске мен цех мастерлері, бастықтары еңбегінің тиімділігіне және олардың компетенттігіне баға беру кезінде олардың кәсіптік дәрежесін арттырып, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеудің пәрменді құралы ретінде аттестациялаудың ролін күшейтсін. Аттестациялау кемінде 2 жылда бір рет жүргізілсін. Аттестациялаудың нәтижесі бойынша қызметке жоғарылату, кластық атақ беру, қызметтік окладын арттыру, оған үстеме ақы белгілеу туралы, ал қажет болған жағдайда жекелеген қызметкерлердің қызметтік окладын осы қызмет бойынша белгіленген ең аз мөлшері шеңберінде кеміту немесе қызметтен босату туралы шешім қабылданатын болсын. Аттестациялау комиссиясын кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары жауапты қызметкерлер мен жоғары білікті мамандар арасынан тағайындайды. Оның құрамына партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының өкілдері және мастерлер советінің председательдері енгізіледі.

3. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі:

республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп арнаулы орта оқу орындарындағы оқу мерзімі қысқартылған бөлімдерді жабдықтардың прогресті түрлерімен жарақтандыру, оқытудың белсенді әдістерін қолдану, шәкірттерді озат кәсіпорындарда стажировкадан өткізу, оқу процесіне тиісті салалардың жоғары білікті мамандарын қатыстыру негізінде оларда мастер-практиктер даярлау (өндірістен қол үзбей) деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етсін;

жоғары және арнаулы орта оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша мамандар даярлаған кезде студенттер мен оқушылардың өндірісті басқару мен ұйымдастырудың ғылыми әдістерін неғұрлым терең оқып зерттеуін және учаске мен цех мастері, бастығы міндеттерін ойдағыдай орындауға қажетті практикалық дағдыларды игеруін қамтамасыз етсін.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН ВЦСПС-тің «ӨНЕРКӘСІПТЕ ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ БРИГАДАЛЫҚ ФОРМАСЫН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 1 ДЕКАБРЬДЕГІ № 1125 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН
КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 15 декабрьдегі № 474
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 1, 1-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің «Өнеркәсіпте еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық формасын одан әрі да-

[1] 2-пункттің екінші, үшінші, алтыншы және жетінші абзацтары, 9-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

мыту және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1983 жылғы 1 декабрьдегі № 1125 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары кәсіподақтардың республикалық комитеттерімен бірлесіп:

(төртінші абзац) өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындарда бригадалық шаруашылық есептің бірте-бірте енгізілуін, жұмыстың түпкі нәтижесінің единицасына жұмсалатын еңбек, материалдар, отын мен энергия шығындарының прогресті нормативтерін әзірлеуді және бұл нормативтерді бригадаларға жеткізуді қамтамасыз етсін; орынды деп табылған жерлерде еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеудің мердігерлік формасын қолданатын болсын; цехтар мен өндірістік учаскелердің инженер-техник қызметкерлеріне сыйлық беру бригадалардың жұмыс нәтижелеріне тәуелді етілсін;

салалық ғылыми-зерттеу, жобалау институттарына, сондай-ақ еңбекті және өндірісті басқаруды ғылыми жолмен ұйымдастыру жөніндегі орталықтарға еңбекті бригадалық ұйымдастырудың жобаларын салынып жатқан және қайта құрылатын кәсіпорындардың (өндірістердің, цехтардың) жобаларының құрамдас бөлігі ретінде әзірлеуді, бригадалар үшін еңбек ұйымдастырудың үлгі жобаларын жасауды міндеттесін.

3. Өнеркәсіптің өндірістік бірлестіктері мен кәсіпорындарының басшылары шаруашылық механизмін жетілдіру жөніндегі жүргізілетін шаралармен байланыстыра отырып жаңадан бригадалар құру және қазіргі барларының жұмысын қайта құру, олардың қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі комплексті шараларды кәсіподақ комитеттерімен бірлесіп жүзеге асырсын, және де ең алдымен:

өндіріс жағдайларына қарай мүмкін болған жерлерде перспективалық және ағымдық (бір айға арналған) жоспарлы тапсырмалардың натуралдық өлшемдерде немесе арнайы әзірленген жоспарлау-есепке алу единицаларында (бригада-комплектілерде, тораптарда және т. б.) әрбір бригадаға жеткізілуін қамтамасыз ететін, цех, учаске, бригада жұмысын жоспарлау көрсеткіштерінің бірыңғай жүйесін қолданып отырсын;

жұмыс орындарының техникалық, технологиялық және ұйымдастыру деңгейін арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында оларды жүйелі түрде аттестациялауды практикаға енгізсін, осының негізінде өнімділігі аз және тиімсіз жұмыс орындарын жоспарлы түрде қысқартып отырсын;

комплексті бригадаларды кеңінен дамытуды ескере отырып өндірісте жұмысшыларға екінші және сабақтас кәсіптерді үйретуді қамтамасыз етсін;

бригадирлердің біліктілігін арттыру және олардың резервін даярлау жөніндегі жұмысты жақсартып, бригадирлер курстарының оқу базаларын нығайтсын және оларды жоғары білікті оқушылармен толықтырсын. 1984—1986 жылдары бригадирлерді қайта даярлауды (біліктілігін арттыруды) жүзеге асырсын және кейіннен оны бес жылда кемінде бір рет жүргізіп отырсын;

бригадалардағы социалистік жарысты еңбек коллективтерінің жұмыстың жоғары түпкі нәтижелеріне жетуіне, еңбекке коммунистік көзқарасты тәрбиелеуге, бригаданың әрбір мүшесінің творчестволық қабілетін ашуға бағыттап, социалистік міндеттемелерді қоғамдық қорғауды қолдансын, жарыс жеңімпаздарын материалдық және моральдық көтермелеу жүйесін жетілдіріп, оның нәтижелеріне орай кәсібі бойынша таңдаулы жұмысшыны анықтап отырсын. Бұйымдарды жасаудың өндірістік циклын қысқартып, бригадалар мен тұтас алған кәсіпорын жұмысы-

ның түпкі нәтижелерін жақсарту мақсатында сабақтас бригадалардың социалистік жарысын ұйымдастыру мәселелеріне көңіл бөлуді күшейтсін;

өндіріс жағдайларына қарай орынды деп табылған жерлерде ірілендірілген бригадалардың құрамына инженер-техник қызметкерлерді енгізіп, олардың еңбегіне ақы төлеуді бригаданың жұмыс нәтижелеріне қарай жүргізсін. Мұндай бригадаларға басшылық етуді цехтар мен өндіріс учаскелерінің мастерлері мен басқа да инженер-техник қызметкерлеріне жүктесін.

Министрліктер мен ведомстволар еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасын дамытуды есепке ала отырып мастерлер үшін басқару нормаларының қайта қаралуын қамтамасыз етсін;

бригада советтерінің және цехтардың, кәсіпорындар мен бірлестіктердің бригадирлер советтерінің ролін көтеріп, олардың өндірісті басқаруға, еңбек ұйымдастыруды жақсартуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге кеңінен қатысуын қамтамасыз етсін;

коллективтік шарттарда әкімшіліктің, жұмысшылар мен қызметшілер коллективтерінің және кәсіподақ комитеттерінің еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық формасын дамытып, оның тиімділігін арттыру жөніндегі өзара міндеттемелерін көздеп отыратын болсын.

4. СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС 1983 жылғы 1 декабрьдегі № 1125 қаулысымен өнеркәсіптің кесімді еңбек ақы алатын өндірістік бригадаларына үйренушілерге қосымша ақыны қолданылып жүрген ережелермен белгіленген мөлшерлерден тыс арттыруға право бергені ескерілсін. Осы қосымша ақыларды арттыру мөлшерін бригада коллективі жұмыстың жалпы нәтижелеріне үйренушінің қосқан үлесін есепке ала отырып және бригаданың кесімді тапқан табысы шеңберінде белгілейді.

5. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына өнеркәсіптің өндірістік бірлестіктері мен кәсіпорындарына белгіленген жалақы қорлары шеңберінде, тиісті кәсіподақ органдарының келісуі бойынша мыналарға рұқсат етуге право берілсін:

а) жұмысшылар арасынан тағайындалған, негізгі жұмысынан босатылмаған бригадирлерге шаруашылық есепке (бригадалық мердігерге) көшірілген бригадаға басшылық еткені, сондай-ақ адам саны 15-тен асатын бригадаға басшылық еткені үшін қосымша ақының қолданылып жүрген мөлшерлерін бригаданың жалақы сомасының (сыйлықты есепке алмай) 2 процентіне дейін, бірақ айына 40 сомнан асырмай (СССР Министрлер Советінің шешімдерімен қосымша ақының неғұрлым жоғары мөлшерлері көзделгеннен басқа реттерде) арттырып отыруға. Көтеріңкі мөлшердегі қосымша ақылар бригада өндірістік тапсырмаларды орындаған және шығарылатын өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз еткен жағдайда төленеді;

б) жұмысшылар арасынан тағайындалған, негізгі жұмысынан босатылмаған звено жетекшілеріне, звенодағы адам саны 5 және одан да көп болса, бригада өндірістік тапсырмаларды орындаған және шығарылатын өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз еткен жағдайда бригадир үшін көзделген қосымша ақының 50 проценті мөлшерінде қосымша ақы төлеуге;

в) өндірістік учаскелердің мастерлеріне, сондай-ақ еңбекті ұйымдастыру мен нормалау жөніндегі инженерлерге үстеме ақыларды жоғары біліктілігі, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырғаны үшін еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасын енгізу нәтижесінде алынған жалақы қорының үнемі есебінен қызметтік

окладтың 50 процентіне дейінгі мөлшерде, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1979 жылғы 12 июльдегі № 695 қаулысының 53-тармағы «б» тармақшасымен[1] көзделген тәртіп бойынша белгілеуге.

6. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, министрліктер мен ведомстволар кәсіптік-техникалық білім жөніндегі оқу орындарында және тікелей өндірісте білікті кадрлар даярлаған кезде еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық формасын оқып-үйренуді ұйымдастырсын және бұл үшін қажетті методикалық материалдар мен көмекші оқу құралдарын басып шығаруды қамтамасыз етсін. СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС 1983 жылғы 1 декабрьдегі № 1125 қаулысымен кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқушылары оқуды бітірер алдындағы өндірістік практикадан бастап нақты бригадаларға бекітілді деп белгіледі.

7. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып:

а) кемінде үш жыл бригадир болып істеген білікті жұмысшылар қатарынан жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқу мерзімін қысқартып (өндірістен қол үзіп және қол үзбей) мыналарды даярлау ісін ұйымдастырсын:

жалпы орта білімі барлардан — өндірістің техник-ұйымдастырушыларын;

арнаулы орта немесе аяқталмаған жоғары білімі барлардан — өндірістің инженер-ұйымдастырушыларын;

б) жоғары және арнаулы орта оқу орындарында техникалық және экономикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлау кезінде оқитындардың еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық формасын оқып-үйренуін қамтамасыз етсін, сондай-ақ олардың тікелей бригадаларда өндірістік практикадан өтуін (техникалық мамандықтарға үйреткен кезде) көздейтін болсын.

8. Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитеті мен кәсіподақтардың республикалық комитеттері республиканың өндірістік бірлестіктері мен кәсіпорындарында еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың бригадалық формасын дамытып, оның тиімділігін арттыру ісін бақылауды күшейтсін, озат бригадалардың жұмыс тәжірибесіне жүйелі түрде талдау жасап отырсын, еңбекті бригадалық ұйымдастыру мен ынталандырудың жаңа, неғұрлым тиімді формаларын тауып, оларды кеңінен таратуға шаралар қолданатын болсын.

## ҚАЗАҚ ССР ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 13 январьдағы № 14
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 3, 8-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Энергетика мен электрлендіру министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

---

[1] СП СССР, 1979 ж., № 18, 118-ст.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1971 жылғы 13 январьдағы*
*№ 14 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Энергетика және электрлендіру министрлігіне бағынады.

сы мен еңбектегі белсенділігін барынша дамытуы үшін шеберлерге қажетті жағдай жасау жөнінде нақты шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын.

3. Өндірістік бірлестіктердің (комбинаттардың), ғылыми-өндірістік бірлестіктердің, өнеркәсіп кәсіпорындарының, құрылыс және жөндеу-құрылыс ұйымдарының басшылары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары:

— өндірісті басқаруға, кәсіпорынның және коллективті әлеуметтік дамытудың ағымдағы және перспективалы техникалық-экономикалық проблемаларын шешуге шеберлерді кеңінен қатыстырып отырсын;

— өндірістік және еңбек тәртібін нығайту, социалистік жарыс пен ұстаздық қозғалысын дамыту жөніндегі, жұмысшыларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарауға тәрбиелеу жөніндегі жұмыста шеберлерге барынша көмек көрсетсін; өндірістік және тәрбие жұмысында тәжірибе алмасу жөнінде шеберлердің жиналыстары мен кеңестерін үнемі өткізіп отырсын;

— өндірістік тапсырмаларды орындау үшін өндірістік учаскелерді барлық қажетті ресурстармен жабдықтауды қамтамасыз етуге кәсіпорындар мен ұйымдардың функциялық бөлімдері мен қызметтерінің жауапкершілігін арттырсын; шеберлерге олардың өздеріне қатысы жоқ жұмыс жүктелмейтін болсын;

— шеберлер кадрларын іріктеп алу, орналастыру мен тәрбиелеу ісін жақсартсын; шебердің қызметіне ұйымдастыру қабілеті және өндірістік тәжірибесі бар инженер-техник қызметкерлерді, сондай-ақ арнаулы орта немесе жалпы орта білімді аса маман озат жұмысшыларды жоғарылатып отырсын (кен шеберінің қызметіне жоғары немесе арнаулы орта кен-техникалық білімі бар адамдар тағайындалсын); шеберлердің саяси және кәсіптік даярлығының дәрежесін арттырып, олардың еңбек, тұрмыс және тынығу жағдайларын жақсартуға барынша жәрдемдесетін болсын; жұмыста өздерін жақсы жағынан көрсете білген шеберлерді бірлестіктердегі, кәсіпорындар мен ұйымдардағы басшы қызметке жоғарылатуды кеңінен практикаға енгізсін.

5. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісіп алғаннан кейін:

— жоғары және арнаулы орта оқу орындарында техникалық мамандықтар бойынша мамандар даярлаған кезде студенттер мен оқушылардың өндірісті басқару мен ұйымдастырудың ғылыми әдістерін неғұрлым терең үйренуін және шебердің міндеттерін ойдағыдай орындау үшін қажетті практикалық дағдыларды меңгеруін қамтамасыз етсін;

— СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекіткен мамандықтардың тізбегі бойынша арнаулы орта оқу орындарында жалпы орта білімді практик-шеберлер үшін өндірістен қол үзбей қысқа мерзімде оқытатын бөлімшелерін белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырсын.

6. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

— мамандық арттыру институттары мен олардың филиалдарында, сондай-ақ министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының жанындағы мамандық арттыру курстарында шеберлерді жүйелі түрде (3—5 жылда кемінде бір рет өндірістен қол үзіп және қол үзбей) СССР Министрлер Советінің «Өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың, байланыс пен сауданың басшы қызметкерлері мен мамандарының мамандығын арттыру жүйесін жетілдіру туралы» 1967 жылғы 6 июньдегі № 515 қаулысында

(СП СССР 1967 ж. № 14, ст. 95) көзделген тәртіп пен шарттар негізінде оқыту жөнінде шаралар қабылдау [1];

— қазіргі заманғы өндіріс жағдайларында шеберлерге қойылатын талаптарды есепке алып, олардың мамандығын арттыру программаларын әзірлеп, 1977 жылы Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен келісіп алғаннан кейін бекіту;

— өндірістік тапсырмаларды және социалистік міндеттемелерді орындауда, еңбек тәртібін нығайтуда ең жақсы нәтижелерге жеткен өндірістік учаскелердің жұмыс тәжірибесін зерттеу жөнінде озық кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарында шеберлер семинарларын үнемі өткізіп отыру.

* * *

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, министрліктердің, ведомстволардың, бірлестіктердің (комбинаттардың), өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының басшылары шеберлердің ролі мен беделін онан әрі арттыруды қамтамасыз етеді, өндірістік учаскелердің еңбек коллективтерін басқару жөнінде оларға жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда барынша көмек көрсетіп және қолдап отырады деп кәміл сенім білдіреді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі шеберлерді еңбек өнімділігін өсіру қарқынын тездету, өндіріс тиімділігі мен шығарылатын өнім сапасын арттыру жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуге шақырады.

## ҚАЗАҚ ССР ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 13 январьдағы № 14 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 3, 8-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1971 жылғы 13 январьдағы*
*№ 14 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Энергетика және электрлендіру министрлігіне бағынады.

[1] 6-пункттің екінші абзацының аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің біліктілікті арттыру жүйесіндегі тыңдаушыларды материалдық қамтамасыз ету шарттары бөлігі Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 13 марттағы № 92 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 8, 23-ст.).

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі электр станцияларын, электр және жылу жүйелерін пайдалануға, селолық жерлерде электр жүйелерін салуға басшылықты жүзеге асырады.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі республиканың энергетикасы мен электрлендірілуінің жағдайына және одан әрі өркендетілуіне, саладағы ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің техникалық дәрежесіне, электр және жылу энергиясының, басқа да шығарылатын өнімнің сапасына, сондай-ақ республиканың электр және жылу энергиясына деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға жауап береді.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі өз жұмысын СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 2 марттағы № 140 қаулысымен бекітілген Бүкілодақтық және республикалық өнеркәсіптік бірлестіктер туралы жалпы ережемен (109—113-тармақтардан басқалары) белгіленген шарттар негізінде ұйымдастырады [1].

2. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— халықтың, халық шаруашылығы мен ел қорғанысының электр және жылу энергиясы жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында энергетика мен электрлендіруді Қазақ ССР халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде барынша өркендете беруді, ғылыми-техникалық прогресс негізінде өндірісті дамытудың және еңбек өнімділігін арттырудың жоғары қарқында болуын қамтамасыз ету;

— электр және жылу энергиясын өндіру, электр станцияларын, электр және жылу жүйелерін салу жөніндегі тапсырмаларды және мемлекеттік жоспарлардың басқа да тапсырмаларын орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, электр және жылу энергиясын өндіру мен басқа өнім шығаруды қамтамасыз ету, сондай-ақ өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту, халық шаруашылығын электр және жылу энергиясымен үзіліссіз жабдықтауды қамтамасыз ету;

— салада СССР Энергетика және электрлендіру министрлігі белгілейтін бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың, озат тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін енгізу және өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану және олардың тиімділігін арттыру, құрылысты индустрияландыру және құрылыс жұмыстарының технологиясы мен ұйымдастырылуын жетілдіру, құрылыстың құнын арзандату және салу мерзімдерін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзімде игеру;

— еңбек пен басқару ісін ғылыми ұйымдастыруды енгізу Министрліктің кәсіпорындарын, ұйымдары мен мекемелерін ысылған жетік кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдай жасау, өздерін жақсы жағынан көрсеткен жас мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату;

— өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз ету, өндірістік зақымдануды болдырмаудың жаңа құралдары мен тәсілдерін енгізу;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекеме-

[1] 1-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 21 январьдағы № 24 қаулысымен абзацпен толықтырылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 5, 12-ст.).

лердің жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту.

3. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі басшылық жасаудың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс ұштастыруды, пайда, баға, сыйлық және кредит сияқты экономикалық тетіктерді неғұрлым толық пайдалануды, электрондық-есептеуші техниканы қолдана отырып, басқарудың тиімді жүйелерін енгізуді, басқарудың құрылымы мен ұйымдастыру формаларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

4. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге басшылықты тікелей немесе белгіленген тәртіп бойынша құрылатын органдар арқылы жүзеге асырады.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі, оған қарайтын аудандық энергетика басқармалары, электр станциялары, электр жүйелерінің кәсіпорындары, жылу жүйелерінің кәсіпорындары және оның қарамағындағы басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің біртұтас жүйесін құрады.

5. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы Ережеде және қолданылып жүрген басқа да заң актілерінде көрсетілген праволарын қатаң сақтауға және олардың шаруашылық дербестігі мен инициативасын дамытуға барынша жәрдемдесуге міндетті.

6. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі республикада электр және жылу энергиясын өндіруде жетекші бола отырып, жұмыстары тікелей энергия жүйесіне қатысты басқа министрліктер мен ведомстволардың электр станцияларында бұл энергияны өндіруді жоспарлауға қатысады.

7. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметінің және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, Бүкілодақтық және республикалық өнеркәсіптік бірлестіктер туралы жалпы ережені, басқа да нормативтік актілерді, СССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және қазір күшінде бар заңдардың Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді [1].

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі өз компетенциясына кіретін мәселелер жөніндегі заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және бұл ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің қарауына енгізеді.

8. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі:

— қалаларды және жекелеген өнеркәсіп тораптарын жылумен жабдықтауды дамытудың схемаларын қарап, белгіленген тәртіп бойынша келіседі, республика халық шаруашылығының электр және жылу энергиясына деген қажеттерін зерттейді, перспективалық және жылдық жоспарлардың жобаларын жасайды, оларды белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді;

---

[1] 7-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 21 январьдағы № 24 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1986 ж., № 5, 12-ст.).

— энергетикалық қуаттардың неғұрлым тиімді пайдалануын және энергетика шаруашылығын пайдалану дәрежесінің жоғары болуын, сондай-ақ халық шаруашылығын электр және жылу энергиясымен үзіліссіз жабдықтауды қамтамасыз етеді; республика энергия жүйелерінің арасында электр энергиясын ауыстырып отыру жоспарларын бекітеді және бұл жоспарлардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

— Министрліктің электр станцияларын, электр және жылу жүйелерін, кәсіпорындары мен ұйымдарын техникалық жағынан қайта жарақтандыру және модернизациялау жөніндегі шараларды жасап, жүзеге асырады;

— аудандық электр станцияларын, электр беріліп тұратын линияларды, электрподстанцияларды және қарамағындағы басқа да объектілерді, жобалау мен салу жөніндегі заказшының функциясын белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады;

— ауыл шаруашылығын электрлендіру үшін электр жүйелерін салу, сондай-ақ колхоздар мен совхоздардың үйлеріне және тұрғын үйлеріне жарық беретін қондырғылар орнату жөнінде бас мердігердің функциясын жүзеге асырады;

— колхоздармен, совхоздармен, басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен және ұйымдарымен жасасқан шарттар бойынша олардың иелігіндегі электр станциялары мен электр жүйелерін пайдалануды және жөндеуді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды пайдалануда ұйымдастыру-техникалық көмек көрсетеді;

— электр станцияларының, министрліктер мен ведомстволардың кәсіпорындары мен ұйымдарындағы электр және жылу пайдалану қондырғыларының техникалық жағдайына, электр және жылу пайдалану қондырғыларында хауіпсіз қызмет істеуді қамтамасыз ететін шаралардың жүргізілуіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ халық шаруашылығының барлық салаларында электр және жылу энергиясының ұтымды пайдаланылуына және босатылатын электр энергиясының сапасына бақылауды жүзеге асырады;

— отандық және шет елдік ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде энергетиканы және электрлендіруді дамытудың техникалық дәрежесінің жоғары болуын қамтамасыз етеді; салада ғылыми іздестіруден бастап алынған нәтижелерді өндіріске енгізуге дейінгі ғылыми-техникалық проблемаларды әзірлеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ комплексті сала аралық ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге байланысты жұмыстарды орындайды;

— өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісін басқарады, өнертапқыштық пен рационализаторлық жөніндегі перспективалық және ағымдағы тақырыптық жоспарларды жасайды, өнертапқыштар мен рационализаторлардың жұмысына көмек көрсетеді, өнер табыстары мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізуді қамтамасыз етеді. Министрлік өнертапқыштар мен рационализаторлықты дамыту жөніндегі жұмысты Кәсіподақтардың республикалық комитетімен және Өнертапқыштар мен рационализаторлардың бүкілодақтық қоғамының Қазақ республикалық советімен бірлесе отырып жүргізеді;

— жаңа техника мен технологияны жасаған және олардың қазір барларын жетілдірген кезде отандық және шет елдік патенттік материалдарды кеңінен зерттеп, пайдалануды, сондай-ақ өнім мен технологиялық процестердің патенттік жарамдылығын қамтамасыз етеді; кәсіпорындар мен ұйымдардың СССР-де авторлық куәліктер беруге және орынды болған ретте өнер табыстарын шет елде патенттеуге белгіленген тәртіп бойынша заявкалар табыс етулерін қамтамасыз етеді. Техникалық-экономикалық жағынан неғұрлым прогрессивті машиналардың,

жабдықтың материалдар мен технологиялық процестердің лицензияларын шет елден сатып алу туралы ұсыныстарды жасап, СССР Энергетика және электрлендіру министрлігіне табыс етеді, сатып алынған лицензиялар бойынша өнім өндіруді жедел игеруді қамтамасыз етеді;

— күрделі қаржыларды тиімді пайдалануды және жаңа өндірістік қуаттарды, тұрғын үй қорын, мәдени-тұрмыстық мақсатқа арналған объектілер мен балалар мекемелерін кезінде іске қосуды қамтамасыз етеді; құрылыстардың титулдық тізімдерін және жобалау-смета документациясын жасап, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді; жобалау және смета документациясының сапасына бақылауды жүзеге асырады, мердігер құрылыс ұйымдары жүзеге асыратын электр станциялары мен жүйелерінің салынуын бақылайды; салынып біткен кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды пайдалануға қабылдау үшін өз компетенциясы шегінде мемлекеттік комиссияларды тағайындайды, оларды қабылдау туралы актілерді бекітеді және жиынтық смета-финанс есеп айырысуларын жабу туралы шешімдер қабылдайды;

— негізгі қорларды күрделі жөндеуді ұйымдастырады, жабдықты модернизациялауды, оның техникалық дәрежесі мен өнімділігін арттыруды, сондай-ақ үйлер мен ғимараттардың техникалық және пайдалану жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді, жөндеудің сапасын арттыру және оны арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— Министрліктің кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелердің шикізат, отын, жабдық және басқа материалдық ресурстар жөніндегі қажетін анықтайды, Министрлікке бөлінген материалдық ресурстар қорларын бөледі және қажетті реттерде қайта бөледі; олардың өткізілуіне және белгіленген мақсатқа пайдаланылуына, сондай-ақ Министрліктің кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің шарттарды кезінде жасасуларына және шартта көрсетілген міндеттемелерді орындауларына бақылауды жүзеге асырады; Министрліктің кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің шикізатты, отынды, жабдық пен басқа да материалдық ресурстарын дұрыс сақтауын және пайдалануын қамтамасыз етеді; басы артық және пайдаланылмайтын материалдық ресурстарды өткізуге шаралар қолданылады; материалдарды, шикізат пен отынды үнемді жұмсау, өндірістегі шығындарды азайту жөніндегі шараларды және материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған басқа да шараларды жасап, жүзеге асырады;

— Министрліктің кәсіпорындарын, ұйымдары мен мекемелерін белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың өндірістік-финанс көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асырады; өнім өткізу, пайдалар мен бюджет төлемдері жөніндегі жоспардың орындалуын қамтамасыз етеді; орталықтандырылған қорларды, сондай-ақ кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге финанс көмегін көрсетуге арналған резервті белгіленген тәртіп бойынша жасайды; Министрлік жүйесінде финанс ресурстарын пайдалануға бақылауды жүзеге асырады;

— Министрліктің кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің бухгалтерлік есептері мен баланстарын қарап, бекітеді, жиынтық бухгалтерлік есептер мен баланстар жасайды; Министрліктің қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің финанс-шаруашылық қызметіне документтік тексерулер жүргізеді; бухгалтерлік және статистикалық есеп берулерді ұйымдастырады және жетілдіреді, осындай есеп берулердің өз қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде жасалуына бақылауды жүзеге асырады; есептеуші техника құралдарын кеңінен енгізе отырып, кезеңдік есеп алуды жақсартуды қамтама-

сыз етеді, социалистік меншіктің сақталуына бақылауды жүзеге асырады, келтірілген зиянның орнын толтыруға шаралар қолданады;

— Министрліктің кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің ысылған жетік қызметкерлер кадрлары жөніндегі қажетін анықтап, олармен қамтамасыз етеді, кадрлар даярлауды және олардың мамандығын арттыруды ұйымдастырады; кадрларды зерттейді, тәжірибелі қарт кадрлар мен қабілетті жас қызметкерлердің үйлесімді қызметін қамтамасыз етеді; өз ісін жетік білетін және коллективте бедел мен сенімге ие болған, саяси жағынан жетілген мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату үшін жағдай жасайды; жас мамандарды тиімді пайдалануға шаралар алады, тұрақты кадрлар жасауға бағытталған шараларды іске асырады;

— Кәсіподақтардың республикалық комитетімен бірлесе отырып, Министрліктің кәсіпорындары мен ұйымдарында өнім өндіру (қызмет көрсету) нормаларын қайта қарау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және еңбекті нормалауды жетілдіру жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асырады; еңбекке ақы төлеудің және сыйлық берудің қазір күшінде бар шарттарының дұрыс қолданылуына, еңбек тәртібін нығайту шараларын жүргізуге, сондай-ақ жалақы қорлары мен көтермелеу қорларының дұрыс жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады;

— кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта құрады және жояды; Министрліктің кәсіпорындарының уставтарын және ұйымдары мен мекемелері туралы ережелерді (уставтарды) бекітеді;

— Министрліктің және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелер аппаратының құрылымын жетілдіру және оны ұстауға арналған шығындарды азайту жөніндегі шараларды жасап, жүзеге асырады;

— салада еңбекті ғылыми ұйымдастыруды жетілдірудің басты бағыттарын белгілейді, Министрліктің кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде еңбек пен басқару ісін ғылыми ұйымдастыруды енгізу жөніндегі жұмысты басқарады; Министрліктің кәсіпорындары мен ұйымдарында еңбектің хауіпсіз жағдайларының жасалуын, хауіпсіздік техникасының ережелері мен өндірістік санитария талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз етеді; жұмысты хауіпсіз жүргізудің тәсілдері мен құралдарының қолданылып жүргендерін жетілдіру және жаңаларын қолдану жөніндегі, кәсіптік науқастарға қарсы профилактика мен күрес жөніндегі шараларды жүзеге асырады; хауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларын әзірлеуге қатысады;

— Кәсіподақтардың республикалық комитетімен бірлесе отырып:

а) коллективтік шарттар жасауға басшылық етеді және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

б) Министрліктің кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды, сондай-ақ сауықтыру шараларын жүргізуді қамтамасыз етеді;

в) социалистік жарысты ұйымдастырады, Министрліктің кәсіпорындары мен ұйымдарының республикалық жарысының шарттарын бекітеді, коммунистік еңбек, өндірістің жоғары мәдениеті жолындағы қозғалыстың дамуына жәрдемдеседі. Социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады, озып шыққан коллективтерге ауыспалы Қызыл Тулар мен ақшалай сыйлықтар береді, коммунистік еңбек кәсіпорындары мен ұйымдары коллективтері атақтарын береді, еңбектің озық әдістері мен озат тәжірибені зерттеуді, қорытуды және таратуды ұйымдастырады;

г) Министрлік жүйесіндегі озат қызметкерлерді омырауға тағатын

значоктарымен белгіленген тәртіп бойынша наградтайды, көтермелеудің басқа да түрлерін қолданады;

д) Министрліктің электр-энергетикалық кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлеріне сауда және тұрмыстық қызмет көрсетілуін белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады.

9. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Министр бөліп береді.

10. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына жеке басы жауап береді, Министрдің орынбасарларының, Министрліктің бас басқармалары бастықтарының және басқа да бөлімшелері басшыларының Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

11. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрі Министрлік компетенциясы шегінде, СССР мен Қазақ ССР-інің заңдары, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және соларды орындау үшін Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер орындауға міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрі қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің, ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

12. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрдің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде энергетика мен электрлендіруді өркендетудің негізгі мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және орналастыру мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрлік жүйесіндегі бас басқармалардың, басқармалар мен бөлімдердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында келіспеушіліктер туған жағдайда Министр бұл келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өздері тарапынан, өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

13. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, республиканың энергетикасы мен электрлендірілуін дамытуда ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу үшін, отандық және шет елдік ғылымның, техниканың, озық

тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және өндіріске енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінде ғалымдардан, ысылған жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамы мен ол туралы ережені Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі Министрліктің кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері арасындағы шаруашылық дау-шарларды қарау үшін ведомстволық арбитраж құрады.

Министрліктің арбитражына өзінің шығарған шешімдерін ықтиярсыз орындату туралы бұйрықтар шығаруға право беріледі.

Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрі бекітеді.

15. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, белгіленген тәртіп бойынша актив кеңестерін шақырады, оларда партия мен үкіметтің шешімдерін орындау жөніндегі шаралар туралы баяндамалар, энергетика мен электрлендіруді дамытудың аса маңызды проблемалары тыңдалып, талқыланады, сондай-ақ Министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер қызметін жақсартуға байланысты мәселелер сын мен өз ара сынды өрістету негізінде талқыланады.

16. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі хаттардың, арыздар мен шағымдардың мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, оларда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметіндегі еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

17. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің құрылымы мен орталық аппараты қызметкерлерінің санын СССР Энергетика және электрлендіру министрлігімен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штаттық кестесін белгіленген тәртіп бойынша, сондай-ақ Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрі бекітеді.

18. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## ҚАЗАҚ ССР ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1970 жылғы 26 январьдағы № 52 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 2, 12-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1970 жылғы 26 январьдағы*
*№ 52 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

1. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және өзінің қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советіне де, СССР Түсті металлургия министрлігіне де бағынады.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі Қазақ ССР-інің түсті металлургиясына басшылық жасайды.

Министрлік республиканың түсті металлургиясының жағдайына және оны одан әрі өркендете беруге, ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің техникалық дәрежесіне, шығарылатын өнімнің сапасына және халық шаруашылығының түсті металлургия өнімі жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға, өз қарамағындағы кәсіпорындарда еңбек хауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз етуге, пайдалы қазба кен орындарын дұрыс пайдалануға және жер қойнауын қорғауға жауап береді.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі өз жұмысын СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 2 марттағы № 140 қаулысымен[2] бекітілген Бүкілодақтық және республикалық өнеркәсіп бірлестіктері туралы жалпы ережеде белгіленген (109—113-пункттерден басқа) шарттар негізінде ұйымдастырады.

2. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінің басты міндеттері мыналар:

халық шаруашылығының және еліміздің қорғанысының түсті металлургия өнімі жөніндегі қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен ғылыми-техникалық прогресс негізінде Қазақ ССР-інің түсті металлургиясын барынша өркендетуді, өндірістің жоғары қарқынмен дамуын және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, жер қойнауын қорғау және жер бетін кен жұмыстарының зиянды әсерінен қорғау талаптарын сақтай отырып, минералды шикізат ресурстарын экономикалық жағынан орынды пайдалануды және жоғары сапалы өнім өндіруді қамтамасыз ету, өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

республиканың түсті металлургиясында СССР Түсті металлургия министрлігі белгілейтін бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін енгізу және өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын қамтамасыз ету, кәсіптік аурулардан, өндірістік зақым мен авариялардан алдын ала сақтанудың жаңа құралдары мен әдістерін енгізу;

---

[1] 1-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 9 августағы № 384 қаулысымен абзацпен толықтырылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 17, 80-ст.).

[2] СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз.

күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану және олардың тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандатып, мерзімдерін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзімде игеру;

еңбек пен басқаруды ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату;

Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту;

басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс ұштастыруды, пайда, баға, сыйлық және кредит сияқты экономикалық тетіктерді неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз ету электрондық-есептеу техникасын қолдана отырып, басқарудың тиімді жүйелерін енгізу, басқарудың құрылымы мен ұйымдастыру формаларын жетілдіру;

шаруашылық, инженерлік және ғылыми басшы кадрларды іріктеудің, жоғарылатудың және орналастырудың лениндік принциптерін жүзеге асыру, Партия мен Үкіметтің директивалары мен шешімдерін басшы кадрлардың орындауын тексеруге және бақылауға басты назар аудару, қоғамдық ұйымдардың қатысуымен кадрларды еңбекке коммунистік көзқарас, мемлекеттік мүдделер мен тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеу жөнінде жұмыстар жүргізу, қоғамдық өндірісті көтерудің материалдық және моральдық стимулдарын дұрыс ұштастыруды және өзіне тапсырылған іс пен коллектив жұмысының жалпы нәтижелеріне әрбір қызметкердің жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз ету.

3. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі өз қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге басшылықты тікелей немесе белгіленген тәртіп бойынша құрылған органдар арқылы жүзеге асырады.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі, оның қарамағындағы кен-металлургия және кен байыту комбинаттары, металлургия заводтары, рудниктер мен басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінің біртұтас жүйесін құрады.

4. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, тағы басқа нормативтік актілерді, Бүкіл одақтық және республикалық өнеркәсіп бірлестіктері туралы жалпы ережені, осы Ережені, сондай-ақ СССР Түсті металлургия министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі қазір күшінде бар заңдардың Министрлік жүйесінде қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Түсті металлургия министрлігінің қарауына енгізеді [1].

5. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі:

---

[1] 4-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 9 августағы № 384 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 17, 80-ст.).

— Қазақ ССР-інде түсті металлургияны келешекте өркендетудің негізгі бағыттары туралы ұсыныстарды әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және СССР Түсті металлургия министрлігіне табыс етеді;

— республиканың халық шаруашылығын өркендетудің бақылау цифрлары мен негізгі бағыттары, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер табыс еткен жоспарлардың жобалары негізінде Қазақ ССР-інде түсті металлургияны өркендетудің перспективтік жоспарларының жобаларын әзірлеп, оларды Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және СССР Түсті металлургия министрлігіне табыс етеді;

— Қазақ ССР халық шаруашылығын келешекте өркендету жоспарының жобасын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жасағанда қатысады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің ұсыныстары негізінде Қазақ ССР-інде түсті металлургияны өркендетудің перспективтік жоспарларының алдағы жылға арналған тапсырмаларын нақтылайды, оларды Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, СССР Түсті металлургия министрлігіне табыс етеді және республика халық шаруашылығының жылдық жоспарларының жобаларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жасағанда қатысады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді қатыстыра отырып, халық шаруашылық жоспарының тапсырмаларына сәйкес белгіленген көрсеткіштер бойынша олардың перспективтік және жылдық жоспарларын қарап, бұл жоспарлардың барлық тараулары мен көрсеткіштерін үйлестіруді қамтамасыз ете отырып, оларды бекітіп береді;

— Министрлік жүйесіндегі барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің белгіленген жоспарларды орындауын қамтамасыз етеді;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың өнімінің бағалары мен тарифтерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бекітеді немесе бекітуге табыс етеді, олардың дұрыс қолданылуына бақылауды жүзеге асырады;

— қажетті жағдайда Министрлікке белгіленген жоспарлы тапсырмалардың шегінде өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өнім өндіру, күрделі құрылыс және басқа көрсеткіштер жөніндегі тапсырмаларын белгіленген тәртіп бойынша өзгертеді;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарда техникамен қайта жарақтандыру және модернизациялау, олардың қуаттарын сарқа пайдалану және арттыру, өндірісті белгілі бір кәсіпке бейімдеу және кооперативтендіру жөніндегі шараларды жүргізеді; халық шаруашылығының түсті металлургия өнімі жөніндегі қажетін қанағаттандыру үшін республикада бұл өнімнің ассортиментін ұлғайту және жақсарту шараларын жүзеге асырады;

— табиғи ресурстарды пайдаланғанда басқа салалар мен тұтас халық шаруашылығының мүдделерін ескере отырып, оларды тиімді пайдалануды және қалпына келтіруді қамтамасыз етеді, ауаны, топырақ пен тоғандарды өнеркәсіп және шаруашылық тастандыларымен өндірістен шыққан сулармен және қалдықтармен былғанудан қорғау үшін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, жер беті мен онда орналасқан үйлерді, тоғандарды, екпе ағаштарды, сондай-ақ жер астындағы күрделі қазбаларды және ғимараттарды кен жұмыстарының зиянды әсерінен сақтау үшін қажетті шараларды жүзеге асырады; территорияны рекультивациялау шараларын жасап, жүзеге асырады, кен

қазбаларын қазғанда бүлінген объектілерді қалпына келтіруді және күрделі жөндеуді қамтамасыз етеді;

— техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізатты, отынды, материалдарды жұмсау және запасқа сақтау нормаларын, электр энергиясын өндірістік және пайдалану мұқтаждарына жұмсау нормаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді; бекітілген нормативтер мен нормаларды енгізуді қамтамасыз етеді;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде бастапқы есепті ұйымдастырады, статистикалық және бухгалтерлік есептерді алып, белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді, есеп жұмыстарын орталықтандыру, есеп жүргізудің прогрестік әдістерін енгізу жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— кен орындарын қазғанда жер қойнауын сақтау және пайдалы қазба кендердің шығынға ұшырауына жол бермеу шараларын жүзеге асырады, түсті, сирек кездесетін және қымбат бағалы металдар шығатын орындарды қазғанда пайдалы қазба кендердің толық алынуын қамтамасыз етеді;

— минералды шикізаттың барланған запастарын есептеу үшін кондициялар әзірлейді, жер қойнауындағы пайдалы қазба кендер жай-күйінің, запастары қозғалысының және нақты шығынының есебін алады, сондай-ақ пайдалы қазба кендердің баланстағы запастарын белгіленген тәртіп бойынша есептеп шығарады;

— әр түрлі кен орындары мен жеке металдар жөнінде ашылған, қазуға әзірленген және дайын тұрған запастардың нормативтерін әзірлейді;

— рудалардан түсті, сирек кездесетін және қымбат бағалы металдарды алудың комплектілігін қамтамасыз етеді;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарда геологиялық және маркшейдерлік қызметті ұйымдастырады;

— түсті, сирек кездесетін және қымбат бағалы металдарды табуға арналған, Қазақ ССР Геология министрлігі орындайтын геологиялық-барлау жұмыстарын жоспарлауға қатысады; Қазақ ССР Геология министрлігімен бірлесе отырып, кен орындарын алдын ала барлау ісінің нәтижелерін қарайды, егжей-тегжейлі барланған кен орындарын олардың базасында жаңа кәсіпорындарды жобалау және салу мақсатында белгіленген тәртіп бойынша қабылдайды, түсті металлургияның қазір жұмыс істейтін кен өндіру кәсіпорындарында шикізат базасын дамыту жөніндегі шараларды жүргізуді қамтамасыз етеді;

— Министрліктің кәсіпорындарында еңбектің хауіпсіздік жағдайлары жасалуын, хауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария ережелерінің қатаң сақталуын қамтамасыз етеді, түсті, сирек кездесетін және қымбат бағалы металдар шығатын орындарды хауіпсіз қазудың, рудаларды хауіпсіз байытудың және металдарды өндірудің қазір қолданылып жүрген әдістері мен құралдарын жетілдіру, жаңаларын жасау, кәсіптік аурулардың профилактикасы және оларға қарсы күресу жөніндегі шараларды жүзеге асырады; өз қарамағындағы кәсіпорындарда кен жұмысында апаттан құтқару және газдан сақтау қызметтеріне басшылық жасайды, кен жұмысында апаттан құтқаратын әскериленген бөлімдер мен газдан сақтау бөлімшелерінің белгіленген тәртіп бойынша орналасуын және олардың өзара әрекетінің жоспарларын бекітеді, осы бөлімдер мен бөлімшелердің қызмет тәртібін белгілейді;

— өз қарамағындағы кірме темір жолдардың, сондай-ақ Қазақ ССР түсті металлургиясының автомобиль транспортының дамуын қамтамасыз етеді және оларды пайдалануды жүзеге асырады, Қазақ ССР

түсті металлургия кәсіпорындарының транспортын техникалық пайдалану ережелерін әзірлеуге қатысады;

— түсті, сирек кездесетін және қымбат бағалы металдар өндіретін іздеушілер артельдерінің өндірістік, шаруашылық және финанс қызметін, осы артельдер уставының сақталуын белгіленген тәртіп бойынша бақылауды жүзеге асырады, жүргізілген тексерулердің нәтижелерінен туатын мәселелерді қажетті жағдайларда іздеушілер артельдері мүшелерінің жалпы жиналысының талқысына салады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің социалистік мемлекеттік өндіріс кәсіпорындары туралы Ережеде және қолданылып жүрген заңдардың басқа да нормативтік актілерінде көзделген праволарын сақтайды және олардың шаруашылық дербестігі мен инициативасының дамуына барынша көмектеседі;

— СССР Түсті металлургия министрлігінің бас басқармаларымен, басқармаларымен, бөлімдерімен түсті металлургияны өркендетуге байланысты мәселелер жөнінде, сондай-ақ басқа министрліктермен, ведомстволармен сала аралық мәселелерді әзірлеуде және шешуде байланыс пен іскерлік ынтымақты жүзеге асырады;

— өндірістің және Министрлік кәсіпорындары шығаратын өнімнің қол жеткен техникалық-экономикалық дәрежесін бағалау жөнінде жүйелі жұмыс жүргізеді, ғылыми және техникалық жетістіктерді барынша тиімді пайдалану жолдарын анықтайды, отандық және шет елдік ғылым мен техника жетістіктері негізінде түсті металлургия дамуының техникалық дәрежесінің жоғары болуын қамтамасыз етеді;

— түсті металлургияда пайдаланылатын машиналардың, жабдықтың, приборлар мен материалдардың жаңа түрлерін жасауға қойылатын техникалық-экономикалық талаптарын әзірлейді, дайындаушы министрліктердің, ведомстволардың келісуге табыс ететін көрсетілген машиналар, жабдықтар мен приборлар жөніндегі техникалық тапсырмалары мен техникалық жобаларын, материалдар жөніндегі техникалық тапсырмаларын белгіленген тәртіп бойынша қарайды және бұларға өз қорытындысын береді, олармен бірлесе отырып, осы бұйымдарды өндірістік сынаудан өткізеді;

— республиканың түсті металлургиясындағы ғылыми іздестіруден бастап алынған нәтижелерді өндіріске енгізуге дейінгі ғылыми-техникалық проблемаларды белгілеп отыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ комплексті салалық және сала аралық ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге байланысты жұмыстарды орындайды;

— өз қарамағындағы ғылыми-зерттеу және жобалау конструкторлық ұйымдардың қызметіне басшылық жасайды, оларды қажетті өндірістік-эксперименттік базамен қамтамасыз етеді; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлауды және ұйымдастыруды жетілдіру, олардың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— ғылыми және ғылыми-техникалық информацияны ұйымдастырады, түсті металлургия жөніндегі ғылыми және ғылыми-техникалық әдебиетті әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бастырып шығаруды қамтамасыз етеді;

— өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісін басқарады, өнертапқыштық пен рационализаторлық жөнінде перспективтік және ағымдағы тақырыптық жоспарларды әзірлейді; өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстардың енгізілуін қамтамасыз етеді. Министрлік өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту жұмысын металлургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен және Өнертапқыштар мен рационализаторлардың бүкіл

одақтық қоғамының Қазақ республикалық советімен бірлесе отырып жүргізеді;

— жаңа техника мен технологияны жасағанда және қазір қолданылып жүргендерін жетілдіргенде отандық және шет елдік патенттік материалдардың кең зерттелуін және пайдаланылуын, өнімнің, сондай-ақ технологиялық процестердің патенттік қабілеттілігін қамтамасыз етеді; кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өнертабыстарға СССР-де авторлық куәліктер беруге, қажетті жағдайларда, оларды шет елдерде патенттеуге белгіленген тәртіп бойынша заявкалар табыс етулерін қамтамасыз етеді;

— техникалық-экономикалық жағынан мейлінше прогрессивті машиналарға, жабдықтарға, материалдар мен технологиялық процестерге шет елдерден лицензиялар сатып алу туралы ұсыныстарды әзірлеп, СССР Түсті металлургия министрлігіне табыс етеді;

— Министрлік жүйесінде күрделі құрылысты жүзеге асырады, күрделі қаржыларды тиімді пайдалануды, жаңа құрылысты ұтымды орналастыруды, күрделі қаржыларды бірінші кезекте қазір жұмыс істейтін кәсіпорындарды техникамен қайта жарақтандыруға бағыттауды, күрделі қаржыларды пайдалануға берілетін құрылыстарға шоғырлауды және аяқталмаған құрылыстарды азайтуды қамтамасыз етеді;

— құрылыстардың титулдық тізімдерін, сондай-ақ алдағы жылдардың құрылыстары үшін жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

— құрылыстарға қажетті жобалау және сметалық документацияның дер кезінде әзірленуін, бекітілуін және берілуін қамтамасыз етеді;

— жобалау және сметалық документацияның сапасына, құрылыстың бекітілген сметалық құнының сақталуына бақылауды, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмысының және салынып жатқан объектілерге берілетін жабдықтың сапасына техникалық бақылауды жүзеге асырады; құрылысқа белгіленген тәртіп бойынша авторлық бақылауды ұйымдастырады;

— құрылыстарды қаржыландыруды және оларды заказшы жеткізіп беруге міндетті жабдықпен, материалдармен, бұйымдармен жабдықтауды қамтамасыз етеді;

— өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың күрделі құрылысқа арналған жабдықтың заказдарын оны алуға бөлінген қорлар мен қаражаттарға сәйкес орналастыруына бақылау жасайды;

— құрылыста ішкі резервтерді жұмылдыру жөніндегі шараларды әзірлеп, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

— өндірістік қуаттар мен негізгі қорлардың дер кезінде іске қосылуын, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеруді қамтамасыз етеді;

— салынып біткен кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды қабылдау үшін өз компетенциясы шегінде мемлекеттік комиссиялар тағайындайды, оларды қабылдау туралы актілерді бекітеді және жиынтық сметалық-финанс есептерін жабу туралы шешімдер қабылдайды;

— негізгі қорларды күрделі жөндеуді ұйымдастырады, жабдықтың модернизациялануын, техникалық дәрежесі мен өнімділігінің артуын, сондай-ақ үйлер мен ғимараттардың техникалық және пайдалану жайын жақсартуды қамтамасыз етеді; жөндеу сапасын арттыру және оны арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінің кәсіпорындары базасында пайда болып, өсіп келе жатқан жаңа қалалар мен қалалық поселкелердің бас жоспарын, бірінші кезектегі құрылыстарды орналастырудың жобаларын, детальдық жоспарлаудың жобаларын әзірлейді,

оларды салады және олардың архитектуралық бейнесі, инженерлік жабдығы мен көркейтілуі үшін жауап береді;

— құрылыстың техникалық дәрежесі мен индустрияландырылуын арттыру жөніндегі негізгі бағыттарды Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті белгілегенде қатысады;

— кәсіпорындарды жобалау тапсырмаларын және оларды салудың, қайта құрудың, кеңейтудің жобалау тапсырмаларын әзірлеуді және белгіленген тәртіп бойынша бекітуді қамтамасыз етеді;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шикізат, отын, жабдық және басқа материалдық ресурстар жөніндегі қажетін анықтайды, Министрлікке бөлінген материалдық ресурстарға иелік жасайды, осы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің материалдық-техникалық жабдықталуына жауап береді;

— Министрлікке бөлінген шикізат, отын, жабдық және басқа материалдық ресурстар қорларын бас басқармаларға, трестерге, сондай-ақ Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға таратып береді, өндірістік программа мен күрделі құрылыс жоспарының орындалуын және асыра орындалуын есепке ала отырып, көрсетілген қорларды қажетті жағдайларда қайта бөледі;

— Министрлік жүйесінде өнім жеткізіп беру жоспарларын әзірлеп, бекітеді;

— шикізат, отын, жабдық және басқа материалдық ресурстар қорларының өткізілуіне, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өнім жеткізіп беру жөніндегі шарттарды дер кезінде жасауын және шартта көрсетілген міндеттемелерді орындауын бақылауды жүзеге асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың шикізатты, отынды, жабдықты және басқа материалдық ресурстарды дұрыс сақтап, пайдалануын қамтамасыз етеді, басы артық және пайдаланылмайтын материалдық ресурстарды өткізуге шаралар алады;

— материалдарды, шикізат пен отынды үнемді жұмсау, жабдықты дер кезінде іске қосу, өндірістегі шығынды азайту, өндіріс қалдықтары мен екінші рет өңделетін шикізатты пайдалану жөніндегі шараларды, материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған басқа да шараларды жасап, жүзеге асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарда шаруашылық есепті нығайту, рентабельділігін арттыру және қорды барынша көп жинау, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банкілердің кредиттерін тиімді пайдалану жөніндегі шараларды іске асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың финанс қызметіне басшылық жасайды;

— Министрлік жүйесіндегі финанс ресурстарының пайдаланылуына бақылау жасайды;

— өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің финанс жоспарларын орындауын, меншікті айналым қаржыларының сақталуын, жұмысшылармен, қызметшілермен, бюджетпен, жабдықтаушылармен, мердігерлермен, банкілермен дер кезінде есеп айырысуды, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың, күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуді қаржыландыру және басқа мақсаттарға арналған меншікті қаржыларды бөліп отыруын қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша жаңа техниканы меңгеру қорын, жаңа техниканы жасауға және енгізуге байланысты сыйлық беру қорын, тағы басқа орталықтандырылған қорларды, сондай-ақ өз карама-

ғындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсетуге арналған резерв құрады;

— банк мекемелерімен бірлесе отырып, төлемдерді, айналым қаржыларының айналуын тездетуге, төлемдік тәртіпті нығайтуға септігі тиетін есеп айырысудың неғұрлым үнемді және прогрессивтік формаларын енгізуді ұйымдастырады; Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өзара қарыздарын есептеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қатысады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар арасында меншікті айналым қаржыларын, пайданы, жаңа техниканы меңгеру қоры мен басқа да қаржыларды құруға арналған сомаларды белгіленген тәртіп бойынша қайта бөлу үшін банкілерде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсетуге арналған резерв қаржылары мен күрделі жөндеуге арналған амортизациялық жарна резервінің қаржыларын сақтау жөніндегі кейбір счеттарды ашады;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жиынтық есептері мен баланстарын бекітеді, Министрлік қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер және баланстар жасайды; бухгалтерлік есеп жөнінде методикалық нұсқаулар шығарады, СССР Түсті металлургия министрлігі бекіткен ережелер мен формалардың негізінде бастапқы есептің формаларын бір ізге және бір типке салуды жүзеге асырады;

— Министрлік жүйесінде бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, ведомстволық бақылау туралы қазір қолданылып жүрген заңға сәйкес тексерулердің үнемі жүргізілуін, экономиканың жағдайына жан-жақты талдау жасалуын, ақша қаражаттары мен материалдық бағалы заттардың сақталуын тексеруді, үнемдеу режимін сақтауды қамтамасыз етеді; Министрлік жүйесінде есеп алу және есеп беру ісінің дұрыс жүргізілуін және анықтығын бақылайды, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті қорғау және келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— қор жинау жоспарының орындалуын ескере отырып, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар арасында жоспар бойынша айналым қаржыларының өсімін қаржыландыруға, жоспарлы шығындарды жабуға, күрделі қаржыларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, жаңа техниканы меңгеру жөніндегі жұмыстарды және басқа да шараларды қаржыландыруға қаралған меншікті айналым қаржыларын қайта бөледі, қажет болған жағдайда, СССР Мемлекеттік банкісінің және СССР Құрылыс банкісінің мекемелеріне аталған қаржыларды кәсіпорындар мен ұйымдардың есеп айырысу счеттарынан сөзсіз өндіріп алуға тапсырмалар береді;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді жетік маман қызметкер кадрларымен қамтамасыз етеді, кадрлар даярлауды және олардың мамандығын арттыруды ұйымдастырады; Министрлік жүйесінде кадрларды зерттейді, тәжірибелі қарт кадрлар мен қабілетті жас қызметкерлерді ұштастыра пайдалануды қамтамасыз етеді, саяси жағынан жетілген, өз ісін жақсы білетін және коллективте бедел мен сенімге ие болған мамандарды басшылық жұмысқа жоғарылату үшін жағдайлар жасайды; жас мамандарды ұтымды пайдалануға шаралар қолданады, Министрлік жүйесінде тұрақты кадрлар болуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асырады;

— басқару жүйесінде демократиялық негіздерді дамытуды қамтамасыз етеді, өндірісті жетілдіру және Министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметіндегі кем-

шіліктерді жою жөніндегі жұмысқа еңбекшілердің және олардың қоғамдық ұйымдарының белсене қатысып, инициатива көрсетуі үшін жағдайлар жасайды;

— совет және кәсіподақ органдарының ұсыныстарын ескере отырып, ал қазір қолданылып жүрген заңда көрсетілген жағдайларда — осы органдармен бірлесе немесе олардың келісуі бойынша жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек және тұрмыс мәселелерін шешеді;

— түсті металлургияда еңбекті ғылыми ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттарын белгілейді және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда еңбек пен басқаруды ғылыми ұйымдастыруды енгізу жөніндегі жұмысты басқарады; еңбек жағдайларын онан әрі жақсарту және сауықтыру, хауіпсіздік техникасының ережелері мен өндірістік санитария талаптарын қатаң сақтау жөніндегі шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде өнім өндірудің (қызмет көрсетудің) бірыңғай және типтік нормаларын және өндірісте істейтін қызметкерлер санының нормативтерін жасап, белгіленген тәртіп бойынша енгізеді, металлургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарда өнім өндіру (қызмет көрсету) нормаларын қайта қарау жұмысын ұйымдастырады және еңбекті нормалауды жетілдіру жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асырады;

— еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің қазіргі күшінде бар шарттарын дұрыс қолдануды, сондай-ақ еңбек өнімділігінің артуы мен жалақының өсуі арасында дұрыс ара қатынас болуын қамтамасыз етеді; жалақы қорлары мен көтермелеу қорларының жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады;

— металлургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, коллективтік шарттар жасауды басқарады және олардың орындалуын бақылайды;

— белгіленген тәртіп бойынша түсті металлургия қызметкерлеріне сауда және тұрмыс қызметін көрсетуді ұйымдастырады;

— металлургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарыс ұйымдастырады, Министрлік жүйесінде республикалық жарыс шарттарын бекітеді, белгіленген тәртіп бойынша ақшалай сыйлық қоса берілетін ауыспалы Қызыл Тулар белгілейді, коммунистік еңбек жолындағы өндірістің жоғары мәдениеті жолындағы қозғалысты дамытуға жағдай жасайды, социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады және озып шыққан коллективтерге ауыспалы Қызыл Тулар мен ақшалай сыйлықтар береді, белгіленген тәртіп бойынша коммунистік еңбек кәсіпорындары мен ұйымдары коллективтері атағын беру туралы ұсыныстар жасайды;

— іс жүзінде орындалған программаға қарағанда артық жұмсалған жалақы қорын Министрлікке белгіленген жалақы қоры шегінде жабады және кәсіпорындар мен ұйымдардың осы артық жұмсалған қорды өтеуінің мерзімдерін белгілейді;

— белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді құрады, қайта құрады және жояды, Министрліктің кәсіпорындары мен ұйымдары туралы ережелерді (уставтарды) бекітеді;

— қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, белгіленген тәртіп бойынша актив кеңестерін шақырады, оларда Партия мен Үкіметтің шешімдерін орындау жөніндегі шаралар туралы баяндамалар, Қазақ ССР-інің түсті металлургиясын дамытудың аса маңызды проблемалары тың-

далып, талқыланады, сондай-ақ сын мен өзара сынды өрістету негізінде Министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметін жақсартуға байланысты мәселелер талқыланады;

— азаматтардың ұсыныстарының, арыздары мен шағымдарының дер кезінде және ұқыпты қаралуын, осы хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін ұйымдастырады, сондай-ақ азаматтардың хаттарында хабарланған Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметіндегі кемшіліктерді жоюға шаралар қабылдайды.

6. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі өз жұмысын Қазақ ССР-інің түсті металлургиясын басқару жөніндегі барлық мәселелерді талқылауда және шешуде коллегиялық пен жеке басшылықты ұштастыру негізінде, қызмет адамдарының тапсырылған жұмыс учаскесіндегі істің жағдайына және белгілі бір тапсырмаларды орындауына жауапкершілігін дәл белгілей отырып ұйымдастырады.

7. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Түсті металлургия министрі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

9. Қазақ ССР Түсті металлургия министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына тікелей жауап береді, Министрдің орынбасарларының, Министрліктің бас басқармалары бастықтарының, басқа да бөлімшелері басшыларының өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

10. Қазақ ССР Түсті металлургия министрі өз компетенциясы шегінде СССР-дің және Қазақ ССР-інің қазір қолданылып жүрген заңдары, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, сондай-ақ СССР Түсті металлургия министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар, нұсқаулар шығарады және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрі қажет болған жағдайда Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің, ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

11. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде Қазақ ССР-інде түсті металлургияны өркендетудің негізгі мәселелерін, Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрліктің бас басқармала-

рының, басқармалары мен бөлімдерінің, өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында алауыздықтар туған жағдайда Министр бұл алауыздықтар туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өздері тарапынан, пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

12. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, республиканың түсті металлургиясында ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу үшін, отандық және шет елдік ғылымның, техниканың және озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінде ғалымдардан, аса жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын және ол туралы ережені Қазақ ССР Түсті металлургия министрі бекітеді.

13. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің арасындағы шаруашылық дау-шарларын қарау үшін арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру жөнінде бұйрықтар шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Түсті металлургия министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінің құрылымы мен орталық аппараты қызметкерлерінің санын СССР Түсті металлургия министрлігімен келісе отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Белгіленген тәртіп бойынша Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді Қазақ ССР Түсті металлургия министрі бекітеді. Бас басқармалар, басқармалар мен бөлімдер туралы ережелерде олардың Министрлік компетенциясы шегіндегі өкілдіктері белгіленеді.

15. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## ҚАЗАҚ ССР ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1969 жылғы 23 июньдегі № 399 ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 13, 68-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі к а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1969 жылғы 23 июньдегі*
*№ 399 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігіне бағынады.

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі өзіне бағынатын кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға басшылық жасайды, республикадағы құрылыс материалдары өнеркәсібінің жағдайына және оны одан әрі өркендете беруге, ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің техникалық дәрежесіне, сондай-ақ шығарылатын өнімнің техникалық дәрежесі мен сапасына және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар шығаратын құрылыс материалдары өнеркәсібі өнімінің барлық түрлерімен Қазақ ССР халық шаруашылығының және халықтың қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға жауап береді.

2. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— Қазақ ССР халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде құрылыс материалдары өнеркәсібін барынша өркендетуді, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар шығаратын құрылыс материалдары өнеркәсібі өнімінің барлық түрімен халық шаруашылығының және халықтың қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында ғылыми-техникалық прогресс негізінде өндірісті жоғары қарқынмен дамытуды және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, жоғары сапалы өнім өндіруді қамтамасыз ету, өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалану ісін жақсарту;

— өз саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу, өндіріске ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін енгізу және өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету, экономикалық жағынан неғұрлым үнемді және тиімді жаңа құрылыс материалдары мен конструкцияларын өндіруді барынша дамыта беру;

— бөлінетін күрделі қаржыны тиімді де толық пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату және мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

— еңбек пен өндірісті басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды енгізу, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын жасау;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер жұ-

мысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту.

3. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі құрылыс материалдары өнеркәсібіне басшылық етеді және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді тікелей немесе белгіленген тәртіп бойынша құрылған органдар арқылы басқарады, өз саласындағы барлық мәселені өзіне берілген праволардың шегінде шешеді және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы Ережеде және қазір қолданылып жүрген басқа да заң актілерінде көрсетілген праволарын қатаң сақтауға, олардың шаруашылық дербестігі мен инициативасын дамытуға барынша көмектесуге, сондай-ақ өз компетенциясына жататын жеке мәселелерді шешуді өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға тапсыруға міндетті.

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі, оған қарасты кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің біртұтас жүйесін құрады және ол өз қызметінде басқа министрліктермен, ведомстволармен салааралық мәселелерді белгілеуде және шешуде тығыз байланысты, іскерлік қарым-қатынасты жүзеге асырады.

4. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіруде республикада жетекші роль атқара отырып, бұл өнімдерді өз жүйесіне кірмейтін кәсіпорындардың өндіруін және шығаруын дамытуды жоспарлауға қатысады, Қазақ ССР-інің тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, бұл өнімнің техникалық дәрежесін жетілдіру, сапасын жақсарту жөніндегі шараларды белгілейді.

5. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі өзінің қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметінің және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын және басқа да нормативтік актілерді, осы Ережені, сондай-ақ СССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады. Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде заңның қолдану практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оларды белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің қарауына енгізеді.

6. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мына төмендегі істерді жүзеге асырады:

— республика халық шаруашылығының құрылыс материалдарына, Министрлік кәсіпорындарының басқа да өніміне деген қажеттерін зерттейді, Қазақ ССР-інің бүкіл халық шаруашылығын өркендетудің міндеттеріне сәйкес өндірісті арнайы кәсіпке бейімдеуді және кооперациялауды ескере отырып, құрылыс материалдары өнеркәсібі саласын Министрлік бойынша және территориялық тұрғыдан дамытуды жоспарлау ісін жүзеге асырады;

— республиканың құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыттарын белгілейді, кәсіпорындарды техникалық жағынан қайта жарақтандыру және модернизациялау, өндірістің технологиялық процестерін жетілдіру, шығарылатын өнімнің сапасын одан әрі жақсар-

ту, ассортиментін ұлғайту және техникалық дәрежесін арттыру жөніндегі шараларды іске асырады;

— табиғат ресурстарын іске қосқанда басқа салалардың және тұтас алғанда халық шаруашылығының мүдделерін ескере отырып, оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, ауаны, топырақты, суаттарды өнеркәсіп және шаруашылық тастандыларынан, өндірістен ағып шыққан сулар мен қалдықтардан қорғау жөніндегі, өсімдік және жануарлар дүниесін сақтау жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырады;

— Қазақ ССР халық шаруашылығын өркендетудің бақылау цифрларына сүйене отырып, перспективтік және жылдық жоспарлардың бақылау цифрларын белгілейді және оларды Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жеткізеді;

— Қазақ ССР халық шаруашылығын өркендетудің бақылау цифрларымен өз қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер беретін жоспарлар жобаларының негізінде Министрлік жүйесі бойынша перспективтік және жылдық жоспарлардың жобаларын жасайды және оны Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді қатыстыра отырып, халық шаруашылық жоспарының тапсырмаларына сәйкес белгіленген көрсеткіштер бойынша перспективтік және жылдық жоспарларды қарайды және оларға бекітіп береді, бұл ретте осы жоспарлардың барлық тараулары мен көрсеткіштерінің өз ара үйлесуін қамтамасыз етеді;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар шығаратын өнімдерді өткізу жөніндегі шараларды белгілеп, жүзеге асырады;

— мүдделі органдардың ұсыныстарын ескере отырып, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың халық шаруашылық жоспарында көрсетілмеген номенклатура бойынша өнім өндіруінің көлемін белгілейді;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің тиімді шаруашылық байланыстарын дамытуға шаралар қолданады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жылдық және перспективтік жоспарларының жобаларын жасау жұмысын ұйымдастырады;

— белгіленген көрсеткіштер мен номенклатура бойынша жоспарларды Министрлік жүйесіндегі барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің орындауын қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізаттың, отынның, материалдардың запастары мен жұмсау нормаларын, өндірістік және пайдалану қажеттеріне электр энергиясын жұмсаудың нормаларын жасап, бекітеді, бекітілген нормативтер мен нормаларды өндіріске енгізуді қамтамасыз етеді;

— қазір қолданылып жүрген заңға сәйкес өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың шығаратын өнімі мен көрсететін қызметінің бағалары мен тарифтерін белгілеп, бекітуге табыс етеді және олардың Министрлік жүйесінде дұрыс қолданылуын бақылауды жүзеге асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде бастапқы есепті ұйымдастырады, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп алады; есеп-қисап жұмыстарын орталықтандыру және есеп жүргізудің прогрессивтік әдістерін енгізу жөніндегі шараларды іске асырады;

— өз саласындағы өндірістің және шығарылатын өнімнің қол жеткен техникалық-экономикалық дәрежесін бағалау жөнінде жүйелі жұ-

мыс жүргізеді, ғылым мен техника жетістіктерін неғұрлым тиімді пайдаланудың жолдарын белгілейді және отандық, шет елдік ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде өз саласының техникалық жоғары дәрежеде дамуын қамтамасыз етеді;

— өндірісті ұйымдастырудың аса тиімді технологиялық процестері мен әдістерін, сондай-ақ құрылыс материалдары мен бұйымдарының жаңа түрлерін жасап, өндіріске енгізуді қамтамасыз етеді;

— ескірген өнімдерді өндірістен алып тастау туралы мәселелерді белгіленген тәртіппен шешеді;

— өз қарамағындағы кәсіпорындардың өндірген өнімін пайдалануға беру және пайдалану тәжірибесін зерттейді, өнімнің байқалған конструкциялық және өндірістік кемшіліктерін жоюға, бұйымдардың беріктігін арттырып, пайдалану мерзімін ұлғайтуға бағытталған шараларды дайындап, қабылдайды;

— дайындаушы министрліктер мен ведомстволарға техникалық-экономикалық талаптар қояды, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін машиналардың, жабдықтың, приборлар мен материалдардың жаңа түрлерін жасау жөнінде келісуге табыс етілген техникалық тапсырмаларды қарайды, қажет болған реттерде технологиялық сынақтар өткізуге жағдай жасайды, бұл сынақтарға және олардың нәтижелерін қабылдауға қатысады;

— заказ беруші министрліктер мен ведомстволардың құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының жаңа түрлерін жасауға табыс еткен техникалық-экономикалық талаптарын қарайды, оларға техникалық тапсырмаларды белгіленген тәртіппен әзірлеп, бекітеді және оларды өндіру туралы мәселені заказ берушілермен бірлесе отырып, өнеркәсіптік сынақтардың қорытындылары бойынша шешеді;

— мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарды сақтауды және енгізуді қамтамасыз етеді, шығарылатын өнімге белгіленген тәртіппен техникалық шарттар жасап бекітеді;

— Құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен және өнертапқыштар мен рационализаторлардың Бүкілодақтық қоғамының Қазақ республикалық советімен бірлесе отырып, өнертапқыштық пен рационализаторлықты дамыту ісін басқарады, осыған арнап перспективтік және ағымдағы тақырыптық жоспарлар жасайды, өнер табыстары мен рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске енгізуді қамтамасыз етеді;

— ғылыми-техникалық информация ұйымдастырады, СССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің Орталық информация органының жоспары бойынша информациялық әдебиетті белгіленген тәртіппен дайындап, басып шығаруды қамтамасыз етеді;

— өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда құрылыс материалдарының, бұйымдарының, басқа да өнімнің қазіргі технологиясын жетілдірген және жаңадан жасаған кезде отандық және шет елдік патенттік материалдарды кеңінен зерттеп, пайдалануды қамтамасыз етеді, СССР-де авторлық куәліктер беруге және қажет болған жағдайда өнер табыстарын шетелде патенттеуге олардың белгіленген тәртіппен заявкалар тапсыруын қамтамасыз етеді;

— техникалық-экономикалық жағынан неғұрлым прогрессивті құрылыс материалдары мен бұйымдарының, сондай-ақ технологиялық процестердің лицензияларын шетелден сатып алу туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен дайындап, табыс етеді, сатып алынған лицензиялар бойынша өнім өндіруді барынша шұғыл игеруді қамтамасыз етеді;

— Министрлік жүйесіндегі объектілердің күрделі құрылысын жүзеге асырады, күрделі қаржыны тиімді пайдалануды, жаңа құрылысты

ұтымды орналастыруды, өз саласының прогрессивтік өндірістерін басымырақ дамытуды, күрделі қаржыны ең алдымен қазір жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, техникалық жағынан қайта жарақтандыруға жұмсайды, сала аралық және өз саласының ішкі пропорцияларын жақсартуды, күрделі қаржыны пайдалануға берілетін құрылыстарға шоғырландыруды және аяқталмаған құрылысты азайтуды қамтамасыз етеді;

— құрылыстардың және алдағы жылдардың құрылысы үшін қажетті жобалау-іздестіру жұмыстарының титулдық тізімдерін жасайды, келіседі және белгіленген тәртіппен бекітеді;

— қажетті жобалау және смета документациясын дер кезінде жасауды, бекітуді және құрылыстарға беруді қамтамасыз етеді;

— жобалау және смета документациясына, құрылыстың бекітілген сметалық құнының сақталуына бақылауды, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарының және салынып жатқан объектілерге жеткізіліп берілетін жабдықтың сапасына техникалық бақылауды жүзеге асырады, құрылысқа авторлық бақылау ұйымдастырады;

— құрылысты дер кезінде қаржыландыруды және оларды заказ беруші жеткізуге міндетті жабдықпен, материалдармен және бұйымдармен жабдықтауды қамтамасыз етеді;

— күрделі құрылыс үшін жабдық сатып алуға бөлінген қорлар мен қаржыға сәйкес осы жабдыққа берілген заказдарды өз қарамағындағы кәсіпорындардың және ұйымдардың орналастыруын бақылайды;

— құрылыстағы ішкі ресурстарды жұмылдыру жөнінде шаралар белгілейді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

— құрылыста типтік жобалар мен жаңа материалдарды барынша көп қолдануды, индустриялық әдістер мен механикаландыруды Министрлік жүйесіндегі мердігер ұйымдар арқылы және шаруашылық тәсілмен жүзеге асырылатын құрылысқа енгізуді қамтамасыз етеді;

— мердігер құрылыс ұйымдарының күшімен орындалатын Министрлік кәсіпорындарының құрылысын салудың барысын бақылауды жүзеге асырады, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосуды, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеруді қамтамасыз етеді;

— өз қарамағындағы құрылысы аяқталған кәсіпорындарды, үйлерді және ғимараттарды пайдалануға беруге қабылдау үшін өз компетенциясы шегінде мемлекеттік комиссияларды, оларды қабылдау туралы актілерді бекітеді және жиынтық смета-финанс есеп айырысуларын жабу туралы шешімдер қабылдайды;

— негізгі қорларды күрделі жөндеуді ұйымдастырады, жабдықты модернизациялауды, оның техникалық дәрежесі мен жұмыс өнімділігін арттыруды, сондай-ақ үйлер мен ғимараттардың техникалық және пайдалану жайын жақсартуды қамтамасыз етеді, жөндеудің сапасын арттыру және оны арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шикізатқа, отынға, жабдыққа және басқа материалдық ресурстарға деген қажетін анықтайды, олардың арасында Министрлікке бөлінген қорларды бөліседі, сондай-ақ аталған қорларды қажет болған жағдайда өндірістік программа мен күрделі құрылыс жоспарының орындалуын және асыра орындалуын ескере отырып, қайтадан бөледі;

— басқа салалардың тұтынушыларына өнім беріп тұруды қамтамасыз етуді ескере отырып, өнімді өз саласындағы ішкі кооперациялау тұрғысынан жеткізіп беру жоспарын жасап, бекітеді;

— шикізатқа, отынға, жабдыққа және басқа материалдық ресурстарға арналған қорлардың таратылуын, сондай-ақ өз қарамағындағы

кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өнім жеткізіп беру жөніндегі шарттарды дер кезінде жасауын және шартта көрсетілген міндеттемелердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шикізатты, отынды, жабдықты және басқа материалдық ресурстарды дұрыс сақтап, пайдалануын қамтамасыз етеді және басы артық, пайдаланылмайтын материалдық ресурстарды өткізуге шаралар қолданады;

— материалдарды, шикізатты, отынды үнемдеп жұмсау, өндірісте шығындарды азайту, өндіріс қалдықтары мен екінші рет өңделетін шикізатты пайдалану жөніндегі шараларды және материалдық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған басқа да шараларды белгілеп, жүзеге асырады;

— шаруашылық есепті нығайту, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың рентабельділігін арттыру және қор жинауын ұлғайту, негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банк кредиттерін тиімді пайдалану жөніндегі шаралары іске асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіппен қаржыландырады, олардың финанс қызметін басқарады және олардың финанс ресурстарын ұтымды пайдалануын бақылауды жүзеге асырады;

— финанс жоспарларын Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың орындауын, меншікті айналым қаржыларының сақталуын, жұмысшылармен және қызметшілермен, бюджетпен, өнім берушілермен, мердігерлермен, банкілермен дер кезінде есеп айырысуды, сондай-ақ күрделі құрылысты, жөндеу ісін қаржыландыруға және финанс жоспарында көрсетілген басқа да мақсаттарға арналған меншікті қаржыларды кәсіпорындар мен ұйымдардың аударуын қамтамасыз етеді;

— жаңа техниканы игеру қорын, жаңа техниканы жасағаны және енгізгені үшін сыйлық қорын, тағы басқа орталықтандырылған қорларды, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсету үшін резервтерді белгіленген тәртіппен жасайды;

— банк мекемелерімен бірлесе отырып, есеп айырысудың төлемдерді, айналым қаржыларының айналысын тездетуге және төлем тәртібін нығайтуға көмектесетін неғұрлым үнемді де прогрессивті формаларын енгізуді ұйымдастырады; Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өзара бережағын есептеуді ұйымдастыруға және жүргізуге қатысады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар арасында меншікті айналым қаржыларын, пайданы, жаңа техниканы игеру қорын жасауға арналған сомаларды және басқа қаражаттарды қайтадан бөлісу үшін банкілерде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсету үшін резерв қаржыларын және күрделі жөндеуге арналған амортизациялық қаражат бөлу резервінің қаржыларын сақтау жөнінде жеке счеттар ашады;

— Министрліктің бас басқармаларының, басқармаларының, Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жиынтық есептерін және баланстарын бекітеді; Министрлік қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер мен баланстар жасайды;

— бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады, ведомстволық тексеру туралы қазіргі заңға сәйкес тексерулерді жүйелі түрде жүргізуді, экономиканың жайына жан-жақты талдау жасауды, ақша қаражаттары мен материалдық бағалы заттардың сақталуын бақылауды, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде үнемдеу режимін сақтауды қамтамасыз етеді; осы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде есептің және есеп берудің дұрыс жүргізілуіне және анық-

тығына бақылауды, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті қорғау және келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді ісіне жетік маман қызметкерлер кадрларымен қамтамасыз етеді, оларды зерттеуді, даярлауды және мамандығын арттыруды ұйымдастырады, тәжірибелі қарт кадрларды қабілетті жас кадрлармен дұрыс ұштастыруды қамтамасыз етеді, өз ісін жақсы білетін және коллективтің беделі мен сеніміне ие болған, саяси жағынан өсіп жетілген мамандарды басшылық жұмысқа тағайындау мақсатында көтеруге резерв жасайды; жас мамандардың дұрыс пайдаланылуын бақылауды және Министрлік жүйесінде тұрақты кадрлар жасауға бағытталған шараларды іске асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде еңбек пен басқаруды ғылыми тұрғыда ұйымдастыруды енгізу жөніндегі жұмыстарды басқарады; еңбек жағдайын одан әрі жақсарту және сауықтыру, техникалық хауіпсіздік ережелері мен өндірістік санитария талаптарын қатаң сақтау жөніндегі шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

— рудасыз және металл емес руданы пайдалы қазбалы кен орындарын хауіпсіз қазудың тәсілдері мен құралдарын енгізу, кәсіптік ауруларға қарсы күресу және профилактика жүргізу жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— еңбекке ақы төлеудің және сыйлық берудің қазіргі шарттарын дұрыс қолдануды, сондай-ақ еңбек өнімділігінің артуы мен жалақының өсуі арасында дұрыс арақатынас болуын қамтамасыз етеді; жалақы қорлары мен көтермелеу қорларының дұрыс жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады;

— қызмет адамдары айлықтарының схемаларын сақтай отырып және қызмет адамдарының орташа айлықтары бойынша есептеліп шығарылған жалақы қоры шегінде, Министрліктің орталық аппараты қызметкерлерінің қызмет айлықтарын белгіленген тәртіппен белгілейді және өзгертеді;

— Министрліктің, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындардың ұйымдар мен мекемелердің құрылымын жетілдіру және аппаратын қысқарту жөніндегі шараларды белгіленген тәртіппен дайындап, жүзеге асырады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіппен құрады, қайта құрады және таратады, сондай-ақ Министрлікке бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің уставтарын (ережелерін) бекітеді;

— өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлеріне сауда және тұрмыстық қызмет көрсетілуін белгіленген тәртіппен ұйымдастырады;

— құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, коллективтік шарттар жасауға басшылық етеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

— құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетінің қатысуымен Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды, сондай-ақ сауықтыру шараларын жүргізуді қамтамасыз етеді;

— құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, со-

циалистік жарысты ұйымдастырады, Министрлік жүйесіндегі социалистік жарыстың шарттарын бекітеді, ақшалай сыйлық қосып берілетін ауыспалы Қызыл Туларды белгіленген тәртіп бойынша белгілейді, коммунистік еңбек, өндіріс мәдениетін көтеру жолындағы қозғалысты дамытуға ықпал жасайды, сондай-ақ социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады және озып шыққан коллективтерге ауыспалы Қызыл Тулар мен ақшалай сыйлықтар береді, кәсіпорындар мен ұйымдарға коммунистік еңбек коллективтері атағын береді, еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибені зерттеуді, қорытындылауды және таратуды ұйымдастырады;

— құрылыс материалдары өнеркәсібінің шикізат базасын дамыту жөнінде Қазақ ССР Геология министрлігі орындайтын геологиялық барлау жұмыстарын жоспарлауға қатысады; Қазақ ССР Геология министрлігімен және басқа да геологиялық барлау ұйымдарымен бірлесе отырып, құрылыс материалдары өндірісіне қажетті шикізат орындарын алдын ала барлау нәтижелерін қарайды және осы шикізат орындарын егжей-тегжейлі барлаудың қажеттігін анықтайды; аталған шикізаттың егжей-тегжейлі барланған орындарын, олардың базасында жаңа кәсіпорындар құрылысын жобалау және салу мақсатымен қабылдайды; іске қосылған пайдалы казба кен орындарын тексеру, жете барлау және қайта бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

— Министрлік жүйесінде геологиялық және маркшейдерлік қызмет ұйымдастырады, кен шығаратын кәсіпорындарда кен жұмыстарын дұрыс дамытуды, пайдалы кендерді толық қазып алуды қамтамасыз етеді, кен орындарын қазған кезде запастарының жайы мен қозғалысын және минералды шикізаттың нақтылы шығынын есепке алуды жүзеге асырады;

— өз қарамағындағы темір жол және автомобиль транспортын пайдалануды және дамытуды қамтамасыз етеді; жүк тиеу-жүк түсіру жұмыстарына механизация құралдарын кеңінен енгізу жөніндегі шараларды дайындап, жүзеге асырады және темір жолдың жылжымалы составы мен жаппай пайдалануға арналған автомобиль транспорты құралдарын аса тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

— сыртқы рынок талаптарына жауап беретін өнімді экспортқа арнап өндіру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді;

— еңбекшілер хаттарының (арыздары мен шағымдарының) дер кезінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметі жөнінде еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде социалистік меншікті қорғау, өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

7. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және

Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

9. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі Министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына жеке жауап береді, Министрдің орынбасарларының, Министрліктің бас басқармаларының, басқармаларының және басқа да бөлімдерінің басшыларының Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен мекемелердің қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

10. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі Министрліктің компетенциясы шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер міндетті түрде орындауға тиіс нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі қажет болған жағдайда Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

11. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп отыратын мәжілістерінде республикада құрылыс материалдары өнеркәсібін өркендетудің негізгі мәселелерін және Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында алауыздық туған жағдайда Министр бұл алауыздық туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірін Қазақ ССР Министрлер Советіне өздері тарапынан хабарлай алады.

12. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, құрылыс материалдары өнеркәсібінде ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу, отандық және шет елдік ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау үшін Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінде ғалымдардан, аса жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын және ол туралы Ережені Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі бекітеді.

13. Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер арасында шаруашылыққа байланысты дау-шарларды қарау үшін Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі арбитраж құрады. Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру жөніндегі бұйрықтар шығаруға право беріледі.

Арбитраж туралы Ережені Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің құрылымы мен санын СССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің келісімі бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі бекітеді.

Бас басқармалар, басқармалар мен бөлімдер туралы ережелерде олардың Министрлік компетенциясы шегінде өкілдігі белгіленеді.

15. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, белгіленген тәртіппен актив жиналыстарын өткізіп тұрады, бұл жиналыстарда Партия мен Үкімет шешімдерінің орындалуы жөніндегі шаралар туралы баяндамалар, республикада құрылыс материалдары өнеркәсібін өркендетудің аса маңызды проблемалары тыңдалып, талқыланады, сондай-ақ Министрліктің және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысын жақсартуға байланысты мәселелер туралы баяндамалар сын мен өзара сынды өрістету негізінде талқыланады.

16. Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## ҚАЗАҚ ССР АҒАШ ЖӘНЕ АҒАШ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 26 январьдағы № 53 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 3, 13-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1970 жылғы 26 январьдағы*
*№ 53 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР АҒАШ ЖӘНЕ АҒАШ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

1. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігіне бағынады.

---

[1] 1-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 5 июльдегі № 252 қаулысымен абзацпен толықтырылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 15, 38-ст.).

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі ағаш дайындау өнеркәсібі және өңделетін ағаш материалдарын, мебельдер, киіз үйлер, ағаш плиталар, ағаштан жасалатын басқа да бұйымдар өндіру өнеркәсібіне, сондай-ақ ағаш ағызуға басшылық жасайды.

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі республикадағы ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібінің жағдайына, оны одан әрі өркендете беруге, ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің техникалық дәрежесіне, сондай-ақ шығарылатын өнімнің сапасы мен техникалық дәрежесіне, Министрліктің кәсіпорындары шығаратын өнімнен халықтың және халық шаруашылығының керектерін неғұрлым толық қанағаттандыруға жауап береді.

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі өз жұмысын СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 2 марттағы № 140 қаулысымен[1] бекітілген Бүкілодақтық және республикалық өнеркәсіп бірлестіктері туралы жалпы ережеде белгіленген (109—113-пункттерден басқа) шарттар негізінде ұйымдастырады.

2. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— ғылыми-техникалық прогресс негізінде халық шаруашылығының халықтың және ел қорғанысының ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі өнімінің барлық түрлері жөніндегі керектерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібін республика халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде ұдайы өркендете беруді, өндірісті жоғары қарқынмен дамытуды және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— ағаш шикізатын комплексті пайдалану мен ағашты химиялық-механикалық және механикалық әдіспен қайта өңдеуді едәуір дамыту, сондай-ақ ағаш шикізаты ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдалану базасында республиканың ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі өндірісінің құрылымын мықтап жақсарту;

— қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, жоғары сапалы өнім өндіруді қамтамасыз ету, өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

— ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың, озат тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін өндіріске енгізу және өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату және мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

— еңбек пен басқару ісін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды енгізу, Министрліктің кәсіпорындарын, мекемелері мен ұйымдарын жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өздерін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— басшылық жасаудың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс ұштастыруды, пайда, баға, сыйлық және кредит сияқты экономикалық тетіктерді неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз ету, басқа-

---

[1] СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз.

рудың тиімді жүйелерін енгізу, басқару ісінің құрылымы мен ұйымдастыру формаларын жетілдіру;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдениетұрмыс жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын жасау.

3. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі өзінің жұмысында СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметінің және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын СССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрінің бұйрықтарын, нұсқауларын, Бүкілодақтық және республикалық өнеркәсіп бірлестіктері туралы жалпы ережені және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.[1]

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі Министрлік жүйесінде заңдардың қолданылу практикасын қорытады, мұны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, оларды белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің қарауына енгізеді.

4. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі мебель өндіруде жетекші роль атқара отырып, өз жүйесіне кірмейтін кәсіпорындардың бұл өнімді өндіруін және шығаруын дамытуды жоспарлауға қатысады, республиканың мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесе отырып, аталған өнімнің сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді әзірлейді.

5. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі басшы шаруашылық және инженер кадрларын іріктеудің, жоғарылату мен орналастырудың лениндік принциптерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Партия мен Үкіметтің директивалары мен шешімдерін басшы кадрлардың орындауын бақылауға және тексеруге баса назар аударады, қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, кадрларды еңбекке коммунистік тұрғыдан қарау, мемлекеттік мүдделер мен тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеу жөнінде жұмыс жүргізеді, қоғамдық өндірісті өрге бастырудың материалдық және моральдық стимулдарын дұрыс ұштастыруды және әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іс үшін, коллектив жұмысының жалпы қорытындылары үшін жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

6. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі өзінің қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметіне тікелей немесе белгіленген тәртіп бойынша өзі құрған органдар арқылы басшылық жасайды.

7. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі:

а) Қазақ ССР-інің ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібін өркендетудің перспективалық және ағымдағы жоспарларының жобаларын жасап, белгіленген тәртіп бойынша оларды бекітуге табыс етеді. Перспективалық және жылдық жоспарлардың бақылау цифрларын кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізеді, кәсіпорындар мен ұйымдарды қатыстыра отырып, оларға белгіленген көрсеткіштер бойынша перспективалық

---

[1] 3-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 5 июльдегі № 252 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 15, 38-ст.).

және жылдық жоспарларды жасап, бекітіп береді және бекітілген жоспарларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

б) жоспарлауды жетілдіру, экономикалық көтермелеуді күшейту және өндірістің рентабельділігін арттыру, кәсіпорындарды белгілі бір кәсіпке бейімдеу, озат технологияны, өндіріс процестерін механикаландыру мен автоматтандыруды енгізу, өнімнің сапасын арттыру, өнімнің және халық тұтынатын тоқарлардың жаңа түрлерін шығаруды игеру, халық қажет етпейтін бұйымдарды өндірістен алып тастау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, еңбек өнімділігін арттыруға және еңбек өнімділігінің артуы мен орташа жалақының өсуі арасында дұрыс ара қатынас болуын қамтамасыз етуге шаралар қолданады;

в) материалдық-техникалық жабдықтауды және өз қарамағындағы кәсіпорындардың өнімдерін өткізуді ұйымдастырады, олардың материалдарға, жабдық пен транспорт құралдарына деген қажетін анықтайды, белгіленген тәртіп бойынша материалдарға, жабдыққа және транспорт құралдарына бөлінген қорларды алады және оларды тұтынушыларға бөліп береді, материалдарға арналған қорлардың өткізілуіне бақылау жасайды, жеткізіп тұрушы кәсіпорындар мен тұтынушылар арасындағы, соның ішінде өз қарамағындағы кәсіпорындар мен сауда ұйымдары арасындағы тікелей байланысты дамытып, нығайтады, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық шарттарын жасасуын және орындауын бақылайды, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың шикізатты, отынды, электр энергиясын, жабдықты және басқа материалдық ресурстарды дұрыс сақтап, пайдалануын қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіп бойынша техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізатты, отынды, электр энергиясын, материалдарды жұмсау нормалары мен олардың запастарын белгілейді және бекітеді, бекітілген нормативтер мен нормалардың өз қарамағындағы кәсіпорындарға енгізілуін қамтамасыз етеді;

г) күрделі қаржылардың неғұрлым тиімді пайдаланылуын және жаңа өндірістік қуаттардың, тұрғын үй қорларының, балалар мекемелерінің, мәдени-тұрмыс объектілерінің кезінде іске қосылуын қамтамасыз етеді. Типтік жобалар мен жаңа материалдардың барынша толық пайдаланылуын, шаруашылық тәсілмен жүргізіліп жатқан құрылысқа индустриалдық әдістердің және механизацияның енгізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша жобаларды эксперттеуді жүзеге асырады, титулдық тізімдер мен жобалау-смета документациясын белгіленген тәртіп бойынша жасап, бекітеді, мердігер құрылыс ұйымдары жүзеге асырып жатқан құрылысты бақылайды, қажетті жобалау және смета документациясын мердігер ұйымдарға дер кезінде беруді, құрылыстарды қаржыландыруды, сондай-ақ оларды заказ берушілер міндетті түрде жеткізіп тұратын жабдықтармен, материалдармен, бұйымдармен жабдықтауды қамтамасыз етеді, құрылысқа авторлық бақылау жасауды ұйымдастырады;

д) мемлекеттік стандарттардың, салалық және республикалық техникалық шарттардың енгізілуін және сақталуын қамтамасыз етеді, Министрлік қарамағындағы кәсіпорындар шығаратын өнімге қойылатын техникалық шарттарды белгіленген тәртіп бойынша жасап, бекітеді;

е) экспортқа арналған тоқарларды жеткізіп беріп тұру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді және экспортқа арналып берілетін тоқарлардың номенклатурасын ұлғайтуға, экспортқа арнап тоқар жеткізіп беру көлемін арттыруға шаралар қолданады;

ж) белгіленген тәртіп бойынша өз қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді қаржыландырады, олардың өндірістік-финанс көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шараларды белгілеп,

жүзеге асырады, өнім өткізу, пайда табу және бюджетке төлемдер төлеу жөніндегі жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді, орталықтандырылған қорларды, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсету үшін резервті белгіленген тәртіп бойынша жасайды, жаңа техниканы енгізгені үшін сыйлық қорын жасауға арналған сомаларды, пайданы, меншікті айналым қаржыларын және басқа қаражаттарды өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар арасында қайта бөлу үшін банкілерде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ орталықтандырылған қорларды сақтау жөнінде жекелеген счеттар ашады;

з) Министрлік қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар шығарған өнімнің бағалары мен прейскуранттарының жобаларын қазір қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жасап, бекітуге табыс етеді, сондай-ақ осы кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша өнімнің және қызмет көрсетудің бағалары мен тарифтерін белгіленген тәртіппен бекітеді;

и) Министрліктің қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің жиынтық есептері мен баланстарын қарап, бекітеді, олардың финанс-шаруашылық қызметіне документтік тексерулер жүргізеді, Министрлік қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер мен баланстар жасайды, есептеу техникасының ең жаңа құралдарын кеңінен енгізе отырып, бастапқы есепті одан әрі оңайлату, қысқарту және жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

к) Министрлік жүйесінде ғылыми-техникалық информация ұйымдастырады және озат тәжірибені кеңінен алмасуды жүзеге асырады;

л) басшы, инженер-техник қызметкерлерді, жұмысшылар мен қызметкерлерді іріктеп алу, тәрбиелеу, даярлау және олардың мамандығын арттыру, оларды дұрыс пайдалану жөнінде жұмыс жүргізеді, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ұсыныстар, сондай-ақ еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру және нормалау жөнінде шаралар дайындайды, кадрлардың тұрақтамаушылығын болдырмауға шаралар қолданады. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің белгіленген шарттарының дұрыс қолданылуына, еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шаралардың жүргізілуіне, сондай-ақ жалақы қорының дұрыс жұмсалуына бақылау жасайды;

м) кәсіподақ органдарымен бірлесе отырып, қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, еңбек өнімділігін одан әрі арттыруға, өнеркәсіп өнімінің сапасын жақсартып, өзіндік құнын арзандатуға, материалдық және ақша ресурстарды үнемді жұмсауға бағытталған социалистік жарысты ұйымдастырады, Министрлік қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің социалистік жарысының қорытындыларын шығарады, ауыспалы Қызыл тулар мен ақшалай сыйлықтар береді, коллективтік шарттар жасау жұмысына басшылық етіп, олардың орындалуын қадағалайды, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда рационализаторлық пен өнертапқыштықты дамытуға шаралар алады, өнертапқыштар мен рационализаторлардың жұмысына көмек көрсетеді, өнертабыстары мен рационализаторлық ұсыныстарды енгізуді қамтамасыз етеді;

н) Министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың құрылымын жетілдіріп, аппаратты ұстауға жұмсалатын шығынды азайту шараларын жасап, жүзеге асырады;

о) өз қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде еңбек қорғауды, хауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитарияны жақсарту, социалистік меншікті қорғау және өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

п) Министрліктің кәсіпорындарын, ұйымдары мен мекемелерін белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады, қайта құрады және жояды, олардың уставтарын (ережелерін) бекітеді;

р) еңбекшілер хаттарының (шағымдары мен арыздарының) дер кезінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, осы хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің қызметіндегі еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар алады;

с) қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, белгіленген тәртіп бойынша актив кеңестерін шақырады, оларда Партия мен Үкіметтің шешімдерін орындау шаралары туралы баяндамалар, республиканың ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібін өркендетудің аса маңызды проблемалары тыңдалып, талқыланады, сондай-ақ сын мен өз ара сынды өрістету негізінде Министрлік пен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметін жақсартуға байланысты мәселелер талқыланады.

8. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады.

Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі бөліп береді.

9. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына жеке басы жауап береді, Министрдің орынбасарларының, Министрліктің басқармалары бастықтары мен басқа да бөлімшелері басшыларының өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі қолданылып жүрген заңдар, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін Министрліктің компетенциясы шегінде Министрліктің кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері міндетті түрде орындауға тиісті бұйрықтар, нұсқаулар шығарады және нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі қажет болған жағдайларда Қазақ ССР-інің басқа министрліктері, ведомстволары басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

10. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель), Министрдің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басшы қызметкерлері болады. Коллегияның мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

11. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібін өркендетудің негізгі мәселелерін, Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, өз қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын

талқылайды, Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің, өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында алауыздық туған жағдайда Министр бұл алауыздық туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өздері тарапынан, өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

12. Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар мен мекемелер арасында туатын шаруашылық дау-шарларды қарау үшін Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі арбитраж құрады.

Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру жөнінде бұйрықтар шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі бекітеді.

13. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібінде ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясат белгілеу үшін, отандық және шетелдік ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінде ғалымдардан, аса жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамы мен ол туралы ережені Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің орталық аппаратының құрылымын, қызметкерлерінің саны мен жалақы қорын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрі бекітеді.

15. Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## ҚАЗАҚ ССР ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1969 жылғы 16 апрельдегі № 226 ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 9, 42-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1969 жылғы 16 апрельдегі*
*№ 226 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады және Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне бағынады.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі мақта-мата, жүн мата, трикотаж тоқу, мақта тазалау, киіз байпақ, аяқ киім, мех және қой терісінен тон жасау, тігін, былғары, былғары-галантерея, фурнитура өнеркәсібіне, жүн, былғары және мех шикізатын алғаш өңдеу өнеркәсібіне, сондай-ақ тері шикізатын дайындауға басшылық жасайды.[1]

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі республиканың жеңіл өнеркәсібінің жағдайына және оны одан әрі өркендете беруге, ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің техникалық дәрежесіне, шығарылатын өнімнің сапасына, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің барлық түрлерінен халықтың және Қазақ ССР халық шаруашылығының талаптарын неғұрлым толық қанағаттандыруға жауап береді.

2. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— ғылыми-техникалық прогресс негізінде халықтың және халық шаруашылығының жеңіл өнеркәсіп өнімдері жөніндегі талаптарын неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен республиканың жеңіл өнеркәсібін Қазақ ССР халық шаруашылығының құрамдас бөлігі ретінде ұдайы өркендетіп отыруды, өндірісті жоғары қарқынмен дамытуды және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспар бойынша белгіленген тапсырмаларды орындау және мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— республика халық шаруашылығын комплексті дамыту талаптарын ескере отырып, Министрлік жүйесіндегі өндіріс салаларына жоспарлы түрде басшылық жасау;

— қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, жоғары сапалы өнімдер өндіруді қамтамасыз ету, өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалану ісін жақсарту;

— жеңіл өнеркәсіп саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу, өндіріске ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін енгізе беру және өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату және мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды өндіріске енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді жан-жақты жетілген маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жаг-

---

[1] 135-бетті қараңыз.

дайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— басшылық жасаудың экономикалық және әкімшілік әдістерін дұрыс ұштастыруды, пайда, баға, сыйлық және кредит сияқты экономикалық тетіктерді неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз ету, басқарудың тиімді жүйелерін енгізу, басқарудың құрылымын және ұйымдастыру формаларын жетілдіру;

— министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер жұмысшыларының, қызметшілерінің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын жасау.

3. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіруде жетекші роль атқара отырып, өндірісті дамытуды жоспарлауға және Министрлік жүйесіне енбейтін кәсіпорындардың бұл өнімді шығаруына қатысады, республиканың мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесе отырып, аталған өнімнің сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді белгілеп, дайындайды.

4. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі басшы шаруашылық және инженер кадрларын іріктеу, ұсыну, орналастырудың лениндік принциптерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Партия мен Үкіметтің қарарлары мен шешімдерін басшы кадрлардың орындауын бақылауға және тексеруге баса назар аударады, қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, кадрларды еңбекке коммунистік көзқарас, мемлекеттік мүдде мен тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеу жөнінде жұмыстар жүргізеді, қоғамдық өндірісті өркендетудің материалдық және моральдық стимулдарын дұрыс ұштастыруды және әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іс үшін, коллектив жұмысының жалпы қорытындылары үшін жауапкерлігін арттыруды қамтамасыз етеді.

5. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі өзінің жұмысында СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумының және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметінің және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде казір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Министрлік жеңіл өнеркәсіпте заңдардың қолданылу практикасынан қорытынды шығарады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің қарауына енгізеді.

6. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі:

а) республика халық шаруашылығының жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне деген қажеттерін зерттейді және республика халық шаруашылығын өркендетудің міндеттеріне сәйкес Министрлік жүйесінің өндіріс салаларын дамытуды жоспарлайды, салаларды дамыту және кәсіпорындарды орналастыру схемаларын жасайды; Министрлік бойынша жеңіл өнеркәсіпті дамытудың ағымдағы және перспективтік жобаларын жасап, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді;

б) Министрліктің бас басқармаларына халық шаруашылығы жоспарының тапсырмаларына сәйкес белгіленген көрсеткіштер бойынша жоспарлы тапсырмалар бекітіп береді және белгіленген жоспарларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

в) белгіленген тәртіп бойынша техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізат, отын, электр энергиясын, материалдарды жұмсаудың

және запас жасаудың нормаларын жасап, бекітеді және бекітілген нормативтер мен нормалардың өз қарамағындағы кәсіпорындарда қолданылуын қамтамасыз етеді;

г) Министрлік жүйесінде жоспарлауды жетілдіру, экономикалық стимулды күшейту және өндірістің рентабельділігін арттыру, кәсіпорындарды мамандандыру, озық технологияны енгізу, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру, өнімнің сапасын арттыру, халық тұтынатын товарлардың жаңа түрлерін шығаруды игеру, халық қажет етпейтін бұйымдарды өндірістен шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

д) материалдық-техникалық жабдықтауды және өз қарамағындағы кәсіпорындардың өнімін өткізуді ұйымдастыруды, олардың жабдықтарға, материалдарға және транспорт құралдарына деген қажетін анықтайды, белгіленген тәртіп бойынша шикізатқа, материалдарға, жабдыққа, транспорт құралдарына бөлінген қорларды қабылдап алады және тұтынушыларға бөліп береді, қорларды өткізуге және оларды орынды пайдалануға бақылау жасайды, жеткізіп тұрушы кәсіпорындар мен тұтынушылардың арасындағы, соның ішінде кәсіпорындар мен сауда ұйымдары арасындағы тікелей байланысты дамытып нығайтады; өз қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың шаруашылық шарттарын жасауын және оның орындалуын бақылайды;

е) күрделі қаржылардың неғұрлым тиімді пайдаланылуын және жаңа өндірістік қуаттардың, тұрғын үй қорларының, балалар мекемелерінің, мәдени-тұрмыстық объектілердің мезгілінде іске қосылуын қамтамасыз етеді. Типтік жобалар мен жаңа материалдардың барынша түгел пайдаланылуын, шаруашылық тәсілмен жүргізіліп жатқан құрылыста индустриалдық әдістердің және механизацияның енгізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша жобаларды эксперттеуді жүзеге асырады, өз қарамағындағы кәсіпорындардың титулдық тізімдерін және жобалау-смета документациясын жасап, бекітеді, мердігерлік құрылыс ұйымдары арқылы жүзеге асырылып жатқан құрылысты бақылайды, қажетті жобалау және смета документациясын мердігерлік ұйымдарға дер кезінде беруді, құрылысты қаржыландыруды, сондай-ақ оларды заказ берушілердің міндетті түрде жеткізіп тұратын жабықтарымен, материалдарымен, бұйымдарымен жабдықтауды қамтамасыз етеді, құрылысқа авторлық бақылау жасауды ұйымдастырады;

ж) тиісті министрліктер мен ведомстволардың ауыл шаруашылығы дақылдарын сортына қарай аудандастырудың және малды тұқымына қарай аудандастырудың мемлекеттік жоспарларын, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіпте пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы шикізатын сатып алудың жоспарларын жасауға қатысады;

з) мақта дайындауды (контрактациясын қосқанда) ұйымдастырады, оны сату жоспарын колхоздар мен совхоздардың орындауына бақылау жасайды;

и) ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы шикізатын мемлекеттің сатып алуы және оны алғаш өңдеу туралы, бұл шикізаттың өнеркәсіптегі және дайындау жүйесіндегі қалдықтары туралы мәліметтердің негізінде жеңіл өнеркәсіп үшін қажетті ресурстарды зерттеп, табады;

к) мемлекеттік стандарттардың, салалық және республикалық техникалық шарттардың орындалуын және енгізілуін қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіп бойынша Министрлік қарамағындағы кәсіпорындар шығаратын өнімнің техникалық шарттарын жасап, бекітеді;

л) экспортқа товарлар жеткізіп беріп тұру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді және экспортқа жіберілетін товар-

лардың номенклатурасын ұлғайтуға, экспортқа товар шығарудың көлемін арттыруға шаралар қолданады;

м) белгіленген тәртіп бойынша өз қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді қаржыландырады, өндірістік-финанс көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шараларды жасап, жүзеге асырады, бюджетке төлемдер төлеу, пайда табу және өнім өткізу жөніндегі жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді;

н) белгіленген тәртіп бойынша орталықтандырылған қорларды, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға финанс көмегін көрсету үшін резерв жасайды, жаңа техниканы, тағы басқа құралдарды игеру қорын жасауға арналған сомаларды, пайданы, меншікті, айналым қаржыларын өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар арасында қайта бөлу үшін банктерде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ орталықтандырылған қорлардың қаржыларын сақтау жөнінде жекелеген счеттар ашады;

о) қазір қолданылып жүрген заңға сәйкес Министрлік қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар шығарған өнімнің бағалары мен прейскуранттарының жобаларын жасап, бекітуге табыс етеді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен осы кәсіпорындар, ұйымдар бойынша өнімнің және қызмет көрсетудің бағалары мен тарифтерін бекітеді;

п) Министрлік басқармаларының, бас басқармаларының жиынтық есептері мен баланстарын жасап бекітеді; Министрлік қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің финанс-шаруашылық жұмысына документтік тексерулер, есептер және баланстар жасайды;

р) есептеу техникасының жаңа құралдарын кеңінен енгізе отырып, бастапқы есепті одан әрі жеңілдету, қысқарту және жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

с) Министрліктің қарамағындағы жеңіл өнеркәсіптің конструкторлық-технологиялық және жобалау-конструкторлық бюросын басқарады, ғылыми-техникалық информация ұйымдастырады және озық тәжірибені кеңінен алмасуды жүзеге асырады;

т) басшы, инженер-техник қызметкерлерді, жұмысшыларды және қызметшілерді даярлау, тәрбиелеу, іріктеу мамандығын арттыру және оларды дұрыс пайдалану жөнінде жұмыстар жүргізеді;

у) Министрлік қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлерінің және қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу туралы ұсыныстар дайындайды, сондай-ақ еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруға және нормалауға, кадрлардың тұрақтамаушылығын болдырмауға бағытталған шараларды белгілейді. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің белгіленген шарттарының дұрыс қолданылуына, еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шаралардың жүргізілуіне, сондай-ақ еңбекақы қорының дұрыс жұмсалуына бақылау жасайды;

ф) кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, еңбек өнімділігін арттыруға, өнеркәсіп өнімінің сапасын жақсартуға, өзіндік құнын арзандатуға, материалдық және ақша ресурстарын үнемді жұмсауға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады, Министрлік қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың социалистік жарысының қорытындыларын шығарады, ауыспалы Қызыл тулар және ақшалай сыйлықтар береді, коллективтік шарттар жасасу жұмысын басқарады және олардың орындалуын бақылайды. Министрлік қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда рационализаторлықты және өнер тапқыштықты барынша дамытуға шаралар қолданады, рационализаторлар мен өнер тапқыш-

тардың жұмысына көмек көрсетеді, рационализаторлық және өнертапқыштық ұсыныстардың өндіріске енгізілуін қамтамасыз етеді;

х) Министрлік аппаратының және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің құрылымын жетілдіру және бұларға жұмсалатын шығындарды азайту жөнінде шаралар белгілеп, жүзеге асырады;

ц) белгіленген тәртіп бойынша Министрліктің кәсіпорындарын, ұйымдарын, мекемелерін құрады, қайта құрады және таратады;

ч) белгіленген тәртіп бойынша Министрлік қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің уставтарын (ережелерін) бекітеді;

ш) Министрлік қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде еңбек қорғауды, техникалық хауіпсіздікті және өндірістік санитарияны жақсарту, социалистік меншікті қорғау және өрт хауіпсіздігі ережелерін орындау жөніндегі жұмыстарын ұйымдастырады.

7. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп Министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрі бөліп береді.

8. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

9. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп Министрі Министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді, Министрдің орынбасарларының, бас басқармалар бастықтары мен Министрліктің басқа да бөлімдері басшыларының министрліктегі кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

10. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп Министрі Министрліктің компетенциясы шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, сондай-ақ СССР Жеңіл өнеркәсіп Министрінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің міндетті түрде орындауы үшін нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп Министрі қажет болған жағдайда Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар, нұсқаулар шығарады.

11. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде жеңіл өнеркәсіпті өркендетудің негізгі мәселелерін және Министрлік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрлік жүйесіндегі бас басқармалардың, басқармалар мен бөлімдердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері әдетте Министрліктің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында қайшылық, талас туған жағдайда, Министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

12. Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер арасында шаруашылық мәселелеріне байланысты туған дау-шарларды қарау үшін Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі арбитраж құрады.

Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру жөнінде бұйрықтар шығаруға право беріледі. Арбитраж туралы ережені Министр бекітеді.

13. Жеңіл өнеркәсіпте ғылым мен техниканы өркендетудің негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу, отандық және шетелдік ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау үшін Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінде ғалымдардан, жетік мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдардың, тағы басқа ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын және ол туралы ережені Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп Министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің құрылымымен және орталық аппаратының қызметкерлер санын СССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің келісуі бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп Министрі бекітеді.

15. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі еңбекшілер хаттарының (шағымдары мен арыздарының) мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің жұмысы жөнінде еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

16. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, белгіленген тәртіп бойынша актив жиналыстарын өткізіп тұрады. Бұл жиналыстарда сын мен өз ара сынды өрістету негізінде Партия мен Үкімет шешімдерінің орындалуы жөнінде шаралар, республикада жеңіл өнеркәсіп саласын өркендетудің маңызды проблемалары, сондай-ақ Министрліктің және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысын жақсартуға байланысты мәселелер туралы баяндамалар тыңдалып, талқыланады.

17. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

# ҚАЗАҚ ССР БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1969 жылғы 6 марттағы № 139 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 6, 27-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1969 жылғы 6 марттағы*
*№ 139 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес одақтық-республикалық министрлік болып табылады. Ол Қазақ ССР Министрлер Советіне де, СССР Балық шаруашылығы министрлігіне де бағынады.

Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі балық аулау, балық өндеу өнеркәсібіне, сондай-ақ республикада балық шаруашылығына басшылық жасайды және Қазақ ССР-інде балық шаруашылығының жағдайына, оның онан әрі өркендей беруіне ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің техникалық дәрежесіне, шығарылатын өнімнің сапасына, балық өнімінің барлық түрінен халықтың және республика халық шаруашылығының мұқтажын неғұрлым толық қанағаттандыруға жауап береді.

2. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— халықтың және халық шаруашылығының балық өнеркәсібі өнімдері жөніндегі талабын неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатымен ғылыми-техникалық прогресс негізінде балық шаруашылығының барынша өркендеуін, өндірістің жоғары қарқынмен дамуын, еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ету;

— мемлекеттік жоспар бойынша белгіленген тапсырмаларды орындау және мемлекеттік тәртіптің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету;

— ішкі теңіздердің, өзендердің, көлдердің, су қоймаларының, тоған шаруашылықтарының балық қорларын қалпына келтіру және онан әрі өркендету, өндірілетін балық құрамының құрылымын жақсарту, балық өнеркәсібі үшін берік шикізат базасын жасау, ішкі су қоймаларында балық аулаудың және балық өнімдерін өндірудің тұрақты болуын қамтамасыз ету;

— қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, жоғары сапалы балық өнімдерін өндіруді қамтамасыз ету, өндірістің өнімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалану ісін жақсарту;

— балық өнеркәсібі саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу, өндіріске ғылым мен техниканың, озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін енгізе беру және өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін

арттыру, құрылыстардың құнын арзандату және мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

— еңбек пен басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруды өндіріске енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін-өзі көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— Министрлік жүйесіндегі суда жүзетін кемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысшыларының, қызметшілерінің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын туғызу.

3. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі белгіленген тәртіп бойынша балық аулайтын колхоздардың ұйымдық-шаруашылық жұмыстарына мемлекеттік басшылық етеді және балық аулайтын артельдер Уставының бұрмаланбауына бақылау жасайды: белгіленген тәртіп бойынша жоспарлау, өндірісті ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу, кіріс бөлу, есеп-қисап жұмыстары жөнінде ұсыныстар береді, балық аулайтын колхоздарды материалдық-техникалық жабдықтау жұмысын ұйымдастырады, балық аулайтын колхоздарға финанс жәрдемін реттеудің орталықтандырылған қорын басқарады, сондай-ақ балық аулайтын колхоздардың мемлекет алдындағы міндеттемелерінің орындалуына бақылау жасайды.

4. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі жұмысында СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Балық шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, басқа да нормативтік актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі өзінің қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді және олардың Министрлік жүйесінде қолданылу практикасынан қорытынды шығарады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Балық шаруашылығы министрлігінің қарауына енгізеді.

5. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі:

— Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Балық шаруашылығы министрлігі қабылдаған жалпы бағытқа сәйкес республикада балық шаруашылығын өркендетудің негізгі бағыттарын белгілейді;

— Қазақ ССР балық шаруашылығын өркендетудің перспективтік және ағымдағы жоспарларының жобаларын жасайды, оларды Қазақ ССР Министрлер Советіне, СССР Балық шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға жоспарлы тапсырмалар бекітеді және Министрліктің қарамағындағы барлық кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің белгіленген жоспарларды орындауларын қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша балық аулайтын колхоздардың балық аулау және мемлекетке балық тапсыру жөніндегі жылдық, тоқсандық жоспарларын бекітеді;

— балық аулайтын, қабылдаушы-транспорт және көмекші флоттың, транспорт құралдарының неғұрлым тиімді пайдаланылуын және олардың ұтымды орналасуын, олардың тиісті техникалық күтімде болуын және авариясыз пайдаланылуын қамтамасыз етеді; республиканың

су қоймаларында жұмыс істеу үшін кемелердің неғұрлым рентабельді үлгілерін белгілейді;

— республиканың ішкі су қоймаларында шикізат ресурстарын зерттеу, бұл су қоймаларында балық запастарын қалпына келтіру және тиімді пайдалану, ол қоймалардың өнімділігін арттыру, балықтың бағалы кәсіптік тұқымдарын көндіктіру және табиғи су қоймаларында балық өсіру шараларын жасауға қатысады;

— республиканың балық шаруашылығындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты жөнінде ұсыныстар береді және ғылыми-зерттеу ұйымдарының ұсыныстарын орындауға шаралар қолданады;

— мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып, су ресурстарын комплексті және тиімді пайдалану жөнінде шаралар жасап,оларды іске асыруға, ауаның, топырақтың, су қоймаларының өнеркәсіп пен шаруашылық орындарынан шығып қалған қалдықтармен ластануына қарсы, сондай-ақ өнеркәсіп орындарының шуына қарсы күрес жүргізуге қатысады;

— жоспарлау ісін жетілдіре беру, экономикалық стимул жасауды күшейту, өндірістің рентабельділігін арттыру, балық өнеркәсібі орындарын белгілі кәсіпке бейімдеу, озық технологияны енгізу, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру, шығарылатын өнімнің сапасын арттыру, балық өнімінің жаңа түрлерін шығаруды игеру, халық қажет етпейтін бұйымдарды өндіруді тоқтату жұмыстарын ұйымдастырады;

— балық шикізатын дұрыс және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, балық өңдегенде шикізаттың шығын болу нормаларын және өнім өндіруге материалдардың жұмсалу нормаларын, сондай-ақ өндіріске және құрылысқа жұмсалатын көмекші материалдардың, отынның, электр қуатының жұмсалу нормаларын жасап, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге тапсырады және бұл нормаларды кәсіпорындардың мүлтіксіз орындауына бақылау жасайды;

— мемлекеттік стандарттардың қолданылуын және олардың бұрмаланбауын қамтамасыз етеді, Министрліктің қарамағындағы кәсіпорындарында шығарылған балық өнімдерінің жаңа түрлеріне уақытша техникалық шарттар жасап, белгіленген тәртіп бойынша оларды бекітуге табыс етеді;

— өз жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың өніміне және қызметіне баға қояды, тариф жасап, оларды бекітуге табыс етеді, бұл бағалар мен тарифтердің дұрыс қолданылуына бақылау жасайды;

— күрделі қаржыны неғұрлым тиімді пайдалануды, жаңа құрылысты ұтымды орналастыруды, күрделі қаржыны ең алдымен қазір жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтауға жұмсауды, өндірістік қуаттар мен негізгі қорлардың іске қосылуын тездетуді, күрделі қаржыны таяуда іске қосылатын аса маңызды құрылыстарға жұмылдыруды, аяқталмаған құрылысты азайтуды қамтамасыз етеді. Белгіленген тәртіп бойынша жобаларға экспертиза жасайды;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді материалдық-техникалық жабдықтау жұмысын ұйымдастырады, олардың жабдықтар, материалдық және транспорт құралдар жөніндегі мұқтажын анықтайды, Министрлікке бөлінген материалдар мен фондыларды алады және жабдықтар мен транспорт құралдарын тұтынушыларға бөліп береді, қорлардың жұмсалуына және олардың өз орындарына пайдаланылуына бақылау жасайды, жаңадан салынып жатқан, қайтадан салынатын кәсіпорындарын жабдықтауға қатысады, нормадан тыс запастарды азайту және ішкі ресурстарды жұмылдыру шараларын жүзеге асырады;

— белгіленген тәртіп бойынша өз қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді қаржыландырады, өндіріс-финанс көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шаралар жасап, жүзеге асырады және өнім өткізу, қор жинау, бюджетке төлем төлеу жоспарларын орындауды қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша орталықтандырылған қорлар, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс жағынан жәрдем көрсету үшін резервтер жасайды, өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар арасында меншікті айналым қаржыны, пайданы, жаңа техниканы игеру қорын жасауға арналған қаржыны, тағы басқа қаражатты қайта бөлу үшін банктерде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ орталықтандырылған қордың қаражатын сақтайтын счеттар ашады;

— өз қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің, қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу туралы ұсыныстар жасайды, сондай-ақ еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру және нормалау, кадрлардың тұрақтамауын жою туралы шаралар жасап, жүзеге асырады. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің белгіленген шарттарын қолданудың дұрыстығына, еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шаралардың іске асуына, сондай-ақ еңбекақы қорының дұрыс жұмсалуына бақылау жасайды;

— Министрлік жүйесінде бақылау-тексеру жұмыстарын ұйымдастырады, тексерудің үнемі жүргізілуін, экономика жағдайына жан-жақты талдау жасалуын, ақша қаражаты мен материалдық мүліктің сақталуын, үнемдеу режимінің орындалуын қамтамасыз етеді, Министрлік жүйесінде есеп-қисап жұмысының дұрыс жүргізілуіне және оның шындығына сондай-ақ мемлекет мүлкін қорғау, келтірілген материалдық зиянды өндіріп алу шараларының орындалуына бақылау жасайды;

— өзіне белгіленген еңбек жөніндегі жоспар шегінде белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді құрады, қайтадан құрады, таратады, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер туралы ережелер (уставтар) бекітеді;

— Министрліктің құрылымын жетілдіру және оның аппаратының, оған қарайтын кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жұмсауына арналған шығынды азайту жөнінде шаралар жасап, жүзеге асырады;

— белгіленген тәртіп бойынша актив жиналыстарын өткізіп тұрады, оларда Партия мен Үкіметтің шешімдерін орындау жөніндегі шаралар, республикада балық шаруашылығын өркендетудің аса маңызды проблемалары, сондай-ақ Министрліктің және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысын жақсартуға байланысты мәселелер туралы баяндамалар тыңдалып, талқыланады; басшы қызметкерлерді, инженер-техниктерді, жұмысшылар мен қызметшілерді іріктеу, тәрбиелеу, дайындау және олардың мамандығын арттыру мен оларды дұрыс пайдалану жұмыстарын жүргізеді;

— кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, еңбек өнімділігін онан әрі арттыра беруге, өнеркәсіп өнімінің сапасын жақсартуға, материалдар мен ақша қаражатын үнемдеп жұмсауға қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасау жұмысына басшылық жасайды және олардың орындалуын бақылайды;

— өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда рационализаторлық пен өнертапқыштықтың барынша өрістей беруіне шаралар қолданады, рационализаторлар мен өнертапқыштардың жұмыстарына көмек көрсетеді, өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді;

— еңбекшілер хаттарының (арыздарының, шағымдарының) мезгілінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысындағы еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады;

— Министрліктің қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде еңбек қорғауды, хауіпсіздік техникасын, өндіріс тазалығын жақсарту, сондай-ақ өрттен сақтану шарттарын орындау жұмыстарын ұйымдастырады.

6. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі тағайындайды, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кейіннен бекітуіне ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Балық шаруашылығы Министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Балық шаруашылығы Министрі бөліп береді.

7. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінде коллегия құрылады. Оның құрамында Министр (председатель), Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрліктің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

8. Қазақ ССР Балық шаруашылығы Министрі Министрлікке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына тікелей жауап береді. Министрдің орынбасарларының, бас басқармалар бастықтарының, Министрліктің тағы басқа бөлімдері басшыларының Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысы үшін жауапкерлік дәрежесін белгілейді.

9. Қазақ ССР Балық шаруашылығы Министрі Министрліктің компетенциясы шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Балық шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және соларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және Министрлік жүйесіндегі басқармалар, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, орындауға міндетті нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді;

Қазақ ССР Балық шаруашылығы Министрі, қажет болған жағдайда, Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің, ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

10. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіп отыратын мәжілістерінде балық шаруашылығын өркендетудің негізгі мәселелерін, Министрліктің жұмысының басқа да мәселелерін қарайды, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрліктің бас басқармаларының, басқармалары мен бөлімдерінің, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің баяндамалары мен есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері әдетте Министрдің бұйрығымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында қайшылық, талас туған жағдайда Министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өзінің шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мү-

шелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

11. Республиканың балық шаруашылығында ғылым мен техниканы өркендетудің негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау, ғылыми дәлелденген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу, отандық және шетелдік ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану, оларды өндіріске енгізу жөніндегі ұсыныстарды дайындау үшін Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінде ғылыми-техникалық совет құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын, ол туралы Ережені Министр бекітеді.

12. Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер арасында шаруашылық мәселелеріне байланысты туған дау-шарларды қарап отыру үшін Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі арбитраж құрады, Министрліктің арбитражына өзі шығарған шешімдерін ықтиярсыз орындаттыру жөнінде бұйрық шығаруға право беріледі.

Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі бекітеді.

13. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінің құрылымын және оның орталық аппаратының қызметкерлер санын СССР Балық шаруашылығы министрлігінің келісімі бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, Министрліктің бас басқармалары, басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Балық шаруашылығы Министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінің Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген және қазақ, орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі болады.

## ҚАЗАҚ ССР ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1970 жылғы 11 марттағы № 172 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 7, 29-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1970 жылғы 11 марттағы*
*№ 172 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі Қазақ ССР Конституциясына сәйкес республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде тікелей Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады.

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі республикада жергілікті өнеркәсіптің жағдайы мен одан әрі дамытылуы, ғылыми-техникалық прогресс және өндірістің техникалық дәрежесі, шығарылатын өнімнің сапасы үшін және республика халық шаруашылығы мен халықтың жергілікті өнеркәсіп өнімдеріне деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін жауап береді.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі Министрлікке бағынатын кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге тікелей және жергілікті орындарға бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдарға — халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің жергілікті өнеркәсіп басқармалары арқылы басшылық жасайды.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі өз қызметін облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттерімен өзара ынтымақтасып жүзеге асырады, Қазақ ССР-інің министрліктерімен және ведомстволарымен бірге жергілікті өнеркәсіпті өркендету жөніндегі жұмысты үйлестіреді, сондай-ақ жергілікті өнеркәсіп жүйесіндегі кәсіпорындармен, ұйымдармен және республиканың басқа ведомстволарының кәсіпорындарымен, ұйымдарымен басқа да қажетті байланыстар ұйымдастырады.

2. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің басты міндеттері мыналар:

— республикада жергілікті өнеркәсіпті барынша өркендетуді, жоғары сапалы және әр түрлі ассортиментте халық тұтынатын товарлар мен өндірістік мақсаттағы бұйымдар шығаруды ұдайы арттыруды қамтамасыз ету, зергерлік кәсіпшілікті дамытуды ұлғайту;

— халық шаруашылығы жоспары тапсырмаларын, қорлар жинау, бюджетке төлемдер төлеу және басқа да көрсеткіштер жөніндегі тапсырмаларды орындау, сондай-ақ мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— халық тұтынатын товарлар шығаруды арттыру үшін жергілікті шикізат ресурстарын және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтарын іздестіру және өндірісте кеңінен пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

— бұл салада бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың, озық технологияның ең жаңа жетістіктерін енгізу және өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

— еңбекке жарамды, қолы бос адамдарды өндіріске немесе еңбектің үйде істейтін формаларын пайдаланып, халық тұтынатын товарлар өндіруге қатыстыру;

— күрделі қаржыны неғұрлым ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және құрылыстың құнын арзандатып, салу мерзімдерін қысқарту, жаңа өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, типтік жобалар мен жаңа материалдарды барынша көп қолдануды қамтамасыз ету, құрылысқа индустриалдық әдістер мен механикаландыруды енгізу;

— еңбек пен басқаруды ғылыми ұйымдастыруды енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді жетік маман кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін-өзі жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшылық жұмыстарға жоғарылату;

— Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысшылары мен қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдениетұрмыс жағдайларын жақсарту, өндірісте еңбек хауіпсіздігі жағдайларын жасау;

— басшы шаруашылық, инженер кадрларын іріктеудің, жоғарылатудың және орналастырудың лениндік принциптерін жүзеге асыру. Министрлік Партия мен Үкіметтің қарарлары мен шешімдерін басшы кадрлардың орындауын бақылауға және тексеруге баса назар аударады, қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, кадрларды еңбекке коммунистік көзқарас, мемлекеттік мүдде мен тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеу жөнінде жұмыстар жүргізеді, өндірісті өркендету үшін материалдық және моральдық стимулдарды дұрыс ұштастыруды және әрбір қызметкердің өзіне тапсырылған іс үшін, коллектив жұмысының жалпы қорытындылары үшін жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

3. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР және Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде қазір күшінде бар заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі Министрлік жүйесінде заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді.

4. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі:

— халықтың және республика халық шаруашылығының жергілікті өнеркәсіп өнімдеріне деген қажеттерін зерттейді, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, жергілікті өнеркәсіп орындарын территориялық жағынан дұрыс орналастыруды жүзеге асырады, жаңа кәсіпорындар салудың және қазір жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды реконструкциялаудың қажеттілігін анықтайды;

— жергілікті өнеркәсіп орындары мен басқармалары жасаған, облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері мақұлдаған жоспарлардың негізінде жергілікті өнеркәсіпті өркендетудің перспективтік және ағымдағы жоспарларының жобаларын жасап, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді;

— бекітілген жоспарлы көрсеткіштерді жергілікті өнеркәсіп басқармаларына жеткізеді;

— белгіленген тәртіп бойынша жергілікті өнеркәсіп басқармаларына, сондай-ақ Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға халық шаруашылығы жоспарының тапсырмаларына сәйкес жоспарлар бекітеді және бекітілген жоспарларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттерімен келісе отырып, облыстық және Алматы қалалық жергілікті өнеркәсіп басқармаларының өндіріс және финанс жоспарларының көрсеткіштеріне, Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен көрсеткіштерден басқасына Министрлікке белгіленген жоспардың шегінде белгіленген тәртіп бойынша өзгерістер енгізеді;

— өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды, айналым қаржылары мен банкі кредиттерін жақсы пайдалану, жоспарларды жетілдіру, экономикалық көтермелеуді күшейту, өндірістің рентабельділігін арттыру жөніндегі, кәсіпорындарды нығайту және мамандандыру, еңбек өнімді-

лігін арттыру үшін жағдайлар жасау, шығарылатын өнімнің өзіндік құнын арзандатып, сапасын арттыру, озық технологияны енгізу, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру, өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру және ескірген бұйымдарды өндірістен алып тастау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

— мемлекеттік стандарттарды, республикааралық, республикалық және салалық техникалық шарттарды енгізуді және сақтауды қамтамасыз етеді, техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізатты, отынды, электр энергиясын, материалдарды жұмсаудың және запасқа қоюдың нормаларын жасап, бекітеді және бекітілген нормативтердің жергілікті өнеркәсіп орындарына енгізілуін қамтамасыз етеді;

— халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, шаруашылық есепті нығайту, жергілікті өнеркәсіп орындары мен ұйымдарының рентабельділігін арттыру және қор жинауын барынша молайту жөніндегі шараларды іске асырады;

— жергілікті өнеркәсіп орындары мен ұйымдарының финанс жоспарларын орындауды, меншікті айналым қаржыларының сақталуын, жұмысшылармен және қызметшілермен, бюджетпен, жеткізіп берушілермен, мердігерлермен, банкілермен дер кезінде есеп айырысуды қамтамасыз етеді;

— белгіленген тәртіп бойынша жаңа техниканы игеру қорын, жаңа техниканы жасағаны және өндіріске енгізгені үшін сыйлық беру қорын, халық көп тұтынатын товарлардың жаңа түрлерін игергені және жаппай шығарғаны үшін қызметкерлерді көтермелеу мақсатында жергілікті өнеркәсіп орындарының сыйлық қорын және басқа да орталықтандырылған қорлар жасайды;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың арасында айналым қаржыларын белгіленген тәртіп бойынша қайта бөледі, оларға финанс көмегін көрсету үшін резерв жасайды;

— меншікті айналым қаржыларын, пайданы, негізгі қорларды толық қалпына келтіруге арналған амортизация жарналарын, күрделі жөндеуге арналған амортизация жарналарының резерв қаржыларын республикаға бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдар арасында қайта бөлу үшін, кәсіпорындар мен ұйымдарға финанс көмегін көрсету үшін резерв қаржыларын сақтау жөнінде, сондай-ақ жергілікті өнеркәсіпті өркендету қорының, жаңа техниканы меңгеру қорының және басқа қорлардың қаржыларын облыстық және Алматы қалалық жергілікті өнеркәсіп басқармалары мен республикаға бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдар арасында қазір қолданылып жүрген заңға сәйкес қайта бөлу жөнінде банкілерде есеп айырысу счеттарын ашады;

— Қазақ ССР Финанс министрлігіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Орталық статистика басқармасына кейіннен хабарлай отырып, күрделі қаржыларды жергілікті өнеркәсіп басқармалары арасында қайта бөледі;

— жергілікті өнеркәсіп басқармаларының жиынтық есептері мен баланстарын қарайды, Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің есептері мен баланстарын бекітеді, Министрлік қызметінің түрлері бойынша жиынтық есептер және баланстар жасайды, жергілікті өнеркәсіп жүйесінде бақылау-тексеру жұмысын үзбей жүргізіп отыруды ұйымдастырады;

— жергілікті өнеркәсіп орындарын, құрылыстары мен ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауды және шығарылатын өнімді өткізуді ұйымдастырады, олардың жабдықтарға, материалдарға және транспорт құралдарына деген қажетін анықтайды, Министрлікке бөлінетін шикізатқа, материалдарға, жабдыққа, транспорт құралдарына

арналған корларды белгіленген тәртіп бойынша бөліп береді, корларды өткізуге және олардың бөлінген мақсатқа орынды пайдаланылуына бақылау жасайды, өз қарамағындағы кәсіпорындардың шаруашылық шарттарын жасауын және орындауын бақылайды, жеткізіп тұрушы кәсіпорындар мен тұтынушылардың арасындағы тікелей шарттық байланыстарды дамытуды және нығайтуды ұйымдастырады;

— шикізат пен материалдарды орталықтандырылмай-ақ дайындауды, жергілікті өнеркәсіп орындарының мұқтаждары үшін стандартталмаған жабдық пен арнаулы құрал-сайман жасауды ұйымдастырады;

— халық тұтынатын тоқарларға деген қажеттілікті зерттейді және халықтың аз пайдаланатын тоқарларын шығаруды олардың көп қажет ететін тоқарларын шығарумен ауыстыруды қамтамасыз етеді;

— экспортқа тоқарлар жеткізіп беру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді және экспортқа жіберілетін тоқарлардың номенклатурасын ұлғайтуға, экспортқа тоқар шығарудың көлемін арттыруға шаралар қолданады;

— халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, басшы, инженер-техник қызметкерлерді, жұмысшылар мен қызметшілерді іріктеу, тәрбиелеу, даярлау және мамандығын арттыру және оларды дұрыс пайдалану жөнінде жұмыстар жүргізеді;

— жергілікті өнеркәсіп орындары мен ұйымдарының жоғары және арнаулы орта білімді мамандарға деген ағымдағы және перспективалық қажетін анықтайды;

— еңбекті ғылыми ұйымдастыруды және нормалауды жақсарту, кадрлардың тұрақтамаушылығын болдырмау жөнінде шаралар белгілейді, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің белгіленген шарттарының дұрыс қолданылуына, еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шаралардың жүргізілуіне, сондай-ақ жалақы қорының дұрыс жұмсалуына бақылау жасайды;

— кәсіподақ ұйымдарымен бірлесе отырып, қызметкерлердің творчестволық инициативасын дамытуға, еңбек өнімділігін одан әрі арттыруға, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын арзандатуға, материалдық және ақша ресурстарын үнемді жұмсауға бағытталған социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасау жұмысын басқарады және олардың орындалуын бақылайды. Жергілікті өнеркәсіп пен республикаға бағынатын кәсіпорындардың социалистік жарысының қорытындыларын шығарады және оларға ауыспалы Қызыл Тулар мен ақшалай сыйлықтар береді. Жергілікті өнеркәсіп орындары мен ұйымдарында рационализаторлық пен өнертапқыштықты барынша дамытуға шаралар қолданады, рационализаторлар мен өнертапқыштардың жұмысына көмек көрсетеді, рационализаторлық және өнертапқыштық ұсыныстардың өндіріске енгізілуін қамтамасыз етеді;

— жергілікті өнеркәсіп орындарында, ұйымдары мен мекемелерінде еңбек қорғауды, техникалық хауіпсіздікті және өндірістік санитарияны жақсарту, социалистік меншікті қорғау және өрт хауіпсіздігі ережелерін сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

— Министрлікке тікелей бағынатын кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді, тиісті облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттерінің келісуі бойынша — халық депутаттарының жергілікті Советтеріне бағынатын жергілікті өнеркәсіп орындарын, ұйымдары мен мекемелерін белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады, қайта құрады және жояды;

— белгіленген тәртіп бойынша Министрлік қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің уставтарын (ережелерін) бекітеді;

— кәсіпорындарды, үйлерді және ғимараттарды жаңадан салуды, реконструкциялауды және қазір жұмыс істеп тұрғандарын ұлғайтуды жобалауға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер мен тапсырмаларды әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жобаларды эксперттеуді белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады, жергілікті өнеркәсіп орындарының титулдық тізімдерін және жобалау-смета документациясын қарап, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді, мердігер құрылыс ұйымдары салатын құрылысты бақылайды, қажетті жобалау және смета документациясын мердігер ұйымдарға дер кезінде беруді, құрылыстарды қаржыландыруды, оларды заказ берушінің міндетті түрде жеткізіп тұратын жабдықтарымен, материалдарымен және бұйымдарымен жабдықтауды қамтамасыз етеді, құрылысқа авторлық бақылау жасауды ұйымдастырады;

— халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерімен бірлесе отырып, жергілікті өнеркәсіп орындары мен ұйымдарының мүгедектерді еңбекке орналастыру жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

— жергілікті өнеркәсіп орындары шығаратын өнімнің бағалары мен прейскуранттарының жобаларын қазір қолданылып жүрген заңға сәйкес жасап, бекітуге табыс етеді, сондай-ақ жартылай фабрикаттардың және жүйе ішін жабдықтауға арналған өнімнің бағаларын белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

— бекітілген бағалар мен тарифтердің жергілікті өнеркәсіп жүйесінде дұрыс қолданылуына бақылауды жүзеге асырады;

— өнімнің ГОСТ-тар мен ОСТ-тар қойылмайтын жекелеген түрлерінің, сондай-ақ жүйе ішіндегі жабдықтауға арналған бұйымдардың, жартылай фабрикаттардың, жабдықтың, құрал-сайманның техникалық шарттарын жасап, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

— қоғамдық ұйымдардың қатысуымен белгіленген тәртіп бойынша актив кеңестерін шақырады, бұларда Партия мен Үкіметтің шешімдерін орындау жөніндегі шаралар туралы баяндамалар, жергілікті өнеркәсіп саласын өркендетудің аса маңызды проблемалары тыңдалып, сондай-ақ сын мен өзара сынды өрістету негізінде Министрліктің, жергілікті өнеркәсіп орындарының, ұйымдары мен мекемелерінің қызметін жақсартуға байланысты мәселелер талқыланады.

5. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі бөліп береді.

6. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель), Министрдің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

7. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі Министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді, Министрдің орынбасарларының, басқармалар бастықтары мен Министрліктің басқа да бөлімдері басшыларының Министрлік жүйесін-

дегі кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметі үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

8. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі өз компетенциясы шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер орындауға міндетті нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі қажет болған жағдайларда Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар және нұсқаулар шығарады.

9. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде жергілікті өнеркәсіп жұмысының және оны өркендетудің, жаңа техниканы, еңбекті ғылыми ұйымдастыруды және озық тәжірибені енгізудің негізгі мәселелерін, Министрлікке бағынатын кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге практикалық басшылық жасау Министрліктің орталық аппаратының және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысын ұйымдастыруды жақсарту мәселелерін, істің орындалуын бақылау және тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану, мемлекеттік тәртіпті нығайту мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын қарайды, Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің және оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің есептерін тыңдайды, өндіріс жаңашылдарының баяндамаларын және жұмыстың озық әдістерін талқылайды, оларды көпшілікке таратады және жергілікті өнеркәсіптің тиісті салаларына енгізуді ұйымдастырады, сондай-ақ Министрліктің компетенциясына кіретін басқа да мәселелерді қарайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында келіспеушілік туған жағдайда, Министр бұл туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді. Коллегия мүшелері өз тарапынан пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

10. Жергілікті өнеркәсіпте ғылым мен техниканы өркендетудің негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу, отандық және шетелдік ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең соңғы жетістіктерін пайдалану және өндіріс саласына енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін, сондай-ақ көпшілік тұтынатын, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы тауарлардың және шаруашылық бұйымдарының жаңа үлгілерін жергілікті өнеркәсіп орындарында қарау, сұрыптап алу және өндіріске бекіту үшін Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінде ғылыми-техникалық және көркемдік советтер құрылады. Советтердің құрамын және олар туралы ережелерді Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі бекітеді.

11. Жергілікті өнеркәсіп орындарының, ұйымдары мен мекемелерінің арасындағы шаруашылық мәселелеріне байланысты дау-шарларды қарау үшін Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі арбитраж құрады.

Министрліктің арбитражына өзі қабылдаған шешімдерді ықтиярсыз орындаттыру жөнінде бұйрықтар шығаруға право беріледі.

Арбитраж туралы ережені Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі бекітеді.

12. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі орталық аппаратының құрылымы мен санын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрі бекітеді.

13. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі еңбекшілер хаттарының (шағымдары мен арыздарының) дер кезінде және ұқыпты қаралуын ұйымдастырады, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің қызметі жөнінде еңбекшілер хаттарында хабарланған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

14. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## § 2. ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІНІҢ САПАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «САЛЫНЫП, ҚЕҢЕЙТІЛІП ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫП ЖАТҚАН ҚӘСІПОРЫНДАРДА ШЫҒАРУЫ БЕЛГІЛЕНГЕН ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ МЕН САПАСЫН БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 27 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 894 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1979 жылғы 25 октябрьдегі № 405 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті:

жаңа кәсіпорындарды салу, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және қайта құру жобаларын жасап және экспертизадан өткізгенде, бұл кәсіпорындарынан шығарылуы белгіленген өнімдер техникалық деңгейі және сапасы жөнінен КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1979 жылғы 12 июльдегі № 695 қаулысында [2] көзделгендегідей отандық және шетелдік ең жақсы үлгілерге сай келуі немесе олардан асып түсуі тиіс деген тұрғыдан қарасын;

жобаларды экспертизадан өткізуге қатысуға оған міндетті түрде осы аталған өнімдерді тұтынушыларды — ұйымдар өкілдерін (қажет болған жағдайда сондай-ақ Қазақ ССР Сауда министрлігінің өкілдерін) және тиісті өнімдердің техникалық деңгейіне жауапты министрліктердің өкілдерін тартсын;

транспорттың барлық түрін пайдалану варианттарын салыстыра келіп, көрсетілген жобаларда кәсіпорындарға жүк жеткізудің және

[1] 2-пункт СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 27 сентябрьдегі № 894 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

[2] СССР Заңдары жинағының 5-томын қараңыз.

олардан дайын өнімді тасып әкетудің оптимальды транспорт схемасы көзделсін;

1979—1983 жылдары басқарудың салалық автоматтандырылған жүйелері құрамында қарамағындағы кәсіпорындарда шығарылатын өнімнің техникалық деңгейі мен сапасын бақылаудың жүйелерін әзірлеп, пайдалануға беруді аяқтайтын болсын, бұл жүйелер өнімді ең таңдаулы отандық және шетелдік үлгілермен салыстыру мүмкіндігін де қамтамасыз етеді.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТЕХНИКАЛЫҚ ЭСТЕТИКА ЖЕТІСТІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1968 ЖЫЛҒЫ 18 ОКТЯБРЬДЕГІ № 821 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1968 жылғы 27 ноябрьдегі № 705 ҚАУЛЫСЫ

Өнеркәсіп өнімінің сапасын, еңбек жағдайларын одан әрі жақсарту және оның өнімділігін арттыру мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

а) машина жасау бұйымдарының және мәдени-тұрмыстық мақсатқа арналған товарлардың сапасын арттырып, бұйымдардың тұтынушылық қасиеттерін ұдайы жақсартуға және оның техникалық эстетика талабына сай келуіне қол жеткізуді қамтамасыз ету;

б) өнеркәсіп өнімінің сапасын болжауда, комплексті бағалауда және салыстырып сараптауда, сондай-ақ ұзақ уақыт пайдаланылатын тұрмыстық бұйымдардың қолайлы номенклатурасын әзірлеуде техникалық эстетиканың жетістіктерін кеңінен пайдалану;

в) қажет болған реттерде техникалық эстетика талаптары мемлекеттік, салалық және республикалық стандарттардың жобаларына, техникалық шарттарына, өнеркәсіп бұйымдарын әзірлеуге арналған тапсырмаларға, сондай-ақ жаңа кәсіпорындар мен қайта құрылатын кәсіпорындарды жобалау тапсырмаларына енгізу;

г) салалық тұрақты ассортимент кабинеттерін құру, оларға шығарылатын бұйымдар мен материалдарды, ең алдымен халық тұтынатын товарлар мен өнімдерді, экспортқа шығарылатын товарлар мен өнімдерді байқау ісін үнемі жүргізіп отыруды жүктеу және байқаудың нәтижелері бойынша ескірген, техникалық эстетиканың талаптарына сай келмейтін өнімдерді өндірістен алып тастау жөнінде ұсыныстар әзірлеуді жүктеу;

д) СССР Сыртқы сауда министрлігінің Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы өкілінің Басқармасымен және Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дирекциясымен бірлесе отырып, жыл сайын СССР Министрлер Советінің Ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен өткізу тәртібіне сәйкес салалық ассорти-

---

[1] 4-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 18 октябрьдегі № 821 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

мент кабинеттері іріктеп алған біртектес таңдаулы бұйымдардың байқау-конкурстарын өткізіп отыру.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Стандарттар, өлшем және өлшеу аспаптары комитетінің өкілі нормативтік-техникалық документтерді тіркеген және бекіткен кезде салалық және республикалық стандарттарға, кәсіпорындардың стандарттары мен техникалық шарттарына техникалық эстетика талаптарының енгізілуін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Стандарттар, өлшем және өлшеу аспаптары комитетінің өкілі шығарылатын өнімнің сапасын анықтағанда және нормативтік-техникалық документтердің сақталуына бақылау жүргізгенде шығарылатын өнімнің техникалық эстетика талаптарына сай болуын тексерсін.

## ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН РЕСПУБЛИКАНЫҢ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫ ТЕЗДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 17 февральдағы № 101 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 4, 21-ст.)

4 және 9-пункттер

## КӨПШІЛІК ТҰТЫНУҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ТОВАРЛАРДЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1963 жылғы 17 июльдегі № 552 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі к а у л ы е т е д і:

3. 1964 жылдан бастап жеңіл өнеркәсіп товарларының ассортиментін сапалы жоспарлаудың төмендегідей тәртібі енгізілсін:

а) Қазақ халық шаруашылығы советі Жеңіл өнеркәсіп ғылыми-зерттеу институты, Республикалық модельдері үйі және мебель жөніндегі конструкторлық-технологиялық бюро, сондай-ақ кәсіпорындардың лабораториялары арқылы алдағы жоспарланатын жылдың февралына дейін көпшілік тұтынатын товарлардың моделі мен фасонының альбо-

---

[1] 5-томның 25-бетін қараңыз.

[2] 3-пункттің «д» тармағының бірінші және екінші абзацтары Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 ж. 20 июльдегі № 498 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 35).

1, 2, 4—14-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

мын әзірлеп оларды Көпшілік тұтынатын товарлар жөніндегі Көркемдік советтің қарауына және бекітуіне ұсынады.

Көркемдік советтің киім және аяққиімдерді модельдеу, мебельдердің және басқа товарлардың стилі бағытындағы шешімдері өнімдердің моделі, фасоны және өңделуіне қарай түр-түрін әзірлеуге заказдар ресімдегенде сауда және өнеркәсіп орындары үшін міндетті болып саналады;

б) Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы товардың ассортиментіне халықтың қажетсінуін кеңінен зерттеу негізінде бұйымдардың ассортименті мен санын толық көрсетіп, 20 мартқа дейін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ халық шаруашылығы советіне, Қазақ ССР Қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігіне және Республиканың халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне келесі жылға заказдар береді;

в) сауда ұйымдарының товар алуға берген заказдарын Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ халық шаруашылығы советі, Қазақ ССР Қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігі, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдарының одағы жоспарланып отырған жылда шығаруға Көркемдік совет бекіткен модельдер мен фасондар бойынша мөлшеріне және ассортиментіне қарай бөледі;

г) сауда және өнеркәсіп кәсіпорындары мен ұйымдарының берілген заказдардың дұрыстығына және заказ берілген товарлардың сол ассортиментпен шығарылуына жауаптылығын арттыру мақсатымен, заказдардың протоколын, сол сияқты әрбір модель бойынша бұйымдардың саны, шикізатының түсі, түрі және өңделуі көрсетілген модельдер альбомын бекітуді Сауда министрлігінің коллегиясы, Қазақстан тұтынушылар қоғамы одағының басқармасы, Қазақ халық шаруашылығы советінің президиумы, Республиканың Қоғамдық тәртіп сақтау министрлігі мен Халықтың тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің коллегиялары жүргізетін болып белгіленсін;

д) *(Үшінші абзац)* Бекітілген заказдан ауытқып жасалған өнім саудаға қабылданбайды. Заказ берілген бұйымдарды сауда ұйымдары шартта белгіленген мөлшерде және уақытта қабылдауға тиіс.

Товарларды модельдері, фасоны және түсі бойынша жеткізу жөнінде жасалған шарттарды орындауға бақылауды күшейту мақсатымен Қазақ халық шаруашылығы советі, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі және Республиканың қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігі сатылған бұйымдар үлгісінің альбомын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 ноябріне дейінгі мерзімде өнеркәсіп кәсіпорындарына — товар әзірлеушілерге және сауда кәсіпорындарына — товар қабылдаушыларға жібереді;

е) республиканың министрліктері мен халық шаруашылығы советтері және Мемлекеттік жоспарлау комитеті бекітілген заказдар және өткізілген жәрмеңкелер негізінде рыноктар үшін товар әзірлейтін кәсіпорындарды және олар тектес кәсіпорындарды сауда ұйымдарының берген заказдарын үздіксіз орындауды қамтамасыз ететіндей етіп шикізаттардың, материалдардың толық ассортиментімен, бояу, химикат, қалып, тағы басқаларымен материалдық-техникалық жабдықтауды жоспарлайды.

## § 3. ӨНЕРКӘСІПТЕГІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

# ҚАЗАҚ ССР ӨНЕРКӘСІПТЕ ЖҰМЫСТЫ ХАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУДІ ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ КЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1982 жылғы 7 июльдегі № 289 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 16, 66-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

2. Өндірісте еңбектің хауіпсіз және жарасымды жағдайларын жасау Қазақ ССР-і министрліктері мен ведомстволарының басты міндеттерінің бірі болып табылатынын еске ала отырып, олардың халық шаруашылығының тиісті салаларында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін жауапкершілігін арттыру қажет деп саналсын.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына осы салада белгіленген ережелер мен нормалардың қатаң сақталуын қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде қамтамасыз ету жөніндегі оперативті шаралар әзірлеп, жүзеге асыру міндеттелсін.

---

[1] 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1982 жылғы 7 июльдегі*
*№ 289 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

# ҚАЗАҚ ССР ӨНЕРКӘСІПТЕ ЖҰМЫСТЫ ХАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУДІ ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ КЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ[1]

1. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті одақтық-республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің міндеті — Қазақ ССР-інің территориясында Қазақ ССР-інің барлық министрліктерінің, ведомстволарының, кәсіпорындардың (бірлестіктердің), ұйымдардың, мекемелер мен лауазымды адамдардың өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарды, жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын, жер қойнауын қорғау жөніндегі міндеттерді орындауын және олардың осы мәселелер бойынша профилактикалық жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің бүкіл қызметі оның компетенциясына жатқызылған мәселелерді шешкен кезде мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз етуге, аварияларға ұшырау мен өндірістік травматизмнің алдын алуға, пайдалы қазбалардың кен орындарын ұтымды пайдалануға және жер қойнауын қорғауға, жарылғыш материалдарды сақтауға және оларды халық шаруашылығында дұрыс пайдалануға, осы мәселелер жөнінде профилактикалық шаралар жүргізуге бағытталуға тиіс.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті республика территориясындағы өнеркәсіпте, өзінің бақылауындағы объектілерде және жер қойнауын пайдалану кезінде жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелердің сақталуын ұдайы және пәрменді мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру үшін жауап береді.

2. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті мыналарға мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады:

көмір, кен-руда, кен-химия, металлургия, мұнай мен газ өндіру өнеркәсібінде, минералдық тыңайтқыштар өнеркәсібінде жұмыс жүргізгенде, Комитеттің бақылауындағы геологиялық-барлау және басқа кен жұмыстарын жүргізгенде, қалаларда, жұмысшы поселкелері мен селолық жерлерде газбен жабдықтау жүйелерін салған және пайдаланған кезде, сондай-ақ табиғи және сұйытылған (пропан-бутан) газдарды тасымалдауға, сақтау мен пайдалануға байланысты объектілерде (ведомстволық бағыныстылығына қарамастан), жарылыс және өрт хаупі бар барлық химиялық және мұнай-химиялық өндірістерді жұмыс жүргізгенде хауіпсіздік жайына;

---

[1] Мыналар күштерін жойды деп танылды: 2-пункттің бесінші абзацы, 6-пункттің «з» тармағы мен «с» тармағының үшінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 27 июньдегі № 221 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 16, 48-ст.); 7-пункттің «е» тармағы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 12 ноябрьдегі № 442 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 23, 75-ст.).

өнеркәсіптік жарылғыш материалдарды сақтауға, пайдалануға және есебін алуға;

көтергіш құрылғыларды, қысыммен жұмыс істейтін қазан қондырғылары мен сауыттарды, бу мен ыстық суға арналған труба құбырларын (атом энергетикасы объектілерінің көтергіш құрылғыларын және пайдалануға беру-резерв қазандықтарының жабдықтарын қоса) жасауға, орнатуға және хауіпсіз пайдалануға;[1]

*(алтыншы абзац)* пайдалы қазба орындарынан кен өндіргенде, гидроминералдық ресурстарды қоса алғанда (соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кен орындарын қосымша барлаған кезде, жер қойнауының геологиялық зерттелуінің толықтығы мен комплекстілігінен басқа), жер қойнауын ұтымды, комплексті пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кені алынған орындар мен табиғи жер асты қуыстарын халық шаруашылық объектілерін орналастыру үшін пайдалануға.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің бақылауындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен объектілердің тізбесін Қазақ ССР-інің республикалық министрліктері, ведомстволары бойынша Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті осы министрліктер мен ведомстволардың келісуімен бекітеді.

3. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне жүктелген мемлекеттік қадағалауды Қазақ ССР-інің территориясында тікелей немесе өзі құратын және қызметіне басшылық ететін жергілікті органдар — округ басқармалары, облыстық, аудандық кен-техникалық және техникалық инспекциялары арқылы жүзеге асырады.

4. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның қарамағындағы ұйымдар СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесіне енеді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады.

5. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ереже мен оның бұйрықтарын, нұсқауларын және осы Ережені, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады, қолданылып жүрген заңдардың қарамағындағы ұйымдарда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізу, жер қойнауын пайдалану мен қорғау, жарылғыш ма-

---

[1] 2-пункттің төртінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 27 июньдегі № 221 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 16, 48-ст.).

териалдарды халық шаруашылығында пайдалану саласында заңдарды қолдану практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және белгіленген тәртіп бойынша оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарауына енгізеді.

6. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті оған жүктелген міндеттерге сәйкес өз қызметін авария мен өндірістік травматизмнің пайда болуына душар ететін себептер мен жағдайларды ашып, жоюға, жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі нормативтік-техникалық документтемені жетілдіруге және оның талаптары орындалуын қамтамасыз етуге, жұмысқа басшылық етудің қажетті дәрежесін қамтамасыз етуге, жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауға бағыттайды және осы мақсатта:

а) жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан, қайта құрылатын шахталарда, рудниктерде, карьерлерде, кен-байыту және брикеттік кәсіпорындарда, тоннельдер мен гидротехникалық құрылыстар салғанда, кен-барлау жұмыстарын жүргізгенде жабдықтарды хауіпсіз қолдану мен пайдалану, кен және жару жұмыстарын хауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптардың сақталуына, шаң мен газға және өртке қарсы белгіленген режимдердің сақталуына, желдеткіш жүйелердің жайына, газ-динамикалық құбылыстар мен кен соққындарының алдын алу жөніндегі шаралардың жүргізілуіне және хауіпсіздік техникасының басқа да талаптарының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ кені алынған орындар мен табиғи жер асты қуыстарын халық шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдаланған кезде жер қойнауын қорғауды және жұмыстың хауіпсіз болуын бақылау жөнінде жұмыс жүргізеді;

б) Каспий және Арал теңіздерінің республика акваториясы шеңберіндегі континентальды шельфінде минералдық және басқа жансыз ресурстарды өндіру мен қорғаудың дұрыстығын, сондай-ақ осы ресурстарға зерттеу жүргізгенде, барлағанда және өндіргенде жұмыстың хауіпсіз болуын бақылайды;

в) Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективалық және жылдық жоспарларына енгізу үшін жер қойнауын қорғау, минералдық ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі бөлімнің жобасын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етеді, мемлекеттік жоспарлардың аталған бөлімінде белгіленген тапсырмаларды кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің орындауына бақылау жасауды жүзеге асырады;

г) пайдалы қазбалардың запастарын толықтай, негізгі және солармен бірге жатқан пайдалы қазбаларды комплексті түрде шығару жөніндегі бөлігінде пайдалы қазба (гидроминералдық ресурстарды қоса алғанда) орындарынан кен өндірудің дұрыстығын, пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорындарда пайдалы қазбалардың запастарын есепке алудың белгіленген тәртібі сақталуын, олардың запастарды дұрыс және дер кезінде есептен шығаруын, сондай-ақ жұмыс хауіпсіздігі, жер қойнауын қорғау және халық шаруашылығында пайдалануға жарамды кен қазбаларын сақтау жөніндегі бөлігінде шахталарды, рудниктерді, карьерлерді және пайдалы қазбалар өндіретін басқа да кәсіпорындарды немесе олардағы жекелеген кен қазбаларын, мұнай және газ скважиналарын жою мен консервациялаудың дұрыстығын бақылайды; кені алынған орындар мен табиғи жер асты қуыстарында халық шаруашы-

лық объектілерін орналастыру үшін оларды іріктеп алуға министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып қатысады;

д) кен жұмыстарын хауіпсіз жүргізудің шекараларын белгілеудің, кен жұмыстарының адамдардың денсаулығына, айналадағы табиғи ортаға, үйлер мен құрылыстарға тигізетін зиянды әсерінің алдын алу және жою жөніндегі, шахталар мен рудниктерге, сондай-ақ халық шаруашылығы объектілерін орналастыру үшін пайдаланылатын кені алынған орындар мен табиғи жер асты қуыстарына судың құйылып кетуінің алдын алу жөніндегі шараларды жүргізудің (мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып) уақтылығы мен дұрыстығын тексереді; пайдалы қазба орындарынан кен өндіргенде және кені алынған орындар мен табиғи жер асты қуыстарын халық шаруашылығында пайдаланған кезде маркшейдерлік және геологиялық жұмыстарды жүргізу ережелерінің сақталуын тексереді;

е) пайдалы қазба (кең таралғандарынан басқа) орындарынан кен өндіру және кені алынған орындар мен табиғи жер асты қуыстарында халық шаруашылық объектілерін салу үшін геологиялық қызмет органдарының қорытындыларын ескере отырып кен бөліктерін береді, кең таралған пайдалы қазба орындарынан кен өндіруге арналған кен бөліктерін тіркеп отырады;

ж) 0,07 МПа-дан (0,7 кг күш/шаршы см) астам қысыммен жұмыс істейтін бу қазандары мен сауыттарды, жылыту температурасы 115°С-дан астам су жылытқыш қазандарды, бу мен ыстық суға арналған труба құбырларын, жүк көтергіш крандарды, лифттерді (шағын жүк лифттерінен басқа), эскалаторларды, фуникулерлерді, жолаушылар және жүк таситын аспалы арқан жолдарды жасаған және пайдаланған кезде ережелердің сақталуын бақылайды;

и) газ қадағалау объектілерін, қысыммен жұмыс істейтін қазан қондырғыларын, сауыттарды, бу мен ыстық суға арналған труба құбырларын және көтергіш құрылғыларды, жарылғыш материалдар қоймаларын тіркейді және оларды пайдалануға рұқсат береді;

к) қазан қадағалау объектілеріне, көтергіш құрылғыларға ережелермен көзделген техникалық куәландыру жүргізеді және кәсіпорындар мен ұйымдардың осындай жабдықтарды дер кезінде куәландыруын бақылайды;[1]

л) өндірістерді жарылыс, жарылыс-өрт және өрт хауіптілігі жөнінен тиісті категорияларға жатқызудың дұрыстығына және өндірістерді бір категориядан екіншісіне көшірудің дұрыстығына, сондай-ақ қолданылатын жабдықтардың жарылыс хаупі бар қоспалардың категориясы мен тобына және жарылыс хаупі бар аймақтар класына сәйкес келуіне бақылау жасауды жүзеге асырады; бірлестіктердің (комбинаттардың) ұсынысы бойынша шахталардың (рудниктердің) газдылығы жөніндегі тиісті категорияларын белгілейді, оларды шаңдылық, кенеттен жыныс, руда, көмір мен газ атқылау, кен соққындары болу хаупі барлар қатарына жатқызады және шахталарды (рудниктерді) газдылығы жөнінде бір категориядан екіншісіне көшіруді бекітеді;

м) пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорындарда кен жұмыстарын дамытудың келісіп алуға табыс етілетін жоспарларын, пайдалы қазбалардың ысырабы мен құнсыздану нормативтерін, қолданылып жүрген хауіпсіздік және жер қойнауын қорғау ережелерінің талаптарынан негізделген түрде ауытқып жасалған немесе мұндай ережелер болмаған жағдайда әзірленген жобалық шешімдерді қарап, олардың орындалуын

[1] 6-пункттің «и» және «к» тармақтарына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 27 июньдегі № 221 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 16, 48-ст.).

бақылайды; мұнай және газ орындарын игерудің СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетімен белгіленген тәртіп бойынша келісілген жобаларының жер қойнауын қорғау және пайдалы қазбаларды комплексті түрде шығару жөніндегі бөлігінің орындалуын бақылайды; пайдалы қазбалардың өнеркәсіптік маңызын жойған, өндіру процесінде ысырап болған, не кейінгі геологиялық-барлау жұмыстары кезінде немесе кен орындарынан кен өндіргенде қуатталмаған баланстық запастарын пайдалы қазбалар өндіретін кәсіпорындардың есебінен шығару туралы ұсыныстарды қарайды;

н) тұрғын үйлер мен коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарында тұрмыстық газ қондырғыларын пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысына, осы қондырғылардың техникалық жайына және хауіпсіз пайдаланылуы қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізу жөнінде методикалық басшылықты жүзеге асырады;

о) жұмыстарды хауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін қажетті өзгерістер технологиялық процестерді реттейтін регламенттер мен нұсқауларға уақтылы енгізілуін бақылайды;

п) авариялардың алдын алу жөніндегі шаралардың жүргізілуіне және кәсіпорындардың оларды жоюға әзірлігіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

р) бұрғылау, мұнай кәсіпшілігі және геологиялық-барлау жабдықтарының — техникалық тапсырма беру кезеңінен бастап және хауіпсіздік жөнінде көтеріңкі талаптар қойылатын басқа кен-шахта жабдықтары мен жарылыстан қорғалған электр-техникалық бұйымдардың — қабылдау сынақтары кезеңінен бастап — ережелерге, нормалар мен стандарттарға (қолданған кезде хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бөлігінде) сәйкес келуіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

с) мыналарға рұқсат береді:

СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесіндегі органдарда тіркелетін көтергіш құрылғыларды, қысыммен жұмыс істейтін бу және су жылыту қазандарын, сауыттарды, бу мен ыстық суға арналған труба құбырларын жасау мен монтаждау правосына;

*(төртінші абзац)* жару жұмыстарын жүргізу правосына;

пайдалы қазбалар (кең таралғандарынан басқа) жатқан алаңдарға ерекше реттерде құрылыстар салуға;

мамандандырылмаған кәсіпорындар мен ұйымдардың жер асты газ құбырларын және олардың үстінде газ құрылыстарын салуға байланысты жұмыстарды жүргізу правосына;

т) кәсіпорындарға, ұйымдарға жарылғыш материалдар алу правосына куәліктер береді;

у) Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесіндегі ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды (халық шаруашылығының тиісті салаларының біліктілікті арттыру курстарында және басқаларда) ұйымдастырады;

ф) бақылауындағы кәсіпорындар мен объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссиясының құрамына қатысу үшін өкілдер тағайындайды; СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің тапсыруы бойынша магистральдық мұнай өнімдері құбырлары мен газ құбырларын пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссияларына қатысады; мемлекеттік қабылдау комиссия-

ларының кәсіпорындар мен объектілерді пайдалануға қабылдау ережелерін сақтауына іріктеме бақылау жасауды жүзеге асыруға қатысады;

х) әскерилендірілген кен-құтқару бөлімдерінің фонтанға қарсы және газ-құтқару қызметтері бөлімшелерінің жайына және олардың кәсіпорындар мен ұйымдардағы аварияларды жоюға әзірлігіне, осы бөлімдер мен бөлімшелердің профилактикалық жұмыс жүргізуіне бақылау жасайды; аталған бөлімдер мен бөлімшелерді Қазақ ССР-інің территориясында орналастырудың министрліктер мен ведомстволар келісуге табыс ететін схемаларын қарайды;

ц) СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Жару ісі жөніндегі ведомствоаралық советтің халық шаруашылығында жарылғыш материалдардың тиімділігін арттыруға, дұрыс және хауіпсіз пайдаланылуына қатысты мәселелер жөніндегі шешімдерін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының, өз бақылауындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың орындауын бақылайды;

ч) құрылыс салынған алаңдар астындағы, сондай-ақ халық шаруашылық объектілерінің күзет аймақтарындағы пайдалы қазбалардың (кең таралғандарынан басқаларының) запастарын шығарып алу мәселелері жөнінде кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер арасындағы дауларды шешіп, дауласушы жақтар үшін міндетті шешімдер қабылдайды;

ш) жұмысты хауіпсіз жүргізу және жабдықтарды орнату жөніндегі ережелердің, нормалардың жобалары мен басқа да нормативтік документтер бойынша қорытындылар әзірлеп, СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етеді.

Мұның өзінде қажет болған реттерде кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен объектілердің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жұмысты хауіпсіз жүргізу, жабдықтарды орнату мен пайдалану, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларда көзделетін талаптардың олар үшін бірдей болып белгіленуіне күш салады, аталған нормативтік документтердің әзірленуі мен жетілдірілуіне бақылау жасайды.

7. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне алдында тұрған міндеттерді шешу және өзіне жүктелген тапсырмаларды орындау үшін мынадай право беріледі:

а) бақылауындағы барлық кәсіпорындарға, ұйымдар мен объектілерге Комитеттің компетенциясына жататын мәселелер бойынша кез келген уақытта тексеру жүргізуге;

б) Қазақ ССР-інің тиісті министрліктерінің, ведомстволарының, кәсіпорындарының және ұйымдарының келісуімен олардың мамандарын тексерістер жүргізуге қатыстыруға;

в) жұмысты хауіпсіз жүргізу, жарылғыш материалдарды сақтау, пайдалану және есепке алу, жабдықтарды орнату, жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардың тексеру кезінде ашылған бұзылуларын жою, сондай-ақ осындай бұзушылықтарға әкеп соқтыратын себептер мен жағдайларды жою туралы Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына ұсыныстар енгізуге және Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті бақылайтын объектілері бар кәсіпорындардың, ұйымдардың, халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің басқармалары мен бөлімдерінің басшыларына міндетті түрде орындайтын нұсқаулар беруге;

г) жұмысты хауіпсіз жүргізу және жер қойнауын қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды бұза отырып жүргізіліп жатқан жұмыстарды тоқтата тұру туралы, сондай-ақ адамдардың өміріне немесе авариянын пайда болу хаупі төнген кезде адамдарды жұмыс орындарынан алып кету туралы бақылауындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен объектілердің лауазымды адамдарына міндетті түрде орындайтын нұсқаулар беруге және қажет болған ретте жұмысты тікелей тоқтата тұрып, адамдарды алып кетуге, жұмыс орындарын немесе жабдықтарды мөрлеп жабуға;

д) егер кәсіпорындар мен ұйымдарда жарылғыш материалдарды сақтаудың, пайдалану мен есепке алудың белгіленген тәртібін сақтау қамтамасыз етілмесе, жару жұмыстарын жүргізу правосына берілген рұқсатты алып қоюға;

ж) бақылауындағы кәсіпорындарда, жекелеген өндірістерде, объектілерде, ұйымдар мен оқу-курс комбинаттарында жұмысшыларды жұмысқа жіберудің, оларға нұсқаулар берудің және жұмыстың хауіпсіз әдістерін үйретудің белгіленген тәртібін, сондай-ақ оларды аттестациялау және осы саладағы білімдерін тексеру тәртібінің сақталуын тексеруге;

тиісті инженер-техник қызметкерлердің ережелерді, нормалар мен технологиялық регламенттерді және жұмысшылардың еңбек қорғау жөніндегі нұсқауларды білуін іріктеме тексеруді белгіленген тәртіп бойынша жүргізіп отыруға; кәсіпорындардың, ұйымдардың, объектілердің жаңадан тағайындалған басшыларының және белгіленген мерзімдерде — өзге инженер-техник қызметкерлердің жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нормаларды білуін тексеруге қатысуға;

жару жұмыстарын орындау үшін даярланатын адамдардан емтихандар қабылдап, тиісті куәліктер беруге;

з) белгіленген тәртіп бойынша мынадай адамдарды қызметтерінен босату туралы немесе жұмысқа техникалық басшылық ету правосынан бір жылға дейінгі мерзімге айыру туралы Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволарының, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларына ұсыныстар жасауға;

жұмысты хауіпсіз жүргізу, жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды ұдайы бұзатын;

жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау органдарының нұсқауы бойынша тоқтатылған жабдықтар мен объектілердің жұмысын өз бетімен қайта бастататын және оларды пайдалануға қосуға жол беретін;

жарылғыш материалдарды есепке алудың, сақтау мен пайдаланудың белгіленген тәртібін бұзатын;

кен, бұрғылау, маркшейдерлік, жару, газды қолдану хауіпті жұмыстар мен электр-техникалық жұмыстарға, сондай-ақ қазан қадағалау объектілері мен көтергіш құрылғыларда жұмыстарға басшылық ету праволары жоқ;

хауіпсіздік техникасын оқып-үйренбеген және белгіленген тәртіп бойынша емтихан тапсырмаған;

и) кінәлы адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін тиісті реттерде материалдарды тергеу органдарына беріп отыруға;

к) Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің компетенциясына енетін мәселелер бойынша Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары өкілдерінің, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының баяндамалары мен хабарларын тыңдап отыруға;

л) кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде авариға душар ет-

кен жағдайлар мен себептерге, өндірістік травматизм болған, жарылғыш материалдар ұрланған, ысырап етілген және төгіп-шашылған реттерде белгіленген тәртіп бойынша техникалық тергеу жүргізуге және тергеудің нәтижелері бойынша Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің компетенциясына жатқызылған мәселелер жөнінде орындауға міндетті шешімдер қабылдауға;

м) Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің компетенциясына жататын мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу, жобалау және жобалау-конструкторлық жұмыстар жүргізу туралы ұсыныстарды Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына енгізуге; хауіпсіздік техникасы, жер қойнауын пайдалану мен қорғау және жару ісін жетілдіру саласында мамандандырылған салалық институттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының келісуге табыс етілетін перспективалық жоспарларын қарауға;

н) қажет болған ретте Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың қолданылып жүрген ережелер шеңберінде жабдықтар мен материалдарға бақылау сынақтарын, жұмыс ортасы мен айналадағы табиғи ортаға бақылаулық талдау жасауын, сондай-ақ жабдықтарды техникалық куәландыру ісін жүргізуді тағайындауға;

о) жабдықтарды әзірлейтін, жасайтын және монтаждайтын кәсіпорындар мен ұйымдарға конструкциялық кемшіліктерді, сондай-ақ әзірлеу мен монтаждауда жіберілген, жабдықтарды пайдалану хауіпсіздігін төмендететін кемшіліктерді жою туралы нұсқаулар беріп, олардың орындалуын бақылауға;

қажет болған ретте өнім жасаушы заводтар мен жөндеу кәсіпорындарында өнеркәсіптің кен өндіретін салаларына арналған жабдықтардың, жарылыстан қорғалған рудниктік электр-жабдықтарының, жасалатын және жөнделетін көтергіш құрылғылардың, бу мен ыстық суға арналған қазандар мен труба құбырларының қысыммен жұмыс істеуге арналған сауыттардың жұмысты хауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес келуін тексеруге; аталған жабдықтар техникалық хауіпсіздік ережелері мен нормаларының талаптарына және бекітілген жобалық шешімдерге сәйкес келмеген ретте оларды шығаруды тоқтата тұруға және қолдануға тыйым салуға [1];

п) Қазақ ССР-інің министрліктерінен, ведомстволарынан, Қазақ ССР Ғылым академиясынан, ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарынан (олардың келісуі бойынша) мамандарды Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары есебінен командировка шығындарын төлеп және оларға жұмыс орны бойынша жалақысын сақтай отырып, бір айға дейінгі мерзімге эксперттер ретінде қатыстыруға;

р) кәсіпорындар мен ұйымдардан хауіпсіздік техникасының жайы, өндірістік травматизмнің себептері, жер қойнауын пайдалану мен қорғау, жарылғыш материалдардың сақталуын қамтамасыз ету және олардың шығын болған реттері туралы СССР Орталық статистика басқармасы белгілеген есеп беру формалары бойынша мәліметтер, ал тексеру кезеңінде — есеп берудің қолданылып жүрген формалары бойынша кәсіпорындардың, ұйымдардың, объектілердің басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз

[1] 7-пункттің «о» тармағының екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 27 июньдегі № 221 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 16, 48-ст.).

жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің компетенциясына жататын мәселелер жөніндегі түсініктемелер және танысу үшін қажетті анықтамалар мен есептер, кен және геологиялық барлау жұмыстарының жоспарларын, кен және жару жұмыстарына, бұрғылау скважиналарына, көтергіш құрылғыларға, қазан қадағалау мен газ қадағалау объектілеріне және химия, мұнай-химия, металлургия, мұнай өңдейтін, газ өңдейтін өндірістердегі технологиялық процестерге арналған техникалық документтемені алуға [1];

с) кәсіпорындардың, ұйымдар мен объектілердің инженер-техник қызметкерлерінде кен, бұрғылау, жару, маркшейдерлік, электр-техникалық және газды қолдану хауіпті жұмыстарға басшылық етуге право беретін тиісті документтердің бар-жоғын, сондай-ақ қызметкерлерде жару, газды қолдану хауіпті жұмыстарды және хаупі үлкен басқа да жұмыстарды жүргізуге право беретін тиісті документтердің бар-жоғын тексеруге; жарылғыш материалдарды сақтауға, пайдалануға және есепке алуға байланысты жұмысқа қабылдау үшін белгіленген арнаулы талаптардың сақталуын бақылауға;

т) жер астында сақтаған жағдайда мұнайдың, газдың және басқа заттар мен материалдардың, жер қойнауына ағызылатын сарқынды сулардың, жер қойнауына көмілген зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарының кен қазбаларына, жер бетіне және су объектілеріне өтуін болдырмау жөніндегі талаптардың сақталуын тексеруге;

у) жер қойнауын өз бетімен пайдалануды және пайдалы қазбалар жатқан алаңдарға өз бетімен құрылыстар салуды тоқтатуға, сондай-ақ жер қойнауы туралы заңдардың талаптары бұзылған реттерде жер қойнауына сарқынды сулар ағызуды, зиянды заттар мен өндіріс қалдықтарын көмуді, заттар мен материалдарды жер астында сақтауды шектеуге, тоқтата тұруға немесе тыйым салуға.

Осы тармақпен көзделген праволар Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының лауазымды адамдарына (инспекторлық құрамды қоса алғанда) СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі республиканың жағдайларын ескере отырып белгілейтін көлемдерде беріледі.

8. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетін Председатель басқарады, оны Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығындағы кезеңде — кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне енгізе отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателінің орынбасарлары болады, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына дербес жауап береді, Председательдің орынбасарларының, Комитеттің орталық аппаратының бөлім бастықтары мен басқа да бөлімшелері басшыларының Комитет қызметінің жекелеген салаларына басшылық үшін және Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мем-

---

[1] 7-пункттің «р» тармағына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 27 июньдегі № 221 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 16, 48-ст.).

лекеттік комитеті жүйесіндегі ұйымдардың жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі өз міндеттерін орындау кезінде Қазақ ССР-і министрлерінің праволарымен пайдаланады.

9. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінде коллегия құрылады, оның құрамында Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі (коллегия председателі), Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателінің лауазым бойынша орынбасарлары, сондай-ақ Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің басқа да басшы қызметкерлері болады.

Комитеттің коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде өнеркәсіпте жұмыстың хауіпсіз жүргізілуін, жер қойнауын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік қадағалауды жетілдіру мәселелерін және Комитет қызметінің басқа да негізгі мәселелерін қарайды, қарамағындағы ұйымдарға практикалық басшылық, шешімдердің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу мен пайдалану мәселелерін, жоғары тұрған органдарға енгізілетін аса маңызды документтердің, сондай-ақ Комитет қаулыларының бұйрықтары мен нұсқауларының жобаларын талқылайды, округтар басқармаларының басшыларын, Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және оның қарамағындағы ұйымдардың есептерін тыңдайды; өз компетенциясына енетін мәселелер жөнінде Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары өкілдерінің, сондай-ақ бақылауындағы кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және басқа ұйымдар мен жабдық жасаушы заводтар басшыларының баяндамалары мен хабарларын тыңдайды.

10. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті Комитеттің орталық аппаратының бөлімшелері мен Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесіндегі ұйымдар орындауға міндетті бұйрықтар мен қағидалар шығарып, нұсқаулар береді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті өз компетенциясы шеңберінде Қазақ ССР-інің тиісті министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер орындауға міндетті қаулылар шығарады.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті қажет болған реттерде мүдделі басқа министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп немесе олардың келісуімен қаулылар шығарады.

11. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінде еңбек хауіпсіздігінің жайын жақсарту, авариялықтың алдын алу, өндірістік травматизмді азайту, жер қойнауын қорғау және Комитеттің компетенциясына

жатқызылған басқа да мәселелерді қарау үшін ғылыми-техникалық совет (жұмыс бағыттары бойынша секциялары бар) құрылады.

Ғылыми-техникалық советтің дербес құрамы мен совет туралы ережені Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

12. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің санын Қазақ ССР Министрлер Советі СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен бекітеді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты мен қарамағындағы округтар басқармаларының штаттық кестесін Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

13. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуімен өз округтарының басқармалары мен инспекцияларды өзіне бекітілген қызметкерлер саны мен бюджеттік қаржылар шеңберінде белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта ұйымдастырады және таратады, олар туралы ережелерді бекітеді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік қадағалаудың басқа органдарымен, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советімен және кәсіподақтардың техникалық еңбек инспекцияларымен тығыз байланыса отырып жұмыс жүргізеді.

Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті штаттан тыс инспекторлар жүйесін құрады, олар СССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті солар үшін бекіткен ереже бойынша жұмыс істейді.

14. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның республикалық бағыныстағы органдарының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

15. Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің бақылауындағы кәсіпорындар мен ұйымдар, сондай-ақ халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттері жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау түрлі кәсіпорындар мен ұйымдардың объектілерінде жүзеге асырылатын реттерде Қазақ ССР Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесіндегі органдардың лауазымды адамдарын қызмет үй-жайларымен, телефон байланысымен қамтамасыз етуге, кәсіпорындарды, ұйымдар мен объектілерді тексеру кезеңінде оларды қажетті арнаулы киіммен және қорғаныш құралдарымен, қызмет бабындағы және арнаулы автотранспорт тұратын орын-жайлармен жабдықтауға, бұл органдардың қызметкерлеріне коммуналдық қызметі, отыны мен телефон байланысы бар тұрғын үй бөлуге, сондай-ақ аварияларды немесе жазатайым оқиғаларды тексеру және объектілерді техникалық куәландыру үшін шақырылатын инспекторларды жеткізуге транспорт беріп отыруға міндетті.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР ҚОЙНАУЫ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1976 жылғы 4 августағы ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1976 ж., № 32)

41—57, 76—88-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР КОДЕКСІ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1971 ж., № 30)

42, 140—142, 145—148-статьялар

## ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА КӨПШІЛІК ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАР ДАЙЫНДАУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШИКІЗАТ ПЕН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 24 июльдегі № 560 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Республиканың Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне және басқа министрліктер мен ведомстволарға, облыстық атқару комитеттеріне және Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) өндірісте шикізат пен материалдардың артық есептен шығарылып тасталуының алдын алу және жол бермеу, есептен жасырылған өнім шығару есебінен талан-таражға салу фактілерінің алдын алу мақсатында өнім дайындауға жұмсалатын шикізат пен материалдардың шығынын бақылау күшейтілсін.

Өндірісте шикізат пен материалдардың түсуі мен жұмсалуын бақылау, сондай-ақ өнім шығару және оның түр-түрі жөніндегі есеп деректерінің шын мәнісінде шығарылған өнімге және оның түр-түріне сәйкес келуін бақылау жөніндегі жұмысқа жұртшылық кеңінен тартылсын;

б) товар-материал құндылықтарын инвентарьлау жөніндегі жұмысты жақсарту, ол жұмысты құнды заттардың сан жағынан да, сорттылығы жағынан да іс жүзінде қанша бар екендігін тексерместен есеп деректері бойынша жүргізе салуға жол бермеу шаралары қолданылсын.

Қәсіпорындардың цехтары мен қоймаларында материалдық құндылықтарды күтпеген жерден бақылап инвентарьлау жүргізілсін;

в) өнеркәсіп орындарында, әсіресе жеңіл, тамақ және жергілікті өнеркәсіп орындарында ведомство ішіндегі финанс бақылауы ретінде тексеру жүргізген кезде мыналар тексерілсін:

— шикізат пен материалдардың дұрыс жұмсалуы және белгіленген нормалардың өндіріс жағдайларына сәйкестілігі, бұл үшін тексеру жүр-

---

[1] 6-томның 131-бетін қараңыз.

[2] 6-томның 46-бетін қараңыз.

[3] 2—4-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

гізуге инженерлер, технологтар, товароведтер және басқа мамандар тартылсын, қажет болған реттерде шикізаттар мен материалдар таразыға салынып өлшенсін, бақылау талдаулары жасалсын, шикізат пен материалдардың шын шығынын анықтау үшін шикізаттар мен материалдар бақылау ретінде өндіріске қосылсын;

— жүргізілген операциялардың заңдылығы мен дұрыстығын, бухгалтерия документтерінде көрсетілген материалдық құндылықтардың шын мәнінде алынғандығын немесе берілгендігін анықтау үшін бухгалтерия документтерін тексеру;

— тексерілетін кәсіпорындар мен ұйымдардағы документтердің материалдық құндылықтар алынған немесе берілген кәсіпорындар мен ұйымдардағы документтермен сәйкестілігін тексеру;

г) өнім дайындағанда шикізат пен материалдарды кем жұмсауға, шикізаттың бір түрінің орнына екіншісін салуға, бұйымдардың көлемін, салмағын, ұзындығын және енін кемітуге байланысты талан-таражға жол бермеу керектігін еске алып, шығарылатын дайын бұйымдардың белгіленген мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестілігін бақылауды күшейту.

## § 4. ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАРДЫ ӨНДІРУ

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «1981-1985 ЖЫЛДАРЫ ЖАППАЙ СҰРАНЫМҒА ИЕ ТОВАРЛАР ӨНДІРУДІ МОЛАЙТУ, ОЛАРДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АССОРТИМЕНТІН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 30 ИЮЛЬДЕГІ № 734 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 31 августағы № 387 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 19, 50-ст.)**

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «1981—1985 жылдары жаппай сұранымға ие товарлар өндіруді молайту, олардың сапасын арттыру және ассортиментін жақсарту туралы» 1981 жылғы 30 июльдегі № 734 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

3. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті 1981—1985 жылдары мебель, ыдыс-аяқ, лак-бояу материалдарын, тұрмыстық мақсаттағы электр жарық бергіш арматура, мақта-мата және аралас маталардан тігілген ерлер жейделерін, мақта-мата маталарынан тігілген костюмдер мен шалбарлар және халық сұранымы әлі де толық қанағаттандырылмай жүрген басқа да товарлар өндіруді молайту үшін мүмкіндіктер іздестіріп табу жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

---

[1] 2, 5 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

9-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 30-июльдегі № 734 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республика территориясында орналасқан өндірістік бірлестіктерге (кәсіпорындарға), олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, ең қарапайым мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы товарларды (кірқысқыштарды, ас үй құралдарын, кәрзеңкелерді, қыш-құмыра бұйымдарын, мектеп құралдарын және басқаларды) сауда жасайтын ұйымдардың заказдары бойынша республикадан тыс жерлерге шығаруды ескере отырып, республика халқының осы товарларға қажеттерін толық қанағаттандыратын мөлшерлерде өндіру жөнінде тапсырмалар белгілеу туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыныстар енгізсін.

4. Халықтың жаппай сұранымға ие товарларға қажеттерін барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз етудің ерекше маңыздылығын ескере отырып Қазақ ССР-інің министрлері мен ведомство басшыларына осы қаулыда көзделген тапсырмаларды орындау үшін, товарлардың ассортименті мен сапасын халық сұранымына сай жақсарту үшін, сондай-ақ жаңа тұтыну қасиеттері, неғұрлым жоғары төзімділік пен беріктілік көрсеткіштері бар бұйымдар шығаруды ұйымдастыру үшін дербес жауапкершілік жүктелсін.

6. Халықтың тұтынуы үшін шығарылатын товарлардың сапасын арттырып, олардың ассортиментін жаңартуды тездету мақсатында 1981 жылдан бастап, әдетте, өздерінің тұтыну қасиеттері, техникалық дәрежесі, беріктігі, сыртқы безендірілуі, басқа да көрсеткіштері бойынша әлемдік және отандық таңдаулы үлгілерге сай келетін мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы жаңа товарлардың өндіріске қойылуына жол беріледі деп белгіленсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті халық тұтынатын азық-түлік емес жаңа товарларға, әсіресе ең қарапайым бұйымдарға арналған нормативті-техникалық документтемені мүдделі ұйымдармен келісу мерзімі 30 күннен аспауға тиіс екендігін ескере отырып, мұндай документтемені қарау мен бекіту тәртібін жеңілдету жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті таяудағы жылдары жаппай сұранымға ие товарлар шығаруды негізінен мамандандырылған кәсіпорындарда (цехтарда) шоғырландыруды ескере отырып 1981—1985 жылдары бұл товарларды шығаратын кәсіпорындарды, цехтар мен өндірістерді мамандандырып, ірілендіру, оларды осы заманғы жабдықтармен жабдықтандыру, мұндай товарлар өндіруді кооперациялауды кеңейту жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері осы қаулымен көзделген шаралардың орындалуын ұдайы бақылауды жүзеге асырып отырсын, халық тұтынатын товарлар өндіру жоспарларының орындалуы үшін бірлестіктер мен кәсіпорындар басшыларының жауапкершілігін арттырсын. Товарлар шығаруды одан әрі молайту, олардың ассортименті мен сапасын жақсарту жолындағы социалистік жарысты өрістетуде, саудада жетіспейтін бұйымдар шығаруды бұдан былай да еселей түсу үшін резервтерді іздестіріп тауып, неғұрлым толық пайдалануда бастауыш партия ұйымдары мен еңбек коллективтерінің ролін жандандырсын.

11. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне, Қазақ

ССР Министрлер Советіне және көшірмеде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жыл сайын 1 февральға баяндап отыратын болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті аталған материалдарды қорытып, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советіне баяндаманың жобасын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне 15 февральға табыс етіп отырсын.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МИНИСТРЛІКТЕР МЕН ВЕДОМСТВОЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҚӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ ШИКІЗАТ ПЕН ҚАЛДЫҚТАРДАН ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАР ӨНДІРУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 15 ЯНВАРЬДАҒЫ № 61 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 30 марттағы № 142 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері 1981—1985 жылдары жергілікті шикізаттан және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірісінің қалдықтарынан халық тұтынатын товарлар өндіруді едәуір арттыру жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын, оларда мыналар көзделсін:

пайдаланылатын жергілікті (минералдық, өсімдіктік, малдық) шикізаттың номенклатурасын ұлғайту мен оны өңдеудің көлемін арттыру;

химия, жеңіл, металл және ағаш өңдеу өнеркәсібімен өнеркәсіптің басқа салалары кәсіпорындарының кәдеге жарамды қалдықтарын тауып, өндіріске пайдалану;

жергілікті шикізат пен қалдықтардан халық тұтынатын товарлар әзірлейтін кәсіпорындарды — жабдықтармен, құрал-сайманмен, толық жарамды және кондициялы емес шикізатпен, көмекші материалдармен, ал үйде істеушілердің еңбегін пайдаланатын кәсіпорындарды технологиялық мұқтаждарға арналған шағын тоннажды автомобиль транспортымен қамтамасыз етуді жақсарту;

жергілікті шикізат пен қалдықтардан халық тұтынатын товарлар әзірлейтін кәсіпорындарды қайта құру мен техникалық қайта қаруланды-

[1] 2-пункттің екінші, бесінші абзацтары, 4—8 және 10-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 15 январьдағы № 61 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

дыру, жаңа кәсіпорындар салу, осы кәсіпорындар үшін арнаулы стандартқа жатпайтын жабдықтар, тетіктер, құрал-саймандар мен жарақтар шығаруды ұйымдастыру;

маусым аралығындағы кезеңдерде село халқының еңбегін шарттық негіздерде пайдалану есебінен өнеркәсіп кәсіпорындарының колхоздармен, совхоздармен, ауыл шаруашылығындағы шаруашылықаралық кәсіпорындармен (ұйымдармен) өндірістік кооперациялануын өркендету.

2. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі:

*(үшінші абзац)* сыпырғылық сорго мен люфаның егістігін ұлғайту, жүзім шыбығын өсіру, жабайы өсетін қалың талды, шиді, қамысты, қоғаны пайдалануды жақсарту есебінен үстіміздегі бесжылдықта өсімдік шикізатын өңдеу көлемін ұлғайтуды көздейтін болсын;

халық тұтынатын товарлар шығару үшін жергілікті минералдық шикізатты (әшекей тастар, балшық, құм, трепел, бояу-сырлар, әк) өндіріске неғұрлым толық пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырсын;

*(алтыншы абзац)* кәдеге жарамды қалдықтар мен қолда бар жергілікті шикізатты неғұрлым толық пайдалану үшін Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп, Қазақ ССР Ет-сүт өнеркәсібі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрліктері, СССР Химия өнеркәсібі министрлігі, республиканың басқа да министрліктерінің, ведомстволарының кәсіпорындарымен және ұйымдарымен, одақтық бағыныстағы кәсіпорындармен, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің колхоздарымен және совхоздарымен өндірістік байланыстарды ұлғайтсын.

Республиканың аталған министрліктері мен ведомстволары қарамағындағы кәсіпорындары, ұйымдары пайдаланбайтын қалдықтарды (орталықтандырылған тәртіп бойынша бөлінетін қалдықтардан басқа) жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарына беріп отырсын;

Жамбыл шыны заводында 1981 жылдан бастап сортты ыдыс шығаруды, 1982 жылдан бастап тоқыма емес материалдардан бұйымдар шығару үшін Қостанай камволь-шұға комбинаты мен химия талшықтары заводының қалдықтарын пайдалануды ұйымдастырсын;

жергілікті шикізат пен қалдықтардан халық тұтынатын товарлар, сондай-ақ көркемдік кәсіпшіліктер бұйымдарын өндіру үшін үйде істейтіндер еңбегін пайдалануды едәуір ұлғайтуды қамтамасыз етсін. 1985 жылы үйде істейтіндер санын 1980 жылмен салыстырғанда 1,4 есе көбейтетін болсын.

Облыстық атқару комитеттері қажет болған ретте аудан орталықтары мен ірі селолық елді мекендерде үйдегі еңбектің тірек пункттерін ұйымдастыруға арнап үй-жайлар бөліп отырсын;

қарамағындағы «Қазгипроместпром» институты мен жобалау-конструкторлық ұйымдарының жергілікті шикізат пен қалдықтарды ұтымды пайдалану проблемаларын зерттеу, прогресті технологиялық процестерді әзірлеп, өндіріске енгізу, жергілікті шикізат пен қалдықтардан халық тұтынатын товарлардың жаңа үлгілерін жасау, олардың сапасы мен ассортиментін жақсарту жөніндегі жұмысының тиімділігін арттырсын.

3. Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Семей, Талдықорған және Шымкент облыстық атқару комитеттері Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне — сыпырғылық соргоның мәдени егістігіне арнап жерлерді, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Семей облыстық атқару комитеттері жабайы қалың өскен учаскелерді, сондай-ақ жүзім шыбығын өсіруге жарамды учаскелерді белгіленген тәртіп бойынша бөлу мүмкіндігін қарайтын болсын.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі Қазақ ССР Мелиора-

ция және су шаруашылығы министрлігімен және тиісті облыстық атқару комитеттерімен өсімдік шикізатын алу үшін пайдаланылатын өсімдіктердің мәдени сорттарын отырғызуға бөлінген жер учаскелерінде мелиорация жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық жоспарларында аталған жұмыстарды жүргізуге қажетті күрделі қаржы бөлуді көздеп отырсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне сыпырғылық соргоны, люфаны, жүзім шыбықтарын күтіп баптау мен жинауға қажетті машиналар, жабдықтар, механизмдер мен транспорт құралдарын бөлуді көздейтін болсын.

9. Тікелей қарамағында жергілікті шикізат пен қалдықтардан және оларды қолдана отырып халық тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындары бар республикалық министрліктер мен ведомстволардың аталған кәсіпорындардың көпшілік тұтынатын товарлар қорының СССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 18 июльдегі № 600[1] қаулысы 8-пунктінің «а» тармақшасымен (Қазақ ССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 16 сентябрьдегі № 643 қаулысының 5-пунктімен) көзделген қаржысының 25 процентін 1982 жылдан бастап өз қарамағында орталықтандырып, осы қаржыларды халық тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайтып, сапасын жақсарту жөніндегі шараларды қаржыландыруға, оларды шығаруға арналған жабдық әзірлеуге және халық тұтынатын товарлардың жаңа үлгілерін әзірлеуге пайдалануға правосы бар деп белгіленсін.

11. Жергілікті шикізат пен қалдықтан өнім шығаруы оны өндірудің жалпы көлемінің ең кемінде 50 проценті болатын кәсіпорындарды 1981 жылдың 1 январынан бастап бекітілген көрсеткіштеріне сәйкес басшы және инженер-техник қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөнінде жатқызылуы мүмкін топтан жоғары бір топқа жатқызу правосы республикалық министрліктер мен ведомстволарға және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына берілсін.

13. Жергілікті шикізат пен қалдықтардан халық тұтынатын товарлар өндіруді дамытуға қатысы бар тапсырмалар осы қаулыға сәйкес белгіленген республиканың министрліктері мен ведомстволары осы тапсырмалардың орындалу барысы туралы жыл сайын 1 февральға Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне баяндап отырсын.

---

[1] СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз.

# ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАР ӨНДІРУДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАЛДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1964 жылғы 16 сентябрьдегі № 643 ҚАУЛЫСЫ

Өнеркәсіп қалдықтарын халық тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайту үшін кәдеге жаратуды одан әрі жақсарту, бұл істе кәсіпорындардың материалдық ынталылығын арттыру мақсатында және СССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 18 июльдегі № 600 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына өнеркәсіптік қалдықтарды пайдалануды түбірлі жақсарту жөнінде шаралар жасау және жүзеге асыру міндеттелсін, ол үшін:

а) қарамақтарындағы кәсіпорындардың шикізат пен материалдар ретінде өндірісте пайдалануға жарамды өнеркәсіптік қалдықтарды сұрыптауды ұйымдастыру;

б) кәсіпорындарға көп сұранысты халық тұтынатын товарлар мен өндірістік мақсатқа арналған бұйымдар шығару үшін шикізат пен материалдар ретінде пайдаланылуы мүмкін өнеркәсіптік қалдықтарды екінші рет іске жаратылған шикізат немесе металл сынығы ретінде дайындау ұйымдарына тапсыруға тыйым салу;

в) қазіргі бар кәсіпорындарда (ыңғайлы деп танылған жерлерде) цехтар мен учаскелерді, ал қажет деп танылған жағдайларда халық тұтынатын товарларды өнеркәсіптік қалдықтардан өндіру жөніндегі дербес кәсіпорындарын ұйымдастыру, ол үшін кәсіпорындардың және экономикалық әкімшілік аудандардың халық шаруашылығы советтерінің көпшілік тұтынатын қордың қаржыларын, сондай-ақ СССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 24 январьдағы № 75 қаулысына [2] сәйкес берілетін СССР Мемлекеттік банкісінің кредиттерін пайдалану.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, министрліктері, ведомстволары мен кәсіпорындары халық тұтынатын товарларға деген халықтың сұранысын барынша қамтамасыз етуді ескере отырып, халық тұтынатын товарларды өндірудің жоспарларының жобаларында өнеркәсіптік қалдықтарды неғұрлым толық және тиімді пайдалануды қарап отыратын болсын.

3. Өндірісте пайдалануға жататын өнеркәсіптік қалдықтардың номенклатурасы мен техникалық сипаттамаларын экономикалық әкімшілік аудандардың халық шаруашылығы советтері, министрліктер, ведомстволар немесе олардың тапсырмалары бойынша қарамағында кәсіпорындары бар шаруашылық ұйымдары бекітеді деп белгіленсін.

Кәсіпорындар өз өндірісінде кәдеге жарата алмайтын қалдықтар жоғары тұрған ұйымның нұсқауы бойынша басқа кәсіпорындарға берілуге тиіс, ал одан бір ай ішінде қалдықтарды жөнелту туралы тиісті жарлықтар алмаған ретте мемлекеттік немесе кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдарға өз ұйғаруы бойынша өткізілуге тиіс.

---

[1] Күштерін жойды деп танылған: 3-пункттің үшінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 16 декабрьдегі № 475 қаулысымен; 4-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 ж. 16 марттағы № 138 қаулысымен.

2 және 6-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт СССР Министрлер Советінің 1964 ж. 18 июльдегі № 600 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

[2] СП СССР, 1964 ж., № 2, 10-ст.

# ҚАЗАҚ ССР-інің КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ЖАППАЙ СҰРАНЫМДЫ ТОВАРЛАР ӨНДІРУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1971 жылғы 1 декабрьдегі № 660 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі және кәсіпорындарында халық тұтынатын товарлар өндірілетін республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті, сондай-ақ Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті сауда үшін жетіспейтін жаппай сұранымды товарлар бойынша рыноктық қорларды арттыру үшін қосымша товарлар ресурсын іздестіру жөніндегі жұмысты жүйелі түрде бүкіл жыл бойы жүргізетін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жоғарыда аталған мүмкіндіктердің табылуына қарай министрліктердің, ведомстволардың және облыстық атқару комитеттерінің ұсыныстарын ескере отырып халыққа сатуға арналған жаппай сұранымды товарлар мен басқа да тұтыну товарларын шығаруды арттыру туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізіп отырсын.

3. Қазақ ССР-інің министрліктеріне, ведомстволарының басшыларына, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

министрліктер мен ведомстволар коллегияларының, аппарат қызметкерлерінің және кәсіпорындар басшыларының ең қысқа мерзімде жаппай сұранымды товарлар өндіруді ұлғайтуға, олардың сапасын жақсартып, ассортиментін жаңартуға байланысты мәселелерді комплексті шешу жөніндегі жауапкершілігін арттыру;

кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдар коллективтерінің назарын тұтынушылардың түрлі талғамдары мен тілектеріне сай келетін және осы саладағы дүние жүзілік жетістіктер деңгейінде тұрған анағұрлым жетілдірілген конструкциялы және осы заманғы модалы, жаңа тұтыну қасиеттеріне ие жаңа товарлар өндіруді әзірлеуге, дайындауға және ұйымдастыруға жұмылдыру.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары басшыларының, облыстық атқару комитеттері председательдері осы қаулыда көзделген тапсырмалардың орындалуы, жаппай сұранымды товарлардың сауда ұйымдарының заказдарына сәйкес өндірілуін қамтамасыз ету жөнінде,

---

[1] 4-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 9 сентябрьдегі № 440 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1-пункт, 4-пункттің бірінші және үшінші абзацтары, 5—14-пункттер, 15-пункттің бірінші абзацы, 16-пункт, 17-пункттің екінші және бесінші абзацтары, 18-пункттің екінші абзацы, 23, 29—31, 33 және 34-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ал Қазақ ССР Сауда министрі мен облыстық сауда басқармаларының бастықтары товарларға арналып табыс етілетін заявкалардың дұрыстығы жөнінде дара жауап беретініне олардың назары аударылсын.

15. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары халық тұтынатын товарларды өндіру жөніндегі кәсіпорындар мен цехтардың қазіргі барларын қайта құру мен олардың жаңаларын салуға осы товарларды өндіруді дамыту жөніндегі жоспарлы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететін мөлшерлерде министрлік, ведомство бойынша жалпы күрделі қаржыландыру есебінен қаржылар бөлетін болсын.

17. Министрліктерге, ведомстволарға, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне мыналар міндеттелсін:

*(үшінші абзац)* шығарылатын барлық азық-түлік және өнеркәсіптік тұтыну товарларының сорттылығының арттырылуын қамтамасыз ету, кәсіпорындарда бұйымдардың Сапа белгісімен шығарылуының артуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жандандыру;

қарамағындағы кәсіпорындардағы техникалық бақылау қызметін білікті қызметкерлермен нығайтуға шаралар қолдану, осы қызметкерлерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру; техникалық бақылау қызметкерлерінің жұмыс тәжірибесін алмасуға арналған семинарлар өткізуді жүйелі түрде практикалап отырсын.

18. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және Қазақ ССР-інің басқа министрліктері мен ведомстволары:

*(үшінші абзац)* тікелей өнеркәсіп кәсіпорындары, бірлестіктері, фирмалар, көтерме сауда базалары, ірі сауда ұйымдары және өнеркәсіп кәсіпорындары арасында ұзақ мерзімді (бірнеше жылға) шаруашылық шарттарын жасау практикасын ұлғайтсын.

19. Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, кәсіпорындары мәдени-тұрмысқа арналған және үй шаруашылығына пайдаланылатын товарлар өндіретін Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына 1972 жылдан бастап, жоспарлардың жобасын жасағанға дейінгі кезеңде (апрель) мәдени-тұрмысқа арналған және үй шаруашылығына пайдаланылатын товарлар сату жөнінде көтерме сауда жәрмеңкелер өткізуді қамтамасыз ету, сөйтіп осы жәрмеңкелерде сатып алынған және сатылған товарлардың нәтижелерін есепке алып, келесі жылға арнап товарлар өндіру жоспарын жасау міндеттелсін.

20. СССР Министрлер Советі мен СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті бекітетін өндіріс жоспарының номенклатуралық өнім өндіру жоспарларына қосылмаған, көпшілік қолды товарлар өндірудің көлемін СССР Сауда министрлігімен келісіп, халықтың бұл товарларға сұранысын және рыноктан тыс тұтынушылардың қажетін анағұрлым толық өтеуді ескеріп, республиканың министрліктері мен ведомстволарының кәсіпорындары бойынша басқа республикаларға товарлар шығару туралы Қазақ ССР Сауда министрлігінің ұсыныстарын ескеріп Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті белгілейді деп белгіленсін.

21. Өнеркәсіп кәсіпорындарының халық тұтынатын товарларды сондай-ақ осы товарларды өндіру үшін қажетті комплектілейтін бұйымдарды, құрамалар мен бөлшектерді жеткізіп беру жөніндегі жауапкершілігін көтеру мақсатымен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, 1972 жылдан бастап, СССР Мемлекеттік материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасымен келісім бойынша мәдени-тұрмыстық мақсатқа арналған және үй шаруашылығында пайдаланылатын товарларды өндірудің жоспарларымен қатар, аталған товарларды дайындау үшін басқа кәсіпорындарға жеткізіп берілетін комплектілейтін бұйымдарды, құрамалар

мен бөлшектерді өндірудің жоспарларында СССР Мемлекеттік материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасы мен СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне кейіннен беру үшін Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне тапсыратын болсын.

22. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР мемлекеттік-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасы:

1972 жылдан бастап жылдық халық шаруашылығы жоспарларында мәдени-тұрмыстық мақсатқа арналған және үй шаруашылығында пайдаланылатын товарларды және басқа көпшілік қолды товарларды шығару үшін қажет шикізатты, материалдар мен комплектілейтін бұйымдарды, кәсіпорындардың өндірістік мүмкіндіктері мен сауда ұйымдарының заказдары ескеріліп жасалған, осы товарларды өндірудің жоспарына толық сәйкес бөлуді қарайтын болсын.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары халық шаруашылығы жоспары жасалатын мезгілге халық тұтынатын товарларды өндірудің неғұрлым толық номенклатурасы бойынша, оған бағасы бойынша көрсетіліп шығарылуға жататын товарларды шығарудың тапсырмаларын қоса, өндірудің көлемін анықтауды қамтамасыз етіп, осыны ескере отырып белгіленген тәртіппен оларды өндіру үшін қажет шикізатқа, материалдарға және комплектілейтін бұйымдарға заявкалар беретін болсын;

республикада қалдырылатын жоспардан тыс материалдық ресурстарды (өндірістік жоспарды асыра орындаудан, есепке алудың қорытындысы бойынша жоспардан тыс қалдықтардан және басқалардан) пайдалану, бірінші кезекте халық тұтынатын товарларды, сондай-ақ оларды өндіру үшін қажетті құрамаларды, бөлшектерді және комплектілеуші бұйымдарды қосымша шығару және рыноктық қорларды көбейтуге пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізетін болсын.

24. Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасы, Қазақ ССР Сауда министрлігі, көтерме жабдықтайтын конторлары бар министрліктер мен ведомстволар рыноктық қор жөніндегі өнімдерді өндірістік жоспардың толық көлемде орындалу орындалмауына және рыноктан тыс тұтынушылардың жоспарының орындалу дәрежесіне қарамастан толық көлемінде жеткізіп беруді қамтамасыз ететін болсын.

25. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың министрліктері мен ведомстволары жыл сайын өндіру жоспарларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, министрліктер мен ведомстволар бекітетін товарлардың номенклатураларын, Қазақ ССР Сауда министрлігінің ұсыныстарын, халық тұтынатын товарларға халық сұранысындағы өзгерістерді және оларға сұраныстың орындалу дәрежесін ескере отырып нақтылайтын болсын.

26. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарын № 3 қосымшаға сәйкес орталықтандырылған тәртіппен бөлінбейтін шаруашылық тұтыну товарларына деген халықтың сұраныстарын, оларды кәсіпорындарда өндіруді ұйымдастыру есебінен де, басқа республикалардан әкелу есебінен де толық қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктелсін.

№ 3 қосымшада көрсетілген Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары осы қосымшада көрсетілген товарларды жасауды жүргізетін және шығаратын кәсіпорындар мен ұйымдар (ол кәсіпорындар мен ұйымдардың республикалық министрліктер мен ведомстволардың қайсысына қарайтындығына қарамастан) арқылы мыналарды қамтамасыз етеді деп белгіленсін:

осы товарларды өндіруді дамыту, тиімді орналастыру, мамандандыру мен кооперациялау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді;

республикада аталған товарлардың жаңа түрлері мен конструкцияларын жасау мен өндіріске енгізу, түр-түрін көбейту мен жақсарту, сапалылығын, беріктігі мен бұзылмайтындығын арттыру саласында бірыңғай техникалық саясатты жүргізуді;

Қазақ ССР Сауда министрлігімен бірлесіп осы товарларға республика халқының қажетін үнемі зерттеп, оларды өндірудің көлемін анықтауды.

Қазақ ССР Сауда министрлігі осы товарларға халықтың сұранысын толық қамтамасыз етуді ескере отырып, республикада өндірілетін осындай товарларды жеткізіп беруді қамтамасыз ететін болсын.

27. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті әрбір өнеркәсіп кәсіпорындарында, олардың кімге бағынатынына қарамастан, халық тұтынатын товарлардың өндірілуі туралы істің жайын үнемі тексеруді қамтамасыз етіп, халық қажетсініп отырған товарлардың өнімін арттыруға тексеру кезінде анықталған мүмкіндіктерді пайдалануға шаралар қолданатын болсын.

Кәсіпорындардың халық тұтынатын товарларды қосымша шығару жөніндегі олар қабылдаған тапсырмаларды жылдық жоспарларының орындалуына қосуға және қосымша кірісті жоспарда қаралған көрсеткіштерді орындағаны үшін белгіленген нормативтер бойынша есептеген экономикалық көтермелеу қорына қосуына кәсіпорындарға рұқсат етілгені ескерілсін.

28. Республиканың министрліктері мен ведомстволарының Қазақ ССР Сауда министрлігімен, сондай-ақ № 3 қосымшаға сәйкес шаруашылық-тұрмыстық товарларға халықтың сұранысын қанағаттандыру жауапкершілігі жүктелген министрліктер мен ведомстволардың, ал село халқына арналған товарлар жөнінде — Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының да келісімдерінсіз көпшілік қолды товарлардың өндірілуін тоқтатуына, сондай-ақ осы товарларды өндірудің тоқсандық жоспарларын өзгертуіне немесе шығару мерзімдері мен жеткізіп беру мерзімдерін кейінге қалдыруына (жергілікті пайдалануға арналған товарлық қордың мөлшерінде) тыйым салынсын [1].

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері, қалалық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері халық қажетсініп отырған товарларды өндірістен алып тасталыну немесе өндірісін азайту фактілерін үзілді-кесілді тоқтатып, осындай тәртіп бұзған адамдарды қатал жазаға тартатын болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық қажетсініп отырған товарлардың шығарылуын өндірістен алып тастау немесе өндірілуін азайтуға жол бермей, қатал бақылайтын болсын және республика министрліктері, ведомстволары және одақтық бағыныштағы кәсіпорындардың бұл мәселедегі әрбір теріс қылығы туралы Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндайтын болсын.

32. Қазақстан КП облыстық комитеттеріне, қалалық комитеттері мен аудандық комитеттеріне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының партия ұйымдарына мыналар міндеттелсін:

халық тұтынатын товарлардың өндірісін дамыту, сапасын жақсарту, түр-түрін көбейту мен жаңарту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейту, осы қаулыда қаралған шаралардың орындалуына күнделікті қатаң ба-

---

[1] 28-пункттің бірінші абзацына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 24 декабрьдегі № 524 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 4, 15-ст.).

қылауды қамтамасыз ету және осы шараларды жүзеге асыруда кәсіпорындар мен құрылыстарға қажетті көмек көрсетіп отыру;

әрбір кәсіпорын мен құрылыстың халық тұтынатын товарларды, оларға құрамалар мен комплектілейтін бұйымдарды өндіру жоспарларын, халық үшін товарлар шығаратын жаңа кәсіпорындарды салу мен қазіргі барларын қайта құру туралы тапсырмаларды орындауын қамтамасыз етіп, заводтардың, фабрикалардың, құрылыстардың коллективтерінің халық тұтынатын товарларды өндіруді арттыруға және осындай товарларды шығаруға арналған, жаңадан салынып жатқан және қайта құрылып жатқан кәсіпорындардың пайдалануға берілуін тездетуге резервтер табудағы социалистік жарыстары мен творчестволық бастамаларын барынша қолдап отыру.

*Қазақстан КП Орталық Комитеті*
*мен Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1971 жылғы 1 декабрьдегі*
*№ 660 қаулысына*
*№ 3 ҚОСЫМША*

## МӘДЕНИ-ТҰРМЫСТЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ЖӘНЕ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТОВАРЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҮРЛЕРІН ӨНДІРУДІҢ ЖАЙЫ МЕН ОЛАРДЫ ДАМЫТУ ҮШІН ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ОСЫ ТОВАРЛАРҒА ДЕГЕН ТІЛЕГІН ТОЛЫҚ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖҮКТЕЛЕТІН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ

### Жергілікті өнеркәсіп министрлігі

Құйма алюминий ыдыстар

Қара шойын ыдыстар

Алюминий қасықтар мен айырлар

Көміртекті болаттан жасалған пышақтар мен айырлар

Ас үй керек-жарақтары (сүзгілер, көпірткіштер, подностар, ыстықтың астына қоятын тығырықтар, ыдыс кептіргіштер, шот-балғалар, шапқы темірлер, қолдан турағыштар, картоп тазартқыштар, картоп езгіштер және басқалар).

Пеш және шаруашылық құймалары

Құстар мен жануарларға арналған торлар, аквариумдар

Бигудилер, шаш түйреуіштер, түйреуіштер

Қыштан істелген ыдыстар, гүлге арналған қыш құмыралар және басқа қыштан істелген бұйымдар

Гүл қоятын ыдыстар

Бөшкелер, кеспектер, кішкене бөшкелер, ағаш шелектер және басқа күбі ыдыстар

Иықты киім ілгіштер, шалбар ілгіштер

Шыбықтан тоқылған корзинкалар

Ұсатылған бор және ақтайтын әк (10 килограмға дейін өлшеп бөлшектенген).

Қақпандар, тышқан қақпандары, егеуқұйрық қақпандары

**Ішкі істер министрлігі**

Ақ және қара қаңылтырдан жасаған ыдыстар және басқа бұйымдар (шелектер, су сепкіштер, пештер, пеш қораптары мен духовкалары, трубалар, қалақтар, почта жәшіктері және басқалар)
Бала шаналары
Қол жуғыштар
Қол арбалар
Кір қысқаштары
Посылка жәшіктері
Шүберек қыстырғылар
Шезлонгалар және жиналмалы орындықтар
Мектеп борлары
Кір қыстырғыштар

**Ағаш өнеркәсібі министрлігі**

Кір жуатын және кір үтіктейтін тақталар
Елеуіштер, електер
Ваннаға арналған торлар
Кесте тігетін кергіштер
Портреттер мен картиналарға арналған рамкалар
Ағаш үлдіріктер мен карниздер
Балалар счеттары мен санау шыбықтары
Ұлттық музыка аспаптары
Азықты ұсақтағанда пайдаланатын тақталар
Оқтаулар

**Мемлекеттік орман шаруашылығы комитеті**

Иін ағаштар
Балта саптары
Ағаш саптар
Ағаш тақталар және олардың кір тегістейтін оқтаулары
Сыпырғылар
Сыпырғыштар
Ағаш күректер

**Қазсельхозтехника**

Әр түрлі шойын пештер
Тырнауыштар

**Автомобиль транспорты министрлігі**

Электр вулканизаторлары

**Коммуналдық шаруашылық министрлігі**

Жасанды гүлдер

**Соқырлардың Қазақ қоғамы**

Сия приборлары, сия сауыттар, сия сорғыштар
Линейкалар, үш бұрыштар, лекалолар

**Сауда министрлігі**
**(әкелу есебінен халықтың қажетін қамтамасыз ету)**

Керосин шамдары және олардың шілтерлері
Отынмен және плитаға қойып қыздыратын үтіктер
Шаруашылық шынжырлары
Пышақ қайрақтары
Керосинкалар, керогаздар
Шаш бұйралайтын қысқаштар
Шаштараз ұстаралары
Кнопкалар, скрепкалар
Оймақтар
Омарта аспаптары
Қарындаш ұштағыштар
Ауыз гармоньдары
Тартылатын және қыл керілген музыка аспаптарына арналған ішектер
Тартылатын музыка аспаптарына арналған ұсақ-түйек бұйымдар
Жөкеден және ағаш қабығынан жасалған бұйымдар

## ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАР ЖӘНЕ БАСҚА ҚАЖЕТТІ ӨНІМДЕР ӨНДІРУДІ ҰЛҒАЙТУ ҮШІН ЖЕРГІЛІКТІ ШИКІЗАТ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1967 жылғы 21 ноябрьдегі № 766 ҚАУЛЫСЫ**
**(Қазақ ССР ҚЖ, 1967 ж., № 14, 79-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Халық тұтынатын товарлар өндіретін министрліктер мен ведомстволардың, республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарының, жоспарлау органдарының және халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің аса маңызды міндеттерінің бірі — көпшілік тұтынатын товарлар, азық-түлік товарларына жергілікті құрылыс материалдарын және өндірістік бұйымдар шығару үшін жергілікті шикізат ресурстары мен материалдарын, сондай-ақ өнеркәсіп қалдықтарын өндіріске барынша көбірек тартуды қамтамасыз ету болып табылады деп саналсын. Мұнда әсіресе саз, құм, әк, гипс, құрылыс және құрылыс ажарлайтын тас; охра және басқа бояу, ағаш, тал, қамыс, ши, жөке, қоға, жабайы өсетін жеміс, жидек, саңырауқұлақ, металл және ағаш қалдықтары, көлемімен және салмағымен өлшенетін мата қиындысы, ұйысқан жіп, кондициясыз былғары, мех шикізаттары, мүйіз-тұяқ шикізаттары, қағаз қалдықтары (макулатура) және басқалар сияқты минералдық және өсімдік шикізаттарын, өндіріс қалдықтарын өнеркәсіптік қайта өңдеуге пайдалануға ерекше назар аудару қажет.

2. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне өз қарамағындағы

[1] 2-пункттің екінші абзацы, 3-пункттің екінші абзацы, 4—9, 12, 18, 19-пункттер, 20-пункттің бірінші абзацы, 21 және 22-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

кәсіпорындардың өндіріс қалдықтарын пайдалануды жақсарту, осының есебінен бас киімдерді, тері кеудешелерді, қолғаптарды, қолсүрткіштерді, алжапқыштарды, үйде киетін аяқ киімдерді, басқа да бұйымдарды көптеп шығаруды қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Ағаш, целлюлоза-қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында ағаш пен фанерді үнемдеп және тиімді пайдалану, ағаш қалдықтарын пайдалануды жақсарту және осының есебінен киім ілгіш, шаруашылық және сәндік сөре, сурет жақтаулары, киім ілгіш, киім пішетін және үтіктейтін тақта, оқтау, келі, аспаптарға сап, оқушылар линейкасы, ағаштан жасалған қуыршақ, тағы басқа бұйымдар шығарудың түр-түрін көбейтуді қамтамасыз ету міндеттелсін.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті министрліктердің, басқармалардың және жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының жоспарларында жергілікті шикізаттардан, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтарынан өнімдер шығарудың көлемін белгілейтін болсын және оның көрсеткіші социалистік жарыстың қорытындысын шығарғанда есепке алынсын.

11. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ағаш, целлюлоза-қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Қара металлургия кәсіпорындары бірлестігі және басқа министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ Қазақ ССР территориясындағы одаққа бағынатын кәсіпорындардың жетекшілері өздерінің қарауындағы кәсіпорындарда және көпшілік қолды заттар цехтарында пайдаланылмайтын өнеркәсіп қалдықтарын Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі кәсіпорындарына олардың заявкалары бойынша беріп отыратын болсын.

13. Министрліктер, ведомстволар, облыстық атқару комитеттері және кәсіпорындардың басшылары көпшілік тұтынатын заттар цехтарында жергілікті шикізаттардан және өндіріс қалдықтарынан товарлар шығаруды игерген және көптеп өндірген қызметкерлерге Үкімет шешімдерінде қаралған материалдық көтермелеуді қолдануды қамтамасыз ететін болсын.

14. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары келтірілген пайдадан жергілікті өнеркәсіпті дамыту қорына бөлінетін қаржыны бірінші кезекте қазіргі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге және жергілікті шикізаттарды өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің жарамды қалдықтарын пайдалану негізінде жұмыс істейтін, көпшілік тұтынатын товар, жергілікті құрылыс материалдарын және өндірістік бағытта бұйымдар шығаратын жаңа өндіріс орындарын, цехтар мен кәсіпорындар ұйымдастыруға жұмсайтын болсын.

15. СССР Құрылыс банкісінің Қазақ республикалық конторына және СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторына белгіленген тәртіп бойынша жергілікті өнеркәсіптің кәсіпорындары мен ұйымдарына кредит беруді қамтамасыз етсін, ал облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті және Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі ол кредиттерді жергілікті өнеркәсіптің көпшілік тұтынатын товарлар мен өндірістік товарлар және жергілікті құрылыс материалдарын өндіру жөнінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын кеңейтуге және жаңадан сондай кәсіпорындар ұйымдастыруға және жергілікті отын түрлерін дайындауды ұйымдастыруға, оны ұлғайтуға кеңінен және тиімді пайдаланатын болсын.

16. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті халық шаруашы-

лығын өркендету жоспарларында жергілікті өнеркәсіпте жергілікті минералдық шикізаттар түрлерін және өнеркәсіп қалдықтарын қайта өңдейтін қуаттарды іске қосуды белгілейтін болсын, сондай-ақ республиканың құрылыс министрліктері мен ұйымдарының мердігерлік жұмыстарының жоспарына жергілікті өнеркәсіптің жаңа құрылыстарының негізгі объектілерін және қайта құрылатын ең ірі кәсіпорындарын енгізсін.

17. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне жоспарларда республикаға және жергілікті орындарға бағынатын кәсіпорындар шығаратын материалдардан жергілікті өнеркәсіптің ұйымдары мен кәсіпорындарына жаңа кәсіпорындар салу және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен цехтарды кеңейту үшін қажетті мөлшерде жергілікті құрылыс материалдарын бөлуді белгілейтін болсын.

20. (Екінші абзац) Сауда ұйымдарына жергілікті орында жеткілікті мөлшерде шығарылатын көпшілік қолды товарларды республикаға басқа жерден әкелуге тыйым салынсын.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚҚА САТУ ҮШІН ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫН, БҰЙЫМДАРЫ МЕН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ӨНДІРУДІ ОДАН ӘРІ ҰЛҒАЙТУ ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 20 ИЮНЬДЕГІ № 570 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1985 жылғы 15 июльдегі № 242**
**ҚАУЛЫСЫ**
**(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 17, 58-ст.)**

Республика халқының ағаш және құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті он екінші бесжылдықта халыққа сату үшін құранды темір-бетон және бетон бұйымдарын, бетон мен ерітінді, асфальт-бетон, кеуек толтырғыштар, бейруда құрылыс материалдарын, ағаш-жаңқа плиталары мен олардан жасалған бұйымдар, ағаш құрылыс детальдары (бөрене, еденге төсейтін тақтай, тақтай материалдар т. б.) жиынтығын, терезе және есік блоктарын, жылу мен дыбыс өткізбейтін бұйымдар, құрылыс конструкциялары мен детальдарын, гипс бұйымдарын және басқа құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын шығару едәуір ұлғайтылуын қамтамасыз етсін.

2. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

(үшінші абзац) сауда жасаушы ұйымдармен бірлесіп халықтың құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына деген қажетін заттай және құн түрінде анықтап, оларды облыс пен Алматы қа-

---

[1] 2-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7-пункт СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 20 июньдегі № 570 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1985 ж., № 19, 89-ст.).

ласының территориясында орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдарда жасап шығару жөніндегі ұсыныстарды жылдық жоспарлардың жобаларымен қоса тиісті министрліктер мен ведомстволарға, ал осы материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды облысаралық тасып әкелу жөніндегі жиынтық көрсеткіштер мен ұсыныстарды — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне енгізіп отырсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарларда Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына халыққа сату үшін құн түрінде құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөнінде тапсырмалар берілуін көздеп отырсын, ал Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары оларды қарамағындағы кәсіпорындар мен ведомстволарға жеткізетін болсын.

Кәсіпорындар мен ұйымдар жылдық жоспарларда халыққа сату үшін жасап шығаратын құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының номенклатурасы мен мөлшерін бұл өнімді құн түрінде өндіру жөнінде оларға белгіленген тапсырмаларға орай, сауда жасаушы ұйымдардың заказдарына сәйкес анықтап отырсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1986 жылдан бастап жылдық жоспарларда Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына халыққа сату үшін құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететіндей көлемде материалдық-техникалық ресурстар бөлуді белгіленген тәртіп бойынша көздеп отырсын.

5. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жергілікті жағдайларға орай құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын сатып алушыларға сауда кәсіпорындарының базалары мен қоймаларынан да, жасап шығарушы кәсіпорындардан да жеткізіп беру үшін (осы Советтердің территориясында орналасқан) сауда ұйымдарының заявкалары бойынша оларды транспорт құралдарымен қамтамасыз ету тәртібін анықтасын.

Аталған өнімді жеткізіп беру үшін жалпы пайдаланудағы транспорт, сондай-ақ колхоздардың (олардың келісуі бойынша), совхоздардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың транспорты қатыстырылсын.

6. Халыққа сату үшін кәсіпорындарында бекітілген бөлшек сауда бағалары жоқ құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіретін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары бөлшек сауда бағаларының жобаларын әзірлеп, оларды белгіленген тәртіп бойынша бекіту үшін тиісінше СССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитетіне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне табыс етіп отырсын.

8. Қазақ ССР-інің құрылыс министрліктері мен ведомстволары, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері және сауда жасаушы ұйымдар халыққа сату үшін құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын және олардың халыққа беріліп тұруын бақылауды қамтамасыз етсін.

## § 5. ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САЛАЛАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТҮСТІ МЕТАЛДАР СЫНЫҚТАРЫ МЕН ҚАЛДЫҚТАРЫН ДАЙЫНДАУДЫ (ТАПСЫРУДЫ), ӨҢДЕУДІ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ҚАЙТАЛАМА ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯ ҚӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 23 ИЮЛЬДЕГІ № 715 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 24 августағы № 380 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындауды (тапсыруды), өңдеуді одан әрі жақсарту және қайталама түсті металлургия кәсіпорындарының техникалық деңгейін көтеру жөніндегі шаралар туралы» 1981 жылғы 23 июльдегі № 715 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

1981—1985 жылдары түсті металдар сынықтары мен қалдықтарының кәсіпорындардан, ұйымдар мен халықтан неғұрлым толық жиналып, тиісінше сақталуын және Қазақ республикалық «Вторцветмет»

---

[1] 15-пункттің төртінші абзацы және қаулыға қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

16-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 23 июльдегі № 715 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қарақыз).

өндірістік-дайындау басқармасының кәсіпорындарына жоспарға сәйкес уақтылы өткізілуін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын;

Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік-дайындау басқармасының кәсіпорындарына түсті металдар сынықтары мен қалдықтарының қолданылып жүрген стандарттарға сәйкес топтар мен сорттар (қорытпалардың маркалары) бойынша тапсырылуын қамтамасыз етсін, қарамағындағы кәсіпорындардың техникалық бақылау бөліміне тапсырылатын түсті металдар сынықтары мен қалдықтарының сапасын бақылау жөніндегі міндетті жүктейтін болсын;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жоспарын орындау жөніндегі жауапкершілігін арттырсын;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік-дайындау басқармасының кәсіпорындарына және басқа тұтынушыларға ырғақты (ай ішінде) жөнелтуін ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын;

1981—1983 жылдары түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын жинайтын, сақтайтын, бастапқы өңдейтін және жөнелтетін учаскелерді (цехтарды) орналастыру схемаларының әзірленуін, аталған учаскелердің (цехтардың) салынуын және олардың қажетті сынықтар өңдейтін жабдықтармен жарақталуын қамтамасыз етсін;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда, сондай-ақ халық депутаттары облыстық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері жанынан түсті металдар сынықтары мен қалдықтарының ресурстарын және осы металдардың сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жоспарының орындалуын бақылау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар құратын болсын;

1981—1982 жылдары Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік-дайындау басқармасының кәсіпорындары мен ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп өндірістік шлак үйінділері мен қалалық қоқыс тастайтын жерлерді зерттеулерді ұйымдастырып, 1985 жылға дейін оларда жатқан түсті металдардың барлық сынықтары мен қалдықтарының алынуын қамтамасыз етсін;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) және жеткізу жоспарының орындалу барысы туралы оперативтік информацияның бір ай ішінде алынуын қамтамасыз етсін;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылық қызметінің қорытындыларын шығарған кезде түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жоспарының орындалу көрсеткіштерін еске алатын болсын, олар орындалмаған жағдайда кәсіпорындар мен ұйымдардың басшы қызметкерлері КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 23 июльдегі № 715 қаулысына сәйкес шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштері үшін алатын сыйлықтан ішінара 50 процентке дейін айрылады.

3. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары:

1981—1983 жылдары қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар үшін түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын жинаудың жылдық көлемі кемінде 50 тонна болатын түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын жинайтын, сақтайтын, бастапқы өңдейтін және жөнелтетін учаскелердің (цехтардың) жобалануын (СССР Түсті металлургия министрлігінің ұсыныстарын ескере отырып) қамтамасыз етсін;

1981—1982 жылдары түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын

жинау, сақтау және тасымалдау жөніндегі салалық технологиялық үлгі нұсқауларды, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын бастапқы өңдеудің оларды толық жинау мен сапасын арттыруды қамтамасыз ететін схемаларын әзірлесін;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын жинауды, сақтауды, бастапқы өңдеуді, пайдалану мен жөнелтуді жақсарту жөніндегі шараларды орындауын бақылауды жүзеге асырсын, ол үшін министрліктер мен ведомстволардың орталық аппаратында қызметкерлердің арнаулы топтарын (белгіленген штат саны негізінде) құруды көздейтін болсын.

4. Облыстық атқару комитеттері:

Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік дайындау басқармасының кәсіпорындарын салуға арналған жер учаскелерінің инженерлік-коммуникациямен және транспорттық байланыстармен қамтамасыз етілген жерлерден белгіленген тәртіп бойынша бөлінуін қамтамасыз етсін;

1982—1985 жылдары Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік-пайдалану басқармасының заказы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының (әрбір объектіге арналған) шығындары 100 мың сомнан аспайтын Атбасар, Гурьев, Қызылорда, Талдықорған және Торғай түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) және бастапқы өңдеу жөніндегі алаңдарын қайта құруды қарамағындағы жөндеу-құрылыс ұйымдарының күшімен жүзеге асырсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жоспарларын Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жеткізіп, олардың орындалуына бақылау орнататын болсын.

6. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау үшін оларды тапсыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау басқармасы кәсіпорындарының заявкалары бойынша жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының бөлінуін қамтамасыз етсін.

7. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдарының басқармалары түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын жартылай вагондармен және универсалды контейнерлермен тасымалдауды, сондай-ақ түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын тасымалдау жоспарына сәйкес те, жүкті табыс еткен кезде де жөнелту үшін Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау басқармасының кәсіпорындары мен сынықтар тапсырушы кәсіпорындарға вагондар мен универсалды контейнер беріп тұруды қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті колхоздарға, совхоздарға, шаруашылықаралық және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарына түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын бөлшектеуде және оларды Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау басқармасының қайталама түсті металдар дайындайтын және өңдейтін кәсіпорындарына жеткізуде шарттық негізде техникалық көмек көрсетілуін қамтамасыз етсін.

9. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы түсті металдардың тұрмыстық сынықтарын тапсыруда село халқының ынталылығын арттыру жөнінде шаралар әзірлеп, 1981—1985 жылдары жүзеге асырсын.

10. Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау

басқармасы 1981—1985 жылдары қарамағындағы кәсіпорындарда еңбек жағдайлары мен хауіпсіздік техникасын жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

11. Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау басқармасы мен Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі 1982—1985 жылдары № I қосымшаға сәйкес өндірістік қуаттарды салып, іске қосуды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі 1982—1985 жылдары Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау басқармасының кәсіпорындарында мердігерлік құрылыс-монтаждау жұмыстарының № 2 қосымшаға сәйкес көлемде орындалуын қамтамасыз етсін, аталған объектілерге қажетті материалдық-техникалық және еңбек ресурстарын орындалатын жұмыстардың физикалық көлемдеріне қарай 1981—1985 жылдарға белгіленетін күрделі құрылыс жоспарларына сәйкес бірінші кезекте бөліп отырсын.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен облыстық атқару комитеттері Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау басқармасының объектілерін салуды жүзеге асыратын құрылыс-монтаж ұйымдарының кірпішке, қиыршық тасқа және басқа жергілікті құрылыс материалдарына деген қажетін толық қамтамасыз етсін.

13. Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі 1982 жылдан бастап өзінің қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындар Қазақ республикалық «Вторцветметтің» өндірістік-дайындау басқармасы кәсіпорындарының түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындайтын (тапсыратын) және өңдейтін объектілерінің шаруашылық әдіспен жүзеге асырылатын құрылысындағы монтаждау және іске қосу-реттеу жұмыстарының аталған кәсіпорындармен тікелей жасасқан шарттар бойынша орындалуын қамтамасыз етсін.

14. Қазақ ССР Телевизия және радиохабары жөніндегі мемлекеттік комитеті түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын жинау мен пайдалану мәселелері жөніндегі хабарларды ұдайы ұйымдастырып отырсын.

15. Түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жоспарларын орындаудағы таңдаулы көрсеткіштер жолындағы облыстардың социалистік жарысы ұйымдастырылсын. Социалистік жарыстың жеңімпазы атанған облыстарды наградтауға арнап Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советінің 3 мың сом ақшалай сыйлығы бар ауыспалы Қызыл туы тағайындалсын.

Социалистік жарыстың қорытындылары жыл ішіндегі нәтижелер бойынша шығарылады деп белгіленсін.

Жеңімпаздарды Қазақ ССР Министрлер Советі мен Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советінің ауыспалы Қызыл туымен наградтау туралы ұсыныстары бар материалдарды облыстық атқару комитеттері мен облыстық кәсіподақ советтері Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттерінің келісуі бойынша Қазақ ССР Министрлер Советіне, Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР Орталық статистика басқармасына келесі жылдың 20 январына дейін табыс етеді.

17. Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік-дайындау басқармасы осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне тоқсан сайын баяндап тұратын болсын.

Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық атқа-

ру комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жөнінде белгіленген жоспарлардың орындалуын, Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік-дайындау басқармасы кәсіпорындарының осы қаулымен көзделген қуаттарының салыну барысына және іске қосылуын қамтамасыз етуге ұдайы бақылауды жүзеге асырсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТҮСТІ МЕТАЛДАРДЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ЖАҚСАРТЫП, ҚАЙТАЛАМА ТҮСТІ МЕТАЛЛУРГИЯНЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 16 ЯНВАРЬДАҒЫ № 57 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ»[1]

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1985 жылғы 12 февральдағы № 54**
**ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 6, 14-ст.)**

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 16 январьдағы № 57 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының, жергілікті партия, совет, кәсіподақ, комсомол және шаруашылық органдарының аса маңызды халық шаруашылық міндеті түсті металдардың пайдаланылуын жақсартып, оларды үнемдеу тәртібін күшейту, осы металдар сынықтары мен қалдықтарының қолда бар ресурстарын өнеркәсіптік қайта өңдеуге неғұрлым толық қамту, түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, дайындау (тапсыру) және қайта өңдеу жүйесін жетілдіру, түсті металдар мен биметалдардың алмастырғыштарын халық шаруашылығында кеңінен қолдану, сондай-ақ қайталама түсті металлургия кәсіпорындарын техникалық қайта жарақтандыру мен дамытуды жеделдету деп саналсын.

Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері аталған мәселелерді партияның XXVI съезі, Қазақстан Компартиясының XV съезі, КПСС Орталық Комитеті мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің олардан кейінгі Пленумдары шешімдеріне сәйкес шешуде партия ұйымдарына басшылықты жақсартсын, сондай-ақ қайталама түсті металлургия кәсіпорындарының еңбек коллективтерінде бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмысын күшейтіп, оны өндірістік міндеттермен тығызырақ байланыстырсын, социалистік жарыстың пәрменділігін арттырып, жұмысшылар мен мамандар кадрларының

---

[1] 3-пункттің үшінші — бесінші, жетінші, оныншы және он бірінші абзацтары, 4, 5 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

**8-пункт** КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 16 январьдағы № 57 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуға, оларды тұрақтандыруға ұдайы қамқорлық жасап отырсын, түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жөнінде белгіленетін жоспарлардың орындалуы үшін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларына қойылатын талапты күшейтсін.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің түсті металдарды тұтынатын министрліктері мен ведомстволары мыналарды қамтамасыз етсін:

1985—1990 жылдары түсті металдардың пайдаланылуын жақсарту жөніндегі шаралардың әзірленіп, жүзеге асырылуын, оларда түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын халық шаруашылық айналымына неғұрлым толық қамту, осы металдардың алмастырғыштарын, ұнтақтарды, биметалдарды, басқа композициялық материалдарды кеңінен қолдану, кәсіпорындардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың түсті металдар ресурстарының ұтымды пайдаланылуына бақылау жасауын күшейтіп, жауапкершілігін арттыру көзделуін;

(алтыншы абзац) 1985 жылдан бастап түсті металдарды немесе осы металдар бар бұйымдарды тұтынатын қарамағындағы барлық кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға аталған металдардың сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жөнінде тапсырмалар жоспарлануын;

(сегізінші абзац) түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын есепке алу, жинау, сақтау, бастапқы өңдеу және тапсыру тәртібі туралы үлгі ереже негізінде қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда түсті металдар сынықтары мен қалдықтарының барлық түрлерін есепке алу, сапалы (маркалары бойынша) жинау және бастапқы өңдеу жөніндегі салалық ережелерді әзірлеп, 1986 жылдың 1 январына дейін бекітуді;

түсті металдар бар машиналардың, жабдықтардың, приборлар мен басқа да бұйымдардың жаңадан әзірленетіндері бойынша 1985 жылдан бастап, ал жасалып жатқандары бойынша 1986 жылдан бастап түсті металдардың массасы, маркасы, мұндай бұйымдардың тозуына қарай оларды сынық деп есептен шығарған кезде қайтару нормативі туралы мәліметтерді олардың паспорттары мен басқа да техникалық документтемесіне енгізуді.

6. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы 1985 жылдан бастап халықты қайталама шикізат қабылдаудың мамандандырылған пункттері арқылы түсті металдардың тұрмыстық сынықтарын тапсыруға ынталандыру үшін сұранымы көтеріңкі тоқарларға арналған қажетті қорларды дайындау ұйымдарына бөліп отырсын.

9. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті осы қаулының орындалу барысы туралы 1987 жылдан бастап Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын 15 февральға баяндайтын болсын.

## ҚАЗАҚ ССР ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 20 июльдегі № 280
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 17, 46-ст.)

4-пункттің алтыншы абзацы

## ҚАЗАҚ ССР-інің ОРМАН КОДЕКСІ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1978 жылғы 11 августағы
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1978 ж., № 34)

62—85, 115—120-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР-інің СУ КОДЕКСІ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1972 жылғы 27 декабрьдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1973 ж., № 1)

82—87-статьялар, 92-статьяның бірінші және екінші бөлігі, 93 және 137-статьялар

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ТОВАРЛАРЫН ӨНДІРУДІ ЖОСПАРЛАУДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨТЕРМЕЛЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1974 ЖЫЛҒЫ 22 АПРЕЛЬДЕГІ № 291 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [4]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1974 жылғы 12 майдағы № 270
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 11, 45-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жеңіл өнеркәсіп товарларын өндіруді жоспарлауды және экономикалық көтермелеуді жетілдіру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1974 жылғы

---

[1] 7-томның 90-бетін қараңыз.
[2] 7-томның 42-бетін қараңыз.
[3] 6-томның 204-бетін қараңыз.
[4] 6-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 22 апрельдегі № 291 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

22 апрельдегі № 291 қаулысы мүлтіксіз басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақстан КП облыстық комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 22 апрельдегі № 291 қаулысын жүзеге асыру жөнінде практикалық жұмысты өрістету, республиканың жеңіл өнеркәсібі мен сауда кәсіпорындарының және ұйымдарының коллективтерінде жеңіл өнеркәсіп тоқарларын өндіруді жоспарлауды және экономикалық көтермелеуді жетілдіру жөніндегі осы қаулыда көзделген шараларды кеңінен түсіндіруді ұйымдастыру міндеттелсін. Мұның өзінде, атап айтқанда, халықтың тоқарға деген талабын қанағаттандыру ісінде Жеңіл өнеркәсіп министрлігі жүйесіндегі өндірістік бірлестіктердің (кәсіпорындардың) жауапкершілігін арттыру мен инициативасын дамыту, сондай-ақ өнеркәсіп пен сауданың байланысын жақсарта түсу мақсатында, сауда ұйымдарының заказдары мен тоқарларды жеткізу шарттары негізінде бөлінген шикізат ресурстарының және тоқарларды жеткізудің бөлшек сауда бағалары есебімен белгіленген көлемдерінің шегінде халыққа сатуға арналған (маталар мен балалар ассортиментінің тоқарларынан басқа) тоқарларды өндірудің көлемін заттай түрінде өздері белгілеуге аталған бірлестіктерге (кәсіпорындарға) право берілгені туралы принцип жағынан жаңа ереженің маңыздылығына ерекше назар аударылсын.

3. Қазақ ССР Сауда министрлігі жеңіл өнеркәсіп тоқарларын жеткізуге берілген заказдардың дұрыстығы үшін және бұл заказдардың халықтың сұранымына сәйкес келуі үшін Министрліктің орталық аппаратының, республикалық көтерме сауда конторларының, жергілікті сауда ұйымдары мен базалардың қызметкерлерінің жауапкершілігін күшейтсін. Белгіленген тәртіп бойынша өндіру жоспарларына тиісті өзгерту енгізе отырып, сауда ұйымдарының заказдарына қажетті ретте өзгер-

ру комитеттері және Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын дайындау (тапсыру) жөнінде белгіленген жоспарлардың орындалуын, Қазақ республикалық «Вторцветмет» өндірістік-дайындау басқармасы кәсіпорындарының осы қаулымен көзделген қуаттарының салыну барысына және іске қосылуын қамтамасыз етуге ұдайы бақылауды жүзеге асырсын.

## ҚАЗАҚ ССР ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 20 июльдегі № 280 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., №17, 46-ст.)

4-пункттің алтыншы абзацы

## ҚАЗАҚ ССР-інің ОРМАН КОДЕКСІ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1978 жылғы 11 августағы ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1978 ж., № 34)

62—85, 115—120-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР-інің СУ КОДЕКСІ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1972 жылғы 27 декабрьдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1973 ж., № 1)

82—87-статьялар, 92-статьяның бірінші және екінші бөлігі, 93 және 137-статьялар

---

[1] 7-томның 90-бетін қарақыз.
[2] 7-томның 42-бетін қарақыз.
[3] 6-томның 204-бетін қарақыз.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ТОВАРЛАРЫН ӨНДІРУДІ ЖОСПАРЛАУДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨТЕРМЕЛЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1974 ЖЫЛҒЫ 22 АПРЕЛЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1974 жылғы 12 майдағы № 270 ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 11, 45-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

I. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жеңіл өнеркәсіп товарларын өндіруді жоспарлауды және экономикалық көтермелеуді жетілдіру жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1974 жылғы 22 апрельдегі № 291 қаулысы мүлтіксіз басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақстан КП облыстық комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 22 апрельдегі № 291 қаулысын жүзеге асыру жөнінде практикалық жұмысты өрістету, республиканың жеңіл өнеркәсібі мен сауда кәсіпорындарының және ұйымдарының коллективтерінде жеңіл өнеркәсіп товарларын өндіруді жоспарлауды және экономикалық көтермелеуді жетілдіру жөніндегі осы қаулыда көзделген шараларды кеңінен түсіндіруді ұйымдастыру міндеттелсін. Мұның өзінде, атап айтқанда, халықтың товарға деген талабын қанағаттандыру ісінде Жеңіл өнеркәсіп министрлігі жүйесіндегі өндірістік бірлестіктердің (кәсіпорындардың) жауапкершілігін арттыру мен инициативасын дамыту, сондай-ақ өнеркәсіп пен сауданың байланысын жақсарта түсу мақсатында, сауда ұйымдарының заказдары мен товарларды жеткізу шарттары негізінде бөлінген шикізат ресурстарының және товарларды жеткізудің бөлшек сауда бағалары есебімен белгіленген көлемдерінің шегінде халыққа сатуға арналған (маталар мен балалар ассортиментінің товарларынан басқа) товарларды өндірудің көлемін заттай түрінде өздері белгілеуге аталған бірлестіктерге (кәсіпорындарға) право берілгені туралы принцип жағынан жаңа ереженің маңыздылығына ерекше назар аударылсын.

3. Қазақ ССР Сауда министрлігі жеңіл өнеркәсіп товарларын жеткізуге берілген заказдардың дұрыстығы үшін және бұл заказдардың халықтың сұранымына сәйкес келуі үшін Министрліктің орталық аппаратының, республикалық көтерме сауда конторларының, жергілікті сауда ұйымдары мен базалардың қызметкерлерінің жауапкершілігін күшейтсін. Белгіленген тәртіп бойынша өндіру жоспарларына тиісті өзгерту енгізе отырып, сауда ұйымдарының заказдарына қажетті ретте өзгер-

[1] 6-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 22 апрельдегі № 291 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

ту енгізуге право берілгенін пайдаланып, көпшілік сұрайтын қымбат емес товарлардың жеткілікті мөлшерде шығарылуына Сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары тарапынан тиісінше бақылау қамтамасыз етілсін.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі өз қарамағындағы барлық кәсіпорындардың халық тұтынатын товарларды сауда ұйымдарымен жасасқан шарттарға қатаң сәйкес шығаруын қамтамасыз етсін.

4. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі мен Қазақ ССР Сауда министрлігі:

өз қарамағындағы жеңіл өнеркәсіп орындарының халық тарапынан сұраным таппайтын товарларды шығаруына жол бермеуге және мұндай товарлардың өндірістен кезінде алынып тасталуына бақылауды күшейтсін;

облыс аралық тасып әкелу мен сыртқа шығаруға арналған товарларды өндірудің орналасуын үйлестіруді жақсартсын, сондай-ақ өз қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың республика аралық және жалпы одақтық мұқтаждар үшін товарлар жеткізудің жоспарларын толық және кезінде орындауын қатаң қадағалайтын болсын.

5. Товарға деген халық сұранымын өнеркәсіптің анағұрлым терең зерттеуі және бұл сұранымның қалыптасуына өндірістің ықпалын күшейту мақсатында Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі мен Қазақ ССР Сауда министрлігіне облыстық атқару комитеттерін және Алматы қалалық атқару комитетін қатыстыра отырып, 1974—1975 жылдары республикада жеңіл өнеркәсіп орындары шығаратын товарларды сату жөнінде шаруашылық есептегі фирмалық магазиндер жүйесін ұйымдастыру міндеттелсін.

Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті аталған магазиндерді ұйымдастыру үшін Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 27 декабрьдегі № 651 қаулысының 19-пунктіне сәйкес үй-жайлар беретін болсын.

7. Жеңіл өнеркәсіптің жұмысын жақсарту тоғызыншы бесжылдықтың КПСС XXIV съезі алға қойған басты міндетін шешудің маңызды шарттарының бірі екенін ескере отырып, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақстан КП облыстық және қалалық комитеттеріне, облыстық және қалалық атқару комитеттеріне жеңіл өнеркәсіп товарларын өндіру, олардың сапасын арттыру мен ассортиментін жақсарту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейту, бұл мәселелерді шешуде кәсіпорындарға кезінде көмек көрсету, осы саладағы кәсіпорындардың қызметіне қажетті бақылауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

# СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП БҰЙЫМДАРЫНЫҢ САПАСЫН ЖӘНЕ ТҮР-ТҮРІН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ САУДА МЕН ӨНЕРКӘСІПТІҢ БАЙЛАНЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1974 ЖЫЛҒЫ 22 АПРЕЛЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1974 жылғы 12 майдағы № 271 ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 11, 46-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі өзінің қарауындағы халық көбірек қажетсініп отырған жаңа товарлар шығаратын бірлестіктерде (кәсіпорындарда) қажет болған реттерде материалдық көтермелеу қорының резерві есебінен көтермелеу қорын көбейтетін болсын.

3. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі жыл сайын май-июнь айларында жеңіл өнеркәсіп товарларын топтап сату жөнінде республикалық жәрмеңке өткізетін болсын.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі мен Қазақ ССР Сауда министрлігі алдағы жоспарланатын жылға өнім шығарудың көлемі, мақта, жүн, химиялық торқа, былғары товарлар мен мата алудың лимиті, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп товарларының рынок қоры мен рыноксыз сатылатын қорының көлемі жөнінде алдын ала тапсырма алысымен, кәсіпорындарға, көтерме сауда базаларына уақытында, жәрмеңке басталудан кем дегенде екі ай бұрын, жоғарыда айтылған көрсеткіштер бойынша алдын ала тапсырмалар жеткізуді қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі және Қазақ ССР Жоспарлау комитеті жеңіл өнеркәсіп товарларын көтерме сауда жөнінде жәрмеңке өткізудің нәтижесін үш апта мерзімінен кешікпей қорытындылап, келесі жылға өндіріс жоспарларын жасағанда ескеруге СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне беру үшін Қазақ ССР Министрлер Советіне тиісті ұсыныстар енгізетін болсын.

6. Жеңіл өнеркәсіп орындарының қалыпты жұмыс істеуін және маусымды товарлармен үздіксіз сауда жасауды қамтамасыз ету мақсатымен Қазақ ССР Сауда министрлігіне және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына СССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі белгілейтін, СССР Сауда министрлігімен келісілген товарларды тізім бойынша көтерме сауда базаларының жыл бойы үздіксіз қабылдауын ұйымдастыру міндеттелсін.

Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Финанс министрлігі сауда (көтерме және бөлшек сауда) ұйымдарындағы жеңіл өнеркәсіп товарларының оларды сорттауды және сауда жүйелеріне біркелкі жеткізіп отыруды жақсартатындай запасының, сондай-ақ маусымдық товар-

---

[1] 1, 4, 5, 7 және 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 22 апрельдегі № 292 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

ларды жыл бойы үздіксіз қабылдаудың СССР Сауда министрлігі бекіткен нормативтерін алысымен, ол нормативтерді республиканың тиісті сауда және басқа мүдделі ұйымдарына жеткізетін болсын.

## ҚАЗАҚ ССР ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІНІҢ ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТОВАРЛАР ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЫҒАРУДЫ ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1984 жылғы 6 марттағы № 96 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар міндеттелсін:

*(үшінші абзац)* жыл ішінде өндіру жоспарларын асыра орындау есебінен, сондай-ақ одақтық органдардан бір мәрте бөліну тәртібімен қосымша алынатын шикізатты, материалдарды, жабдықтарды және басқа материалдық-техникалық ресурстарды халыққа арнап товарларды ең алдымен жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарында шығаруды арттыруға бірінші кезекте бағыттау.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі:

жылдық жоспарларда саланың кәсіпорындарын техникалық қайта жарақтандыруды жеделдетуді, олардың өндірістік жабдықтарын жаңартуды және еңбек процестерін автоматтандыру мен мехникаландыру деңгейін арттыруды көздейтін болсын.

6. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарына өндірудің жалпы көлемі есебінен шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы аса қарапайым бұйымдар, сондай-ақ басқа өнімді өндіру үшін шикізаттың жергілікті түрлерін, өндіріс қалдықтары мен ресурстарды берме шикізат негізінде қатыстыра отырып оны өндіру жөнінде нақты тапсырмаларды ассортиментте жыл сайын бекітіп отырсын;

— жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысын жүйелі түрде қарап, еңбек ресурстарымен комплектілеуде, олардың жүк тасымалдауға деген қажеттерін неғұрлым толық қамтамасыз етуде оларға көмек көрсетуге шаралар қолдансын, өндіріске шикізаттың жергілікті көздері мен өндіріс қалдықтарын жаратуға байланысты мәселелерді оперативті түрде шешіп отырсын.

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің екінші және төртінші абзацтары, 3-пункт, 4-пункттің үшінші-бесінші абзацтары, 5, 7 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

## ҚАЗАҚ ССР-інде ХАЛЫҚ ЗЕРГЕРЛІГІ КӘСІПШІЛІГІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1975 жылғы 25 марттағы № 150 ҚАУЛЫСЫ

(Үзінді)

3. Тұтас республика бойынша зергерлік кәсіпшіліктер бұйымдары өндірісінің дамуы үшін жауаптылық Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне жүктелсін.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мыналарды жүзеге асырады деп белгіленсін:

— зергерлік кәсіпшіліктер бұйымдарын шығаруды дамыту, ұтымды орналастыру, мамандандыру мен кооперациялау жөніндегі жұмыстарды үйлестіріп отырады, осы бұйымдардың жаңа түрлерін әзірлеп, өндіріске енгізеді, оларды бірегейлеп, стандарттайды, түр-түрін молайтып, сапасын арттырады;

— зергерлік кәсіпшіліктер бұйымдарын өндіру мәселелері жөнінде белгіленген тәртіп бойынша каталогтар, проспектілер, сондай-ақ шолулар, информациялық материалдар әзірлеп, басып шығарады;

— Қазақ ССР Сауда министрлігімен және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен бірлесе отырып, зергерлік кәсіпшіліктер бұйымдарына деген сұранысты ұдайы зерттеп отырады.

10. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің:

— *(екінші абзац)* жеке реттерде кәсіпорындардың өте маман жұмысшыларына кәсіпорынның жоспарлы жалақы қоры шеңберінде тариф ставкалары орнына айына 200 сомға дейін окладтар (30 процент қосымшаны ескергендегі шеберлердің лауазым окладтарынан аспайтын етіп) белгілеуіне, бұл мақсаттарға жоспарлы жалақы қорының 0,2 процентінен аспайтын қаржы жұмсауына рұқсат етілсін.

## РЕСПУБЛИКАДА ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІП ПЕН ЗЕРГЕРЛІК КӘСІПШІЛІКТЕРДІ ОНАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1967 жылғы 14 февральдағы № 90 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Бас басқармасы перспективалық және ағымдағы өндіріс жоспарларын, күрделі қаржы жұмсау, материалдық-техникалық жабдықтау жоспарларын әзірлеген кезде республикалық шаруашылық жөніндегі жоспарда Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің көрсеткіштерін

---

[1] 14 және 23-пункттер Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 16 декабрьдегі № 516 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 3, 10-ст.).

1—9, 11—13, 15, 18—21, 24 және 25-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

бөлек жолға жазып, жылдық жоспарлардың жобаларында осы Министрлікке жергілікті өнеркәсіп жөнінде белгіленген өндірістік жоспарларға сәйкес материалдық ресурстар бөліп отыруды қарастырсын.

1967 жылдан бастап республика халық шаруашылығын өркендету жоспарларында республикаға және жергілікті орынға бағынатын өнеркәсіп орындары жөнінде еңбек өнімділігін арттырудың тапсырмаларын белгілесін.

16. Облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті және Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының кімге бағынатынына қарамастан олардың пайдаланбайтын қалдықтарын анықтап, бұл қалдықтарды халық тұтынатын товарлар мен өндірістік мақсаттағы бұйымдар шығару үшін шикізат және материал ретінде пайдалануға жұмсасын.

17. СССР Министрлер Советінің 1964 жылғы 18 июльдегі № 600 қаулысына[1] сәйкес жергілікті өнеркәсіп орындарының машина жасау және металл өңдеу заводтарында халық тұтынатын товарлар өндіруге жарайтын металл қалдықтарын іріктеп алуына рұқсат етілсін. Жергілікті өнеркәсіп орындарына берілген металл қалдықтары қара металдар тапсыру жоспарының орындалуына есептелетін болсын.

22. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі 1967 жылдан бастап арнаулы аспаптар мен технологиялық жарақтар әзірлеу қажеттігін анықтап олар жөнінде тиісті кәсіпорындарға орналастыру үшін одақтық және одақтық-республикалық бағыныштағы министрліктер мен ведомстволарға кезінде заявкалар беріп отыратын болсын.

Стандартсыз жабдықтарды, құймаларды, шыңдалғыларды және штамптарды дайындау және беру жөніндегі заявкалар өндірістік және кооперация жолымен беру жоспарларына енгізу үшін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне берілетін болсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «1986—1990 ЖЫЛДАРЫ ЖӘНЕ 2000 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІПТІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[2]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1985 жылғы 21 майдағы № 173
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 14, 38-ст.)

Жергілікті өнеркәсіпті одан әрі дамыту, халық тұтынатын жоғары сапалы товарлар өндіруді арттыру және халықтың осы товарларға деген сұранымын неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жергі-

---

[1] СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз.

[2] 5-пункттің үшінші абзацы және қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 18 апрельдегі № 333 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

лікті өнеркәсіп министрлігі, халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері 1986—1990 жылдары және 2000 жылға дейінгі кезеңде жергілікті өнеркәсіпті одан әрі дамыту шараларын әзірлеп, жүзеге асырсын, оларда, атап айтқанда, мыналарды көздеп отырсын:

а) жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарында мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы товарларды, көркем кәсіпшілік бұйымдарын, музыкалық аспаптар мен халықтың көтеріңкі сұранымына ие болған бірінші қажетті басқа да товарлар шығаруды, халық тұтынатын товарлардың сапасын жақсартып, ассортиментін ұлғайтуды;

б) халық тұтынатын товарлар шығаруды арттыру үшін жергілікті (соның ішінде қайталама) шикізат пен өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісінің қалдықтарын неғұрлым кеңінен пайдалануды;

в) жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының материалдық-техникалық және шикізат базасын нығайтуды, еңбекті ұйымдастыру мен өндірісті басқару деңгейін көтеруді, саланы басқарудың құрылымы мен формасын одан әрі жетілдіруді;

г) негізгі қорлар мен өндірістік қуаттарды пайдалануды жақсартуды, жаңа техника мен озық технологияны енгізуді, шаруашылық есепті одан әрі нығайтуды, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының коллективтері өндірістің тиімділігі мен шығарылатын өнім сапасын арттыру жөніндегі міндеттерді орындауға жұмылуын күшейтуді, сондай-ақ өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімнің жергілікті өнеркәсіпке тән емес түрлері шығарылуын қысқартуды;

д) өндірісті техникамен қайта жарақтандыруда, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруда, оларды қажетті жабдықтармен, тетіктермен және аспаппен жабдықтандыруда жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарына көмек көрсету ісіне одақтық және республикалық бағыныстағы өнеркәсіп кәсіпорындарының коллективтерін шарттық негізде қатыстыруды;

е) жергілікті өнеркәсіптің кәсіпорындары мен жекелеген объектілері көбінесе шағын және орташа қалаларда, жұмысшы поселкелері мен селолық жерлерде ұйымдастырылуын және салынуын ескере отырып, оларды дамыту мен орналастыру схемаларын қайта қарауды;

ж) жергілікті өнеркәсіп қызметкерлерінің тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын, демалысын ұйымдастыруды жақсартуды, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мен пионер лагерьлерінің жүйесін ұлғайтуды.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі республиканың жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарында халық тұтынатын товарлар шығаруды 1985 жылмен салыстырғанда 1990 жылы кемінде 1,24 есе, 2000 жылы 1,8 есе арттыруды көздейтін болсын.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен облыстық атқару комитеттері 1986—1990 жылдары мыналарды қамтамасыз етсін:

жергілікті шикізат пен қалдықтардан халық тұтынатын товарлар мен өнімдер, үй жағдайында көркем кәсіпшілік бұйымдары мен басқа да өнім өндіруді, сондай-ақ үйде жұмыс атқарушыларды қатыстыруды және оларға арналған тірек пункттерді № 1 және 2 қосымшаларға сәйкес ұйымдастыруды;

республиканың экономикасы мен мәдениетіндегі жетістіктерді бейнелейтін сувенирлер мен көркем кәсіпшілік бұйымдарының жаңа түрлерін әзірлеп, енгізуді, дәстүрлі ұлттық қолөнерді дамытуға ерекше назар аударуды.

3. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі 1986—1990 жылдары және 2000 жылға дейінгі кезеңде қол еңбегінің қолданылуын қысқар-

ту жөнінде мақсатты комплексті программа әзірлеп, жүзеге асырсын; 1988 жылға қарай барлық кәсіпорындарда өндіріс тиімділігін арттырудың комплексті жүйесін енгізетін болсын.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1986—1990 жылдары Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне саланы дамытуға арнап қажетті мөлшерде мемлекеттік күрделі қаржы лимитін бөліп отырсын.

5. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Алматы қаласында және Алматы облысында құрылыс жүргізу жөніндегі бас территориялық басқарма, Колхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық советі жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарын салуды, ұлғайтуды және қайта құруды, сондай-ақ оларға арнап тұрғын үйлер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, мектептер салуды № 3 қосымшаға сәйкес қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық жоспарларды әзірлеген кезде әк және кірпіш заводтарын салуға қаржы қарастырсын және Министрлікке кооперативтік тұрғын үйлерден жалпы алаң бөліп отырсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті 1986—1990 жылдарға арналған жоспарларда Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне жоғары өнімді технологиялық жабдықтар мен машиналар, үй жағдайында халық тұтынатын товарлар өндіруге арналған жабдықтар және социалистік елдерден алынатын технологиялық жабдықтар мен машиналар № 4—6 қосымшаларға сәйкес, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің заявкаларына орай және оның спецификациялары бойынша бөлінуін көздеп отырсын.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарына арнап мыналардың бөлінуін көздейтін болсын:

сауда ұйымдарымен жасасқан шарттарға сәйкес номенклатурада халық тұтынатын товарлар шығару жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ететіндей мөлшерде товарлар шығаруға арналған шикізат, материалдар мен өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өндірісінің қалдықтары;

өндірісті дамыту қорының, жергілікті өнеркәсіпті дамыту қорының, көпшілік қолды товарлар өндірісі қорының қаржылары және мүгедектер мен пенсионерлер еңбегін пайдаланатын кәсіпорындардың қарауында қалатын пайданың бір бөлігі есебінен жүзеге асырылатын кәсіпорындарды техникамен қайта жарақтандыру жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған материалдар мен жабдықтар.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп облыстық атқару комитеттерінің ұсыныстарына орай, жергілікті өнеркәсіпке тән емес өнім түрлерін шығаратын жергілікті өнеркәсіп өндірістері мен кәсіпорындарын, экономикалық тиімділігін ескере отырып, олардың келісуі бойынша СССР мен Қазақ ССР-інің тиісті министрліктеріне беру туралы және СССР мен Қазақ ССР-інің дайындау технологиясы күрделі емес халық тұтынатын товарлар шығаратын жекелеген кәсіпорындарын Қазақ ССР Жергілікті

өнеркәсіп министрлігіне беру туралы белгіленген тәртіп бойынша ұсыныстар енгізсін.

9. Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті 1986—1990 жылдары жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары үшін білікті жұмысшылар даярлауды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық жоспарларында Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі нақтылаған қажетті ескере отырып жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары үшін мамандар даярлау мен бөлуді көздейтін болсын.

11. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері осы қаулымен көзделген шаралардың орындалуын ұдайы бақылауды жүзеге асырсын, жергілікті өнеркәсіп бірлестіктері мен кәсіпорындары басшыларының халық тұтынатын товарлар өндіру жоспарларының орындалуы үшін жауапкершілігін арттырсын, товарлар шығаруды одан әрі ұлғайту, ассортименті мен сапасын жақсарту жолындағы күресте, саудада жетіспейтін бұйымдар өндіруді одан әрі молайта беру үшін резервтерді іздестіріп, неғұрлым толық пайдалануда бастауыш партия ұйымдары мен еңбек коллективтерінің ролін жандандырсын.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың партия, совет және кәсіподақ ұйымдары, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарының еңбек коллективтері осы қаулымен белгіленген тапсырмаларды сөзсіз орындауға барлық шараларды қолданады деп сенім білдіреді.

## 5-тарау

# АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КОМПЛЕКСТІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ

## § 1. АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КОМПЛЕКСТІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

# АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КОМПЛЕКСТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ 1985 жылғы 2 декабрьдегі УКАЗЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1985 ж., № 50, 525-ст.)**

Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқаруды жетілдіру мақсатында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жемісовощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті негізінде Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті құрылсын.

2. Қазақ ССР Дайындау министрлігі Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігі болып қайта құрылсын.

---

[1] 3 және 4-статьялар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КОМПЛЕКСТІ БАСҚАРУДЫ ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 14 НОЯБРЬДЕГІ № 1114 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ

1985 жылғы 2 декабрьдегі № 432 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігін, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігін, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігін, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігін, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігін және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетін таратып, солардың негізінде Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті құрылсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексін мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылады және ауылшаруашылық өнімін өндіруді ұлғайтуды, оны сатып алу жоспарларын орындау және оның толық сақталуын қамтамасыз ету, азық-түлік тауарларын сапалы ұқсатып, олардың түр-түрін айтарлықтай молайту үшін толық жауап береді, деп белгіленді. Бұл мақсатта Комитетке аграрлық-өнеркәсіптік комплексті жоспарлау, қаржыландыру және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету саласында тиісті праволар мен өкілеттіктер берілді. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өз компетенциясы шеңберінде қабылдаған шешімдер республиканың барлық министрліктері мен ведомстволарының, сондай-ақ мекемелерінің, бірлестіктерінің, кәсіпорындары мен ұйымдарының орындауы үшін міндетті болып табылады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өз қызметін Қазақ ССР Министрлер Советінің басшылығымен, ал облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері және аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер тиісті халық депутаттары облыстық және аудандық Советтері атқару комитеттерінің басшылығымен жүзеге асырады.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне және Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне мыналарды қамтамасыз ету міндеттелсін:

нақты ерекшеліктерді ескере отырып, облыстарда аграрлық-өнеркәсіптік комитеттер құру;

аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер тиісінше қайта құру, оларды аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің құрамына кіретін шаруашылықтарды, ұйымдар мен кәсіпорындарды территориялық басқарудың бірыңғай органы ретінде ұйымдық жағынан нығайту көзделсін.

---

[1] 4, 9, 16, 17, 19 және 20-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

18-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 14 ноябрьдегі № 1114 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1985 ж., № 34, 160-ст.).

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Финанс министрлігі және облыстық атқару комитеттері мәселелердің шешілуін жергілікті жерлерге барынша шоғырландыра отырып, аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер мен облыстық аграрлық-өнеркәсіптік комитеттердің тікелей қарамағына берілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесін айқындайтын болсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің құрамына мыналар берілсін:

— Қазақ ССР Дайындау министрлігінен ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі инспекциялар (астық инспекцияларынан басқасын). Осыған байланысты Қазақ ССР Дайындау министрлігін Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігі етіп қайта құрып, таратылатын Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігінен наубайхана, макарон өнеркәсіп орындары мен ұйымдарын және Алматы ашытқы заводын соның қарамағына беру орынды деп табылсын;

— Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінен мақта мен жүнді алғаш өңдеу жөніндегі кәсіпорындар;

— Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінен жобалар мен сметалар сарапшылығы, мелиорациялық жұмыстарға бөлінетін күрделі қаржының лимиттерін анықтау және оларды қаржыландыру, құрылысы аяқталған объектілерді қабылдау функциялары.

Осыған байланысты Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне, Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігіне, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне басқару аппараты қызметкерлерінің құрамын, оларды ұстауға бөлінетін шекті қаржыны және басқа жоспарлы көрсеткіштерді белгіленген тәртіппен қабылдау мен өткізу жүзеге асырылсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті, облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері, аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, оларға қарасты совхоздар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ колхоздар Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің біртұтас жүйесін құрайды.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен бірге республика аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің жүйесіне біртұтас құрылым ретінде жоспарланып, қаржыландырылатын Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, сондай-ақ өзінің уставында көзделген қызметі мен правосын сақтайтын Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы енетін болып белгіленсін.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетін Председатель басқарады, ол сонымен бірге Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары болып табылады. Комитет Председателі орынбасарларының жалпы саны 11 адам болып, оның ішінде екі бірінші орынбасар және күрделі құрылыс пен қайта құру жөніндегі орынбасар — Қазақ ССР министрлері болып белгіленсін [1].

7. Председатель мен оның орынбасарларынан басқа Қазақ ССР Астық өнімдері министрі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы басқармасының Председателі, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комите-

[1] 6-пунктке Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1986 ж. 18 марттағы № 106 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

ті Председателінің бірінші орынбасары, Қазақ ССР Финанс министрінің бірінші орынбасары, Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті Председателінің бірінші орынбасары, СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы басқарушысының орынбасары, Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы Бастығының бірінші орынбасары, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы Главриссовхозстройдың Бастығы, облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттерінің председательдері, ғалымдар, басқа да ведомстволар мен ұйымдардың басшы қызметкерлері Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің мүшелері болып табылады деп белгіленсін.

Комитет республика аграрлық-өнеркәсіптік комплексін дамытудың ірі проблемаларын қарайды. Оның мәжілісі қажет болуына қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіне енетін кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысының мәселелерін шешу үшін 19 адамнан коллегия құрылсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің мүшелері мен Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің коллегия мүшелерінің құрамын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің, облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері мен аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің басқару аппараты осы қаулыға сәйкес таратылған министрліктердің, ведомстволардың және оларға қарасты ұйымдардың басқару органдарының жалпы саны есебінен құрылады. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің орталық аппаратының және ондағы ұйымдардың шекті саны мен жалақы қорын Қазақ ССР Министрлер Советі, штат кестесін Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің Председателі бекітеді.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінде таратылған министрліктер мен ведомстволардың тиісті бөлімшелері негізінде материалдық-техникалық жабдықтаудың бірыңғай жүйесі құрылсын. Бұрын таратылған министрліктер мен ведомстволар жүзеге асырып келген халық шаруашылығының басқа салаларын жабдықтау міндеті Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінде сақталсын.

11. Республика аграрлық-өнеркәсіптік комплексінде зерттеулерді ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етіп, үйлестіру ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесіне жүктелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесіне облыстар бойынша аграрлық-өнеркәсіптік өндірісті дамытуды ғылыми тұрғыдан комплексті түрде қамтамасыз етудің жүйесін әзірлесін, бұл орайда ғылыми-өндірістік бірлестіктер құру кеңінен қолданылатын болсын.

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі Президиумының Председателі Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің ғылыми-техникалық советін басқарады деп белгіленсін.

12. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі өзінің қаулысында аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың бірыңғай жүйесін құру басқарудың әрбір деңгейінің праволарын, міндеттерін және нақты жауапкершілігін айқын белгілеген жағдайда ғана қажетті тиімділік беретіндігін ерекше атап көрсетті.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті республика орталық басқару органы ретінде өзінің назарын аграрлық-өнеркәсіптік өндірістегі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге байланысты проблемаларды шешуге шоғырландыруға, сөйтіп мыналарды қамтамасыз етуге тиіс деп табылсын;

әрбір облыстың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерінің неғұрлым то-

лық пайдаланылуын ескере отырып, өндірістің дамуын ғылыми негізде жоспарлау, қаржыландыру және ресурс жағынан қамтамасыз ету;

аграрлық-өнеркәсіптік комплекс салаларының теңдестіріле дамытылуына, ауыл шаруашылығын ұқсатушы өнеркәсіппен интеграциялаудың жүзеге асырылуына, өнімді сақтау мен тасымалдаудың материалдық-техникалық базасының дамытылуына қатаң бақылау жасау;

шаруашылықты жүргізудің экономикалық әдістері мен шаруашылық есеп қатынастарын жетілдіру, баға белгілеудің ғылыми негізделген әдістерін жүзеге асыру, еңбекті ұйымдастырудың және оған ақы төлеудің прогресті формаларын, материалдық-техникалық жабдықтаудың нормативтік әдістерін енгізу;

аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінде күрделі құрылыс пен жобалау ісін жетілдіру, қаржылар мен материалдық-ресурстарды үнемді пайдалану;

ғылым мен өндірістің интеграциясын тереңдету, аграрлық-өнеркәсіптік өндірістің барлық салаларын интенсивті даму жолына көшіруді ескере отырып, кадрлар даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне селекциялық жұмыстың тиімділігі, мал тұқымын асылдандыру ісі, машиналар жүйесін, энергия мен ресурстарды үнемдейтін интенсивті технологияларды енгізу, тыңайтқыштарды, химиялық мелиоранттар мен өсімдік қорғау құралдарын ұтымды пайдалану, жер ресурстарын сақтау және топырақтың құнарлылығын арттыру үшін толық жауапкершілік жүктеледі.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен сатып алу және оларды жалпыодақтық қорға беру жоспарларының орындалуын, оларды ұқсатып, сақтау жөніндегі барлық кәсіпорындардың бір-бірімен байланыстырылған қызметін қамтамасыз етеді. Олар тамақ өнімдерін өндіруді ұлғайтудың, олармен халықты жабдықтауды жақсартудың жергілікті мүмкіндіктерінің барынша пайдаланылуы үшін толық жауап береді. Бұл комитеттер өздерінің қызметін мына проблемаларды шешуге жұмылдыруға тиіс:

егіншілік пен мал шаруашылығының ғылыми негізделген жүйелерін игеру, материалдық-техникалық, финанс және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану;

аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің территориялық құрылымын жетілдіру, өндірістің мамандандырылуы мен шоғырландырылуын дамыту;

колхоздарда, совхоздарда және аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінің басқа да кәсіпорындарында шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайларын теңестіру;

азық-түлік комплексінің құрамдас бөліктері ретінде кәсіпорындар мен ұйымдардың қосалқы шаруашылықтарын, азаматтардың меншікті қосалқы шаруашылықтарын, коллективтік бағбандық және бақша шаруашылығын одан әрі дамыту;

селоны әлеуметтік жағынан қайта құру жөніндегі шараларды жүзеге асыру, колхоздар мен совхоздарда, құрылыс ұйымдары мен ұқсатушы кәсіпорындарда тұрақты еңбек коллективтерін құру, орта буын және бұқаралық кәсіп кадрларын даярлау және қайта даярлау.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері қарауындағы ғылыми-зерттеу мекемелерінің, ғылыми-өндірістік бірлестіктердің қызметін жақсартуға, аграрлық-өнеркәсіптік өндірістің дамытылуына олардың ықпалын күшейтуге, тұқым шаруашылығын жүргізуге, сорттарды дер кезінде ауыстырып, жаңартып отыруға, мал шаруашылығына малдәрігерлік қызмет

көрсетуге, мал тұқымын асылдандыру станциялары мен қолдан ұрықтандыру станцияларының жұмысына, малдың тұқымдық құрамын сапалық жағынан жетілдіруге және малды өз төлі есебінен көбейтуді жақсартуға тікелей жауап береді.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқару жүйесіндегі бастауыш буындар ретінде аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер өздерінің назарын ең алдымен өнімді белгіленген түр-түрінде беру жөніндегі мемлекет заказдарының сөзсіз орындалуына, бұл үшін колхоздардың, совхоздардың, ұқсатушы, жөндеуші, құрылысшы және басқа да кәсіпорындары мен ұйымдардың тиімді қызмет істеуіне қолайлы жағдайлар жасалуына аударуға тиіс.

Аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер басқарудың экономикалық тұтқаларын пайдалану, барлық жұмыс істеушілердің еңбектің түпкі нәтижелеріне материалдық мүдделілігін арттыру, барлық өндірістік буындарда коллективтік мердігерлік пен шаруашылық есепті кеңінен енгізу, қаржыландыру мен кредит беруді жақсарту негізінде еңбек коллективтерінің шаруашылық инициативасын барынша дамытуға тиіс.

Аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің басшылары мен мамандары біртұтас инженерлік қызметтің жұмысын ұйымдастыруға, колхоздарды, совхоздарды және басқа кәсіпорындарды материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, өнім дайындау мен өткізуді ұйымдастыру, колхоздар мен совхоздарда өнім ұсататын және сақтайтын базаларды дамыту, агрохимиялық, өндірістік-техникалық және транспорттық қызметті, күрделі құрылысты одан әрі жетілдіру мәселелерін дер кезінде шешуге ерекше қамқорлық жасауға тиіс.

Жасалған өндірістік потенциалды тиімді пайдалану, топырақтың құнарлылығын жақсарту, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен малдың өнімділігін молайту, еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ету, өлшемді өнімге жұмсалатын шығындарды қысқарту, бөлінетін қаржының өтелуін жеделдету және өндірістің рентабельділігін арттыру аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің аса маңызды міндеті болып табылады.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі ұсақ-түйек қамқоршылдық пен әкімгершілікке, шаруашылық басшылары мен мамандарын алмастыруға жол беруге болмайтынына назар аударады. Колхоздардың, совхоздардың және кәсіпорындардың басшы кадрларының тұрақтануы, олардың творчестволықпен қызмет істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасалуы, тапсырылған іс үшін жоғары жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге қамқорлық жасау партия комитеттерінің, совет органдарының және аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқарудың барлық буындарының басты назарында болуға тиіс.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қатысуымен аграрлық-өнеркәсіптік комплексті дамыту жөніндегі бақылау цифрларын облыстар мен аудандарға, республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексіне енетін министрліктер мен ведомстволарға тұтас күйінде жеткізудің тәртібі туралы ұсыныс жасап, оны Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізсін.

Экономикалық және әлеуметтік даму жоспарлары бақылау цифрларының негізінде төменнен — колхоздарда, совхоздарда, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарда әзірленеді.

Облыстардың, сондай-ақ республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексіне енетін Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары негізінде Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті экономикалық және әлеуметтік дамудың жылдық және бес-

жылдық жоспарларының жобаларын жасап, белгіленген мерзімде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етеді.

14. Аграрлық-өнеркәсіптік комплекс салаларын жоспарлау, қаржыландыру және материалдық-техникалық жағынан жабдықтау тәртібінің өзгеруіне байланысты Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Финанс министрлігі, Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті, Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы, СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы аграрлық-өнеркәсіптік өндірістің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бірыңғай бөлімшелер құрылуын көздей отырып, белгіленген ретпен аппарат құрылымының қайта құрылуын жүзеге асырсын.

15. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өзіне бөлінген материалдық-техникалық ресурстар қорын Қазақ ССР облыстары, министрліктері мен ведомстволары бойынша (республикалық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) бөліп, оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады.

* * *

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі колхоздардың, совхоздардың, республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің құрамына енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек коллективтері өз салаларында жасалған экономикалық потенциалды, бөлінетін материалдық-техникалық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану, кәсіпорындар мен ұйымдарда ғылым мен техника жетістіктерін жеделдете енгізу жөнінде пәрменді шаралар қолданады, халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру жөнінде алға қойылған міндеттерді шешуге сүбелі үлес қосады деп сенім білдіреді.

## ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1986 жылғы 30 апрельдегі № 170**
**ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 12, 38-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

СССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетімен келісілген Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1986 жылғы 30 апрельдегі*
*№ 170 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексін мемлекеттік басқарудың одақтық-республикалық органы болып табылады және ол өз қызметінде

Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне бағынады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті ауыл шаруашылығына, тамақ, ет және сүт өнеркәсібіне, ауыл шаруашылық өнімін дайындауға, мақтаны, жүнді бастапқы өңдеуге, колхоздардың, совхоздардың, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің басқа кәсіпорындары мен ұйымдарының құрылысына, оларға өндірістік қызмет көрсетуге және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге басшылықты, сондай-ақ өз компетенциясы шеңберінде астық қабылдау мен өңдеу, жерді мелиорациялау, орман және балық шаруашылығы саласында салааралық басқаруды жүзеге асырады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттерімен қатар ауыл шаруашылық өнімін өндіруді молайтуға, оны сатып алу мен жалпы одақтық және республикалық қорларға беріп тұруға, оның сапасын жақсартып, неғұрлым терең әрі комплексті түрде ұқсатуға, өнімнің сақталуына, азық-түлік тоқарларының ассортиментін едәуір жақсартып, сапасын арттыруға толық жауап береді, осының негізінде халықты тағам өнімдерімен, ал өнеркәсіпті шикізатпен тұрақты жабдықтауға, қажетті мемлекеттік резервтер мен экспорттық ресурстарды жасауға күш салады.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің басты міндеттері мыналар:

СССР-дің Азық-түлік программасын ойдағыдай орындау, аграрлық-өнеркәсіптік комплексте ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі проблемаларды шешу;

қолда бар өндірістік-экономикалық потенциалды, ең алдымен жерді, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын тиімді пайдалану, сөйтіп оның негізінде астық, ет, сүт, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің тамақ өндіретін салаларының басқа да өнімін өндіруді одан әрі ұлғайту;

Партия мен Үкіметтің шешімдерін, мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

республиканың әрбір облысының мүмкіндіктері неғұрлым толық пайдаланылуын және оның ерекшеліктерін ескере отырып, өндірісті ғылыми негіздеп жоспарлау, қаржыландыру және ресурстармен қамтамасыз ету;

халық шаруашылығының біртұтас құрамды бөлігі ретінде аграрлық-өнеркәсіптік комплексті оған кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық, техникалық және ұйымдық байланыстарын нығайту жолымен барынша дамыту;

республиканың облыстары бойынша аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің салалары теңестіріле дамытылуын қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығының ұқсатушы өнеркәсіппен интеграциясын жүзеге асыру, өнімді сақтаудың, ұқсатудың және тасымалдаудың материалдық-техникалық базасын дамыту;

республиканың әрбір саласы мен регионының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып өндірісті ұтымды орналастыру, мамандандыру мен шоғырландыру, шаруашылықаралық кооперацияны дамыту;

шаруашылық жүргізудің экономикалық әдістері мен шаруашылық есепті жетілдіру, ғылыми негізделген баға тағайындалуын жүзеге асыру, коллективтік мердігерлікті және қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің басқа да прогресті формаларын енгізіп,

оларды жоғары түпкі нәтижелерге қол жеткізуге барынша бағдарлау, жаспарлау мен материалдық-техникалық жабдықтаудың нормативтік әдістерін кеңінен қолдану;

аграрлық-өнеркәсіптік өндірісті одан әрі интенсивтендіру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетіп, колхоздардың, совхоздардың, өнімді ұқсату мен сақтау жөніндегі кәсіпорындардың, селолық құрылыс және су шаруашылық ұйымдарының, өндірістік қызмет көрсету мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың, орман және балық шаруашылығының материалдық-техникалық базасын дәйектілікпен нығайту негізінде еңбек өнімділігін өсіру және олардың жұмыс тиімділігін арттыру;

ауыл шаруашылығында, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің ұқсатушы салаларында, өндірісті механикаландыруда, электрлендіру мен химияландыруда, жерді мелиорациялауда және селолық құрылыста, өндірістік қызмет көрсету мен материалдық-техникалық қамтамасыз етуде, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын ұтымды пайдаланып, оны ұдайы қалпына келтіруде, жердің және басқа табиғи ресурстардың сақталуын қамтамасыз етуде бірыңғай техникалық саясатты жүзеге асыру;

ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігін ұдайы өсіре беру мақсатында селекциялық жұмыстың, асыл тұқымдық және мал дәрігерлік істің тиімділігін арттыру, машиналардың қажетті жүйелерін әзірлеп, енгізу, тыңайтқыштарды, химиялық мелиоранттарды және өсімдік қорғау құралдарын ұтымды пайдалану;

аграрлық-өнеркәсіптік комплекс жүйесінде күрделі құрылысты және жобалау ісін жетілдіру, қаржылар мен материалдық ресурстарды үнемді пайдалану, күрделі қаржыны жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта құру мен техникалық қайта жарақтандыруға, әсіресе өнімді ұқсатуда, сақтауда және тасымалдауда пропорцияның бұзылуын жоюға бірінші кезекте жұмсау, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс салаларының пропорциялы дамытылуын қамтамасыз ету;

ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілуін қамтамасыз ететін ғылыми-өндірістік бірлестіктер, ғылыми және технологиялық орталықтар, салааралық ғылыми-техникалық комплекстер құру, басқа да ұйымдық формалар негізінде ғылым мен өндірістің интеграциясын тереңдету, интенсивті, энергия және ресурстар үнемдейтін технологияларды белсене енгізу;

селоны әлеуметтік қайта құру жөніндегі комплексті шараларды жүзеге асыру, аграрлық-өнеркәсіптік өндірістің барлық салаларын интенсивті даму жолына көшіруді ескере отырып кадрлар даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру, колхозшылардың, жұмысшылардың және қызметшілердің тұрғын үй, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, хауіпсіз еңбек жағдайын жасау;

жұмыстың жоғары өндірістік-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу жолындағы социалистік жарысты барынша дамыту, еңбек коллективтерінің өндірісті басқаруға кеңінен қатысуын қамтамасыз ету.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті, облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері, аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, олардың қарамағындағы совхоздар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ колхоздар Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің біртұтас жүйесін құрайды және СССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіне енеді.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өзіне тапсырылған салаларға басшылықты, әдетте, облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері арқылы жүзеге асырады және республикалық ба-

ғыныстағы бірлестіктерді, кәсіпорындар мен ұйымдарды тікелей немесе өзі құратын органдар арқылы басқарады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өз компетенциясы шеңберінде колхоздарға мемлекеттік басшылықты жүзеге асырады және колхоз құрылысы мәселелері жөнінде Республикалық колхоздар советіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда оған жәрдемдеседі.

Облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитеттерінің де, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің де бағынысында болады. Облыстық аграрлық-өнеркәсіптік комитеттер туралы ережені және олардың аппаратының құрылымын нақты жағдайларды ескере отырып халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері әзірлеп, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің келісуі бойынша бекітеді.

Республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің жүйесіне Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетімен қатар Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, сондай-ақ Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы (оның уставында көзделген функциялар мен праволарды сақтай отырып) кіреді.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті аграрлық-өнеркәсіптік комплексті бірыңғай тұтас нәрсе ретінде басқаруды қамтамасыз ете отырып жоспарлау мен қаржыландыруды Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі бойынша Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен бірлесе отырып белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің қаулылары мен жарлықтарын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алып, қолданылып жүрген заңдардың Комитет жүйесіндегі кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті аграрлық-өнеркәсіптік комплексте заңдарды қолдану практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізеді. Комитет жүйесіндегі кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда праволық жұмысты жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өз компетенциясы шеңберінде қаулылар, бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, сондай-ақ тапсырмалар береді, олар республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің жүйесіне кіретін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қатысуымен облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комплекстерін дамытуды анықтайды, облыстар, республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің жүйесіне кіретін министрліктер мен ведомстволар, сондай-ақ Комитетке тікелей бағынысты бірлестіктер, кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша тиісті көрсеткіштерді әзірлеп, оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті дамытудың әзірленген бақылау цифрларын Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірлесіп Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етеді және олар мақұлданғаннан кейін салалар бойынша бөлінбей біртұтас күйде белгіленген тәртіпке орай халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне (облыстық және жергілікті бағыныстағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бойынша), Қазақ ССР-інің тиісті министрліктері мен ведомстволарына (республикалық бағыныстағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бойынша), ал Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті — өзіне тікелей бағынысты бірлестіктерге, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға жеткізеді;

облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттерінің, сондай-ақ аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің жүйесіндегі Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары негізінде республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің жүйесі бойынша экономикалық және әлеуметтік дамудың жылдық, бесжылдық жоспарларының жобаларын жасап, оларды белгіленген мерзімде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен СССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне табыс етеді;

экономикалық және әлеуметтік дамудың бесжылдық, жылдық жоспарларының бекітілген көрсеткіштерін белгіленген тізбе бойынша облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттеріне, сондай-ақ Комитетке тікелей бағынысты бірлестіктерге, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға жеткізеді;

б) Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне бөлінген материалдық-техникалық ресурстардың қорларын, Қазақ ССР-інің облыстары, министрліктері мен ведомстволары (республикалық бағыныстағы кәсіпорындар үшін) және өзіне тікелей бағынысты бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бойынша бөледі, сондай-ақ олардың Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің бірыңғай материалдық-техникалық жабдықтау жүйесі арқылы алынуын ұйымдастырады. Халық шаруашылығының басқа салаларын жабдықтау функциясын белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің кәсіпорындарын, мекемелері мен ұйымдарын Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталықтандырылған түрде бөлінбейтін номенклатурасының өнімімен қамтамасыз ету Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің территориялық органдары арқылы жүзеге асырылады;

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің материалдық-техникалық құралдарды өндіруге арналған заказдарды орналастыру, экспорт жөніндегі ұсыныстарды дайындау және Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі ұйымдар өткізетін өнімнің импорты бойынша сатып алу жоспарларын әзірлеу жөніндегі жұмысына қатысады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің қарауында болжанылмаған жұмыстардың оперативті түрде орындалуын

ұйымдастыру үшін СССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін мөлшерде қажетті материалдық, финанс және басқа резервтері болады;

в) аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің ұқсатушы салалары өнімінің балансы мен оны бөлу жоспарларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекітуге табыс етеді, баланстар мен бөлу жоспарларына енгізілген шикізат пен өнім бөлінген қорларға сәйкес беріліп тұруын қамтамасыз етеді;

республикалық қорға беріліп тұратын және импорт бойынша келіп түсетін овощты, бақша дақылдарын, жеміс пен жидекті, жүзімді, картопты, кептірілген жемісті және жеміс-овощ консервілерін бөлу жоспарларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне табыс етеді, бұл өнімнің тұтынушыларға беріліп тұруын ұйымдастырады, сондай-ақ Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін тізбеге орай балық және ет-сүйек ұнтағын, жемшөптік ашытқыны, төпті, қаймағы алынбаған сүттің баламасын, кептірілген сүттің сарысуын, майсыздандырылған кептірілген сүтті және басқа өнімді пайдалану жоспарларын бекітеді;

ауыл шаруашылық дақылдарының тұқымын (мемлекеттік ресурстардан тұқымдық мақсатқа арналып бөлінетін дәнді дақылдар тұқымының мөлшері шеңберінде) және отырғызылатын материалдарды, сондай-ақ асыл тұқымды мал мен құстың балапанын сатып алу және бөлу жоспарларын белгіленген тәртіп бойынша бекітіп, олардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

г) ғылыми-техникалық прогрестің комплексті программасы үшін Қазақ ССР-інің аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің салаларын дамытудың жиырма жылға (бесжылдықтар бойынша) арналған негізгі бағыттарын анықтайды және тиісті ұсыныстарды Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етеді;

аграрлық-өндірістік комплекс салаларын дамытудың жоғары техникалық деңгейін қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулерді және ғылыми-техникалық жетістіктерді тиімді пайдаланудың негізгі бағыттарын анықтайды.

Республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінде зерттеулерді ғылыми қамтамасыз ету мен үйлестіруді ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі жүзеге асырады;

қызметкерлердің бекітілген саны мен ғылымды дамытуға арнап бөлінген қаржылардың шеңберінде ғылыми мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта ұйымдастырады және таратады, қарамағындағы ғылыми мекемелердің бағынысын өзгерту мәселелерін шешеді, ғылыми-өндірістік бірлестіктерді ұйымдастырады, олардың, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станцияларының шаруашылық есеп негізіне бірте-бірте көшірілуін жүзеге асырады, ғылыми-зерттеу жұмыстарын заказ-нарядтар негізінде, толық аяқталған және заказ беруші қабылдап алған жұмыс үшін төлей отырып қаржыландыруға арналған арнаулы қорлар құрайды;

д) Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесінде ауыл шаруашылық дақылдарының жаңа сорттары мен будандары, малдың жоғары өнімді тұқымдары, типтері, бағыттары мен будандары, ресурс үнемдейтін және қалдықсыз интенсивті технологиялар, өнімнің жаңа түрлері, өндірісті ұйымдастыру әдістері жасалып, енгізілуін, өндіріс пен тұтыну қалдықтары өңделіп, ұқсатылуын, сондай-ақ қайталама шикізаттың пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

е) Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі аграрлық-өнеркәсіптік өндіріс пен құрылыс базасын ком-

плексті механикаландырудың, электрлендірудің, газдандырудың және жылуландырудың негізгі бағыттарын анықтайды;

техниканың жоғары әзірлігін, сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіп бойынша жабдықтардың, механикаландыру мен электрлендіру, транспорт құралдарының жөнделуін және оларға техникалық күтім жасалуын, сондай-ақ технологиялық, жөндеу-технологиялық, қойма жабдықтары және басқа материалдық-техникалық құралдар жасап шығарылуын ұйымдастырады;

ауыл шаруашылық өндірісі мен ұқсатушы өнеркәсіп салаларын комплексті механикаландырып, автоматтандыруға арналған машиналар жүйесін әзірлеуге қатысады;

министрліктер мен ведомстволар келісуге табыс ететін машиналарға, жабдықтарға, материалдар мен ыдыстарға, запас бөлшектерге, мұнай өнімдері мен мұнай ыдыстарына, жемшөпке және өнеркәсіп өндірісінің жемшөп қосымшаларына, ауыл шаруашылығы мен ұқсатушы өнеркәсіп салаларында пайдаланылатын химия өніміне және басқа өнімдерге арналған стандарттар мен техникалық шарттардың жобаларын қарайды, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс үшін шығарылатын материалдық-техникалық құралдардың сапасын бақылауды жүзеге асырады, ескірген машиналарды, жабдықтарды және басқа өнімді өнім жасайтын заводтардан қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдайды;

белгіленген тәртіп бойынша машиналар мен жабдықтардың техникалық жайына, олардың сақталуына, жөнделуі мен техникалық күтіміне, мұнай өнімдерінің пайдаланылуына мемлекеттік қадағалау жасалуын жүзеге асырады;

жаңа машиналар мен жабдықтар, өндірісті химияландыру құралдарын, мал шаруашылығы үшін жаңа жемшөп пен жемшөп қосымшаларын, ыдыстар және ыдыстарды байлап-матайтын материалдар, республиканың колхоздарында, совхоздарында, аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің басқа кәсіпорындары мен ұйымдарында қолдануға арналған басқа да құралдар жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың министрліктер мен ведомстволар келісуге табыс ететін жоспарларын қарайды;

ж) жерді мемлекеттік есепке алу және жер кадастры, жер ресурстарын пайдаланудың бас схемаларын, жерге орналастыру схемалары мен жобаларын жасау, топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі агротехникалық, мелиоративтік және гидротехникалық шаралар комплексін жүргізу жұмысын ұйымдастырады, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады, республиканың жерге орналастыру қызметіне басшылық етеді;

з) ауыл шаруашылық дақылдарының жаңа сорттары мен будандарына мемлекеттік сынау жүргізіп, осы дақылдар тұқымының сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады. Мал шаруашылығында селекциялық-тұқым асылдандыру жұмысын ұйымдастырып, шаруашылықтардың ведомстволық бағынысына қарамастан республиканың территориясында селекциялық-тұқым асылдандыру жұмысының жайын тексеруді жүзеге асырады. Ауыл шаруашылық дақылдарын сортына қарай аудандастыру және малды тұқымына қарай аудандастыру жөнінде Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыныс енгізеді. Республиканың малдәрігерлік қызметіне басшылық етіп, мемлекеттік малдәрігерлік бақылауды жүзеге асырады;

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарды, басқа министрліктер мен ведомстволарды, сондай-ақ өзіндік меншігінде малы мен құсы бар аза-

маттарды белгіленген тәртіп бойынша малдәрігерлік-зоотехникалық мақсаттағы медикаменттермен, биопрепараттармен, дезинфекциялау құралдарымен, аспаптармен, приборлармен және жабдықтармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

и) Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесінде күрделі қаржының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитеттерінің ұсыныстарын ескере отырып өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық кәсіпорындарын, құрылыс-монтаж, жабдықтау және транспорт ұйымдарын орналастыру схемаларын бекітеді, күрделі құрылысты жүзеге асырып, негізгі қорлар мен өндірістік қуаттардың уақтылы іске қосылуын және олардың нормативтік мерзімдерде игерілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ объектілердің титулды тізімдері мен оларды жобалауға арналған тапсырмаларды белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің өндірістік объектілерін жобалау саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізеді, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп ауыл шаруашылық аудандарды орналастыру жобаларын, селолық елді мекендерді орналастыру мен салу жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады, жобалау-смета документтемесіне экспертиза жасалуын және оның белгіленген тәртіп бойынша бекітілуін қамтамасыз етеді;

к) Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігінің қатысуымен жерді мелиорациялауды дамытудың негізгі бағыттарын және бұл жөніндегі жұмыстардың, оның ішінде қорғаныш орман алқаптарының барлық түрлерін жасау жұмыстарының көлемін, мелиоративтік жұмыстардың күрделі қаржысына және оларды қаржыландыруға арналған лимиттерді анықтап, жобалау тапсырмаларын келіседі, жобалар мен сметаларға экспертиза жасалуын жүзеге асырады, салынып біткен объектілердің пайдалануға қабылдануын ұйымдастырады. Мелиорацияланған жерлердің жоғары тиімділікпен пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

л) Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар өндіретін минералдық шикізат кені орындары ұтымды зерттелуін және олардың комплексті пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес айналадағы орта мен жер қойнауын қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланып, ұлғайта өсіру жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

м) республикада агрохимиялық қызметке, өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі қызметке басшылық етеді, ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері мен кінәраттарына қарсы күрес жөніндегі шаралардың жүргізілуін ұйымдастырады. Өсімдіктердің карантині және оларды қорғау жөніндегі шаралардың орындалуына, колхоздарда, совхоздарда және басқа кәсіпорындар мен ұйымдарда, сондай-ақ азаматтардың шаруашылықтарында агрохимиялық жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылау жасалуын жүзеге асырады;

н) Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарда социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, шаруаға қырсыздыққа және өнімнің ысырабына қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесінде басқаруды, жоспарлауды, қаржыландыруды, бухгалтерлік есепті, есеп беруді, іс жүргізуді, бақылау-тексеру жұмысын, экономикалық ынталандыруды, еңбек пен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру жөнін-

дегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады. Ғылым жетістіктері мен озық тәжірибенің өндіріске енгізілуін ұйымдастырады;

Басқаруды, жоспарлауды және шаруашылық механизмін жетілдіру жөніндегі комиссияның келісуі бойынша республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің жүйесінде экономикалық эксперименттерді жүргізу шарттарын бекітеді;

о) қарамағындағы кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырып, олардың финанс қызметіне басшылық етеді, финанс ресурстарының пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне тікелей бағынысты ұйымдар мен кәсіпорындар бойынша негізгі финанс-экономикалық көрсеткіштерді белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

негізгі қызмет пен күрделі қаржы бойынша СССР Мемлекеттік банкісінің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттерінің лимиттерін облыстардың аграрлық-өнеркәсіп комитеттері, республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне тікелей бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдар арасында бөледі және қайта бөледі;

қарамағындағы ұйымдар мен мекемелердің бюджеттен қаржыландырылатын шығыс сметаларын қарап, бекітеді;

ғылым мен техниканы дамытудың бірыңғай қорын, жаңа техниканы игеру қорын, жаңа техниканы жасап, енгізгені үшін сыйлық беру қорын және басқа орталықтандырылған қорлар мен резервтерді, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға уақытша финанс көмегін көрсетуге арналған резервті белгіленген тәртіп бойынша құрайды;

меншікті айналым қаржыларын, пайданы және негізгі қорларды қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдарды, ғылым мен техниканы дамытудың бірыңғай қорының сомасын және басқа қаржыларды облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттері, Комитетке тікелей бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдар арасында қайта бөлу үшін СССР Мемлекеттік банкісінің мекемелерінде есеп айырысу счеттарын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға уақытша финанс көмегін көрсетуге арналған резервтің, Комитет Председателі қорының қаржыларын және күрделі жөндеуге арналған амортизациялық аударым қаржыларын сақтау жөнінде жекелеген счеттар ашады;

финанс жоспарларына сәйкес қаржыларды қайта бөлуді жүзеге асырады;

облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттерінен, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне тікелей бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардан басы артық меншікті айналым қаржыларын жылдық есеп бойынша қайта бөлу тәртібімен немесе жоспарларды өзгертуге байланысты меншікті айналым қаржыларының нормативтері өзгерген жағдайда оларды алып қояды;

облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттерінің, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне тікелей бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардың счеттарынан финанс жоспарларына орай қайта бөлу тәртібімен алып қою көзделген қаржыларды, жылдық есеп бойынша немесе нормативтер өзгерген жағдайда құралған меншікті айналым қаржыларының артығын, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдар орталықтандырылған қорлардан қайтарып беру шарттары негізінде алған және белгіленген мерзімде қайтармаған қаржыларды дау-дамайсыз есептен шығарады;

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарға беріліп тұратын ағаш өнімдері, машиналар мен жабдықтар үшін қажет болған жағдайда орталықтандырылған есеп айырысуды жүзеге асырады;

жоспарды орындамайтын құрылыстар мен объектілер бойынша қаржыландыру жоспарларын азайту есебінен, күрделі қаржының және қуаттарды, объектілер мен негізгі қорларды іске қосу жөніндегі тапсырмалардың жылдық көлемін өзгертпей, жоспарды асыра орындайтын құрылыстар мен объектілер бойынша күрделі қаржыны қаржыландыру жоспарларын жыл бойы арттырып отырады;

п) колхоздар үшін бөлінетін бюджеттік қаржылардың сомасын облыстар бойынша бөледі, экономикалық ынталандыру қорын құрау және оны пайдалану тәртібін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірлесе отырып анықтайды, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі ауыл шаруашылық, ұқсатушы, қызмет көрсетуші және басқа кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың арасындағы экономикалық өзара қарым-қатынасын реттейді;

көрсетілетін қызметтерге арналған бағалар мен тарифтерді, техникалық-экономикалық нормативтерді, шикізатты, отын мен материалдарды жұмсаудың және олардың запастарының нормаларын, шикізат пен материалдар ысырабының және өнімді өндіру мен сақтау кезіндегі табиғи шығынның нормаларын белгіленген тәртіп бойынша бекітеді. Комитет жүйесінде материалдық және отын-энергетикалық ресурстардың ұтымды әрі үнемді пайдаланылуын, оларды жұмсаудың прогресті нормалары енгізілуін бақылауды ұйымдастырады, өндірістің материал шығынын азайтудың ішкі резервтерін іздестіріп табуды қамтамасыз етеді;

Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті мен халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитеттерінің облысаралық өнім беріп тұру бойынша берілетін тез бұзылатын (жас) өнім түрлерінің (овощтың, жидектің, жемістің, ерте пісетін картоптың) сатып алу және бөлшек сауда бағаларына қатысты ұсыныстары бойынша, бұл өнімдер жөнінде қалыптасқан сұраным мен ұсынысты ескере отырып, шешім қабылдайды;

р) өнімге арналған мемлекеттік стандарттардың жобаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге енгізеді, жекелеген өнім түрлерінің салалық стандарттары мен технологиясын бекітеді, сондай-ақ республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі кәсіпорындар шығаратын өнімдердің көтерме және бөлшек сауда бағаларының жобасын әзірлеп, бекітуге табыс етеді;

аграрлық-өнеркәсіптік комплекс салаларында өндірілетін және ұқсатылатын ауыл шаруашылық өнімінің сатып алынуын, оның сапасын мемлекеттік қадағалауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ бұл өнімнің сапасы туралы даулы мәселелерді шешеді, осы өнімді өндірушілер мен тұтынушылар арасында келіспеушіліктер пайда болған жағдайда, олардың кімге бағынысты екеніне қарамастан, ауыл шаруашылық және тамақ өнімінің сапасы туралы міндетті түрде қолданылатын қорытындылар береді;

с) шетелдермен ғылыми-техникалық және экономикалық байланыстарды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады;

т) азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарын, коллективтік бау және бақша шаруашылығын өркендетуге жәрдемдеседі, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтарының асыл тұқымды малдың төлін, сортты тұқым, отырғызатын материал,

тыңайтқыш сатып алуына, сондай-ақ және өзге де қызмет көрсетуге көмектеседі. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында қосалқы өндірістер мен кәсіпшіліктерді дамытуға жәрдемдеседі;

у) басшы кадрлар мен мамандарды даярлау мен қайта даярлауды, сондай-ақ өндірісте бұқаралық кәсіптің кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады. Комитетке бағынысты арнаулы орта оқу орындарын бітіретін жас мамандарды бөледі, кадрларды тұрақтандыру жөніндегі шараларды жүргізеді;

Комитетке тікелей бағынысты бірлестіктердің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшы кадрларын іріктеуді және оларды орналастыруды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады;

ф) өнім өндіру жөніндегі аса маңызды тапсырмаларды орындағаны, прогресті технологияларды, еңбекті ұйымдастыру формаларын енгізгені және мемлекеттік жоспардың тапсырмалары асыра орындалуын, өндірістің тиімділігі артуын қамтамасыз ететін басқа да өндірістік жетістіктері үшін республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік жүйесінің аса үздік қызметкерлерін көтермелеу үшін арнаулы сыйлық қорын белгіленген тәртіп бойынша құрайды;

х) өнім беріп тұру және қызмет көрсету жөніндегі шарттық қатынастардың нығайтылуын және қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өз міндеттемелерін қатаң орындауын қамтамасыз етеді;

ц) аграрлық-өнеркәсіптік комплекс қызметкерлері кәсіподағы Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесінде социалистік жарыс ұйымдастырады, республикалық жарыс шарттарын бекітеді, социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады және жеңімпаз коллективтерге ауыспалы Қызыл тулар мен ақшалай сыйлықтар береді;

ч) Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті өз компетенциясы шеңберінде аграрлық-өнеркәсіптік комплекстегі министрліктер мен ведомстволардың есептерін тыңдайды, сондай-ақ осы Ереженің 3-тармағында аталып өткен жекелеген мәселелерді Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының, облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттерінің шешуіне бере алады.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті Комитеттің Председателі, Председательдің орынбасарлары және Комитеттің басқа мүшелері құрамында құрылады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің Председателін, Председательдің бірінші орынбасарларын, Председательдің құрылыс және қайта құру жөніндегі орынбасарын — Қазақ ССР министрлерін Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығындағы кезеңде — кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне ұсына отырып Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды. Комитет Председателінің орынбасарларын Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды.

Қазақ ССР Астық өнімдері министрі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы Басқармасының Председателі, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Председателінің бірінші орынбасары, Қазақ ССР Финанс министрінің бірінші орынбасары, СССР Мемлекеттік банкісі Қазақ республикалық конторы Басқарушысының орынбасары, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателінің бірінші орынбасары, Қазақ ССР Орталық

статистика басқармасы Бастығының бірінші орынбасары, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстройдың» бастығы, облыстардың аграрлық-өнеркәсіптік комитеттерінің председательдері, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің, өзге министрліктердің, ведомстволардың, ұйымдардың басқа басшы қызметкерлері және ғалымдар да Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің мүшелері болып табылады.

Қажет болуына қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізілетін Комитет мәжілістерінде республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексін дамытудың аса маңызды проблемалары қаралады.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысы мәселелерін қарап, шешу үшін коллегия құрылады, оның құрамында Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің Председателі (коллегия председателі), Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті Председателінің орынбасарлары (лауазым бойынша), сондай-ақ Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің мүшелері арасынан басқа да басшы қызметкерлер болады.

Комитеттің және Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің коллегия мүшелерінің (олардың құрамына лауазым бойынша енетін адамдардан басқасын) персонал құрамын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің коллегиясы қабылдайтын шешімдер, әдетте, Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің қаулыларымен және бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Комитет Председателі мен коллегия арасында келіспеушіліктер болған ретте Председатель пайда болған келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз тарапынан, пікірін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

8. Ғылым мен техниканы дамытудың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау, ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты анықтау, ғылыми-техникалық зерттеулерге экспертиза жасау, ғылымның, техниканың ең соны жетістіктері мен озық тәжірибені пайдалану және өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар беру үшін Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінде көрнекті ғалымдардан, жоғары білікті мамандардан, өндіріс жаңашылдарынан, сондай-ақ ғылыми-техникалық қоғамдардың және басқа ұйымдардың өкілдерінен ғылыми-техникалық совет құрылады. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті Председателінің орынбасары — ВАСХНИЛдің Шығыс бөлімшесі Президиумының Председателі ғылыми-техникалық советтің председателі болып табылады.

Ғылыми-техникалық советтің құрамын және ол туралы ережені Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің Председателі бекітеді.

9. Комитеттің жүйесіндегі мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың арасындағы шаруашылық дауларын қарау үшін Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің құрамында арбитражы болады.

10. Комитеттің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің председателі бекітеді.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерін Комитет Председателі шаруашылық есепке көшіруі мүмкін.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті Председателінің орталық аппараттың, Комитет жанындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен бірлестіктердің бекітілген қызметкерлер саны және айлық жалақы қоры шеңберінде орталық аппараттың құрылымына өзгерістер енгізуге, Комитет жанында кәсіпорындар, ұйымдар мен бірлестіктер құруға, қайта ұйымдастыруға және оларды таратуға правосы бар.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің әлеуметтік және экономикалық дамуын жоспарлау бас басқармасының бастығын, сондай-ақ Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті Председателінің орынбасарлары басқаратын бас басқармалары бастықтарының орынбасарларын Қазақ ССР Министрлер Советі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1979 жылғы 14 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

6-статьяның бірінші бөлігінің үшінші абзацы, 24 және 26-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1980 жылғы 13 ноябрьдегі
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

17-статья

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

15-статья

---

[1] 1-томның 145-бетін қараңыз.
[2] 1-томның 163-бетін қараңыз.
[3] 1-томның 191-бетін қараңыз.

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

29 және 34-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 ж. 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша —
Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

5-статья, 12-статьяның 5-пункті және 14-статья

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «СЕЛО ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ, КОММУНАЛДЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ТҰРМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 24 МАЙДАҒЫ № 437 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 28 июньдегі № 274
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 15, 62-ст.)

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1982 жылғы 24 майдағы № 437 қаулысымен село халқының тұрғын үй, коммуналдық-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени тұрмыс жағдайларын одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар жүйесін белгілеп берді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Село халқының тұрғын үй, коммуналдық-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени тұрмыс жағдайларын одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1982 жылғы 24 майдағы № 437 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық және аудандық комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР Мемле-

---

[1] 1-томның 220-бетін қараңыз.

[2] 1-томның 254-бетін қараңыз.

[3] 2-пункттің төртінші — алтыншы абзацтары, 7-пункттің үшінші — бесінші абзацтары, 13 және 15-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

19-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 24 майдағы № 437 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

кеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой», Колхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық бірлестігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі және республиканың басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволары, сондай-ақ одақтық бағыныстағы ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары 1982—1990 жылдары селоның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі комплексті шараларды жүзеге асырсын, мұның өзінде мыналарды қамтамасыз етсін:

селолық елді мекендерді көркейтілген поселкелерге айналдырып түлете беруді, тұрғын үй, коммуналдық және мәдени-тұрмыстық құрылыс көлемін едәуір ұлғайтуды, кооперативтік және жеке-дара тұрғын үй құрылысын дамытуды;

селода кадрларды тұрақтандыру үшін қажетті жағдайлар жасауды, село халқына мәдени-тұрмыстық, медицина және сауда қызметін көрсетуді едәуір жақсартуды, сондай-ақ колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында жолдарды жеделдете салуды.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1986—1990 жылдарға арналған жоспардың жобасын әзірлеген кезде осы қаулының 2-тармағында белгіленген тапсырмаларды республиканың облыстары, министрліктері мен ведомстволары бойынша бөлуді жүзеге асырсын, сондай-ақ осы тапсырмаларды орындау үшін қажетті күрделі қаржы мен материалдық-техникалық ресурстар бөлінуін көздейтін болсын. СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінен қажетті деректерді алғаннан кейін бір ай мерзім ішінде бақылау цифрларын республиканың мүдделі министрліктері мен ведомстволарына жеткізсін.

4. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігімен, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетімен, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесімен және облыстық атқару комитеттерімен бірлесіп, 1990 жылы колхоздарда, совхоздарда және басқа ауылшаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында құрылыс-монтаж жұмыстарын (мелиоративтік құрылысты есептемегенде) оларға белгіленген лимиттің 75—80 проценті мөлшерінде мердігерлік әдіспен орындауды еске ала отырып, құрылыс және басқа министрліктер мен ведомстволар үшін селодағы объектілер құрылысы бойынша 1983—1990 жылдарға арналған жұмыс көлемдерін белгіленген тәртіп бойынша анықтасын.

5. Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі 1990 жылдың аяғына қарай селодағы объектілер құрылысы бойынша 750 миллион сомға дейінгі көлемде жұмыстар орындалуын қамтамасыз ету үшін қарамағындағы құрылыс-монтаж ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың құ-

рылыс министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып күрделі құрылыстың бесжылдық және жылдық жоспарларының жобаларын әзірлеген кезде колхоздар мен совхоздарда тұрғын үйлер, мектептер және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салу үшін қалалық үй құрылысы комбинаттары қуаттарының орта есеппен 15 процентін пайдалануды көздеп отыратын болсын.

7. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Колхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық бірлестігі облыстық атқару комитеттерімен, мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып мыналарды қамтамасыз етсін:

әкімшілік аудандарды жоспарлау, совхоздар мен колхоздардың поселкелерін жоспарлау мен салу жобаларының ұтымдылығы мен үнемділігін қамтамасыз етуді және село халқы үшін қажетті қолайлы жағдайлар жасауды еске ала отырып 1982—1985 жылдары жетпейтін осындай жобаларды әзірлеп, қолда барларына қажетті түзетулер енгізуді;

8. Колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында ауыл шаруашылық мақсатындағы топтық су құбырларын ішкі поселкелік таратқыш жүйелермен бір комплексте жобалап, салу жөніндегі заказ берушінің және бас мердігердің функциялары 1983 жылдан бастап СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне жүктелуіне байланысты Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті құрылысын СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің мердігерлік ұйымдары жүзеге асыратын топтық су құбырлары аймағында таратқыш жүйелер салуға арналған күрделі қаржыны белгіленген тәртіп бойынша 1983—1985 жылдары осы министрліктерге беруді жылдық жоспарлардың жобаларында көздеп отырсын.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен басқа да заказ берушілер топтық су құбырлары мен таратқыш жүйелерді жалпы жоба және біртұтас титулды тізім бойынша салуды қамтамасыз етсін.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері барлық ауыл шаруашылық сумен жабдықтау объектілеріне техникалық күтім жасауды мамандандырылған ұйымдарға белгіленген тәртіп бойынша беруді 1985 жылы аяқтау үшін ауыл шаруашылық сумен жабдықтау объектілерін жөндеуді және оларға техникалық күтім жасауды жүзеге асыратын осы ұйымдардың өндірістік базасын дамыту жөнінде қажетті ұйымдық-техникалық шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын.

10. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі мен облыстық атқару комитеттері Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой» мен ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесінің заявкалары бойынша 1982—1984 жылдары колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында ішкі шаруашылық жолдарын салу кезектігін жалпы пайдаланудағы жолдарды салу мерзімімен үйлестіре белгілей отырып, оларды дамытудың бас схемаларын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-

овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, облыстық атқару комитеттері республиканың басқа да мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып ішкі шаруашылық жолдарын жөндеуді ұйымдастыру мен күтіп ұстауды тәртіпке келтіру жөнінде шаралар әзірлеуді қамтамасыз етсін.

11. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі мен облыстық атқару комитеттері денсаулық сақтаудың бастауыш буындарының жұмысын жетілдіру, селода медициналық, оның ішінде стоматологиялық жәрдемнің жылжымалы түрлерін интенсивті дамыту негізінде село халқына медициналық жәрдем көрсетудің сапасы мен мәдениетін арттыруды, сондай-ақ қалалардың мамандандырылған денсаулық сақтау мекемелерінің (бөлімшелерінің) село тұрғындарына қызмет көрсетуін кеңейтуді қамтамасыз етсін. Селолық аудандарда жедел медициналық жәрдем қызметін ұйымдастыруды 1985 жылға қарай аяқтасын.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Байланыс министрлігі және облыстық атқару комитеттері он екінші бесжылдықта селолық аудандардағы барлық емдеу-профилактикалық мекемелерді телефондандыруды, жедел және шұғыл медициналық жәрдем станцияларын (бөлімшелерін) радио байланысы құралдарымен жабдықтандыруды аяқтасын.

14. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттері 1983—1990 жылдарға арналған жоспарлардың жобаларында селодағы бөлшек сауда айналымын одан әрі дамытуды, селолық жерлерде осы заманғы магазиндер, сауда орталықтары, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мен наубайханалар жүйесін кеңейтуді көздеп отыратын болсын.

Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық атқару комитеттері село халқына сату үшін тауарларды оларға деген қажеттер неғұрлым толық қанағаттандырылатын мөлшерде және ассортиментте бөліп отыратын болсын.

16. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы колхозаралық санаторийлер, демалыс үйлері, пансионаттар мен пионер лагерьлері үшін технологиялық, тоңазытқыш, медициналық және басқа жабдықтарды, сондай-ақ мебельді, ыдыс-аяқты, жұмсақ және қатты инвентарь мен мамандандырылған автотранспортты кәсіподақтардың санаторий-курорт мекемелері үшін белгіленген нормалар бойынша Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне бөлуді белгіленген тәртіпке орай жоспарларда көздеп отыратын болсын.

17. Облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Халықты, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар мен мекемелерді отынмен жабдықтау жөніндегі бас басқарма және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы колхозшыларға совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысшылары мен қызметшілеріне отын сатуды қамтамасыз етіп отырсын.

18. Қазақ ССР Байланыс министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі және облыстық атқару комитеттері 1983—1990 жылдары селолық жерлерде жалпы пайдаланудағы қажетті телефон желілерін, сондай-ақ колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары

мен ұйымдарында ішкі өндірістік және диспетчерлік телефон байланысы желілерін тартуды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында ішкі өндірістік және диспетчерлік телефон байланысы желілерін тарту үшін республиканың қорлары есебінен кабель өнімі, ағаш және басқа материалдар бөлуді белгіленген тәртіп бойынша көздеп отыратын болсын.

20. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттері, кәсіподақ және комсомол ұйымдары селоны әлеуметтік-экономикалық жағынан түлету жоспарларын жүзеге асыруға жастарды белсене қатысуға тарту жөнінде қосымша шараларды жүзеге асырсын. Олардың бойында туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін, өз өмірін ауыл шаруашылық өндірісімен байланыстыру ниетін тәрбиелесін. Қалалық комсомол ұйымдарының селода тұрғын үйлер, коммуналдық шаруашылық және мәдени-тұрмыстық объектілер салуға қамқоршылық көмек көрсету жөніндегі жұмысын жандандырсын.

21. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері:

село халқына мәдени қызмет көрсетуді одан әрі жақсартуды, селолық клуб мекемелері, кітапханалар мен спорт құрылыстары жүйесін дамытуды, оларды білікті кадрлармен нығайтуды және қажетті материалдық-техникалық ресурстар бөлуді қамтамасыз етсін;

қазіргі селоның маңызды проблемаларын ашып көрсететін, туған өлкеге сүйіспеншілік, ауыл шаруашылық еңбегін құрметтеу сезімін тәрбиелейтін жаңа фильмдер, спектакльдер шығару, концерт программаларын, телевизия мен радиохабарларын дайындау, кітаптар басу және бейнелеу өнері шығармаларын жасау жөніндегі жұмысты жандандырсын.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың партия, совет, ауыл шаруашылық органдары, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, ауыл шаруашылығы, құрылыс ұйымдары мен өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметкерлері селоны әлеуметтік жағынан түлету жөніндегі аса маңызды жалпы мемлекеттік, жалпы халықтық міндетті орындау үшін қолдан келгеннің бәрін істейді деп сенім білдіреді.

## § 2. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

### 1. Жалпы мәселелер

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАСЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ АУДАНДЫҚ (АУДАНАРАЛЫҚ) ШАРУАШЫЛЫҚАРАЛЫҚ ӨНДІРІСТІК-ПАЙДАЛАНУ ҚӘСІПОРНЫ («СЕЛЬХОЗЭНЕРГО») ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 28 майдағы № 227
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 12, 37-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығындағы шаруашылықаралық кәсіпорын (ұйым) туралы жалпы ережені бекіту туралы» 1977 жылғы 14 апрельдегі № 291 қаулысына[1] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Ауыл шаруашылығының энергетикасы және электрлендіру жөніндегі аудандық (ауданаралық) шаруашылықаралық өндірістік-пайдалану кәсіпорны («Сельхозэнерго») туралы осыған қосылған, СССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілген Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1980 жылғы 28 майдағы*
*№ 227 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАСЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ АУДАНДЫҚ (АУДАНАРАЛЫҚ) ШАРУАШЫЛЫҚАРАЛЫҚ ӨНДІРІСТІК-ПАЙДАЛАНУ ҚӘСІПОРНЫ («СЕЛЬХОЗЭНЕРГО») ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### I. Жалпы ережелер

1. Ауыл шаруашылығының энергетикасы және электрлендіру жөніндегі аудандық (ауданаралық) шаруашылықаралық (колхозаралық, совхозаралық, мемлекеттік-колхоздық және басқа шаруашылықаралық) өндірістік-пайдалану кәсіпорнын («Сельхозэнергоны») ауыл шаруашылық өнімін өндіруді молайту, бұл өнімнің сапасын арттырып, өзіндік құнын кеміту, сондай-ақ село халқының материалдық әл-ауқаты мен мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту мақсатында колхоздар, совхоздар, басқа да мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдар (бұдан былай «қатысушы-шаруашылықтар» деп аталатын) қатысушы-шаруашылықтардың балансы мен пайдалануындағы энергетикалық және электротехникалық жабдықтар мен қондырғыларды техникалық пайдалану ісін ұйымдастыру мен орындау, қатысушы-шаруашылықтардың аталған қондырғыларды жоғары өнімділікпен пайдалануына және ауыл шаруашылығын электрлендіруді одан әрі дамытуына ұйымдастыру-техникалық көмек көрсету үшін өздерінің финанс, материалдық-техникалық және еңбек ресурстарының бір бөлігін ерікті түрде біріктіру жолымен құрады.

«Сельхозэнерго» шаруашылық есептегі қызметімен қатар, аудандық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасының (ауыл шаруашылығындағы аудандық өндірістік бірлестіктің) селолық энергетикалық

[1] СП СССР, 1977 ж., № 13, 80-ст.

және электротехникалық қондырғылардың пайдаланылуын, ауыл шаруашылық өндірісі мен село халқының тұрмысына электр және жылу энергиясының кеңінен енгізіліп, тиімді пайдаланылуын ұйымдастыру жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің міндетін жүзеге асырады.

2. «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтармен жасалған шарттар бойынша энергетикалық жабдықты, электр қондырғылары мен диспетчерлік байланыс құралдарын техникалық пайдалану, монтаждау мен іске қосу-реттеу жөніндегі жұмыстарды орындайтын, осы жабдық пен қондырғыларға инженерлік қадағалауды, жоғары тұрған органдардың энергетика және электрлендіру мәселелері жөніндегі нұсқаулары мен жарлықтарының колхоздарда, совхоздарда, ауыл шаруашылығының басқа да мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындары мен ұйымдарында орындалуын бақылауды жүзеге асыратын өндірістік-пайдалану кәсіпорны болып табылады.

3. «Сельхозэнерго» өзіне бекітіп берілген, ортақ меншік правосы ретінде мемлекеттік, колхоздардың, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардың нелігіндегі, қатысушы-шаруашылықтардың үлесіне сай келетін мөлшердегі мүлікті иемдену, пайдалану және билік ету правосын оперативті басқару негіздерінде жүзеге асырады.

4. «Сельхозэнерго» өз қызметін жоспар бойынша, қатысушы-шаруашылықтардың қажеттеріне сәйкес жүзеге асырып, міндеттерін шаруашылық есеп негізінде орындайды және осы қызметпен байланысты праволармен пайдаланады, жеке балансы, мөрі болады және заңды ұйым болып табылады.

5. Өз міндеттемелері бойынша «Сельхозэнерго» оған бекітілген, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдары бойынша өндіріп алынуы мүмкін мүлікпен жауап береді. Ол қатысушы-шаруашылықтардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал қатысушы-шаруашылықтар, ССР Одағының немесе Қазақ ССР-інің заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда, «Сельхозэнергоның» міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Қатысушы-шаруашылықтардың «Сельхозэнергомен» арадағы қарым-қатыстары есеп айырысу бағалары арқылы және пайданы бөлу жолымен реттеліне алады.

«Сельхозэнерго» алған пайда толығымен қатысушы-шаруашылықтарға тиісті және осы Ережеге сәйкес пайдаланылады.

«Сельхозэнерго» қызметінің нәтижесінде шығындар пайда болған жағдайда олар «Сельхозэнергоның» қаржылары есебінен өтеледі, ал олар жетпейтін жағдайда — қатысушы-шаруашылықтардың қаржылары есебінен, сол шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы белгілеген тәртіп бойынша өтеледі.

6. «Сельхозэнергоны» басқаруды қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы мен олар сайлайтын «Сельхозэнерго» советі демократиялық негіздерде, ал өндірістік шаруашылық қызметіне күнделікті басшылықты — қатысушы шаруашылықтар уәкілдік берген адам — «Сельхозэнерго» директоры жүзеге асырады, ол сонымен бірге аталған советтің председателі болып табылады.

Қатысушы-шаруашылықтардың өздерінің жауапты өкілдері арқылы «Сельхозэнергоның» өндірістік-шаруашылық қызметінің барлық мәселелерін шешуге қатысуға правосы бар.

7. «Сельхозэнерго» өз қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып устав әзірлейді, оны қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы бекітеді және ол тиісті халық депутаттары Советінің атқару комитетінде тіркелуге жатады.

«Сельхозэнерго» уставында мыналар болуға тиіс:

оның аты және тұрған жері (почта адресі);

«Сельхозэнергоның» немен шұғылданатыны және қызметінің мақсаты;

қатысушы-шаруашылықтардың тізбесі;

«Сельхозэнергоға» басшылықты жүзеге асыратын органның аты;

«Сельхозэнергоның» уставтық қоры бар екендігі туралы нұсқама;

«Сельхозэнергоның» осы Ереже негізінде жұмыс істейтіні және заңды ұйым екендігі туралы нұсқама;

«Сельхозэнергоны» басқаратын лауазымды адамның қызметі.

Уставқа қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін, «Сельхозэнерго» қызметінің ерекшеліктеріне байланысты басқа да ережелер енгізілуі мүмкін.

8. Облыстық «Сельхозэнерго» бірлестігі «Сельхозэнергоның» жоғары тұрған органы болып табылады.

9. «Сельхозэнерго» өзінің өндірістік-шаруашылық қызметінде ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің қолданылып жүрген заңдарын, СССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 14 апрельдегі № 291 қаулысымен бекітілген, Ауыл шаруашылығындағы шаруашылықаралық кәсіпорын (ұйым) туралы жалпы ережені, осы Ережені, «Сельхозэнергоның» уставын және басқа нормативтік актілерді басшылыққа алады, социалистік заңдылық пен мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтайды.

«Сельхозэнергоға» берілген праволар халық шаруашылығының, қатысушы-шаруашылықтардың және кәсіпорын қызметкерлері коллективінің мүдделері үшін пайдаланылуға тиіс.

## II. Құру тәртібі

10. «Сельхозэнерго» оның қызметіне қатысуға келісім берген колхоздар, совхоздар, басқа да мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдар уәкілдік берген өкілдер жиналысының шешімі бойынша құрылады. «Сельхозэнергоны» құру туралы шешім белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

Өндірістік қажеттілік мақсатында қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысының шешімі бойынша және жоғары тұрған органмен келісіп алғаннан кейін аудандық «Сельхозэнерго» кәсіпорындары ауданаралық «Сельхозэнерго» кәсіпорындарына айналдырылуы мүмкін.

Колхоздың «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамына кіретіндігі туралы шешімді колхозшылардың жалпы жиналысы (уәкілдердің жиналысы) қабылдайды, ол құрылтайшылар жиналысына шешуші дауыс правосы және «Сельхозэнерго» құру туралы шешімге колхоз атынан қол қою үшін өкілеттігі бар өздерінің өкілдерін сайлайды. Басқа кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардың «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамына кіретіндігі туралы шешімдер олардың уставтарына (ережелеріне) сәйкес қабылданады.

Совхоз, басқа да мемлекеттік кәсіпорын немесе ұйым «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамына өзінің жоғары тұрған органының келісімімен кіреді. Совхоздың, басқа да мемлекеттік кәсіпорынның немесе ұйымның директоры құрылтайшылар жиналысына шешуші дауыс правосы бар өкілдер тағайындайды.

Жаңа шаруашылықтар «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамына солардың өтініші және «Сельхозэнерго» директорының мағлұм етуі (ұсынуы) бойынша қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысында қабылданады.

11. Жекелеген шаруашылықтардың «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамынан шығуы туралы мәселені қатысушы-шаруашылықтар

уәкілдік берген өкілдердің жиналысы колхоздар жөнінде — колхозшылардың жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі негізінде, басқа кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдар жөнінде — олардың уставтарына (ережелеріне) сәйкес қабылданған шешімдер негізінде, ал совхоздар және басқа мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар жөнінде — солардың өтініші бойынша, жоғары тұрған органның рұқсатымен шешеді.

Шаруашылық «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамынан шығатыны жайында «Сельхозэнерго» советіне шығарынан кемінде 6 ай бұрын ескертеді.

«Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамынан шығатын колхоздармен, совхоздармен және басқа кәсіпорындармен, ұйымдармен есеп айырысу шаруашылық жылы аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

## III. Мүлкі мен қаржылары

12. «Сельхозэнергоның» қаржылары оған қатысушылардың құрамына кіретін шаруашылықтардың үлес жарналарынан, өзінің өндірістік-шаруашылық қызметінің нәтижесінде алған пайдадан төленетін жарнадан, амортизациялық жарнадан, сондай-ақ басқа көздер есебінен құралады.

13. Қатысушы-шаруашылықтардың үлес жарналарының мөлшерін анықтау мен оларды енгізу тәртібі осы шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысының шешімімен белгіленеді.

Үлес жарналары ақшалай қаржылармен де, сондай-ақ «Сельхозэнергоның» балансына оған қатысушы-шаруашылықтардың өндірістік үйлерін, құрылыстарын, жабдығын, транспорт құралдарын және басқа мүлкін, тозуы ескеріле отырып баланстық құны бойынша есепке өткізу арқылы беру жолымен материалдық қазыналармен де төленеді.

СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің несиесі есебінен сатып алынған (салынған) мүлікті берген жағдайда қарыздың үлес жарна мөлшеріндегі өтелмеген берешегін қатысушы-шаруашылық төлейді, ал берешектің қалған сомасы несиені өтеудің бұрын белгіленген мерзімдерін сақтай отырып «Сельхозэнергоға» қайта ресімделеді.

«Сельхозэнергоға» қатысушылар құрамына кіретін колхоздардың, совхоздардың, басқа да мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардың үлес жарналары былайша енгізіледі:

колхоздар мен басқа да кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің қаржылары есебінен;

совхоздар мен басқа да мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің қаржылары және мемлекеттік бюджеттен алынған қаржылар есебінен.

Колхоздар, совхоздар, басқа да мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдар «Сельхозэнерго» құруға СССР Министрлер Советінің 1982 жылғы 11 ноябрьдегі № 983 қаулысының IV бөлімінің № 2 қаулысында көзделген шараларды жүзеге асыруға СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісі оларға берген ұзақ мерзімді несиені несиелендірудің тиісті объектілері бойынша сол шаруашылықтарға арналып белгіленген мерзімдерде өтей отырып үлес қосу тәртібімен пайдалана алады.[1]

14. «Сельхозэнергоға» бекітіп берілген негізгі және айналым қаржылар оның уставтық қорын құрайды, қордың мөлшері оның балансында көрсетіледі.

---

[1] 13-пункттің жетінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 18 январьдағы № 19 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

15. «Сельхозэнергоға» арналған айналым қаржыларының мөлшерін қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысының шешімі халық шаруашылығының тиісті салаларындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың айналым қаржыларын нормалау үшін белгіленген тәртіп бойынша бекітеді.

16. «Сельхозэнергоның» өзінің айналым қаржыларының өсімі оның қаржыларының есебінен, сондай-ақ қатысушы-шаруашылықтардың қосымша жарналары есебінен, ал олар жетпеген жағдайда — СССР Мемлекеттік банкісінің несиесі есебінен жүргізіледі.

17. «Сельхозэнерго» негізгі қорларын толық қалпына келтіруге, күрделі жөндеуге амортизациялық жарна төлеп отырады және оларды халық шаруашылығының тиісті салаларындағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар үшін белгіленген тәртіпке бейімдей отырып жұмсайды. Шаруашылық есептегі жоғары тұрған органдарға ұстауға белгіленген тәртіп бойынша жарна төлейді.

18. «Сельхозэнергода» даму қоры, материалдық көтермелеу қоры және әлеуметтік-мәдени шаралар мен тұрғын үй құрылысы қоры құралуы мүмкін.

19. «Сельхозэнерго» алған пайда, қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысының шешіміне сәйкес, мыналарға бағытталады:

а) СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің ұзақ мерзімді несиесін өтеуге пайдалану және оны пайдаланғаны үшін төленетін проценттерді өтеу, даму, материалдық көтермелеу, әлеуметтік-мәдени шаралар мен тұрғын үй құрылысы қорларын жасау, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты пайдаланудан болған шығындарды жабу, клубтарды, пионер лагерьлерін ұстау және «Сельхозэнергоның» қызметіне байланысты басқа да шығындарды төлеу үшін «Сельхозэнергоның» қарамағына;

б) бюджеттік төлемдерді төлеуге.

Бюджеттік төлемдер осы пункттің «а» тармағында көзделген мақсаттарға арналып «Сельхозэнергоның» қарамағына қалдырылған пайдадан колхоздардың табыс салығын төлеу үшін белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша есептеледі.

Пайданың қалған бөлігі қатысушы-шаруашылықтардың өздеріне арналған жұмыстардың орындалған көлемі ескеріле отырып солардың арасында бөлінеді.

Осы пунктте көзделген қорларға пайдадан төленетін жарнаның мөлшері осы қорлар туралы ережелерге сәйкес белгіленеді.

«Сельхозэнергоның» даму қоры пайдадан төленетін жарналардан, негізгі қорларды толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық жарналардан, істен шыққан және артық мүлікті — негізгі қорларды өткізуден түскен қаржылардан және күрделі қаржыларға арналған қаржылардың басқа да түсімдерінен құралады.

«Сельхозэнергоның» күрделі қаржыларға, өндірістік-пайдалану базасын жарақтандыруға, өзінің айналым қаржылары нормативінің өсіміне, соның ішінде осы мақсаттар үшін алынған СССР Мемлекеттік банкісінің несиесін өтеуге бағытталатын қаржылары қатысушы-шаруашылықтардың үлес жарналарына есептеледі.

## IV. Өндірістік-шаруашылық қызметі

20. «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтардың барлық жұмысын олардың заявкаларына сәйкес және үлес қосуын ескере отырып шарттық негіздерде орындап, қызмет көрсетеді, ал бос қуаттары болған

жағдайда — басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ халыққа да қызмет көрсетеді.

21. «Сельхозэнерго» өндірістік-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін:

шаруашылықтардың электрмен кідіріссіз жабдықталуына басшылық етуді жүзеге асыру үшін, оперативті түрде әр алуан қайта қосу шараларын орындау, шаруашылықтардың балансындағы электр жабдығында пайда болған ақауларды жою, электр энергиясын тұтынуды лимиттеу, аудандағы шаруашылықтардың электр энергиясын тұтынуын бақылау мен талдау жасау үшін оперативті-диспетчерлік қызмет және авариялық бригадалар ұйымдастырады;

қорғау құралдарын, жылу өлшейтін және электр приборларын, аппаратура мен қондырғыларды жөндейтін және тексеретін тұрақты да жылжымалы электр-жылу лабораторияларын ұйымдастырады;

жұмыс істеп тұрған және шаруашылық әдіспен жаңадан салынатын объектілердегі қуат, жарық беретін электр жабдығын күрделі жөндеу мен монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін жүргінші бригадалар ұйымдастырады;

жылу мен электр қондырғыларын, сондай-ақ диспетчерлік байланыс құралдарын пайдалану қажеттері үшін стандарттандырылмаған жабдық пен материалдар, тетіктер, аспап, запас бөлшектер, бекіту бұйымдарын және тағы басқаларын жасап, жөндейтін шеберханалар (цехтар) ұйымдастырады.

22. «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтардың заявкалары негізінде және өзінің өндірістік мүмкіндіктеріне қарай жылдық және перспективалық жұмыс жоспарларын әзірлейді.

Бекітілген жоспарлаға сәйкес «Сельхозэнерго»:

қатысушы-шаруашылықтардың заявкалары бойынша жұмыстарды орындауға олармен шарттар жасасады;

қажетті жабдықтарды, транспорт құралдарын, электр жабдығын, аппаратура мен кабель бұйымдарын, запас бөлшектер, материалдар, отын және басқа өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады;

жетпейтін жабдықты, тетіктерді, аспапты, запас бөлшектерді, материалдарды, бекіту бұйымдарын және қатысушы-шаруашылықтардың электротехникалық және энергетикалық қондырғыларына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз етуге арналған басқа да өнімді өзі өндіру мен жасау ісін ұйымдастырады;

мемлекеттік, кооперативтік кәсіпорындармен және ұйымдармен шарттық негіздерде төте өндірістік байланыстар орнатып, дамытады.

«Сельхозэнерго» материалдар мен материалдық қазыналарды белгіленген мемлекеттік бағалар бойынша сатып алады.

23. «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтарға ұйымдастыру-техникалық көмек көрсету ретінде:

энергетикалық және электротехникалық қондырғылардың техникалық жайына, дер кезінде және сапалы техникалық қызмет көрсетілуіне инженерлік қадағалау ісін жүзеге асырады;

техникалық документтеменің дұрыс жүргізілуін, жаңа электр жабдығы мен электр қондырғыларының заводтық ақауларына акті-рекламациялар жасалуын, жарамсыз электр жабдығының есептен шығарылуын ұйымдастырады және бақылайды;

еңбек пен материалдық-ақшалай шығындардың үнемделуіне, электрлендірілген жұмыстар мен ауыл шаруашылық өнімінің өзіндік құнының кемітілуіне күш сала отырып, электр жабдығы мен электр қондырғыларының жұмысын есепке алудың жайын, материалдар мен ақша қара-

жаттарының белгіленген нормалар мен лимиттер бойынша жұмсалуын бақылайды;

аудандағы шаруашылықтардың электр энергиясымен кідіріссіз қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады, электр энергиясын беруде жоспардан тыс үзіліс болғанда өндіріске келтірілген зиянның мөлшерін анықтауда және электрмен жабдықтайтын ұйымдарға тиісінше талаптар мен претензиялар қоюда оларға көмек көрсетеді;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың аудандағы шаруашылықтармен электр энергиясын пайдаланғаны үшін есеп айырысуының дұрыстығын тексереді;

ауыл шаруашылық өндірісінде және село халқының коммуналдық-тұрмыстық қажеттері үшін электр энергиясын тұтыну режимін зерттейді, аудан шаруашылықтарында электрді тұтыну мен электр энергиясын үнемді жұмсаудың ұтымды режимдерін енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

маусым кезінде тоқтатып қойылған энергетикалық және электротехникалық қондырғылардың, қоймадағы электр жабдығы мен электр материалдарының сақталу жайын бақылайды;

электр жабдығы мен электр қондырғыларын пайдалану кезінде хауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мен өрт хауіпсіздігі жөніндегі шаралардың орындалуын бақылайды және қамтамасыз етеді;

ауыл шаруашылық өндірісін электрлендіру жөнінде семинарлар мен ғылыми-өндірістік конференциялар ұйымдастырып, өткізеді, аудан шаруашылықтарындағы электротехник қызметкерлердің мамандығын арттыру шараларын әзірлеп, жүзеге асырады;

рационализаторлық пен өнертабыс жөніндегі жұмысқа басшылық жасауды жүзеге асырады, ауыл шаруашылық өндірісін электрлендіру жөніндегі ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені қорытып, өндіріске, енгізеді, шаруашылықтарда жаңа электр жабдығы мен электр қондырғыларын тәжірибе ретінде тексеру жұмысын ұйымдастырады;

Партия мен Үкіметтің ауыл шаруашылығын электрлендіру жөніндегі шешімдерін насихаттау мен жүзеге асыруға, аудандағы колхоздардың, совхоздардың және басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындары қызметкерлерінің жоғары өндірістік көрсеткіштер жолындағы социалистік жарысын ұйымдастыруға белсене қатысады. Ауданның электрлендірілуін дамыту жөнінде келешекке арналған ұсыныстар әзірлейді.

24. «Сельхозэнерго» аудандық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасының (ауыл шаруашылығындағы аудандық өндірістік бірлестіктің) құрылымдық бөлімшесінің міндеттерін жүзеге асырған жағдайда совет председателі — «Сельхозэнерго» директоры аудандағы ауыл шаруашылығы бас энергетигінің правосына ие болып, соның міндеттерін, сондай-ақ мыналарды жүзеге асырады:

ауыл шаруашылық органдарымен және шаруашылықтармен бірлесе отырып аудандағы шаруашылықтардың өндірістік процестері мен село халқының мәдени-тұрмыстық қажеттерін электрлендіру жөніндегі перспективалық және жылдық жоспарларды әзірлейді, оларды тиісті органдардың бекітуіне ұсынады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

шаруашылықтармен бірлесе отырып жылу-техникалық жабдық, электр қондырғылары мен электр жабдығын беруге дәлелді заявкалардың дер кезінде жасалуын, сондай-ақ тиісті ұйымдармен жобалау-смета документтемесін әзірлеуге, ауыл шаруашылық өндірісін электрлендіру жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға, жаңадан монтаждалған электрлендірілген машиналар мен қондырғыларды іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізуге шарттар жасалуын қамтамасыз етеді;

мердігерлік ұйымдардың жобалау, құрылыс-монтаж, іске қосу-реттеу, жөндеу жұмыстарының және ауданның шаруашылықтарындағы электрлендірілген технологиялық жабдық пен электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың сапасын және белгіленген мерзімдерде орындалуын бақылайды;

ауданның шаруашылықтарында монтаждалған электр жабдығы мен электр қондырғыларын мердігерлік ұйымдардан пайдалануға қабылдап алатын комиссияларға қатысады;

ауданның шаруашылықтарындағы электр-монтаж жұмыстарын және электр жабдығы мен электр қондырғыларын жөндеу мен техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін шаруашылықтардың жөндеу материалдарын, приборлар, аспап алуға дәлелді заявкаларды дер кезінде жасауын ұйымдастырады және бақылайды;

аудандағы шаруашылықтардың басшылары мен инженер-техник қызметкерлеріне электр жабдығы мен электр қондырғыларын техникалық пайдалану мәселелері жөнінде нұсқаулар береді;

электротехник қызметкерлер жұмысының қорытындыларын шығару ісін бақылауды жүзеге асырады, электр жабдығы мен электр қондырғыларын пайдаланудың қорытындылары мен экономикалық тиімділігіне, ауданның шаруашылықтарында өндірісті электрлендіру жөніндегі ағымдағы және жылдық есептерге талдау жасайды;

аудандағы энергошаруашылықтардың басшылары мен инженерлерінің (техниктерінің) — колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары электриктерінің жұмысын бақылайды;

шаруашылықтардың және олардың өндірістік бөлімшелерінің басшылары мен мамандары электр жабдығы мен электр қондырғыларын пайдаланудың ұйымдастыру-техникалық ережелерін бұзған жағдайларда тиісті шаралар қолданады;

аудандағы энергетикалық қызметтердің басшыларын, инженерлерін (техниктерін) — колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының электриктерін іріктеу, орналастыру және жұмыстан шығару жөнінде ұсыныстар енгізеді;

совхоздардың директорларына, колхоздардың басқармаларына энергетикалық қызметтердің таңдаулы басшыларын, инженерлерін (техниктерін) — электриктер мен электр монтерлерін көтермелеу туралы ұсыныстар енгізеді.

25. «Сельхозэнерго» өз өнімін СССР-дің және Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары бекітетін мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттардың талаптарына сәйкес немесе аталған өнімнің тиісті органдар бекіткен мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттары болмаса, екі жақтың келісімі бойынша белгіленген техникалық шарттарға сәйкес өндіреді.

26. «Сельхозэнерго» өзінің қызметінде электротехникалық және энергетикалық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған запас бөлшектерді, материалдарды, отынды, электр энергиясын жұмсаудың жоғары тұрған ұйымдар бекіткен, қолданылып жүрген нормаларын қолданады. Запас бөлшектер мен материалдардың жекелеген түрлерін жұмсаудың бекітілген нормалары болмаған жағдайда «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтар уәкілдерінің жиналысы бекітетін уақытша нормаларды қолданады.

27. «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтар өндірген өнімді өндірістік-финанс жоспарына және олармен жасалған шарттарға сәйкес өткізеді.

«Сельхозэнерго» шығаратын өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімнің бағасы екі жақтың келісімі бойынша мемлекеттік көтерме сау-

да бағаларының дәрежесіне бейімдеп белгіленеді. Бұл өнімді өндіру қолданылып жүрген мемлекеттік көтерме сауда бағалары жағдайында «Сельхозэнерго» үшін залалды немесе аз рентабельді болатын реттерде аталған өнімнің бағаларын баға қоюшы органдар Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген тәртіп бойынша белгілейді. Электротехникалық және энергетикалық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөнінде «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтарда орындаған жұмысқа арналған тарифтер баға қоюшы органдар бекіткен прейскуранттарға, баға көрсеткіштері мен тарифтерге сәйкес белгіленеді. Жұмыстың жекелеген түрлеріне арналып бекітілген тарифтер болмаған ретте қатысушы-шаруашылықтар үшін «Сельхозэнерго» орындайтын өндірістік сипаттағы қызмет пен жұмысқа арналған тарифтер, қызметтің жекелеген түрлеріне баға қоюшы органдар бекітетін тарифтер қолданылатыннан басқа жағдайларда, екі жақтың келісімі бойынша белгіленеді.

«Сельхозэнерго» халық үшін орындайтын жұмыстар мен қызметтерге арналған тарифтерді сол кәсіпорын тұрмыс қажетін өтеу және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары халыққа көрсететін қызметтердің тиісті түрлеріне арналған, сол территорияда қолданылып жүрген тарифтерден асырмай белгілейді.

28. «Сельхозэнерго»:

мердігерлік құрылыс және монтаждау ұйымдарымен жасалған шарттар бойынша немесе шаруашылық әдіспен үйлер мен құрылыстар салуды және қайта құруды жүзеге асырады, мұның өзінде күрделі қаржылардың неғұрлым тиімді пайдаланылуын, құрылысты салу мен жобалық қуаттарды игерудің солардай мемлекеттік кәсіпорындар үшін белгіленген мерзімдерінің сақталуын, құрылыстың сапасы арттырылып, құны кемітілуін қамтамасыз етеді;

жобалау-смета документтемесін әзірлеуге, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен зерттеулер жүргізуге белгіленген тәртіп бойынша жобалау, ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдармен және оқу орындарымен шарттар жасасады.

29. «Сельхозэнергоны» материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету ауыл шаруашылығын өркендетуге бөлінетін қорлар, сондай-ақ шаруашылықтары «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамына кіретін салалардың қорлары есебінен жүргізіледі.

«Сельхозэнергоны» ауыл шаруашылық өндірісін және село халқына арналған мәдени-тұрмыстық объектілерді электрлендіру, сондай-ақ қатысушы-шаруашылықтардың иелігіндегі электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға қажетті материалдық-техникалық құралдармен жабдықтау ауыл шаруашылығын электрлендіру жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің бірыңғай тәртібіне сәйкес Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары арқылы жүзеге асырылады.

30. «Сельхозэнергоға» еңбек жөніндегі жоспар электротехникалық және энергетикалық қондырғыларға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, өндірістік-пайдалану базасын салу мен қайта құру жөніндегі жұмыстардың орындалу, өнім өндіру және өндірістік-финанс жоспарында көзделген басқа да жұмыстардың көлеміне сәйкес, халық шаруашылығының солардай мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарына арнап белгіленген есептеу тәртібіне бейімделіп белгіленеді және «Сельхозэнергоға» басшылық етуді жүзеге асыратын жоғары тұрған орган бекітеді.

31. «Сельхозэнергода» еңбек ұйымдастыру, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ұзақтығы, демалыс күндері мен демалыстарын беру,

көтермелеу және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану мәселелері, сондай-ақ қызметкерлердің еңбегін ұйымдастырудың басқа да мәселелері қолданылып жүрген еңбек жөніндегі заңдарға, осы Ережеге және жергілікті жағдайларды ескере отырып әзірленетін ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес және ауыл шаруашылығының мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарының ішкі еңбек тәртібі ережелеріне бейімдеп шешіледі.

32. «Сельхозэнергоға» мынадай право беріледі:

жұмысшылардың жекелеген топтары үшін кесімді еңбек ақы, мерзімді еңбек ақы немесе аккорд еңбек ақы белгілеуге;

мерзімді еңбек ақы төлеген ретте еңбек шығындарының салалық және басқа техникалық дәлелденген нормалары (нормаланған тапсырмалар, қызмет көрсету нормалары мен адам санының нормативтері) бойынша жұмыс істеген жағдайда кесімді еңбек ақы төленетіндердің тарифтік ставкасы мен мерзімді еңбек ақы төленетіндердің тарифтік ставкасы орнына айлық оклады қолданылатын жұмысшылар кәсіптерінің тізбелерін белгілеуге;

қолданылып жүрген тарифтік-біліктілік анықтамалықтарға сәйкес жұмыс разрядтарын белгілеуге және жұмысшыларға разрядтар беруге;

еңбек жағдайларының ауырлығы мен зияндылығына байланысты көтеріңкі тарифтік ставкалар бойынша ақы төленетін жұмысшылардың кәсіптері мен жұмыстардың тізбелерін өндіріс салалары бойынша осы кәсіптер мен жұмыстардың қолданылып жүрген үлгі тізбелеріне сәйкес белгілеуге;

«Сельхозэнергоның» цехтарын, учаскелерін, пункттері мен басқа да ішкі бөлімшелерін басшы, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі тиісті топтарға жатқызуға, сондай-ақ жұмыс көлемінің өзгеруіне байланысты оларды, белгіленген тәртіп бойынша «Сельхозэнерго» үшін бекітілген көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып, бір топтан екінші топқа көшіруге, орынды деп табылған жағдайда жұмысшылардың кәсіптерін белгіленген тәртіп бойынша ақы төлеп сабақтастыруға рұқсат етуге.

Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыруды «Сельхозэнерго» советі «Сельхозэнергоға» бөлінген жалақы қорының шегінде және кәсіподақ комитетімен келісіп алғаннан кейін жүргізеді.

33. «Сельхозэнерго» қажетіне қарай кадрлар даярлау мен олардың мамандығын арттыру ісін ұйымдастырады, озат жұмысшылар мен қызметшілерді олардың қалауы бойынша, бұл қызметкерлер оқу орнын бітірген соң «Сельхозэнергода» жұмыс істеуге қайтып келемін деп міндеттеме берген жағдайда, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес көтеріңкі стипендия төлеп, жоғары оқу орындары мен техникумдарда, сондай-ақ мамандық алу немесе біліктілігін арттыру үшін кәсіптік-техникалық училищелер мен мектептерде оқуға жібереді. Көтеріңкі стипендиялар белгіленіп, жоғары оқу орындары мен техникумдарға оқуға жіберілетін адамдардың кандидатуралары «Сельхозэнергоның» қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп ұсынылады және «Сельхозэнергоның» еңбек коллективімен бекітіледі.[1]

34. «Сельхозэнерго» еңбек ұйымдастыруды жүзеге асырады және ұдайы жетілдіріп отырады, техникалық қызмет көрсету жөндеу уақытының салааралық және салалық жаңа нормалары мен қолдану үшін міндетті басқа да нормативтерді белгіленген тәртіп бойынша енгізеді, еңбек өнімділігінің ұдайы арттырылуына күш сала отырып, жоғары өнімді

---

[1] 33-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 14 июньдегі № 251 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 13, 49-ст.).

жұмыс істеуге қажетті жағдайлар жасайды, еңбек туралы заңдардың, еңбек қорғау, хауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мен әлеуметтік сақтандыру ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

35. «Сельхозэнерго» атмосфералық ауаны, топырақты, су қоймаларын өнеркәсіп және шаруашылық тастандылармен, сарқынды сулармен және өндіріс қалдықтарымен ластаудан қорғау, сондай-ақ шуға және радио бөгеттеріне қарсы күрес жөніндегі қажетті шаралардың бәрін жүзеге асырады.

## V. Басқару органдары

36. Шаруашылықтың көлемдері мен оның үлес қосуына қарамастан әрбір шаруашылықтан саны жағынан тең етіп 3 жыл мерзімге сайланатын (тағайындалатын), қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы «Сельхозэнергода» басқарудың жоғары органы болып табылады.

Уәкілдік берілген өкілдер колхоздардан — колхозшылардың жалпы жиналысында (уәкілдер жиналысында), басқа кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардан — олардың уставтарына (ережелеріне) сәйкес белгіленген тәртіп бойынша сайланады, ал совхоздардан — директордың бұйрығымен тағайындалады. Қатысушы-шаруашылықтардың өздері уәкілдік берген өкілдерін кері шақырып алу және олардың орнына басқа адамдарды көрсетілген тәртіп бойынша сайлау (тағайындау) правосы өздерінде сақталады.

37. Қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы:

«Сельхозэнерго» уставын бекітеді, сондай-ақ оған қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, олар кейін тиісті халық депутаттары Советінің атқару комитетінде тіркеледі;

«Сельхозэнерго» советі мен тексеру комиссиясы құрамының санын белгілейді және ашық дауыспен совет мүшелерін, оның председателін — «Сельхозэнерго» директоры мен тексеру комиссиясының мүшелерін 3 жылға сайлайды;

колхоздардың, совхоздардың, басқа да мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен ұйымдардың «Сельхозэнергоға» қатысушылардың құрамына алу туралы өтініштерін қарайды және олар жөніндегі өз шешімін шығарады;

қатысушы-шаруашылықтардың үлес және қосымша жарналарының мөлшерлерін, сондай-ақ оларды енгізу тәртібі мен мерзімдерін белгілейді;

қатысушы-шаруашылықтардың әкімшілік-басқару шығындарының сметаларымен бірге жылдық есептері мен өндірістік-финанс жоспарларын, күрделі қаржы жоспарларын, энергетика мен электрлендіруді дамытудың перспективалық жоспарларын, пайданы пайдалану және шығындарды жабу тәртібін, сондай-ақ «Сельхозэнергоның» әлеуметтік даму жоспарларын бекітеді;

«Сельхозэнергоның» қатысушы-шаруашылықтармен жасасатын шарттарының негізгі мазмұнын анықтайды, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін екі жақтың жауапкершілігін белгілейді;

«Сельхозэнерго» советі мен тексеру комиссиясының жұмысы туралы есеп тыңдайды және тексеру актілерін бекітеді;

қалпына келтіру мүмкін болмаған немесе экономикалық жағынан орынсыз деп саналған және өтпейтін жағдайда тозған және одан әрі пайдалануға жарамсыз мүлікті ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік

кәсіпорындар мен ұйымдарға арналып белгіленген тәртіп бойынша оны «Сельхозэнергоның» балансынан шығару туралы актілерді бекітеді;

шаруашылықтардың оларды «Сельхозэнергоға» қатысушылар құрамынан шығару туралы өтініштерін қарайды және олармен есеп айырысу мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

«Сельхозэнергоның» облыстық «Сельхозэнерго» бірлестігіне қатысуы туралы шешім қабылдайды.

Қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдердің жиналысы сондай-ақ «Сельхозэнерго» қызметіне қатысты басқа да мәселелерді қарап, шеше алады.

38. Қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ жылына кемінде бір рет, ал кезектен тыс жиналысы — оған қатысушылардың кемінде 1/3-інің талап етуі немесе тексеру комиссиясының талап етуі бойынша жиналады. Қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы оған қатысушылардың кемінде 2/3-сі қатысып отырса, талқыланатын мәселелерді шешуге праволы. Шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады.

39. «Сельхозэнерго» советі:

жылдық есептерді, әкімшілік-басқару шығындарының сметаларымен бірге өндірістік-финанс жоспарларының, күрделі қаржылар жоспарлары мен дамудың перспективалық жоспарларының жобаларын, пайданы пайдалану мен шығындарды жабу мәселелерін, сондай-ақ «Сельхозэнергоның» әлеуметтік даму жоспарларының жобаларын қарайды және осы мәселелер жөнінде тиісті ұсыныстарды қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысының бекітуіне енгізеді;

«Сельхозэнергоның» құрылымын және ішкі еңбек тәртібі ережелерін ауыл шаруашылығының мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарында қолданылып жүрген ережелерге бейімдеп бекітеді;

шаруашылық шарттарын жасасу мен орындауға, техникалық прогресті қамтамасыз етуге және «Сельхозэнерго» қатысушы-шаруашылықтарда орындайтын техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстардың сапасын арттыруға байланысты мәселелерді қарайды;

«Сельхозэнерго» өндіріп алуға болмайды деп тапқан қарыздарды есептеп шығару актілерін бекітеді, бұл жайында жоғары тұрған органға хабарлайды;

кәсіподақ комитетімен бірлесіп социалистік жарысты, еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалысты ұйымдастырады, озат коллективтер мен қызметкерлерді материалдық және моральдық көтермелеу мәселелерін шешеді;

кәсіпорын басшысының тоқсан ішіндегі жұмыс қорытындылары туралы есептерін тыңдайды.

Совет сондай-ақ «Сельхозэнерго» қызметіне байланысты басқа да мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде қарап, шешеді.

40. «Сельхозэнерго» советінің мәжілістері тоқсанына кемінде бір рет, ал кезектен тыс мәжілісі — советтің немесе тексеру комиссиясы мүшелерінің кемінде 1/3-інің талап етуі бойынша өткізіледі. Советке сайланған мүшелердің кемінде 2/3-сі мәжіліске қатысып отырса, ол праволы деп есептеледі. Шешімдер жай көпшілік дауыспен қабылданады.

41. Совет председателі — «Сельхозэнерго» директоры:

«Сельхозэнергоның» қызметіне күнделікті басшылық жасауды жүзеге асырады, қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы мен «Сельхозэнерго» советінің және жоғары тұрған органның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және «Сельхозэнергодағы» істің жайы мен оның қызметіне жеке жауап береді;

«Сельхозэнерго» атынан сенім хатсыз іс-қимыл жасайды, барлық мекемелер мен ұйымдарда оның өкілі болып табылады, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес «Сельхозэнергоның» мүлкі мен қаржыларына билік етеді, шарттар жасасады, сенім хаттар (соның ішінде сенім ауысу правосы бар) береді, СССР Мемлекеттік банкісі мен СССР Құрылыс банкісінің мекемелерінде есеп айырысу және басқа счеттар ашады;

өз компетенциясы шеңберінде «Сельхозэнерго» бойынша бұйрықтар шығарады, бас (аға) мамандар мен басқа да қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларын бекітеді, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкерлерді жұмысқа алады және щығарады, көтермелеу шараларын қолданады және жаза береді. Бас (аға) мамандарды, бас (аға) бухгалтер мен юрисконсультті совет председателі — «Сельхозэнерго» директоры советпен және жоғары тұрған органмен келісіп алғаннан кейін жұмысқа алады және шығарады;

белгіленген тәртіп бойынша кәсіподақ комитетімен, «Сельхозэнерго» қызметкерлерінің өкілі ретінде, коллективтік шарт жасасады, жергілікті кәсіподақ комитетінің мәжілістерінде жоспарлардың жобалары туралы, жоспарлардың орындалу нәтижелері туралы және коллективтік шарт жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы баяндап береді, сондай-ақ кәсіподақ комитетімен бірлесіп тұрғын үй алаңын бөледі;

еңбекшілердің шағымдары мен өтініштерінің дер кезінде қаралуын қамтамасыз етеді;

«Сельхозэнергоның» өндірістік-шаруашылық қызметіне байланысты және жоғары тұрған органдардың компетенциясына жатпайтын басқа да мәселелерді шешеді.

42. «Сельхозэнергода» өндірістік мәселелерді шешу ісіне қатысуға қызметкерлерді кеңінен тарту үшін белгіленген тәртіп бойынша өндірістік кеңестер жұмыс істейді, халықтық бақылау топтары мен постылары құрылады.

«Сельхозэнерго» басшылығы өндірістік кеңестердің, халықтық бақылау топтары мен постыларының жұмысына барынша көмектесіп отыруға тиіс.

## VI. Есеп жүргізу, есеп беру мен өндірістік және финанс-шаруашылық қызметін тексеру

43. «Сельхозэнерго» бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізеді, бекітілген формалар бойынша есеп береді және оны белгіленген мерзімдерде тиісті органдарға табыс етеді.

44. «Сельхозэнергоның» финанс-шаруашылық қызметін тексеруді оның тексеру комиссиясы жылына кемінде бір рет жүргізеді. Өз жұмысында тексеру комиссиясы қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысына есеп береді.

45. Тексеру комиссиясы «Сельхозэнергоның» лауазымды адамдарынан қажетті документтерді талап етуге праволы. Тексерудің нәтижелері, тұжырымдар мен ұсыныстар туралы тексеру комиссиясы «Сельхозэнерго» советіне, қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысына және «Сельхозэнергоға» басшылық етуді жүзеге асыратын органдарға баяндайды.

Тексеру комиссиясының председателі мен мүшелері тексеру жүргізуге жұмсалған іс жүзіндегі уақыт ішінде орташа жалақысы сақталып, тексеру кезінде негізгі жұмысынан босатылады.

46. «Сельхозэнергоның» өндірістік және финанс-шаруашылық қызметін тексеруді «Сельхозэнергоға» басшылық етуді жүзеге асыратын орган және басқа да органдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізеді.

## VII. «Сельхозэнергоны» қайтадан ұйымдастыру және қызметін тоқтату

47. «Сельхозэнергоны» қайтадан ұйымдастыру және қызметін тоқтату қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысының шешімі бойынша, бұл мәселе тиісті халық депутаттары Советінің атқару комитеті мен «Сельхозэнерго» құру туралы шешімді бекітуге праволы органда қаралғаннан кейін жүргізіледі.

«Сельхозэнергоның» қызметін тоқтатуды (жоюды) қатысушы-шаруашылықтар уәкілдік берген өкілдер жиналысы сайлап, тиісті халық депутаттары Советінің атқару комитеті бекітетін жою комиссиясы жүзеге асырады.

СССР Мемлекеттік банкісінің, СССР Құрылыс банкісінің несиелерін және «Сельхозэнергоның» басқа да берешегін өтеуден артылған мүлік пен ақша қаражаттары қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қатысушы-шаруашылықтар арасында бөлінеді.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАСЫН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 24 МАЙДАҒЫ № 434 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1982 жылғы 28 июньдегі № 273 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 15, 61-ст.)**

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Финанс министрлігі ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу бағаларының арттырылуына және оларға үстемелер енгізілуіне байланысты, сондай-ақ рентабельділігі төмен және зиянмен жұмыс істейтін, негізгі қорлармен жеткілікті жабдықтандырылмаған және ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыруға меншікті қаржылары жоқ колхоздар бойынша жоспарлы шығындарды қаржыландыру үшін республиканың Мемлекеттік бюджетінің жобаларында қажетті қаржылар бөлінуін көздеп отыратын болсын.

5. Дайындау ұйымдарының өсірілген ауыл шаруашылық өнімін неғұрлым толық пайдалану, оны сақтауды, ұқсатуды және тұтынушыларға жеткізуді жақсарту үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында Қа-

---

[1] 3 және 4-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

1-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 24 майдағы № 434 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

зақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық атқару комитеттері мал мен құсты, сүтті, овощты, жемісті, жидек пен жүзімді тікелей колхоздар мен совхоздарда қабылдауға және оларды шаруашылықтардан дайындаушылардың транспортымен тасып әкетуге көшуді он екінші бесжылдықта аяқтайтын болсын.

6. СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы колхоздар мен совхоздардың финанс-шаруашылық қызметіне, оларға ағымдағы өндірістік-шығындар мен күрделі қаржыға арналып берілетін кредиттердің тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ алынған кредиттердің дер кезінде қайтарылуына бақылау жасауды күшейтсін.

7. Қазақстан Компартиясының облыстық, аудандық комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі колхоздар мен совхоздардың экономикалық және финанс жайы туралы мәселе қарап, ауыл шаруашылық өнімін өндірудің өсуін қамтамасыз етуге, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімсіз шығындарды қысқартуға және өнімнің өзіндік құнын кемітуге, сондай-ақ ауыл шаруашылық өндірісінің рентабельділігін көтеруге, бюджеттік қаржылар мен СССР Мемлекеттік банкісінің кредиттерін неғұрлым тиімді пайдалануға бағытталған шараларды жүзеге асырсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ МЕН ДАЙЫНДАУДЫ ЖОСПАРЛАУДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТАЛАНДЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1980 ЖЫЛҒЫ 14 НОЯБРЬДЕГІ № 1032 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 9 декабрьдегі № 451
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 23, 63-ст.)

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1980 жылғы 14 ноябрьдегі № 1032 қаулысымен ауыл шаруашылығын өркендетуді жоспарлау мен экономикалық ынталандыруды одан әрі жетілдіру жөнінде, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындауды ұлғайтуға, колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайтуға бағытталған шаралар жүйесін белгілеп берді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындауды жоспарлауды

[1] 10-пункт, 12-пункттің бірінші — төртінші, алтыншы абзацтары, 15-пункттің екінші абзацы, 16-пункттің бірінші және екінші абзацтары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

13-пункттің алтыншы — он үшінші абзацтары және 17-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1980 ж. 14 ноябрьдегі № 1032 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАСЫН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 24 МАЙДАҒЫ № 434 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1982 жылғы 28 июньдегі № 273 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 15, 61-ст.)**

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Финанс министрлігі ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу бағаларының арттырылуына және оларға үстемелер енгізілуіне байланысты, сондай-ақ рентабельділігі төмен және зиянмен жұмыс істейтін, негізгі қорлармен жеткілікті жабдықтандырылмаған және ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыруға меншікті қаржылары жоқ колхоздар бойынша жоспарлы шығындарды қаржыландыру үшін республиканың Мемлекеттік бюджетінің жобаларында қажетті қаржылар бөлінуін көздеп отыратын болсын.

5. Дайындау ұйымдарының өсірілген ауыл шаруашылық өнімін неғұрлым толық пайдалану, оны сақтауды, ұқсатуды және тұтынушыларға жеткізуді жақсарту үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық атқару комитетте-

[1] 3 және 4-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

1-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 24 майдағы № 434 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

рі мал мен құсты, сүтті, картопты, овощты, жемісті, жидек пен жүзімді тікелей колхоздар мен совхоздарда қабылдауға және оларды шаруашылықтардан дайындаушылардың транспортымен тасып әкетуге көшуді он екінші бесжылдықта аяқтайтын болсын.

6. СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы колхоздар мен совхоздардың финанс-шаруашылық қызметіне, оларға ағымдағы өндірістік шығындар мен күрделі қаржыға арналып берілетін кредиттердің тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ алынған кредиттердің дер кезінде қайтарылуына бақылау жасауды күшейтсін.

7. Қазақстан Компартиясының облыстық, аудандық комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі колхоздар мен совхоздардың экономикалық және финанс жайы туралы мәселе қарап, ауыл шаруашылық өнімін өндірудің өсуін қамтамасыз етуге, еңбек өнімділігін арттыруға, өнімсіз шығындарды қысқартуға және өнімнің өзіндік құнын кемітуге, сондай-ақ ауыл шаруашылық өндірісінің рентабельділігін көтеруге, бюджеттік қаржылар мен СССР Мемлекеттік банкісінің кредиттерін неғұрлым тиімді пайдалануға бағытталған шараларды жүзеге асырсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ МЕН ДАЙЫНДАУДЫ ЖОСПАРЛАУДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТАЛАНДЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1980 ЖЫЛҒЫ 14 НОЯБРЬДЕГІ № 1032 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1980 жылғы 9 декабрьдегі № 451 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 23, 63-ст.)

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1980 жылғы 14 ноябрьдегі № 1032 қаулысымен ауыл шаруашылығын өркендетуді жоспарлау мен экономикалық ынталандыруды одан әрі жетілдіру жөнінде, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындауды ұлғайтуға, колхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайтуға бағытталған шаралар жүйесін белгілеп берді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындауды жоспарлауды

[1] 10-пункт, 12-пункттің бірінші-төртінші, алтыншы абзацтары, 15-пункттің екінші абзацы, 16-пункттің бірінші және екінші абзацтары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

13-пункттің алтыншы — он үшінші абзацтары және 17-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1980 ж. 14 ноябрьдегі № 1032 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

және экономикалық ынталандыруды жақсарту туралы» 1980 жылғы 14 ноябрьдегі № 1032 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

## I. Ауыл шаруашылығында жоспарлау жұмысының дәрежесін арттыру жөніндегі шаралар туралы

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесіне, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстройға», Қазақстан Компартиясының облыстық және аудандық комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне ауыл шаруашылығында жоспарлау жұмысын одан әрі жақсартуға шаралар қолдану міндеттелсін, ауыл шаруашылық өндірісін басқарудың барлық сатыларындағы жоспарлау жұмысын жақсартудың аса маңызды бағыттары мыналар деп саналсын:

ғылыми-техникалық прогресті жеделдету және дамудың интенсивті факторларының ролін күшейту негізінде қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру;

ауыл шаруашылығын өркендетудің бесжылдық және жылдық жоспарларында өнім өндіру мен мемлекеттік сатып алу көлемдерінің қолда бар және бөлінетін материалдық-техникалық және финанстық ресурстармен, негізгі өндірістік қорлармен және күрделі қаржы көлемімен теңдестірілуін қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылығын тұрақты, пропорциялы және теңдестіре өркендету үшін қажетті материалдық және финанстық резервтер жасау;

ауыл шаруашылығына орталықтандырылған басшылықтың кәсіпорындардың шаруашылық дербестігін одан әрі дамытуымен дұрыс ұштастырылуын қамтамасыз ету, шаруашылықтарға ұсақ қамқорсушылыққа жол бермей, олардың инициативасын дамыту, басшылардың, мамандардың, колхозшылар мен жұмысшылардың ауыл шаруашылық өндірісін өркендетуге жауапкершілігі мен еңбектің түпкі нәтижелеріне олардың мүдделілігін арттыру.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, «Главриссовхозстрой», облыстық және аудандық атқару комитеттері экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын әзірлеген кезде КПСС Орталық Комитетінің июль (1978 ж.) Пленумының қаулысына сәйкес ауыл шаруашылық өнімін сатып алудың бес жылға арналған бірыңғай мемлекеттік жоспарларының (жылдар бойынша бөлінген) белгіленуін қамтамасыз ететін болсын. Мұның өзінде жерді, өндірістік қорларды, материалдық және еңбек ресурстарын пайдалануды жақсартуға, облыстар мен аудандарға, әрбір совхоз бен колхозға саралап қарауға, шаруашылықтардың өндірістік бағыттарын, ауыл шаруашылық өндірісінің табиғи және экономикалық факторларын неғұрлым толық есепке алуға ерекше назар аударылсын.

Облыстық және аудандық атқару комитеттері СССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, СССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі мен Медицина өнеркәсібі министрлігіне тікелей бағынатын асыл тұқымды мал, тұқым өсіретін және басқа мамандандырылған шаруашылықтарға ауыл шаруашылық өнімін мемлекеттік сатып алу жоспарларын белгілеген

кезде олардың сортты тұқым, отырғызылатын материал, дәрі-дәрмектік өсімдіктер, асыл тұқымды мал, жұмыртқа және құс өсіріп-өндіру жөнінде өздеріне бекітілген жоспарларды бірінші кезекте орындауын қамтамасыз ету қажет екендігін басшылыққа алсын.

4. Мемлекетке егіншілік пен мал шаруашылығы өнімін сату жөніндегі тапсырмалардың қолда бар өндірістік қорлармен және бөлінетін материалдық-техникалық, финанстық ресурстармен теңдестірілуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, «Главриссовхозстрой», ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, облыстық және аудандық атқару комитеттері бесжылдық (жылдар бойынша бөлінген) және жылдық жоспарларда ауыл шаруашылығын өркендетудің төмендегідей көрсеткіштерін тиісінше колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктеріне жеткізуді қамтамасыз етеді деп белгіленсін:

**мемлекетке ауыл шаруашылық өнімін сату жөнінде**

Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында көзделетін, мемлекетке ауыл шаруашылық өнімін сатудың заттай күйіндегі бірыңғай жоспарлары, ал мамандандырылған шаруашылықтарға, оның үстіне осы шаруашылықтар мамандандырылған өнім түрлерін (асыл тұқымды мал төлі, сортты тұқым, отырғызылатын материал және басқа өнім түрлері) сатудың көлемдері;

**материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде**

тракторлар, автомобильдер, трактор тіркемелерін, астық жинайтын комбайндар және басқа негізгі ауыл шаруашылық машиналарын, тыңайтқыштар, өсімдік қорғаудың химиялық құралдарын, ал құс фабрикалары, мал шаруашылығы комплекстері мен асыл тұқымды мал шаруашылықтары үшін сондай-ақ құрама жем беріп тұрудың көлемі.

Жылдық жоспарларда, оның үстіне, құрылыс-монтаж жұмыстарын шаруашылық әдіспен орындау үшін және жөндеу-пайдалану қажеттері үшін құрылыс материалдарын, сондай-ақ жоспарларды орындау үшін қажетті мұнай өнімдері мен басқа да материалдық-техникалық құралдар беріп тұрудың көлемі белгіленеді;

**ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу жөнінде**

ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу жөнінде қажетті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілген тапсырмалар;

**еңбек жөнінде**

совхоздарға және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктеріне жалақы қоры (нормативі);

**финанс жөнінде**

совхоздарға және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктеріне пайда жоспары, мемлекеттік бюджетке төленетін төлемдер және мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржылар;

а) совхоздарға және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктеріне:

СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарының номенклатурасы бойынша негізгі қорларды (өндірістік мақсаттағы қорларды бөле отырып), аса маңызды өндірістік қуаттар мен өндірістік мақсаттағы емес объектілерді іске қосу, соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру мен қайта құру есебінен өндірістік қуаттардың өсімі;

жұмыстардың бүкіл комплексі бойынша (өндірістік мақсаттағы объектілер үшін лимиттерді бөле отырып) ауыл шаруашылығын өркендетуге арналған мемлекеттік күрделі қаржылардың, құрылыс-монтаж және мердігерлік жұмыстардың лимиттері, соның ішінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру мен қайта құруға арналған шығындар (бесжылдық жоспарда);

б) экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларына орай жасалған есептерде көзделген, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілетін нақ сондай көрсеткіштер колхоздарға хабарланады.

Күрделі қаржының жоспарлары, мердігерлік жұмыстардың лимиттері, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жоспарлары мен финансты-экономикалық көрсеткіштер шаруашылықтарға мемлекетке ауыл шаруашылық өнімін сату жоспарларымен бір мезгілде жеткізілуі тиіс деп белгіленсін.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі:

бесжылдық және жылдық жоспарлардың құрамында қолда бар өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды пайдаланудың жоспарлы баланстары мен есептерін, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құру мен техникалық қайта жарақтандырудың жиынтық жоспарларын, белгіленген шараларды жүзеге асыру үшін күрделі қаржы мен жабдықтарға деген қажеттің есептерін әзірлеп, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс етіп отыратын болсын;

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құруға, техникалық қайта жарақтандыруға және кеңейтуге арналған материалдық ресурстар мен жабдықтардың, сондай-ақ күрделі қаржының, құрылыс-монтаж және мердігерлік жұмыстар лимиттерінің колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктеріне бірінші кезекте бөлінуі жоспарларда көзделетін болсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, «Главриссовхозстрой», облыстық және аудандық атқару комитеттері республиканың, облыстар мен аудандардың ауыл шаруашылығын өркендету жоспарларының құрамында, сондай-ақ Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының, колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктерінің жоспарларында әлеуметтік даму саласындағы шаралардың бүкіл комплексі бойынша жиынтық бөлімдер әзірленуін қамтамасыз етсін.

Аталған бөлімдерде қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту, біліктілігі мен кәсіптік шеберлігін, олардың жалпы білім және мә-

дени дәрежесін арттыру, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар және әлеуметтік даму саласындағы басқа да шаралар өндіріс пен күрделі құрылыстың тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмалармен байланыстырыла көзделетін болсын.

7. Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында көзделмеген тапсырмаларды колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктеріне тану сияқты бірқатар реттерде орын алған практика дұрыс емес деп саналсын.

Ауыл шаруашылық өнімін өндірудің мөлшері, егіс алқаптарының көлемі мен құрылымы, мал басының саны, ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығы мен малдың өнімділігі, өндірістің технологиясы мен ұйымдастырылуы, ауыл шаруашылығын өркендетудің басқа да көрсеткіштері мамандардың, колхозшылар мен жұмысшылардың, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың кеңінен қатысуымен, жергілікті жағдайларды, озық тәжірибені және ғылыми-зерттеу мекемелерінің ұсыныстарын ескеріп, ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік сатып алудың белгіленген жоспарларының сөзсіз орындалуын және оларға деген ішкі шаруашылық қажеттерді қанағаттандыруды қамтамасыз ету қажеттілігін басшылыққа ала отырып шаруашылықтарда әзірленетін бесжылдық және жылдық жоспарларда белгіленеді.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті ауыл шаруашылығында өндірісті, материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен күрделі құрылысты жоспарлауға арналған нормалар мен нормативтер жүйесін әзірлеп, дер кезінде қайта қарау жөніндегі жұмысты күшейтсін, ауыл шаруашылығын өркендетуді жоспарлаудың барлық сатыларында нормалар мен нормативтер жүйесінің неғұрлым кеңінен қолданылуын қамтамасыз етсін.

9. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және ауыл шаруашылық өнімін сатып алуды жүзеге асыратын басқа да министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар шаруашылықтар ұсынатын барлық өнімді сатып алуды ұйымдастыруға және олардың кідіріссіз қабылдануын қамтамасыз етуге жауап береді.

Дайындау кәсіпорындары мен ұйымдары жас немесе қайта өңделген күйінде пайдалануға жарамды стандартты емес жеміс-овощ және басқа тез бүлінетін өнімді, контрактация шарттарында көзделген мөлшерден тыс тапсырылатын тез бүлінетін стандартты өнімді екі жақ келіскен шарттар мен бағалар бойынша қабылдап алатын болсын.

Облыстық және аудандық атқару комитеттері дайындау кәсіпорындары мен ұйымдарын транспортпен, жұмысшы күшімен, ыдыстармен және шаруашылықтар тапсыратын барлық өнімнің дер кезінде қабылдануын ұйымдастыру үшін қажетті басқа да материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етуде оларға барынша көмек көрсетіп отыратын болсын.

11. Колхоздардан, совхоздардан және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктерінен сатып алынған ауыл шаруашылық өнімін (бірінші кезекте овощтарды, жемістерді, жидектерді, жүзімді, картопты, сүтті және малды) тікелей шаруашылықтарда қабылдауға, сондай-ақ оны дайындаушылардың арнаулы транспортымен және жал-

пы пайдаланудағы транспортпен тасымалдауға көшуді тездету мақсатында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық атқару комитеттері ауыл шаруашылық өнімін сатып алуды жүзеге асыратын СССР-дің тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен келісіп алғаннан кейін 1981 жылдан бастап дайындау ұйымдарына, колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен бірлестіктеріне өнімді тікелей шаруашылықтарда қабылдау мен тапсыру жөніндегі тапсырмаларды жеткізетін болсын.

## II. Ауыл шаруашылық өнімін өндіру мен мемлекетке сатуды ұлғайту және өндіріс тиімділігін арттыруды экономикалық ынталандыруды жетілдіру туралы

12. *(Бесінші абзац)* Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Финанс министрлігі, СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы:

*(жетінші абзац)* ауыл шаруашылығының ауыл шаруашылық өнімін дайындауды, сақтауды, қайта өңдеуді және оны тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын салалармен экономикалық қарым-қатынастарын жетілдіру жөніндегі жұмысты алдағы уақытта да жүргізе берсін.

13. Совхоздар мен басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары қызметкерлерінің өнім өндіруді ұлғайтып, ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыруға мүдделілігін күшейту мақсатында қарамағында ауыл шаруашылық кәсіпорындары бар Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары тиісті кәсіподақ органдарымен келісіп алғаннан кейін, 1981 жылдан бастап бұл кәсіпорындарда басшы қызметкерлер мен мамандарға мынадай сыйлық беруді енгізсін:

мұның алдындағы 5 жылдың ішінде қол жеткен жылдық орташа дәрежемен салыстырғанда ауыл шаруашылық өнімін өткізу (өндіру) көлемінің алынған өсімінің әрбір проценті үшін қызмет окладтары бойынша жылдық жалақысының 2 процентіне дейінгі мөлшерде;

мұның алдындағы 5 жылдың ішінде қол жеткен жылдық орташа дәрежемен салыстырғанда пайданың алынған өсімінің әрбір проценті үшін қызмет окладтары бойынша жылдық жалақысының 2 процентіне дейінгі мөлшерде;

пайда алынғаны үшін;

зиян шегетін совхоздарда зиянды соңғы 5 жыл ішіндегі жылдық орташа мөлшерімен салыстырғанда шығынды азайту сомасының 5 процентіне дейінгі мөлшерде кеміткені үшін, осы кезеңмен салыстырғанда ауыл шаруашылық өнімін өндіруді ұлғайтқан жағдайда.

14. Совхоздар мен басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының басшы қызметкерлері мен мамандарының өнім өндіруді ұлғайтуға материалдық мүдделілігін арттыру мақсатында облыстық атқару комитеттеріне ауыл шаруашылық өнімін өткізу көлемі басшы қызметкерлер мен мамандардың еңбегіне ақы төлеу жөнінде бірінші топтағы кәсіпорындар үшін көзделген өнім өткізу көлемінен 50 және одан да көп процент асып түсетін кәсіпорындардың басшы қызметкерлері мен мамандарының қызмет окладтарын 10—15 процент арттыруға рұқсат етілсін.

15. Өсімдік шаруашылығында істейтін жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеудің КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 14 ноябрьдегі № 1032 қаулысында көзделген кесімдісыйлық жүйесін қолданған кезде, алынған өнім үшін белгіленген нарық бойынша ақы төлеу өнім өндіру жоспары кемінде 50 процент орындалған жағдайда, ылғалы жеткіліксіз аудандардың шаруашылықтарында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің 1970 жылғы 18 майдағы № 328 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 10, ст. 49) бекітілген тізбеге сәйкес жүргізілуі мүмкін деп белгіленсін.

16. *(Үшінші абзац)* Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесіне, Қазақстан Компартиясының облыстық және аудандық комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне зиян шегетін және рентабельділігі төмен әрбір колхоз бен совхоздың экономикалық және финанс жағдайын қарау, олардың экономикалық және финанс жағдайын нығайтуға, еңбек өнімділігі мен шаруашылықтардың рентабельділігін арттыруға, өнімсіз шығындар мен қаржы жұмсаудағы ысырапқорлықты жоюға, ішкі шаруашылық резервтерді неғұрлым толық пайдалануға шаралар қолдану және колхоздар мен совхоздардың СССР Мемлекеттік банкісінің несиелері мен басқа төлемдер бойынша дер кезінде есеп айырысуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың партия, совет және ауыл шаруашылық органдары ауыл шаруашылығын өркендетуді жоспарлау жөніндегі жұмысты анағұрлым жоғары дәрежеге көтеру үшін қажеттінің бәрін жасайды, колхоздар мен совхоздардың, шаруашылықаралық кәсіпорындар мен бірлестіктердің басшылары мен мамандарының, жұмысшылар мен колхозшылардың творчестволық инициативасын ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайтуға, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайтып, сапасын арттыруға, жерді, еңбек және материалдық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға, селоны әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселелерін шешуге жұмсайды деп кәміл сенім білдіреді.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІНІҢ ШЫҒЫНЫН ҚЫСҚАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 4 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 93 ҚАУЛЫСЫН ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1982 жылғы 22 марттағы № 121 ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1982 жылғы 4 февральдағы № 93 қаулысымен ауыл шаруашылық өнімін өндіру, тасымалдау, сақтау және өңдеу кезінде еліміздің экономикасына елеулі нұқсан келтіретін және халықты тамақ өнімдерімен жабдықтауды жақсарту үшін қажетті товар ресурстарын едәуір азайтатын зор шығынға жол берілетінін атап көрсетті.

Аталған кемшіліктер біздің республикамызда да орын алып отыр.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, жергілікті совет және шаруашылық органдары ауыл шаруашылық өнімдерінің шығынын жою және олардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа жеткілікті назар аудармайды, оларды сақтау мен өңдеудің қалдықсыз технологиясы мен прогресті әдістерін баяу енгізуде.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі к а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылық өнімінің шығынын қысқарту жөніндегі шаралар туралы» 1982 жылғы 4 февральдағы № 93 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жол басқармалары, Қазақ азаматтық авиация басқармасы, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, сауда жүйесі бар министрліктер мен ведомстволар, Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, облыстық, қалалық, аудандық Советтердің атқару комитеттері, колхоздардың, совхоздардың, ауыл шаруашылығындағы шаруашылықаралық кәсіпорындардың (ұйымдардың), дайындау және сауда ұйымдарының, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін кәсіпорындардың басшылары 1982—1985 жылдары овощтардың, жемістердің, картоптың, қант қызылшасының және басқа ауыл шаруашылық өнімінің шығынын қысқарту, бұл өнімді дайындаудың, тасымалдаудың, сақтаудың және өңдеудің ұйымдастырылуын түбегейлі жақсарту және халықты тамақ

[1] 4-пункт, 5-пункттің бірінші-үшінші абзацтары, 6-пункт, 9-пункттің үшінші абзацы және 13-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

15-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 4 февральдағы № 93 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

өнімдерімен жабдықтауды жақсарту жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыратын болсын, мұнда ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен өңдеудің қалдықсыз технологиясын енгізу, колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында оларды сақтау мен алғашқы өңдеуден өткізу көлемдерін ұлғайту және қоймалар мен өңдеу кәсіпорындарын салған кезде жеңіл металл конструкциялардан жасалатын құрастырмалы үйлерді (модульдерді) неғұрлым кеңінен қолдану қажеттігіне ерекше назар аударсын.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымы академиясының Шығыс бөлімшесі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, облыстық, аудандық Советтердің атқару комитеттері, колхоздар, совхоздар мыналарға шаралар қолдансын:

картоптың, овощтардың, бақша дақылдарының және өнімдерінің тұтыну сапасы жоғары басқа дақылдардың жаңа, жоғары өнімді, ауруға төзімді және механикаландырып өңдеуге жарамды сорттарын өндіріске енгізуді жеделдетуге;

сауда жасайтын кәсіпорындар мен ұйымдарға жеміс-овощ өнімдерін оларды халыққа сату үшін жаңа піскен күйінде жеткізіп беру жөніндегі тапсырмаларды толық әрі асыра орындауға.

5. *(Төртінші абзац)* Колхоздар мен колхозаралық кәсіпорындарға (ұйымдарға) 1982—1985 жылдары овощ-картоп қоймаларын, жеміс қоймаларын және астықтың неғұрлым толық сақталуын қамтамасыз ететіндей мөлшерде ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды салуды жүзеге асыру ұсынылсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы күріш өсіретін совхоздарды ирригациялау және салу жөніндегі бас басқармасы және облыстық Советтердің атқару комитеттері белгіленген тәртіппен аталған объектілерді салу үшін тиеу-түсіру механизмдерін, жабдықтарды, құрылыс материалдары мен басқа да материалдық-техникалық ресурстарды бірінші кезекте бөлуді, сондай-ақ мемлекеттік, колхоз және шаруашылықаралық құрылыс ұйымдарының күшімен құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауды қамтамасыз ететін болсын.

7. Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық Советтердің атқару комитеттері дайындау және сауда жүйесінде керексіз аралық буындардың жойылатындығын ескере отырып, ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізіп беру жөнінде колхоздар мен совхоздардың сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарымен тікелей байланысын одан әрі дамытуды қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі қантты ұнтақтар алу және оларды кондитер тағамдарын өндіруде пайдалану үшін жеміс сығындыларын өңдеуді кеңінен енгізу жөнінде шаралар әзірлеп, 1982—1985 жылдары жүзеге асырсын.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамта-

масыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мыналарды қамтамасыз етсін:

колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында жеміс-овощ өнімдері мен картопты сақтау және өңдеу жөніндегі тоңазытқыш және технологиялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді.

10. Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық Советтердің атқару комитеттері:

колхоздарда, совхоздарда, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында сортталған картопты, овощтар мен бақша дақылдарын контейнерлер мен басқа ыдыс түрлеріне тікелей егістікте (шаруашылықтарда) тиеуді ұйымдастыру жөнінде шаралар әзірлеп, 1982—1985 жылдары жүзеге асырсын және дайындау ұйымдарына, колхоздарға, совхоздарға, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына және ауыл шаруашылығындағы шаруашылықаралық кәсіпорындарға (ұйымдарға) аталған шараларды орындау үшін қажетті мөлшерде мамандандырылған линиялар мен көтергіш-транспорт құралдарын бөлуді қамтамасыз етсін;

1982—1985 жылдарға арналған жоспарларда картопты, овощты, жемісті және бақша дақылдарын контейнерлерде, сондай-ақ прогресті түрдегі басқа ыдыста тасымалдауды одан әрі кеңейтуді көздейтін болсын.

11. Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы жеміс-овощ саласын жәшік комплектілерін жасау жөніндегі механикаландырылған цехтар мен учаскелер, сондай-ақ маусымаралық кезеңде ыдыс запастарын сақтау жөніндегі аудандық және ауданаралық базалар салуды кеңейтуге шаралар қолдансын.

12. Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі мен облыстық Советтердің атқару комитеттері:

1982—1985 жылдары кулинарлық мақсатқа арналған етті ет өнімдерін сақтау, тасымалдау және сату кезінде шығынды кемітуді қамтамасыз ететін полимер материалдардан жасалған пленкаға орап, комплексті түрде мүшелеу технологиясын енгізуге шаралар қолдансын;

мал, құс және сүт өңдеу кезінде алынатын қайталама және қосымша шикізаттың барлық ресурстарын тамақ және медицина өнімін, мал шаруашылығына арналған белокты жемшөп өндіру үшін барынша пайдалану жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін;

ет өнеркәсібі кәсіпорындарының тоңазытқыштарында ет және ет өнімдерінің табиғи түрде азаюын кеміту үшін оларды тоңазытып өңдеудің интенсивтендірілген әдістерін енгізуді ұйымдастырсын;

тасымалдау және сауда жүйесінде сату кезінде өнімнің шығын болуын жою үшін сүтті және сүт өнімдерін қағаз пакеттерге құю сапасын одан әрі жақсартуға шаралар қолдансын;

1982—1990 жылдары өнімді ұтымсыз тасымалдауды жою және оның шығынын кеміту мақсатымен негізінен ет өңдеу жөнінде жеткілікті өндірістік қуаттары жоқ ет өндіретін аудандарда мал мен құс сою жөніндегі ет комбинаттары мен цехтарын салуды және іске қосуды жүзеге асырсын.

14. Тасымалдау және өңдеу кезінде құстың шығынын азайту, сондай-ақ құс шаруашылығы өнімінің толық қалдықсыз өңделуін қамтамасыз ету үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі:

1982—1985 жылдары мамандандырылған құс фабрикалары мен ет өнеркәсібінің кәсіпорындарында құсты өнеркәсіптік өңдеуді едәуір ұлғайтуды қамтамасыз етсін;

құс фабрикаларының жанынан цехтар салу есебінен, сондай-ақ ет өнеркәсібінің кәсіпорындарында құс сою мен өңдеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған цехтарды кеңейту және жаңа цехтар салу есебінен құс өңдеу жөніндегі қажетті қуаттар жасауды көздейтін болсын. Етке арналған барлық құс фабрикаларын, сондай-ақ қуаты 300 мың мекиендік және одан да көп жұмыртқа бағытындағы құс фабрикаларын салуға арналған жобалау-сметалық документтемелерді әзірлеген кезде сою цехтары мен пайдалану цехтарын міндетті түрде салуды көздейтін болсын;

1982—1985 жылдары құс етінен кулинарлық тағамдар, жартылай фабрикаттар мен дайын тамақ өндіруді едәуір ұлғайту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын;

1985 жылы жалпы құс етін өндірудің кем дегенде 40 процентіне дейінін құс етін ішек-қарнынан айырған түрде шығаруға жеткізсін.

16. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері және облыстық Советтердің атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын 10 февральға баяндап отыратын болсын.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың партия, совет, кәсіподақ және комсомол органдары, колхоздарының, совхоздарының, дайындау және сауда жасау ұйымдарының, өңдеу кәсіпорындарының коллективтері ауыл шаруашылық өнімдерін дайындауды, тасымалдауды, сақтау мен өңдеуді түбегейлі жақсартуға, оның шығынын едәуір қысқартуға және осы негізде халықты тамақ өнімдерімен жабдықтауды жақсартуға шаралар қолданады деп берік сенім білдіреді.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫ БАСШЫ КАДРЛАРМЕН ЖӘНЕ МАМАНДАРМЕН ОДАН ӘРІ НЫҒАЙТУ, ОЛАРДЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІН ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 24 МАЙДАҒЫ № 438 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1982 жылғы 28 июньдегі № 277 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 15, 65-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Колхоздар мен совхоздарды басшы кадрлармен және мамандармен одан әрі нығайту, олардың ауыл шаруашылық өндірісін дамытудағы ролі мен жауапкершілігін арттыру туралы» 1982 жылғы 24 майдағы № 438 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой», ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі және жергілікті ауыл шаруашылық органдары:

колхоздар мен совхоздарды ауыл шаруашылығын барынша интенсивтендіріп, оның тиімділігін арттыру жөнінде КПСС XXVI съезі мен Қазақстан Компартиясының XV съезі алға қойған міндеттердің сөзсіз орындалуын іс жүзінде қамтамасыз ете алатын жоғары білікті, идеялық жағынан шыныққан басшы және маман кадрлармен нығайту жөніндегі жұмысты үзілді-кесілді жақсартсын;

колхоздар мен совхоздардың басшылары мен мамандарының, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің күш-жігерін ауыл шаруашылық өнімін өндіруді молайтудың он бірінші бесжылдыққа және одан кейінгі жылдарға арнап белгіленген жоғары қарқынына жетудің шешуші шарттары ретінде жерді, негізгі қорларды, минералдық тыңайтқыштарды, жемшөпті және басқа ресурстарды пайдалануды жақсартуға, өндірісті ұйымдастыруды жетілдіруге және еңбек өнімділігін арттыруға шоғырландырсын;

колхоздар мен совхоздардың басшылары мен мамандарының беделін, олардың өндірісті басқарудағы ролін арттыруға ерекше көңіл бөлсін, қызметкерлерді орынсыз ауыстыра беру практикасын жоятын болсын. Кадрларға деген сенім мен құрметтің тапсырылған іс үшін жоғары

---

[1] 5-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 24 майдағы № 438 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

талапшылдықпен, орталықтандырылған басшылықтың шаруашылық дербестікті дамытумен дұрыс ұштастырылуын қамтамасыз етсін.

Жұмыстың стилі мен әдістерін жетілдіруде, басқару және шаруашылық жүргізу, еңбек коллективтерін тәрбиелеу өнерін игеруде басшылар мен мамандарға көмек көрсетіп отырсын.

Партия, совет және ауыл шаруашылық органдары басшылар мен мамандардың жұмысындағы инициатива мен творчествоны табандылықпен дамытып, көтермелеп отырсын, олардың бойында адалдық, кішіпейілділік, принциптілік және кемшіліктерге ымырасыздық қасиеттерін тәрбиелеп, Партия мен Үкіметтің шешімдерін жүзеге асыру, жоспар, финанс және технология тәртібін сақтау үшін олардың дербес жауапкершілігін арттыра берсін. Қырсыздық пен ысырапқорлық фактілерін, мемлекеттік тапсырмалардың орындалмауын, өндірісті ұйымдастырудағы және адамдарды тәрбиелеудегі олқылықтарды түрлі себептермен бүркемелеу әрекеттерін үзілді-кесілді тыйып отыратын болсын:

колхоз және совхоз өндірісінің басшы кадрларының резервін қалыптастырып, дұрыс пайдалану жөніндегі жұмысты едәуір жақсартсын, формализмге жол бермей оны мақсатты, жоспарлы жүргізсін. Резервке шын мәнінде перспективалы, өзін жақсы жағынан көрсете білген қызметкерлерді іріктеп алып, олардың қабілетін үнемі шыңдап отырсын, идеялық-саяси дәрежесі мен іскерлік біліктілігі өсуін мұқият қадағаласын. Өндірістің жауапты учаскелеріне тәжірибесі, білімі бар, іскерлігі жеткілікті шебер ұйымдастырушыларды жоғарылатып отырсын. Басшылықтың сабақтастығын, тәжірибелі және жас кадрларды дұрыс ұштастыруды қамтамасыз етсін, басшы жұмысқа әйелдерді жоғарылатуға жәрдемдесетін болсын.

Озат колхоздар мен совхоздардың басшылары мен мамандарының экономикалық әлсіз шаруашылықтарға жұмысқа ауысуын барынша көтермелеп отырсын.

Басшы қызметкерлер мен мамандардың кәсіптік даярлығына, коллектив еңбегін ұйымдастыра білуіне және жоғары түпкі нәтижелерге жетудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білуіне жан-жақты баға берудің құралы ретінде оларды аттестациялаудың маңызын арттырып, оны өткізудің белгіленген тәртібін қатаң сақтасын.

3. Партия, совет, ауыл шаруашылық, кәсіподақ және комсомол органдары басқару органдарынан және ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін ұйымдардан, сондай-ақ халық шаруашылығының басқа салаларынан тікелей колхоздар мен совхоздарға практикалық жұмысқа ауысуға тілек білдірген мамандардың инициативасын қолдап, көтермелеп отырсын, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың коллективтерінде бұл істің бүкіл маңызын кеңінен түсіндіріп отырсын.

4. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттері шаруашылықтардың, бөлімшелердің, бригадалар мен басқа да өндірістік бөлімшелердің басшы қызметкерлері мен мамандарына жеке-дара тұрғын үй құрылысы үшін құрастырмалы үй конструкцияларын, құрылыс материалдары мен жабдықтарды бірінші кезекте сатуды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ауыл шаруашылық кәсіпорындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволар басшы кадрлар мен мамандарды қайта даярлауды жетілдіру және олардың біліктілігін арттыру жөнінде қосымша шараларды жүзеге асырсын, ол үшін:

*(үшінші абзац)* басшы кадрлар даярлайтын бөлімдер мен ауыл ша-

руашылығын басқару мектептерінде оқу үшін кандидатуралар іріктеуге қойылатын талапты күшейтсін. Өзін практика жүзінде жақсы көрсеткен, келешекте колхоз бен совхоз өндірісінің неғұрлым ірі учаскелерін басқара алатын шын мәнінде перспективалы қызметкерлерді оқуға жіберіп отырсын.

Ауыл шаруашылық органдарының басшы кадрлар даярлайтын бөлімдердің тыңдаушылар құрамы және оларды жұмысқа бөлу жөніндегі ұсыныстарын — Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен облыстық партия комитеттері, ал ауыл шаруашылығын басқару мектептерінің тыңдаушылар құрамы жөніндегі ұсыныстарын — Қазақстан Компартиясының қалалық және аудандық комитеттері бекітеді деп белгіленсін.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық атқару комитеттері ауыл шаруашылық оқу орындарын жоғары білікті оқытушы кадрлармен одан әрі нығайту, студенттердің, оқушылардың, тыңдаушылар мен оқытушылардың тұрғын үй жағдайларын, оларға медициналық және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырсын.

7. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы және облыстық атқару комитеттері ауыл шаруашылығының мамандарына, колхоздар мен совхоздардың өндірістік бөлімшелерінің басшыларына жеңіл автомобильдер мен мотоциклдерді бірінші кезекте сатуды көздеп отырсын, бұл мақсатқа коляскалы мотоциклдердің рыноктық қорының 50 процентке дейінін және жеңіл автомобильдердің рыноктық қорының 30 процентке дейінін бағыттайтын болсын.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері колхоздардың, совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жеңіл автомобильдеріне, сондай-ақ шаруашылық басшылары мен мамандарының иелігіндегі және қызмет бабында пайдаланатын автомобильдерге техникалық күтім жасалуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті аталған автомобильдерге техникалық күтім жасау үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне өндірістік қуаттарды дамытуға арналған күрделі қаржы мен қажетті материалдық ресурстар бөлінуін жыл сайын жоспарлап отырсын.

9. Республикалық және жергілікті газеттер мен журналдардың редакциялары, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті колхоздар мен совхоздардың таңдаулы басшылары мен мамандарының жұмыс формалары мен әдістерін, партия, совет, кәсіподақ, комсомол және ауыл шаруашылық органдарының кадрларды іріктеу, тәрбиелеу мен орналастыру жөніндегі тәжірибесін жан-жақты және терең ашып көрсететін болсын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті ауыл шаруашылығының озат басшылары мен мамандары туралы әңгімелейтін кітаптар, кітапшалар, плакаттар серияларын шығаруды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігіне, Қа-

зақ ССР Жеміс-овощ шаруашылық министрлігіне, «Главриссовхозстрой» және ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөліміне жыл сайын 1 февральға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне осы қаулының орындалу барысы туралы хабарлап отыру міндеттелсін.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҚОСАЛҚЫ ӨНДІРІСТЕР МЕН ҚӘСІПШІЛІКТЕРДІ НЕҒҰРЛЫМ КЕҢІНЕН ДАМЫТУ НЕГІЗІНДЕ СЕЛОЛЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 1 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 854 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1983 жылғы 6 октябрьдегі № 401 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 21, 71-ст.)

Колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында қосалқы өндірістер мен кәсіпшіліктерді одан әрі дамыту негізінде селолық жерлерде маусымаралық кезеңде еңбек ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығында қосалқы өндірістер мен кәсіпшіліктерді неғұрлым кеңінен дамыту негізінде селолық жерлерде еңбек ресурстарын пайдалануды жақсарту туралы» 1983 жылғы 1 сентябрьдегі № 854 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық және аудандық комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі және Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі 1983—1985 жылдары селолық жерлерде маусымаралық кезеңде еңбек ресурстарын неғұрлым толық пайдалану жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын, оларда мыналар көзделетін болсын:

колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында негізінен ауыл шаруашылық шикізатын, жабайы өсетін жемістерді, жидектерді, саңырауқұлақтарды ұқсату, жергілікті шикізат пен өнеркәсіп қалдықтарынан құрылыс материалдарын өндіріп, халық тұтынатын товарлар шығаратын қосалқы өндірістер мен кәсіпшіліктерді одан әрі дамыту;

ауыл шаруашылық өнімін ұқсату және құрылыс материалдары мен халық тұтынатын товарлар өндіру үшін колхоздарда, совхоздарда және

---

[1] 2-пункттің алтыншы абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 ж. 1 сентябрьдегі № 854 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында қосалқы өнеркәсіптік цехтар (учаскелер) ұйымдастыру жолымен жеткілікті еңбек ресурстары бар колхоздар, совхоздар, басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары, сауда жасаушы, жабдықтаушы және басқа шаруашылық ұйымдары арасында өндірістік кооперацияны өзара тиімді шарттар негізінде дамыту.

Колхоздардағы, совхоздардағы және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы қосалқы өндірістер мен кәсіпшіліктер, сондай-ақ қосалқы өнеркәсіптік цехтар (учаскелер) ауыл шаруашылық өндірісіне нұқсан келтірмей, шаруашылықтардың нақты жағдайлары есепке алына отырып құрылуға және солардың балансында тұруға тиіс.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті:

*(жетінші абзац)* республиканың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының жобаларын әзірлеген кезде жыл сайын колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қосалқы өндірістері мен кәсіпшіліктерінде натура күйінде өнім шығарылуын, сондай-ақ осы мақсатқа қажетті материалдық-техникалық ресурстар бөлінуін көздеп отыратын болсын.

3. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің аталған қаулысына сәйкес қосалқы өнеркәсіптік цехтары (учаскелері) бар совхоздар және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары, шаруашылықаралық кәсіпорындар мен ұйымдар:

осы цехтардағы (учаскелердегі) жұмысқа маусымаралық кезеңде қоғамдық өндірістен босайтын қызметкерлерді, жұмысшылар мен қызметшілер семьяларының мүшелерін, сондай-ақ қоғамдық өндіріске қатысқысы келетін пенсионерлер мен еңбек ету қабілеті нашарлаған азаматтарды қоса алғанда шаруашылықтардың территориясында тұрақты тұратын, қоғамдық өндірісте жұмыс істемейтін басқа да азаматтарды қатыстырып отырсын. Жұмысты үйде істеуді ұйымдастыру практикасын кеңінен қолданатын болсын, сондай-ақ цехта (учаскеде) толық емес жұмыс күнімен немесе толық емес жұмыс аптасымен еңбек етуге мүмкіндік беріп отырсын;

ауыл шаруашылық жұмыстарының неғұрлым қарбалас кезеңінде бұл жұмыстарға қосалқы өнеркәсіптік цехтар (учаскелер) қызметкерлерінің еңбегін тиімді пайдалансын, қала халқын осы жұмыстарға қатыстыруды азайтуды, ал мүмкін болған жерде одан мүлде бастартуды қамтамасыз етсін;

ауыл шаруашылық жұмыстарының неғұрлым қарбалас кезеңінде қосалқы өнеркәсіптік цехтардың (учаскелердің) қызметкерлерін барынша тиімді пайдалану үшін, сондай-ақ ауыл шаруашылық өндірісінде істейтін қызметкерлер демалысқа шыққан немесе науқастанып қалған уақытта оларды алмастыру үшін бұл қызметкерлер қатарынан механизаторлар, шоферлер, машинамен сиыр сауатын операторлар, шеберлер кадрларын даярлауды жүзеге асыратын болсын.

Қосалқы өнеркәсіптік цехтар (учаскелер) ұйымдастырылған колхоздарға еңбек ресурстарын тиімді пайдалану жөнінде осы тармақпен көзделген шараларды жүзеге асыру ұсынылсын.

4. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына сауда жасаушы, жабдықтаушы және басқа шаруашылық ұйымдарымен өндірістік кооперация негізінде қосалқы өнеркәсіптік цехтар (учаскелер) ұйымдастырылған совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, шаруашылықаралық кәсіпорындар мен ұйымдардың штаттарына тиісті министрліктер мен ведомстволардың басқару аппараты қызметкерлерінің санын арттырмай мастерлер және аға мастерлер лауазымын (өнім өндіру көлеміне қарай) енгізуге рұқсат етілсін.

5. Аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық органдары колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында қосалқы өндірістер мен кәсіпшіліктердің ұйымдастырылуына және олардың қызметіне, материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерінің шешілуіне, шикізаттың, материалдардың пайдаланылуына және дайын өнімнің өткізілуіне қатаң бақылау қойсын, осы өндірістер мен кәсіпшіліктердің басшы қызметкерлер кадрларын іріктеуге назар аударуды күшейтсін.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жемісовощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі және Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Республикалық комитеті колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының еңбек ресурстарын, әсіресе күзгі-қысқы кезеңде неғұрлым толық әрі тиімді пайдалану жөніндегі озық тәжірибесін кеңінен насихаттауды ұйымдастырсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ, ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ, ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ БАСҚА АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВТІК БАУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН БАҚША ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 14 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 843 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 28 ноябрьдегі № 532 ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі аталған қаулыда еліміздің азық-түлік пен ауыл шаруашылық шикізатына үнемі өсіп отырған сұранымын қанағаттандырудың негізгі көзі колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың ауыл шаруашылық өндірісі екенін атап көрсетті. Сонымен қатар ауыл шаруашылық өндірісін ұлғайтуда колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарының мүмкіндіктерін толығымен пайдаланудың зор маңызы бар.

Дегенмен жекелеген халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары осы мүмкіндіктерді жөнді бағаламағандықтан, бірқатар аудандарда халықтың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында еттің, сүттің, жұмыртқаның, кар-

---

[1] 3-пункттің «в» тармағының екінші-төртінші абзацтары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 23 январьдағы № 32 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 5, 11-ст.).

4, 9, 10 және 12-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

15-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 14 сентябрьдегі № 843 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

топтың, көкөністің, жеміс-жидектің және өзге де ауыл шаруашылық өнімінің уақытынан бұрын азаюына әкеп соқтырды.

Кейбір шаруашылықтарда үй іргелеріндегі жерлер толық пайдаланылмайды. Өзіндік меншігінде малы бар азаматтарға кей жерлерде мал жаю және шөп ору үшін жер бөлінбейді, көптеген колхоздар колхозшыларға астық беруді (сатуды) қысқартып тастады.

Бірқатар облыстар мен аудандарда жеміс-жидектерді, көкөністі және картопты алудың қосымша көзі бола алатын, сондай-ақ бос уақытты өткізуді жақсартуға, қала халқының денсаулығын күшейтуге және жасөспірімдерді еңбекке тартуға себепші бола алатын коллективтік бау шаруашылығы мен бақша шаруашылығын дамытуға қажетті көмек көрсетілмейді.

Тұтыну кооперациясы ұйымдары халықтан ауыл шаруашылық өнімнің артығын сатып алуды толығымен қамтамасыз ете алмай отыр.

Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында ауыл шаруашылық өнім өндірілуін ұлғайту, бұл өнімді өткізудің жағдайын жақсарту, сондай-ақ коллективтік бау шаруашылығы мен бақша шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 14 сентябрьдегі № 843 қаулысын орындау үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық, аудандық комитеттеріне, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына және Қазақ ССР-інің басқа да мүдделі министрліктері мен ведомстволарына колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметкерлердің және басқа азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында ауыл шаруашылық өнім өндірілуін ұлғайтуға және коллективтік бау шаруашылығы мен бақша шаруашылығын одан әрі дамытуға, сондай-ақ халықтан ауыл шаруашылық өнімді сатып алуды ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған шараларды жасап, жүзеге асыру міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері:

торайлар мен құс балапандарына халықтың сұранымын толығымен қанағаттандыратындай мөлшерде инкубатор-құс шаруашылығы станцияларында, құс фабрикалары мен мамандандырылған шаруашылықтарында шошқа және құс балапанын өсіруге жағдайлары бар колхоздар, совхоздар мен басқа да шаруашылықтарда торайларды өсіруді ұлғайтуды қамтамасыз етсін, сондай-ақ халыққа аралар сатып алуға көмек беретін болсын;

азаматтардың қарамағындағы малды жасанды ұрықтандыру пункттерімен және станциялармен қызмет етуді кеңейтуге және оған мал дәрігерлік қызмет көрсетуді жақсартуға шаралар қабылдасын.

3. Облыстық атқару комитеттері:

а) халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттерінің, колхоздардың, совхоздардың және басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің өз меншігінде малы бар азаматтарға мал жаю және шөп орып алуы үшін жер учаскелерін белгіленген тәртіп бойынша беруін қамтамасыз ететін болсын;

б) өзіндік қосалқы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді арттыру мақсатында үй іргесіндегі барлық жерлерді, атап айтқанда, жер пайдалануды тәртіптеу нәтижесінде пайда болған ұсақ жер

учаскелерін, тұрғын үй құрылысына меншік правосы селолық жерлерде тұрақты тұрмайтын аудандарға өтуіне байланысты босаған үй іргесіндегі жер учаскелерін және басқа да үй іргесіндегі бос жер учаскелерін тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге белгіленген тәртіп бойынша шаралар қолданылатын болсын;

в) жұмысшылар мен қызметшілердің бау шаруашылығы серіктігінің қызметін ұйымдастыруға және оны жақсартуға, коллективтік бақша шаруашылығын дамытуға жәрдемдесетін болсын;

г) бау шаруашылығы серіктігі мен халыққа ұйымдастырушылық және агротехникалық көмек көрсетуді ескере отырып, белгіленген тәртіп бойынша бау өсірушілердің ерікті қоғамын ұйымдастыруға жәрдемдесетін болсын;

д) бау шаруашылығы серіктіктерінің өз уставтарын, сондай-ақ белгіленген талапқа сай келмейтін қосымша құрылыстар салуға жол бермеу үшін бау өсіретін учаскелерде құрылыс салу ережелерін сақтауға тұрақты бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті бау учаскелерінде тұрғызуға рұқсат етілетін жергілікті жағдайларға үйлестірілген құрылыстардың үлгі жобаларын жасауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті құрылыс материалдары мен құрастырмалы бау үйлерін шығаруды және оларды бау өсіру серіктіктеріне мүше жұмысшылар мен қызметшілерге сатуды арттыруды 1978 жылдан бастап жоспарда көздейтін болсын.

7. Облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы жеміс пен жидек дақылдарын, жүзімді, көкөніс дақылдары тұқымы мен көшетін және бау-бақша инвентарын өндіру мен сатуды ұлғайтуға шаралар қабылдайтын болсын, бұл ретте олармен халықтың сұранымын толығымен қамтамасыз ету еске алынсын.

8. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттері:

а) барлық жерде белгіленген тәртіппен колхозшылардан, жұмысшылардан, қызметшілерден және басқа азаматтардан артық ауыл шаруашылық өнімін сатып алуды ұйымдастыруды жақсартуға қосымша шаралар қабылдасын;

б) ауыл шаруашылық өнімін тұтыну кооперациясы ұйымдарына жасасқан шарттарға сәйкес сататын колхозшыларға, жұмысшылар мен қызметшілерге, сондай-ақ пенсионерлерге зәру өнеркәсіп товарларын (құрылыс материалдарын, мотоциклдер және басқа) алдымен сатуды көздейтін болсын.

11. Облыстық атқару комитеттері мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі қолданылып жүрген жер заңдарының сақталуына және өздеріне бөлініп берілген жер учаскелерін азаматтардың дұрыс пайдалануына жергілікті советтік және ауыл шаруашылық органдары тарапынан қатаң бақылау орнататын болсын, бұл ретте аталған жерлерді олардың жеке басының баюы мен пайда табуы үшін емес, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және демалыс жағдайын жақсарту үшін пайдалануы қажеттігі еске алынсын.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР ми-

нистрліктері мен ведомстволары, 1978 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған жоспарларында бау-бақша инвентары мен ауыл шаруашылығы жұмыстарының ұсақ механизация құралдарын жасау мен өндіруді Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Қазсельхозтехника» ұсыныстарын еске ала отырып белгілейтін мөлшерде көздейтін болсын.

14. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілеріне олардың өзіндік меншігіндегі малдар мен құстарға арналған қора-қопсы салуға көмек көрсететін болсын.

* * *

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттерінің, облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттерінің, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының, колхоздар мен совхоздар, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларының назарын азаматтардың өзіндік қосымша шаруашылықтарының, сондай-ақ коллективтік бау шаруашылығы мен бақша шаруашылығының мүмкіндіктерін ауыл шаруашылығы өніміне сұранымды қанағаттандыру және халықтың демалыс жағдайларын жақсарту үшін барынша толық пайдалану қажеттілігіне аударады.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КОЛЛЕКТИВТІК БАУ ЖӘНЕ БАҚША ШАРУАШЫЛЫҒЫН ОДАН ӘРІ ӨРКЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1986 ЖЫЛҒЫ 15 МАЙДАҒЫ № 562 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1986 жылғы 25 июньдегі № 242
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 16, 51-ст.)

Коллективтік бау және бақша шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында, СССР Министрлер Советінің 1986 жылғы 15 майдағы № 562 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті коллективтік бау және бақша шаруашылығы үшін кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге белгіленген тәртіп бойынша жер учаскелері берілуін қамтамасыз етсін.

Халықтың демалыс орындары және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қосалқы ауыл шаруашылықтарының жері болып табылатын жерлерден коллективтік бау шаруашылығына учаскелер бөлуге жол берілмесін.

---

[1] 1, 4, 9, 10-пункттер және қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1986 ж. 15 майдағы № 562 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

3. Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері:

1986 жылы коллективтік бауларды орналастыру схемаларын әзірлеп, бекітуді;

бау өсіруші серіктіктермен жасалған шарт бойынша коллективтік баулардың территорияларын ұйымдастыру мен салу жобаларын жасауды (әзірлеуді);

бау өсіруші серіктіктерге бөлінген жерлерді жақсарту жөніндегі мелиоративтік, агрохимиялық және басқа жұмыстар осы серіктіктердің қаржылары есебінен жүргізілуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Газдандыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

1987 жылдан бастап халықтың кірпіш, әк, қиыршық тас, ұсақ тас, құм және басқа жергілікті құрылыс материалдарына сұранымын толық қанағаттандыру жөнінде қажетті шаралар жүзеге асырылуын;

коллективтік бауларда жаздық бау үйлері мен басқа да құрылыстар салу, оның ішінде толық дайын күйінде өткізу шарттары негізінде салу, бау өсіруші серіктіктер мен бақшашылар коллективтеріне сауда, транспорт және тұрмыс қажетін өтеу жөніндегі жұмыстар мен көрсетілген қызмет көлемі ұлғайтылуын;

бағбандардың мұқтаждары үшін баллондардағы сұйытылған газ сатылуын, сондай-ақ оны (олардың заявкалары бойынша) тікелей бау өсіруші серіктіктерге жеткізіп берудің ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

6. Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті бау өсіруші серіктіктер мен бақшашылар коллективтерінің мүшелеріне транспорт қызметі көрсетілуін жақсартсын, қажет болған жағдайда коллективтік баулар мен бақшалар орналасқан жерлерге транспорт құралдарының жүріптұру кестесіне қажетті нақтылау жасалып, транспорт маршруттары өзгертілуін және жаңалары ашылуын жүзеге асырсын.

7. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті:

бау өсіруші серіктіктер мен бақшашылар коллективтерінің мүшелерінен және басқа азаматтардан басы артық ауыл шаруашылық өнімі сатып алынуын қамтамасыз етсін;

тұтыну кооперациясының кәсіпорындары мен ұйымдары бау өсіруші серіктіктермен коллективтік баулар мен бақшалықтарда алынған ауыл шаруашылық өнімін қабылдау, сату және тасып алу жөнінде тараптардың өзара міндеттемелерін көздейтін шарттар жасасуын ұйымдастырсын.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар бау өсіруші серіктіктердің өндірілген басы артық ауыл шаруашылық өнімін балалар үйлеріне, қартайғандар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерге, сондай-ақ мектепке дейінгі балалар мекемелеріне ерікті түрде өтеусіз беруін ұйымдастыруда оларға жәрдемдесіп отырсын.

# ҚАЗАҚ ССР-індегі БАУ ӨСІРУ СЕРІКТІГІНІҢ ҮЛГІ УСТАВЫ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҚТАР СОВЕТІНІҢ 1986 жылғы 11 сентябрьдегі № 355 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 21, 71-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ республикалық кәсіптік одақтар советі қ а у л ы е т е д і:

1. ВЦСПС-пен келісіліп, осыған қосылған Қазақ ССР-індегі Бау өсіру серіктігінің үлгі уставы бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ республикалық кәсіптік одақтар советінің 1986 жылғы 11 сентябрьдегі № 355 қаулысымен*

*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР-індегі БАУ ӨСІРУ СЕРІКТІГІНІҢ ҮЛГІ УСТАВЫ

### I. Бау өсіру серіктігін ұйымдастыру тәртібі, оның мақсаттары мен міндеттері

1. _____
(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның аты)

жұмысшылары мен қызметшілері және басқа азаматтар _____
_____
(жер учаскесін берген органның аты)

19 ___ жылғы _____ № ____ қаулысымен (шешімімен) мына адрес бойынша _____

жалпы көлемі _____ гектар мерзімсіз пайдалануға берген жер учаскесінде әр қайсысының көлемі _____ шаршы метр _____

учаскесі бар коллективтік бау ұйымдастыру үшін _____
(серіктіктің аты)

бау өсіру серіктігіне өз еркімен бірігеді.

2. Бау өсіру серіктігі кәсіпорын, мекеме, ұйым жанынан серіктікке мүше болғысы келетін кемінде 30 адам болған ретте құрылуы мүмкін. Мұндай адамдардың саны әлгі мөлшерден аз болған жағдайда осы серіктікке кіргісі келетіндер саны көбірек біреуінің жанында бау өсіру серіктігін құру үшін кәсіпорын, мекеме мен ұйым орналасқан жердегі халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің рұқсаты бойынша кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды кооперациялауға жол беріледі.

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Бау өсіру серіктігін ұйымдастыру және бау учаскелерін жайғастыру негізінен серіктік мүшелерінің өзіндік қаржылары есебінен жүргізіледі.

3. Жанынан бау өсіру серіктігі ұйымдастырылған кәсіпорынның, мекеме мен ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті серіктікке мүше болғысы келетін жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа азаматтардың жалпы жиналысын өткізіп, жалпы жиналыстың бау өсіру серіктігін ұйымдастыру туралы шешімі мен оған кіретін адамдардың тізімін бекітеді. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың біреуінің жанынан бау өсіру серіктігін құру үшін оларды кооперациялаған жағдайда бау өсіру серіктігін ұйымдастыру туралы жалпы жиналыстың шешімін және серіктікке кіретін адамдардың тізімін жанынан серіктік ұйымдастырылған кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті кооперацияланатын кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті табыс еткен адамдардың тізімдері негізінде бекітеді.

4. Коллективтік бау ұйымдастыру, оны жеміс, жидек, овощ және басқа ауыл шаруашылық өнімін өндіру үшін серіктік мүшелерінің пайдалануы, сондай-ақ еңбекшілер мен олардың семьялары бос уақытын мәдениетті өткізуі, денсаулығын нығайтуы, жас өспірімдерді еңбекке баулу үшін жағдайлар жасау бау өсіру серіктігінің негізгі міндеті болып табылады.

Бау өсіру серіктігіне мүшелікті оңай олжа табу, сұғанақтық, оңаша үй салу мақсатында пайдалануға болмайды.

5. Серіктікке кіретін азаматтардың жалпы жиналысы осы Үлгі уставқа сәйкес қабылдаған бау өсіру серіктігінің уставы кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің шешімімен бекітіледі және территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитетінде тіркелуге жатады. Серіктік уставына бұдан кейінгі өзгерістер мен толықтырулар осындай тәртіп бойынша енгізіледі.

Бау өсіру серіктігінің уставы тіркелген кезден бастап ол заңды ұйым правосына ие болады.

Бау өсіру серіктігінің өз аты жазылған мөрі мен штампы болады.

6. Территориясында бау өсіру серіктігі орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитеті бау өсіру серіктігінің территориясын ұйымдастыру мен құрылыс салу жобасын бекіткеннен кейін ғана оны игеру басталады.

7. Бау өсіру серіктігінің коллективтік бау территориясын ұйымдастыру мен құрылыс салу жобасына сәйкес үлгі жобалар бойынша овощ пен жеміс қоймаларын, өзіндік транспортқа арналған коллективтік тұрақ жайлар, жалпы пайдаланудағы басқа да қора-жайлар мен құрылыстар салуға правосы бар.

8. Бау өсіру серіктігінің мүшелеріне коллективтік бауда бөлінген жер учаскелерінде қатты отынмен жылытылатын, жалпы көлемі 25 шаршы метрге дейін тұрғын жайы, көлемі 10 шаршы метрге дейін жылытылмайтын террасы (верандасы) және аталған мөлшерден тыс көлемі 15 шаршы метрге дейін жылытылмайтын мансардасы, көлемі 8 шаршы метрге дейін погребі, душ пен дәретхананы қоса жалпы көлемі 15 шаршы метрге дейін шаруашылық құрылыстары бар (үй қояны мен үй құсын ұстауға, шаруашылық инвентарын сақтауға арналған) тек бір этажды жаздық бау үйлерін тұрғызуға, сондай-ақ овощ және басқа ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге арналған көлемі 15 шаршы метрге дейін жылытылмайтын теплица салуға болады. Мұның өзінде жаздық бау үйі тұрғын жайларының биіктігі (еденінен төбесіне дейін)

2,5 метрден, шаруашылық құрылыстары — 2,2 метрден, погребі — 1,9 метрден, ал жаздық бау үйінің жалпы биіктігі (жердің деңгейінен шатырдың қыр арқасына дейін) — 6,5 метрден, шаруашылық құрылыстар — 3 метрден аспауға тиіс.

Жаздық бау үйлерін және басқа құрылыстарды салу үлгі жобалар бойынша коллективтік бау территориясын ұйымдастыру мен құрылыс салу жобасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

1985 жылғы 1 январьға дейін салынған немесе салына бастаған жаздық бау үйлері және басқа құрылыстар құрылыс басталған кезде қолданылып жүрген заңдарда көзделген нормаларға сәйкес келуге тиіс.

1985 жылғы 1 январьдан кейін тұрғызылған бау үйлері мен шаруашылық құрылыстары Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 жылғы 23 майдағы № 180 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 14, ст. 40) белгіленген тәртіп бойынша пайдалануға қабылдануға тиіс.

9. Коллективтік баудағы орындалуы мамандарды қатыстыруды талап ететін жұмыстардан басқа барлық жұмыстар бау өсіру серіктігі мүшелерінің не олардың семья мүшелерінің тікелей өз еңбегімен жүргізіледі.

Бау өсіру серіктігінің территориясын көркейту, жеміс-жидек өсімдіктерінің зиянкестері мен кінәраттарына қарсы күрес жөніндегі жұмыстар бірыңғай жоспар бойынша атқарылады.

10. Бау өсіру серіктігі өз міндеттемелері бойынша өз иелігіндегі барлық мүлкімен жауап береді.

Серіктік, тіпті коллективтік бағбаншылықты жүргізуге байланысты болса да, өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша, ал оның мүшелері — серіктіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. Бау өсіру серіктігі өз қызметін жанынан серіктік ұйымдастырылған кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің басшылығымен жүзеге асырады.

Бау өсіру серіктігінің қызметін бақылауды территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитеті жүзеге асырады.

Кәсіподақтар қоғамдық бақылауды СССР Кәсіптік одақтарының Уставына сәйкес жүзеге асырады және коллективтік бағбаншылықтың дамуын қамтамасыз ететін шаралар қолданады.

Жанынан бау өсіру серіктігі құрылған кәсіпорын, мекеме, ұйым таратылған ретте ол территориясында өзі орналасқан халық депутаттарының аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағына беріледі, сондай-ақ егер бау өсіру серіктігі мүшелерінің 70 процеттен астамы кәсіпорынмен, мекемемен, ұйыммен еңбек қарым-қатысы болмаса, атқару комитетінің қарамағына берілуі мүмкін.

Бау өсіру серіктігі халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағында болған ретте оның қызметіне басшылық пен бақылауды атқару комитеті жүзеге асырады.

## II. Бау өсіру серіктігіне мүше болу, серіктік мүшелерінің праволары мен міндеттері

12. Бау өсіру серіктігіне мүшелікке жанынан бау өсіру серіктігі ұйымдастырылған кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның қызметкерлері ғана және сол кәсіпорында, мекемеде, ұйымда бұрын жұмыс істеген адамдар арасындағы пенсионерлер қабылданады. ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген реттерде бау өсіру серіктігінің мүшелігіне басқа азаматтар қабылдануы мүмкін.

Адал жұмысшылар мен қызметкерлердің, еңбек ардагерлерінің, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің және оған қатысқандардың, жеңілдіктер жөнінде оларға белгіленген тәртіп бойынша теңестірілген адамдардың, екі және одан да көп баласы бар семьялардың бау өсіру серіктігіне мүшелікке кіруге артықшылық правосы бар.

Бау өсіру серіктігінің мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлерінің біреуіне серіктікке кіруіне артықшылық право беріледі.

Бау өсіру серіктігі мүшелерінің бірі денсаулығының жайына немесе серіктік уставының талаптарын орындауға кедергі келтіретін басқа да дәлелді себептерге байланысты серіктіктен шыққан жекелеген реттерде, егер оның семьясының бір мүшесі бау учаскесін онымен бірге пайдаланса және оны игеруге қатысса, ол серіктікке кіре алады.

Азаматтар серіктіктен басқа себептер бойынша шыққан жағдайда серіктік мүшелігіне осы тармақта көрсетілген адамдар, ал ықылас білдірушілер болмаған ретте сол саланың қызметкерлері қабылданады.

13. Белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырылатын бау өсіру серіктігінің ведомстволық бағынысына қарамастан оған майдандағы армия құрамына енген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет еткен әскери қызметшілер мен партизандар арасындағы жұмыс істемейтін Ұлы Отан соғысына және СССР-ді қорғау жөніндегі басқа да жауынгерлік операцияларға қатысушылардың, сондай-ақ СССР Қарулы Күштерінің ардагерлері — әскери қызметте кемінде 25 календарьлық жыл мінсіз қызмет атқарып, жасына, аурулығына, штаттың қысқартылуына немесе денсаулығының шектеулі болуына қарай міндетті әскери қызметтен босатылған офицер құрамындағы адамдар арасындағы жұмыс істемейтін пенсионерлердің халық депутаттары қалалық (аудандық) Советтері атқару комитеттерінің ұсынуы бойынша бау өсіру серіктігі мүшелері санының 20 процентке дейінгі шеңберінде кіруге правосы бар.

14. Егер азаматтардың немесе өздерімен бірге тұратын және олармен бірлесіп ортақ шаруашылықты жүргізетін семья мүшелерінің пайдалануында үй іргесіндегі жер учаскелері, жеке тұрғын үй салуға бөлінген жер учаскелері, өзіндік меншік правосында дачасы болса немесе мемлекеттік дачаларды, қызмет бабындағы жер бөліктерін пайдаланатын болса, сондай-ақ дача-құрылыс кооперативінің мүшесі болса немесе басқа бау өсіру серіктігінің мүшелігінде тұрса, олар бау өсіру серіктігіне мүше бола алмайды.

15. Кәсіпорын, мекеме, ұйым жанынан ұйымдастырылатын бау өсіру серіктігіне кіретін, олардың әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті бекіткен адамдардың тізіміне енгізілген жұмысшылар, қызметшілер және басқа азаматтар серіктіктің уставы тіркелген күннен бастап серіктіктің мүшесі деп саналады.

Жұмысшылар, қызметшілер және басқа азаматтар жұмыс істеп тұрған бау өсіру серіктігіне мүшелікке кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша не, егер серіктік халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағында болса, соның шешімі бойынша серіктік басқармасының ұсыныстары ескеріле отырып қабылданады.

16. Бау өсіру серіктігінің мүшелеріне кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің бірлескен шешімімен жер учаскелері бөлінеді, олардың нақты мөлшерін жерді коллективтік бағбаншылыққа берген органдар 400 шаршы метрден 600 шаршы метрге дейінгі шеңберде белгілейді.

1985 жылғы 1 январьға дейін бөлінген жер учаскелері серіктік мүшелеріне берілген кезде қолданылып жүрген заңдармен белгіленген мөлшерде сақталады.

Серіктік мүшелері жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша учаскелерге натурада эстетикалық талаптарға сай келетін қоршаумен меже қойылуы мүмкін.

17. Бау өсіру серіктігінің басқармасы серіктіктің әрбір мүшесіне қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде мүшелік кітапша береді, оған бөлінген жер учаскесі, кіру, мүшелік, мақсаттық жарналар туралы деректер мен басқа да мәліметтер жазылады.

18. Бау өсіру серіктігі мүшесінің мынадай правосы бар:

а) серіктік мүшелерінің жалпы жиналыстарында (уәкілдер жиналыстарында) және серіктік басқармасының мәжілістерінде қаралатын мәселелерді, соның ішінде оның өзінің қызметі мен мінез-құлқына байланысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

б) серіктіктің басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

в) серіктік басқармасының алдына бау өсіру серіктігінің жұмысын жақсартуға бағытталған мәселелер қойып, ұсыныстар енгізуге;

г) серіктік мүшелері тарапынан өз праволары бұзылған жағдайда оларды қорғау жөнінде серіктік басқармасына өтініш етуге;

д) өзіне бөлінген бау учаскесінде өндірілген жеміс, жидек, овощ және басқа ауыл шаруашылық өнімін өз қалауы бойынша пайдалануға;

е) осы Үлгі уставтың 8-тармағында аталған нормалар мен ережелерді сақтай отырып жаздық бау үйін және басқа құрылыстар салуды жүзеге асыруға;

ж) жаздық бау үйін сатып алу немесе салу және бау учаскесін көркейту үшін белгіленген тәртіп бойынша кредит алуға;

з) бау учаскесінде вольерлерде — құсты 20 басқа дейін, торларда — көжектерімен 5-ке дейін ұрғашы қоянды, 5-ке дейін бал арасы семьясын, торларда — нутрийлерді — балаларымен 5-ке дейін ұрғашы нутрийді мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді міндетті түрде сақтай отырып және көрші бау учаскелерінде қалыпты демалуға нұқсан келтірмей ұстауға;

и) бау өсіру серіктіктерінен жазбаша арызы бойынша өз еркімен шығуға;

к) серіктік уставынан туындайтын басқа да праволарды жүзеге асыруға.

Бау өсіру серіктігінің мүшесі шет елге жұмысқа жіберілуіне байланысты жоқ болған ретте, Қиыр Солтүстік аудандар мен соларға теңестірілген жерлерге кеткен жағдайда және кеткен адамға белгіленген тәртіп бойынша тұрған жай броньдалатын немесе сақталатын басқа да реттерде оған өзіне бөлінген бау учаскесін пайдалану правосы сақталады. Мұндай жағдайда серіктіктің кеткен мүшесі ұсынған басқа адам серіктік уставының талаптарын сақтайтын болса, кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің немесе, егер серіктік халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағында болса, соның рұқсаты бойынша бау учаскесін пайдалана алады.

19. Бау өсіру серіктігінің мүшесі:

а) коллективтік бағбаншылық туралы заңдар мен нормативтік документтердің, серіктік уставының талаптарын, халық депутаттары аудандық (қалалық) Советі мен оның атқару комитетінің, жанынан серіктік құрылған кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігі мен кәсіподақ коми-

тетінің, серіктік мүшелері жалпы жиналыстары (уәкілдер жиналыстары) мен серіктік басқармасының шешімдерін орындауға;

б) өзіне бөлінген жер учаскесінде екі жыл ішінде қажетті ағаштар отырғызуға, тиісті жеміс, жидек, овощ және басқа ауыл шаруашылық өнімін өндіру үшін оны ұтымды әрі аса тиімді пайдалануға;

в) серіктік мүшелері жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) немесе серіктік басқармасының шешімі бойынша коллективті түрде орындалатын жұмыстарға тікелей өз еңбегімен не семья мүшелерінің еңбегімен қатысуға;

г) жер өңдеу, бау отырғызу және ағаштарды күтіп-баптау жөніндегі агротехникалық шараларды орындауға, арам шөптерді құртуға, өсімдіктердің зиянкестері мен кінәраттарына қарсы күрес жөніндегі шараларды уақтылы жүргізуге айрықша назар аударуға;

д) бау учаскесін және ондағы құрылыстарды, кірме жолдар мен кюветтерді үлгілі жағдайда ұстауға, санитариялық және өртті болдырмау талаптарын сақтауға;

е) серіктіктің қоғамдық мүлкіне ұқыпты қарауға;

ж) кіру, мүшелік және мақсатты жарналарды серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы белгілейтін мөлшер мен мерзімде уақтылы төлеп тұруға;

з) жаздық бау үйін сатып алу немесе салу және жер учаскесін көркейту үшін алынған кредитті өтеуге арналған төлемдерді белгіленген мерзімдерде уақтылы төлеп отыруға, сондай-ақ жанынан серіктік ұйымдастырылған кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға немесе кредит берген банк мекемесіне осы кредиттің мақсатты пайдаланылуы туралы басқарма бекіткен есеп тапсыруға және оларға кредит жөніндегі берешегін СССР Мемлекеттік банкісі белгілеген тәртіп бойынша қайта ресімдеу үшін өзінің тұрған жерінің немесе жұмыс орнының ауысқаны туралы хабарлауға;

и) коллективтік бауда ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, бау учаскелерінде тыныңу үшін қалыпты жағдайларды бұзатын іс-әрекеттер жасалуына жол бермеуге;

к) серіктік уставынан туындайтын басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

20. Бау өсіру серіктігінің мүшесі серіктіктен мынадай реттерде шығарылуы мүмкін:

а) өзіне бөлінген жер учаскесін ауыл шаруашылық өнімін өсіру үшін қатарынан екі жыл бойы игермесе;

б) бау учаскесінде 1985 жылғы 1 январьдан кейін жаздық бау үйін және басқа құрылыстарды тиісінше келісілген жобасыз немесе осы Үлгі уставтың 8-тармағымен көзделген нормалардан не құрылыс басталғанда қолданылып жүрген ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген нормалардан ауытқып салса;

в) заңсыз сатып алған құрылыс материалдарын құрылыста қолданса және жұмысшы күшін заңсыз пайдаланса;

г) жерді өз бетімен басып алса;

д) агротехникалық шараларды ұдайы орындамаса немесе бау өсіру серіктігінің жалпы жұмыстарына қатысудан бас тартса немесе жалтарса;

е) серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеген кіру, мүшелік және мақсатты жарналарды төлемесе;

ж) қылмыс жасауына байланысты немесе еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан шығарылса;

з) өзіне бөлінген жер учаскесі мен ондағы құрылыстарды басқа адамға түгел немесе ішінара өз бетімен берсе;

и) егер серіктіктің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін оған қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылғанымен оларды ұдайы бұза берсе;

к) бөлінген жер учаскесін басқа мақсатқа пайдаланса;

л) сол бау өсіру серіктігінің мүшесі болу мүмкіндігінен айыратын жағдайлардың беті ашылса.

21. Бау өсіру серіктігінің мүшелігінен шығару кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің не, егер серіктік халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағында болса, соның шешімі бойынша, серіктік басқармасының ұсыныстары ескеріле отырып жүргізіледі.

Мүшеліктен шығару туралы шешім жөнінде кәсіпорын, мекеме, ұйым бағынатын мемлекеттік органға, облыстық кәсіподақтар советіне, облыстық атқару комитетіне шағым жасауға болады.

Шағым жөніндегі шешіммен келіспеген ретте оған белгіленген тәртіп бойынша шағым жасауға болады.

Босаған жер учаскесі серіктік мүшелігіне қабылданған басқа адамға берілгенге дейін серіктік басқармасы ондағы құрылыстар мен ағаштардың сақталуын қамтамасыз етуге шаралар қолданады.

22. Бау өсіру серіктігінің мүшелігінен шыққан (шығарылған) адамға шаруашылық құрылыстар мен жалпы пайдаланудағы құрылыстар тұрғызуға, сумен жабдықтауға, электрлендіруге, жол, көпір салуға, коллективтік бау территориясын қоршауға, серіктіктің жер учаскесін игеру (территорияны тегістеу, мелиорация жұмыстары, құнарлы топырақ әкелу және басқа) жөніндегі шараларды жүргізуге арнап бау өсіру серіктігінің кассасына төленген мақсатты жарналар (тозуын есептеп шығарып тастап) қайтарылады, сондай-ақ оған бөлінген жер учаскесіндегі жаздық бау үйінің және басқа құрылыстардың, жеміс-жидек өсімдіктерінің құны, учаскені игеру жөніндегі басқа да шығындар бағалау актісіне сәйкес төленеді.

Аталған адамға кіру және мүшелік жарналар, серіктіктің жұмысшылары мен қызметшілерін ұстауға, мәдени шараларға арнап енгізілген жарналар, сондай-ақ қоғамдық шаруашылық қора-жайлар мен құрылыстарды жөндеуге арналған жарналар, суды, электр энергиясын және автотранспортты пайдаланғаны үшін төлемдер қайтарылмайды.

Серіктік мүшелігінен шыққанның (шығарылғанның) орнына бау өсіру серіктігіне мүше болып қабылданған адам кіру жарнасын, сондай-ақ серіктіктен шыққан (шығарылған) адамның төлеуіне жататын мақсатты жарналардың сомасын (қора-жайлар мен құрылыстардың тозуын ескере отырып), жаздық бау үйінің, басқа құрылыстардың, жеміс-жидек өсімдіктерінің құнын және жер учаскесін игеру жөніндегі басқа да шығындарды серіктікке төлеуге міндетті.

Серіктіктің шығып кеткен мүшесінің орнына бау өсіру серіктігіне мүше болып қабылданған мұрагерлер, семья мүшелері, ажырасқан жұбай (зайып) кіру жарнасын төлеуден босатылады.

Бау өсіру серіктігі мүшелігінен шыққан (шығарылған) адам мен оның орнына серіктікке мүше болып кірген адамның арасындағы барлық есеп айырысу серіктік кассасы арқылы жүргізіледі.

23. Серіктік мүшелігінен шыққан (шығарылған) ретте бау өсіру серіктігінің мүшесіне бөлінген учаскеде тұрғызылған жаздық бау үйінің және басқа құрылыстардың құны осы құрылыстардың тозуы ескеріле отырып, СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 2 октябрьдегі № 961 қаулысымен (СП СССР, 1981 ж., № 28, ст. 165) және Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 14 декабрьдегі № 509 қаулы-

сымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 2, ст. 7) көзделген тәртіп бойынша бекітілген бағалау нормаларына орай анықталады.

Жеміс-жидек өсімдіктерінің құнын анықтау Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен нормативтер бойынша жүргізіледі.

Бау учаскесіндегі аталған құрылыстар мен өсімдіктердің құнын өздерінің жанында бау өсіру серіктігі ұйымдастырылған кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті құратын бағалау комиссиясы анықтайды, оның құрамында тиісті кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің өкілдері, бау өсіру серіктігі басқармасының мүшесі және осы серіктіктің шығып кеткен (шығарылған) мүшесі болады. Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің немесе бау өсіру серіктігінің шығып кеткен (шығарылған) мүшесінің өтініші бойынша комиссия құрамына басқа ұйымдардың өкілдері шақырылуы мүмкін.

Бау өсіру серіктігі халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағында болған ретте бағалау комиссиясын тиісті атқару комитеті құрады, оның құрамында халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің мүшесі, бау өсіру серіктігі басқармасының мүшесі және бау өсіру серіктігінің шығып кеткен (шығарылған) мүшесі, сондай-ақ атқару комитетінің ұйғаруы немесе бау өсіру серіктігінің шығып кеткен (шығарылған) мүшесінің өтініші бойынша басқа ұйымдардың өкілдері болады.

Комиссия құрылыстар мен жеміс-жидек өсімдіктерін бағалау актісін жасайды.

Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті құрған бағалау комиссиясының шешімі жөнінде үш ай мерзім ішінде территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитетіне, ал тиісті атқару комитеті құрған комиссияның шешімі жөнінде — облыстық атқару комитетіне шағым беруге болады.

24. Бау өсіру серіктігі мен оның мүшелері арасындағы азаматтық-праволық дауларды, мұрагерлердің серіктікке кіруінің бұзылған немесе талас туғызған артықшылық правосын қорғау туралы дауларын, ажырасқан ерлі-зайыптылардың жер учаскесін пайдалану правосы туралы дауларын, сондай-ақ мүліктік сипаттағы дауларды сот шешеді.

## III. Бау өсіру серіктігінің басқару органдары мен тексеру комиссиясы

25. Бау өсіру серіктігінің істерін серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы, ал жиналыстар аралығындағы кезеңде — серіктік басқармасы басқарады.

Егер серіктіктің барлық мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысып отырса, бау өсіру серіктігі мүшелерінің жалпы жиналысы мәселелерді шешуге праволы.

26. Серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы:

а) серіктік уставын қабылдайды, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

б) серіктіктің басқармасы мен тексеру комиссиясын сайлайды;

в) бау өсіру серіктігінің ішкі тәртіп ережелерін қабылдайды;

г) кіру, мүшелік және мақсатты жарналардың мөлшерін, оларды төлеу мерзімдерін белгілейді;

д) басқарманың кіріс-шығыс сметасын бекітеді, оның жылдық есептерін және тексеру комиссиясының актілерін тыңдап, бекітеді;

е) серіктік мүшелері коллективті түрде жүргізетін жұмыстарға

олардың еңбекпен қатысуын анықтайды, агротехникалық шаралар жоспарын бекітеді;

ж) еңбек шарттары бойынша жүзеге асырылатын жұмыс түрлерін, серіктік еңбек шарттарын жасасатын қызметкерлердің штаттарын бекітеді, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің орайлас категорияларына еңбек ақы төлеу шарттарына бейімдеу олардың еңбегіне ақы төлеу мәселелерін шешеді;

з) серіктік басқармасының мүшелері мен активін көтермелеу туралы мәселелерді шешеді;

и) серіктік басқармасы мен тексеру комиссиясының шешімдері жөніндегі шағымдарды қарайды;

к) серіктік басқармасы мен тексеру комиссиясының мүшелерін мерзімінен бұрын кері шақырып алады;

л) бағбандардың ерікті қоғамына серіктіктің кіруі туралы мәселе қарайды;

м) осы Үлгі уставтың 38 және 39-тармақтарымен көзделген тәртіп бойынша серіктікті қайта құру және тарату мәселелерін шешеді.

Жалпы жиналыс серіктік қызметінің басқа да мәселелерін қарайды.

27. Жалпы жиналысты шақыру қиындық келтіретін бау өсіру серіктіктерінде олардың қарауына жататын мәселелерді шешу үшін серіктік мүшелері уәкілдерінің жиналысы шақырылуы мүмкін. Жалпы жиналыс уәкілдер жиналысының қарауына жататын мәселелер тізбесін шектей алады.

Уәкілдердің өкілдік нормасын және оларды сайлау тәртібін серіктік басқармасы кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің немесе, егер серіктік халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағында болса, соның келісуі бойынша белгілейді. Мұндай жағдайда бір уәкіл серіктіктің үштен астам мүшесі атынан өкілдік ете алмайды.

Егер барлық уәкілдердің кемінде 3/4-і қатысып отырса, серіктік мүшелері уәкілдерінің жиналысы мәселелерді шешуге праволы.

28. Серіктік мүшелерінің жалпы жиналысында (уәкілдер жиналысында) шешімдер ашық дауыс беру жолымен жай көпшілік дауыспен қабылданады. Серіктіктің басқармасы мен тексеру комиссиясын сайлау жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) ұйғаруы бойынша ашық немесе жасырын дауыс беру жолымен жүргізіледі.

29. Серіктік мүшелерінің жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) басқарма жылына кемінде 2 рет, ал кезектен тыс жиналысын серіктік мүшелерінің (уәкілдерінің) кемінде 1/3-інің, немесе серіктік тексеру комиссиясының, немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің, немесе территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің талап етуі бойынша шақырады.

30. Бау өсіру серіктігінің басқармасы серіктіктің атқарушы органы болып табылады, ол өз жұмысында серіктік мүшелерінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына), сондай-ақ кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетіне немесе егер серіктік халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитетінін қарамағында болса, соған есеп беріп отырады.

Басқарма серіктік мүшелері арасынан кемінде 5 адамнан 2 жыл мерзімге сайланады. Басқарма өз құрамынан басқарма председателін, оның орынбасарларын және казначей сайлайды. Қажет болған жағдайда басқарма өзінің басшылық етуімен жұмыс істейтін қоғамдық комиссиялар құрады.

Басқарманы мерзімінен бұрын қайта сайлау серіктік мүшелерінің кемінде 1/4-інің, немесе серіктік тексеру комиссиясының, немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің, немесе территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің талап етуі бойынша жүргізілуі мүмкін.

31. Бау өсіру серіктігінің басқармасы:

а) серіктіктің мүлкі мен ақша қаражаттарының есебін жүргізеді, серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) бекіткен кіріс-шығыс сметасы шеңберінде оларға иелік етеді;

б) агротехникалық шараларды жүргізу, жеміс-жидек өсімдіктерінің зиянкестері мен кінәраттарына қарсы күрес жөніндегі жұмысты, отырғызылатын материалдар, бағбандық және басқа инвентарь, органикалық және минералдық тыңайтқыштар, улы химикаттар, құрылыс материалдарын сатып алу мен тасып жеткізуді ұйымдастырады, серіктік мүшелеріне қызмет көрсетуге байланысты басқа да шараларды жүргізеді;

в) сумен жабдықтау, электрлендіру, жолдар салу, бауды қоршау жөніндегі жұмыстарды және серіктік мүшелері жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша жүргізілетін басқа да жұмыстарды ұйымдастырады;

г) коллективтік баудың территориясын ұйымдастыру мен құрылыс салу жобасына сәйкес үлгі жобалар бойынша овощ-жеміс қоймаларын, өзіндік транспортқа арналған коллективтік тұрақ жайлар, жалпы пайдаланудағы басқа да қора-жайлар мен құрылыстар салу мәселесін шешеді, серіктік мүшелері, жас натуралистер тәжірибе жұмыстарын жүргізетін питомниктер, учаскелер, балалар және спорт алаңдарын ұйымдастырады;

д) серіктік мүшелері мен олардың семья мүшелері арасында табиғат қорғау туралы заңдарды сақтау жөнінде түсінік жұмысын, мәдени-бұқаралық жұмыс жүргізеді, сондай-ақ серіктік мүшелерінің жетістіктерін көрмелерде көрсетеді;

е) мыналарды:

серіктік мүшелерінің серіктік уставын, халық депутаттары аудандық, қалалық Советі мен оның атқару комитетінің, кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің коллективтік бағбаншылық мәселелері жөніндегі шешімдерін, серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) мен серіктік басқармасының шешімдерін, сондай-ақ серіктіктің ішкі тәртіп ережелерін орындауын;

коллективтік бау жасау, оны күтіп-баптау, территориясын көркейту жөніндегі жұмыстардың уақытылы жүргізілуін;

серіктік мүшелерінің серіктік уставында көзделген жарналар мен төлемдерді серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) белгілеген мөлшер мен мерзімдерде төлеп отыруын бақылауды жүзеге асырады;

ж) жылдық кіріс-шығыс сметаларын жасап, оларды серіктік мүшелері жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) бекітуіне табыс етеді және өз жұмысы туралы серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) алдында есеп беріп отырады;

з) серіктіктің және оның мүшелерінің мүлкін, ағаштар мен баудың өнімін қорғауды ұйымдастырады;

и) серіктік мүшелері бау учаскелерінде еккен ағаштар мен тұрғызған құрылыстарды, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы қора-жайлар мен құрылыстарды инвентаризациялауды жүзеге асырады; жалпы пайда-

ланудағы қора-жайлар мен құрылыстардың уақтылы жөнделуіне шаралар қолданады;

к) серіктік мүшелері коллективті түрде орындаған жұмыстардың есебін жүргізеді және оның нәтижелерін олардың жеке счеттарына жазып береді;

л) өндірілген ауыл шаруашылық өнімінің артығы балалар мекемелеріне, қартайғандар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерге ерікті түрде өтеусіз берілуін ұйымдастырады; жемістің, жидектің, овощтың және басқа ауыл шаруашылық өнімінің артығын өткізуде серіктік мүшелеріне көмек көрсетеді;

м) серіктік мүшелерінің иелігіндегі мүлікті міндетті және ерікті түрде мемлекеттік сақтандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуде мемлекеттік сақтандыру органдарына жәрдемдеседі;

н) тексеру комиссиясы ашқан кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады;

о) еңбек шарты бойынша жұмыс істеу үшін белгіленген тәртіпке орай серіктікке жұмысшылар мен қызметшілер қабылдайды және жұмыстан шығарады, сондай-ақ олардың еңбегіне ақы төлейді;

п) серіктік үшін жұмыс орындауға және қызмет көрсетуге арналған шарттар жасасады;

р) есепті кезең ішінде тұрғызылған бау үйлерінің, қора-жайлар мен құрылыстардың белгіленген нормалар мен жобаларға сәйкестігі, сондай-ақ серіктік мүшелері алған кредиттердің мақсатты пайдаланылуы туралы кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетіне немесе, егер серіктік халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің қарамағында болса, соған екі жылда бір рет есеп табыс етеді;

с) осы Үлгі устав өзінің компетенциясына жатқызған мәселелерді серіктік мүшелері жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) қарауына енгізеді және серіктік қызметіне байланысты басқа да мәселелерді шешеді.

Егер басқарма мүшелерінің кемінде 2/3-сі мәжіліске қатысып отырса, басқарма мәселелерді шешуге праволы.

32. Бау өсіру серіктігі мүшелері жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) протоколдары үш күн мерзім ішінде ресімделіп, жиналыстың председателі мен секретары қол қояды, мөр басылып расталады және серіктік істерінде тұрақты сақталады.

Серіктік басқармасы мәжілістерінің протоколдары бір тәулік мерзім ішінде ресімделіп, оған басқарма председателі немесе оның орынбасары қол қояды, мөр басылып расталады және серіктік істерінде тұрақты сақталады.

Серіктік мүшелерінің жалпы жиналыстары (уәкілдер жиналыстары) протоколдарының көшірмелері қажет болған жағдайда жанында серіктік ұйымдастырылған кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетіне, сондай-ақ территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитетіне табыс етіледі.

33. Бау өсіру серіктігі мүшелерінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) мен серіктік басқармасының осы Үлгі уставқа және қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін шешімдері кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің немесе территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің шешімімен бұзуға жатады.

34. Бау өсіру серіктігі басқармасының председателі серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) мен серіктік басқарма-

сының шешімдері орындалуын қамтамасыз етеді, мемлекеттік органдармен және басқа мекемелермен, ұйымдармен қарым-қатыста серіктік атынан өкілдік етеді, айрықша сенімхаты болмаса да олармен серіктік атынан кіріс-шығыс сметалары шеңберінде шарттар жасасуға, сенімхат беруге, СССР Мемлекеттік банкісінің мекемелерінде немесе жинақ кассасында ағымдағы счет ашуға праволы.

35. Бау өсіру серіктігінің тексеру комиссиясы басқарманың финанс-шаруашылық қызметін бақылайтын және тексеретін орган болып табылады, ол серіктік мүшелері арасынан кемінде 3 адамнан 2 жыл мерзімге сайланады. Тексеру комиссиясын мерзімінен бұрын қайта сайлау серіктік мүшелерінің кемінде 1/4-нің немесе кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің не территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің талап етуі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Тексеру комиссиясы өз құрамынан комиссияның председателін сайлайды.

36. Бау өсіру серіктігінің тексеру комиссиясы:

а) серіктік басқармасының финанс және шаруашылық қызметін жоспарлы түрде, бірақ кемінде жылына екі рет тексеріп, жүргізілген тексеру нәтижелері туралы серіктік мүшелерінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) баяндап отыруға;

б) серіктік басқармасының жылдық есебі жөнінде серіктік мүшелерінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) қорытынды беріп отыруға міндетті.

Серіктіктің тексеру комиссиясы өз қызметінде серіктік мүшелері жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) алдында есеп береді.

## IV. Бау өсіру серіктігінің қаржылары

37. Бау өсіру серіктігінің қаржылары серіктік мүшелерінің кіру, мүшелік және мақсатты жарналарынан, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да түсімдерден құралады.

Кіру жарналары серіктіктің ұйымдық мәселелерін шешу кезінде жұмсалады. Мүшелік және мақсатты жарналар серіктіктің кіріс-шығыс сметаларына сәйкес жұмсалады.

Бау өсіру серіктігінің ақшалай қаражаттары белгіленген тәртіп бойынша серіктіктің СССР Мемлекеттік банкісі мекемелеріндегі ағымдағы счетында немесе жинақ кассасында сақталады.

Серіктіктің ақшалай қаражаттарын жұмсау басқарманың председателі мен бухгалтері (казначей) қол қойған документтер бойынша серіктік мүшелерінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) бекіткен кіріс-шығыс сметасына сәйкес жүргізіледі.

## V. Бау өсіру серіктігінің қызметін тоқтату

38. Бау өсіру серіктігі:

а) бау өсіру серіктігі оның уставында көзделген мақсаттан ауытқыды деп танылған ретте территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша;

б) серіктік мүшелері жалпы жиналысының кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігімен және кәсіподақ комитетімен келісілген, территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитеті бекіткен шешімі бойынша таратылады.

Серіктікті тарату туралы шешім қабылдаған серіктік мүшелерінің

жалпы жиналысы тарату комиссиясын сайлайды, ал серіктік халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетінің шешімі бойынша таратылған жағдайда тарату комиссиясын кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті тағайындайды.

Тарату комиссиясының жұмысын бақылауды кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті жүзеге асырады.

Серіктік таратылғаннан кейін қалған барлық мүлік Қазақ ССР-і Азаматтық кодексінің 40-статьясында белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылады.

39. Бау өсіру серіктігін қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу) серіктік мүшелері жалпы жиналысының кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігімен және кәсіподақ комитетімен келісілген, территориясында серіктік орналасқан халық депутаттары аудандық, қалалық Советінің атқару комитеті бекіткен шешімі бойынша жүргізіледі.

Серіктікті қайта ұйымдастырған ретте Қазақ ССР-і Азаматтық кодексінің 37 және 39-статьяларының талаптары сақталады.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМІН ӨНДІРУДІ МОЛАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 8 ЯНВАРЬДАҒЫ № 27 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1981 жылғы 16 февральдағы № 70
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 5, 10-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап өтеді: соңғы жылдары колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа да азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарын дамытуда бірқатар оңды өзгерістер болды. Халықтың қолындағы малдың барлық түліктерінің саны артып, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру өсті.

Сонымен бірге азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарын жүргізуді және халықтан ауыл шаруашылық өнімін сатып алуды ұйымдастыру ісінде КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 8 январьдағы № 27 қаулысында атап өтілген кемшіліктер біздің республикада да орын алып отыр. Бірқатар облыстар мен аудандарда колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа да азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында ет, сүт, басқа да өнім өндіруді молайту мүмкіндіктері әлі тіпті де толық пайдаланылмайды, азық-түлік ресурстарын толықтыруда олардың ролі жете бағаланбайды. Халықтан етті мемлекеттік сатып алу 1976 жылмен салыстырғанда төмендеп кетті. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы

[1] 10-пункттің екінші абзацы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 23 январьдағы № 32 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 5, 11-ст.)

8-пункттің бірінші абзацы, 15-пункт және 16-пункттің бірінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

21-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 8 январьдағы № 27 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

мен облыстық атқару комитеттері дайындау пункттерінің жүйесін баяу дамытып келеді.

Колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің мал төлі мен құс балапанына деген қажеттері толық көлемде қанағаттандырылмауда.

Жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық органдары, кәсіподақ ұйымдары, колхоздар мен совхоздардың басшылары халықтың арасында қажетті ұйымдастыру және түсіндіру жұмысын барлық жерде бірдей өрістетпейді, селодағы әр семьяның бақшасы болуына және өз шаруашылығында мал мен құс өсіруіне, неғұрлым көп семьяның сиыр ұстауына жеткілікті түрде жәрдемдеспейді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында ауыл шаруашылық өнімін өндіруді молайту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 8 январьдағы № 27 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттеріне, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақ ССР Орталық статистика басқармасына, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына және Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері мен ведомстволарына Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 28 ноябрьдегі № 532 қаулысының[1] орындалу барысын жан-жақты талдап, азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарын, коллективтік бау және бақша шаруашылығын жүргізуді және халықтан ауыл шаруашылық өнімін сатып алуды ұйымдастыру ісінде орын алған кемшіліктерді жою міндеттелсін.

Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа да азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарды жүргізу жағдайларын жақсарту, колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, сондай-ақ тұтыну кооперациясы ұйымдарының егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатуды молайтуда азаматтар шаруашылықтарының мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалануға мүдделілігін арттыру жөнінде қосымша шаралар жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Компартиясының облыстық, аудандық комитеттерінің, облыстық, аудандық атқару комитеттерінің, шаруашылық органдардың, колхоздар, совхоздар және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен тұтыну кооперациясының

---

[1] 164-бетті қараңыз.

жергілікті ұйымдары басшыларының назары колхоздармен, совхоздармен және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен жасалған шарттар бойынша азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді молайту жөнінде шаралар қолданумен бір мезгілде тұтыну кооперациясы ұйымдарының дайындау қызметін кеңейту, ет пен басқа да ауыл шаруашылық өнімдері комиссиялық саудасының және колхоз рыноктарындағы сауданың дамытылуы қамтамасыз етілуге тиіс екеніне аударылсын.

4. Облыстық, аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары, колхоздар, совхоздар мен басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындары колхоздармен, совхоздармен және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен, тұтыну кооперациясының ұйымдарымен жасалған шарттар бойынша мал мен құс өсірілуін ескере отырып, оларды азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарының мал төлі мен құс балапаны жөніндегі қажетін қанағаттандыратын мөлшерде өсіріп, халыққа сатуды қамтамасыз етсін.

5. Облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен Үй қоянын өсіруші әуесқойлардың республикалық ерікті қоғамы азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында үй қоянын өсіруді одан әрі дамыту жөнінде қосымша шараларды жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында асыл тұқымды үй қояндарын азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарының оларға деген қажетін қанағаттандыру үшін қажетті мөлшерде өсіруді қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы үй қояндары мен үй қояндарының терісін, әдетте, олар тікелей өндірілетін жерлерде сатып алуды ұйымдастырсын.

6. Облыстық, аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігіне және олардың жергілікті жерлердегі органдарына, колхоздардың, совхоздар мен басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарының басшыларына азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарындағы мал мен құсты азықпен қамтамасыз етуді жақсарту жөнінде қосымша шараларды жүзеге асыру міндеттелсін.

Өзіндік қосалқы шаруашылықтарында ірі қара мал, қой мен ешкі ұстайтын, қоғамдық өндіріске адал ниетімен қатысып жүрген колхозшыларға, жұмысшыларға, қызметшілер мен басқа да азаматтарға және пенсионерлерге шабындық пен мал жаятын учаскелер мүмкіндігінше ұзақ мерзімге берілетін болсын. Бұл мақсаттар үшін колхоздар мен совхоздардың ауыл шаруашылық жерлері, мемлекеттік запас пен мемлекеттік орман қорының, өнеркәсіп, транспорт және ауыл шаруашылығына жатпайтын өзге де кәсіпорындары мен ұйымдарының жерлері белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылсын. Колхоздар, совхоздар және басқа кәсіпорындар мен ұйымдар осы жерлердің өнімділігін арттыруда азаматтарға жәрдемдесіп отыруға тиіс.

7. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттері азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында мал шаруашылығы мен егіншілік өнімдерін тұтыну кооперациясы ұйымдарының келісімге сәйкес бағалар бойынша сатып алу жөніндегі қызметін одан әрі жақсартуды қамтамасыз етсін, ауыл шаруашылық өнімін сатып алуға азаматтармен шарттар жасасу жөніндегі жұмысты анағұр-

лым белсенді түрде жүргізсін, сатып алынған өнімдермен кооперациялық сауда жасауды айтарлықтай кеңейтсін. Тұтыну кооперациясының қабылдау-дайындау пункттерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, дайындалатын ауыл шаруашылық өнімін өңдеу мен сақтау жөніндегі кәсіпорындарды салу, қайта құру және кеңейту, оларды қажетті жабдықтармен, ыдыспен және басқа құралдармен қамтамасыз ету жөнінде қосымша шараларды жүзеге асырсын. Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа да азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында мал мен құс, үй қояндарын, ет пен ет өнімдерін сатып алу жөнінде тұтыну кооперациясының ұйымдарына тапсырмалар белгілейтін болсын.

Партия, совет және шаруашылық органдары тұтыну кооперациясының ұйымдарына ауыл шаруашылық өнімінің артығын сатып алуды молайтуда барынша жәрдемдесіп, осы өнімді сатып алуға азаматтармен шарттар жасасу, оны тасып алуды, өңдеу мен өткізуді ұйымдастыру жөніндегі жұмыста оларға көмек көрсетіп отыратын болсын.

Халық депутаттары облыстық, аудандық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері:

тұтыну кооперациясының ұйымдарына кооперативтік сауданы жүзеге асыру үшін үй-жайлар беретін болсын, ауыл шаруашылық өнімін тасымалдау үшін транспорт құралдарын бөлуде оларға қажетті көмек көрсетіп отырсын;

азаматтардың қолындағы ауыл шаруашылық өнімінің артығын сатуда оларға қажетті жағдайлар жасау үшін колхоз рыноктарының материалдық базасын кеңейтіп, нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

8. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті аталған қабылдау дайындау пункттерін материалдық-техникалық жабдықтандыру үшін Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының жобаларында қажетті құралдар, сондай-ақ ыдыс және орауыш материалдар бөлініп, беріліп тұруын көздейтін болсын.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының заявкалары негізінде бау-бақша инвентарын номенклатура бойынша және халықтың оларға деген сұранымын қанағаттандыратын мөлшерлерде шығару жөнінде 1982 жылдан бастап Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық жоспарлары жобаларында облыстық атқару комитеттеріне, Алматы қалалық атқару комитетіне, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына тапсырмалар берілуін көздеп отыратын болсын.

Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі және Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері мен ведомстволары, сондай-ақ облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті бау-бақша инвентарын, ыдыс, орауыш материалдар, ауыл шаруашылық жұмыстарын шағын механикаландыру құралдарын шығару мен халыққа сатуды ұлғайту жөнінде қосымша шаралар әзірлесін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұйымдарына азаматтардың иелігіндегі ауыл шаруашылық жұмыстарын шағын механикаландыру құралдарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жүктелсін.

10. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің коллективтік бау және бақша өсіру үшін жер учаскелерін бөлу туралы өтініштерін қарап, бұл өтініштерді орындауға шаралар қолданатын болсын.

11. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері:

картоп пен овощ дақылдарын өсіру үшін өнеркәсіптің, транспорттың және ауыл шаруашылығына жатпайтын өзге де кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдаланылмайтын жерлерінен, сондай-ақ қалалар мен басқа да елді мекендердің шеңберіндегі пайдаланылмайтын жерлерден кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға уақытша пайдалануға жер учаскелерін беруді қамтамасыз етсін. Кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелер мен азаматтарға мұндай учаскелер белгіленген тәртіп бойынша, бұл учаскелер тікелей мақсатына пайдаланылмайтын мерзімге берілсін;

аталған мақсаттарға арнап азаматтарға берілетін жер учаскелерінің мөлшерлері Қазақ ССР-інің Жер кодексіне сәйкес бір семьяға суғарылмайтын жерлерде — 0,15 гектарға дейін және суғарылатын жерлерде — 0,08 гектарға дейін белгіленсін.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті село халқы мен әуеской бағбандарға кірпіш, ағаш, құм тас, қиыршық тас, құм және басқа жергілікті құрылыс материалдарын сатуды ұлғайтуға қосымша шаралар қолдансын.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті бау өсіру серіктіктері үшін құрама шағын бау үйлерінің шығарылуын ұлғайтуды қамтамасыз етсін.

14. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Казгипрозем» және «Целингипрозем» жобалау институттары мен олардың жергілікті жерлердегі бөлімшелеріне бау өсіру серіктіктерінің басқармаларымен жасалған шарттар бойынша коллективтік бау территорияларын ұйымдастыру жобаларын белгіленген тәртіп бойынша жер учаскелері берілген кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті заявкаларының негізінде де, халық депутаттары аудандық және қалалық Советтерінің шешімдері бойынша да жасау (әзірлеу) жүктелсін.

16. *(Екінші абзац)* Халық депутаттары облыстық, аудандық және қалалық Советтерінің атқару комитеттері азаматтардың өзіндік меншігіндегі малды ұстау үшін елді мекендерде кооперативті негізде мал қораларын салуға рұқсат етіп отыратын болсын.

17. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдарына азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарды, коллективтік бау және бақша шаруашылығын жүргізуді ұйымдастыру, осы шаруашылықтарға агрономиялық, зоотехникалық-мал дәрігерлік және басқа көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру жүктелсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, халық депутаттары облыстық, аудандық және қалалық Советтерінің атқару комитеттеріне қолда бар штат саны мен бас-

қару органдарын ұстауға арналып белгіленген шығындар шеңберінде азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарды, сондай-ақ коллективтік бау және бақша шаруашылығын жүргізуін ұйымдастыру жөніндегі мамандардың лауазымдарын енгізуіне рұқсат етілсін.

Совет және ауыл шаруашылық органдары үй қоянын, ара өсірушілердің ерікті қоғамдары (серіктіктері) мен басқа да қоғамдарға барынша көмек көрсетіп отыратын болсын.

18. Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа да азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарды және коллективтік баулар мен бақшаларды күтуіне көмек көрсету үшін Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесінде ауыл шаруашылық инвентары мен қажетті техниканың прокат пункттерін құру туралы мәселе қарап, шешетін болсын.

19. Партия, совет және ауыл шаруашылық органдары, кәсіподақ және комсомол ұйымдары колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарды жүргізуі жөніндегі колхоздардың, совхоздардың, басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, тұтыну кооперациясы ұйымдары мен дайындау ұйымдарының оңды жұмыс тәжірибесін жүйелі түрде қорытып отыратын болсын. Азаматтардың таңдаулы өзіндік қосалқы шаруашылықтарын көтермелеудің түрлі формалары кеңінен қолданылсын, тиісті көрмелер, байқаулар, конкурстар мен жәрмеңкелер өткізілсін.

20. Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, газеттер мен журналдардың редакциялары колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтар, сондай-ақ коллективтік бау және бақша шаруашылығын жүргізуге байланысты мәселелерді үнемі жазып отыратын болсын.

22. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, халық депутаттары аудандық, қалалық, селолық және поселкелік Советтерінің атқару комитеттері, кәсіподақ және комсомол ұйымдары халық арасында қажетті ұйымдастыру және түсіндіру жұмысын жүргізіп, азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында ауыл шаруашылық өнімін өндіруді қосымша ұлғайту жөнінде осы қаулыда көзделген шараларды колхозшыларға, жұмысшыларға, қызметшілер мен басқа да азаматтарға таныстырсын.

Барлық жерлерде колхозшылар, жұмысшылар, қызметшілер мен басқа да азаматтар өзіндік қосалқы шаруашылығында мал мен құс өсіріп, бақша және бау шаруашылығымен айналысып, өздерінің пайдалы, мемлекеттік іс атқарып отырғанын сезінетіндей қоғамдық ахуал жасалсын.

# ҚОНЫС АУДАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ[1]

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1973 жылғы 3 сентябрьдегі № 459 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1973 ж., № 19, 92-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Қоныс аудару жөніндегі жеңілдіктер туралы» 1973 жылғы 31 майдағы № 364 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің Еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетіне артық жұмысшы күші бар колхоздардан, совхоздардан ерікті тәртіппен семьяларды, ал қалалардан, аудан орталықтары мен жұмысшы поселкелерінен сондай-ақ бұрынғы колхозшыларды және ауыл шаруашылығы мамандарының қоныс аударушыларды пәтерге кіргізудің жоспары белгіленген совхоздарға немесе колхоздарға қоныс аударуды тілейтіндерді семьяларымен бірге қоныстандыруға рұқсат етілсін.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы қоныс аудару құрылысы үшін арнаулы мақсатпен республиканың қорлары есебіне мемлекеттік күрделі қаржының, колхоздардың қаржысы мен СССР Мемлекеттік банкісі кредиттерінің есебінен жүзеге асырылатын бұл құрылыстың жоспарын орындауды қамтамасыз ететін мөлшерде стандартты үйлер, ағаш, құрылыс материалдарын және басқаларын 1973 жылдан бастап бірінші кезекте бөлетін болсын.

4. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы:

— жаңадан келген қоныс аударушыларға барып қоныстанған жерлерде сату үшін тұтыну кооперациясының ұйымдарына рынок қоры есебінен ағаш, құрылыс материалдарын және басқа материалдарды, сондай-ақ ұн (семья басшысына 1,5 центнер және семьяның әрбір мүшесіне 0,5 центнер мөлшерінде) бөлетін болсын;

— шекаралық аудандардағы қоныс аударушыларға сату үшін рынок қорлары есебінен қиын жерлерден өтуге бейім жеңіл автомобильдерді және ауыр мотоциклдерді бірінші кезекте бөлсін.

5. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы:

— қоныс аудару құрылысы үшін жыл сайын бөлінетін стандартты үйлерді тоқсандарда бір қалыпты жеткізіп беруді қамтамасыз етсін;

— жылдық қорлар бойынша қоныс аудару құрылысы үшін іске пайдаланылатын ағашты жеткізіп беруді тиісті жылдың 1 октябріне дейін жүзеге асырсын;

— ұнды белдеулік бөлшек сауда бағалары бойынша сататын болсын

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі, облыстық және аудандық атқару комитеттері жергілікті құрылыс материалдарын анағұрлым кең түрде пайдалануды және қоныс аударушылардың өздерін құрылысқа қатыстыруды қамтамасыз ете

---

[1] 6 және 18-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

1-пункт СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 31 майдағы № 364 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

отырып, қоныс аудару құрылысын арзандату жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

8. Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі қоныс аударушылар жаппай барып қоныстанатын аудандарда олар үшін ірі панельді және ірі блокты тұрғын үйлердің құрылысына арналған бөліктер комплектілерін құрастырмалы керамзитті-темір-бетон өндіретін және ірі панельді үй салатын кәсіпорындарда шығаруды 1973 жылдан бастап ұйымдастырсын.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, барып қоныстанатын жерлердегі облыстық және аудандық атқару комитеттері егер бұлардың құрылысын колхоздар мен совхоздар шаруашылық тәсілмен толық жүзеге асыра алмайтын болса, республиканың министрліктері мен ведомстволарының құрылыс ұйымдарының мердігерлік жұмыс жоспарларында тиісті тапсырмалар көздей отырып, қоныс аударушылар барып қоныстанатын жерлерге келгенге дейін оларға арнап тұрғын үйлер салуды, ал қоныс аударушылардан жаңадан құрылатын колхоздар мен совхоздарда, мұнымен қатар,— балалар бақшаларын, яслилер, мектептер, ауруханалар, коммуналдық шаруашылық, халықтың тұрмыс қажетін өтеу және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын салуды, сондай-ақ колхоздар мен совхоздардың поселкелерін көркейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті қоныстану кезінде қоныс аударушыларды орналастыруға арналған үйлердің қажетті мөлшерін әзірлеуді қамтамасыз етпеген колхоздар мен совхоздарға қоныс аударушыларды бұл әзірлік толық аяқталғанға дейін қоныстандырмайтын болсын.

10. СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы колхоздар мен совхоздардың қоныс аударушыларға үйлер салуға, сиыр алуға арнап бөлінген кредиттерді өз мақсатына пайдалануына, қоныс аударушыларға үйлер мен сиырлардың кезінде берілуіне, мемлекеттік бюджеттің есебінен скидкалардың дұрыс берілуіне және бұл семьялардың қаржысы есебінен өтелуіне үнемі бақылауды жүзеге асырсын.

11. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық және аудандық атқару комитеттері қоныс аударушыларға барып қоныстанған жерлерде олар көрсететін айырбас квитанциялары мен қоныс аударушы билеттері бойынша астық пен картопты оларға тиісті мөлшерде, ал малды — саны мен қоңы жағынан қоныс аударушылардың көшіп шыққан жерлерде тапсырғанынан кемітпей беруді қамтамасыз етсін.

12. Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері:

— қоныс аударушылар үшін тұрғын үйлер және колхоздар мен совхоздардың қоғамдық құрылыстарын салуға арнап ағаш дайындау үшін қоныс аударушылардың барып қоныстанған жерлерінде, II және III топтардағы ормандарда учаскелер бөліп берсін;

— қоныс аударушыларды, олар барып қоныстанған жерлердегі колхоздар мен совхоздарды, сондай-ақ қоныс аудару құрылысы (қоныс аударушылар үшін тұрғын үйлер және колхоздар мен совхоздардың қоғамдық құрылыстары) үшін ағаш дайындаушы ұйымдарды өсім ақы төлеуден босататын болсын.

Бұл жағдайда ұйымдар қоныс аудару құрылысына арнап Қазақ ССР Министрлер Советі мен облыстық атқару комитеттері бекітетін

жоспарларға сәйкес дайындайтын ағаш үшін өсім ақы төлеуден босатылады.

13. Облыс арасында және облыс ішінде қоныс аударған кезде қоныс аударушылардың көшіп шыққан жерлеріндегі облыстық және аудандық атқару комитеттері басқа облыстар мен аудандардың колхоздары мен совхоздарына қоныс аударатын семьяларға мүлік пен малды жүк тиейтін пункттерге тасып жеткізуде және жолда бара жатқанда малды жеммен қамтамасыз етуде барынша көмек көрсететін болсын.

14. Қазақ ССР Министрлер Советінің Еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Финанс министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті оларға қоныс аударған кезде қоныс аударушыларға ағаш материалдары мен үй-құрастыратын ағаштарды (әр семьяға 40 текше метрге дейін) темір жол, су және автомобиль транспортымен тасу ақысын қолданылып жүрген тарифтер бойынша мемлекет есебінен төлеуді рұқсат ету қажет болатын республиканың ормансыз аудандарының тізбегін бекітсін.

Осы пунктте көзделген жеңілдіктерді беруге байланысты шығындар республиканың бюджеті бойынша қоныс аудару шараларына арнап бөлінген қаржылар шегінде жұмсалады.

15. Қоныс аударушыларды және олардың мүлкін тасымалдау ісін ұйымдастыруды жақсарту үшін:

— Қазақ ССР темір жолы басқармасы СССР Қатынас жолдары министрлігімен келіскеннен кейін 1 январьдан 1 июньге дейін кезеңдегі жеңілдік тарифтерді қолдана отырып, көшіп шыққан жерден барып жететін станцияға дейін қоныс аударушылардың семьяларын тасымалдау үшін жолаушы вагондарын, сондай-ақ олардың мүлкін тасымалдау үшін товар вагондарын еңбекшілер депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі бөлімдерінің заявкаларына сәйкес кедергісіз бөліп отыруды қамтамасыз етсін;

— Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі қоныс аударушыларға олар көшіп шыққан жерлерде және барып қоныстанған жерлерде, сондай-ақ барып жететін станцияларда медициналық-дәрігерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін;

— Қазақ ССР Сауда министрлігі мен облыстық атқару комитеттері басқа одақтас республикалардан келе жатқан қоныс аударушылардың семьяларын эшелондардың бастықтары мен еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі жергілікті органдардың заявкалары бойынша республика территориясында тамақ өнімдерімен қамтамасыз ететін болсын.

16. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық және аудандық атқару комитеттері қоныс аударушыларды жақсы қабылдауға, оларды үйлерге және жұмысқа орналастыруға, сондай-ақ оларға заңда көзделген барлық жеңілдіктер мен артықшылықтардың кезінде берілуіне қатаң бақылау ұйымдастырсын.

17. Қазақ ССР Министрлер Советінің Еңбек ресурстарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары қоныс аударуға арнап семьяларды мұқият іріктеуге және оларды барып қоныстанатын жерлерге тұрақтандыруға шаралар алатын болсын.

## 2. Совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «СОВХОЗДАР МЕН БАСҚА ДА МЕМЛЕКЕТТІК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚӘСІПОРЫНДАРЫНДА ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕПТІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1973 ЖЫЛҒЫ 20 НОЯБРЬДЕГІ № 857 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1974 жылғы 29 январьдағы № 33 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 3, 11-ст.)**

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен жергілікті ауыл шаруашылық органдары:

а) шаруашылық есеп негізінде өнім өндіру мен оны мемлекетке сатуды арттырудың қарқынын шапшаңдатуды, оның сапасын жақсарту мен өзіндік құнын арзандатуды қамтамасыз ету үшін жерді, ауыл шаруашылық техникасы мен еңбек ресурстарын пайдалануды жақсарту, өндірісті экономикалық жағынан негіздей отырып мамандандыруды және шоғырландыруды одан әрі дамыту, оның технологиясын жетілдіру, еңбекті ұйымдастыру мен өндірісті басқаруды жақсарту, негізгі құралжабдықтар мен күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жаңа жұмыс жағдайына көшірілетін жылы негізгі қорларды толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық жарналарды совхоздар мен басқа да мемле-

[1] 1-пункт, 2-пункттің үшінші-жетінші абзацтары және 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 20 ноябрьдегі № 857 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

кеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының арасында қайта бөлуге право берілсін.

6. Осы қаулының күші Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінің жаңадан құрылатын барлық совхоздары мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына қолданылады деп белгіленсін.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚОСАЛҚЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 4 ДЕКАБРЬДЕГІ № 985 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1979 жылғы 9 январьдағы № 7 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 4, 8-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтары туралы» 1978 жылғы 4 декабрьдегі № 985 қаулысы басшылыққа алынып, қалтқысыз орындалатын болсын.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қолда бар қосалқы ауыл шаруашылықтарындағы істің жайын қарау және бұл шаруашылықтарды одан әрі өркендету жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыру міндеттелсін.

Қосалқы ауыл шаруашылықтарына бекітіліп берілген жерлерді, сондай-ақ негізгі және айналым қорлары мен жұмыс күшін тиімді пайдалану, мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту қамтамасыз етілсін.

3. *(Екінші абзац)* Бұдан былай республиканың министрліктері мен ведомстволары кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жанынан, әсіресе ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізу қиынға соғатын шалғай жерлерде, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жеткіліксіз дамыған аудандарда қосалқы ауыл шаруашылықтарын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізсін.

Облыстық атқару комитеттері кәсіпорындардың ұйымдар мен мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтарын мемлекеттік запас жерлерінің, мемлекеттік орман қорларының, өнеркәсіптік, транспорттық және басқа ауыл шаруашылық емес кәсіпорындар мен ұйымдардың жерлерінен, сондай-ақ колхоздардың, совхоздар мен басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындардың пайдаланылмайтын жерлерінен және ерекше реттер-

---

[1] 3-пункттің бірінші, төртінші абзацтары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1978 ж. 4 декабрьдегі № 985 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

де,— экономикалық нашар колхоздар мен совхоздардың тиімсіз пайдаланатын жерлерінен белгіленген тәртіппен жер учаскелерін беруді қамтамасыз ететін болсын [1].

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтарының сортты тұқымға, отырғызылатын материалға және асыл тұқымды мал төліне деген қажеттерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларға мал дәрігерлік қызмет көрсетуді және ауыл шаруашылық өндірісіне байланысты басқа қызмет көрсетуді жақсартуға шаралар қабылдайтын болсын.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтарының, олардың ведомстволық бағынысына қарамастан, ауыл шаруашылық машиналарымен, жабдықпен және бөлшектермен колхоздар мен совхоздар үшін белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз ететін болсын.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚОСАЛҚЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ» 1985 ЖЫЛҒЫ 17 ОКТЯБРЬДЕГІ № 973 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1985 жылғы 21 ноябрьдегі № 425 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1986 ж., № 3, 8-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтарын одан әрі дамыту мен нығайтуды қамтамасыз ету, оларда ауыл шаруашылық өнімін өндіруді барынша молайту Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының, облыстық және аудандық атқару комитеттерінің аса маңызды міндеттерінің бірі деп саналсын, мұның өзі республиканың Азық-түлік программасын жүзеге асырудағы қомақты үлес және жұмысшылар мен қызметшілерді тамақ өнімдерімен жабдықтауды жақсарту үшін қосымша резерв болып табылады.

2. Қосалқы шаруашылықтарда мал шаруашылығы өнімін өз жемшөбімен өндіру үшін оларда берік жемшөп қорын жасау қажеттігіне министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті совет органдарының назары аударылсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жоспарлардың жобаларын жасаған кезде кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің

---

[1] 3-пункттің үшінші абзацына Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 11 марттағы № 103 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

[2] 7-пункттің бірінші абзацы және қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6-пункт СССР Министрлер Советінің 1985 ж. 17 октябрьдегі № 973 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

қосалқы ауыл шаруашылықтарына арналған жанар-жағар май материалдарын республиканың министрліктері мен ведомстволарына осы шаруашылықтардың өндірістік қызметі үшін қажетті жағдай жасалуын қамтамасыз ететін мөлшерде бөлінуін көздеп отырсын.

4. Республиканың министрліктері, ведомстволары мен облыстық атқару комитеттері жоспарларда кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің заявкалары бойынша оларға қосалқы ауыл шаруашылықтарына арнап қажетті мөлшерде жергілікті құрылыс және басқа материалдар бөлінуін көздейтін болсын.

5. Қазақ ССР Финанс министрлігі қызмет бабындағы жеңіл автомобильдердің саны және оларды ұстауға арналған қаржылардың лимитін белгілеген кезде қажет болған жағдайда Қазақ ССР-і министрліктері мен ведомстволарының кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтары үшін жеңіл автомобильдер мен оларды ұстауға арналған қаржылардың лимиті жөніндегі қажетін ескеріп отырсын.

7. (Екінші абзац) Облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары тиісті тапсырмаларды кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге жеткізіп, олардың орындалуына қажетті шаралар қолдансын және осы қаулының орындалу барысы туралы жыл сайын 15 мартқа қарай, Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндап отыратын болсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «СОВХОЗДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ СТИХИЯЛЫҚ АПАТТАР МЕН ӨЗГЕ ДЕ ҚОЛАЙСЫЗ ЖАҒДАЙЛАРДАН ШЕККЕН ЗАРДАБЫНЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ ТӘРТІБІН ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 1 ИЮНЬДЕГІ № 499 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 28 июльдегі № 302
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 17)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының стихиялық апаттар мен өзге де қолайсыз жағдайлардан шеккен зардабының орнын толтыру тәртібін жетілдіру туралы» 1978 жылғы 1 июньдегі № 499 қаулысы[1] басшылыққа алынып, қалтқысыз орындауға қабылдансын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің совхоздары мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының және ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесінің резерв қоры 1979 жылдан бастап осы шаруашылықтардың бөлінетін пайдасының 30 процентін бөлу есебінен құрылады деп белгіленсін.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Финанс министрлігі, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері мен

[1] СССР Заңдары жинағының 5-томын қараңыз.

облыстық атқару комитеттері совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін сақтандырудың дер кезінде және сапалы жүргізілуін, сондай-ақ сақтандыру төлемдері мен орнын толтырулар бойынша шаруашылықтар мен Мемлекеттік сақтандыру органдарының белгіленген мерзімдерде өзара есеп айырысуларын қамтамасыз ететін нақты ұйымдастыру шараларын әзірлеп, жүзеге асыру міндеттелсін.

4. Қазақстан Компартиясының облыстық және аудандық комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне совхоздар мен колхоздардың мүлкін мемлекеттік сақтандыру жөніндегі жұмыстың жайын қарап және Мемлекеттік сақтандыру органдарына олардың қызметін жүзеге асыруында жәрдемдесіп отыру тапсырылсын.

## 3. Колхоздар

## ҚАЗАҚ ССР КОЛХОЗДАР СОВЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1971 жылғы 16 июльдегі № 407 ҚАУЛЫСЫ**
**(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 16, 60-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Қазақ ССР Колхоздар советі туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1971 жылғы 16 июльдегі*
*№ 407 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

*(Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1984 жылғы 13 августағы*
*№ 334 қаулысының*
*редакциясында)*

## ҚАЗАҚ ССР КОЛХОЗДАР СОВЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Колхоздар советі колхоздардың сайланатын республикалық қоғамдық органы болып табылады, ол колхоз демократиясын одан әрі дамыту, колхоз шаруасының творчестволық белсенділігін арттыру, колхоздар өмірі мен қызметінің аса маңызды мәселелерін коллективтік түрде талқылау, өндірісті ұйымдастыру тәжірибесін қорыту және қоғамдық шаруашылықты өсіру резервтерін неғұрлым толық пайдалану, халықтың өскелең қажеттерін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылық өнімінің товарлы өндірісін ұлғайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

Қазақ ССР Колхоздар советінің міндеті — колхоздарды барынша нығайту, ауыл шаруашылығын өркендетудің және селоны әлеуметтік қайта түлетудің Коммунистік партия жасаған программасын дәйектілікпен жүзеге асыру.

2. Қазақ ССР Колхоздар советі өз қызметінде Коммунистік партия мен Совет үкіметінің шешімдерін, ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің қолданылып жүрген заңдарын, колхозшылардың бүкілодақтық съездерінің, одақтас республикалардың колхоздар советтері өкілдерінің бүкілодақтық жиналыстарының қаулыларын, Колхоздардың одақтық советінің қаулыларын, колхозшылар съездері мен Қазақ ССР Колхоздар советтерінің өкілдері жиналыстарының қаулыларын, колхоздың Үлгі Уставын және Қазақ ССР Колхоздар советі туралы ережені басшылыққа алады.

3. Қазақ ССР Колхоздар советіне колхоздардың тәжірибелі өкілдері, колхоз өндірісінің озаттары, ауыл шаруашылығының мамандары, колхоздар қатысатын шаруашылықаралық кәсіпорындардың (ұйымдардың), ауыл шаруашылық органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ғалымдар сайланады.

4. Қазақ ССР Колхоздар советі:

колхоздың Үлгі Уставын сақтауға және колхоздарда бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастыруға байланысты мәселелерді қарайды;

колхоздардың және колхоздар қатысатын шаруашылықаралық кәсіпорындардың (ұйымдардың) жұмыс тәжірибесін қорытады, шаруашылықты тиімді жүргізу және резервтерді барынша пайдалану жөнінде, колхоздарға бекітілген жерлерді ұтымды пайдалану, оларды қорғау, топырақтың құнарлылығын мейлінше арттыру, жерді мелиорациялау, колхоз өндірісін химияландыру, комплексті механикаландыру және электрлендіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, өндіріске ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені енгізуге жәрдемдеседі;

колхоздардың экономикасын нығайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға және өнімнің өзіндік құнын кемітуге, ұқыптылықты және материалдық байлықтар мен финанс қаржыларын барынша үнемдеуді, қоғамдық меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді талқылайды, колхоз өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыру жөнінде дәйектемелер мен ұсыныстар әзірлейді;

өндірісті басқаруды, жоспарлауды және шаруашылық ішіндегі есепті, колхоздар мен колхозаралық кәсіпорындарда (ұйымдарда) еңбекті ұйымдастыруды және оған ақы төлеуді жетілдіру, колхоз өндірісіне коллективтік мердігерді кеңінен енгізу жөніндегі тәжірибені қорытып, дәйектемелер әзірлейді;

колхоздарда қосалқы өндірістер мен кәсіпшіліктерді одан әрі өркендету жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

колхоздар мен колхозаралық кәсіпорындарда (ұйымдарда) еңбек жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту, еңбек тәртібін нығайту, социалистік жарысты барынша өрістету жөніндегі тәжірибені қорытып, ұсыныстар мен дәйектемелер әзірлейді;

селоны әлеуметтік қайта түлету, колхоздарда тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер, сауықтыру орындары, пионер лагерьлері құрылысын дамыту, тұрақты еңбек коллективтерін құру жөніндегі тәжірибені қорытып ұсыныстар әзірлейді;

еңбек ресурстарын неғұрлым толық пайдалану, колхозшылардың материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін көтеру, әлеуметтік қамсыздандырылуын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

колхозшыларды әлеуметтік сақтандырудың орталықтандырылған одақтық қорынан бөлінген қаржыларды пайдалануға байланысты мәселелерді ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып қарап, шешеді;

колхозшылардың өзіндік қосалқы шаруашылығын одан әрі өркендетуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады,

халықтың колхоздармен жасасқан шарттары бойынша өсіретін мал мен құс санын көбейту жөніндегі тәжірибені қорытып, дәйектемелер әзірлейді;

мемлекеттік, кооперативтік және басқа қоғамдық мекемелер мен ұйымдарда республика колхоздарының мүдделерін қорғайды;

облыстар мен аудандардың колхоздар советтерінің қызметін бағыттап, үйлестіреді, осы советтердің жұмыс тәжірибесін қорытады, олардың ұсыныстарын қарап, қажетті көмек көрсетеді;

колхоздар мен колхозшылар қойған мәселелерді, олардың арыздары мен шағымдарын қарайды және солар бойынша қажетті шаралар қолданады.

Қазақ ССР Колхоздар советі колхоз өмірінің басқа да маңызды мәселелерін қарайды, тиісті дәйектемелер мен ұсыныстар әзірлеп, оларды Республиканың ауыл шаруашылығы министрлігіне және басқарудың өзге де органдарына, сондай-ақ Колхоздардың одақтық советіне енгізеді.

5. Қазақ ССР Колхоздар советі облыстардың колхоздар советтері өкілдерінің республикалық жиналысын 5 жылда бір рет және республика колхозшыларының съезін қажет болуына қарай шақырады.

Колхоздар советтері өкілдерінің кезектен тыс республикалық жиналыстары Қазақ ССР Колхоздар советінің инициативасы немесе облыстардың колхоздар советтерінің 1/3-інің талап етуі бойынша, сондай-ақ Колхоздардың одақтық советінің ұсынуы бойынша шақырылуы мүмкін.

Республика колхозшыларының съездері мен колхоздар советтері өкілдерінің республикалық жиналыстарына өкілдік нормаларын Қазақ ССР Колхоздар советі белгілейді.

6. Қазақ ССР Колхоздар советі облыстардың колхоздар советтері өкілдерінің республикалық жиналысында немесе республика колхозшыларының съезінде ашық дауыспен 5 жыл мерзімге сайланады.

Республика колхозшыларының съездері және колхоздардың тиісті советтері өкілдерінің республикалық жиналыстары аралығындағы кезеңде Қазақ ССР Колхоздар советі, ерекшелік ретте, шығып қалғандардың орнына Қазақ ССР Колхоздар советі президиумының ұсынуы бойынша Советтің жаңа мүшелерін енгізеді.

7. Қазақ ССР Колхоздар советі өз құрамынан Советтің президиумын, әрі Совет президиумының Председателі болып табылатын Советтің председателін, Совет председателінің орынбасарларын сайлайды, сондай-ақ Советтің жауапты секретарын бекітеді.

8. Қазақ ССР Колхоздар советі мәселелерді зерттеу және оларды Советтің мәжілістеріне біліктілікпен әзірлеу мақсатында тиісті секциялар құрады.

9. Қазақ ССР Колхоздар советі өз қызметі туралы баспасөзде дүркін-дүркін хабарлап тұрады және Совет жұмысындағы жариялылықтың басқа да формаларын пайдаланады.

10. Қазақ ССР Колхоздар советі өз қызметін өзі қабылдаған жоспар бойынша жүзеге асырады және мәжілістерін жылына кемінде екі рет өткізеді. Советтің кезектен тыс мәжілістері Советтің президиумы немесе Совет мүшелерінің 1/3-інің талап етуі бойынша, сондай-ақ Колхоздардың одақтық советінің ұсынуы бойынша шақырылуы мүмкін.

Советтің және Совет президиумының мәжілістері олардың мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан жағдайда заңды деп табылады. Советтің және Совет президиумының қаулылары жай көпшілік дауыспен қабылданады.

11. Қазақ ССР Колхоздар советінің президиумы:

Совет мәжілістерінің аралығындағы кезеңде Советтің бүкіл ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады;

Советтің жұмыс жоспарларының жобаларын жасайды, Советтің мәжілістеріне арналған материалдарды қарайды, колхоздардың мүдделеріне қатысы бар республиканың нормативтік актілерінің жобалары жөнінде қорытындылар береді;

облыстар мен аудандардың колхоздар советтерінің қызметі туралы олардың есептерін тыңдайды;

озат колхоздардың жұмыс тәжірибесін қорытып, оның таратылуын қамтамасыз етеді, колхоз демократиясын дамытуға және селоны әлеуметтік қайта түлетуге байланысты мәселелерді талқылайды;

Совет мәжілістерінде айтылған ұсыныстар мен сын ескертпелердің жүзеге асырылуы жайында Совет мүшелеріне хабарлайды.

Қазақ ССР Колхоздар советінің президиумы колхоздардың, колхоздар қатысатын шаруашылықаралық кәсіпорындардың (ұйымдардың) және облыстар мен аудандардың колхоздар советтерінің қызметіне байланысты басқа да мәселелерді қарайды.

Қазақ ССР Колхоздар советі президиумының мәжілістерін Советтің председателі қажет болуына қарай, бірақ кемінде жылына екі рет шақырады.

12. Қазақ ССР Колхоздар советінің председателі, ал ол болмаған уақытта председательдің орынбасары Советтің, оның президиумының жұмысын және олардың қаулыларының орындалуын ұйымдастырады.

13. Қазақ ССР Колхоздар советінің жауапты секретары секциялардың жұмысын және Совет пен оның президиумының мәжілістеріне материалдар әзірлеуді ұйымдастырады. Советте іс жүргізудің жайына жауап береді, хаттар мен сұрау салуларға жауаптар мен түсініктемелер әзірлеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ Советтің президиумы өзіне жүктелген басқа да міндеттерді орындайды.

14. Қазақ ССР Колхоздар советі өз қызметінде колхоздардың және колхоздар қатысатын шаруашылықаралық кәсіпорындардың (ұйымдардың) уставтарында, ережелерінде және қолданылып жүрген заңдарда көзделген праволары сақталуын қамтамасыз етеді, олардың шаруашылық дербестігі мен инициативасын дамытуға барынша жәрдемдеседі.

Қазақ ССР Колхоздар советінің колхоздарға және колхоздар қатысатын шаруашылықаралық кәсіпорындарға (ұйымдарға) арналған қаулыларының ұсыныстық сипаты бар.

15. Қазақ ССР Колхоздар советі мен оның президиумының облыс, аудан колхоздар советі колхоздың Үлгі Уставын бұзып қабылдаған қаулылардың қолданылуын тоқтата тұруға правосы бар.

16. Мәжілістерге материалдар әзірлеуді, сондай-ақ Қазақ ССР Колхоздар советі мен оның президиумына техникалық және шаруашылық қызмет көрсетуді Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппараты жүзеге асырады.

17. Қазақ ССР Колхоздар советінің өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі мен штампы болады.

## ҚАЗАҚ ССР-інің АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1963 жылғы 28 декабрьдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 2)

92—94-статьялар

[1] 2-томның 7-бетін қараңыз.

## КОЛХОЗДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІНІҢ БҰЗЫЛУЫ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1958 жылғы 29 январьдағы № 61 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық атқару комитеттеріне колхоздардың шаруашылық қызметін тоқтатуға байланысты мәселелерді қарағанда КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Колхоздарды совхоздар етіп қайта құрғанда колхоз мүлкін берудің тәртібі туралы» 1957 жылғы 3 майдағы № 495 қаулысының [1] талаптарын қатаң сақтау міндеттелсін.

2. Колхоздардың шаруашылық қызметін тоқтату жөніндегі мәселе әрбір жекелеген жағдайда Қазақ ССР Министрлер Советінің рұқсаты алынғаннан кейін ғана колхозшылардың жалпы жиналысының талқылауына қойылатын болып белгіленсін.

3. Облыстық атқару комитеттеріне колхоздың шаруашылық қызметін тоқтатуы жөніндегі материалдарды ресімдеуге рұқсат алу үшін осындай шараның орынды екенінің толық негіздемесін және сол колхоздың соңғы жылдарғы негізгі экономикалық көрсеткіштерін Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс ету міндеттелсін.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЗАҢДАР КОДЕКСІ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1972 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1972 ж., №31)

3-статья

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІСТІ ӨРКЕНДЕТУГЕ КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЫНТАСЫН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 1966 ЖЫЛҒЫ 16 МАЙДАҒЫ № 372 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 4 июньдегі № 389 ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Қоғамдық өндірісті өркендетуге колхозшылардың материалдық ынтасын арттыру туралы» 1966 жылғы 16 майдағы № 372 қаулысына сәйкес, Қа-

---

[1] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

[2] 3-томның 7-бетін қараңыз.

[3] 2-пункт, 3-пункттің бірінші абзацы, «а» тармағы, 4-пункт, 5-пункттің «а», «б» тармақтары және 6-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

1-пункттің «е» тармағы, 3-пункттің «б» тармағы және 7-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1966 ж. 16 майдағы № 372 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

зақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР колхозшыларына мыналар ұсынылсын:

а) 1966 жылдың 1 июлінен бастап колхозшылардың еңбегіне, совхоз қызметкерлерінің тиісті категорияларының тарифтық ставкаларына сәйкес (ақшадай және заттай) кепілді ақы төлеу тәртібін енгізу. Еңбек өнімділігінің нормасын, нақты жағдайды еске ала отырып, совхоздарда осыған ұқсас жұмыстарда қолданылып жүрген нормаға сәйкес белгілеу;

б) кепілді ақы төлеумен қатар, орындалған жұмыстың жалпы көлеміне қарай, колхозшылардың еңбегінің ақтық нәтижесі үшін (өндірілген өнімнің саны мен сапасы үшін немесе алынған жалпы өнім үшін) ақы төлеу;

в) колхоздардың өндірістік-финанс жоспарларында колхозшылардың еңбегіне төлеу үшін қажетті мөлшерде ақшадай және заттай қор жасау және бұл қорларды тек қана өз орнына пайдалану;

г) колхозшылармен ақшадай кепілді ақы төлеу жөнінде кем дегенде айына бір рет, ал заттай төлеу жөнінде өнімнің жиналу мерзіміне сәйкес есеп жасасып отыру;

д) колхозшылардың ауыл шаруашылық өнімдері жөніндегі мұқтажын қанағаттандырып отыру үшін, еңбекке заттай төленетін кепілдік қор жасау. Бұл қорға астықтың, басқа да ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы түсімінің белгілі бір үлесін бөліп отыру. Бұл қордан колхозшылар өздерінің тілегі бойынша астықты, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін, сондай-ақ жеке меншігіндегі малдары үшін мал азығын, колхозшылардың жалпы жиналысы бекіткен мөлшерде және сол тәртіппен, өздерінің кепілді ақысы есебіне алып отыратын болулары керек.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан КП облыстық, аудандық комитеттеріне, облыстық, аудандық Советтердің атқару комитеттеріне және аудандық ауыл шаруашылық өндірістік басқармаларға мыналар міндеттелсін:

в) колхоздардың колхозшыларға кепілді ақы төлеу үшін ақшадай және заттай жасалатын қорының мөлшерін дұрыс жоспарлауларына және бұған арналған қаражаттың орнына пайдаланылуына, колхозшылармен ақшадай және заттай кепілді ақы төлеу жөнінде мезгілінде есеп жасасып отыруына үнемі бақылау жасау.

## СССР МЕМЛЕКЕТТІК БАНКІСІНІҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНТОРЫНЫҢ 1966 ЖЫЛҒА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КРЕДИТ БЕРУ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 25 январьдағы № 63 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1965 жылғы 17 декабрьдегі № 1079 қаулысына [2] сәйкес, Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. 1966 жылдан бастап колхоздарға ұзақ мерзімге кредит берудің жылдық жоспарларын халық депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттері аудандар бойынша бөліп бекітетін болсын.

Жеке колхоздарға, құрылыс объектілеріне және әртүрлі шараларға

[1] 1-пункт, 3-пункттің «б» тармағы, 4-пункттің үшінші абзацы, 5 және 6-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

ұзақ мерзімді кредит берудің жылдық жоспарларын СССР Мемлекеттік банкі мекемелерінің ұсынысы бойынша халық депутаттарының аудандық Советтерінің атқару комитеттері бекітеді.

3. Халық депутаттарының аудандық Советтері атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) колхоздарға ұзақ мерзімді кредит беру жоспарларымен бірге, олардың тиісті жылдағы күрделі құрылысқа қаражат бөлу жоспарларын, жаңа құрылыстың қаражатпен, материалдық-техникалық құралдармен және жоба-смета документтерімен қамтамасыз етілгендігін қарап отыру.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, халық депутаттарының облыстық, аудандық Советтері атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

— колхоздардағы күрделі құрылыс жоспарының, қоныс аударушыларға арналған тұрғын үйлер құрылысы жоспарының орындалуын қарап отыру және бұл жоспарлардың орындалуын, мемлекеттік банктің кредиті есебіне қоныс аударушылар үшін салынған тұрғын үйлердің өз орнына пайдаланылуын қамтамасыз ететін қажетті шаралар қолдану.

## КОЛХОЗДАРҒА КРЕДИТ БЕРУДІ ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1966 жылғы 28 январьдағы № 75 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Колхоздарға кредит беруді жақсарту туралы» 1965 жылғы 17 декабрьдегі № 1089 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторына мыналар міндеттелсін:

а) колхоздарға банкілердің тікелей кредит беруге көшкенге дейін:

— контрактация шарттарына сәйкес дайындау ұйымдарының атынан колхоздарға ақшалай аванстар беруді жүргізу;

— колхоздарға әр шаруашылықтың экономикалық мүмкіндіктерін ескеріп, қабылданған бағалар негізінде колхозшылардың еңбек ақысының ақшалай бөлігін қоса алғанда, контрактация шарттарына сәйкес берілетін ақшалай кірістермен және аванстармен өтелмейтін, өндіріс шығындарына маусымдық қаржылардың тапшылығын толтыру үшін қысқа мерзімге кредит беру;

— өндірістік-финанс жоспарында көзделген еңбек ақы қорынан колхозшыларға дер кезінде жалақы төлеуді қамтамасыз ететіндей мөлшерде ақшалай кіріс қаржыларынан колхоздардың айрықша ағымдағы счетына қосып қою. Айрықша счеттағы қаржылар жетіспеген ретте колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу колхоздың негізгі ағымдағы счетынан бірінші кезекте жүргізілсін;

в) белгіленген тәртіппен бекітілген күрделі қаржылардың экономи-

---

[1] 1-пункттің «б» тармағы, Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 18 январьдағы № 19 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 3, 12-ст.).

2-пункттің алтыншы абзацы және 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2-пункттің «б» тармағы СССР Министрлер Советінің 1965 ж. 17 декабрьдегі № 1089 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

калық дәлелденген жоспарлар негізінде колхоздарға ұзақ мерзімге кредит беру.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне, ауыл шаруашылығы өндірісі басқармаларына мыналар міндеттелсін:

а) колхоздарда жоспарлау жұмысын жақсарту шаралары қолданылсын.

Бұл үшін:

— 1967 жылғы және онан кейінгі жылдарға арнап экономикалық жағынан дәлелденген өндірістік-финанс жоспарларының формалары мен методологиясы жасалып, колхоздарға ұсынылсын;

— әрбір колхоз бойынша өндірістік-финанс жоспарларын белгіленген тәртіппен дер кезінде жасап, бекітілуін қамтамасыз етсін, бұл ретте кірістер мен шығыстар нақтылы жоспарларын жасауға, сондай-ақ еңбек ақы қорын әр шаруашылықтың экономикалық мүмкіндіктерін еске ала отырып анықтауға баса назар аударылсын.

## СССР МЕМЛЕКЕТТІК БАНКІСІНІҢ ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНТОРЫНЫҢ 1978 ЖЫЛҒА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КРЕДИТ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1978 жылғы 28 февральдағы № 76 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «СССР Мемлекеттік банкісінің 1978 жылға ұзақ мерзімге кредит беру жөніндегі жоспары туралы» 1978 жылғы 23 январьдағы № 55 қаулысына [2] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері:

*(үшінші абзац)* 1978 жылдан бастап колхоздардың өндірістік-финанс жоспарлары негізінде облыстар бойынша және республиканы тұтас алғанда колхоздардағы күрделі қаржылары туралы жиынтық көрсеткіштерді жасауды қамтамасыз етсін.

4. 1978 жылдан бастап шаруашылықаралық кәсіпорындар мен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредит берудің жоспарларын халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеттері кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша кредиттейтін шаралар мен салынатын объектілерді көрсете отырып, СССР Мемлекеттік банкісінің тиісті конторларының ұсынысы бойынша бекітеді деп белгіленсін.

---

[1] 1, 2-пункттер, 3-пункттің екінші және төртінші абзацтары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

# КОЛХОЗДЫҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1972 жылғы 29 майдағы № 306 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 11, 50-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі к а у л ы е т е д і:

Колхоздың тексеру комиссиясы туралы Колхоздардың республикалық советі қабылдаған Ереже бекітілсін және ол тексеру комиссияларының жұмысын ұйымдастыруды басқару үшін республиканың колхоздарына ұсынылсын.

*Колхоздардың республикалық советі 1972 жылғы 28 мартта (№ 15 қаулы) ҚАБЫЛДАҒАН*

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1972 жылғы 29 майдағы № 306 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН*

## КОЛХОЗДЫҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы мәселелер

1. Колхоздың Үлгі Уставына сәйкес тексеру комиссиясы колхоздың басқармасы мен қызмет адамдарының шаруашылық және финанс қызметіне үнемі бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады. Ол басқармаға тәуелді емес және тек колхозшылардың жалпы жиналысына немесе уәкілдер жиналысына ғана есеп береді, солардың алдында өз жұмысы туралы үнемі есеп беріп отырады.

2. Колхоздың тексеру комиссиясын — колхозшылардың жалпы жиналысы, ал колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының қарауына жататын мәселелерді шешу уәкілдер жиналысына жүктелген ірі колхоздарда оны уәкілдер жиналысы үш жыл мерзімге тиісті жиналыстың қалауы бойынша ашық немесе жабық дауыспен сайлайды.

Тексеру комиссиясы мүшелерінің санын оны сайлайтын тиісті жиналыс белгілейді.

Колхоздың тексеру комиссиясының құрамына тек осы колхоздың мүшелері ғана сайлана алады, мұның өзінде басқарма мүшелері мен олардың жақын туысқандары, кассир, қоймашылар, бас бухгалтер, салалардың немесе көмекші кәсіпорындардың меңгерушілері және қызметін тексеру комиссиясы тексеретін колхоздың материалдық жағынан жауапты басқа да адамдары сайланбайды.

3. Тексеру комиссиясы өз құрамы ішінен председатель сайлайды, ол тексеру комиссиясының барлық жұмысын басқарады.

4. Тексеру комиссиясының колхозшылар сенімін ақтамаған мүшелері колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша оның құрамынан мерзімінен бұрын кері шақырылып алынады.

5. Тексеру комиссиясы өз қызметінде колхоз Уставын, колхозда қабылданған ішкі тәртіп Ережелері мен колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі Ережені, осы Ережені және қолданылып жүрген заңдарды басшылыққа алады.

## II. Колхоздың тексеру комиссиясының қызметі

6. Тексеру комиссиясы өз жұмысын тиісті колхоз аралық нұсқау-тексеру тобымен және халық бақылау тобымен тығыз байланыса отырып ұйымдастырады, аудандық (қалалық) атқару комитетінің немесе облыстық атқару комитетінің ауыл шаруашылығы басқармасының түсіндірме нұсқауларын пайдаланады.

7. Колхоздың тексеру комиссиясы колхоз Уставының, ішкі тәртіп Ережелері мен колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі Ереженің сақталуына, колхоз мүлкінің түгел болуына, жасасқан шарттар мен жүргізілетін шаруашылық операцияларының заңдылығына, ақша қаражаттары мен материалдық бағалы заттардың дұрыс жұмсалуына, есеп жүргізудің, есеп берудің және колхозшылармен есеп айырысудың дұрыстығына, колхозшылардың шағымдары мен арыздарының кезінде қаралуына үнемі бақылауды жүзеге асырады.

8. Колхоздың тексеру комиссиясы осы функцияларды атқару үшін:

— шаруашылықтың жеке салаларын, бригадаларды, фермаларды, көмекші кәсіпорындарды, шеберханаларды, қоймаларды, мұнай қоймаларын, т. с. с. қоса алғанда, колхоздың барлық шаруашылық және финанс қызметін жарты жылда кемінде бір рет тексереді;

— қоғамдық мал мен құстың, мал шаруашылығынан түсетін өнімнің (сүт сауудың, малдың салмақ қосуынан, жұмыртқа жинаудың, жүн қырқудың, малдан төл алудың, т. с. с.) есебін жүргізудің жайын, астықты, жемшөптің барлық түрлерін, картопты, овощ пен басқа да өнімді, минералды және органикалық тыңайтқыштарды, жанар май мен жағар материалдарды, запас бөлшектерді, құрылыс материалдарын ұсақ инвентарьды кіріске алудың, сақтаудың және жұмсаудың дұрыстығын оқтын-оқтын тексеріп тұрады. Мұның өзінде шаруашылыққа керексіз және басы артық товарлар мен материалдық бағалы заттардың запастарын анықтап, басқарма мен колхозшылардың жалпы жиналысының алдына оларды өткізу туралы мәселе қояды;

— колхоз кассасындағы ақша қаражаттары мен документтерге кенеттен және ай сайын тексерулер, сондай-ақ ақша қаражаттары мен Мемлекеттік банк несиелерін берілген мақсатқа басқарманың пайдалануына, дебиторлық бересіні кезінде және толық өндіруіне, кредиторлық бересіні өтеуіне және мемлекеттік кооперативтік, колхоз аралық және басқа ұйымдармен өз ара есеп айырысуларға тексерулер жүргізеді;

— колхоздағы автомашиналарды, машина-трактор паркін, ауыл шаруашылық техникасын, инвентарь мен жабдықты сақтау, пайдалану мен түгел ұстау тәртібін басқарманың қамтамасыз етуін тексереді. Техниканың нашар пайдаланылу және жабдықтың орнатылмау себептерін анықтап, қажетті шаралар алу үшін колхозшылардың жалпы жиналысына баяндайды;

— басқарма қабылдаған аяқталған жұмыстар мен өндірілген ауыл шаруашылық өнімдерінің сапасын, олардың белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкес келуін тексереді; стандарт емес өнімді өндіру фактілері мен себептерін және осыған кінәлі қызмет адамдары мен орындаушыларды анықтайды;

— колхозшылардың жалпы жиналысы бекіткен жұмыс нормаларын және жұмыстың түрлері бойынша нарықтарды басқарма мен қызмет адамдарының дұрыс қолдануын, табыстарды есептеудің және еңбекке ақы төлеу жөнінде колхозшылармен есеп айырысулардың дұрыс және кезінде жүргізілуін, жалдамалы қызметкерлермен жасалатын шарттар мен еңбек келісімдерінің заңдылығын тексереді;

— басқарма кеңсесі мен өндірістік бөлімшелердегі іс жүргізудің жайын, колхозшылардың ұсыныстарының, шағымдары мен арыздарының кезінде қаралуын, еңбекке жарамсыздық листоктары есебінің және пенсия істерін ресімдеудің дұрыстығын тексереді;

— колхозшылардың жалпы жиналыстарының (уәкілдер жиналыстарының) шешімдерін басқарманың орындауын үнемі бақылап отырады;

— колхоздың кірістерін басқарманың алдын ала бөлуінің, бөлінбейтін және басқа қоғамдық қорларды толықтыруға арнап қаражат бөлулердің, өнім өндіруге және оның өзіндік құнына жұмсалған шығындардың дәлелділігін, сондай-ақ шаруашылықтың жекелеген салаларының рентабельділігін тексереді;

— колхоздың жылдық есебі бойынша қорытынды береді;

— мүліктерге, материалдық бағалы заттар мен аяқталмаған құрылысқа инвентаризация жүргізуге қатысады;

— колхоз кеңсесінде архив документтерінің оларды мемлекеттік архивке тапсырғанға дейін сақталуының тәртібін тексереді;

— колхоз председателі мен басқарма мүшелерінің теріс іс-әрекеттері жайлы колхозшылардың шағымдары мен арыздарын қабылдап, қарайды және бұл әрекеттерді басқарма немесе колхозшылардың жалпы жиналысы (уәкілдердің жиналысы) арқылы жоюды қамтамасыз етеді;

— қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өз мәжілістерін өткізеді, оларда жұмыс жоспарларын және басқа ағымдағы мәселелерді қарап, бекітеді. Тексеру комиссиясы мәжілістерінің шешімдері протоколдармен ресімделеді.

9. Тексеру комиссиясы тексерулер мен байқаулардың қорытындыларын және бұлар бойынша колхоз басқармасы мен қызмет адамдарының жұмысы туралы өздерінің ұсыныстарын актілермен ресімдейді, оларды өз мәжілістерінде талқылайды, олармен басқарма мүшелерін және мүдделі қызмет адамдарын таныстырады, ұсыныстарымен қоса актінің бір данасын шаралар алу үшін басқармаға береді және колхозшылардың жалпы жиналысына немесе уәкілдердің жиналысына баяндайды.

Тексерулер мен байқаулардың актілерін тексеру комиссиясының ұсыныстарымен қоса басқарма 10 күн мерзімде қарап, колхозшылардың кезекті жалпы жиналысы немесе уәкілдердің жиналысы талқылап, бекітеді.

10. Колхоз мүлкі мен қаражатын ұрлау, ысырап қылу және басқа қиянаттар жасау немесе колхоз Уставын бұрмалаушылықтар табылған ретте тексеру комиссиясы колхозға келтірілген шығындардың өндіріліп алынуына және кінәлі адамдардың жауапқа тартылуына шаралар алуды басқармадан талап етеді, ал қажет болған реттерде бұл туралы тергеу органдарына хабарлайды.

11. Тексеру комиссиясы колхоз басқармасының оперативтік қызметіне араласпайды, бригадалардан, фермалардан және басқа өндірістік бөлімшелерден олар өндірген өнімді қабылдауға және оны кіріске алу, сондай-ақ материалдық бағалы заттар мен ақша қаражаттарын есептен шығару документтерін ресімдеуге қатыспайды.

## III. Тексеру комиссиясының праволары

12. Тексеру комиссиясының мынадай праволары бар:

— тексерілетін объектілерді: колхоздың қоймаларын, фермаларын, басқа да өндірістік бөлімшелері мен ғимараттарын қарап көруге;

— басқарма мүшелерінен, қызмет адамдарынан және колхоздың басқа да мүшелерінен тексеру немесе байқау үшін қажетті документтерді, мүліктің, малдың, техниканың, азық-түліктің және басқа материалдық бағалы заттар мен ақша қаражаттарының есебі жөніндегі кітаптарды, сондай-ақ ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге;

— тексерулер мен байқаулардың қорытындылары бойынша ұсыныстарды колхозшылардың жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының және колхоз басқармасының қарауына енгізуге;

— ашылған бұрмалаушылықтар мен кемшіліктерді шұғыл жою талап етілетін кезде, қажет болған реттерде, басқармадан колхозшылардың кезектен тыс жалпы жиналысын (уәкілдер жиналысын) шақыруды талап етуге;

— колхозда нұсқау-тексеру топтары, ауыл шаруашылық және басқа органдар басқарманың шаруашылық-финанс қызметіне документ бойынша тексерулер мен байқаулар жүргізгенде қатысуға;

— тексерулер мен байқауларға қатысу үшін колхоз мамандарын тартуға, ал қажет болған ретте тиісті ауыл шаруашылық органдарының алдына білікті ысылған мамандар бөлу туралы мәселе қоюға.

Колхоздың тексеру комиссиясының мүшелері колхоз басқармасының мәжілістеріне кеңесші дауыс правосымен қатыса алады.

## IV. Тексеру комиссиясының еңбегіне ақы төлеу

13. Тексеру комиссиясының председателі мен мүшелері тексерулер мен байқаулар жүргізілетін кезеңге негізгі жұмыстағы міндеттерін орындаудан босатылады. Мұнан босатуға арналған мерзімді колхозшылардың жалпы жиналысы немесе уәкілдер жиналысы белгілейді, бірақ бұл мерзім тексеру комиссиясының әрбір мүшесіне жыл ішінде 3 айдан аспауға тиіс.

14. Тексерулер мен байқаулар жүргізу жөніндегі жұмыс мерзіміне тексеру комиссиясы мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуді колхозшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша мына мөлшерде белгілеу ұсынылады: тексеру комиссиясының председателіне — колхоздың бас бухгалтерінің еңбек ақысы дәрежесінде, тексеру комиссиясының мүшелеріне — олардың колхоз өндірісіндегі орташа табысы бойынша.

Олардың еңбегіне ақы тексерулер мен байқаулар жүргізуге нақты жұмсалған уақытқа ғана есептеледі.

Тексеру комиссиясының жыл бойына тексерулер мен байқаулар жүргізуі үшін қажетті еңбек шығындары мен оған ақы төлеу колхоздың өндірістік-финанс жоспарында және колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі Ережеде көзделеді.

15. Колхоз басқармасы тексеру комиссиясына үй-жай, транспорт, кеңсе құралдарын және с. с. бөле отырып, жұмыста қажетті жәрдем көрсетеді.

## 4. Ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жабдықтандыру

— басқарма мүшелерінің, қызметкерлерінің және колхоздың басқа да мүшелерінің тексеру немесе байқау үшін қажетті документтерді, құжаттың, мүліктің, техниканың, азық-түліктің және басқа материалдық бағалы заттар мен ақша қаражаттарының есебі жөніндегі кітаптарын, сондай-ақ ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге;

— тексерулер мен байқаулардың қорытындылары бойынша ұсыныстарды колхозмүшелерінің жалпы жиналысының немесе уәкілдер жиналысының және колхоз басқармасының қарауына енгізуге;

— адамдар бірлестіктерінде мен кешіліктерді шұғыл жою туралы ұсыныс жасау, ақшат болған ретінде, басқарманың колхозшылардан пайдасы тиіс жалпы жиналысқа (уәкілдер жиналысына) шақыруды талап етуге;

— колхозда тексеру-тексеру жүргізу, шұғыл шаруашылық және басқа органдар басқарушы шаруашылық қызметі жөнінде документ бойынша тексерулер мен байқаулар жүргізуге қатысуға;

— тексерулер мен байқаулардың нәтижесі үшін колхоз лауазымдарын тартуға, ал ақшат болған жағдайда — ауыр шаруашылық қылмыстарының алдында бірінші кезекте олардың бар-жоғы туралы мәселе қоюға.

Комиссия тексеру комиссиясының мүшелері колхоз басқармасының

## 4. Ауыл шаруашылығын материалдық-техникалық жабдықтандыру

### IV. Тексеру комиссиясының жұмысына ақы төлеу

13. Тексеру комиссиясының дербестігінде мен мүшелерін тексерулер мен байқаулар жүргізілетін кезде, сондай жұмыстағы жіберілгін орындаулы шығындары, бірінші бөлімде анықталған мерзімді колхозшылардың жалпы жиналысы немесе уәкілдер жиналысы белгілейді, бірақ бұл жерде тексеру комиссиясының әрбір мүшесіне ақы шектен 3 адам-күнінен асады.

14. Тексеруге немесе байқауға жіберілген жоғары комиссия тексеру комиссиясының мүшелерінің сыбайлас ақы төлеуді колхозшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша оны жоғарыда белгілеу ретінде, тек, бір комиссияның әрбір мүшесіне — колхоздың бас бухгалтерінің ұсынысы бойынша, тексеру комиссиясының мүшелеріне — олардың жалпы кәсіпкерлігінде орташа табысы бойынша.

Сондықтан сыбайлас ақы тексерулер мен байқаулар жүргізуге нақты жұмсалған уақытқа тура келеді.

Тексеру комиссиясының жыл бойына тексерулер мен байқаулар жүргізуі үшін қажетті еңбек шығындары мен оған ақы төлеу колхоздың өндірістік-шаруашылық жоспарында және колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі ережеде көзделеді.

15. Колхоз басқармасы тексеру комиссиясына үй-жай, транспорт, кеңсе құралдарын және с. с. бөліп отырып, жұмысты жақсарту жөрдем көрсетеді.

# СОВХОЗДАРДЫҢ, КОЛХОЗДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫН ТАСУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫНДАРЫН ТЕҢЕСТІРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1972 жылғы 22 декабрьдегі № 645 ҚАУЛЫСЫ**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. 1973 жылдың 1 январынан бастап республиканың барлық облыстарында совхоздарға, колхоздарға және ауыл шаруашылық тұтынушы ұйымдарға тракторларды, ауыл шаруашылық машиналарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа материалдық-техникалық құралдарды Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі сататын және тұтынушыларға франко-шаруашылық шартымен сатылған товарларды «Қазсельхозтехниканың» транспортымен жеткізіліп берілетін тәртіп енгізілсін.

«Қазсельхозтехника» ұйымдарының осы шарт бойынша сатылған материалдық-техникалық құралдарды сатуға байланысты шығындары сатып алушылардан алынатын СССР Министрлер Советі Мемлекеттік баға комитетінің 1972 жылғы 27 апрельдегі № 583 қаулысымен бекітілген, товарлардың көтерме бағасына қойылған бірыңғай үстеме бағасы есебінен өтеледі.

[1] 2—7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҚАЗСЕЛЬХОЗТЕХНИКА» БІРЛЕСТІГІНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІНЕ ЖАҢА ТЕХНИКАНЫ ЕНГІЗУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1963 жылғы 20 ноябрьдегі № 914 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. «Қазсельхозтехниканың» республикалық және өлкелік бірлестіктері мен олардың жер-жердегі органдары ауыл шаруашылық өндірісіне ауыл шаруашылық техникасын пайдаланудың, машиналарды, құрал-жабдық пен қондырғыларды жөндеудің және оларға техникалық қызмет көрсетудің прогрестік тәсілдерін енгізуді, шаруашылықтарда механизмдерді, тетіктерді, қондырғыларды және машиналардың басқа да жетілдірулерін іріктеп алуды, тексеруді және енгізуді, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттырып, жұмыстың сапасын жақсартуға көмектесетін прогрестік технологиялық процестер мен тәсілдерді енгізуді қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

2. Машина-трактор паркін, механизмдерді, тетіктерді, қондырғыларды және машиналардың басқа да жетілдірулерін пайдаланудың жаңа тәсілдерін, колхоздар мен совхоздардың озат механизаторлары қолданатын прогрестік технологияны өндіріске енгізудің мынадай тәртібі белгіленсін:

а) «Қазсельхозтехниканың» аудандық бірлестіктері (бөлімшелері) өндірістік басқармалармен бірге ауыл шаруашылық техникасын, тетіктерін, қондырғылар мен машиналардың басқа да жетілдірулерін пайдаланудың жаңа, прогрестік әдістерін табады, осы тәсілдер, тетіктер, қондырғылар және жетілдірулер туралы «Қазсельхозтехниканың» облыстық, өлкелік және республикалық бірлестігіне хабарлайды және жергілікті күшпен жүзеге асыруға болатын техниканы пайдалану әдістері мен жетілдірілген машиналарды колхоздар мен совхоздарда енгізуді ұйымдастырады;

б) «Қазсельхозтехниканың» облыстық, өлкелік және республикалық бірлестіктері ауыл шаруашылық техникасын пайдаланудың жаңа, прогрестік әдістері және машиналардың тетіктері мен жетілдірілуі туралы ұсыныстарды қарайды, олардың ішінен енгізу үшін қабылданғандарының қажетті рекомендациясы мен техникалық документтерін (чертеждары мен технологиялық карталарын) жасайды, өлкелік (облыстық) жоспарлау комиссиясы және Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірге жұмыстың озат әдістерін енгізу үшін механизмдер, тетіктер, жетілдірілген тораптар мен детальдар жасауды орналастырады және шаруашылықтарды осы механизмдермен және тетіктермен қамтамасыз етеді;

в) Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі Қазақ ССР Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігімен және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге жаңа ауыл шаруашылық техникасы мен машиналарды пайдаланудың прогрестік әдістерін енгізудің (облыстар мен өлкелерге бөлінген) жылдық жоспарларының жобаларын жасайды, жұмыстардың жобаланатын көлемін орын-

---

[1] 1-пункттің екінші абзацы, 4 және 5-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6-пункт СССР Министрлер Советінің 1963 ж. 26 сентябрьдегі № 1034 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1963 ж., № 19, 192-ст.).

дау үшін қажетті материалдық қаражаттың қанша керектігін белгілейді және жоспарлаудың жобаларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитетке енгізеді;

г) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірге, Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің ұсыныстары негізінде, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісіп жылдық халық шаруашылық жоспарларының жобаларында «Ауыл шаруашылығы» саласы бойынша жеке жолға жазып ауыл шаруашылығына жаңа техниканы және оны пайдаланудың прогрестік әдістерін енгізу жөніндегі жұмыс көлемін белгілеп, енгізілуге белгіленген жұмыс көлеміне материалдық қаражат бөледі;

д) ауыл шаруашылығында жаңа техника мен машиналарды пайдаланудың прогрестік әдістерін енгізу жөнінде СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Бүкілодақтық «Союзсельхозтехника» бірлестігімен келісілген көрсеткіштерді Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі Қазақ ССР Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігімен бірге «Қазсельхозтехниканың» өлкелік және облыстық бірлестіктері мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау басқармаларына дейін жеткізеді.

«Қазсельхозтехниканың» өлкелік және облыстық бірлестіктері мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау басқармалары жоғарыда аталған көрсеткіштерді «Қазсельхозтехниканың» аудандық бірлестіктеріне (бөлімшелеріне) және өндірістік басқармаларына белгілейді.

Өндірістік басқармалар аудандық «Қазсельхозтехника» бірлестіктерімен (бөлімшелерімен) әрбір колхоз бен совхоз үшін ауыл шаруашылығына жаңа техниканы және машиналарды пайдаланудың прогрестік әдістерін енгізу жөніндегі жұмыстың нақты көлемін белгілейді.

3. Жылдық жоспарларда жаңа техниканы және машиналарды пайдаланудың прогрестік әдістерін енгізу жөніндегі жұмыстарды қарау, сондай-ақ жаңа техника мен машиналарды пайдаланудың прогрестік әдістерін енгізуге байланысты ауыл шаруашылық өнімін өндіруге жұмсалатын шығынды кеміту совхоз директорларына міндеттелсін және колхоз басқармаларына ұсынылсын.

«Қазсельхозтехниканың» аудандық бірлестіктеріне (бөлімшелеріне) колхоздар мен совхоздарға шарт жасасу негізінде жаңа техника мен машина-трактор паркін пайдаланудың прогрестік әдістерін енгізуде көмек көрсету, осы әдістерді колхоздар мен совхоздардың механизаторларына үйретуді ұйымдастыру міндеттелсін.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ МЕН САПАСЫН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ, ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ, 1983-1990 ЖЫЛДАРЫ ОЛАРДЫ ӨНДІРУДІ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗІП БЕРУДІ ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 4 АПРЕЛЬДЕГІ № 271 ҚАУЛЫСЫН ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1983 жылғы 17 майдағы № 214 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықтардың техникалық дәрежесі мен сапасын одан әрі арттыру, пайдалануды жақсарту, 1983—1990 жылдары оларды өндіруді және жеткізіп беруді ұлғайту жөніндегі шаралар туралы» 1983 жылғы 4 апрельдегі № 271 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалатын болсын.

2. Ауыл шаруашылығына арнап машиналар мен жабдықтар шығаратын Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындар машиналар мен жабдықтардың техникалық дәрежесі мен сапасын одан әрі арттыруды, олардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін едәуір жақсартуды қамтамасыз етсін, бөлшектер мен тораптардың қызмет көрсету сенімділігі мен мерзімділігін, жан-жақты төзімділігін арттыруды, материалдық сыйымдылығы мен энергия тұтынғыштығын кемітуді және сапалы жаңа техника жасау мен игеру арқылы, сондай-ақ шығарылатын машиналар мен жабдықтарды жаңарту есебінен жөндеуге жарамдылығын жақсартуды ескеретін болсын.

5. Трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігінің, Мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі үшін машина жасау министрлігінің республика территориясында орналасқан бірлестіктері, кәсіпорындары мен ұйымдары, ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтарын жасап шығаратын Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары:

а) коллективтердің күш-жігерін мынадай негізгі мәселелерді шешуге жұмылдырсын:

автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, бөлшектердің, тораптар мен агрегаттардың мамандандырылған өндірісін дамытуға;

жұмыс істеп тұрған аспаптардың және жөндеу цехтарының қуатын ұлғайтып, толық пайдаланылуын арттыруға;

механикаландыру құралдарын, реттеуші автоматты линияларды,

---

[1] Қаулының 3, 4, 6 және 8-пункттері және №№ 6—11 қосымшалар Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

17-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 ж. 4 апрельдегі № 271 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

программалы түрде басқарылатын автоматты манипуляторларды (өнеркәсіптік роботтарды) және қол еңбегінің едәуір қысқартылуын қамтамасыз ететін бір үлгідегі технологиялық жабдықтарды енгізуге;

б) 1983—1990 жылдары балқытылатын модельдер бойынша және қысым арқылы құйма өндірудің, аса төзімді шойыннан жұқа қабатты құйма мен қорытпалар өндірудің, металл ұнтақтардан жасалатын бөлшектер мен аз шығынды және шығынсыз технология бойынша дайындалатын бөлшектер өндірудің прогрессивті технологиялық процестерін, дәнекерлеудің, өңдеудің, машиналар мен аспаптардың бөлшектеріне тоздырмайтын қабаттар жағудың тиімділігі жоғары әдістерін кеңінен енгізуге және қазіргі заманғы механикаландырылған-ағымды құрастыру линияларын, құрастырмалы автоматтарды, электр және пневматикалық аспаптарды пайдалануға шаралар қолдансын.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы күріш өсіретін совхоздарды ирригациялау және салу жөніндегі бас басқарма, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымы академиясының Шығыс бөлімшесі, облыстық Советтердің атқару комитеттері, облыстық және аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік советтері машина-трактор паркін, мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісіне арналған жабдықтарды шаруашылықтарда пайдалануды түбегейлі жақсартатын болсын, ол үшін:

— 1983 жылдан бастап техниканы, ауыл шаруашылық дақылдарын өңдеудің индустриялы технологиясының пайдаланылуын ұйымдастырудың прогресті түрлерін, сондай-ақ озат шаруашылықтардың, бригадалардың, звенолардың және ең жоғары еңбек өнімділігіне ие болған жекелеген механизаторлардың тәжірибесін кеңінен енгізуді жүзеге асырсын;

— техниканы пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру әдістерін дамытып, жетілдіретін болсын, ауыл шаруашылық дақылдары бойынша мамандандырылған шаруашылық есептегі механикаландырылған бригадалардың тәжірибесін таратып отырсын;

— 1983—1990 жылдары тракторларды, автомобильдерді ауыл шаруашылық және мелиорация машиналарын, мал шаруашылығы фермаларының жабдықтарын дер кезінде әрі сапалы жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін, машиналарды жөндеудің агрегатты әдісін, сондай-ақ тозған бөлшектерді орталықтандырып қалпына келтіруді дамытатын болсын;

— 1983—1985 жылдары колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында мамандандырылған техникалық қызмет көрсету жүйесін енгізуді аяқтайтын болсын;

— 1990 жылы колхоздар мен совхоздарда жөндеу шеберханаларын, автогараждар, техникалық қызмет көрсету пункттерін, мұнай қоймаларын, техника сақтайтын алаңдары, қалқалары мен гараждары бар машина аулаларын, ал Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесінің кәсіпорындарында — тракторларды, автомобильдерді, комбайндарды, ауыл шаруашылық фермаларының жабдықтарын және басқа машиналарды мамандандырылған жөндеуден өткізу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі өндірістік қуаттарды құратын болсын;

— шаруашылықтардың пайдалану және жөндеу қызметтерін ма-

шиналардың жұмыс орындарын жөндеуге және реттеуге арналған приборлармен, тетіктермен, құрылғылармен қамтамасыз етсін;

— 1990 жылы тракторлар мен астық жинайтын комбайндарда жұмыс істейтін механизаторлардың күндік табысын 18—20 процент, қызылша жинайтын комбайндар мен мақта жинайтын машиналарда — 28—30 процент, сүрлем жинайтын комбайндар мен жемшөп жинайтын машиналарда — 20—22 процент және картоп жинайтын комбайндарда — 20 процент арттырсын, мұның өзінде дизельдік отынның шығынын шартты эталон гектарына кем дегенде 5 процент, ал техниканы күтіп ұстауға арналған шығынды 5 процент есебімен кемітуге күш салсын.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті:

— СССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп республикаға технологиялық жабдықтардың тәжірибе үлгілерінің комплектілерін және машиналардың тозған бөлшектерін қалпына келтіруге арналған жабдықтар беру туралы мәселені шешетін болсын;

— 1985 жылы колхоздарды, совхоздарды, ауыл шаруашылығы мен су шаруашылығының басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарын тракторларға, автомобильдерге және ауыл шаруашылық машиналарына арналған запас бөлшектермен кепілді түрде жабдықтауды аяқтайтын болсын;

1983 жылдан бастап колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында мұнай-қойма жабдықтарына және машина трактор паркіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жылжымалы құралдарға техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді;

1984 жылдан бастап ауыл шаруашылық өндірісінде пайдаланылатын бақылау-өлшеу приборлары мен автоматтандыру құралдарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті айырбас қорын жасау үшін 1984 жылдан бастап Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне бақылау-өлшеу приборлары мен автоматтандыру құралдарын және оларды жөндеуге арналған запас бөлшектер беруді, ал Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне белгіленген тәртіп бойынша өнімді бөлінген номенклатура бойынша өлшеу жөніндегі жұмысшы құралдарын ведомстволық тексеруді жүзеге асыруға арналған тексеру жабдықтарын беруді;

1984 жылдан бастап өзіне қарасты кәсіпорындарда колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қарауындағы электр двигательдерін жөндеу жөніндегі жұмыстың орындалуын көздейтін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1984 жылдан бастап Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне аталған мақсаттар үшін материалдық ресурстар бөлуді көздейтін болсын.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі Трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігімен бірлесіп 1984 жылы және одан кейінгі жылдары № 3 қосымшада аталған ауыл шаруашылық машиналарын өндіру жөніндегі қуаттарды құруға байланысты объектілер бойынша жобалауіздестіру жұмыстарының лимиттерін Қазақ ССР Министрлер Советіне беру туралы мәселені шешетін болсын.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мал шаруашылығы және құс өсіру фермалары мен комплекстерін техникалық жағынан қайта жарақтандыру, қайта құру және 1983—1985 жылдары үйлесімді мөлшерге дейін кеңейту жөнінде шаралар әзірлеп, оларды СССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, СССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігіне және СССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсынатын болсын.

12. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті және В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымы академиясының Шығыс бөлімшесі ауыл шаруашылық техникасының сақталуын жақсарту мақсатында 1983—1985 жылдары кем дегенде 35 тракторы мен өздігінен жүретін машинасы бар совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында машиналарды консервациялау мен сақтауды, шығынға жазылған машиналардың агрегаттарын, тетіктері мен бөлшектерін бөлшектеуді және сұрыптауды, ауыл шаруашылық жұмыстары басталар алдында машиналар мен агрегаттарды комплектілеу мен реттеуді жүзеге асыру үшін қызметкерлердің мамандандырылған звеноларын құруды қамтамасыз етсін.

Кем дегенде 35 тракторы мен өздігінен жүретін машинасы бар колхоздарға аталған мамандандырылған звеноларды құру ұсынылсын.

13. Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Газ шаруашылығы бас басқармасы Трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігінің және Мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісі үшін машина жасау министрлігінің кәсіпорындарына, сондай-ақ Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің ауыл шаруашылығы үшін машиналар мен жабдықтар шығаратын кәсіпорындарына металды, материалдарды, отынды, газды, мұнай өнімдерін және комплектілейтін заттарды берілген нарядтарға (заказдарға) сәйкес бірінші кезекте жеткізіп беруді қамтамасыз етсін.

14. СССР Мемлекеттік стандартының Қазақ республикалық басқармасы ауыл шаруашылығы мен жемшөп өндірісі үшін тракторлар, ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтар және соларға запас бөлшектер даярлайтын бірлестіктер мен кәсіпорындардың аталған өнімді даярлауға арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарының талаптарын орындауын бақылауды күшейтсін.

15. Қазақ ССР Халықтық бақылау комитеті мен Қазақ ССР Прокуратурасы ауыл шаруашылығы үшін машиналар мен жабдықтар даярлайтын бірлестіктер мен кәсіпорындарда сапасыз, стандартты емес немесе комплектіленбеген өнім шығаруға әрі беруге жол беретін лауазымды адамдарды, сондай-ақ колхоздарда, совхоздарда және басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында машиналар мен жабдықтарды пайдалану, сақтау, есептен шығару, техникалық қызмет көрсету және жөндеу ережелерін бұзуға кінәлы адамдарды қатаң жауапқа тартатын болсын.

16. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері және облыстық Советтердің атқару комитеттері колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары қызметкерлерінің арасында машина-трактор паркін пайдалануды жақсартуға

және ауыл шаруашылық техникасының қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған ұйымдастырушылық және саяси жұмысты күшейтсін. Шаруашылық басшылары мен мамандарынан, аграрлық-өнеркәсіптік комплекс қызметкерлерінің ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтарын пайдалану мен сақтаудың жайына деген дербес жауапкершілігін күшейтсін, бұл маңызды істегі озық тәжірибені қорытып әрі кеңінен таратып отырсын.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттерін және облыстық Советтердің атқару комитеттерін, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарын осы қаулы бойынша белгіленген тапсырмалардың орындалуына қатаң бақылау орнатуды және олардың іске асырылуын экономикалық жағынан ғана емес, сонымен бірге саяси маңызы жағынан да аса маңызды бірінші дәрежелі іс ретінде қарауды міндеттейді және бұл үшін тиісті министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті органдардың, бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың бірінші басшыларына дербес жауапкершілік жүктелетінін атап көрсетеді.

Машиналарды, жабдықтарды және олардың запас бөлшектерін тапсырылған номенклатурада өндіру және ауыл шаруашылығына беру жоспарларын орындау жөніндегі мемлекеттік тәртіпті барынша нығайтуға, Трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігінің, Мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі үшін машина жасау министрлігінің, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің және Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің ауыл шаруашылық машиналарын шығаратын кәсіпорындары мен ұйымдарының күрделі құрылысын түбегейлі жақсартуға, оларды орындалатын жұмыстың нақты көлемдері бойынша материалдық-техникалық ресурстармен, жобалау документтемелерімен бірінші кезекте қамтамасыз етуге және мердігерлік жұмыстардың лимиттерін анықтауға, іске қосылатын және жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттарды толық әрі тиімді пайдалануға ерекше назар аударылсын.

Ұйымдастыру және саяси жұмыс алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға бағытталсын, бұл іске еңбек коллективтері жұмылдырылсын.

Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық Советтердің атқару комитеттері, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын февраль айында баяндап отыратын болсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, жергілікті партия және совет органдары, ауыл шаруашылық техникасын және оған комплектілейтін бұйымдар, оны өндіруге арналған материалдар мен технологиялық жабдықтар шығаратын өнеркәсіп кәсіпорындарының, сондай-ақ Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, колхоздар мен совхоздардың коллективтері осы қаулыда көзделген тапсырмаларды орындау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, СССР-дің Азық-түлік программасын іс жүзіне асыруға лайықты үлес қосады деп берік сенім білдіреді.

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ТЕХНИКАСЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ, ОНЫҢ САҚТАЛУЫН ЖАҚСАРТУ, КОЛХОЗДАР МЕН СОВХОЗДАРДЫ МЕХАНИЗАТОР КАДРЛАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1977 ЖЫЛҒЫ 1 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 820 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 19 октябрьдегі № 481 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 22, 99-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

**Машина-трактор паркі мен жабдықтың пайдаланылуын ұйымдастыруды жақсарту және сақталуын қамтамасыз ету жөнінде**

5. Жер жыртатын тракторлар мен комбайн агрегаттарын неғұрлым өнімді пайдалану, егіс жұмыстарын ең қолайлы агротехникалық мерзімдерде өткізу және тракторшы-машинистер мен олардың көмекшілерінің тракторлар мен комбайндардың екі сменада жұмыс істеуінде материалдық ынталылығын арттыру мақсатында мыналар совхоздарға және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына (өткен жылдардың тәжірибесі бойынша) рұқсат етілсін, сондай-ақ колхоздарға ұсынылсын:

а) комбайндарда жұмыс істейтін тракторшы-машинистер мен олардың көмекшілеріне комбайн агрегатымен тәулігіне кемінде екі сменалық норма орындағаны үшін кесімді табысының 20 процентіне дейінгі мөлшерде, ал республиканың тың жер игерген аудандарында кесімді табысының 40 процентіне дейінгі мөлшерде сыйлық беруді енгізу;

б) өндіріс қажет еткен ретте, көктемгі егіс жұмыстарының қауырт кезеңінде 15 жұмыс күніне дейінгі мерзімде және зябь жырту жұмысы кезеңінде 20 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жер жыртатын тракторларда тракторшы-машинистердің көмекшілерін (тракторды басқаруға право беретін куәлігі барларын) ұстау. Тракторшы-машинистердің көмекшілеріне еңбекақы тракторшы-машинистер табысының 80 проценті мөлшерінде төленсін. Еңбекке ақы төлеудің бұл тәртібі тракторшы-машинист пен оның көмекшісі сменалық өндірім нормасын жұмыс күні ішін-

---

[1] 24-пункт Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 11 октябрьдегі № 412 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 22, 92-ст.).

1—4, 6—11-пункттер, 12-пункттің екінші абзацы, 13, 14, 16—18, 20 және 23-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

25-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 1 сентябрьдегі № 820 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

де кемінде 150 процент орындаған кезде қолданылсын. Жұмыс күні ішінде өндірім аз болған ретте олардың әрқайсысының еңбегіне ақы нақты орындалған жұмыс көлеміне пропорционалды төленсін.

Осы пунктке сәйкес еңбек ақы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және қарамағында ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары бар басқа да министрліктер мен ведомстволарға белгіленген жалақы қоры шегінде төленсін.

### Ауыл шаруашылығындағы машиналар мен жабдықты жөндеуге және техникалық күтуге арналған базаны дамыту мен нығайту жөнінде

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі СССР Мемлекеттік жабдықтау комитетімен, Автомобиль өнеркәсібі министрлігімен, Трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігімен, Мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі үшін машиналар жасау министрлігімен келісіп, бекіту үшін «Қазсельхозтехника» кәсіпорындарында орталықтандырылған әдіспен қалпына келтірілуге тиіс детальдардың тізбегін жыл сайын Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс ететін болсын.

15. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарында салынып жатқан және реконструкцияланатын орталық жөндеу шеберханаларының, техникалық күту пункттері мен автогараждардың бәрін металл өңдейтін және жөндеу-технологиялық жабдықпен комплектілеу үшін, сондай-ақ жабдықты монтаждау үшін және аталған объектілерді үлгі жобаларға сәйкес комплектілеу мақсатында стандарттандырылмаған жабдық жасауға қажетті материалдық ресурстарды 1978 жылдан бастап «Қазсельхозтехникаға» бөлуді көздеп отырсын.

### Колхоздар мен совхоздарда механизатор кадрларын даярлау, мамандығын көтеру және тұрақтандыру жөнінде

19. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті және Қазақ ССР-інің қарамағында ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдары бар басқа да министрліктері мен ведомстволары, облыстық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен ауыл шаруашылық органдары Партия мен Үкіметтің селода механизатор кадрларын тұрақтандыру мәселелері жөніндегі шешімдерінің орындалуына бақылауды күшейтсін және мыналар жөнінде қосымша шаралар қабылдасын:

колхоздар, совхоздар және басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдары, су және орман шаруашылығы мен «Қазсельхозтехниканың» кәсіпорындары мен ұйымдары басшыларының шаруашылықтарда механизатор кадрларын даярлау, мамандығын арттыру және тұрақтандыру, жалпы білім беретін мектептерді бітіргендерді жұмысқа орналастыру, селолық кәсіптік-техникалық училищелерді бітіргендерді мамандығы бойынша пайдалану және олардың жоғары өнімді еңбек етуі үшін қажетті жағдайлар жасау жөніндегі жауапкершілігін арттыру;

кадрлардың тұрақтамауын азайту, тұрғын үй және мәдени тұрмыс

құрылысының көлемін ұлғайту, механизаторлар еңбегінің өндірістік және санитариялық-гигиеналық жағдайларын жақсарту;

механизаторларда календарьлық жыл ішінде жұмыстың бірқалыпты болуын және еңбек пен тынығудың заңда белгіленген режимін сақтауды қамтамасыз ету үшін олардың еңбегін ұйымдастыруды онан әрі жетілдіру;

жас механизаторлардың сабақтас мамандықтарды меңгеруі үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ оларға перспективалы елді мекендерде жақсы жабдықталған тұрғын үйлерді бірінші кезекте беру;

жас механизаторлармен жұмыс істеуде өндіріс озаттары тарапынан ұстаздық қозғалысты онан әрі дамыту және село жастарының таңдаулы ұстаздарының тәжірибесін тарату.

21. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті және облыстық атқару комитеттері оқу мерзімі алты айға дейінгі механизаторлар даярлайтын және оқу мерзімі үш айға дейінгі, өндірістен қол үздіре оқытып механизаторлар даярлайтын және мамандығын көтеретін тұрақты жұмыс істейтін шаруашылық аралық, аудандық, аудан аралық, облыстық және республикалық оқу-курс комбинаттары жүйесін ұйымдастыруға шаралар қабылдайтын болсын.

22. Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен облыстық атқару комитеттері оқушылардың бойына ауыл шаруашылық мамандықтарын (бірінші кезекте ауыл шаруашылық өндірісі процестерін механикаландырумен байланысты мамандықтарды) сыйлауды сіңіріп, оларды оқушылардың өндірістік бригадаларында, еңбекшілердің еңбек және тынығу лагерьлерінде еңбекке қатыстыра отырып, жалпы білім беретін селолық мектептердің оқушыларына кәсіби бағдар беру жөніндегі жұмысты күшейтетін болсын.

Колхоздар, совхоздар және басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдары, су және орман шаруашылығы мен «Қазсельхозтехниканың» кәсіпорындары мен ұйымдары жалпы білім беретін селолық мектептерге оқушыларға механизаторлық мамандықтар үйрету жөніндегі кабинеттерді қажетті техникамен, жабдықпен, көрнекі және оқу-методикалық құралдармен жарақтандыруда, сондай-ақ оқу техникасын техникалық күту мен жөндеуде, жанар-жағар материалдарымен қажетті мөлшерде қамтамасыз етуде үнемі көмек көрсететін болсын. Мектеп оқушыларын ауыл шаруашылық техникасымен жұмыс істеуге даярлау үшін білікті мамандар мен өндіріс озаттары кеңінен қатыстырылсын, оқушылардың өндірістік бригадаларына жер учаскелері мен қажетті техника бекітіп берілсін.

* * *

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың министрліктері мен ведомстволары, партия, совет, ауыл шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, колхоздардың, совхоздардың, басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарының, су және орман шаруашылығы мен «Қазсельхозтехниканың» кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары ауыл шаруашылық техникасын пайдаланудың тиімділігін едәуір арттыру, машиналардың сақталуын және шаруашылықтардың механизатор кадрларымен қамтамасыз етілуін жақсарту үшін барлық шараларды қол-

данады және ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде КПСС XXV съезі белгілеген міндеттерді жүзеге асыруға лайықты үлес қосады деп кәміл сенім білдіреді.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТЕХНИКАНЫҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 12 МАРТТАҒЫ № 265 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 15 апрельдегі № 179 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., 23-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мынаны атап өтеді: тракторларды, транспорт құралдарын, ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтарын техникалық пайдалану мен сақтау ережелерін өрескел бұзудың, оларды мерзімінен бұрын есептен шығарудың КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 12 марттағы № 265 қаулысында көрсетілген реттері республиканың көптеген совхоздарында, колхоздарында, ауыл, су және орман шаруашылығы мен «Сельхозтехника» кәсіпорындары мен ұйымдарында, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қосалқы ауыл шаруашылықтарында орын алуда.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, жергілікті совет және ауыл шаруашылық органдары жекелеген аудандарда техниканың сақталуын техникалық шарттарға сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз етпей келеді. Тексеру материалдарының көрсетіп отырғанындай, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Семей және Талдықорған облыстарының бірқатар совхоздары мен колхоздарында техникаға қырсыздықпен қарау фактілеріне жол берілуде, көптеген тракторлар, комбайндар мен басқа да ауыл шаруашылық машиналары былғаныш күйінде сақтауға қойылады, тіреніштерге орналастырылмайды, қоймаларда сақтауды қажет ететін детальдар, тораптар мен агрегаттар олардан барлық жерде бірдей алынбайды, машиналардың бір бөлігі бүлініп, мерзімінен бұрын есептен шығарылады.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығында жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау жөніндегі бас басқармасының («Госсельтехнадзор») органдары колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылық техникасының техникалық жайы мен оны сақтау ережелерінің, сондай-ақ мұнай өнімдерін тасымалдау, сақтау мен жұмсау ережелерінің орындалуын қадағалауды қанағаттанарлықсыз жүзеге асырады.

---

[1] 4—6, 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 12 марттағы № 265 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

Машина-трактор паркін пайдалануды ұйымдастыруды жақсарту және оның сақталуын қамтамасыз ету, машиналар мен жабдықтарды жөндеп, оларға техникалық күтім жасауға арналған базаны дамыту мен нығайту жөнінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 19 октябрьдегі № 481 қаулысымен[1] (Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 22, ст. 99) көзделген шаралар бірқатар облыстарда толық орындалмады.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті қарамағындағы жөндеу кәсіпорындарында автомобильдерді, тракторларды, астық жинайтын комбайндарды және басқа ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтарын жөндеу сапасын арттыру жөніндегі жұмысты әлі де болса нашар ұйымдастыруда.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығында техниканың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 12 марттағы № 265 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой» және кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында қосалқы ауыл шаруашылықтары бар Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері мен ведомстволары, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың, ауыл, су және орман шаруашылығы мен «Сельхозтехниканың» басқа да мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары ауыл шаруашылық техникасын сақтаудың, пайдаланудың және есептен шығарудың белгіленген тәртібін қатаң сақтауға, оны жөндеу сапасын арттырып, шаруашылықтардағы басы артық және пайдаланылмайтын машиналар мен жабдықтарды жүйелі түрде қайта бөліп отыруға, 1985 жылға дейін бүкіл күрделі техника, әдетте, тек жабық үй-жайларда немесе жаппалар астында сақталатын болуы үшін гараждар, жаппалар, қоймалар мен қатқыл табанды алаңдар салуды жеделдетуге қажетті шаралар қолдансын.

3. Тракторларды, транспорт құралдарын, ауыл шаруашылық, мелиоративтік, жер қазатын машиналар мен жабдықтарды пайдалану мерзімдерін ұзартуға совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, сондай-ақ Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жүйесіндегі мердігер құрылыс ұйымдарының мүдделілігін арттыру мақсатында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі мен ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі белгіленген амортизациялық мерзімін өтеген машиналар мен жабдықтар бойынша негізгі қорлар үшін амортизациялық жарналар (күрделі жөндеуге арналған амортизациялық жарналардан басқа) мен ақы төлетуді 1982 жылдың 1 январынан бастап жүргізбейтін болсын.

---

[1] 207-бетті қараңыз.

Амортизациялық мерзімін өтеген машиналар мен жабдықтар бойынша амортизациялық жарналардың аталған тәртібін қолдану колхоздарға ұсынылсын.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетіне жоспарлардың жобаларында мыналарды көздеп отыратын болсын:

колхоздарда, совхоздарда, ауыл, су және орман шаруашылығы мен «Сельхозтехника» кәсіпорындары мен ұйымдарында пайдалануға берілетін орталық жөндеу шеберханалары мен жөндеу кәсіпорындарын, техникалық күтім жасау пункттері мен станцияларын, автогараждарды және техника сақтауға арналған, машина аулаларын жабдықтандыру, сондай-ақ тозған жабдықтарды алмастыру үшін республикада шығарылатын жөндеу-технологиялық жабдықтар өндіруді ұлғайтуды;

бұл мақсаттар үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстар бөлуді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті аталған қажеттерге арналып қорлар бойынша бөлінетін жөндеу-технологиялық жабдықтарды тұтынушыларға беріп тұруды қамтамасыз етсін.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері «Госсельтехнадзор» органдары жұмысының тиімділігін арттыруға шаралар қолдансын. «Госсельтехнадзордың» инженер-инспекторларына оларға тән емес міндеттердің жүктелуіне жол берілмесін.

Машиналар мен жабдықтардың техникалық жайын, техника мен мұнай өнімдерінің сақталуын қоғамдық бақылауға қатыстыру үшін «Госсельтехнадзордың» аудандық инспекцияларының штаттан тыс инспекторлары ретінде колхозшыларды, совхоздардың, ауыл, су және орман шаруашылығы мен «Сельхозтехника» кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысшыларын және мамандарын кеңінен тартып отыратын болсын.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі республиканың партия, совет, ауыл шаруашылық органдары, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, колхоздарының, совхоздары мен ауыл, су және орман шаруашылығы мен «Сельхозтехниканың» басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары КПСС XXVI съезінің шешімдерін орындай отырып, ауыл шаруашылық техникасына ұқыпты қарауды, оны сақтау мен пайдалану ережелерін қатаң сақтауды қамтамасыз етеді, ауыл шаруашылығында машиналарды пайдалану тиімділігін едәуір арттыруға қол жеткізеді деп кәміл сенім білдіреді.

# КОЛХОЗДАРДА, СОВХОЗДАРДА, ТАҒЫ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАРДА МАШИНА-ТРАКТОР ПАРКІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 29 апрельдегі № 270 ҚАУЛЫСЫ
(ҚАЗАҚ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 10, 47-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Колхоздарда, совхоздарда, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен ұйымдарда тракторлардың, комбайндардың, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналар мен жабдықтардың техникалық жағдайына, сондай-ақ оларды техникалық жағынан пайдалану ережелерінің орындалуына, есептен шығарылуына мемлекеттік бақылау жасау Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігіне жүктелсін.

3. Аудандық ауыл шаруашылығы өндірістік басқармалары госсельхозтехнадзорының инженер-инспекторларына мынадай праволар берілсін:

— колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына тракторларды, комбайндарды, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналар мен жабдықтарды техникалық жағынан пайдалану, оларды күтіп ұстау ережелерінің бұрмалануын жою туралы міндетті түрде орындалатын нұсқаулар беру;

— тракторлар, комбайндар, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтар техникалық күтім жөндеу қажет ететін болса немесе олар жұмыстың хауіпсіз болуын қамтамасыз ете алмайтын болса, оларды пайдалануға тыйым салу;

*(Бесінші абзац)* Ерекше жағдай ретінде СССР Министрлер Советінің 1961 жылғы 30 ноябрьдегі № 1058 қаулысына [2] сәйкес «Сельхозтехниканың» аудандық бөлімшелерінің техникалық инспекторларының совхоздар мен колхоздардың басшы қызметкерлеріне ақшалай айып салу правосы күшінде қалсын.

Ақшалай айып салу жөніндегі актіні аудандық ауыл шаруашылық өндірістік басқармасының бастығы бекітеді.

Госсельтехнадзордың инженер-инспекторларының механизаторларды трактор, комбайн, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналарын жүргізу правосынан айыру, сондай-ақ ақшалай айып салу жөніндегі шешімдері туралы халық депутаттары аудандық, қалалық Советі атқару комитетіне шағым жасауға болады [3].

4. Совхоздардың, колхоздардың, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен ұйымдардың (олар қандай ведомствоға

---

[1] 3-пункттің төртінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 12 ноябрьдегі № 442 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 23, 75-ст.).

1-пункттің екінші және үшінші абзацтары, 2, 6 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт СССР Министрлер Советінің 1969 ж. 13 февральдағы № 122 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

[2] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

[3] 3-пункттің жетінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 18 февральдағы № 78 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 5, 24-ст.).

бағынатынына қарамастан) тракторларына, өзі жүретін шассилеріне, трактор тіркемелеріне бірыңғай номерлер беру госсельтехнадзор органдарына жүктелсін.

## КОЛХОЗДАРДЫҢ, СОВХОЗДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАШИНА-ТРАКТОР ПАРКІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1976 жылғы 16 февральдағы № 77 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1976 ж., № 5, 15-ст.)

СССР Министрлер Советінің «Колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының машина-трактор паркінің техникалық жағдайына мемлекеттік бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1975 жылғы 23 декабрьдегі № 1035 қаулысына сәйкес және тракторларды, автомобильдерді, ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықты сақтау ісін, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді одан әрі жақсарту, сондай-ақ олардың техникалық жағдайына мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің «Колхоздарда, совхоздарда, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында машина-трактор паркінің техникалық жағдайына мемлекеттік бақылау орнату туралы» 1969 жылғы 29 апрельдегі № 270 қаулысын (Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 10, 47-ст.) толықтыру үшін «Госсельтехнадзор» органдарына мыналарға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жүктелсін:

колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында, сондай-ақ шаруашылықтармен жасасқан шарттар бойынша тракторларды, автомобильдерді, комбайндарды, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықты жөндейтін және оларға техникалық қызмет көрсететін ұйымдар мен кәсіпорындарда («Казсельхозтехниканың» мамандандырылған жөндеу шеберханалары мен заводтарынан басқа) осы машиналарды жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету сапасына;

колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарына сатылған немесе шарттар бойынша олар үшін жөнделген тракторларда, автомобильдерде, комбайндарда, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықта, егер техника сапасының тиісті емес екені жөнінде осы шаруашылықтардың талаптарын қанағаттандыру туралы шешімдер белгіленген тәртіп бойынша қабылданған болса, кепілді мерзім ішінде табылған кемшіліктерді жоюдың бекітілген тәртібінің сақталуына;

---

[1] 2 және 3-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1975 ж. 23 декабрьдегі № 1035 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

мұнай өнімдерін тасымалдау, сақтау мен жұмсау ережелерінің ауыл шаруашылығында сақталуына.

4. Былай деп белгіленсін:

«Госсельтехнадзордың» аудандық инспекциясын инспекция бастығы — мемлекеттік бас инженер-инспектор басқарады;

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Госсельтехнадзор» бас басқармасының бастығы облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларының және облыстық совхоздар өндірістік басқармаларының «Госсельхозтехнадзор» бөлімдерінің бастықтары мен аудандық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларының және аудандық совхоздар трестерінің «Госсельтехнадзор» аудандық инспекцияларының бастықтары бағыныштылығына қарай жоғары тұрған ауыл шаруашылық органдарының ұсынуы бойынша, белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады;

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Госсельтехнадзор» бас басқармасы, сондай-ақ «Госсельтехнадзордың» облыстар мен аудандардағы органдары машиналар мен жабдықтың техникалық жағдайына мемлекеттік бақылау жасаудың барлық мәселелері жөнінде «Госсельтехнадзордың» жоғары тұрған органдарының нұсқауларын ғана басшылыққа алады.

5. Облыстық атқару комитеттері аудандық «Госсельтехнадзор» инспекцияларындағы қызметкерлер санын колхоздардағы, совхоздардағы және басқа ауылшаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарындағы, әрбір 600—800 тракторға өздігінен жүретін шассиге, автомобильге, астық жинайтын және басқа двигательді комбайнге бір инженер-инспектордан, бірақ әр ауданға кемінде бір адамнан (басқару органдарын ұстауға арнап — облыстық атқару комитеттеріне бекітілген қызметкерлер саны мен жалақы қоры шегінде) келетіндей есеппен анықтасын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті «Госсельтехнадзор» органдарының мұқтаждары үшін қажетті мөлшерде автомобильдер бөлуді жылдық халық шаруашылық жоспарларының жобаларында көздейтін болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі аталған автомобильдерді СССР Ауыл шаруашылығы министрлігі «Союзсельхозтехникамен» келіскеннен кейін бекітетін номенклатура бойынша «Сельхозтехниканың» заводтары жасап шығаратын диагностика приборларымен, тетіктермен және аспаппен жарақтандыратын болсын, сондай-ақ тракторларға, өздігінен жүретін шассилерге, тракторлар тіркемелері және аспаппен жүретін жол-құрылыс машиналарына арналған номер белгілерін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Госсельтехнадзор» бас басқармасының заказы бойынша жеткізіп беруді қамтамасыз етіп отырсын.

7. Шаруашылықтарда тракторларды, комбайндарды және басқа машиналар мен жабдықты мезгілінен бұрын есептен шығару фактілері болып отырғанына байланысты, ауыл шаруашылық және жер қазатын техника мен жабдықты, авариялар мен стихиялық апаттардың салдарынан бұл техника мен жабдықтың жарамсыз болып қалу жағдайларын қоспағанда, оларды пайдаланудың амортизациялық мерзімдері өткенге дейін колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының балансынан шығаруға тыйым салынсын.

Мұнда өзінде аталған техника мен жабдықты есептен шығару туралы шешім аудандық «Госсельтехнадзор» инспекциясының мемлекет-

тік бас инженер-инспекторы бастаған тиісті комиссия оларды мұқият қарағаннан кейін және осы комиссияның техника мен жабдықты одан әрі пайдаланудың және қалпына келтірудің мүмкін еместігі немесе экономикалық тиімді еместігі туралы қорытындысынан кейін қабылданады.

## АВТОМОБИЛЬДЕРДІҢ, ТРАКТОРЛАР МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАШИНАЛАРЫНЫҢ ТОЗҒАН БӨЛШЕКТЕРІН ЖИНАУДА РЕСПУБЛИКА ҚӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ, ҰЙЫМДАРЫ МЕН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ МҮДДЕЛІЛІГІН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1974 жылғы 17 апрельдегі № 212 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 25 февральдағы № 129 қаулысын орындау үшін және автомобильдердің, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының тозған бөлшектерін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды кеңейту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі және Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі өздеріне қарасты кәсіпорындарда автомобильдердің, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының тозған бөлшектерін қалпына келтіруді ұйымдастырып, бұл кәсіпорындардың жүйесін одан әрі дамытуды, сондай-ақ қалпына келтірілген бөлшектердің қызмет көрсету мерзімі осындай жаңа бөлшектердің қызмет көрсету мерзімінің кем дегенде 80 процентін құруға тиіс екенін ескеріп, аталған бөлшектерді қалпына келтірудің технологиялық процестерін әзірлеуге және енгізуге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын кеңейтуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің тапсырмаларына сәйкес 1975 жылдан бастап Қазақ ССР-інің халық шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспарының жобасында мыналарды белгілейтін болсын:

Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі және Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі автомобильдердің, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының тозған бөлшектерін қалпына келтіру жоспарларын СССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген номенклатура бойынша әзірлесін және бұл жоспарларды орындау үшін қажетті жабдықтар мен материалдық ресурстар бөлінуін көздейтін болсын;

— қара және түсті металл сынықтары мен қалдықтарын дайындау және өткізу жоспарларын белгілеген кезде автомобильдердің, трактор-

[1] 4-пункт СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 25 февральдағы № 129 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

лар мен ауыл шаруашылық машиналарының қалпына келтірілуге тиіс тозған бөлшектерін бұл жоспарларға қоспайтын болсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі міндетті түрде дәл сондай мөлшерде тозған бөлшектер өткізген жағдайда тұтынушыларға сатылуға тиіс бөлшектердің (автомобильдердің, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының) номенклатурасын Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне жыл сайын беріп отырсын.

## ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДЫ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1973 жылғы 3 майдағы № 240 ҚАУЛЫСЫ

2 және 18-пункттер

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЕЛІМІЗДЕ БІРТҰТАС МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АГРОХИМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚҰРУ ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 9 АВГУСТАҒЫ № 765 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 11 октябрьдегі № 387 ҚАУЛЫСЫ

7-пункт

[1] 6-томның 16-бетін қараңыз.
[2] 261-бетті қараңыз.

# СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН АРНАЙЫ КИІММЕН, АРНАЙЫ АЯҚ КИІММЕН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ЗАТТАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1970 ЖЫЛҒЫ 4 ЯНВАРЬДАҒЫ № 5 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 27 марттағы № 212 ҚАУЛЫСЫ

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, сақтандыру заттарымен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатымен және СССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 4 январьдағы № 5 қаулысын орындау ретінде Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасына ауыл шаруашылығы қызметкерлері үшін арнайы киім жасауға министрліктер мен ведомстволар бойынша заказдарды Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне осы мақсатқа арнап бөліп берілетін фондыларға сәйкес орналастыру жөнінде міндет жүктелсін[2].

Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне арнайы киімді, арнайы аяқ киім және сақтандыру заттарын ауыл шаруашылығының мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарына, сондай-ақ колхоздарға, улы химикаттармен жұмыс істеуші колхозшыларды қамтамасыз ету үшін, өткізуді жүзеге асыру тапсырылсын.

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі 1971 жылдан бастап ауыл шаруашылығының мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлерін қамтамасыз етуге арналған, сондай-ақ улы химикаттармен жұмыс істеуші колхозшыларды қамтамасыз етуге арналған арнайы киімді тігу үшін матаның фондысын және арнайы аяқ киім мен тері-тон бұйымдарының фондысын бөліп беруді белгілейтін болсын.

Колхоздарға арнайы аяқ киім мен арнайы киімді сату, сол сияқты басқа жұмыстармен айналысатын колхозшыларды қамтамасыз ету үшін жұмыс киімін сату тұтынушылар кооперациясының сауда жүйесі арқылы оларға бөлінетін тігін бұйымдары мен аяқ киімнің рынок фондысы шеңберінде жүргізілсін.

3. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі және Саңыраулардың Қазақ қоғамы 1971 жылдан бастап Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің іріктеп алған модельдері бойынша сондай киімдер мен аяқ киімін тігуге ұсынған маталардан, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің заказдары мен фондыларына сәйкес ауыл шаруашылығының әр түрлі мамандықтағы қызметкер-

---

[1] 1-пункттің үшінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 4 январьдағы № 5 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

[2] 1-пункттің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 ж. 19 майдағы № 330 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

лері үшін, оның ішінде улы химикаттармен жұмыс істеуші қызметкерлер жұмыс киімін және арнайы киімді, арнайы аяқ киімі мен сақтандыру заттарын жасауды қамтамасыз ететін болсын.

4. Қазақ ССР Сауда министрлігі Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігіне және Саңыраулардың Қазақ қоғамына колхоздар мен колхозшыларға сату үшін арнайы және жұмыс киімін тігуді қамтамасыз етуге матаны өнеркәсіп жолымен өңдеу фондысы бойынша қажетті мөлшерде және ассортиментімен беріп тұратын болсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЭЛЕКТРЛЕНДІРУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 31 ЯНВАРЬДАҒЫ № 112 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1979 жылғы 28 марттағы № 128 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығын электрлендіруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1979 жылғы 31 январьдағы № 112 қаулысы бұлжытпай басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой» мен ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі, Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері және облыстық атқару комитеттері 1979—1985 жылдары мал шаруашылығы мен жер шаруашылығындағы өндірістік процестерді комплекстік механикаландыру мен автоматтандыру үшін ауылшаруашылық өндірісіне, сондай-ақ село халқына мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету сферасына электр энергиясын одан әрі енгізуді қамтамасыз етсін, бұл ретте мыналар ескерілсін:

1981—1985 жылдары ауыл шаруашылық өндірісінде еңбектің энергиямен қарулануын 1,6—1,8 есе және электр энергиясын коммуналдық-тұрмыстық қажетке тұтынуды әр село тұрғынына есептегенде 1,8—2 есе өсіруді қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығында электр энергиясын пайдалануды арттыру;

жекелеген өндіріс процестері мен операцияларды автоматтандыру-

---

[1] 2-пункттің төртінші абзацы, 3—5-пункттер, 6-пункттің екінші абзацы, 7-пункттің бірінші—үшінші, алтыншы абзацтары, 8—10 және 13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 31 январьдағы № 112 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

дан цехтар мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарын толығымен автоматтандыруға бірте-бірте көшуді жүзеге асыру.

6. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті және СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой» облыстық атқару комитеттерімен бірлесе отырып, ауыл шаруашылығы өнімінің шығынын азайту мақсатында 1980—1985 жылдары ауыл шаруашылығы өндірісі объектілерін және электр энергиясымен жабдықталуының маңызына қарай тұтынушылардың бірінші категориясына жататын электрлендірілген ауыл шаруашылығының жоғелеген технологиялық процестерін, атап айтқанда, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің энергиямен жабдықтау ұйымдарының ауыл шаруашылығы тұтынушыларын жоспардан тысқары және авариялық себептермен энергия көзінен үзіп тастауға жауапкершілігін күшейтуге көңіл бөле отырып, электр энергиясымен жабдықтаудың сенімділігін арттыру жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын.

7. *(Төртінші абзац)* Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі «Сельхозэнерго» бірлестігінің құрылуына қарай Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «1966—1970 жылдарда Қазақ ССР-інің ауыл шаруашылығын электрлендіру туралы» 1966 жылғы 28 декабрьдегі № 873 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларында ұйымдастырылған ауыл шаруашылығында электр энергиясын қолдану жөніндегі бөлімдерді (топтарды) сақтап қалудың орындылығы туралы мәселелерді Қазақ ССР Финанс министрлігімен, облыстық атқару комитеттерімен және аудандық атқару комитеттерімен бірлесе отырып, қарап, шешетін болсын. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті «Сельхозэнергоның» құрылатын бірлестіктеріне жылдық жоспарларда бірлестіктердің қатысушы шаруашылықтарының объектілеріндегі энергетикалық және электр техникалық жабдықтар мен қондырғыларды жөндеу және пайдалану жөніндегі белгіленген жұмыс көлемін орындау үшін қажетті жабдықтарды, машиналарды, механизмдер мен материалдарды белгіленген тәртіп бойынша бөлуді көздеп отыратын болсын.

11. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой» мен ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі селолық электр беріліс жүйелері мен трансформаторлық подстанцияларды салу және қайта құру, ауыл шаруашылық өндірісін және село халқына мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету сферасын комплексті механикаландыру мен автоматтандыру үшін электр энергиясын пайдалануды ұлғайту, сондай-ақ ауыл шаруашылығында энергетикалық және электр техникалық құрал-жабдықтар мен қондырғыларды техникалық пайдаланудың деңгейін көтеру мен ауыл шаруашылық өндірісінде отын-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі осы қаулымен белгіленген тапсыр-

малардың орындалуын қамтамасыз етсін және аталған тапсырмалардың орындалуына жүйелі түрде бақылау орнатсын.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жергілікті партия, совет және шаруашылық ұйымдары, жұмысшылар, колхозшылар, инженерлер, техниктер, ауыл шаруашылығының мамандары ауыл шаруашылығын электрлендіру, қазіргі заманғы энергетикалық және электротехникалық құрал-жабдықтарды пайдаланудың техникалық дәрежесін арттыру, ауыл шаруашылық өндірісінде электр энергиясын үнемді жұмсау және оны село халқына мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету сферасында кеңірек енгізу жөніндегі белгіленген тапсырмаларды ойдағыдай орындауға бар күш-жігерін жұмсайды деп берік сенім білдіреді.

## 5. Егін шаруашылығы

## ҚАЗАҚ ССР-інің ЖЕР КОДЕКСІ [1]

**ҚАЗАҚ ССР-інің 1971 жылғы 21 июльдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1971 ж., № 30)**

4-статьяның 1-пункті, 10-статьяның үшінші және алтыншы бөліктері, 20, 39—41, 51, 52, 62—82-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР-інің СУ КОДЕКСІ [2]

**ҚАЗАҚ ССР-інің 1972 жылғы 27 декабрьдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1973 ж., № 1)**

66—81 және 139-статьялар

---

[1] 6-томның 46-бетін қараңыз.
[2] 6-томның 204-бетін қараңыз.

# ДӘНДІ ЖӘНЕ БАСҚА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНАН ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ӨНІМ АЛУ ҮШІН ҚАЗАҚ ССР-інде ЖЕРДІ МЕЛИОРАЦИЯЛАУДЫ КЕҢІНЕН ДАМЫТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1966 жылғы 21 июльдегі № 505 ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитетінің май (1966 жыл) Пленумының шешімдерін, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 16 июньдегі № 465 қаулысын орындау мақсатында және Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші Пленумының шешіміне сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

I. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой», Қазақстан КП облыстық және аудандық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, жергілікті ауыл шаруашылығы мен су шаруашылығы органдары, колхоздар мен совхоздар:

егіншілік мәдениетін көтеру мен жер құнарын арттыру жолындағы, жерді мелиорациялаудың кең программасын жүзеге асыру жолындағы күресті барлық жерде өрістететін, бұған аса маңызды жалпы мемлекеттік міндет ретінде қарайтын болсын;

ауыл шаруашылығы жерлерін неғұрлым толық және өнімді пайдалану, жерді суару мен суландыруды кеңінен дамыту жөніндегі, шалғындар мен шабындықтарды жақсарту, жерді тастан арылту мен борбас жер кептіру жөніндегі шараларды жүзеге асыратын болсын;

топырақты эрозиядан, батпақтанудан және тұзданудан қорғау жөніндегі талаптарды мұқият сақтап, қажет болған жерлерде, егістік қорғайтын орман алқаптарын және құмда ағаш отырғызуды жүзеге асыратын болсын;

ауыспалы егіс тәртібін дұрыс енгізіп, игерудің жергілікті жағдайға үйлесімді неғұрлым тиімді егіншілік жүйесін енгізіп, аудандастырылған жоғары сапалы тұқым сорттарын егуге көшуді, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды пайдалануды жақсартып, жерге нақты есеп жүргізу және жер жайының сапалы болуын қамтамасыз етсін.

4. Құнарлы егістіктерді және басқа ауыл шаруашылығы жерлерін, әсіресе суармалы және су жайылатын жерлерді өнеркәсіп объектілерін, жолдар, электр желілері линияларын салуға және басқа да ауыл шаруашылығына жатпайтын қажеттерге толық негізсіз бөлу теріс практика

---

[1] 13-пункт Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1969 ж. 3 марттағы № 134 қаулысымен; 63-пункт Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 30 апрельдегі № 238 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 9, 41-ст.).

2, 3, 5—9, 11, 12, 14, 16, 17, 20-пункттер, 21-пункттің екінші және үшінші абзацтары, 23-пункттің бірінші абзацы, 24—37, 40—44, 46—53, 55, 56, 60—62, 64-пункттер, 65-пункттің үшінші-бесінші абзацтары, 66—75, 77—84-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

54 және 57-пункттер КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1966 ж. 16 июньдегі № 465 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

ретінде айыпталатын болсын. Көрсетілген максаттар үшін жер учаскелері, әдетте, ауыл шаруашылығы үшін нашар немесе жарамсыз жерлер есебінен бөлінетін болып белгіленсін. Бұл жағдайда жер бөлумен байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындары объектілер құрылысына жұмсалатын шығындарды өтеуін анықтау кезінде өтелуі және есепке алынуы тиіс.

**Суармалы егіншілікті дамыту туралы**

10. Қазақ ССР Ғылым академиясы жер асты суларымен суарылатын алқаптарды іріктеуде жобалау ұйымдарына, суармалы алқаптарда және жер асты суларының ресурстарын бағалауда гидрогеологиялық зерттеулер жүргізуге көмектесетін болсын.

15. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен қалалық атқару комитеттері, республиканың жобалау ұйымдары қалалардың, өнеркәсіп орталықтарының, жеке кәсіпорындар мен елді мекендердің канализациялық жүйелерін жобалаған және салған кезде ағын суларды мал азығы және басқа ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін пайдалану жөніндегі қажетті шараларды қарастыратын болсын.

Егіншілік алқаптарын суландыруды жобалау мен салуды Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісе отырып Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі орындайтын болып белгіленсін.

18. Қазақ ССР ауыл шаруашылық министрлігіне Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып жыл сайын суғармалы жерлерді нақты есептеп оларды алқаптарға және жер пайдаланушыларға бөліп, сондай-ақ көрсетілген жердің қыртысы мен басқа тексеру материалдарының сапасын бағалау жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру міндеттелсін.

19. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Орталық статистика басқармасына жыл сайын 1 ноябрьге дейінгі бірыңғай мемлекеттік есептің мәліметтері мен суландыру жүйелері паспорттарының көрсеткіштері және жер пайдаланушылардың документтері негізінде колхоздарда, совхоздарда және басқа мемлекеттік шаруашылықтарда суармалы жерлерді пайдалану есебін, сондай-ақ осы жерлерден алынатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігі мен өнім көлемінің есебін жүргізу міндеттелсін.

Суармалы жерлерді пайдалану есебінің қорытындылары Қазақ ССР Министрлер Советіне қарау үшін берілетін болсын.

**Табиғи мал азығы алқаптарының өнімділігін арттыру туралы**

21. Партия, совет, ауыл шаруашылық және су шаруашылық органдары, совхоздар мен колхоздар мал шаруашылығы үшін азық базаларын дамытып, табиғи азықтық жерлердің өнімділігін жоғарылату мен сақтау жұмыстарын шұғыл жүргізсін.

23. *(Екінші абзац)* Малды алыс қысқы жайылымдарда ұстауға қоршауларда азықтандыру кезеңінде қажетті жайлар мен суаттар бар болғанда ғана рұқсат берілсін.

## Су шаруашылығы құрылыстарын жақсарту туралы

38. Күрделі қаржылардың экономикалық тиімділігін арттыру және суармалы жерлер мен су түскен жайылымдарды игерудің мерзімдерін қысқарту мақсатында су шаруашылығы құрылыстары осы жерлерді шаруақорлықпен игеру жөніндегі шаралар комплексінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы Главриссовхозстройға, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне, Қазақ ССР Байланыс министрлігіне және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Тас жолдар бас басқармасына тың жерлерде және халық қоныстанбаған аудандарда су шаруашылығы жүйелерін салумен бірге суармалы егіншілік пен су түскен жайылымдарын ауыл шаруашылығы бағытында игеру үшін қажетті өндірістік құрылыстарды, тұрғын үйлерді, мәдени-тұрмыстық үйлерді салуды, территорияны көріктендіру мен көгалдандыруды, электрлендіруді, телефондандыру мен радиоландыруды, жолдар және басқа объектілерді салуды қарастыру міндеттелсін.

39. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне өздеріне қарасты кәсіпорындардың және ұйымдардың күшімен колхоздармен және совхоздармен жасасқан шарттар бойынша шаруашылықтардың қаржылары мен банктің несиесі есебінен жүзеге асырылатын жер суару, жайылымды суландыру мен басқа мелиоративтік шаралар жөніндегі жобалау-іздестіру және құрылыс, сондай-ақ шаруашылықтың ішкі суару, суландыру және құрғату жүйелерін жөндеу мен тазалау жөніндегі жұмыстарды орындауды ұйымдастыру міндеттелсін.

Бұл жұмыстардың көлемі көрсетілген министрліктер мен ведомстволар кәсіпорындарының және ұйымдарының мердігерлік жұмыстарының жылдық жоспарларына енгізілетін болып белгіленсін.

Қазақ ССР Жоспарлау комитеті жоспарлардың жобаларында колхоздардың, совхоздардың қаржылары және банк несиелерінің есебінен орындалатын мелиоративтік жұмыстарды жүргізу үшін құрылыс материалдарын бөлуді қарастыратын болсын.

45. Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне және Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігіне су шаруашылығы ұйымдарының толық қажеттері мөлшерінде тракторларды, трактор двигательдерін, автомобильдерді, автокрандарды, ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу жөніндегі қажетті жұмыс көлемін орындауды жыл сайын жоспарларда қарастырып отыру міндеттелсін.

## Суару және суландыру жүйелерін жобалауды жақсарту туралы

58. Бас жобалаушының міндеттері мына институттарға жүктелсін:

«Қазгипроводхоз»— жайылымдықтарды суландыру мен жақсарту жөніндегі объектілерді қоспағанда, су шаруашылығы құрылыстары мен ауыл шаруашылығын сумен жабдықтаудың барлық объектілері бойынша;

«Қазгипрозем»— көмекші мердігерлік негіздерде «Қазгипроводхоз»

институтын қатыстыра отырып жайылымдарды суландыру, жақсарту мен игеру жөніндегі объектілер бойынша:

«Қазпромстройниипроект»— Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы Главриссовхозстрой үшін құрылыс индустриясы мен құрылыс материалдары және конструкциялары өнеркәсібі кәсіпорындарының объектілері бойынша.

59. Су шаруашылығы құрылысы, жайылымдарды суландыру мен ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау объектілері бойынша жобалардың мамандандырылған бөлігін орындау мына институттарға жүктелсін:

«Қаздорпроект»— жолдарды жобалау бойынша;

«ҚазВНИПИсельэлектро»— электрмен жабдықтау линиялары мен объектілері бойынша;

Қазақ ССР Байланыс министрлігінің жобалау конторлары — телефон, телеграф және радио байланысы линияларын жобалау бойынша;

«ҚазГИИЗ»— топографиялық-геодезиялық және инженерлік-геологиялық іздестірулер бойынша;

Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс істері жөніндегі комитеттің институттары — тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық және ауыл шаруашылығының өндірістік құрылыс объектілері бойынша, сондай-ақ суармалы және жайылымдарды суландыру алқаптарында поселкелерді жоспарлау мен салудың жобаларын жасау бойынша.

## Кадрлар даярлау туралы

65. Су шаруашылығы ұйымдарын, совхоздар мен колхоздарды су шаруашылығы жұмыстарын гидромелиорациялау және механикаландыру жөніндегі мамандармен неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жоғары және орта техникалық оқу орындарын бітіретін мамандарды бөлудің жыл сайынғы жоспарларында су шаруашылығы ұйымдарына, совхоздар мен колхоздарға мамандарды бөлуді көздейтін болсын.

## Жерді мелиорациялау саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жақсарту туралы

76. Ғылыми күштерді мелиорацияның және су шаруашылығының негізгі проблемаларын шешуге жұмылдыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіруді күшейту және өндіріске ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тез арада енгізу мақсатында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына, республиканың ғылыми және жобалау ұйымдарына:

қатаң ғылыми тұрғыдан мелиорация шараларын өткізудің кезектілігін тиянақты орындап, сондай-ақ қаржы қорын осы мақсат үшін ең тиімді пайдалануға;

мелиоративтік құрылысты нақты гидрогеологиялық, топырақ-мелиоративтік және ауыл шаруашылығы жағдайларын ескере отырып, ғылыми-техникалық негізде жүргізу;

жайылымдық алқаптарын суландыру, шалғынды суару, сондай-ақ ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау жер асты суларын, әсіресе олар-

ды республиканың шөлейт және жартылай шөлейт аймақтарында барынша пайдалану есепке алынып, жүзеге асырылатын болсын;

жерді суландыруды мелиоративтік аудандастыруды зерттеу кезінде дифференция мен дренаж әдісінің ең тиімдісін жасауға ерекше көңіл бөлінсін;

еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алуды арттыру мақсатында суару режимі нақтыланатын, суару техникасы мен оны ұйымдастыру жетілдірілетін болсын;

жайылымдық жерлердің азықтық өнімділігін жоғарылату мен оларды тиімді пайдалану жөніндегі, екпелі пішендемелер жасауға, жайылма және көгалдандыра суару жөніндегі, сондай-ақ сортаң жерлерді мелиорациялау және мал азықтық дақылдары үшін игеру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүзеге асырылсын.

## ҚАЗАҚ ССР МЕЛИОРАЦИЯ ЖӘНЕ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 10 декабрьдегі № 684 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 1, 1-ст.)

1, 2, 4 және 6-пункттер

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЕЛІМІЗДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚОРЫН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ МОЛАЙТУ МАҚСАТЫНДАҒЫ МЕЛИОРАЦИЯНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПРОГРАММАСЫ, МЕЛИОРАЦИЯЛАНҒАН ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 1984 ЖЫЛҒЫ 23 ОКТЯБРЬДЕГІ № 1082 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 21 ноябрьдегі № 460 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1985 ж., № 2, 3-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 23 октябрьдегі № 1082 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

Мелиорацияны одан әрі дамыту, мелиорацияланған жерлерді пай-

---

[1] 6-томның 241-бетін қараңыз.

[2] 2-пункттің үшінші абзацы, 4, 5-пункттер, 9-пункттің бірінші абзацы, 10-пункт 15-пункттің бірінші абзацы және 18-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

21-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1984 ж. 23 октябрьдегі № 1082 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

даланудың тиімділігін арттыру азық-түлік қорын молайтудағы аса маңызды жалпы мемлекеттік міндет деп саналсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және сушаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Главриссовхозстрой», Қазақстан Компартиясының облыстық және аудандық комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, жергілікті ауыл шаруашылық және су шаруашылық органдары, колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары 1986—1990 жылдары мыналарды қамтамасыз етсін:

— суғармалы жерлерді тиімді пайдалануды, жаңа ірі суғармалы алқаптар, мелиорацияланған жерлерді игеретін шаруашылықтардың өндірістік және әлеуметтік базасын жасау есебінен мелиорацияны одан әрі комплексті дамытуды;

— *(төртінші абзац)* жердің мелиорациялық жағдайын жақсарту, су шаруашылық жүйелерін пайдалануды жетілдіру, егіншіліктің интенсивті жүйелерін, индустриялық технологияларын, ауыл шаруашылық дақылдарының түсімін программалап өсіру, ғылыми негізделген ауыспалы егісті игеру, еңбекті ұйымдастырудың прогресті формаларын қолдану, мелиорацияланған жерлері бар шаруашылықтарды минералдық тыңайтқыштармен және қажетті ауыл шаруашылық техникасымен толық қамтамасыз ету негізінде таяудағы жылдарда қазіргі және жаңадан пайдалануға берілетін суғармалы жерлерден бірінші кезекте мол қайтарым алуды;

— суғармалы жерлерде жақсы өсетін және индустриялық технологиялардың талаптарына сай келетін ауыл шаруашылық дақылдарының жаңа сорттары мен будандарын өсіріп шығару жөніндегі жұмыстарды күшейтуді, жүгерінің гектарынан 120—130 центнер, күріштен — 60—80 центнер, тарыдан 35—40 центнер потенциалды өнім беретін, өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне төзімді будан сорттарын өндіріске енгізуді. Жүгерінің ерте пісетін және орташа мерзімде пісетін будандарын, көп жылдық шөптерді, овощ, бақша, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімнің жоғары өнімді сорттары мен будандарын өсіріп шығаруға айрықша назар аударсын. Республикамыздың әртүрлі аймақтары үшін жемшөп дақылдарынан жылына екі-үш рет өнім жинауға және әр гектарынан 10—15 тонна жемшөп өлшемін алуға мүмкіндік беретін технологиялар әзірлеп, енгізсін;

— суару жүйелерін қайта құру және олардың сумен қамтамасыз етілуін арттыру жөніндегі жұмыстарды суғармалы жерлердің мелиорациялануын жақсартып, күрделі тегістеу жұмыстарымен комплексті түрде жүргізуді;

— жұмыс істеп тұрған суару жүйелерінің техникалық жағдайын жақсарту жұмыстарын жүргізу көзделетін суғармалы жерлерді осы жұмыстарды атқару қамтамасыз етілетіндей көлемде жыл сайын босатып отыруды;

— жерді мелиорациялауға жұмсалатын күрделі қаржыны пайдаланудың тиімділігін арттырып, оны одан әрі шоғырландыруды, мелиорациялық объектілерді, сондай-ақ су шаруашылық құрылыс және пайдалану ұйымдарына арналған өндірістік базаларды жобалау мен салу сапасын жақсартуды;

— жұмыс істеп тұрған суару жүйелерін техникалық жетілдіру жөніндегі жұмыс комплексін жүргізуді;

— жаңадан іске қосылатын суғармалы жерлерді тиімді пайдалануға қажетті совхоздың өндірістік және өндірістік емес құрылысының техникалық деңгейі мен қарқыны жоғары болуын;

— су ресурстарының ұтымды әрі үнемді пайдаланылуын, жер үсті және жер асты суларын сарқылу мен ластанудан қорғауды, мелиорациялық шараларды жүргізуден жануарлар дүниесіне, әсіресе балық қорына зиян келтірілуін болдырмауды, экологиялық маңызы зор көлдер жүйесі мен басқа да территорияларды қорғауды.

3. Суғармалы жерлердің объектілерін, ауыл шаруашылық мақсаттағы магистральды су құбырларын, бөгендерді, насос станцияларын, гидротораптарды, су алатын және шаруашылықаралық, ішкі шаруашылық мақсаттағы басқа да құрылыстарды жобалау мен салу, соның ішінде оларды қайта құру жөніндегі, жұмыс істеп тұрған суару жүйелерінің техникалық жайын жақсарту жұмысын жүргізу жөніндегі заказ берушінің функциясы — Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, ал мелиорацияланған жерлерді игеретін совхоздардағы өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы объектілерді жобалау мен салу жөнінде — Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1986 жылдан бастап жылдық және бесжылдық жоспарларда ирригациялық-мелиорациялық шаралар мен мелиорацияланған жерлерді игеруге арнап Қазақ ССР Министрлер Советі жұмсайтын күрделі қаржы лимиттерін осы министрліктерге бөлуді көздеп отырсын.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі 1986—1990 жылдары СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің одақтық бағыныстағы асыл тұқым өсіру совхоздарында, оқу-тәжірибе және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында, сондай-ақ СССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігінің жүйесіндегі шаруашылықтарда суғармалы жерлерді пайдалануға беруді және суару жүйелерін қайта құру, оларды сумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізуді осы Министрлікке жерді мелиорациялауға арнап бөлінетін күрделі қаржы есебінен қамтамасыз етсін.

6. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі 1986—1990 жылдары, Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 10 марттағы № 117 қаулысымен белгіленгендей, көлемі 36 миллион гектар жайылымды суландыру және бұрын суландырылған жайылымдардағы су шаруашылық құрылыстарын қайта құру жөнінде жұмыс жүргізілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті сарқылмай тұрғанда шағын өзендердің суын, тасқын суларды кәдеге жарату, тоғандар мен апандар салу есебінен шағын мелиорацияның мүмкіндігін кеңінен пайдалансын. Қажет болған ретте осы мақсаттар үшін мелиорациялау отрядтарын құратын болсын.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі сортаң жерлерді игеру жөнінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 жылғы 22 августағы № 330 қаулысымен белгіленген тапсырманың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін.

9. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі қажет болған ретте 1985—1990 жылдары республикада аталған жұмыс-

тарды орындау үшін орман-мелиорация станцияларын құру туралы ұсынысты белгіленген тәртіп бойынша енгізсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі колхоздар мен совхоздардың жерлерінде қорғаныш орман алқаптарын жасауға арналған жобалау-смета документтемесі әзірленуін, орман шаруашылығы кәсіпорындарымен шарттар жасалуын және оларға осы мақсаттарға арналған жерлердің уақтылы бөлінуін, сондай-ақ аталған орман алқаптарын малдың таптауынан 3—5 жыл бойы қорғауды қамтамасыз етсін.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі және «Главриссовхозстрой»:

— өнімі программаланған ауыл шаруашылық дақылдарын өсірумен шұғылданатын совхоздар мен колхоздарға ауыл шаруашылық техникасы мен транспорт құралдарын бекітілген нормативтерге сәйкес бөліп отырсын;

— колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары үшін суғармалы жердің әр гектарына кемінде 330—350 килограмнан келетіндей есеппен (әсерлі зат түрінде) минералдық тыңайтқыш бөлінуін қамтамасыз етсін;

— Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1985—1990 жылдары ведомстволық оқу-курс комбинаттары мен орта кәсіптік-техникалық училищелерде жаңбырлатқыш машиналардың операторларын, насос станцияларының машинистерін және мелиорацияланған жерлерде жұмыс істейтін басқа да бұқаралық кәсіптер кадрларын қажетті мөлшерде даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастырсын.

12. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, «Главриссовхозстрой», Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті және «Фрегат» жаңбырлатқыш машиналарының Қазақ республикалық өндірістік-монтаждау базасы колхоздарда, совхоздарда және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында ішкі шаруашылық мелиорация жүйелерін, гидротехникалық құрылыстарды, насос станцияларын, жаңбырлатқыш машиналарды, суару қондырғыларын жөндеуді және оларға техникалық күтім жасауды, пайдалану үшін суғармалы жерлерде жер тегістеуді және басқа агромелиорациялық шараларды жыл сайын мелиорация жүйелерін тексеру негізінде анықталатын көлемде жүргізуді қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 1986—1990 жылдары шаруашылықаралық және ішкі шаруашылық мелиорация жүйелерін жөндеу жөніндегі жұмыстардың көлемін экономикалық және әлеуметтік дамудың жылдық жоспарларының көрсеткіштеріне енгізіп отырсын.

13. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1986—1990 жылдарға арналған жоспарларда су шаруашылық объектілерін, ауыл шаруашылық мақсаттағы топтық су құбырларын, су таратын жүйелер мен скважиналар салу үшін, мелиорация жүйелері мен ауыл шаруашылық сумен жабдықтау объектілерін пайдалану жөніндегі жұмыстарды орындау үшін насос-қуат беру жабдықтарын, болат және

шойын ысырмаларды, құбырларды, өнеркәсіптік құбыр-түтік арматурасын, электр жабдықтарын, кабель өнімдерін және басқа материалдық-техникалық ресурстарды осы жұмыстардың программасын орындау қамтамасыз етілетіндей мөлшерде бөлуді көздеп отыратын болсын.

14. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі отандық өндірістегі және импорт бойынша келіп түсетін насос және электр-қуат беру жабдықтарын, автомобильдерді, автобустарды, автокрандарды және олардың агрегаттары мен тораптарын күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстар СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың заявкаларында көзделген көлемде орындалуын қамтамасыз етсін.

15. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне бөлінген мемлекеттік күрделі қаржы есебінен Алматы қаласындағы әкімшілік үйді қайта құруды жүзеге асыру осы Министрлікке рұқсат етілсін.

16. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен «Главриссовхозстрой» Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Семей, Солтүстік Қазақстан және Орал облыстарында «Фрегат» жаңбырлатқыш машиналарының мамандандырылған өндірістік-монтаждау базаларын жобалау мен салуды, сондай-ақ «Фрегат» және «Кубань» жаңбырлатқыш машиналарын пайдаланатын мамандар даярлау үшін Алматы қаласында оқу комбинатын құруды жеделдетсін.

## Қазақ ССР-інде 2000 жылға дейін жерді мелиорациялауды одан әрі дамытудың негізгі бағыттары туралы

17. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, «Главриссовхозстрой», Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттері, жергілікті партия және совет органдары, аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер, ауыл шаруашылық және су шаруашылық ұйымдары:

— мелиорацияланған жерлерді пайдаланудағы жетекші бағыт ретінде жемшөп өндіруді дамыту үшін суғарылатын жерлердің одан әрі кеңейтілуін, бұл жерлерде астық, негізінен жүгері, техникалық дақылдар, овощ, жеміс және жүзім өндірудің ұлғайтылуын, жүгерінің, бедеңнің, қант қызылшасы мен соянның тұқым шаруашылығының кепілді базасы құрылуын қамтамасыз етсін;

— 1990 жылға дейін ірі мал шаруашылығы комплекстері жанында тұрақты жемшөп базасын және ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары төңірегінде овощ пен ерте пісетін картоп кепілді түрде өндірілетін аймақтар жасау үшін суару жүйелері салынуын негізінен аяқтасын;

— Алматы, Талдықорған, Жамбыл және Шымкент облыстарында суғармалы жерлерде жүгері дәні тұрақты өндірілетін аймақтар құрып, мамандандырылған совхоздар ұйымдастырсын.

18. Республикада жерді мелиорациялаудың ұзақ мерзімді программасын жүзеге асыру жөнінде 2000-шы жылға дейінгі кезеңге арналған мынадай негізгі міндеттер белгіленсін:

*(үшінші абзац)* Жетісу өзендері атырабында Ақдала алқабының құрылысын және оның жерлерін игеруді аяқтау, Бартоғай, Бестөбе бөгендері базасындағы және Үлкен Алматы каналы аймағындағы жерлерді суғару мен игеруді, сондай-ақ Алматы облысында суғарылатын Қарой

алқабы, Талдықорған облысында суғарылатын Ново-Антоновка, Ащылыөзек, Әшір және Солжаға Тентек алқабы, Қызылағаш, Покатиловка, Биен, Шаңғарақ және басқа бөгендер құрылысын жүзеге асыру;

— суғару негізінде астық, жемшөп және басқа ауыл шаруашылық өнімдері кепілді түрде өндірілетін ірі аймақ жасау үшін Ертіс өзені атырабында кең көлемді жұмыстар жүргізіп, суғарылатын жер көлемін 600—700 мың гектарға жеткізу. Семей облысында Бескарағай, Жаңасемей және Шульба суғармалы алқабының, Павлодар облысында Солжаға Павлодар алқабының, Лебяжье, Железинка, Белогорск, Қамза суару жүйелерінің, Шығыс Қазақстан облысында Кендірлік, Құлынды, Күршім суару жүйелерінің құрылысы жүзеге асырылсын;

— Екібастұз, Қарағанды — Теміртау және Жезқазған өнеркәсіп аудандарының халқын овощпен және мал шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін Ертіс — Қарағанды — Жезқазған каналы аймағында су және жер ресурстарын толық игеру;

— Сырдария өзені атырабында Қызылқұм, Келес, Қызылорда, Түгіскен, Жаңақорған — Шиелі және Қазалы суғармалы алқабының жерлерін суғару мен игеруді, сондай-ақ Жаңадария мен Куандарияның тармақтары жайылмасында суғармалы учаскелер құрылысын жалғастыра беріп, Сырдария өзені атырабының су ресурстарын комплексті пайдалану мен қорғау схемасында көзделгеніндей суғармалы жер көлемін 780 мың гектарға дейін жеткізу. Суарылатын жерлерді одан әрі кеңейтуді суару жүйелерінің пайдалы іс-әрекеті коэффициентін арттыру, су ресурстарын үнемді жұмсау, ауыл шаруашылық дақылдары егістігінің құрылымын жақсарту, тастанды және коллектор-дренаж суларын пайдалану есебінен жүзеге асырсын;

— Шу, Талас және Асы өзендері атырабында Тасөткел суғармалы алқабының құрылысы, Шу мен Талас өзендерінің төменгі сағасындағы жерлерді игеру, сондай-ақ Шөміш, Ырғайты және Қазықты бөгендерін салу жолымен суғармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуін арттыру жөніндегі жұмысты аяқтау;

— суару жүйелерін қайта құрып, олардың сумен қамтамасыз етілуін арттыру жұмысын мелиорациялық жақсартумен және күрделі тегістеумен бір комплексте кең көлемде жүргізіп, суару жүйелерінің пайдалы іс-әрекеті коэффициентін 0,75—0,8-ге дейін жеткізу. Аталған жұмыстар бірінші кезекте бұрыннан суғарылып келе жатқан оңтүстік аймақтарда жүргізілсін;

— жер асты суларын пайдалану негізінде суғармалы учаскелер жасау жөніндегі жұмысты жалғастырып, олардың көлемін шағын өзендердің су ресурстары есебінен де 175—200 мың гектарға дейін жеткізу;

— 1990—1993 жылдары жайылымдарды суландыруды негізінен аяқтап, бұрын суландырылған жайылымдарда су шаруашылық құрылыстарын қайта құру жөніндегі жұмысты кең көлемде жүргізу;

— топтық және ішкі поселкелік су құбырлары жүйесін әсіресе республиканың оңтүстік облыстарында одан әрі дамыту есебінен селолық елді мекендердің кемінде 70—75 проценті орталықтандырылған сумен жабдықталуын қамтамасыз ету.

19. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі, «Главриссовхозстрой» және облыстық атқару комитеттері 1986—2000-шы жылдары мелиорацияда суғармалы жерлер мен су ресурстарын тиімді пайдалануға, суару мен мелиорация жүйелерін салуда еңбек өнімділігін арттырып, материалдық, шикізат және отын-энергетика ресурстарын үнемдеуге бағытталған ғы-

лыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі шаралар комплексін әзірлеп, жүзеге асырсын, оларда мыналарды қамтамасыз ету ескерілетін болсын:

— жаңбырлатудың жаңа кең алымды машиналарын қолдануды, сондай-ақ жердің беткі қабатын суаруды комплексті механикаландыруды, тамшылата, синхронды-импульсті суару және әуелете суару жүйелерін салуды, сондай-ақ қысымға төзімді темір-бетон, асбест-цемент және пластмасса трубалары қолданылатын жабық су жүйелерін, топтық және ішкі поселкелік құбырларды, су айдайтын блокты-комплектілі насос станциялары мен суға батырылатын моноблокты насостары бар насос станцияларын салуды ұлғайту;

— микропроцессорлы техника мен электронды-есептеу микро машиналары пайдаланылатын агрономиялық-метеорологиялық параметрлер бойынша су шаруашылық жүйелерін басқарудың автоматтандырылуын дамыту, информациялық-кеңес беру жүйелері мен информация жинаудың дистанциялық әдістерін қолдануды ұлғайту;

— өзендер атыраптарының су шаруашылық комплекстерін басқарудың автоматтандырылған жүйелерін және оларды пайдалануға арналған мамандандырылған қызметтер құру;

— үздіксіз жұмыс істейтін жоғары өнімді техника, бетон төсейтін комплекстер мен траншеясыз дренаж төсегіштер, заводта толық әзір етілген ірі блоктар, жұмысты ұйымдастыру мен жүргізудің жаңа әдістері қолданылуын ұлғайту жолымен су шаруашылық құрылысын және жөндеу-пайдалану жұмыстарын одан әрі механикаландыру;

— топырақ-мелиорация жағдайы күрделі суғармалы алқаптар жасаған кезде жатық жабық дренажды қолдану.

20. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі мен «Главриссовхозстрой» жерді мелиорациялау және оны пайдалану мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары одан әрі дамытылуын қамтамасыз етіп, ғылыми-зерттеу институттарының назарын:

— мелиорацияланған жерлерде ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің индустриялық технологияларын әзірлеуге, суару жұмысы механикаландырылған және су бөлу мен суды есепке алу автоматтандырылған мелиорация жүйелерін, мелиорацияланған жерлерде топырақтың су-тұз режимін комплексті реттеудің технологиясы мен құралдарын енгізуге;

— су ресурстарын ұтымды әрі үнемді пайдалану, оларды ластану мен сарқылудан қорғау, өзендердің суын территория бойынша қайта бөлу жөнінде ұсыныстар дайындауға шоғырландырсын.

22. Республикалық және жергілікті газеттердің редакциялары, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті мелиорациялық құрылыстағы жетістіктерді және СССР-дің Азық-түлік программасын жүзеге асырудағы оның тиімділігін баспасөзде және кино, радио мен телевизия құралдары арқылы баяндап отыруды қамтамасыз етсін.

* * *

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жерді мелиорациялауды дамытудың белгіленген программасын республиканың барлық еңбекшілері елдің халқын тамақ өнімдерімен қамтамасыз етудің және осының негізінде совет халқының әл-ауқатын арттырудың жауынгерлік программасы ретінде қарсы ала-

тынына кәміл сенім білдіреді. Республиканың партия, совет, ауыл шаруашылық және су шаруашылық органдары, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық еңбекшілері егіншілік мәдениетін көтеру, мелиорацияланған жерлерді пайдалану тиімділігін арттыру, дәнді, жемшөптік және басқа ауыл шаруашылық дақылдарынан мол әрі тұрақты өнім алу жолындағы күреске бұрынғыдан да белсендірек қосылуы қажет.

## ҚАЗАҚ ССР-ІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ СОРТТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК СЫНАУ МЕН АУДАНДАСТЫРУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1981 жылғы 11 июньдегі № 271 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 15, 41-ст.)**

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының және Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Заңдары жинағының мәселелері» жайындағы 1978 жылғы 29 декабрьдегі № 485 қаулысына (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 3, ст. 6) сәйкес және СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын мемлекеттік сынау мен аудандастыру туралы» 1981 жылғы 11 майдағы № 448 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық және аудандық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мыналарды қамтамасыз етсін:

мемлекеттік сорт сынау учаскелеріне сорт сынау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруда және олардың қызметі үшін қалыпты жағдайлар жасауда колхоздардың, совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының көмек көрсетуін;

колхоздарда, совхоздарда және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында ұйымдастырылған мемлекеттік сорт сынау учаскелері үшін оларға қажетті ауыл шаруашылық техникасы, минералдық тыңайтқыштар мен улы химикаттар, сондай-ақ құрылыс материалдары бөлінуін;

тиісті су шаруашылық ұйымдарының мемлекеттік сорт сынау станциялары мен учаскелеріне суды барлық егістікті суару үшін қажетті мөлшерде дер кезінде беріп тұруын;

мемлекеттік сорт сынау станциялары мен учаскелерін, сондай-ақ сыналатын сорттарға сапалық баға беретін лабораторияларды мамандармен және басқа қызметкерлермен толықтыруды.

2. Қазақ ССР-інің облыстары бойынша ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын аудандастыруға арналған топырақ-климат аймақтары соларға әкімшілік аудандар жатқызыла отырып № 1 қосымшаға сәйкес, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Қазақстанның бау мен жүзім шаруашылығы аймақтары № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қажет болған ретте бұл аймақтарды облыстық атқару комитеттері

---

[1] 4-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3-пункт СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 11 майдағы № 448 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

СССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиямен келісіп алғаннан кейін ішінара өзгерте алады деп белгіленсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1981 жылғы 11 июньдегі*
*№ 271 қаулысына*
*№ 1 ҚОСЫМША*

## ҚАЗАҚ ССР-інің ОБЛЫСТАРЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ СОРТТАРЫН АУДАНДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТОПЫРАҚ-КЛИМАТ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ СОЛАР БОЙЫНША ӘКІМШІЛІК АУДАНДАРДЫ БӨЛУ

### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**I. Гумустылығы шамалы қара және күңгірт қызыл қоңыр топырақты далалы.** Ақтөбе («Қарғалы» совхозынан, Ақтөбе құс фабрикасы мен Ақтөбе аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінен басқалары), Алға («Земледелец» және «Красный колос» колхоздары), Комсомол («Басқұдық», Жанкелдин атындағы және «Жабасақ» совхоздарынан басқалары), Ленин, Мартөк, Новороссийское (Жанкелдин атындағы, Жданов атындағы, «Искра», Киров атындағы колхоздар; «Новотроицкий» совхозы, Новороссийское аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі), Қобда (Ильич атындағы, Калинин атындағы, «Красный пахарь», «Октябрьдің 40 жылдығы» колхоздары) аудандары.

**II. Күңгірт қызыл қоңыр және қызыл қоңыр топырақты қуаң далалы.** Ақтөбе («Қарғалы» совхозы, Ақтөбе құс фабрикасы, Ақтөбе аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі), Алға (I аймаққа кірген шаруашылықтардан басқалары), Исатай, Қарабұтақ («Бөгетсай», «Тасөткел», Т. Г. Шевченко атындағы совхоздар, Қарабұтақ аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі), Новороссийское (I аймаққа кірген шаруашылықтардан басқалары), Октябрь («Ақтөбе», Димитров атындағы, «Победа» және «Пролетарий» совхоздары), Темір (Ленин атындағы және «Дружба» совхоздары), Қобда (I аймаққа кірген шаруашылықтардан басқалары) аудандары.

III. **Бозғылт қызыл қоңыр топырақты шөлейт.** Қарабұтақ («Аққөл», XX партсъезд атындағы және «Талдық» совхоздары), Комсомол («Басқұдық», Жанкелдин атындағы және «Жабасақ» совхоздары), Мұғаджар, Октябрь (II аймаққа кірген шаруашылықтардан басқалары), Темір (II аймаққа кірген шаруашылықтардан басқалары), Ойыл аудандары.

IV. **Қоңыр және сұр қоңыр топырақты шөлді.** Байғанин, Ырғыз, Шалқар аудандары.

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

I. **Таулы.** Жамбыл, Қаскелең, Кеген, Нарынқол, Талғар, Еңбекшіқазақ, Шелек аудандары таулы бөлігінің тәлімі жерлері.

II. **Тау етегіндегі.** Жамбыл, Қаскелең, Кеген, Нарынқол, Талғар, Ұйғыр, Шелек және Еңбекшіқазақ аудандарының тау етегіндегі бөліктерінің тәлімі және суармалы жерлері.

III. **Бозғылт қызыл қоңыр және сұр топырақты суармалы.** Балқаш,

Жамбыл, Іле, Қаскелең, Кеген, Күрті, Талғар, Үйғыр, Шелек және Еңбекшіқазақ аудандарының суармалы жерлері.

IV. **Сұр топырақты тәлімі.** Балқаш, Жамбыл, Іле, Қаскелең, Кеген, Күрті, Талғар, Үйғыр және Еңбекшіқазақ аудандарының тәлімі және шартты-суармалы жерлері.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

I. **Шалғындық-далалық таулы.** Қатонқарағай ауданы және Серебрянск қалалық атқару комитетіне бағынысты селолық жерлер, Большенарым, Глубокое, Зырян, Күршім, Марқакөл, Шемонаиха аудандарының биік таулы және таулы бөлігі.

II. **Тау етегіндегі далалы.** Глубокое, Самар, Ұлан және Шемонаиха аудандарының тау етегіндегі бөлігі.

III. **Қуаң далалы аңғарлы.** Большенарым, Зырян, Күршім, Марқакөл және Самар аудандарының аңғарлы бөлігі.

IV. **Қуаң далалы ұсақ шоқылы.** Таврия ауданы мен Самар, Ұлан және Шемонаиха аудандарының далалы бөлігі.

V. **Шөл далалы (суармалы).** Зайсан, Тарбағатай аудандары, Күршім және Марқакөл аудандарының суармалы жерлері.

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

I. **Суармалы.** Облыстың суармалы жерлері.

II. **Тау етегіндегі тәлімі.** Жамбыл, Қордай, Луговой, Мерке, Мойынқұм, Свердлов, Талас және Шу аудандарының тау етегі-жазық бөлігі.

III. **Тау бөктеріндегі тәлімі.** Қордай, Красногор, Мойынқұм және Шу аудандарының тау бөктеріндегі бөлігі.

IV. **Биік тау қырқасындағы тәлімі.** Жуалы ауданы мен Жамбыл, Сарысу және Талас аудандарының таулы бөлігі.

## ЖЕЗҚАЗҒАН ОБЛЫСЫ

I. **Шөлейт.** Ақадыр («Көктенкөл», «Успенка» совхоздары), Ақтоғай («Қызыл арай», «Қоңырат» совхоздары), Жаңаарқа және Шет аудандары.

II. **Шөлді.** Ақадыр («Көктенкөл» және «Успенка» совхоздарынан басқалары), Ақтоғай («Қызыл арай», «Қоңырат» совхоздарынан басқалары), Жезді, Приозерное, Ұлытау аудандары.

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

I. **Ұсақ шоқылы далалы.** Нұра, Осакаровка, Тельман, Ульянов («Красный Октябрь», Буденный атындағы және XX партсъезд атындағы совхоздардан басқалары), Молодежный, Мичурин аудандары.

II. **Таулы-шоқылы далалы.** Егіндібұлақ, Қарқаралы, Талды, Ульянов («Красный Октябрь», Буденный атындағы және XX партсъезд атындағы совхоздар) аудандары.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

I. **Қазалы.** Арал және Қазалы аудандары.

II. **Қармақшы.** Жалағаш және Қармақшы аудандары.

III. **Сырдария.** Сырдария және Тереңөзек аудандары.

IV. **Шиелі.** Шиелі және Жаңақорған аудандары.

## КӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫ

I. **Далалы.** Уәлиханов, Қызылту, Красноармеец, Көкшетау («Красный яр», «Күсеп», «Раздольный», «Садовый», «Көкшетау» совхоздары), Ленин, Ленинград, Рузаевка («Бірлік», «Возвышенка», СССР-дің 50 жылдығы атындағы совхоздар), Келлер, Куйбышев, Чкалов, Чистополье, Еңбекшілдер («Восточный», КПСС XXIII съезі атындағы, «Жамбыл», «Донской», «Краснофлот», «Кенащы», «Мәдениет», «Щорс», «Мамай» совхоздары, Невский аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі) аудандары.

II. **Орманды далалы.** Володар («Айыртау», «Заветы Ильича», «Каменоброд», «Карасевка», «Қазақстан», «Лавровский», «Светлый», «Сырымбет», «Шалқар», «Бұрлық» совхоздары. Володар және Қазақстан аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестіктері), Көкшетау («Бұлақ», «Қызылсай», «Молодежный», КПСС XXIV съезі атындағы, Сәкен Сейфуллин атындағы, «Симферополь» совхоздары, Көкшетау аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі), Рузаевка («Привольный», «Парижская коммуна», «Шарық», «Уәлиханов», КПСС XXV съезі атындағы совхоздар, Рузаевка мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы, Рузаевка аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі) аудандары.

III. **Таулы-шоқылы.** Арықбалық, Володар («Комаров», «Кутузов» совхоздары), Зеренді, Көкшетау («Приреченский» совхозы және № 47 Көкшетау жылқы заводы), Щучинск, Еңбекшілдер («Искра», «Прогресс», «Заурал» совхоздары) аудандары.

## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

I. **Кәдімгі қара топырақты орманды-далалы.** Боровской, Комсомол («Қарабалық» және «Есенкөл» совхоздарынан басқалары), Ленин, Урицкий (Чехов атындағы, Тимирязев атындағы, «Лесной», «Барвиновка», «Веселый Подол», «Урицкий», «Тагильский комсомолец», «Ленинград», «Краснодон», «Сорочинка», «Севастополь» совхоздары) және Федоровка («Воронеж», «Первомай», «Қоржынкөл», «Украина» совхоздары мен КПСС XXIII съезі атындағы совхоздың оңтүстік бөлігінен басқалары) аудандары.

II. **Оңтүстіктегі қара топырақты далалы.** Жітіқара («Большевик», «Пригородный», Чайковский атындағы совхоздар), Қарасу («Аманкелді», «Құшмұрын», «Қойбағар» совхоздарынан басқалары), Комсомол («Қарабалық» және «Есенкөл» совхоздары), Қостанай («Организатор», «Затобол» совхоздарынан басқалары), Орджоникидзе («Тобыл», Тельман атындағы, «Покровский» совхоздарынан басқалары), Таран («Колос», «Николаевка», Майлин атындағы, «Таран», «Рассвет» совхоздары), Урицкий («Новоалексеевка», Жданов атындағы, Лермонтов атындағы, Докучаев атындағы, «Крылов» совхоздары) және Федоровка («Воронеж», «Первомай», «Қоржынкөл», «Украина» совхоздары мен КПСС XXIII съезі атындағы совхоздың оңтүстік бөлігі) аудандары.

III. **Күңгірт қызыл қоңыр топырақты далалы.** Жітіқара («Большевик», «Пригородный», Чайковский атындағы совхоздардан басқалары), Қамышное, Қарасу («Аманкелді», «Құшмұрын» және «Қойбағар» совхоздары), Қостанай («Организатор», «Затобол» совхоздары), Наурызым, Орджоникидзе («Тобыл», Тельман атындағы, «Покровский» совхоздары), Семиозерное және Таран («Колос», «Николаевский», Майлин атындағы, «Таран», «Рассвет» совхоздарынан басқалары) аудандары.

## ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

I. **Солтүстік.** Баянауыл, Железинка, Ертіс, Қачиры («Байғоныс» және «Песчанка» совхоздарынан басқалары), Краснокутск («Спартак» және «Октябрьдің 25 жылдығы» совхоздарынан басқалары), Успенка («Маяк» КПСС XXI съезі атындағы, «Заря коммунизма», «Путь Ильича», Октябрьдің 40 жылдығы атындағы және Панфилов атындағы колхоздар), Екібастұз («Өлеңті», «Аққөл», «Екібастұз», «Қарасу», «Степной», «Байет» совхоздары) аудандары.

II. **Оңтүстік.** Ермак, Қачиры («Байғоныс» және «Песчанка» совхоздары), Краснокутск («Спартак» және «Октябрьдің 25 жылдығы» совхоздары), Лебяжье, Май, Павлодар, Успенка («Маяк», КПСС XXI съезі атындағы, «Заря коммунизма», «Путь Ильича», Октябрьдің 40 жылдығы атындағы және Панфилов атындағы колхоздардан басқалары), Шарбақты, Екібастұз («Сарықамыс», КПСС XXII съезі атындағы, «Комсомол» совхоздары) аудандары.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

I. **Солтүстік орманды-дала.** Булаево (солтүстік бөлігі), Мамлютка (солтүстік бөлігі), Соколовка аудандары.

II. **Оңтүстік орманды-дала.** Бескөл, Булаево (оңтүстік бөлігі), Жамбыл (солтүстік-шығыс бөлігі), Ленин, Мамлютка (оңтүстік бөлігі), Пресновка, Сергеевка (солтүстік-шығыс бөлігі), Совет (солтүстік бөлігі) аудандары.

III. **Қоңыржай қуаң дала.** Возвышенка, Жамбыл («Қайранкөл», «Озерный», «Украина» совхоздары), Москва, Сергеевка («Городецкий», «Октябрь», «Юбилейный» совхоздары), Совет (СССР-дің 50 жылдығы атындағы, «Путь Ильича», «Черкасск» совхоздары, облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы және Ленин атындағы колхоз), Тимирязев аудандары.

## СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ

I. **Жазық далалы.** Бесқарағай, Бородулиха, Жаңасемей және Новошульба аудандары.

II. **Үсақ шоқылы-далалы.** Абай, Ақсуат, Жарма, Көкпекті және Шар аудандары.

III. **Тау етегіндегі.** Аякөз, Мақаншы, Үржар және Шұбартау аудандары.

## ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ

I. **Таулы.** Андреев, Гвардия, Қапал, Киров, Сарқант және Талдықорған аудандары таулы бөліктерінің тәлімі жерлері.

II. **Тау етегіндегі.** Алакөл, Андреев, Гвардия, Қапал, Киров, Кербұлақ, Панфилов, Сарқант және Талдықорған аудандарының тау етегіндегі бөлігінің тәлімі жерлері.

III. **Жоңғар Алатауының суармалы.** Ақсу, Қапал, Қаратал, Кербұлақ, Киров, Панфилов, Сарқант және Талдықорған аудандарының суармалы жерлері.

IV. **Алакөл жазығының суармалы.** Алакөл, Андреев, Бөрлітөбе аудандарының суармалы жерлері, Ақсу және Сарқант аудандарының төменгі солтүстік-батыс бөлігі.

V. **Сұр топырақты тәлімі.** Ақсу, Алакөл, Андреев, Бөрлітөбе, Гвар-

дия, Қапал, Қаратал, Кербұлақ, Киров, Панфилов, Сарқант және Талдықорған аудандары бөліктерінің сұр топырақты тәлімі жерлері.

## ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ

I. **Қара топырақты.** Есіл, Жақсы және Октябрь аудандарының солтүстік бөліктері.

II. **Күңгірт қызыл қоңыр топырақты.** Державин (солтүстік бөлігі), Есіл (солтүстік бөлігінен басқасы), Жақсы (солтүстік бөлігінен басқасы), Октябрь (солтүстік бөлігінен басқасы), Қима аудандары.

III. **Қызыл қоңыр, бозғылт қызыл қоңыр және қоңыр топырақты.** Аманкелді, Арқалық, Державин (солтүстік бөлігінен басқасы), Жанкелдин және Жаңадала аудандары.

## ОРАЛ ОБЛЫСЫ

I. **Сырт (астықты-мал шаруашылығындық).** Бөрілі, Жымпиты («Правда» газеті атындағы совхоз, «Қызыл ту» колхозы), Зеленый (Янайкин мамандандырылған шаруашылық бірлестігінен басқасы), Каменка (Қазақ ССР-інің 40 жылдығы атындағы, Крупская атындағы, «Степной» совхоздарынан басқалары), Приурал, Теректі, Чапаев («Еңбек» совхозы) және Шыңғырлау аудандары.

II. **Сырт етегіндегі (мал шаруашылығындық-егіншілік).** Жымпиты («Тасқұдық», «Жымпиты», «Жосалы», XXII партсъезд атындағы және «Бұлдырты» совхоздары), Жәнібек («Свердлов», «Таловка» совхоздары), Зеленый (Янайкин мамандандырылған шаруашылық бірлестігі), Каменка (Қазақ ССР-інің 40 жылдығы атындағы, Крупская атындағы және «Степной» совхоздары), Қаратөбе («Қоскөл» совхозы), Чапаев («Лбищенское», Батурин атындағы совхоздардан басқалары) және Жаңадала аудандары.

III. **Прикаспий ойпаты (мал шаруашылығындық).** Жымпиты (Абай атындағы және «Қособа» совхоздары), Жәнібек («Свердлов» және «Таловка» совхоздарынан басқалары), Казталовка, Қаратөбе («Қоскөл» совхозынан басқалары), Тайпақ, Фурманов, Чапаев («Лбищенское», Батурин атындағы совхоздар), Жаңақала және Орда аудандары.

## ЦЕЛИНОГРАД ОБЛЫСЫ

I. **Қара топырақты.** Балкашино, Вишневка (солтүстік-шығыс бөлігі), Макинка және Мариновка (солтүстік бөлігі) аудандары.

II. **Күңгірт қызыл қоңыр топырақты.** Алексеевка, Астраханка, Атбасар (солтүстік бөлігі), Вишневка (солтүстік-шығыс бөлігінен басқасы), Ерейментау (шығыс бөлігінен басқасы), Мариновка (оңтүстік бөлігі), Целиноград және Шортанды аудандары.

III. **Қызыл қоңыр топырақты.** Атбасар (оңтүстік бөлігі), Ерейментау (шығыс бөлігі), Краснознаменское, Қорғалжын және Сілеті аудандары.

## ШЫМКЕНТ ОБЛЫСЫ

I. **Сарыағаш.** Қызылқұм («Қожатоғай» совхозы), Сарыағаш, Шардара және Келес аудандары.

II. **Тау етегіндегі.** Алғабас («Прогресс», КПСС XXII съезі атындағы совхоздар), Ленгер, Ленин («Күйік», Жданов атындағы, «Шанақ» совхоздарынан басқалары), Сайрам («Ленинский путь», Киров атын-

дағы, Свердлов атындағы колхоздар), Созақ («Құмкент» совхозы) және Түлкібас аудандары.

III. **Орталық.** Бөген (XXI партсъезд атындағы және «Шымкент» совхоздары), Сайрам (Свердлов атындағы және «Ленинский путь» колхоздарынан басқалары) аудандары.

IV. **Түркстан суғармалы.** Қызылқұм («Талапты», «Арыс» совхоздары), Түркстан аудандары.

V. **Шөлейт.** Алғабас («Прогресс» және КПСС XXII съезі атындағы совхоздардан басқалары), Бөген (XXI партсъезд атындағы және «Шымкент» совхоздарынан басқалары), Қызылқұм («Қожатоғай», «Талапты», «Арыс» совхоздарынан басқалары), Ленин («Күйік», Жданов атындағы, «Шанақ» совхоздары), Созақ («Құмкент» совхозынан басқалары) аудандары.

VI. **Оңтүстік.** Жетісай, Киров және Мақтаарал аудандары.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1981 жылғы 11 июньдегі*
*№ 271 қаулысына*
*№ 2 ҚОСЫМША*

## ОҢТҮСТІК, ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАУ ЖӘНЕ ЖҮЗІМ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЙМАҚТАРЫ

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

I. **Тау бөктеріндегі.** Қаскелең, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарындағы, сондай-ақ Шелек ауданының «Қазақстан» совхозындағы теңіз деңгейінен 1100 метрден 1500—1600 метрге дейінгі биіктіктегі таулы жерлер алқабы.

II. **Тау баурайындағы.** Теңіз деңгейінен 900 метрден 1100 метрге дейінгі биіктікте орналасқан жерлер. Бұл аймақ Жамбыл, Қаскелең, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарындағы жерлер мен Шелек ауданы жерлерінің батыс бөлігін қамтиды.

III. **Тау етегіндегі.** Жамбыл, Қаскелең, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарының теңіз деңгейінен 750 метрден 900 метрге дейінгі биіктіктегі жерлерінің жіңішке жалдары.

IV. **Жазық-далалы.** Жамбыл, Қаскелең, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарында теңіз деңгейінен 600 метрден 750 метрге дейінгі биіктікте орналасқан суғармалы жерлер (тұтынылатын бау шаруашылығы аймағы).

V. **Оңтүстік-шығыс.** Шелек және Ұйғыр аудандарының суғармалы жерлері.

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

**Зайсан қазан шұңқырының жеміс аймағы.**

### ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

I. **Тау бөктеріндегі.** Қордай, Мерке аудандарының теңіз деңгейінен 1200 метрден 1400 метрге дейінгі биіктіктегі таулы жерлері.

II. **Тау баурайындағы.** Қордай, Мерке аудандарының және Луговой ауданының шығыс бөлігінің теңіз деңгейінен 900 метрден 1200 метрге дейінгі биіктіктегі жерлері.

III. **Тау етегіндегі.** Жамбыл, Қордай, Мерке, Луговой және Свердлов аудандарының теңіз деңгейінен 650 метрден 900 метрге дейінгі биіктіктегі жерлері.

IV. **Жазық.** Жамбыл, Свердлов, Қордай, Мерке және Луговой аудандарының теңіз деңгейінен 650 метрден төмен биіктікте орналасқан жерлері (тұтынылатын бау шаруашылығы аймағы).

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

I. **Оңтүстік (Шиелі).** Шиелі, Жаңақорған аудандары.

II. **Орталық (Қызылорда).** Сырдария, Жалағаш, Тереңөзек аудандары.

III. **Солтүстік-батыс (Қазалы).** Қармақшы, Қазалы аудандары.

## СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ

**Үржар жеміс аймағы.** Үржар, Мақаншы аудандары.

## ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ

I. **Тау бөктеріндегі.** Сарқант, Андреев және Алакөл аудандарындағы теңіз деңгейінен 1100 метрден 1400 метрге дейінгі биіктіктегі жерлер тілкемі.

II. **Тау баурайындағы.** Теңіз деңгейінен 900 метрден 1100 метрге дейінгі биіктікте орналасқан жерлер. Бұл аймақ Сарқант, Андреев және Талдықорған аудандары жерлерінің едәуір көлемін қамтиды.

III. **Тау етегіндегі.** Сарқант, Андреев және ішінара Талдықорған аудандарының теңіз деңгейінен 700 метрден 900 метрге дейінгі биіктікте орналасқан жерлері.

IV. **Оңтүстік-шығыс.** Панфилов ауданының суғармалы жерлері.

## ШЫМКЕНТ ОБЛЫСЫ

I. **Таулы.** Ленин, Түлкібас, Ленгер аудандарының теңіз деңгейінен 800 метрден 1500 метрге дейінгі биіктіктегі таулы жерлері.

II. **Тау етегіндегі.** Ленин, Сайрам, Түлкібас, Бөген, Түркстан, Ленгер, Алғабас аудандарының теңіз деңгейінен 600 метрден 800 метрге дейінгі биіктіктегі жерлері.

III. **Орталық.** Ленин және Сайрам аудандарында теңіз деңгейінен 600 метрден төмен биіктікте орналасқан жерлер.

IV. **Оңтүстік.** Сарыағаш, Келес, Шардара, Киров, Мақтаарал, Жетісай аудандарының жерлері, Бөген және Түркстан аудандары батыс бөлігінің жерлері.

# ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ АРАЛЫҚ САҚТЫҚ ТҰҚЫМ ҚОРЛАРЫН ЖАСАУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 18 майдағы № 327 ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 10, 48-ст.)

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Дәнді дақылдардың шаруашылық аралық сақтық тұқым қорларын жасау туралы» 1970 жылғы 27 марттағы № 203 қаулысын орындау үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Дәнді дақылдардың жоғары сапалы тұқым қорларын жасауда қатаң тәртіп орнату республиканың партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының, сондай-ақ колхоздарының, совхоздарының және басқа да мемлекеттік шаруашылықтарының басты міндеттерінің бірі деп саналсын. Бұл қорларды құйғанда әрбір шаруашылықтың алдағы жылғы егіс үшін тұқымға деген керексінуін толық қанағаттандыру, егістерді аудандастырылған сорттардың сұрыпталған тұқымдарымен ғана қамтамасыз ету, стихиялық апат жағдайына арналған жыл сайын жаңартылатын сақтық тұқым қорларын тиісті мөлшерде жасау қажеттігі ескерілсін.

2. *(Төртінші абзац)* Дәнді дақылдардың шаруашылық аралық сақтық тұқым қорлары әрбір шаруашылықтан астық қабылдайтын кәсіпорындарға астық сатып алу жоспарының 6—7 проценті мөлшерінде (ақы төленбей) түсетін белгілі мақсатқа арналған жарналар есебінен жасалады. Тұқымдық дәннің (ал тұқымдық дән болмағанда жоғары сапалы басқа дәннің) бұл жарналары шаруашылықтар өздерінің тұқым қорларын жасап, мемлекетке астық сату жоспарын орындағаннан, заттай қарыздар жөніндегі мемлекетке бережағынан құтылғаннан және шаруашылық өздерінің сақтық тұқым қорларын жасағаннан кейін төленеді.

3. Стихиялық апаттан зардап шеккен колхоздарға, совхоздар мен басқа да мемлекеттік шаруашылықтарға шаруашылық аралық сақтық тұқым қорларын тұқым Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімі бойынша қарыз ретінде, қарызға берілген әр 100 центнер тұқымға 10 центнер қоса есептеліп босатылады деп белгіленсін.

Қарызды пайдаланғаны үшін қоса есептелген астық оның колхоздардан, совхоздар мен басқа да мемлекеттік шаруашылықтардан келіп түсісімен жалпы мемлекеттік астық ресурстарына астық қабылдайтын кәсіпорындардың тұқымды қабылдау, өңдеу, сақтау, тасымалдау және босату жөніндегі шығындарының орнын толтыру үшін бағытталады.

Колхоздар, совхоздар мен басқа да мемлекеттік шаруашылықтар өздеріне шаруашылық аралық сақтық тұқым қорларынан қарызға берілген тұқымды өздерінің тұқымдық қорларын жасап, мемлекетке астық сату жоспарын орындағаннан, заттай қарыздар жөніндегі мемле-

---

[1] 2-пункттің бірінші — үшінші абзацтары, 4-пункттің екінші абзацы, 5-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

6-пункт ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 27 марттағы № 203 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

кетке бережағынан құтылғаннан және шаруашылықтар өздерінің сақтық тұқым қорларын жасағаннан кейін, бірақ өнімі үшін қарыз берілген жылдың 1 декабрінен қалдырмай өтейді.

Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыстық атқару комитеттері көрсетілген қарыздардың дер кезінде өтелуіне бақылау жасауды қамтамасыз ететін болсын.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне совхоздардың совхоз аралық сақтық тұқым қорын жасауға байланысты шығындарының орнын Министрліктің совхоздардың пайдаларын бөлгенде құрылатын сақтық қорының қаржысы есебінен толтыру міндеттелсін.

*(Үшінші абзац)* Колхоз аралық сақтық тұқым қорын жасауға байланысты шығындардың орнын колхоздардың таза табысын бөлу ретінде толтыру немесе бұл шығындарды колхоздар қызметінің финанс нәтижесіне жатқызу колхоздарға ұсынылсын.

## «ҚАЗАҚ ССР-і КОЛХОЗДАРЫНЫҢ, СОВХОЗДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ САҚТЫҚ ТҰҚЫМ ҚОРЫ ТУРАЛЫ» ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 17 августағы № 524 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 15, 77-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Дайындау министрлігі табыс еткен «Қазақ ССР-і колхоздарының, совхоздарының және басқа мемлекеттік шаруашылықтарының дәнді дақылдардың шаруашылық аралық сақтық қоры туралы» Ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1970 жылғы 17 августағы*
*№ 524 қаулысымен*
*БЕКІТІЛГЕН*

## ҚАЗАҚ ССР-і КОЛХОЗДАРЫНЫҢ, СОВХОЗДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ АРАЛЫҚ САҚТЫҚ ТҰҚЫМ ҚОРЫ ТУРАЛЫ

## Е Р Е Ж Е

1. Стихиялық апатқа ұшыраған жағдайда колхоздарға, совхоздарға және басқа мемлекеттік шаруашылықтарға көмек көрсету мақсатында КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 27 мартындағы № 203, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Дәнді дақылдардың шаруашылық аралық сақтық тұқым қорларын жасау туралы» 1970 жылғы 18 майдағы № 327 қаулыларына [2] сәйкес Қазақ ССР Дайындау министрлігінің

---

[1] 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 245-бетті қараңыз.

астық қабылдайтын кәсіпорындарында дәнді дақылдардың республикалық шаруашылық аралық (колхоз аралық және совхоз аралық) сақтық тұқым қоры жасалады.

2. Дәнді дақылдардың республикалық шаруашылық аралық сақтық тұқым қоры астық қабылдайтын кәсіпорындарға тұқымдық астықтың (ал тұқымдық астық болмағанда — жоғары сапалы басқа астықтың) әрбір шаруашылықтан (ақы төленбей) түсетін белгілі мақсатқа арналған жарналары есебінен, 1970 жылдың егінінен бастап, бес жыл ішінде жасалады.

Колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік шаруашылықтар республикалық шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына тұқым мен астық жарналарын өз қалаулары бойынша анағұрлым қысқа мерзімдерде өткізе алады.

3. Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорының аудандар және дақылдар бойынша жыл сайынғы жарналарының нақты мерзімдерін, мөлшерлерімен үлесін облыстық атқару комитеттері белгілейді.

Аудандық атқару комитеттері шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына дақылдар бойынша тұқым мен астық өткізу жөніндегі тапсырмаларды өз шешімдерімен колхоздарға, совхоздарға және басқа мемлекеттік шаруашылықтарға жеткізеді.

4. Колхоздардың, совхоздардың және басқа мемлекеттік шаруашылықтардың республикалық шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына өткізетін тұқымы мен астығы сапасы жөнінен шектеуіш дайындау кондицияларынан төмен болмауға тиіс, ал олардың сапасы мен есептелінетін салмағын анықтау тұқым мен астықты мемлекеттік ресурстарға сатып алғандағыдай тәртіппен, кептіргені және тазалағаны үшін ақы алмай жүргізілуге тиіс.

Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына өткізілетін тұқымның сорттық және егу сапаларына қойылатын талаптарды Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

5. Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына тұқымдық, тағы басқа астықты өткізуді ұйымдастыру және осы қордан қарызға берілген тұқымды өтеу Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне жүктеледі.

6. Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорының тұқымын қабылдау, өңдеу, сақтау, тасымалдау және босату, сондай-ақ осы операциялар жөніндегі есеп алуды және есеп беруді жүргізу Қазақ ССР Дайындау министрлігіне жүктеледі. Бұл қордың тұқымы мен астығы мемлекеттік ресурстардың тұқымымен және астығымен бірге сақталады. Осы қорға құйылған тұқым мен астық жалпы мемлекеттік астық ресурстарынан бөлек есептеледі.

7. Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына құйылатын тұқым мен астықтың белгілі мақсатқа арналған жарналары шаруашылықтар өздерінің тұқым қорларын жасап, мемлекетке астық сату жоспарын орындағаннан, заттай қарыздар жөніндегі мемлекетке бережағынан құтылғаннан және шаруашылықтар өздерінің сақтық тұқым қорларын жасағаннан кейін төленеді.

8. Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорын жасау үшін тұқым мен астық қабылдайтын кәсіпорындарға шаруашылықтардың күш-құралымен және олардың есебінен жеткізіледі.

9. Совхоз аралық сақтық тұқым қорларын жасауға байланысты шығындар совхоздарға Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Финанс министрлігінің «Совхоз аралық сақтық тұқым қорын жасауға байланысты шығындарды өтеу жөнінде совхоздармен

есеп айырысу тәртібі туралы» 1970 жылғы 5 августағы нұсқауына сәйкес өтеледі.

10. Колхоз аралық сақтық тұқым қорын жасауға байланысты шығындарды колхоздардың таза табысын бөлу тәртібімен өтеу және бұл шығындарды колхоздар қызметінің финанс нәтижелеріне жатқызу колхоздарға ұсынылсын.

11. Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына өткізілетін тұқым мен астыққа шаруашылықтардың накладной қағаздары, сондай-ақ сорттар жөніндегі документтер қоса жіберілуі керек.

Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорына қабылданылған тұқымға немесе астыққа, сондай-ақ осы қордан берілген қарыз қайтарылғанда астық қабылдайтын кәсіпорындар № 13 форма бойынша кіріс накладнойын жазып береді.

12. Стихиялық апаттан зардап шеккен шаруашылықтар үшін шаруашылық аралық сақтық тұқым қорынан алынатын қарыздың мөлшерін тиісті шаруашылықтардың заявкалары бойынша аудандық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармалары белгілейді.

Аудандық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармалары өз ұсыныстарын облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларына табыс етеді, соңғылары бұл ұсыныстарды Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарауына береді. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі шаруашылық аралық сақтық тұқым қорынан тұқым босату туралы жарлықтың жобасын республиканың Министрлер Советіне табыс етеді.

13. Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорынан тұқым колхоздарға, совхоздарға және басқа мемлекеттік шаруашылықтарға Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімі бойынша, қарызға берілген әр 100 центнер тұқымға 10 центнер үстеме қоса есептеліп босатылады.

Көрсетілген заттай үстемелер олардың келіп түсуіне қарай Қазақ ССР Дайындау министрлігінің астық қабылдайтын кәсіпорындарының тұқымды қабылдау, өңдеу, сақтау, тасымалдау және босату жөніндегі шығындарын өтеу үшін жалпы мемлекеттік астық ресурстарына есептелінеді.

Шаруашылық аралық сақтық тұқым қорынан қарызға тұқым алған колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік шаруашылықтар оны тек егістік мақсаттар үшін ғана пайдалануға міндетті.

14. Қарыз бергенде астық қабылдайтын кәсіпорындар тиісті шаруашылықтардан астық қабылдайтын пункттердің қағаздарында қатаң есептегі документтер ретінде сақталатын белгілі форма бойынша толтырылған міндеттемелер алады.

15. Колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік шаруашылықтар қарызға алған тұқымды, әдетте, аттас дақылдардың тұқымдық немесе басқа дәнімен қайтарады, бірақ ерекше жағдай ретінде, облыстық атқару комитеттерінің рұқсатымен ауыстырылатын дақылдар астығының есептелетін салмағына қарай анықталатын құнындағы айырмашылығын тиісінше ақшалай қайта есептеп, басқа дақылдардың дәнімен ауыстыруға болады.

16. Колхоздар, совхоздар және басқа мемлекеттік шаруашылықтар өздеріне шаруашылық аралық сақтық тұқым қорынан қарызға берілген тұқымды өздерінің тұқым қорларын жасап, мемлекетке астық сату жоспарын орындағаннан, мемлекеттік ресурстардан алған заттай қарыздарын қайтарғаннан, шаруашылықтарда өздерінің сақтық тұқым қорларын жасағаннан кейін, бірақ егіні үшін қарыз берілген жылдың 1 декабрінен қалдырмай өтейді.

Стихиялық апаттан зардап шеккен, шаруашылық аралық сақтық

тұқым қорынан алған заттай қарыздар жөніндегі бережақты дер кезінде жоя алмайтын колхоздарға, совхоздарға және басқа мемлекеттік шаруашылықтарға, облыстық атқару комитеттерінің негізделген ұсыныстары бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі осы қарыздар өтеуді бір жылға кейінге қалдыра алады.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ДӘНДІ, МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАР МЕН ШӨПТЕРДІҢ СЕЛЕКЦИЯСЫН ЖӘНЕ ТҰҚЫМЫН ӨСІРУДІ ОДАН ӘРІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1976 ЖЫЛҒЫ 4 НОЯБРЬДЕГІ № 915 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 14 марттағы № 132 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 8, 24-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері:

дәнді, майлы дақылдар мен шөптер бойынша селекция-тұқым өсіру жұмысын ұйымдастыруды түбегейлі жақсарту жөнінде, осы дақылдардың интенсивті егіншіліктің талаптарына жауап беретін мол өнімді жаңа сорттарын тездетіп шығару мен өндіріске енгізу жөнінде, сондай-ақ тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтар мен шаруашылықаралық бірлестіктерде жоғары сапалы сортты тұқымды өнеркәсіптік негізде өндіруді ұйымдастыру және селекция мен тұқым шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырсын;

тұқым шаруашылығының материалдық-техникалық базасының нығаюына қарай сортты тұқым өндірудің және совхоздар мен колхоздарды онымен жабдықтаудың мынадай тәртібіне көшіруді қамтамасыз етсін:

**дәнді (жүгері мен соргодан басқа), майлы дақылдар мен шөптер бойынша**

жаңа сорттардың оригинаторлары болып отырған ғылыми-зерттеу мекемелері аудандастырылған және перспективалы сорттардың бастапқы тұқым материалымен ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтарын және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары мен техникумдарының оқу-тәжірибе шаруашылықтарын СССР Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілейтін мөлшерде қамтамасыз етеді;

[1] 3-пункттің екінші, төртінші — алтыншы абзацтары, 4, 5-пункттер, 6-пункттің бірінші, үшінші абзацтары, 7-пункттің бірінші, екінші абзацтары, 8-пункт, 10-пункттің бірінші, екінші абзацтары, 11—13, 15 және 16-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

17-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1976 ж. 4 ноябрьдегі № 915 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтары және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары мен техникумдарының оқу-тәжірибе шаруашылықтары сорт жаңарту мен сорт өзгертуді жүргізу үшін аудандастырылған және перспективалы сорттардың элита және бірінші репродукциялы тұқымын тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтардың, ірі совхоздар мен колхоздардың тұқым өсіретін бригадалары мен бөлімшелерінің оған деген қажетін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін мөлшерде өндіреді;

тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтар алынған тұқымды өздері қызмет көрсететін аймақтағы совхоздар мен колхоздардың сортты тұқымға деген қажетін қамтамасыз етуді есепке ала отырып, өндірістік мақсатта егу және оны мемлекеттік ресурстарға дайындау үшін көбейтіп өсіреді;

ірі совхоздар мен колхоздар алынған тұқымды шаруашылықтың сортты тұқымға деген өз қажетін толық қамтамасыз етуді және оны мемлекеттік ресурстарға дайындау жоспарын орындауды есепке ала отырып, тұқым өсіретін бригадалар мен бөлімшелерде көбейтіп өсіреді;

тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтардан дәнді және майлы дақылдардың тұқымын совхоздарға, колхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына босату — колхоздар үшін белгіленген сатып алу бағалары бойынша сататын тәртіппен, ал шөптердің және малазықтық бұршақ дәнді дақылдардың тұқымын босату Қазақ ССР Министрлер Советі белгілеген бағалар бойынша жүргізіледі;

**жүгері мен сорго бойынша**

ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе-өндірістік шаруашылықтары және ауыл шаруашылық жоғары оқу орындары мен техникумдарының оқу-тәжірибе шаруашылықтары өздігінен тозаңданған барлық линиялар мен сорттардың, аудандастырылған гибридтердің ататек формаларының — жәй гибридтердің суперэлита, элита және бірінші репродукциялы тұқымын, жүгері мен соргоның аудандастырылған сорттарының элита тұқымын тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтарға сату үшін өндіреді;

тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтар жүгерінің аудандастырылған жәй, қос және басқа гибридтері мен сорттарының тұқымын, сондай-ақ соргоның гибридтері мен сорттарының тұқымын оны мемлекеттік ресурстарға дайындау жоспарын орындау үшін өндіреді.

Совхоздарда, колхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында дәнді және бұршақ дәнді дақылдар, әдетте, бесінші репродукциядан төмен емес тұқыммен, күнбағыс — бірінші репродукциялы тұқыммен, ал жүгері мен сорго бірінші ұрпақ гибридтерінің тұқымымен және үшінші репродукциядан төмен емес сорттармен егіледі деп белгіленсін.

2. Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі өздігінен тозаңданған линиялар көбейтіп-өсірілетін учаскелерде және гибридтеу учаскелерінде өсірілетін жүгері мен соргоның егіс көлемін, шығымдылығы мен жалпы түсімін, бұл көрсеткіштерді шаруашылықтар және аудандар бойынша есепке алудың орташа көрсеткіштеріне енгізбей, жеке жолмен есепке алатын болсын.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі мен облыстық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

*(үшінші абзац)* селекция жұмыстарының дәрежесі мен тиімділігін арттыра отырып, селекция орталықтарының және дәнді, майлы дақыл-

дар мен шөптердің жаңа сорттары мен гибридтерін шығарумен шұғылданатын басқа да селекция-тәжірибе мекемелерінің одан әрі маманданыуын дамыту.

6. *(Екінші абзац)* Облыстық атқару комитеттері:

*(төртінші абзац)* тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтарға дәнді, майлы дақылдар мен шөптердің тұқымын өткізу жоспарларын өздері тұқым өндірмейтін совхоздардың, колхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының оны қажет ететін көлемде жыл сайын белгілеп отырсын.

Тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтарға майлы дақылдардың астығы мен тұқымын мемлекетке сату жоспарларын белгілеген кезде оларды сатып алу көлемі осы дақылдардың тұқымын өткізу мен сақтық қорларына құю үшін жоспарланған мөлшерге кемітіледі, мұның өзінде майлы дақылдардың астығы мен тұқымын өздері тұқым өсірмейтін колхоздарға, совхоздарға және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарына сату жоспарлары тиісінше арттырылады деп белгіленсін.

7. *(Үшінші абзац)* Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Дайындау министрлігі сорттар мен гибридтер бойынша дәнді және майлы дақылдардың тұқымын дайындау жоспарларының жобаларын СССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, СССР Дайындау министрлігімен келісу және бекіту үшін Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын енгізіп отырсын.

9. Былай деп белгіленсін:

дәнді, майлы дақылдар мен шөптер тұқымының сақтық қорлары совхоздарда және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында осы дақылдардың тұқымына деген жалпы қажеттің 15 процентіне дейінгі мөлшерде, ал күздік дақылдардың сортты тұқымының ауыспалы қорлары: Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Торғай және Целиноград облыстарының шаруашылықтары үшін, сондай-ақ оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстардың таулы аудандары үшін — 100 процент; Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Семей және Орал облыстарының шаруашылықтары үшін 30 процент мөлшерінде жасалады;

дәнді, майлы дақылдар мен шөптердің тұқымын өндірмейтін шаруашылықтар үшін осы тұқымның сақтық және ауыспалы қорлары тұқым өсіретін маманданған мемлекеттік шаруашылықтарда аталған мөлшерде жасалады;

осы пунктте аталған тұқым қорлары совхоздарда және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында меншікті айналым қаржыларының нормативтері шегінде жасалады;

совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында дәнді және майлы дақылдардың тұқымын сақтық және ауыспалы тұқым қорларына құю, негізгі тұқым қорларына құйған сияқты, бірінші кезекте жүргізіледі.

Дәнді, майлы дақылдар мен шөптер тұқымының сақтық және ауыспалы қорларын совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары үшін белгіленген мөлшер мен тәртіп бойынша жасау колхоздарға ұсынылсын.

10. *(Үшінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі селекция орталықтарының материалдық-техникалық базасының объектілерін салу жөніндегі жұмыстардың қажетті көлемін орындауды мердігерлік құрылыс-монтаждау жұмыстарының жылдық жоспарларында көздеп отырсын.

14. Тұқым өсіру жұмысына басшылықты жақсарту мақсатында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан — шаруашылық есептегі Республикалық өндірістік сортты тұқым шаруашылығы бірлестігі («Казсортсемпром»), ал облыстарда — тұқым өсіретін маманданған шаруашылықтарды және колхоздардағы, совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы дәнді, майлы дақылдар мен шөптердің тұқымын өсіру ісін басқару жөніндегі өндірістік тұқым шаруашылығы бірлестіктері («облсортсемпромдар») ұйымдастырылсын.

«Казсортсемпром» мен облыстық сортты тұқым шаруашылығы бірлестіктеріне тұқым шаруашылығын шоғырландыру мен мамандандыру және оны өнеркәсіптік негізге көшіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру, совхоздар мен колхоздарды жоғары сапалы сортты тұқыммен толық қамтамасыз ету үшін дәнді, майлы дақылдар мен шөптердің аудандастырылған жаңа және перспективалы сорттарын тезірек көбейтіп-өсіру мен өндіріске енгізуді ұйымдастыру, сондай-ақ тұқымды мемлекеттік ресурстарға дайындау жоспарын орындау жүктелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі халық шаруашылық жоспарларында «Казсортсемпромның» жүйесі бойынша күрделі қаржыларды, материалдық-техникалық ресурстарды және басқа көрсеткіштерді жеке жолмен көздеп отырсын.

## ҚАЗАҚ ССР-інің СОВХОЗДАРЫ МЕН КОЛХОЗДАРЫНДА КАРТОП ТҰҚЫМЫН ӨСІРУДІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1962 жылғы 21 августағы № 630 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Картоптың элита және сортты тұқымын өндірудің және онымен колхоздар мен совхоздарды жабдықтаудың мынадай тәртібі белгіленсін:

а) ғылыми-зерттеу мекемелері — жаңа сорттардың оригинаторлары картоптың суперэлита және элита тұқымын ғылыми-зерттеу мекемелеріне (мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станцияларына, аймақтық және салалық ғылыми-зерттеу институттарына), сондай-ақ ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының оқу тәжірибе шаруашылықтарына картоп тұқымын өсіруді ұйымдастыру үшін және бекітілген аудандастырылған сорттарға сәйкес картоптың элита және сортты тұқымдарын өндіру үшін береді;

б) ғылыми-зерттеу мекемелері мен ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының оқу-тәжірибе шаруашылықтары картоптың элита және бірінші репродукциялы сортты тұқымын сорт жаңғырту мен сорт ауыстыру үшін совхоздар мен колхоздарға тікелей немесе «Сортсемовощ» конторы арқылы сату үшін өндіреді;

---

[1] Күшін жойды деп танылды: 7-пункт және 8-пункттің бірінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1970 ж. 7 октябрьдегі № 615 қаулысымен; 11-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 22 июльдегі № 550 қаулысымен.

1, 2-пункттер, 5-пункттің бірінші — үшінші абзацтары, 6-пункттің бірінші, екінші абзацтары, 8-пункттің үшінші абзацы, 12-пункттің «в» тармағы, 13, 14, 16-пункттер, 17-пункттің бірінші абзацы және 18-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

в) совхоздар мен колхоздар ғылыми-зерттеу мекемелері мен ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының оқу-тәжірибе шаруашылықтарынан алынған картоптың элита және бірінші репродукциялы сортты тұқымын өндірістік егіс үшін шаруашылықтың осы тұқымдық картопқа деген қажетін толық қамтамасыз етуді есепке алып көбейтеді.

4. Әрбір колхоз бен совхозда тұқымдық картоптың сортын ауыстыруды және сортын жаңартуды толық жүргізуге, әрі картоптың тұқымдық учаске алаңының кем дегенде 20% жыл сайын тұқымдық материалдармен жаңартып отыру үшін бес жыл мерзім белгіленсін.

Өлкелік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне жеке аудандар мен шаруашылықтарда мүмкіндігінше сорт ауыстыру және сорт алмастыруды жүргізу мерзімін қысқартуға право берілсін.

5. *(Төртінші абзац)* Ғылыми-зерттеу мекемелеріне өздері қызмет көрсететін аймақтағы совхоздар мен колхоздарды картоптың элита және бірінші репродукциялы сортты тұқымымен қамтамасыз ету жауапкершілігі, сондай-ақ картоптың жаңа сорттарын насихаттау мен өндіріске енгізу жөніндегі қызметті және картоп тұқымын жақсарту жайлы жұмысты ұйымдастыруда совхоздар мен колхоздарға көмек көрсету жүктелсін.

6. *(Үшінші абзац)* Қазақ республикалық «Сортсемовощ» конторына тұқым өсіретін шаруашылықтардан республикалық қор үшін картоптың таңдаулы аудандастырылған сорттарының сортты тұқымын сатып алу, сондай-ақ осы картопты Қазақ ССР Министрлер Советі жыл сайын бекітетін жоспарлар бойынша сақтау, өткізу, облыстар арасында тасымалдау жүктелсін.

8. *(Екінші абзац)* Картоптың суперэлита, элита тұқымын және сортты тұқымын көктемде босатқанда совхоздар, колхоздар және басқа да шаруашылықтар мен ұйымдар ғылыми-зерттеу мекемелеріне, жоғары оқу орындарының оқу-тәжірибе шаруашылықтары мен «Сортсемовощ» конторларына картопты қыста сақтағаны үшін шығындарды бір тоннасына 9 сом мөлшерінде төлейді.

9. Облыс аралығындағы тасымалданатын картоптың суперэлита, элита тұқымын және сортты тұқымын жөнелтуді «Сортсемовощ» конторлары осы картопты өсірген шаруашылықтың маркасын баса отырып ыдысқа (қаптарға, жәшіктерге, контейнерлерге) салып жөнелтеді деп белгіленсін.

10. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне картоптың суперэлита, элита және сортты тұқымын облыс аралығында тасымалдау үшін республикалық «Сортсемовощ» конторына ыдыстар және ыдыстар жасауға қажетті ағаш материалдарын бөлу міндеттелсін.

12. Әрбір шаруашылықты картоптың өзі өсірген жоғары сапалы сортты тұқымымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық территориялық өндірістік басқармаларына, өлкелік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне, совхоздар мен колхоздардың басшыларына мыналар міндеттелсін:

а) әрбір колхоз бен совхозда өз егінінен келесі жылы егетін картоптың тұқым қорын жыл сайын толық құюды қамтамасыз ету; картоптың қолда бар элита және сортты тұқымын ең алдымен пайдалану;

б) әрбір шаруашылықта жалпы картоп егісінің кемінде 20 процентін тұқым учаскесі үшін жыл сайын бөлуді қамтамасыз ету;

г) совхоздар мен колхоздарда картоптың сорттық егістігін жыл сайын апробациядан өткізу, сорттар мен фракциялардың араласып кетуіне жол бермей, оларды толық сақтау;

д) тұқым учаскелерінде картопты суық түскенге дейін жинап алу,

түйнектерді мүкият сорттау, кептіру, жарыққа шынықтыру, тұқымдық қорды толық құю және оны дұрыс сақтауды қамтамасыз ету;

е) картоп көктеп кететін оңтүстік және батыс облыстардың колхоздары мен совхоздарына тұқымдық материалды жазда, сондай-ақ таулы жағдайларда егу әдісімен өсіруді ұсыну.

15. Қазақ ССР Мемлекеттік банкісіне тұқымдық картопты отырғызу кезеңіне дейін сақтау мерзіміне ғылыми-зерттеу мекемелеріне кредиттер бөлу міндеттелсін.

17. *(Екінші абзац)* Ғылыми-зерттеу мекемелері, совхоздар мен колхоздар және жоғары оқу орындарының оқу шаруашылықтары тұқымдық мақсатқа сатқан сортты картобы 1962 жылдан бастап мемлекетке өткізу жоспарына жатады деп белгіленсін.

## ОВОЩ, БАҚША ДАҚЫЛДАРЫ МЕН МАЛ АЗЫҚТЫҚ ТАМЫР ЖЕМІСТЕРІНІҢ СОРТТЫ ЖӘНЕ БУДАН ТҰҚЫМДАРЫНА ДЕГЕН СОВХОЗДАРДЫҢ, КОЛХОЗДАРДЫҢ, ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЖЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1973 жылғы 23 марттағы № 152 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Овощ, бақша дақылдары мен мал азықтық тамыр жемістерінің сортты және будан тұқымдарын сатып алудың көлемдерін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен облыстық атқару комитеттері халық шаруашылығы жоспарына жыл сайын енгізсін, ал Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі тұқым өсіретін совхоздар мен колхоздардың өндірістік-финанс жоспарларында қарайтын болсын.

---

[1] 1, 3—6 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7-пункт СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 25 январьдағы № 55 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

# СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «1982-1985 ЖЫЛДАРЫ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ТҰҚЫМДАРЫН ӨНДІРУДІ ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 22 АПРЕЛЬДЕГІ № 347 ҚАУЛЫСЫН ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1982 жылғы 28 майдағы № 243 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «1982—1985 жылдары қант қызылшасының жоғары сапалы тұқымдарын өндіруді ұлғайту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1982 жылғы 22 апрельдегі № 347 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Жамбыл және Талдықорған облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне, сондай-ақ қант қызылшасының тұқымы өсірілетін аудандардағы халық депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне оларды өндіруді ұлғайту, тұқымдық қызылша өсіру совхоздары мен Шу тұқым заводының жұмыс тиімділігін арттыру, қызылша егетін шаруашылықтардың қант қызылшасы дақылын өндірудің индустриялы технологиялық талаптарына сай келетін қант қызылшасының аудандастырылған сорттарының жоғары сапалы тұқымына деген жыл сайынғы қажетін қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қолдану міндеттелсін.

4. Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі мемлекетке қант қызылшасының тұқымын сатқаны және аналық қант қызылшасының өсірілген және сақтауға қойылған тамырлары үшін белгіленген нормаларға сәйкес берілуге тиіс сығындының бүкіл көлемін колхоздарға, совхоздарға және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарына үстеме сатуды қамтамасыз етсін.

---

[1] 2-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3-пункт СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 22 апрельдегі № 347 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ҚАРАҚҰМЫҚ, ТАРЫ, АСБҰРШАҚ ЖӘНЕ ЖАСЫМЫҚ ДӘНІН ӨНДІРУ МЕН САТЫП АЛУДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 23 АПРЕЛЬДЕГІ № 383 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 26 майдағы № 245 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 13, 37-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Қарақұмық, тары, асбұршақ және жасымық дәнін өндіру мен сатып алуды ынталандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 23 апрельдегі № 383 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі мен Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты:

1981—1985 жылдары тарының, қарақұмықтың және бұршақ дақылдарының механикаландырып жинауға жарамды, зиянкестер мен ауруларға төзімді, өте сапалы дәні бар жоғары өнімді, тез пісетін және құрғақшылыққа төзімді жаңа сорттарын шығаруды, сондай-ақ осы дақылдарды өсірудің прогресті технологияларын әзірлеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы қарақұмық егістігінің көлемін, осы дақылдың шығымдылығы мен дәнінің жалпы түсімін жеке-дара көрсетіп есепке алып, бұл көрсеткіштерді облыстар бойынша астық есебінің орташа көрсеткіштеріне қоспайтын болсын.

---

[1] 2-пункт және 3-пункттің үшінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 23 апрельдегі № 383 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КҮРІШ ӨСІРУДІ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1980 ЖЫЛҒЫ 6 МАРТТАҒЫ № 209 ҚАУЛЫСЫН ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1980 жылғы 23 апрельдегі № 178 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

I. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Күріш өсіруді одан әрі дамыту туралы» 1980 жылғы 6 марттағы № 209 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалатын болсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы күріш өсіретін совхоздарды ирригациялау және салу жөніндегі бас басқарма және облыстық Советтердің атқару комитеттері:

1980 жылдан бастап жылдық жоспарларда күріш егу үшін әр гектарына кем дегенде 20 центнер стандартты тук есебімен минералдық тыңайтқыш бөлуді көздейтін болсын;

9. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы күріш өсіретін совхоздарды ирригациялау және салу жөніндегі бас басқармасы және облыстық Советтердің атқару комитеттері шектеулі дайындық кондициялы күріш астығын оларды астық жиналғаннан кейін шаруашылықтарда қосымша өңдеуден өткізбей, астық қабылдау кәсіпорындарының қойма үйлерімен және астық тазарту мен кептіру жөніндегі қажетті техникамен қалай жабдықталуына қарай тікелей комбайннан қабылдауға біртіндеп көшуді жүзеге асырсын.

Қазақ ССР Дайындау министрлігі облыстық Советтер атқару комитеттерінің қатысуымен күріш өсіретін аймақтарда астық қабылдау кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі тиісті шараларды жүзеге асырсын.

10. 1980 жылдың астығынан бастап республиканың күріш өсіретін шаруашылықтарына құрама жемді мемлекетке сатылған күріштің әр центнеріне шаққанда мынадай мөлшерде үстеме сату белгіленсін: товарлы астық үшін — 10 килограмнан, сортты тұқым үшін (белгіленген дайындау жоспары шеңберінде) — 50 килограмнан, элита тұқымы үшін — 100 килограмнан.

---

[1] 2—5-пункттер, 6-пункттің үшінші абзацы, 7, 8, 12 және 13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1980 ж. 6 марттағы № 209 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

# РЕСПУБЛИКАДА БАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖҮЗІМ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 12 апрельдегі № 212 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік комитетіне, облыстық Советтердің атқару комитеттеріне, аудандық Советтердің атқару комитеттеріне, совхоздардың, жеміс-орман шаруашылықтарының басшыларына жеміс-жидек және жүзім егістерінің көлемін ұлғайтуға қажетті шаралар қолдану, бақтарды, жидек, жүзім алаңдарын тиісінше күтіп-баптау және олардың шығымдылығын арттыру міндеттелсін, сондай-ақ колхоз басқармаларына ұсынылсын, ол үшін:

— шаруашылықтарды дамыту жоспарына сәйкес жыл сайын жаңа өсімдіктер отырғызуды қамтамасыз етсін;

— *(алтыншы абзац)* бақ шаруашылығы мен жүзім шаруашылығына ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені кеңінен енгізсін;

— жүзім ағаштарын дер кезінде жабуды және ашуды, сондай-ақ өсімдіктерді жыл сайын сапалы түрде қырқып отыруды қамтамасыз етсін;

— жеміс-жидек және жүзім егістерін отырғызған кезде топыраққа органикалық және минералдық тыңайтқыштар қосуды, ал жеміс беретін бақтар мен жүзім ағаштарында — минералдық, әсіресе азотты тыңайтқыштардың жеткілікті мөлшерін жыл сайын енгізіп отыруды қамтамасыз етсін. Көпжылдық өсімдіктердің көп алаңы бар әрбір шаруашылықта тыңайтқыштарға деген қажеттілік пен оны дұрыс пайдалануды есептеу үшін агрохимиялық лабораториялардың күшімен тамыр жататын қабаттың тереңдігіндегі топырақты талдап картограмма жасайтын болсын;

— тік тау баурайындағы бақ отырғызуды террасаларда жүргізсін;

— жеміс-жидек дақылдары мен жүзім егістерін суару нормасы әр гектарына 700—800 текше метр вегетациялық кезең ішінде және нормасы 1200—1500 текше метр қысқы суару кезінде кем дегенде 4—7 рет дер кезінде сапалы суаратын болсын. Көпжылдық өсімдіктерді бороздалап суарған кезде судың ағысын түтіктердің, сифондардың, майысқақ шлангілердің немесе басқа реттеуші құралдардың көмегімен реттеп отырсын, әсіресе жидек егістіктері мен питомниктерде жаңбырлатып суаруды кеңінен қолдансын;

— жеміс-жидек және жүзім егістерін зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі шаралардың дер кезінде өткізілуін қамтамасыз етсін, неғұрлым перспективалы және тиімді улы химикаттарды пайдаланып, алма жемісін құртушыларға, жеміс кенелеріне, ұнтақты шықтарға қарсы күреске басты назар аударсын. Жеміс дақылдары гүлдейтін кезде химиялық өңдеуге тыйым салынсын, көпжылдық егістерді соңғы өңдеуден өткізуді әрбір улы химикат үшін жеке-жеке белгіленген санитариялық мерзімдерді міндетті түрде сақтай отырып, егін жинағанға дейін жүргізсін.

— зиянкестердің жиілігін едәуір азайтуға жәрдемдесетін профи-

[1] 1-пункттің үшінші — бесінші, он үшінші, он төртінші абзацтары, 2—6, 8—10, 12, 15—18-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

лактикалық шараларды (агротехникалық, механикалық және басқа) кеңінен жүргізсін.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне және облыстық Советтердің атқару комитеттеріне питомник шаруашылығын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз ету, қажетті аудандастырылған сортты таза аналық ағаштары бар мамандандырылған жеміс-жидек, жеміс-жүзім және жеміс-питомник шаруашылықтарынан басқа шаруашылықтар мен жеке адамдардың жеміс-жидек және жүзім көшеттерін сатуына тыйым салу міндеттелсін.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік комитетіне халық шаруашылық жоспарларында жаңа бақтар, жүзім және жидек отырғызуға, жас ағаштарды күтіп-баптауға, мамандандырылған совхоздар мен жеміс-орман шаруашылықтарында жеміс қоймаларын, өңдеу кәсіпорындарын, цехтарын, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық объектілер салуға қажетті күрделі қаржы бөлуді көздеу тапсырылсын. Шаруашылық басшылары бөлінген күрделі қаржының дер кезінде игерілуін қамтамасыз етсін.

13. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі және Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік комитеті мамандандырылған шаруашылықтар мен жеміс-орман шаруашылықтарындағы бақ аймақтарына баратын автомобиль жолдарын жобалап, салуға жыл сайын қаржы бөлуді көздейтін болсын.

Аталған жұмыстарды орындау Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Тас жолдар бас басқармасына жүктелсін.

14. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, мамандандырылған совхоздардың басшыларына ең жаңа конструкциялы тоңазытқыш қондырғылары бар жеміс қоймаларын, рельс бойында тасымалдау базаларын, стандартты емес өнім мен жабайы өсетін жемістерді алғашқы өңдеуден өткізетін заводтар, пункттер салуды кеңейтуді қамтамасыз ету міндеттелсін және колхоз басқармаларына ұсынылсын.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
1984 жылы 22 мартта
ҚАБЫЛДАҒАН

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984, № 14 қосымша)

103, 104 және 107-статьялар

[1] 12-томның 179-бетін қараңыз.

# АРАМ ШӨПТЕРМЕН КҮРЕСУДІ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ**
**1962 жылғы 13 апрельдегі**
**УКАЗЫ**

**(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1962 ж., № 14)**

Арам шөптермен күресу аса маңызды мемлекеттік шара және жерді пайдаланушылардың баршасының ең бірінші борышы екенін, арам шөптермен тиісті күрестің болмауы ауыл шаруашылығына материалдық жағынан орасан зор нұқсан келтіретінін ескере келіп, Қазақ ССР Жоғары Советінің Президиумы қ а у л ы е т е д і:

1. Егін даласындағы, шабындықтар мен жайылымдардағы егінді қорғайтын орман алқаптарындағы, бақтардағы, жүзімдіктердегі, питомниктердегі, парктердегі, егін арасындағы жолдар мен сүрлеу жолдардың бойындағы, ирригация-мелиорация жүйесі учаскелеріндегі, темір жолдар мен тас жолдарға бөлінген алқаптардағы, егін даласына жапсарлас шоқ тоғайдағы, межелердегі, усадьбалардағы, егінші қостарындағы, қырмандардағы, бос жерлердегі, колхозшылардың, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілерінің және басқа азаматтардың үй іргесі учаскелеріндегі, қалалардың, поселкелердің, селолардың, ауылдардың ортақтасып пайдаланатын жерлеріндегі және басқа жерлердегі арам шөптермен батыл күресу жер пайдаланушылардың бәріне міндеттелсін.

2. Арам шөптерге қарсы күрес арам шөптердің жеке түрлерінің өзгешеліктері мен топырақ-климат жағдайын ескере отырып агротехникалық, химиялық және басқа құралдарды қолдану арқылы, Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін Ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Қарантин салынған, ауылшаруашылық өндірісіне үлкен зиян келтіретін, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын қауырт төмендететін, анағұрлым көп тараған, залалды арам шөптерді (қарасұлыны, қалуенді, бидайықты, арам шырмауықты, арам күнбағысты және басқаларын) құртуға ерекше назар аударылсын.

3. Қолхоздар мен совхоздардың және басқа жер пайдаланушылардың облыстардың территориясында арам шөптермен күресу жөніндегі жұмысын координациялау, сонымен бірге белгілі топырақ-климат жағдайында арам шөптермен неғұрлым пәрменді күресуді қамтамасыз ететін практикалық шараларды талдап шешу және жүзеге асыру халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне жүктелсін.

4. Арам шөптерді құрту және олардың тарауына жол бермеу жөніндегі шараларды халық депутаттарының жергілікті Советтерінің ауыл шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссияларын, кәсіподақ, комсомол, пионер ұйымдарын, еңбекшілердің өзге де ұйымдары мен қоғамдарын белсене қатыстыра отырып, жерді пайдаланушылар жүзеге асырады.

Арам шөптермен күресу жөніндегі шараларды дұрыс жүзеге асыруды бақылауға алу үшін халық депутаттарының ауылдық, селолық, поселкелік, қалалық және аудандық Советтері депутаттары мен ауыл шаруашылығы мамандарынан жұртшылық инспекторларын құрады.

---

[1] 6 және 7-статьялар 1986 ж. 28 июльдегі Указымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 31, 320-ст.)

[2] 10-статья Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5. Жер пайдаланушы арам шөптерге қарсы күресу жөнінде шаралар қолданбаған ретте халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті оған атқару комитеті белгілеген мерзім ішінде арамшөпке қарсы күресу жөніндегі шараларды жүзеге асыру міндетін жүктейді.

8. Арамшөпке қарсы күресу жөніндегі міндеттерді қасақана орындамайтын азаматтар, Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексінде көзделген әкімшілік жазалау шаралары қолданылғанына қарамастан, халық депутаттарының аудандық, қалалық, қаладағы аудандық Советі атқару комитетінің шешімімен жер учаскелерін пайдалану правосынан айырылуы мүмкін.

9. Қазақ ССР территориясында арам шөптермен күресу жөніндегі Ережелерді Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді деп белгіленсін.

Арам шөптермен күресу жөніндегі Ережелердің орындалуына бақылау қою республикалық және жергілікті ауылшаруашылық органдарына жүктелсін [1].

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЕЛІМІЗДЕ БІРТҰТАС МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АГРОХИМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚҰРУ ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 9 АВГУСТАҒЫ № 765 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [2]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1979 жылғы 11 октябрьдегі № 387 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Елімізде біртұтас мамандандырылған агрохимиялық қызмет құру туралы» 1979 жылғы 9 августағы № 765 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жүйесінде шаруашылық есептегі Ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету жөніндегі республикалық өндірістік-ғылыми бірлестік («Казсельхозхимия») құрылсын.

Аталған бірлестікті құру Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығын химияландыру басқармасы мен Өсімдік қорғау басқармасының, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің минералдық тыңайтқыштармен және улы химикаттармен жабдықтау жөніндегі бас басқармасының және Колхоздар мен совхоздарға өндірістік қызмет көрсету жөніндегі басқармасының және Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің ауыл шаруашылық өндірісін химияландыру мәселелерімен шұғылданатын басқа да бөлімшелерінің негізінде жүзеге асырылсын.

---

[1] 5, 8 және 9-статьяларға 1986 ж. 28 июльдегі Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1986 ж., № 31, 320-ст.)

[2] 2-пункттің үшінші абзацы, 3, 5 және 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 9 августағы № 765 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

4. Барлық колхоздарда, совхоздарда және басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында минералдық және органикалық тыңайтқыштарды, химиялық және биологиялық өсімдік қорғау құралдарын, топырақ мелиоранттарын, азықтық қоспаларды, жетілдіргіш заттарды және ауыл шаруашылығын химияландыру жөніндегі басқа да құралдарды ғылыми негізде пайдалану жолындағы жауапкершілік түгелдей «Қазсельхозхимия» бірлестігіне жүктелсін.

Осыған сүйене отырып, «Қазсельхозхимия» бірлестігі мыналарды қамтамасыз етеді:

республиканың ауыл шаруашылығын химияландыруды дамыту перспективасы жөнінде ұсыныстар әзірлеу, республика колхоздарының, совхоздарының және басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының минералдық тыңайтқышқа, химиялық және биологиялық өсімдік қорғау заттарына, құрамында гипсі бар материалдарға, азықтық қоспаларға, полимерлі пленкалар мен басқа да химиялық өнімдерге және оларды қолдануға арналған техникаға деген қажетін (тиісті зерттеулердің мәліметтері негізінде) анықтауды, осы материалдық-техникалық заттарды белгіленген тәртіппен беру үшін оларға жиынтық заявка жасауды қоса экономикалық және әлеуметтік дамудың жылдық және бесжылдық жоспарларының ауыл шаруашылығын химияландыру мәселелеріне қатысты жобаларын жасау;

республиканың колхоздарын, совхоздарын және басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын минералдық тыңайтқыштармен, химиялық және биологиялық өсімдік қорғау заттарымен, топырақ мелиоранттарымен, азықтық қоспалармен, пленкалармен, сондай-ақ СССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейтін номенклатура бойынша басқа да химиялық өнімдермен жабдықтау тұтынушыларды жеткізіп беруші заводтарға бекіту және олардың арасында жеткізіп берілетін химиялық өнімдер үшін есеп айырысудың дер кезділігін бақылауды жүзеге асыру;

құрамында гипсі бар жергілікті материалдарды өндіруді ұйымдастыру, жердің құнарлылығын арттыру және топырақты химиялық мелиорациялау жөніндегі топыраққа минералдық тыңайтқыш сіңіру, тук араластыру, органикалық тыңайтқыштарды тасып шығару және оларды топыраққа сіңіру, ауыл шаруашылық егістіктері мен алқаптарын химиялық және биологиялық өсімдік қорғау заттарымен өңдеу және ауыл шаруашылық авиациясына қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды (шаруашылықтармен шарт жасасу арқылы) орындау;

колхоздар мен совхоздарда шаруашылық (шаруашылықаралық) химияландыру пункттерін құру жөнінде шаралар өткізу, минералдық тыңайтқыштар мен химиялық өсімдік қорғау құралдары қоймаларын, ұшу-қону алаңдарын, агрохимиялық және биологиялық лабораториялар және ауыл шаруашылығын химияландыру жөніндегі өндірістік базаның басқа да объектілерін салу жөніндегі шаруашылықаралық кооперацияны дамыту;

колхоздарда, совхоздарда және басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында агрохимиялық топырақ зерттеу комплексін, сондай-ақ жемшөп пен басқа ауыл шаруашылық өнімінің сапасына талдау жасау, егіншілікте, мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісінде химияландыру құралдарын тиімді пайдалану жөніндегі жобалау-смета документтемелерін шаруашылықтарға беру, ғылымның, техниканың жетістіктерін және агрохимиялық қызмет көрсету жөніндегі озық тәжірибені зерттеу және ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу, агрохимиялық қызметті басқарудың экономикалық-математикалық әдістері мен авто-

маттандырылған жүйелерін жасау және өздеріне қарасты ұйымдарда енгізу;

ауыл шаруашылық егістерінің зиянкестері мен ауруларына қарсы күресу жөніндегі шараларды дер кезінде жүргізуді және арамшөпке қарсы күресу үшін химиялық құралдар қолдануды ұйымдастыру, өсімдік зиянкестері мен ауруларына қарсы күрестің прогресті технологиясы мен тиімді әдістерін жасап, енгізу, ауыл шаруашылық жерлерінің фитосанитариялық жайын бақылау, ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиян-

кестері мен ауруларын табу және олардың пайда болуы мен дамуы туралы дер кезінде хабарлау;

барлық жер пайдаланушылардың ауыл шаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері мен арамшөпке қарсы күрес жөнінде ұсынылған шараларды жүргізуін, қайда бағынатынына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдардың бұл жұмыстардың орындалу сапасын мемлекеттік бақылауды, ауыл шаруашылық өнімінде, топырақта, су көздерінде және сыртқы ортаның басқа да объектілерінде улы химикаттардың белгіленген хауіпсіздік нормаларынан көп жинақталуын болғызбауды қамтамасыз етіп пестицидтерді қолдану жөніндегі белгіленген регламенттерді колхоздардың, совхоздардың және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қатаң сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

ауыл шаруашылығын химияландыруға байланысты жұмыстарды орындауға арналған приборларды мемлекеттік сынақтан өткізу және самолеттер мен вертолеттердің бортты ауыл шаруашылық аппаратурасын сынақтан өткізуге қатысу;

химияландыру құралдарының сапасын бақылауды және оны ауыл шаруашылығына жеткізіп беруді, оларды колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарында пайдалану жөніндегі есептілікті, басқа министрліктер мен ведомстволар кәсіпорындарының шаруашылықтармен шарт жасасу арқылы агрохимиялық жұмыстарды жүргізуін, сондай-ақ барлық жер пайдаланушылардың айналадағы ортаны пестицидтер мен тыңайтқыштардан қорғау жөніндегі шараларды сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

ауыл шаруашылығын химияландыру және өсімдік қорғау жөніндегі мамандар мен жаппай мамандықтағы кадрларды даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жылдық және бесжылдық жоспарларда «Қазсельхозтехника» бірлестігін ұйымдастыру жүйесі бойынша күрделі қаржыларды, материалдық-техникалық ресурстар мен басқа да көрсеткіштерді көздейтін болсын.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті «Қазсельхозтехника» бірлестігі жүйесінің кәсіпорындары мен ұйымдарының тракторларды, автомобильдерді, ауыл шаруашылық машиналары мен жабдықтарын және колхоздардың, совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының химияландыру пункттерін жөндеуді және оларға қызмет көрсетуді дер кезінде әрі жоғары сапалы өткізуді, сондай-ақ бұл техника үшін қажетті запас бөлшектер бөлуді қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 жылғы 11 октябрьдегі № 387 қаулысына*

*ҚОСЫМША*

## РЕСПУБЛИКАДА БІРТҰТАС АГРОХИМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚҰРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШАРАЛАР[1]

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті ауыл шаруашылығын хи-

[1] 1—5-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

мияландыру құралдарын дер кезінде қабылдау, түсіру, орналастыру және совхоздар мен колхоздарға жеткізіп беру жолында «Қазсельхозтехника» бірлестігіне осы қаулы бойынша көзделген материалдық-техникалық база берілгенге дейін жауапты болады.

— Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің материалдық-техникалық базаларының басқа да қоймаларымен бір территорияда орналасқан минералдық тыңайтқыштар мен улы химикаттар сақтауға арналған қоймаларды берген кезде темір жол және автомобиль өткел жолдарын, өлшем шаруашылығын, зарядтау станцияларын, тұрмыстық үй-жайларды және әкімшілік үйлерін шарт жасасу негізінде пайдалану көзделеді.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «1981-1985 ЖЫЛДАРЫ АГРОХИМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ХИМИЯЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 12 МАРТТАҒЫ № 267 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 20 апрельдегі № 185 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 10, 28-ст.)

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «1981—1985 жылдары агрохимиялық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту және ауыл шаруашылығын химияландырудың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» 1981 жылғы 12 марттағы № 267 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

4. Қолхоздық және колхозаралық химияландыру пункттерін минералдық тыңайтқыштар мен басқа да химиялық өнімді сақтауға арналған қоймаларымен, сондай-ақ ауыл шаруашылық авиациясына арналған ұшу-қону тілкемдерімен және қатқыл табанды алаңдарымен қоса салуды жүзеге асырып отыру колхоздарға ұсынылсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті бұл пункттердің құрылысы үшін құрылыс материалдарын, жүк тиеу-түсіру механизмдерін, жабдықтар және басқа материалдық-техникалық ресурстар бөлуді көздеп отыратын болсын.

Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қолхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық советі мен облыстық атқару ко-

[1] 2, 3-пункттер, 5-пункттің бірінші абзацы, 6—8, 10—13 және 15-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

14-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 12 марттағы № 267 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

митеттері аталған пункттерді салу жөніндегі қажетті құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етсін.

5. *(Екінші абзац)* Транспорт құрылысы министрлігінің республика территориясында жұмыс істейтін құрылыс трестері «Қазсельхозхимия» бірлестігі жүйесіндегі химия өнімін қабылдап, сақтауға арналған қоймаларға кірме темір жолдар салу және оларға шектес темір жол станцияларын дамыту жөніндегі жұмыстарды қосалқы мердігерлік шарттар бойынша жүзеге асырып отыратын болсын.

9. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі, «Союзфосфор» бірлестігі, Қарағанды металлургия комбинаты, Тың кен-химия комбинаты, Ақтөбе химия заводы 1982 жылдан бастап ауыл шаруашылығына минералдық тыңайтқыштар мен химиялық азықтық үстемелерді бір рет пайдаланылатын жұмсақ контейнерлерде аралас темір жол-су және төте су қатынастарымен «Қазсельхозхимия» бірлестігімен келісілген мөлшерлерде жөнелтуді қамтамасыз ететін болсын.

Алматы, Тың және Батыс Қазақстан темір жолдарының басқармалары, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы 1982 жылдан бастап ауыл шаруашылығының мұқтаждарына арналған минералдық тыңайтқыштарды, азықтық үстемелерді жұмсақ контейнерлерде тасымалдауды қамтамасыз ететін болсын.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1981 жылғы 12 июньдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 25, 482-ст.)

40 және 41-статьялар

## ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1981 жылғы 12 июньдегі ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., № 25, 483-ст.)

48—51, 61 және 62-статьялар

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «СССР-де ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 6 ИЮЛЬДЕГІ № 656 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [3]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 28 августағы № 329 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. СССР Министрлер Советінің «СССР-де өсімдіктер карантинін ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1979 жылғы

[1] 7-томның 143-бетін қараңыз.

[2] 7-томның 169-бетін қараңыз.

[3] 11-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 6 июльдегі № 656 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

6 июльдегі № 656 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі Қазақ ССР Орман шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Байланыс министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы, Қазақ Азаматтық авиация басқармасы, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жол басқармалары, республиканың басқа да министрліктері мен ведомстволары және облыстық атқару комитеттері мыналарды қамтамасыз ететін шаралар комплексін әзірлеп, жүзеге асырсын;

шетелден және СССР-дің карантин жасалынған аймақтарынан өсімдіктер мен арамшөптердің карантиндік және басқа да хауіпті зиянкестері мен ауруларының енуінен Қазақ ССР-інің территориясын қорғауды жүзеге асыруды;

республика территориясында өсімдіктер мен арамшөптердің карантиндік және басқа да хауіпті зиянкестері мен ауруларын дер кезінде ашуды, оқшауландыруды және жоюды;

Қазақ ССР-інің министрліктері, ведомстволары және облыстық атқару комитеттері совхоздардың, колхоздардың, орман шаруашылықтарының, дайындау, транспорт, сауда және басқа кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының ауыл шаруашылығы және өсімдік тектес басқа да өнімдерді өндіру, дайындау, тасымалдау, сақтау мен өткізу кезінде өсімдіктерге карантин жасау жөніндегі белгіленген ережелердің қатаң сақталуын қамтамасыз етсін.

Өсімдіктерге карантин жасау жөніндегі шараларды жүргізу жүктелген кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда олардың дер кезінде және толық жүзеге асырылуына осы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары жауап береді.

3. Қазақ ССР Байланыс министрлігі, Қазақ Азаматтық авиация басқармасы, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жол басқармалары, СССР Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет органдарына шетелдерден Қазақ ССР-інің территориясына әкелінетін тұқымдар, өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдер түсетін пункттерде жұмыс істеуі үшін қажетті үй-жайлар беретін болсын.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері қажетті реттерде өсімдіктер мен арамшөптердің карантиндік зиянкестеріне, ауруларына қарсы күрес жүргізуде колхоздарға, совхоздарға және басқа да шаруашылықтарға көмек көрсету үшін мамандандырылған отрядтар құрсын және бұл мақсаттар үшін қажетті ауыл шаруашылығы техникасын, аппаратурасын және өсімдіктерді қорғайтын химиялық құралдарды бөлетін болсын.

Қазақ ССР Дайындау министрлігі СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің өсімдіктерге карантин жасау жөніндегі Қазақ ССР-і бойынша мемлекеттік инспекциясымен келіскеннен кейін карантиндік арам-шөптері бар астық пен тұқымды қабылдау, орналастыру және сақтау үшін арнаулы қойма ыдыс бөлетін болсын.

5. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жол басқармалары, Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі, Қазақ Азаматтық авиация басқармасы, Қазақ ССР Байланыс министрлігі, Қазақ ССР

Министрлер Советі жанындағы Өзен флоты бас басқармасы және басқа министрліктер мен ведомстволар карантин жасалынған территориялардан СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекция беретін карантиндік сертификаттарсыз тұқымды, өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдерді тасымалдауға қабылдамайтын болсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттеріне картоп рагін қабылдағыш картоп сорттарын бұл аурудың ошағы бар аудандарға отырғызуға, сондай-ақ картоп құртын қабылдағыш картоп сорттарын әлгі құртпен зақымданған учаскелерге отырғызуға тыйым салу міндеттелсін.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік хауіпсіздік комитеті, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларға олардың карантиндік шараларды жүргізу кезіндегі қызметтік міндеттерін орындауына өз өкілдіктері шегінде жәрдем көрсететін болсын.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті мен облыстық атқару комитеттері өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекцияларды, өсімдіктерге карантин жасау жөніндегі шектес аудандар мен ауданаралық пункттерді, фумигациялық отрядтарды және өсімдіктер зиянкестерінің, ауруларының, арамшөптердің пайда болуы мен таралуы жайлы хабарландыратын және алдын ала болжайтын пункттерді нығайтуға және материалдық-техникалық жағынан жарақтандыруға шаралар қолдансын, бұл ұйымдарды қажетті өндірістік үй-жайлармен қамтамасыз етсін, сондай-ақ олардың қызметкерлері үшін тұрғын үй бөлетін болсын.

9. Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет органдарына қажетті ретте өсімдіктерге карантин жасау шараларын ұйымдастыру жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізу үшін радио мен телевизияны пайдалануға мүмкіндік беретін болсын.

10. Облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік қызмет органдарының жұмысына колхоздардың, совхоздардың, орман шаруашылығы, дайындау, транспорт, сауда және басқа да кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің белсенді қызметкерлерінен тартылатын, өсімдіктер карантині жөніндегі қоғамдық өкілдерді кеңінен қатыстыруға шаралар қолдансын.

## 6. Мал шаруашылығы

# КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА МАЛ ТҰҚЫМЫН АСЫЛДАНДЫРУ ІСІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 5 МАЙДАҒЫ № 494 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1978 жылғы 10 августағы № 322 қаулысы

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 17)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Мал шаруашылығында мал тұқымын асылдандыру ісін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 1978 жылғы 5 майдағы № 494 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесіне, Қазақстан Компартиясы облыстық және аудандық комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне ауыл шаруашылық малдарының мал шаруашылығындағы өнеркәсіптік технологияның талаптарына жауап беретін жоғары өнімді тұқымдарының, тармақтары мен гибридтерінің қазіргі барларын жетілдіріп, жаңаларын жасауды, жоғары класты тұқымдық еркек малды өсіру мен оларды тұқымының сапасы бойынша бағалауды, асыл тұқымды мал мен құс ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін мал шаруашылығында селекциялық-тұқым асылдандыру жұмысын

---

[1] 5-пункт, 6-пункттің бірінші — төртінші абзацтары, 8, 11-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

9-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1978 ж. 5 майдағы № 494 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

ұйымдастыруды түбірінен жақсарту жөніндегі шараларды әзірлен, жүзеге асыру міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен бірлесе отырып, мал шаруашылығында мал тұқымын асылдандыру ісі жөніндегі ғылыми-өндірістік (өндірістік) бірлестіктерді, оларға тиісті ғылыми мекемелерді, кәсіпорындар мен мал тұқымын асылдандыру шаруашылықтарын бере отырып, орынды жерлерде ашу туралы ұсынысты Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізсін.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесіне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларына 1978—1979 жылдары әрбір облыс, аудан, шаруашылық бойынша малдың түліктері мен тұқымдары бойынша селекциялық-тұқым асылдандыру жұмысының комплексті жоспарларын әзірлеп, бекітсін. Ғылыми-зерттеу мекемелері мен мал тұқымын асылдандыру кәсіпорындарына мал мен құстың жоғары өнімді жаңа тұқымдарын, тармақтары мен гибридтерін шығару жөнінде тапсырмалар, мерзімдер, осы жұмыстарды нақты орындаушылар мен мұны материалдық-техникалық қамтамасыз ету белгіленетін болсын.

Мұның өзінде басты назар мыналарға бағытталуға тиіс:

**сүтті мал шаруашылығында** — сауылатын сүтті және сүттегі май мен белокты молайтуға, малдың ауруларға төзімділігін және бағып-күтудің өнеркәсіптік технологиясының жағдайына бейімділігін арттыруға, өнім единицасына жемшөптің шығынын азайтуға;

**етті мал шаруашылығында** — малдың санын көбейту мен сойыс салмағын арттыруға, оның жайылымда бағып-күту жағдайына жақсы бейімделуін қамтамасыз етуге, ірі және басқа азықты неғұрлым тиімді пайдалануға;

**шошқа шаруашылығында** — шошқаның тез өсіп-жетілуін арттыруға және еттік сапасын жақсартуға, тәулігіне орта есеппен салмақ қосуын арттыруға, өнім единицасына азық шығынын азайтуға, шошқаның етті және беконды жоғары өнімді, кростарын, тұқымдары мен тармақтарын жасауға, шошқаны өнеркәсіптік будандастыру мен гибридтеу кезінде гетерозистің тиімділігін кеңінен пайдалануға;

**қой шаруашылығында** — қойдың жүн және ет өнімділігін өсімталдығы мен тез өсіп-жетілуін арттыруға, таза талшықтың алынуын көбейтуге, қаракөлдің, терінің және басқа өнімнің сапасын жақсартуға;

**құс шаруашылығында** — ет пен жұмыртқа алуға арналған құстың жоғары өсімталдық энергиясымен және жемді өтеуімен, сондай-ақ түрлі ауруларға төзімділігімен сипатталатын жоғары өнімді жаңа тармақтары мен кростарын өсіріп шығаруға.

6. *(Бесінші абзац)* Асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтардың өндірістік қызметі малдың өнімділігінің қол жеткен дәрежесі, жоғары класты төлді өсіру мен өткізу жоспарларын орындау бойынша бағалансын. Бұл шаруашылықтарда өсімдік өсіруді дамыту бірінші кезекте малды қолдағы жемшөптің барлық қажетті түрлерімен толық қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылсын.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтарда мәдени жайылымдарды жасау жөніндегі мәдени-техникалық жұмыстарды

қоса алғанда, жерді мелиорациялау жөніндегі жұмыстардың комплексін бірінші кезекте орындауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

10. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылым жетістіктері мен озық тәжірибені насихаттауды күшейтсін.

* * *

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі партия, совет, ауыл шаруашылығы органдары, республиканың совхоздары мен колхоздары ет, сүт, жұмыртқа және басқа мал өнімдерін өндіруді көбейтудің маңызды жағдайларының бірі ретінде мал шаруашылығында селекциялық-тұқым асылдандыру жұмыстарын жақсартуға барлық шаралар қабылдайды деп нақты сенім білдіреді.

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТҰҚЫМДЫҚ МАЛДАРДЫ АСЫЛДАНДЫРУ ІСІН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАЛДАРЫН ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУДЫ ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 5 октябрьдегі № 612 ҚАУЛЫСЫ

Республиканың мал шаруашылығында тұқымдық малдарды асылдандыру ісін жақсарту және ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыруды одан әрі дамыту мақсатымен және СССР Министрлер Советінің «Мал шаруашылығында тұқымдық малдарды асылдандыру ісін жақсарту және ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыруды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1970 жылғы 29 июньдегі № 490 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігіне мыналар жүктелсін:

а) мал шаруашылығында мал тұқымын асылдандыру және барлық шаруашылықтардағы, олардың қай ведомствонікі екеніне қарамастан, ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыру мәселелері жөніндегі Партия мен Үкіметтің шешімдерінің орындалуын бақылау;

б) ауыл шаруашылығы малдарын тұқымы бойынша аудандастыру жоспарының сақталуын және колхоздар мен совхоздарда асыл тұқымды малдарды тиімді пайдалануды бақылау;

в) ауыл шаруашылығы малдары мен құстардың қазіргі қолда бар және жаңадан шығарылған тұқымдарын, заводтық және тұқым ішіндегі типтер мен заводтық линияларды апробациялау; мемлекеттік тұқымдық мал кітаптарын, каталогтарын, бюллетеньдерін жүргізу; ауыл

---

[1] 1—6 және 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 29 июньдегі № 490 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

шаруашылығы малдарының тұқымдарын жақсарту жөніндегі селекциялық тұқымдық малдарды асылдандыру жұмыстарының перспективалық жоспарларын әзірлеу және бекіту;

г) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісіп асыл тұқымды малды облыстар арасында тасымалдау жоспарын әзірлеу және бекіту, асыл тұқымды малдарды импорттау мен экспорттау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мал және құс шаруашылығында тұқым асылдандыру ісінің жайы туралы, сондай-ақ республиканың совхоздары мен колхоздарында асыл тұқымды малдар мен құстарды тиімді пайдалану туралы егжей-тегжейлі хабарды жыл сайын апрель айында Қазақ ССР Министрлер Советіне табыс етеді деп белгіленсін.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дирекциясы және облыстық атқару комитеттері, 1971 жылдан бастап, жыл сайын мыналарды жүргізсін:

жоғары өнімді малдар мен құстарды Қазақ ССР ХШЖК-де көрмелік көрсетуді;

асыл тұқымды малдар мен құстарды аудандық, облыстық көрмелік көрсетуді;

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дирекциясына ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының көрмесін ұйымдастыру және жүргізу жүктелсін.

Қазақ ССР Финанс министрлігі, 1971 жылдан бастап, жыл сайын Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне асыл тұқымды малдар мен құстардың республикалық, облыстық және аудандық көрмеде көрсетулерді жүргізуге 370 мың сомнан бөлетін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, 1971 жылдан бастап, жыл сайын тұқымды асылдандыру мал шаруашылықтары мен құс шаруашылықтарының жақсы көрсеткіштері үшін жеңімпаз шаруашылықтарды сыйлау үшін 2 дана ГАЗ-69А автомобильдері мен 3 дана «Москвич» автомобильдерін бөлуді қарайтын болсын.

10. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің заявкалары бойынша мемлекеттік тұқымды асылдандыру кітаптарын, каталогтарын және ауыл шаруашылығы малдарының тұқымдарын селекциялық-тұқымдық жұмыстарының перспективалық жоспарларын басып шығаруды қамтамасыз етсін.

# РЕСПУБЛИКАНЫҢ СОВХОЗДАРЫ МЕН КОЛХОЗДАРЫНДА ТАБЫНДЫ ӨЗ ТӨЛІНЕН ӨСІРУДІ ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫН ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУДЫ ОНАН ӘРІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1973 жылғы 9 октябрьдегі № 517 ҚАУЛЫСЫ**

Республиканың совхоздары мен колхоздарында табынды өз төлінен өсіруді жақсарту және ауыл шаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыруды одан әрі дамыту мақсатымен және СССР Министрлер Советінің 1973 жылғы 5 июльдегі № 479 қаулысын орындау ретінде Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері:

— *(бесінші абзац)* ауыл шаруашылығы кадрларының мамандығын арттыратын мектептің жанынан 1974 жылдан бастап жыл сайын кемінде 8 кластық білімі және мал шаруашылығында істеген жұмыс тәжірибесі бар адамдардан, ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыратын қызметкерлер даярлайтын мерзімі 6 айлық оқу ұйымдастырылсын.

3. Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі:

— малды асылдандыру және ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыру жөніндегі мемлекеттік жеңіл және жүк автомобильдерін бірінші кезекте жөндеуді және бекітілген нормативке сәйкес оларды запас бөлшектермен жабдықтауды қамтамасыз етсін;

6. Қазақ ССР Дайындау министрлігі 1973 жылдан бастап, жыл сайын, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілеген рецепт және мөлшер бойынша асыл тұқымды бұқалар үшін арнаулы құрама азық жасауды және белок — витамин қосуды қамтамасыз ететін болсын.

---

[1] 1-пункттің үшінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 15 сентябрьдегі № 442 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1-пункттің екінші-төртінші, алтыншы абзацтары, 2-пункт, 3-пункттің үшінші, төртінші абзацтары, 4, 5 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 5 июльдегі № 479 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

# ҚАЗАҚ ССР-інде ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨНДІРУДІ ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТА БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1972 жылғы 28 апрельдегі № 257 ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1972 ж., № 10, 41-ст.)

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері 1972 жылдан бастап жекелеген шаруашылықтарды шөл, шөлейт және таулы жердегі жайылымдар мен шабындықтарды жақсарту үшін қажетті жабайы шөп тұқымдарын өндіруге арнайы бейімдесін және бұл тұқымдарды әр облыстың осыларға деген жыл сайынғы қажетін толық қанағаттандыратындай көлемде өндіруді қамтамасыз етуді ескерсін.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесіне, Қазақстан КП облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

— әсіресе шөл және шөлейт аудандарда қой шаруашылығы үшін тұрақты жемшөп базасын жасау, көп жылдық шөптер егісінің негізін салу, қоршалған мәдени жайылымдар жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұлғайту және ғылыми негізделген ауыспалы жайылымдар жасау;

— шаруашылықтардың өздерінде өндірілген жемшөппен өздерін толық қамтамасыз ету үшін қой совхоздарында егістік жерлердің құрылымын берік жемшөп базасын жасауға бейімдеу;

— қой шаруашылығына арнап жемшөп өндіру проблемасын нақтылы жағдайда ғылыми шешу үшін шөл және шөлейт жайылымдар аймақтарында ғылыми-зерттеу мекемелері мен облыстық тәжірибе станцияларының арнаулы тірек пункттерін ұйымдастыру.

10. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) қой тұқымын асылдандыру деңгейін жоғарылатып, қойдың тұқымдық тобы мен тұқымдылық-өнімділік сапасын және асыл тұқымдарын одан әрі жетілдіруге ерекше көңіл бөлініп, барлық жерлерде аналық қойларды қолдан ұрықтандыру енгізілсін және жоғары бағалы асыл тұқымды қойлар пайдаланылсын. Асыл тұқымды мал заводтары мен совхоздарда жақын жылдарда шаруашылық-ұйымдастыруды нығайтуды аяқтап, оларды төселген кадрлармен нығайтудың деңгейін жоғарылатсын. Шаруашылықтарда мал дәрігерлік-санитариялық жағдайды жақсарту мен қойлардың инвазионды және жұқпалы ауруларымен күресті күшейтсін.

---

[1] 25-пункт Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 9 февральдағы № 64 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1—5-пункттер, 6-пункттің екінші абзацы, 7, 9-пункттер, 10-пункттің «б», «в» тармақтары, 12-пункттің екінші — төртінші абзацтары, 14-пункттің екінші, үшінші абзацтары, 16-пункттің бірінші абзацы, 17—19, 21—24 және 26-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

27-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1972 ж. 2 марттағы № 164 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігімен келісілген көлемінде және мерзімінде қой шаруашылығы совхоздары үшін мына жұмыстарды орындау міндеттелсін:

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі — авто жолдар мен кірме жолдарды қайта құру және салу;

Қазақ ССР Монтаждау және арнайы құрылыс министрлігі — темір конструкциялардың технологиялық құралдары мен сантехникалық жұмыстарды монтаждау;

Қазақ ССР Байланыс министрлігі — сыртқы және ішкі байланыс линиялары мен радиоландыру құрылыстарын салу;

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі — электр беретін линия құрылыстарын салу;

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі — Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі белгіленген кор деңгейіндегі заказы бойынша қой шаруашылығы совхоздары үшін тегіс шиферлар, жиналатын темір бетондар, сондай-ақ жеңіл конструкциялар мен детальдар дайындау.

12. Қазақ ССР Геология министрлігі:

— *(Бесінші абзац)* Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі шаруашылықтарымен шарт бойынша жайылымдарда бұрғылауды және бұрғылау құралдарын пайдалануды жыл сайын жүзеге асырсын.

13. Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі республиканың кәсіпорындарында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің шаруашылықтарындағы су тартқыш жабдық пен автокрандарды жөндеуді ұйымдастыратын болсын.

14. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан КП облыстық комитеттері мен аудандық комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, совхоздар мен колхоздардың басшыларына мыналар міндеттелсін:

*(Төртінші абзац)* Аудандарда жайылымдарды суғару және сумен қамтамасыз ету үшін, мүмкіндігіне қарай су жинағыш топтармен жер асты суларын пайдалану.

15. Мыналар міндеттелсін:

— Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне — республиканың қой совхоздары мен колхоздарының шопандарға керекті киім мен аяқ киімге, ер-тұрманға деген қажеттерін толық қанағаттандыру үшін оларды өндіруді арттыру;

— Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне — басқан киіздің сапасын жақсарту. Қымыз, шұбат, айран ашытатын еменнен жасалған күбі бұйымдарын өндіру ұйымдастырылсын. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті осы мақсат үшін материалдарды Министрлікке бөлсін;

— Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігіне — шығарылатын киіз үйлердің сапасын жақсарту.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы совхоздар мен колхоздарда нормативтік телевизорлармен, асханада қолданатын ыдыс-аяқтармен, ас пісіретін құралдармен, шоқпен қайнататын самауырлармен, көмір салып және плита үстіне қойып қыздыратын үтіктермен, үй ішінде пайдаланылатын басқа да заттармен сауда жасауды жақсартатын болсын.

16. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық қой шаруашылығы совхоздары мекен-жайларына почталар

бөлімшелерін, радио торабтарын, телефон-телеграфтар станцияларын және радиостанцияларын орналастыру үшін жайлар салуды қарап отырсын.

20. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің заявкалары бойынша қой қоралар құрылысына, қой қырқатын жылжымалы пункттерге және жеңіл конструкциялы бөлгіштерге үлгі жобалар жасауды қамтамасыз етсін.

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДІ ӨНЕРКӘСІПТІК НЕГІЗДЕ ДАМЫТУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1971 жылғы 28 июньдегі № 367 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігі қажетті тапсырманы орындау үшін, осы қаулымен белгіленген көлемде ірі мемлекеттік мал шаруашылығы комплекстерін салу үшін қаражат және материалдық-техникалық қорларды бөлуді жоспарда қарайтын болсын.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне мал шаруашылығы комплексі құрылыстарын барлық қажетті жобалау-смета документациясымен дер кезінде қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктелсін.

*(Үшінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, 1972 жылдан бастап, жыл сайын жобалау-іздестіру жұмыстары жоспарының жобаларында мердігерлік тәртіппен мал шаруашылығы комплекстері жобаларының жеке бөлімдерін жасау үшін мамандандырылған жобалау ұйымдарын қатыстыруды қарайтын болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті мен жобалау институттары техникалық документацияларды жасағанда:

мал дәрігерлік-санитарлық және зоологиялық шарттарды, еңбек процестерін механикаландыру мен автоматтандырудың жоғары деңгейлілігін құрылыс конструкциялары мен бөлшектері салмағын азайтуды және құрастырмалық дәрежесін арттыруды қамтамасыз етуді ескеріп, ұқсас объектілерді салу мен пайдаланудың озық отандық және шет елдік тәжірибелерді ескеретін болсын;

салынатын үйлердің құнын едәуір арзандатуға мүмкіндік туғызатын асбоцемент табақтары мен тиімді жылытқыштарын, тіреуіштік-колонкаларын болат (трубалық, шыбықтық) формалар мен төсеніштердің, цинкпен қапталған темір жабылғылардың және басқа прогрестік конструкциялардың жеңілдетілген конструкцияларын пайдалануды максималды қолдануды көздейтін болсын;

қоршау (бөлу) конструкциялары мен жабылғылардың үлгі мөлшерлері мен маркілерінің санын шұғыл кемітіп, оларды жаппай өнеркәсіптік өндіруді ұйымдастыруға мүмкіндік жасайтын болсын;

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің бірінші, үшінші абзацтары, 3-пункт, 4-пункттің екінші абзацы, 5—7-пункттер, 9, 12—14, 16 және 18-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

19-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1971 ж. 16 апрельдегі № 226 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 6-томын қараңыз).

шаруашылықтық қажеттілігі жоқ және мал шаруашылығы комплекстері өндірістік қуаттарын жұмысқа қосуды қамтамасыз етумен байланысы жоқ объектілерді салуды қарамайтын болсын;

негізгі және көмекші үйлер мен ғимараттардың көлемдері мен орындарында, сондай-ақ территориялары мен коммуникацияларында басы артықшылыққа жол бермейтін болсын;

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жасалып жатқан жобалау-смета документацияларының сапасына және мал шаруашылығы комплекстерін жобалаған кезде қабылданатын техникалық шешімдердің үнемділігіне ішінара бақылау жүргізіп отырсын.

8. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі Күріш совхоздары құрылысы бас басқармасы, «Союзиливодстрой», «Уралводстрой» және СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің «Спецводопроводсельстрой» трестері бас жобалаушылармен және бас мердігерлермен мердігерлік шарттасу бойынша, олармен келісілген көлемдер мен мерзімдерде шошқа етін, сиыр еті мен сүтін өнеркәсіптік негізде өндіру комплекстеріндегі қажетті гидромелиорациялық ғимараттарды жобалау мен салуды қамтамасыз етсін.

10. Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасына СССР Мемлекеттік жабдықтау басқармасы белгілеген тәртіппен 108, 54 және 24 мың бас шошқаны өсіру мен бордақылау және 10 мың бас ірі мүйізді малдың төлін өсіру мен бордақылау жөніндегі мал шаруашылығы комплекстерін жабдықтармен, арматурамен, приборлармен, автоматтандыру және байланыс құралдарымен, кабельдік және басқа бұйымдармен комплектілеу мәселелерін шешу жүктелсін.

11. Төмендегі министрліктерге (мердігер және заказ беруші министрліктермен келісілген көлемдер мен мерзімдерде мердігерлік негізде) мал шаруашылығы комплекстерін және олардың жанынан құрама жем заводтарын салудың жобалары мен құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау жүктелсін:

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне-автомобиль және кірме жолдарды салу мен қайта құру;

Қазақ ССР Байланыс министрлігіне — бас мердігерлер мен мердігерлік шарттасу бойынша сыртқы және ішкі байланыс линияларын салу мен қайта құру және радиоландыру;

Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігіне — технологиялық жабдықтарды, трубопроводтарды, металл конструкцияларын, автоматика жүйелерін, бақылау-өлшеу приборларын, электр-монтаждау және санитарлық-техникалық монтаждау жұмыстарын өнеркәсіптік конструкцияларды, жабдықтарды, трубопроводтар мен воздуховодтарды өнеркәсіптік желдету, жабдықтар мен трубопроводтарға жылылықты өткізбеу, оттан қорғау, эрозияға қарсы және химиялық қорғау жөніндегі жұмыстарды, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті белгілеген жоспар бойынша жасалған металл конструкцияларымен, желдеткіш воздуховодтармен, монтаждау, санитарлық-техникалық және электромонтаждау дайындамаларымен және трубопровод бөлшектерімен, метиздермен, электр қондырғы бұйымдарымен қамтамасыз ету;

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігіне (бас мердігер шартымен), төмендеткіш подстанцияларының құрылысын қоса сыртқы электр қуатымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

Павлодар, Целиноград, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары бойынша осы жұмыстарды орындау «Стройэлектромонтаж» тресіне жүктелсін;

Казақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігіне — Қазақ ССР Министрлер Советі бекітетін бөлу жоспарына сәйкес құрамалы темір-бетонды және басқа құрамалы конструкциялар мен бөлшектерді жасап шығару;

Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне — технологиялық жабдықтарды монтаждау, сондай-ақ стандартсыз және көмекші жабдықтарды жасап шығару және монтаждау;

СССР Газ өнеркәсібі министрлігінің «Союзцелингаз» тресіне мал шаруашылығы өнеркәсіптік комплекстерін (қосу-жөндеу жұмыстарын қоса) газдандырумен байланысты жұмыстарды жүргізу.

15. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі мал өткізу үшін құрылатын мал шаруашылығы комплекстерін ет комбинаттарына бекітетін болсын және ет комбинаттарының малды осы шаруашылықтардан тікелей қабылдауын, сондай-ақ оларды ет комбинаттарына олардың мамандандырылған автотранспортымен жеткізуді қамтамасыз ететін болсын.

17. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігі белгіленген тәртіп бойынша қажетінше мал шаруашылығы комплекстерін салатын құрылыс кәсіпорындары дирекциясын ұйымдастырсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 ЖЫЛҒЫ 3 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 106 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1977 жылғы 25 февральдағы № 115 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «1977 жылы колхоздарда, совхоздарда, басқа да мемлекеттік шаруашылықтарда және халықтың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында шошқа еті мен құс етін өндіруді ұлғайту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1977 жылғы 3 февральдағы № 106 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалатын болсын.

2. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық, қалалық және аудандық Советтердің атқару комитеттеріне шаруашылықтың барлық категорияларында шошқа еті мен құс етін өндіруді ұлғайту жөнінде шұғыл шараларды жүзеге асыру міндеттелсін. Торайлар мен балапандар өндіру колхоздар мен совхоздардың, өнеркәсіп министрліктері мен ведомстволарының, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының бұларға деген сұранымын қамтамасыз ететіндей көлемде ұлғайтылуына ерекше назар аударылсын. Торайлар мен құс балапандарын колхозшыларға, жұмысшыларға, қызметшілерге және басқа да азаматтарға сату олардың әрқайсысы қалаған жағдайда өз қажеті үшін және колхоз базарларында өткізу үшін шошқа мен құс өсіре алатындай етіп едәуір кеңейтетін болсын.

---

[1] 3, 5-пункттер, 6-пункттің бірінші абзацы, 8 және 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 3 февральдағы № 106 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық және аудандық Советтердің атқару комитеттері совхоздар мен колхоздарда құс фабрикаларымен шаруашылықаралық кооперациялау негізінде бройлер, үйрек, қаз және күрке тауық балапандарын өндіруді, сондай-ақ жазғы уақытта малды жайылымға көшірген кезде босап қалатын қораларда құс балапандарын өсіруді ұйымдастырсын.

6. *(Екінші абзац)* Балапандар өткізу жергілікті ауа райы жағдайлары ескеріле отырып, оны өсіру үшін неғұрлым қолайлы мерзімде жүргізілетін болсын. Етті тұқымды балапандар, сондай-ақ үйрек, қаз және күркетауық балапандарын алу және халыққа сату едәуір ұлғайтылсын. Колхозшыларға, жұмысшылар мен қызметшілерге торайлар мен құс балапандарын сату жөніндегі пункт жүйелері ұйымдастырылсын. Жергілікті баспасөз органдары мен радио арқылы торайлар мен құс балапандарын алу тәртібі, шарты мен мерзімі туралы халыққа уақтылы хабарланып отырсын.

7. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі мал шаруашылығында өндірістің шоғырлануының, шаруашылықтардың мамандандырылуын күшейтумен және шаруашылықаралық кооперацияның дамуымен қатар шошқа етін, жұмыртқа мен құс етін өндіруге мамандандырылмаған колхоздар мен совхоздарда бұл өнімдермен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын, ауруханалар мен балалар мекемелерін жабдықтау үшін, сондай-ақ торайлар мен құс балапандарын алу және оларды өсіруге және бордақылауға колхозшыларға, жұмысшылар мен қызметшілерге сату үшін шошқа мен құс болуын қажет деп табады.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық және аудандық Советтердің атқару комитеттері бұл қажет деп тапқан әрбір ауданда торай алу және оларды басқа шаруашылықтар мен халыққа сату үшін репродукторлық шошқа фермаларын ұйымдастыру туралы мәселе қарайтын болсын.

Шошқа және құс өсіретін фермалары негізсіз жойылып кеткен колхоздарға оларды қалпына келтіру, ал қажет болған жағдайда жаңасын құру ұсынылсын, совхоз басшылары осыған міндеттелсін.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖЕМШӨП ӨНДІРУДІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1970 ЖЫЛҒЫ 16 ИЮЛЬДЕГІ № 554 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 21 октябрьдегі № 649 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің

[1] 1, 2, 4—9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

10-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 16 июльдегі № 554 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдарға, ал мұндай кәсіпорындар мен ұйымдар жоқ жерде — Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің механикаландырылған отрядтарына мол өнімді шабындықтар мен жайылымдар жасау жөніндегі жұмыстарды комплексті жүргізу, совхоздармен және колхоздармен жасасқан договорлар бойынша қоршаулы мәдени жайылымдар ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу жүктелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен және Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігімен бірлесе отырып, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен және «Союзсельхозтехникамен» келіскеннен кейін мемлекеттік бюджеттің қаржысы және колхоздар мен совхоздардың қаржысы есебінен орындалуға жататын жұмыстардың көлемін жыл сайын анықтап, оларды Қазақ ССР Министрлер Советінің бекітуіне табыс ету тапсырылсын.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері жұмыстардың белгіленген көлемдеріне сәйкес осы мақсат үшін шабындықтарда, жайылымдарда өсірілетін шөптердің тұқымдарын және минералды тыңайтқыштарды жыл сайын бөлетін болсын.

## ЖЕМШӨП ӨНДІРУДІ АРТТЫРУ МЕН ОНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1972 жылғы 31 октябрьдегі № 581 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

2. *(Үшінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне және облыстық атқару комитеттеріне халық шаруашылығы жоспарларының жылдық жобасын дайындаған кезде, «Ауыл шаруашылық» саласы бойынша бөлінетін күрделі қаржы есебінен қуаттарды күшіне енгізу жөніндегі белгіленген тапсырмаларды өзгертпестен, мал азығын өндіруді көбейту жөніндегі шараларды жүргізуді бағыттауға право берілсін.

3. Колхоздардың қаржысы есебінен және совхоздарда мемлекеттік күрделі қаржы есебінен суармалы екпе жайылымдар жасау жөніндегі бас мердігерлердің міндеттері: Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Шымкент облыстарында — Күріш совхоздары құрылысы бас басқармасының, Алматы, Талдықорған облыстарында —«Союзиливодстройдың», Солтүстік Қазақстан, Орал облыстарында «Союзглавсельхозводоснабжениенің», Шығыс Қазақстан, Гурьев, Көкшетау, Қостанай, Семей, Торғай және Целиноград облыстарында — «Қазглавводстройдың», кәсіпорындары мен ұйымдарына, ал табиғи жерлерде екпе

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің бірінші және екінші абзацтары, 4, 5, 7, 8, 10—13, 15—19 және 21-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

20-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1972 ж. 13 сентябрьдегі № 678 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

жайылымдар жасау — Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігінің кәсіпорындары мен ұйымдарына жүктелсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасы, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі жылдық жоспарларда колхоздардың қаржылары есебінен суармалы екпе жайылымдар жасау үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне қажетті материалдық-техникалық құрал-жабдықтар бөлуді қарайтын болсын.

6. Облыстық атқару комитеттері Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындары мен техникумдарының ғылыми-зерттеу және оқу-тәжірибе шаруашылықтарына шөп тұқымын өсіретін мамандандырылған шаруашылықтарды тұқыммен қамтамасыз ету үшін элита тұқымы мен бірінші репродукциялы тұқымды дақылдары мен сорттары бойынша өндіру мен сатудың жоспарларын, сондай-ақ шөп тұқымын өсіретін мамандандырылған шаруашылықтарға мемлекетке шөп тұқымын сату жөніндегі тапсырмаларды жыл сайын белгілейтін болсын.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі, Қазақ ССР Министрлер Советі мен облыстық атқару комитеттері колхоздар мен совхоздарға шауып-ұсақтағыш, силос дайындау комбайндарын, желдеткіш пен пішенді одан әрі кептіру үшін қондырғылар, витаминді шөп ұнын дайындау үшін агрегаттар, тығыздағыш-реттегіш және басқа машиналар, жабдықтар мен материалдарды, осы қаулыда белгіленген алдыңғы қатарлы технологияны қолданып, мал азығын дайындау, сақтау және пайдалану міндетін орындау үшін 1973 жылдан бастап жылдық жеткізіп тұру жоспарларында қарап отырсын.

14. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігі, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімі алдыңғы қатарлы шаруашылық тәжірибелерін және прогрессивті жаңа технологияны қолдануды кеңейту үшін шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етіп, колхоздар мен совхоздарда мал азығын пайдалану, сондай-ақ бағыныстағы ғылыми мекемелердің күшімен өндіріс технологиясын жетілдіру үшін зерттеу жұмысын жүргізіп, дайындау, сақтау және агробиология ғылымы мен қазіргі техниканың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып мал азығын жегізіп бітіруді кеңтаратсын.

# СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТАМАҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН ДАЙЫНДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШОШҚА БОРДАҚЫЛАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ ІСІН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1974 ЖЫЛҒЫ 27 МАЙДАҒЫ № 428 ҚАУЛЫСЫН ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1974 жылғы 19 июльдегі № 404 ҚАУЛЫСЫ

Тамақ қалдықтарын дайындауды ұйымдастыру және оларды шошқа бордақылау үшін пайдалану ісін жақсарту мақсатында және СССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 27 майдағы № 428 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық, қалалық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) тамақ қалдықтарын мал бордақылау үшін толық жинау және пайдалану қажеттігіне сүйене отырып, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында халықтан, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары бар ұйымдар мен мекемелерде тамақ қалдықтарын жинау жөнінде жыл сайын тапсырмалар белгілеу;

тамақ қалдықтарын тасып шығаруды жүзеге асыратын автомобиль шаруашылықтарына бұл мақсаттар үшін арнаулы автомобильдер бөлу және автомобильдер мен контейнерлерді жуу мен дезинфекциялауды ұйымдастыру.

4. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі 1975 жылдан бастап республиканың халық шаруашылығын дамыту жоспарының жобасында тамақ қалдықтарын дайындауды ұйымдастыру және оларды пайдалану орындарына жеткізіп беру үшін күрделі қаржы, материалдық-техникалық ресурс көлемдерін көздейтін болсын.

5. Тамақ қалдықтарын дайындау жөніндегі шаруашылық есептегі конторларға мынадай қызметтер жүктелсін:

а) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтармен, кәсіпорындармен және мекемелермен шарт жасасу арқылы осы шаруашылықтардың, кәсіпорындар мен мекемелердің күшімен халықтан жиналатын, тамақ, ет, сүт және балық өнеркәсібінің, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында, санаторийлерде, демалыс үйлерінде, ауруханаларда, балалар мекемелері мен басқа мекемелерде жиналатын тамақ қалдықтарын дайындауды жүзеге асыру және бұл қалдықтарды ауыл шаруашылық органдарымен бірлесіп (шикі немесе дайындалған түрде) қала маңындағы немесе мал бордақылау шаруашылықтарына бөлу;

б) тамақ қалдықтарын жинау және оларды қала маңындағы совхоздар мен мал бордақылау шаруашылықтарына дер кезінде тасып әкету жөніндегі белгіленген тапсырмалардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

в) ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында тамақ, ет, сүт және балық өнеркәсібі кәсіпорындарынан қала маңындағы және мал борда-

---

[1] 1-пункттің «б», «в» тармақтары, 2, 3-пункттер, 4-пункттің бірінші абзацы, 8-пункттің үшінші абзацы және 9-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт СССР Министрлер Советінің 1974 ж. 27 майдағы № 428 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

қылау шаруашылықтарына тамақ қалдықтарын (барда, сыра дробинасы және басқалары) арнаулы автотранспортпен орталықтандырылған түрде тасып әкетуді ұйымдастыру.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыстық Советтердің атқару комитеттері жануарлардың жұқпалы және инвазионды ауруларын профилактикалау мақсатында мал азықтандыруға тамақ қалдықтарын пайдаланатын совхоздарда, мал бордақылау шаруашылықтары мен колхоздарда қалдықтарды (диірмен қалдықтарынан басқа) алдын ала термикалық өңдеуден өткізбей пайдалануға жол бермей, малдәрігерлік-санитариялық талаптардың сақталуын бақылауды күшейтсін.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігіне тамақ қалдықтарының барлық түрлерін дайындау, өңдеу және пайдалану жөніндегі жұмыстың озық тәжрибесін қорытып әрі таратып отыру жүктелсін.

8. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің заявкалары бойынша тұрғын үйлерде тамақ қалдықтарын жинау және уақытша сақтау үшін металл бактар әзірлеуді қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті бактар әзірлеуге арналған материалдар үшін Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне қор бөлуді жыл сайын көздеп отырсын.

10. Алматы қалалық Советінің атқару комитетіне жұмыстың күрделілігін және қызметкерлердің жоспарлар мен тапсырмаларды орындағанын ескеріп, тамақ қалдықтарын өткізуден түсетін қаржылардың 20 процентіне дейін бұл қалдықтарды жинаумен шұғылданатын қызметкерлердің еңбегіне қосымша ақы төлеу үшін пайдалануға рұқсат етілсін.

## ҚАЛАЛАРДА ЖИНАП АЛЫНАТЫН ТАМАҚ ҚАЛДЫҚТАРЫНА ШОШҚА БОРДАҚЫЛАУДЫ ҰЛҒАЙТУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1955 жылғы 28 июньдегі № 452 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Қалаларда жинап алынатын тамақ қалдықтарына шошқа бордақылауды ұлғайту туралы» 1955 жылғы 9 майдағы № 909 қаулысына[2] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

3. Облыстық атқару комитеттері мен қалалық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының аймағында орналасқан тамақ, ет-сүт және балық өнеркәсібі кәсіпорындары үшін, олардың кімге бағынатынына қарамастан, мал бордақылау үшін кәсіпорынның өздеріне қажетті санын есепке ала отырып, сауда ұйымдарының шошқа бордақылайтын шаруашылықтарының шошқаларын бордақылау үшін жарамды тамақ қалдықтары мен тастандыларын тапсыру мөлшерін белгілеу;

---

[1] Күші жойылды деп танылды: 5-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 3 апрельдегі № 130 қаулысымен; 8-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 16 декабрьдегі № 516 қаулысымен.

1, 2-пункттер, 3-пункттің «в»—«д» тармақтары, 4 және 6-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

б) қалаларда, селоларда және өнеркәсіп орталықтарында тұратын ауруханалардың, санаторийлердің, балалар мекемелерінің, демалыс үйлерінің, сауда ұйымдарының, шошқа бордақылайтын шаруашылықтарына тамақ қалдықтарын жинап, тапсыруды ұйымдастыру;

е) қала төңірегіндегі совхоздарда, көмекші шаруашылықта және мал бордақылайтын пункттерде шошқа бордақылау үшін қала халқынан тамақ қалдықтарын жинау жөнінде тапсырма белгіленсін және халық арасында қажетті түсінік жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету;

ж) үй басқармаларының халықтан тамақ қалдықтарын жинауын, тамақ қалдықтарын уақытша сақтау үшін үй және қажетті ыдыс бөлуін қамтамасыз ету коммуналдық шаруашылық және тұрғын үйлер басқармасы органдарына жүктелсін; қалдықтарды жинап, тапсыруды ұйымдастыру үй сыпырушыларға, үй-жай тазалаушыларға, үй басқармасының және басқа адамдарына жүктелсін.

з) үй басқармалары халықтан тамақ қалдықтарын жинау үшін қажетті мөлшерде ыдыспен (шелек пен кеспек) қамтамасыз етсін, сондай-ақ тамақ қалдықтарын тасымалдау үшін машиналарды жабдықтасын;

и) халықтан жиналған тамақ қалдықтарын Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің қала төңірегіндегі совхоздары мен мал бордақылайтын пункттерінің, Қазақ ССР Сауда министрлігінің және басқа ұйымдардың транспортымен коммуналдық шаруашылық бөлімдері тасуды ұйымдастырсын.

7. Қазақ ССР Ет және сүт өнімдері өнәркәсібі министрлігінің органдары бордақылауға тапсырған жас шошқалар еттің базар қоры есебіне енгізіледі деп белгіленсін.

## ҚАЗАҚ ССР-інің ӘКІМШІЛІК ПРАВО БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ
1984 жылғы 22 мартта қабылдаған
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 14 қосымша)

166-статья

[1] 12-томның 179-бетін қараңыз.

# СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЕЛДЕ МАЛ ДӘРІГЕРЛІК ІСІН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК МАЛ ДӘРІГЕРЛІК БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» 1963 ЖЫЛҒЫ 27 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 1020 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1964 жылғы 5 февральдағы № 100 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне республикада мал дәрігерлік қызметіне басшылық ету, совхоздарда, колхоздарда, басқа кәсіпорындар мен ұйымдарда олардың қандай ведомствоға бағынатынына қарамастан, СССР Мал дәрігерлік уставы талаптарының орындалуына мемлекеттік мал дәрігерлік бақылауын жүзеге асыру жүктелсін.

16. Аса қауіпті эпизоотиялардың тарауынан сақтану жөніндегі қорғау-карантин және мал дәрігерлік-санитарлық шараларды күшейту мақсатымен, қажет болған жағдайларда, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігімен келісім бойынша облыстық атқару комитеттерінің, өлкелік атқару комитеттерінің шешімі бойынша өлкелік, облыстық мал дәрігерлік бактериологиялық лабораториялардың жанынан карантин тәртіптерінің сақталуына бақылау жүргізу үшін мамандандырылған мал дәрігерлік-карантин отрядтары мен постыларын ұйымдастыруға, оларды ұстауға жұмсалатын қаржыны эпизоотиялармен күресуге бөлінген қаржы есебіне жатқызуға рұқсат етілсін.

17. Мал ауруларымен күресу жөніндегі станциялар өзінің қарамағындағы учаскелік мал дәрігерлік емханаларымен, мал дәрігерлік учаскелерімен тікелей өндірістік басқармаға бағынады, ал аудандық мал дәрігерлік лабораториялар етті-сүтті және тағамды бақылау станцияларымен — облыстық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау бөліміне бағынады деп белгіленсін.

Өндірістік басқармалардың мал дәрігерлік қызметіне өндірістік басқарма қызметі аймағына жататын барлық колхоздардың, совхоздардың, көмекші шаруашылықтардың және басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың малдарына, сондай-ақ азаматтардың өз меншігіндегі малдарына мал дәрігерлік қызмет көрсету жүктелсін.

Өндірістік басқарманың бас мал дәрігері сонымен қатар мал ауруларымен күресу жөніндегі станцияның бастығы болып табылады және тікелей өндірістік басқарманың бастығына бағынады.

18. Облыстық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау басқармаларының мал дәрігерлік бөліміне аудандық мал дәрігерлік лабораторияларының етті-сүтті және тағамды бақылау станцияларымен қатар облыстық мал дәрігерлік-бактериологиялық лаборатория, қалалық (Алматы қаласын қоспағанда) мал дәрігерлік-санитар-

---

[1] 5-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 ж. 3 октябрьдегі № 591 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 19, 122-ст.).

1-пункт, 2-пункттің екінші абзацы, 3—15, 28—31-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

19 және 21-пункттер СССР Министрлер Советінің 1963 ж. 27 сентябрьдегі № 1020 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

лық станциялар, қалалық мал дәрігерлік емханалар, эпизоотиялық отрядтар, экономикалық әкімшілік аудандардың халық шаруашылығы советтері жанындағы мал дәрігерлік инспекцияларда тікелей бағынады деп белгіленсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігінің Мал дәрігерлік бас басқармасының тікелей бағынысында Республикалық мал дәрігерлік лаборатория, Республикалық эпизоотиялық отряд, Алматы қаласының мал дәрігерлік-санитарлық станциясы мен Қазақ халық шаруашылығы Советі жанындағы мал дәрігерлік инспекция, Республикалық «Казооветснаб» конторы болады.

20. Республиканың, өлкенің, облыстың Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторы мен ауданның мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторына колхоздардың, совхоздардың, басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ жеке азаматтардың міндетті түрде орындауына тиісті мал дәрігерлік мәселелер бойынша ұсыныстар беруге право беріледі.

22. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жылдық халық шаруашылық жоспарларында СССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 27 сентябрьдегі № 1020 қаулысының № 1 қосымшасында қаралған мөлшерде республиканың мал дәрігерлік мекемелерін арнаулы автотранспортпен мал дәрігерлік мақсаттар үшін қондырғылармен, дезинфекциялық құралдармен және басқа емдеу-профилактикалық препараттарымен және Республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі арқылы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігінің заявкалары бойынша мал дәрігерлік объектілерін салу үшін құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуді қарау міндеттелсін.

23. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Тың өлкелік атқару комитетіне халық шаруашылығы жоспарларында совхоздардың, колхоздардың және республикалық мемлекеттік мал дәрігерлік жүйелерінің мұқтаждығына сәйкес орта квалификациялы мал дәрігерлері мамандарын даярлауды қарау тапсырылсын.

24. Қазақ ССР Финанс министрлігі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне мемлекеттік бюджеттен мыналарды қаржыландыруды қамтамасыз ету міндеттелсін:

а) мал мен құстың инфекциялық ауруларымен күресу жөніндегі шараларды (профилактикалық және амалсыз өңдеу, егу, амалсыз дезинфекциялау, карантиндік және басқа инфекциялық аурулардың ордасын жою жөніндегі шараларды);

б) мал мен құсқа диагностикалық зерттеу жүргізуге қаржы шығаруды;

в) гельминтоздармен, генесперидиоздармен және басқа паразиттік ауруларға қарсы малдарды профилактикалық және емдік өңдеу, сондай-ақ мал мен құстың жұқпалы ауруларын жұқтырушы зиянды насекомдармен (шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен) күресу жөніндегі шараларды;

г) эпизоотиямен күресу үшін пайдаланылатын автотранспортты ұстауды, командировкаға жіберілген мал дәрігерлік қызметкерлер мен эпизоотиямен күресуге қатыстырылған шоферлерге қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жалақы мен командировкалық шығындарды төлеу шығындарын;

д) емдеу мекемелерінің мамандарымен орындалатын, малдың өміріне хауіп төнген, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда мал дәрігерлік көмек көрсету, хирургиялық операциялар, стационарлық ем-

деу мен амбулаторлық процедуралардың шығындарын (кастрациялық және косметикалық операцияларды қоспағанда);

е) мал дәрігерлік мекемелердің үйлерін салу және күрделі жөндеу, осы мекемелер үшін мемлекеттік қамсыздандыру есебінен бөлінетін қаржы жетімсіз болған жағдайларда транспорт құралдарын, жабдықтар және басқа мүліктер сатып алу шығындарын, сондай-ақ совхоздарда мал дәрігерлік құрылыстарын жүргізу шығындарын.

25. Өндірістік басқарманың мал дәрігерлік мекемелерін ұстау тиісті аудандық бюджетке, облыстық мал дәрігерлік лабораторияларды, етті-сүтті және тағамды бақылау станцияларын — облыстық бюджетке, ал қалаларда қызмет ететін мал дәрігерлік мекемелерді ұстау тиісті қалалық бюджетке жатқызылсын.

26. Облыстық атқару комитеттері мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне жылдық халық шаруашылығы жоспарларында колхоздардың, совхоздардың және мемлекеттік мал дәрігерлік жүйелердің мал дәрігерлік мекемелерінің, сондай-ақ колхоздар мен совхоздардың мал дәрігерлік емханаларының амбулаторияларының, аптектерінің, изоляторларының, мал қабырларының мұқтажын қамтамасыз ететін мал дәрігерлік объектілерінің құрылысын салуды қарау міндеттелсін.

Мал дәрігерлік транспортын және мал дәрігерлік мақсаттарға арналған үйлерді мақсатынан басқаға пайдалануға тыйым салынсын.

27. Қазақ темір жолы басқармасына биопрепараттарды жаз кезінде мұзбен салқындатылатын мұзды вагондармен, ал қыс кезінде — жылытылатын вагондармен тасымалдауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

«Қаззооветснаб» қыс кезінде биопрепараттарды тиегенде аталған вагондарды жылыту үшін проводниктер бөлетін болсын.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА МАЛ ДӘРІГЕРЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 1 ИЮНЬДЕГІ № 498 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1978 жылғы 10 августағы № 321 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 17)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Мал шаруашылығына мал дәрігерлік қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1978 жылғы 1 июньдегі № 498 қаулысын басшылыққа алып, қалтқысыз орындасын.

2. Қазақстан Компартиясы облыстық және аудандық комитеттеріне, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, республиканың қарамағында

[1] 6, 7-пункттер және 8-пункттің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1978 ж. 1 июньдегі № 498 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

мал өсіретін шаруашылықтары бар министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

мал дәрігерлік қызметіне басшылықты жақсартуды, жергілікті ауыл шаруашылық органдарының, колхоздардың, совхоздардың, мал фермалары мен мал шаруашылық комплекстерінің, құс фабрикаларының және мал шаруашылығы өнімін өңдейтін кәсіпорындардың басшылары мен мамандарының шаруашылықтардың тиісті мал дәрігерлік-санитариялық жағдайда болуын және оларды жұқпалы аурулардың қоздырғыштарының таралуынан қорғауды, аурудан болатын шығындар мен малдың өлім-жітімін азайтуды қамтамасыз ету үшін, ССР Одағының Мал дәрігерлік уставында көзделген тәртіптердің сақталуы үшін жауапкершілігін арттыру;

колхоздардағы, совхоздардағы, мал шаруашылық комплекстеріндегі, құс фабрикалары мен басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы мал дәрігерлік қызметін білікті мамандармен нығайту, оларға оңды тұрмыстық және өндірістік жағдайлар жасау;

мал дәрігерлік қызметі мекемелерін қажетті жабдықпен, аппараттармен, дәрі-дәрмекпен, биологиялық препараттармен, дезинфекциялау құралдарымен және транспортпен жарақтандыру.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттері мыналарды қамтамасыз етсін:

ауыл шаруашылық малын аурулар мен өлім-жітімнен қорғауды күшейту, мал шаруашылық комплекстерінің, асыл тұқымды мал заводтарының, басқа да шаруашылықтар мен фермалардың мал дәрігерлік-санитариялық жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар комплексін 1978—1985 жылдары әзірлеп, жүзеге асыруды;

малдың ауруларына қарсы күрес жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіруді, емдеу-профилактикалық шаралардың сапасын жақсартып, тиімділігін арттыруды, мал дәрігерлік қызметінің материалдық-техникалық базасын дамытуды, мал шаруашылығы практикасына ғылым мен техниканың жетістіктерін, озық тәжірибені және еңбекті ғылыми ұйымдастыруды кеңінен енгізуді, мал дәрігері кадрларының мамандық даярлығын арттыруды;

мал фермалары мен мал шаруашылық комплекстерінің, құс фабрикаларының, мал шаруашылығы өнімін өндіру мен өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың жаңаларын салып, жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялаған кезде технологиялық жобалау нормалары мен мал дәрігерлік-санитариялық талаптарды қатаң сақтауды;[1]

колхоздарда, совхоздар мен мал шаруашылық комплекстерінде мал дәрігерлік, емханалар, амбулаториялар аптекалар үшін қажетті үйлерді, дезинфекциялау құралдары мен биопрепараттар сақтау үшін үй-жайларды салуды.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттеріне әрбір ауданда мал соятын пункттер мен қасапхана алаңдарын, сондай-ақ мал сою, негізі малдан алынған өнімдер мен шикізатты өңдеу және сақтау жөніндегі кәсіпорындарда мал дәрігерлік-санитариялық объектілерді салуды қамтамасыз етуге.

5. Мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді мамандандыру мен шоғырландыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты Қа-

---

[1] 3-пункттің төртінші абзацы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 26 марттағы № 137 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 8, 20-ст.) қажетті мал дәрігерлік-санитариялық объектілердің құрылысы аяқталмаған мал фермалары мен мал шаруашылық комплекстерін, құс фабрикаларын пайдалануға беруге жол бермеу деген бөлігінде күшін жойды деп танылды.

зақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттеріне мыналар тапсырылсын:

әрбір ауданда мал дәрігерлік мекемелерін территориялық орналастыру туралы мәселені қарау және жергілікті жағдайларды ескере отырып, қажетті жерлерде, мал дәрігерлік пункттер мен учаскелерді жабу есебінен учаскелік мал дәрігерлік емханаларды, мал ауруларына күрес жөніндегі станцияларды және мал дәрігерлік лабораторияларды ұйымдастыру, сондай-ақ аудандардағы мал өсіретін мамандандырылған шаруашылықтардың саны мен олардың білікті мал дәрігері мамандары кадрларымен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ осы шаруашылықтар мен азаматтардың шаруашылықтарындағы малдың, құс пен басқа да жануарлардың санын ескере отырып, мемлекеттік мал дәрігерлік жүйесінің мекемелері мен ұйымдарының штаттарын белгіленген тәртіп бойынша қайта қарауды және бекітуді қамтамасыз ету;

СССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісіп алып, 1978—1985 жылдары республиканың мемлекеттік мал дәрігерлік жүйесі құрамында жануарлардың аса хауіпті жұқпалы аурулары жөнінде мамандандырылған екі аймақтық мал дәрігерлік лабораториясын ұйымдастыру.

Жаңа мал дәрігерлік мекемелерді ұйымдастыру мемлекеттік мал дәрігерлік жүйені ұстауға арналған жалақы қоры мен қаржылар шегінде жүзеге асырылсын.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті өз кәсіпорындарында мемлекеттік мал дәрігерлік жүйесінің мекемелері мен ұйымдарының, мал шаруашылық комплекстерінің, құс фабрикаларының, колхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың автодезинфекция қондырғылары мен мал дәрігерлік дезинфекциялау машиналарын жөндеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ аталған техниканы запас бөлшектермен қамтамасыз етуге шаралар қабылдасын.

9. Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті 1979—1985 жылдарға арналған жоспарларда республиканың мемлекеттік мал дәрігерлік жүйесінің және колхоздары мен совхоздарының мал дәрігерлік қызметінің мекемелері мен ұйымдары үшін жергілікті ауыл шаруашылық органдарына рыноктан тыс қорлар есебінен қорапты мотоциклдерді, тұрмыста қолданылатын тоңазытқыштар мен тоңазытқыш камераларды бірінші кезекте бөлуді көздейтін болсын.

10. Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдары басқармаларына малды және негізгі малдан алынған шикізатты тасымалдаудан кейін босаған вагондарды санитариялық өңдеу үшін дезинфекциялау-жуу станциялары мен жуу пункттерінің жүйесін кеңейту туралы мәселені қарап, темір жолдар жанындағы мал дәрігерлік қызметін қызмет үй-жайларымен қамтамасыз етсін.

11. ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі ауыл шаруашылық малының туберкулез, бруцеллез, лейкоз, паразиттік, жұқпасыз және басқа ауруларын профилактикалау және жою әдістері мен құралдарын жасау жөніндегі ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырсын.

13. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті мал дәрігерлік ғылым мен практиканың жетістіктері

туралы, мал дәрігерлік қызметінің озат коллективтері мен мамандарының жұмыс тәжірибесі туралы жүйелі түрде информация мен материалдар жариялауды, кітаптар мен кітапшалар басып шығаруды қамтамасыз етсін.

* * *

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі партия, совет және ауыл шаруашылық органдары, республика мал дәрігерлер мамандары мал шаруашылығында мал дәрігерлік қызметті одан әрі жақсартуды қамтамасыз етіп және жоғары сапалы мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтады деп нақты сенім білдіреді.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗ БЕН ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1981 ЖЫЛҒЫ 10 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 889 ҚАУЛЫСЫН ІС ЖҮЗІНЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 26 октябрьдегі № 449 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылық жануарларының бруцеллез бен туберкулез ауруларына қарсы күрес жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 10 сентябрьдегі № 889 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі, СССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі жанындағы күріш өсіретін совхоздарды ирригациялау және салу жөніндегі бас басқармасы және қарауындағы шаруашылықтарда ауыл шаруашылық жануарлары бар басқа да министрліктер мен ведомстволар, Қазақстан Компартиясы облыстық, қалалық, аудандық комитеттері, облыстық, қалалық, аудандық Советтердің атқару комитеттері:

ауыл шаруашылық жануарларының бруцеллезбен және туберкулезбен ауруына байланысты істің жайын қарайтын болсын, малдары бруцеллез және туберкулез ауруына ұшыраған әр аудан, шаруашылық және елді мекен бойынша ұйымдастыру-шаруашылық, мал дәрігерлік, санитариялық және басқа шаралардың комплексті жоспарын жасап, бекітсін, мұнда аталған шаруашылықтың және елді мекенді сауықты-

---

[1] 2-пункттің он екінші абзацы, 3-пункттің төртінші, бесінші абзацтары, 4, 6 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

9-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1981 ж. 10 сентябрьдегі № 889 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

ру нақты мерзімі, оның ішінде барлық ауруға ұшыраған мал бастарын сау жануарлармен ауыстыру, сондай-ақ ауыл шаруашылық төлдерін өсіру және осы мақсатта пайдалану жөнінде тапсырма беру көзделсін және осы шаралардың орындалуына тұрақты бақылау орнатсын. Облыстық, қалалық, аудандық Советтердің атқару комитеттері, колхоз басқармалары мен совхоз басшылары ауру малдарын союға өткізген мал иелеріне дені сау сиыр, бұзау және қой сатуды қамтамасыз етсін.

Совхоздардың, колхоздардың және басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының басшылары фермаларда санитариялық тәртіп орнатсын, өндірілетін мал өнімдерінің сапасын жақсартуға шұғыл шаралар қолдансын;

шаруашылықтарды ауыл шаруашылық жануарларының бруцеллезі мен туберкулезінен сауықтыруды мына жылдары аяқтайтын болсын:

Алматы, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Қызылорда, Семей, Талдықорған және Шымкент облыстарында — 1983—1985 жылдары;

Ақтөбе, Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Орал және Целиноград облыстарында — 1983—1987 жылдары;

мал бруцеллезі мен туберкулезі жөнінен нашар шаруашылықтар мен фермалардың мал дәрігерлік қызметтерінің барлық буындары жоғары білікті мамандармен бірінші кезекте нығайтылсын, оларға дұрыс жұмыс істеу үшін қажетті өндірістік және тұрмыстық жағдайлар жасалсын;

жануарлар ауруы жөнінен нашар шаруашылықтар мен фермаларда малды күтіп-бағатын адамдар арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және жеке гигиена заттарымен толық қамтамасыз етіліп, олар үшін душ бөлмелері және сырт киімдер мен аяқ киім ауыстыратын бөлмелер жабдықталатын болсын;

жоспарларда малдары бруцеллез және туберкулез ауруына ұшыраған колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен ұйымдарында қажетті мал қораларымен тұрмыстық үйлер салу және оларды қайта құру жөнінде тапсырмалар, бұл шаруашылықтарға сауықтыру шараларын жүргізу үшін күрделі қаржы, материалдық-техникалық құралдар, құрылыс материалдары, техника мен залалсыздандыру заттарын бөлу көзделсін. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыстық Советтердің атқару комитеттері жоспарларда фермаларда дезинфекциялық жұмыстар жүргізу үшін қорытылған әкті қажетті мөлшерде өндіру және ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарына жеткізіп беру жөніндегі тапсырмаларды көздейтін болсын;

туберкулез ауруымен ауырғаны анық және екі есе инфекциялы жануарлар дереу союға өткізілсін;

ең алдымен асыл тұқымды мал шаруашылықтарында туберкулезбен ауырған мал басын мамандандырылған фермаларда өсірілген дені сау бұзаулармен және қунажындармен толық ауыстыру жүзеге асырылсын, ол үшін оларда алдын ала барлық қажетті мал дәрігерлік-санитариялық шаралар жүзеге асырылсын. Асыл тұқымды малдарды әкелу ферманы бірден жасақтау үшін ірі-ірі лектермен жүргізілсін;

*(Он үшінші абзац)* халық депутаттарының поселкелік және селолық Советтерінің, шаруашылықтың басшылары мен зоотехникалық-мал дәрігерлік мамандарының ССР Одағының Мал дәрігерлік уставы талаптарының қатаң сақталуына және қоғамдық мал басы мен халықтың иелігіндегі мал ішінде туберкулез бен бруцеллездің алдын алу

және оны жою жөніндегі шаралардың белгіленген мерзімде толық жүргізілуіне жауапкершілігі арттырылсын.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі және облыстық Советтердің атқару комитеттері ауыл шаруашылық жануарларының бруцеллезі мен туберкулезін қоздырушылар сүт және малдан шыққан басқа да өнімдер арқылы таралуын болғызбауға шаралар қолдансын, малдары бруцеллез бен туберкулез ауруына шалдыққан шаруашылықтарда сүтті залалсыздандыруды және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарында оны пастерлеуді ет комбинаттарына туберкулез және бруцеллез ауруларымен келіп түскен малдарды уақтылы қабылдауды және оларды мал дәрігерлік-санитариялық талаптарға сай жағдайда союды қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі:

— 1983 жылдан бастап малдары бруцеллез және туберкулез ауруларына шалдыққан шаруашылықтардың қажетін толық қанағаттандыра алатындай көлемде қаймағы алынбаған сүттің алмастырғышын өндіруді қамтамасыз етсін. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл шаруашылықтарда бұзауларды сүтпен азықтандыруға тыйым салсын.

5. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі және облыстық Советтердің атқару комитеттері колхоздарда, совхоздарда және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында және малдан алынған өнімдер мен шикізаттарды өңдейтін кәсіпорындарда бруцеллез және туберкулезбен ауыратын малдармен жұмыс істейтін адамдардың денсаулығын сақтау жөнінде шаралар комплексін жасап, жүзеге асырсын, ауыл шаруашылық жануарлары бруцеллез және туберкулез ауруына шалдыққан шаруашылықтарда, ет комбинаттарында және басқа да өңдеу кәсіпорындарында эпидемиялық режимнің сақталуына бақылауды күшейтсін.

7. ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі 1983—1986 жылдары Қазақ мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының ауыл шаруашылық жануарларының бруцеллезіне және туберкулезіне қарсы күрес жөнінде шаралар жасаумен айналысатын эксперименттік-өндірістік базасын салуды (Алматы облысында) қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті аталған эксперименттік-өндірістік базаны салуға белгіленген тәртіп бойынша арналған күрделі қаржының қажетті лимиті мен мердігерлік жұмыс бөлуді көздейтін болсын.

## МАЛДЫҢ АУСЫЛМЕН АУРУЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1973 жылғы 5 марттағы № 107 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Малдың аусылмен ауруына қарсы күресу жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1973 жылғы 8 январьдағы № 23 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

[1] 7-пункт СССР Министрлер Советінің 1973 ж. 8 январьдағы № 23 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігіне және облыстық атқару комитеттеріне республикада малдың аусылмен ауыруын жою және оның бұдан былай тарауына жол бермеу жөнінде шұғыл шаралар алу міндеттелсін.

Осы мақсатпен:

а) мал шаруашылығы фермаларында, мал бордақылайтын шаруашылықтар мен сүт өнеркәсібі орындарында, ет комбинаттарында, қасапханалар мен мал соятын пункттерде тиісті мал дәрігерлік-санитариялық тәртіп орнатылсын. Ет өңдейтін кәсіпорындарда, мал бордақылайтын және басқа шаруашылықтарда малды түсіргеннен кейін жүк автомобильдерін, мал тасығыштар мен тіркемелерді тазалау, жуу және дезинфекциялау қамтамасыз етілсін;

б) малдары аусылмен ауырған және осындай хауіп төнген шаруашылықтар мен елді мекендерде және сүт өнеркәсібі орындарында сүт пен көк сүтті пастеризациялаудың сапасына бақылау күшейтілсін.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Орталық статистика басқармасы мен облыстық атқару комитеттері азаматтардың өз меншігіндегі малды түгел есепке алуға және оны шаруашылық кітаптарында тіркеу тәртібін қатаң сақтауға шаралар алатын болсын.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі, облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттері жеке малды сатқанда халықтың мал дәрігерлік талаптарды сақтауына қатаң бақылау жасайтын болсын.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның жергілікті жердегі органдары, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі шаруашылықтар мен мал дәрігерлік мекемелерді аусылға қарсы вакциналарды тасымалдау мен сақтауға қажетті тоңазытқыш және басқа жабдықпен қамтамасыз етсін.

5. Қазақ темір жолы басқармасы мен Азаматтық авиациясының Қазақ басқармасы аусылды жоюға және профилактика жасауға арналған жүктерді кезектен тыс тасымалдауды қамтамасыз етсін.

6. Мемлекеттік мал дәрігерлік бас инспекторлар мен олардың орынбасарларының немесе мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторлардың нұсқауы бойынша құртылатын, аусылмен ауырған және ауырған-ау деп күдік туғызған малы үшін азаматтарға малдың сақтандыру құнын өтеу сомасы мен сатып алу бағалары бойынша құнының айырмасын, ал сақтандырылмаған мал құртылған реттерде оның сатып алу бағалары бойынша құнын алдын алу шаралары үшін бөлінетін Мемлекеттік сақтандыру қаржылары есебінен төлеуге облыстық атқару комитеттеріне право берілсін.

## § 3. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ДАЙЫНДАУ

### 1. Жалпы мәселелер

## ҚАЗАҚ ССР-інің АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ [1]

ҚАЗАҚ ССР-інің 1963 жылғы 28 декабрьдегі ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1964 ж., № 2)

247 және 248-статьялар

## ҚАЗАҚ ССР ҮКІМЕТІНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН МЕМЛЕКЕТТІҢ САТЫП АЛУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 24 июньдегі № 393 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 13, 65-ст.)

Қазақ ССР Үкіметінің ауыл шаруашылығы өнімін мемлекеттің сатып алуын ұйымдастыру туралы шешімдерін өз ара үйлестіру және олардың көп түрлілігін жою мақсатында және СССР Министрлер Советінің «СССР Үкіметінің ауыл шаруашылығы өнімін мемлекеттің сатып алуын ұйымдастыру мәселесі жөніндегі шешімдерін біріктіру туралы» 1970 жылғы 23 апрельдегі № 278 қаулысына [3] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі аталған мәселе бойынша Қазақ ССР Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыда біріктіруді қажет деп санайды. Осымен байланысты Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

---

[1] 2-том, 7-бетті қараңыз.

[2] Мыналар күшін жойды деп танылды: 2-пункттің екінші абзацы — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 9 июльдегі № 288 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 14, 54-ст.); 2-пункттің үшінші абзацы — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 25 ноябрьдегі № 531 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 24, 109-ст.).

10-пункт, 15-пункттің төртінші абзацы, 22-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[3] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

1. Астықты, техникалық дақылдарды, етті, сүтті, аң терісі-мех шикізатын және басқа ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын мемлекеттік дайындау колхоздар мен совхоздарда халықтың тағам өнімдеріне және өнеркәсіптің шикізатқа деген талаптарын неғұрлым толық қанағаттандыру үшін жоспардан тыс сатып алуды жүргізудің қажеттігін есепке ала отырып, ауыл шаруашылығы өнімін мемлекетке сатып алу жоспарларына, колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту жоспарларына сәйкес жасалынатын контрактация шарттары негізінде мемлекеттік сатып алу тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуды жүзеге асыратын Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары және облыстық атқару комитеттері контрактация шарттарын жасасқан кезде тек ауыл шаруашылығы өнімін сатып алудың белгіленген жоспарларының орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігіне ғана емес, сонымен бірге бұл өнімді жоспардан тыс сатып алуды халық шаруашылығының талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті мөлшерде жүргізу қажеттігін де негізге алуға тиіс.

3. Ғылыми-зерттеу мекемелері мен оқу орындарының тәжірибе, тәжірибе-өндірістік, оқу-тәжірибе шаруашылықтарында, селекциялық, тәжірибе және машина сынау станцияларында, жеміс-питомник және жібек шаруашылығы совхоздарында қалып қоятын, өзіне мемлекеттік сатып алу жоспарлары бекітілетін ауыл шаруашылығы өнімінің артығын колхоздар мен совхоздарға сортты тұқымдар (элита және бірінші репродукциялы), асыл тұқымды мал, асыл тұқымды құс және асыл тұқымды құстың жұмыртқалары сатылғаннан кейін және осы шаруашылықтардың тұқымдарға, мал үшін азықтарға (бұл мақсаттарға азық-түлікті астықты пайдаланбай) деген қажеттерді толық қанағаттандырылғаннан кейін, сондай-ақ басқа да өндірістік, тәжірибе және оқу мұқтаждары қанағаттандырылғаннан кейін аталған шаруашылықтар оны ауыл шаруашылығы өнімін қабылдау жүктелген мемлекеттік, кооперативтік ұйымдарға және сауда жүйесіне тапсыра отырып, мемлекетке де контрактация тәртібімен сатады.

Аталған шаруашылықтардың контрактация тәртібімен сатқан өнімі ауыл шаруашылығы өнімін сатып алудың мемлекеттік жоспарының орындалуына есептеледі.

Аттары аталған шаруашылықтардың контрактация тәртібімен сатуға жататын ауыл шаруашылығы өнімінің мөлшері шаруашылықтардың тиісті министрліктер, ведомстволар және ұйымдар белгіленген тәртіп бойынша бекітетін өндірістік-финанс жоспарларының негізінде белгіленеді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесіндегі асыл тұқымды құс өсіретін мемлекеттік шаруашылықтар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің және оқу орындарының асыл тұқымды құс өсіріп отырған құс шаруашылықтары мен фермалары асыл тұқымды құстың жұмыртқаларын пайдаланудың осы шаруашылықтарға белгіленген жоспарларына сәйкес тұқымдық мақсаттар жөніндегі қажеттерін қанағаттандырғаннан кейін өздерінде қалған жұмыртқаларды дайындау және сауда ұйымдарына тамақ үшін сатады.

Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің көмекші шаруашылықтарына, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволардың көмекші шаруашылықтарының функциясын атқаратын совхоздарына өз жүйесіндегі шаруашылықтар мен кәсіпорындарда пайдаланылмайтын астықтың, майлы дақылдар дәнінің, еттің, сүттің, басқа да ауыл шаруа-

шылығы өнімінің артықтарын сату жоспарлары белгіленеді және олармен осы өнімді мемлекетке сатуға контрактация шарттары жасалынады.

Кәсіпорындардың жұмысшыларды жабдықтау бөлімдеріне және өз жүйесіндегі басқа да ұйымдарға көмекші шаруашылықтардың жеткізіп беретін өнімі жөнінде контрактация шарттары жасалмайды.

Емдеу мекемелерінің (ауруханалардың, санаторийлердің және басқалардың), демалыс үйлерінің, балалар үйлерінің, мектептен тыс және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, мектеп-интернаттардың, мүгедектер мен қарттар үйлерінің, интернаттарының көмекші шаруашылықтарына, сондай-ақ жалпы білім беретін және ауыл шаруашылығы мектептерінің, қолөнер училищелерінің, ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері мен селолық кәсіптік-техникалық училищелердің оқу және оқу-тәжірибе шаруашылықтарына ауыл шаруашылығы өнімін сату жоспарлары белгіленбейді және бұл шаруашылықтармен контрактация шарттары жасалынбайды.

Көмекші шаруашылықтар, олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан ғылыми-зерттеу мекемелері мен оқу орындарының тәжірибе, оқу-тәжірибе шаруашылықтары, селекциялық, машина сынау станциялары, басқа да мемлекеттік шаруашылықтар өнеркәсіп финанс жоспарында көрсетілген мөлшердегі сортты (элита және бірінші репродукциялы) тұқымдардан, өз қажеттері үшін арналған тұқымдардан, сондай-ақ малға беруге қойылған жемдік астық дақылдарының бір бөлігінен басқа артық азық-түліктік, жемдік астықтың бәрін қазір қолданылып жүрген бағалар бойынша мемлекетке сатуға міндетті.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құс өсіру өнеркәсібі бас басқармасының жүйесіне кіретін шаруашылықтарға, құс фабрикаларына, құс өсіретін совхоздарға және дәнді дақылдар егістігі бар мемлекеттік балық шаруашылықтарына мемлекетке астық сату жоспарлары белгіленбейді, өйткені астықты бұл шаруашылықтардың құс өсіру қажеттері үшін және тоған шаруашылығының қажеттері үшін пайдалану ескеріліп отыр.

4. Контрактация шарттарында мыналар көрсетілуге тиіс:

колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа шаруашылықтардың мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын сату жөніндегі міндеттемелері, ауыл шаруашылығы өнімінің мөлшері (өнімнің түрлері бойынша), сапасы, жеткізіп берудің мерзімдері, тәртібі мен шарттары және тапсыратын орны көрсетіле отырып:

дайындау ұйымдары мен кәсіпорындардың өнімді мезгілінде қабылдау, белгіленген бағалар бойынша оған ақы төлеу жөніндегі міндеттемелері, сондай-ақ тікелей банк кредитіне көшірілмеген колхоздарға ақшалай аванстар берудің мерзімдері мен мөлшерлері;

ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді және оны қабылдау пункттері мен кәсіпорындарға тасымалдауды ұйымдастыруда колхоздар мен совхоздарға көмек көрсету жөніндегі міндеттемелер;

қабылдаған міндеттемелерді өздері орындамаған реттерде екі жақтың өзара материалдық жауапкершілігі.

5. Ауыл шаруашылық өнімін контрактациялау шарттары бір жыл мерзімге жасалады.

Контрактация шарттарын ауыл шаруашылығы өнімін мемлекеттік сатып алу жоспарларына және колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың перспективалық жоспарларына сүйеніп, 2 жылдан 5 жылға дейінгі (жылдарға бөле отырып) мерзімге жасауға да болады. Мұнда контрактация шарттары колхоздар мен совхоздарға белгіленген мемлекеттік сатып алу жоспарларының және

өндірістік жоспарлардың негізінде, сондай-ақ олардың мемлекетке жоспардан тыс өнім сату жөніндегі мүмкіндіктері ескеріле отырып, жыл сайын нақтылануға тиіс.

6. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, республиканың ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуды жүзеге асыратын басқа да министрліктері мен ведомстволары және облыстық атқару комитеттері колхоздармен, совхоздармен, тағы басқа шаруашылықтармен контрактация шарттарын тиісті жылдың 1 январынан кешіктірмей жасауды қамтамасыз етуге міндетті.

7. Әрбір дайындаушы тікелей шаруашылықтармен ауыл шаруашылығы өніміне контрактация шарттарын жасасуға міндетті.

Тоғандарда өсіріліп, өндірілген балықты колхоздардан, совхоздардан және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарынан сатып алу да контрактация шарттары бойынша жүзеге асырылады.

8. Ауыл шаруашылығы өнімін контрактациялау шарттарын жасау және орындау СССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 4 январьдағы № 3 қаулысының[1] (кейіннен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) негізінде бекітілген ауыл шаруашылығы өнімін контрактациялаудың шарттарын жасасудың және орындаудың тәртібі туралы Ережесінде және ауыл шаруашылығы өнімін контрактациялаудың үлгі шарттарында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.

9. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақстан Тұтынушылар одағы, Бүкілодақтық «Лекраспром» бірлестігінің Қазақ республикалық конторы және жергілікті совет органдары ауыл шаруашылығы өнімін контрактациялау шарттарының орындалуына бақылауды жүзеге асыруға және бұл шарттарды орындау үшін екі жақтың жауапкершілігін арттыруға шаралар қабылдауға тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімін дайындау жоспарларының және контрактация шарттарының орындалуына мемлекеттік бақылауды Қазақ ССР Дайындау министрлігі жүзеге асырады.

11. Кәсіпорындар мен ұйымдардың ауыл шаруашылығы өнімін дайындау жөніндегі шығындарын азайту, оның шығынға ұшырауын және бүлінуін алдын ала болдырмау, мал мен құстың таза салмағының жеңілдеуіне жол бермеу, тиімсіз тасымалдауларды жою, ауыл шаруашылығы өнімін өнеркәсіп орындарында қайта өңдеуге жұмсалатын қаражаттарды дайындау, сауда ұйымдарының айналым шығындарын азайту жолымен дайындалатын ауыл шаруашылығы өнімін арзандату барлық жергілікті совет және дайындау органдарының аса маңызды міндеті болып табылады.

Ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары дайындау, өткізу және сауда ұйымдарындағы жұмысты онан әрі жақсартуға, басы артық буындарды қысқартуға, ауыл шаруашылығы өнімін дайындаудағы, сақтаудағы, қайта өңдеу мен өткізудегі ұқыпсыздықты жоюға, шаралар қолдануға, шығындарды азайту, дайындалған өнімнің бүлінуі мен сапасының төмендеуіне жол бермей, оның толық сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жергілікті совет органдары дайындау және сауда ұйымдары мен өнеркәсіп орындарының ауыл шаруашылығы өнімі мен шикізаттарын қабылдау, қайта өңдеу және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысына қатаң бақылау жасауды жүзеге асыруға тиіс.

---

[1] СП СССР, 1966 ж., № 2, 11-ст.

12. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР-інің ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуды жүзеге асыратын министрліктері мен ведомстволары, облыстық және аудандық атқару комитеттері колхоздар мен совхоздардың ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін өнеркәсіп орындарымен және сауда ұйымдарымен тікелей байланыстарын ұлғайтуды қамтамасыз етуге тиіс, мұның өзі басы артық қабылдау пункттерін таратуға, дайындау жұмысын арзандатуға, өнімді тұтынушыларға жеткізудің мерзімдерін тездетуге және дайындалатын ауыл шаруашылығы өнімінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

13. Ауыл шаруашылығы өнімін мемлекетке сату мерзімдері дақылдардың пісу мерзімдері, өнімді өндірудің және сақтаудың шарттары, сондай-ақ малды, құсты, сүтті, жұмыртқаны, жүнді, аң терісі мен мех шикізатын мемлекеттік сатып алудың Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейтін тоқсаңдық жоспарлары ескеріле отырып, колхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың дайындау ұйымдарымен жасалатын контрактация шарттарында көрсетіледі.

14. Колхоздардың, совхоздардың және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының мемлекетке сатқан ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарын жеткізіп бергені үшін (колхоздан, совхоздан немесе басқа шаруашылықтан тапсыру пунктіне дейінгі барлық қашықтық үшін) ақыны осы өнімдер мен шикізатты қабылдауды жүзеге асыратын қабылдау пункттері, кәсіпорындары мен ұйымдары автомобильмен тасымалдауға арналған бірыңғай тарифтер бойынша, ал тиісті реттерде — ауыл шаруашылығы өнімін контрактациялау шарттарын жасаудың және орындаудың тәртібі туралы Ережеде көрсетілген шарттар тұрғысында транспорттың басқа түрлерімен тасымалдауға арналған тарифтер бойынша мемлекет есебінен төлейді.[1]

15. Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің, кәсіпшіаңшылардың, қолөнершілердің және басқа азаматтардың шаруашылықтары өздеріндегі басы артық, мемлекет сатып алуға мүдделі болып отырған ауыл шаруашылығы өнімдерін өз тілектері бойынша мемлекетке сата алады.

Қазақ ССР Дайындау министрлігі, облыстық және аудандық атқару комитеттері колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің, басқа да азаматтардың шаруашылықтарынан басы артық ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік және кооперативтік дайындау ұйымдарының сатып алуын жүргізу жөніндегі жұмысты жақсартуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ бұл шаруашылықтарға басы артық өнімдерді мемлекеттік және колхоз-кооперативтік сауда жүйесі арқылы өткізуді ұйымдастыруда мейлінше көмек көрсетіп отыруға тиіс.

Өздерінің басы артық ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу жөніндегі колхозшылардың өнімсіз шығындарын жою мақсатында колхозшылардан ауыл шаруашылығы өнімдерін қабылдау және оларды колхоздардың құралдарымен мемлекеттік және кооперативтік қабылдау пункттеріне жеткізу колхоздарға ұсынылады. Дайындау ұйымдары колхоздардың транспорт шығындарын өтейді.

16. Колхоздармен, совхоздармен, басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен және ұйымдарымен олардың мемлекет-

---

[1] 14-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 9 июльдегі № 288 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 14, 54-ст.), СССР Министрлер Советінің 1973., 21 августағы № 1710 қарарында аталған бөлігі күшін сақтап қалды деп танылсын.

ке сатқан ауыл шаруашылығы өнімі үшін есеп айырысуларды осы өнімді қабылдаушы пункттер мен кәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін контрактациялау шарттарын жасасудың және орындаудың тәртібі туралы Ережеде көрсетілген мерзімдерде, СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторының осы шаруашылыққа қызмет көрсететін мекемесі арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер жолымен, оған тиісті төлем қағаздарын бере отырып жүргізеді.

17. Қолхозшылардан, басқа да азаматтардан сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімі үшін мемлекеттік және кооперативтік дайындау ұйымдары олармен дайындау пункттерінде ауыл шаруашылығы өнімі тапсырылысымен дереу есеп айырысуға тиіс.

Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі колхозшылардың және басқа азаматтардың шаруашылықтарымен мемлекеттік сатып алу ретінде, тапсыратын сүті үшін, олардың тілегі бойынша, күн сайын есеп айырысып тұруға міндетті.

18. Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуды жүзеге асыратын Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

а) ауыл шаруашылығы өнімін тапсырушыларға олардан сүттен басқа өнімді қабылдасымен белгіленген үлгідегі қабылдау квитанцияларын беруге; сүт жөніндегі квитанцияларды СССР Дайындау министрлігі белгілейтін мерзімдерде беретін болсын;

б) мемлекет сатып алатын ауыл шаруашылығы өнімін қабылдауды жүзеге асыратын барлық дайындау пункттері мен кәсіпорындарын белгіленген үлгідегі қабылдау квитанцияларының бланкілерімен жабдықтауға, олардың суррогаттармен ауыстырылуына жол бермеуге.

19. Қабылдау квитанцияларының бланкілерін басу квитанцияларды міндетті түрде номерлей отырып, орталықтандырылған тәртіппен жүзеге асырылуға тиіс.

Бланкілерді СССР Орталық Статистика Басқармасы бекітпеген формалар бойынша басуға тыйым салынады.

20. Астық тапсырушылардан дәнді дақылдарды қабылдау жөніндегі квитанциялар орақ пен балға бейнеленіп және баспаханалық рет номерлері қойылып, түсті фонда (торсызықта) басылуға тиіс.

Астық қабылдау квитанцияларында міндетті түрде дөңгелек мөрдің басылып, дайындау ұйымы директоры мен бас бухгалтерінің (немесе олар жоқта орынбасарларының) қолы қойылған болуға тиіс.

Дайындау ұйымдарына астық қабылдау квитанцияларының бланкілерін босату кіріс-шығыс ордерлері бойынша жүзеге асырылады. Астық қабылдау квитанцияларының жұмсалуы тіркеліп отыруға тиіс.

21. Қабылданған ауыл шаруашылығы өнімінің сапасын сақтау және дайындау туралы есептерді белгіленген тәртіп бойынша табыс ету жөніндегі жауапкершілік министрліктер мен ведомстволардың мемлекетке сатылатын ауыл шаруашылығы өнімін колхоздардан, совхоздардан, басқа да шаруашылықтардан қабылдауды жүзеге асыратын ұйымдары мен кәсіпорындарына жүктеледі.

# ҚАЗАҚ ССР ДАЙЫНДАУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ ЖӘНЕ ОБЛЫС БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1971 жылғы 17 майдағы № 277 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 11, 51-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Дайындау министрлігі туралы және облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы осыған қосылған Ережелер бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 жылғы 17 майдағы № 277 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН*

## ОБЛЫС БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САПАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция (облыстық дайындау инспекциясы) СССР Министрлер Советінің 1969 жылғы 12 сентябрьдегі № 746 қаулысына сәйкес құрылған.

2. Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекцияның құрамына өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 26 июльдегі № 514 қаулысымен [2] бекітілген Ережені басшылыққа алатын Мемлекеттік астық инспекциясы енеді.

3. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекцияның басты міндеттері мыналар:

ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын дайындауды ұйымдастыру;

ауыл шаруашылық өнімін сатып алудың мемлекеттік жоспарларының, жоспардан тыс сатып алу жөнінде дайындау ұйымдарына берілген тапсырмалардың және контрактация шарттарының орындалуын қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылық өнімінің товарлық ресурстарын іздестіріп табу және оны колхоздардың, совхоздар мен басқа да шаруашылықтардың белгіленген тәртіп бойынша өткізуін ұйымдастыру;

облыстағы ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын дайындайтын барлық ұйымдар мен кәсіпорындардың дайындаушылық қызметін үйлестіру;

---

[1] Қаулының 2-пункті және Қазақ ССР Дайындау министрлігі туралы Ереже Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді (135-бетті қараңыз).

[2] Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1966 ж., № 36.

сатып алынатын ауыл шаруашылық өнімін қабылдаудың және оның сапасын анықтаудың, өнім үшін есеп айырысудың дұрыстығына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік ресурстар үшін жоғары сапалы ауыл шаруашылық өнімін дайындауды қамтамасыз ету жөнінде қажетті жұмыс жүргізу.

4. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекцияны ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік бас инспектор басқарады, оның қарамағында ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік бас инспектор облыстық дайындау инспекциясына жүктелген міндеттер мен тапсырмалар үшін жеке басы жауап береді.

Мемлекеттік бас инспекторды Қазақ ССР Дайындау министрі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

5. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция тікелей Қазақ ССР Дайындау министрлігіне бағынады.

6. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік бас инспектордың облыстық дайындау инспекциясы компетенциясына жататын дайындау мәселелері жөніндегі нұсқауларын осы облыста ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын дайындауды жүзеге асырушы барлық мемлекеттік және кооперативтік ұйымдар мен кәсіпорындар орындауға міндетті.

7. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді, осы Ережені, СССР Дайындау министрлігі мен Қазақ ССР Дайындау министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады.

8. Өзіне жүктелген басты міндеттерге сәйкес облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция:

а) өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарының колхоздармен, совхоздармен және басқа шаруашылықтармен тікелей байланысын барынша дамытып, нығайтуды негізге ала отырып, ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатына контрактация шарттарын жасау және өткізу-қабылдау үшін ауыл шаруашылық өнімін дайындаушыларға колхоздарды, совхоздарды, тағы басқа шаруашылықтарды белгіленген тәртіп бойынша бекітіп беруді қамтамасыз етеді;

б) колхоздардан, совхоздар мен басқа да шаруашылықтардан ауыл шаруашылық өнімі мен шикізатын қабылдайтын дайындау кәсіпорындарының пункттері мен базаларының жүйесін территорияға орналастыруды ауыл шаруашылық өнімін дайындауды жүзеге асырушы жергілікті ұйымдардың белгілеуіне қатысады;

в) дайындау ұйымдары мен кәсіпорындарының колхоздармен, совхоздармен және басқа шаруашылықтармен белгіленген тәртіп бойынша ауыл шаруашылық өнімін контрактациялау шарттарын дер кезінде жасасуын қамтамасыз етеді;

г) жасалынатын контрактация шарттарының колхоздарға, совхоздар мен басқа да шаруашылықтарға жеткізілген мемлекетке сатып алу жоспарларына сәйкес болуын, сондай-ақ ауыл шаруашылық өнімін

жоспардан тыс сатып алу жөнінде дайындау ұйымдарына белгіленген тапсырмаларды және шаруашылықтардың мемлекетке қажетті ауыл шаруашылық өнімін сатуды барынша арттыру жөніндегі мүмкіндіктерін ескере отырып, дайындау ұйымдарының шарттар жасасу жөніндегі өз міндеттерін орындауын қадағалап отырады;

д) ауыл шаруашылық өнімін контрактациялау шарттарын тіркеудің белгіленген тәртібін аудандық дайындау инспекцияларының сақтауын қамтамасыз етеді;

е) колхоздарда, совхоздар мен басқа шаруашылықтарда олардың жоспарларында ауыл шаруашылық өнімін өндірудің жобаланып отырған дәрежесінің бұл өнімді мемлекетке сатудың контрактация шарттарында көзделген көлемдерге сәйкес келуін тексеруді жүзеге асыруға қатысады;

ж) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырушы ұйымдардың, сондай-ақ колхоздардың, совхоздар мен басқа да шаруашылықтардың ауыл шаруашылық өнімін дайындаудың қолданылып жүрген заңдарда және типтік шарттарда белгіленген шарттарын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;

з) колхоздарда, совхоздар мен басқа да шаруашылықтарда ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатының пайдаланылуын тексеруді ұйымдастырады және контрактация шарттарының тиісінше орындалуына, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін немесе тиісінше орындамағаны үшін екі жақтың санкциялар қолдануына шаралар алады;

и) тұтыну кооперациясы ұйымдарының, сондай-ақ ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын жеке жолмен дайындау тәртібімен сатып алуға рұқсат етілген кәсіпорындар мен ұйымдардың колхоздар мен халықтың басы артық ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын комиссиялық жолмен дайындаудың және қабылдаудың шарттарын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;

к) сатып алу жоспарларын сол кәсіпорындар бағынатын министрліктер белгілейтін ауыл шаруашылық кәсіпорындарынан басқа, облыстың колхоздарына, совхоздары мен басқа да шаруашылықтарына жеткізілетін ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын мемлекетке сатып алу жоспарларының жобаларын әзірлеуге қатысады;

л) ауыл шаруашылық және дайындау ұйымдарымен бірлесе отырып, облыс шаруашылықтарында егіннің шығымдылығы мен мал шаруашылығының өнімділігіне қарай мемлекетке қажетті ауыл шаруашылық өнімін жоспардан тыс сатып алу көлемін арттыру жөнінде жұмыс жүргізеді, тиісті ұйымдардың қарауына қажетті ұсыныстар енгізеді;

м) ауыл шаруашылық өнімін сатып алу жоспарларының, жоспардан тыс сатып алу жөніндегі тапсырмалардың және контрактация шарттарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

н) стихиялық апаттардың немесе дайындаушының кінәсі салдарынан контрактация шарттарындағы міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін шаруашылықтарды мүліктік жауапкерліктен босату мүмкіндігі туралы белгіленген тәртіп бойынша қорытынды береді;

о) жергілікті орындардағы ауыл шаруашылық және дайындау ұйымдарымен бірлесе отырып, ауыл шаруашылық өнімінің товарлық ресурстарын дер кезінде іздестіріп табу жөнінде жұмыс жүргізеді және оны колхоздардың, совхоздар мен басқа да шаруашылықтардың мемлекеттік және кооперативтік дайындау ұйымдарына өткізуін ұйымдастырады, колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа да азаматтардың шаруашылықтарындағы мемлекетке қажетті басы артық

ауыл шаруашылық өнімін дайындау ұйымдарының сатып алуы жөніндегі жұмысты жақсартуға бағытталған шаралар жүргізеді, осы шаруашылықтарға артық өнімін мемлекеттік және кооперативтік сауда жүйесі арқылы, сондай-ақ жеке жолмен дайындау тәртібімен өткізулеріне барынша көмек көрсетіп отырады;

п) облыста ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын мемлекетке сатып алу, жеке жолмен дайындау тәртібімен дайындайтын, ауыл шаруашылық өнімдерін комиссиялық негізде т. с. с. қабылдайтын барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің дайындаушылық қызметін үйлестіріп отырады;

р) колхоздарда, совхоздар мен басқа да шаруашылықтарда сатып алынатын ауыл шаруашылық өнімін дайындау ұйымдары мен кәсіпорындарының қабылдауының және сапасын анықтауының дұрыстығына, өнім үшін есеп айырысудың дұрыс және мезгілінде жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, сатып алынатын ауыл шаруашылық өнімінің сапасын бағалағанда және салмағын анықтағанда дайындаушылар, колхоздар, совхоздар мен басқа да шаруашылықтар арасында туатын дау-шарлар жөнінде аудандық дайындау инспекцияларының шешімдеріне түскен шағымдарды қарайды;

с) дайындалған ауыл шаруашылық өнімінің қорлануы мен сақталуына, сондай-ақ дайындау ұйымдары мен кәсіпорындарының қай ведомствоныкі екеніне қарамастан, олардың материалдық-техникалық базаларының колхоздардан, совхоздар мен басқа да шаруашылықтардан ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын қабылдауға дер кезінде әзірленуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

т) барлық мемлекеттік және кооперативтік дайындау ұйымдары мен кәсіпорындарының ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын қабылдау, орналастыру, сақтау, бастапқы өңдеу және тасымалдау ережелерін орындауын тексереді және ашылған кемшіліктерді жою туралы орындалуға міндетті нұсқаулар береді;

у) қажет болған реттерде аудандық дайындау инспекцияларының мәліметтерін қарап, облыстық көрмелерге, Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне, СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысу үшін колхоздарды, совхоздар мен басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарын ұсыну мәселелері жөнінде, сондай-ақ ауыл шаруашылық өнімін мемлекетке сатудың артуына байланысты колхоздар мен совхоздардың қызметкерлеріне мемлекеттік қаржының есебінен белгіленген тәртіп бойынша сыйлық беру мәселелері жөнінде қорытындылар шығарып береді;

ф) ауыл шаруашылық өнімін дайындау ісінде мемлекеттік тәртіпті бұзған кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы тиісті ұйымдардың алдына мәселе қояды.

9. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекция мемлекетке өнім сатып алу жоспарлары мен контрактация шарттарының орындалу барысы туралы, колхоздардың, совхоздар мен басқа да шаруашылықтардың өткізетін ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатының сапасы туралы жергілікті органдарға хабарлап отырады, бұл салада шаралар белгілеп, олардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті ұсыныстар енгізеді.

10. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекцияға мынадай право беріледі:

а) облыстың ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын сатып

алатын және қабылдайтын мемлекеттік және кооперативтік ұйымдары басшыларының есептерін тыңдауға;

б) ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын жеке жолмен дайындайтын және комиссиялық негізде қабылдайтын тұтынушылар кооперациясы ұйымдары, осы қызметті атқаруға рұқсат етілген басқа да кәсіпорындар мен ұйымдар өнімді дайындаудың және комиссиялық негізде қабылдаудың қолданылып жүрген шарттарын бұзған ретте олардың бұл қызметін тоқтата тұруға, сондай-ақ олардың ауыл шаруашылық өнімін дайындауын және комиссиялық негізде қабылдауын тежеу немесе тоқтату туралы мәселе қоюға;

в) облыстық статистика басқармасынан, мемлекеттік статистиканың аудандық инспектураларынан ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын өндіру және сатып алу туралы, облыста ауыл шаруашылық өнімін сатып алуды және қабылдауды жүзеге асырушы ұйымдар мен кәсіпорындардан контрактация шарттарын жасасудың барысы, қабылдау пункттері мен кәсіпорындарының материалдық техникалық базасын әзірлеу туралы мәліметтер және белгіленген тәртіппен бекітілген көрсеткіштер бойынша басқа да мәліметтер алу;

г) облыс территориясында орналасқан кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қай ведомствонікі екеніне қарамастан, қажет болған реттерде олардың технологиялық-химиялық бақылау лабораториялары мен бөлімдерін ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатының сапасын анықтау үшін пайдалануға. Аталған кәсіпорындар мен мекемелер ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатының үлгілерін сұрыптап алып, өнімнің сапасын анықтау үшін облыстық дайындау инспекциясына қажетті мамандар бөледі және техникалық құралдар береді.

11. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және олардың сапасы жөніндегі мемлекеттік инспекцияның Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «КОЛХОЗШЫЛАР МЕН КОЛХОЗДАРДЫҢ АРТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨТКІЗУ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ» 1961 ЖЫЛҒЫ 25 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 176 ҚАУЛЫСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ[1]

### ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1961 жылғы 22 майдағы № 345 ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. *(Екінші абзац)* Колхоздардан және әсіресе колхозшыдан артық ауыл шаруашылық өнімдерін тұтыну кооперациясының ұйымдары ар-

[1] 5-пункт Казакстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 13 июльдегі № 514 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1-пункттің бірінші абзацы, 2-пункт, 3-пункттің бірінші және үшінші абзацтары және 6-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

7-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1961 ж. 25 февральдағы № 176 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

қылы сатып алу күшейтілсін және оларды комиссиялық негізде сатып алып, жергілікті базарларда да, еліміздің басқа аудандарында да жергілікті базарларда қалыптасқан бағалармен сату ұйымдастырылсын.

Артық ауыл шаруашылық өнімдері колхозшылардан және басқа азаматтардан олармен келісілген бағалар бойынша сатып алынсын.

Колхозшылардан (олар мемлекетке ауыл шаруашылық өнімін сату жөніндегі міндеттемелерді орындағаннан кейін), оларға өнімдердің келісілген құнының 75 процентіне дейін мөлшерде аванс бере отырып, колхоздармен жасасқан шарттар бойынша қолданылып жүрген комиссиялық негізде сатып алынсын.

3.*(Екінші абзац)* Қалалардағы және жұмысшы поселкелеріндегі ауыл шаруашылығы өнімдерімен комиссиялық сауданың жайын жүйелі түрде қарайтын болсын және бұл жұмысты жақсарту жөнінде шаралар қабылдансын.

4. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының басқармасына мыналар міндеттелсін:

а) сатып алынған ауыл шаруашылық өнімдері сатып алынған жерлердегі базарлардағы халықтың осы өнімдерге деген сұранысын қанағаттандыру есепке алынып еліміздің басқа аудандарына шығарылсын, тым шалғай және қарама-қарсы тасымалдауға жол бермеу;

б) комиссиялық негізде, ең алдымен колхоз базарларында, сондай-ақ базарлар территориясынан тыс мамандандырылған кооперативтік сауда жүйесінде сатып алынған ауыл шаруашылық өнімдерін қалалар мен жұмысшы поселкелерінде сатуды кеңінен өрістету;

в) ауыл шаруашылық өнімдерін өзінің кәсіпорындарында және комиссиялық негізде сатып алынған ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік өнеркәсіп кәсіпорындарына беру негізінде қайта өңдеуді ұйымдастыру;

г) кооперативтік сауда жүйесінде комиссиялық негізде сатылатын ауыл шаруашылық өнімдерге сату бағасын сақтауға қатаң бақылау белгілеу.

# СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТҰТЫНУ КООПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛУДЫ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҚТАРЫНДА САУДА ЖАСАУДЫ ҰЛҒАЙТУ ТУРАЛЫ» 1982 ЖЫЛҒЫ 7 ЯНВАРЬДАҒЫ № 6 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1982 жылғы 23 февральдағы № 87 қаулысы**

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттері тұтыну кооперациясының азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарынан ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу және бұл өнімдермен қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында оларды дайындап, өткізетін жерлерде қалыптасқан баға бойынша сатуды ұлғайту жөніндегі қызметін одан әрі жақсарту жөнінде қосымша шараларды әзірлеп, жүзеге асырсын, бұл орайда кооперативтік сауда жүйесінде еттің және басқа да ауыл шаруашылығы өнімінің тұрақты болуы қамтамасыз етілсін.

2. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттері азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтарында өндірілетін сүт пен сүт өнімдерінің артығын айналысқа түсіру жөніндегі жұмысты күшейтсін және бұл товарларды сатып алу жөнінде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Халықты жабдықтауды жақсарту үшін ет өндіруді және республика тұтыну кооперациясының мал өнімін сатып алуын арттыру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1981 жылғы 13 январьдағы № 18 қаулысымен белгіленген тапсырмаларды сөзсіз орындауды қамтамасыз етсін.

3. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мал мен құсты өткізушілерге сату үшін рынок қоры бойынша бөлінетін құрама жемді, бұл өнімдердің сатып алынған мөлшерін ескере отырып жіберетін болсын.

4. Алматы қаласында және өндіру мүмкіндігі шектеулі облыстарда орналасқан қалаларда халықтан сатып алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерімен сауда жасауды жақсарту үшін Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа да азаматтардың өзіндік қосалқы шаруашылықтары мен коллективтік баубақша шаруашылығы туралы» 1977 жылғы 14 сентябрьдегі № 843

---

[1] 1-пункттің екінші абзацы, 2-пункттің бірінші абзацы, 3-пункттің бірінші абзацы, 4-пункттің екінші абзацы, 5-пункттің бірінші абзацы, 7 және 9-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1982 ж. 7 январьдағы № 6 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

қаулысының 13-пунктіне[1] сәйкес (Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылғы 28 ноябрьдегі № 532 қаулысының 15-пунктінің 3-тармағы) ауыл шаруашылығы өнімдерінің, бірінші кезекте ет және сүт өнімдерінің, картоп пен жеміс-жидектің облысаралық қорларын жасасын.

*(Үшінші абзац)* Облыстық атқару комитеттері аталған қорларды жасауда және ауыл шаруашылығы өнімдерін қалалар мен жұмысшы поселкелеріне орналасқан кооперативтік магазиндерде сатуда тұтыну кооперациясы ұйымдарына қажетті көмек көрсетсін.

5. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы дайындау конторларын білікті мамандармен — дайындаушылармен қамтамасыз етсін.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті республиканың тұтыну кооперациясы ұйымдары үшін жәшік, бөшке мен жұмсақ ыдыс және ыдыс материалдары қорларын жеміс-овощ өнімінің жоспардан тыс түсу мүмкіндігін ескере отырып, бөлуді және бұл материалдарды, жылдық қордың кемінде 70 проценті мөлшерінде, бұл өнімді жаппай дайындау басталғанға дейін жеткізіп беруді қамтамасыз етсін.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ДАЙЫНДАУ ҰЙЫМДАРЫНА ҚӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚОСАЛҚЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ӨНДІРЕТІН, ӨНДІРІЛГЕН ЖЕРДЕ ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 11 ДЕКАБРЬДЕГІ № 1087 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[2]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1980 жылғы 10 январьдағы № 12 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қосалқы ауыл шаруашылықтарынан сүтті, малды және құсты, ал Қазақ ССР Сауда министрлігі — жұмыртқаны, бұл өнім өндірген жерде пайдаланылмаған жағдайда, қабылдауды қамтамасыз етсін.

Қазақ ССР Сауда министрлігі тапсырылған сүттің, жұмыртқаның, мал мен құстың мөлшері жөніндегі документтердің негізінде тиісті мөлшердегі сүтті, жұмыртқаны, етті, сүт және ет өнімдерін басқа аудандардағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге аталған қосалқы ауыл шаруашылықтар жүйесіне кіретін СССР министрліктері мен ведомстволардың разнарядкасы бойынша босатуға нарядтар берсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Сауда министрлігі, қажет болған жағдайда, етті, сүт пен жұмыртқаны бөлудің

---

[1] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

[2] 1-пункттің төртінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3-пункт СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 11 декабрьдегі № 1087 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

баланстық расчеттарында қосалқы ауыл шаруашылықтары тапсыратын аталған өнімді облысаралық алмастыруды ескеретін болсын.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі мен облыстық атқару комитеттері азық-түлік товарларына арналған рынок қорларын белгілеу кезінде кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қосалқы шаруашылықтарында өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін, осы шаруашылықтар бордақылау үшін жіберген және мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалуына есептелінген малды (жарамды салмақтағы) қоспағанда, есепке алмасын.

Аталған ауыл шаруашылығы өнімі азық-түлік товарларына арналған рынок қорларынан тыс кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерін қоғамдық тамақтандыру үшін пайдаланылады.

## 2. Егіншілік өнімдерін қабылдау, сақтау, босату

# ӨСІМДІК МАЙЫНЫҢ РЕСУРСТАРЫН ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ КОЛХОЗДАР МЕН КОЛХОЗШЫЛАРДА БАР МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ТҰҚЫМЫН БЕРУ ЖОЛЫМЕН ӨҢДЕУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

## ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1958 жылғы 3 ноябрьдегі № 946 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Өсімдік майының ресурстарын ұлғайту және колхоздар мен колхозшыларда бар майлы дақылдардың тұқымын беру жолымен өңдеуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 1958 жылғы 6 сентябрьдегі № 1025 қаулысына [2] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Астық өнімдері министрлігіне майлы дақылдарды егіп-күтетін аудандарда шикізаттарды беру негізінде өңдеу үшін колхоздардан, колхозшылар мен басқа да азаматтардан майлы дақылдардың тұқымын астық қабылдайтын пункттер арқылы қабылдауды ұйымдастыру міндеттелсін.

Шикізат беру негізінде өңдеу үшін колхоздардан майлы дақылдардың тұқымын қабылдау колхоз майлы дақылдар тұқымының мемлекеттік сатып алу жоспарын орындағаннан кейін жүргізілсін.

4. *(Екінші абзац)* Колхозшылардан майлы дақылдардың тұқымын қабылдауды және шикізаттарды беру негізінде өңдеу үшін оны астық қабылдайтын пункттерге немесе май заводтарына жеткізіп беруді ұйымдастыру колхоз басқармаларына ұсынылсын.

5. Май заводтары астық қабылдайтын пункттерге шикізаттарды беру негізінде өңдеу үшін алынған майлы дақылдардың тұқымын қабылдау, сақтау мен жөнелту жөніндегі шығындарды жөнелтілген тұқымның әрбір центнері үшін 5 сом мөлшерінде, сондай-ақ өсімдік майы мен күнжараны алумен және босатумен байланысты (сауда жүйесінің қыз-

---

[1] 2, 3-пункттер, 4-пункттің бірінші абзацы, 6, 7-пункттері және қаулының қосымшасы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

меткерлеріне сыйлық беруді қосқанда) тұтыну кооперациясының шығындарын тараптар келіскен мөлшерде өтейді деп белгіленсін.

8. Шикізаттарды беру негізінде өңдеу үшін қабылданған майлы дақылдардың тұқымынан, сондай-ақ майлы дақылдардың тұқымын тапсырушылармен есеп айырысу үшін босатылған май мен күнжарадан айналым салығы алынбайды.

Тұқым тапсырушыларға май мен күнжара тұтыну кооперациясының сауда-дайындау жүйесі және май заводтары арқылы беріледі.

Май айыру-май өнеркәсібінің кәсіпорындары немесе өткізу базалары майлы дақылдардың тұқымын тапсырушылармен есеп айырысқаннан кейін қалған өсімдік майын өткізуден алған қаржыдан белгіленген тәртіп бойынша айналым салығы алынуға тиіс.

## ДАЙЫНДАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ДӘРІ-ДӘРМЕК ДАҚЫЛДАРЫН ҚАБЫЛДАП, ЖӨНЕЛТУІ ЖӘНЕ БҰЛ ӨНІМНІҢ САТЫП АЛУ БАҒАСЫ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 8 октябрьдегі № 613 ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 19, 126-ст.)

Дайындау ұйымдарының дәрі-дәрмек дақылдарын қабылдап, жөнелтуі және бұл өнімнің сатып алу бағасы туралы Қазақ ССР Үкіметі шешімдерінің әр түрлі болуын жою және оларды өзара үйлестіру мақсатында Қазақ ССР Үкіметінің аталған мәселелер жөнінде бұрын қабылданған шешімдері осы қаулыда біріктірілсін. Осыған байланысты және СССР Министрлер Советінің «Дайындау ұйымдарының эфир майлы, дәрі-дәрмек дақылдарын және құлмақты қабылдап, жөнелтуі және бұл өнімдердің сатып алу бағасы туралы» 1968 жылғы 25 июльдегі № 574 қаулысына [2] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Республика колхоздарының, совхоздарының, тағы басқа шаруашылықтарының мемлекетке сатқан дәрі-дәрмек дақылдарын қабылдау төмендегіше жүзеге асырылады:

— дәрі-дәрмек дақылдарын, жабайы өсетін дәрі-дәрмектік-техникалық шикізатты және көкнәр өнімдерін — Медицина өнеркәсібі министрлігінің Бүкілодақтық «Лекраспром» бірлестігінің Қазақ конторы жүйесіндегі қабылдау пункттері мен дайындау ұйымдары;

— жабайы өсетін дәрі-дәрмектік-техникалық шикізатты — тұтыну кооперацияларының қабылдау-дайындау пункттері және Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі жүйесіндегі аптекалар қабылдайды.

2. Шымкент облыстық атқару комитетіне анабазис жинау кезінде Медицина өнеркәсібі министрлігінің дайындау ұйымдарына жұмысшы

---

[1] 6-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 20 апрельдегі № 184 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 10, 29-ст.).

3 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

5-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 25 июльдегі № 574 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді.

[2] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

күшін ұйымдастыруға, сондай-ақ транспортпен және ауыл шаруашылық машиналарымен қамтамасыз етуге көмектесу міндеттелсін.

4. Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің, тағы басқа азаматтардың жеке шаруашылықтары мемлекетке сатқан дәрі-дәрмек дақылдарына және құлмағына ақы осы аталған өнімдерге колхоздар үшін белгіленген сатып алу бағасы бойынша төленеді.

## КАРТОП, ОВОЩ ПЕН ЖЕМІСТЕР ӨНДІРУДІ ҰЛҒАЙТУ ЖӘНЕ БҰЛ ӨНІМДЕРМЕН ХАЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

### ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 14 апрельдегі № 270 ҚАУЛЫСЫ

Овощ, картоп, жемістер және азық-түліктік бақша дақылдарын өндіруді одан әрі арттыру, олармен республика халқын жабдықтауды жақсарту және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Картоп, овощ және жемістер өндіруді ұлғайту, оларды дайындауды жақсарту және бұл өнімдермен халықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 1970 жылғы 27 марттағы № 207 қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Картопқа, овощқа, жемістер мен азық-түліктік бақша дақылдарына деген халықтың қажетін өз өндірісі есебінен барынша қанағаттандыру үшін бұл тағам өнімдерін өндіру мен дайындауды ұлғайту республика партия, совет және ауыл шаруашылығы органдарының, совхоздардың, колхоздар мен ғылыми-зерттеу мекемелері басшылары мен мамандарының ең маңызды міндеттерінің бірі деп саналсын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне, аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне картоп, овощ, жеміс-жидектер мен жүзім өндіруге осы заманғы озық технологияны қолдану, өндірісті мамандандыру мен интенсивтендіру, жаппай сортты тұқымдар себуге көшу, овощты ең жақсы, негізінен суармалы жерлерге егу, овощ дақылдарына толық мөлшерде органикалық және минералдық тыңайтқыштар енгізу негізінде бұл дақылдардың шығымдылығын едәуір арттыруға, жалпы өнім алуды ұлғайтуға, түр-түрін көбейтіп, сапасын жақсартуға шаралар қолдану міндеттелсін.

6. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне, аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне, совхоз директорларына картоп, овощ, азық-түліктік бақша дақылдары мен жемістер өндіруді арттыру жөнінде нақты шаралар әзірлеп жүзеге асыру міндеттелсін және колхоз басқармаларына ұсынылсын, ол үшін:

---

[1] 2-пункттің екінші абзацы, 3, 4, 5-пункттер, 6-пункттің жетінші абзацы, 7-пункттің екінші абзацы, 8, 9, 11, 12-пункттер, 13-пункттің бірінші, екінші абзацтары, 15, 18-пункттер, 20-пункттің «в» тармағы, 21-пункттің үшінші абзацы, 23—30-пункттер, 31-пункттің бірінші абзацы, 32 және 37-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

36-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 27 марттағы № 207 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

ылғал жеткіліксіз аймақтарда картоп пен овощ дақылдарын жылжымалы ирригациялық жабдықтармен суару ұйымдастырылсын, жергілікті тұрғындардың кажетін толық қанағаттандыру үшін әрбір шаруашылықта картоп пен овощ өндіру қамтамасыз етілсін;

картоп пен овощ дақылдарын өсіруге жарамды жері жоқ совхоздар мен колхоздарға бұл дақылдарды өсіруге қолайлы жағдайлары бар басқа шаруашылықтардан уақытша пайдалану үшін жер учаскелерін бөлуде көмек көрсетілсін;

совхоздар мен колхоздарда коллективтік огород шаруашылығы кең өрістетілсін және жұмысшыларға, қызметшілер мен колхозшыларға техника, тұқым және көшеттер бөлуде, сондай-ақ өнімді тасымалдауда барынша көмек көрсетілсін;

ауыл шаруашылығы ғылымы мен озат тәжірибенің жетістіктерін ескере отырып, картоп пен овощ өсіру мен жинаудың технологиялық карталары жасалынсын. Агрохимиялық картограммалар негізінде әрбір шаруашылықта тыңайтқыш қолдануға қол жеткізілсін, картоп шаруашылығы мен овощ шаруашылығындағы жұмыстарды толық механикаландыру үшін звенолар, бригадалар мен бөлімшелер арнаулы машиналармен жабдықталсын;

картоп, овощ және бақша дақылдарын өсірумен айналысатын жұмысшылар мен мамандарды материалдық жағынан көтермелеу шаралары дер кезінде жүзеге асырылсын, бұл дақылдарды өсіретін мамандандырылған звенолар мен бригадаларда еңбекке ақы төлеудің аккордтысыйлық жүйесі кеңінен енгізілсін;

*(сегізінші абзац)* мамандандырылған совхоздар мен колхоздарда өңдеуші кәсіпорындарды дамыту және картопты, овощты және жеміс-терді оларды өндірген жерде ұзақ уақыт сақтауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар жүзеге асырылсын.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ республикалық «Сортсемовощ» бірлестігіне және облыстық атқару комитеттеріне картоп пен овощ дақылдарының жоғары сапалы көшет материалдары мен аудандастырылған сорттарын өсіруді ұйымдастыруды жақсарту міндеттелсін, бұл орайда халықтың үлкен сұранымына ие болып отырған овощ дақылдарының элита тұқымды сорттарын өндіруді арттыруға айырықша көңіл бөлінсін.

10. Облыстық атқару комитеттері мен қалалық атқару комитеттері овощ-бақша дақылдарының және гүлдердің тұқымын көптеп сатуды ұйымдастыру үшін қалалар мен аудан орталықтарында үй бөлуді қамтамасыз етсін, ал Қазақ республикалық «Сортсемовощ» бірлестігі әрбір сауда нүктесінде овощ және бақша дақылдары тұқымдарының аудандастырылған сорттар жеткілікті және толық ассортименті болуына көңіл бөле отырып, бұл дақылдардың тұқымымен сауда жасауды жақсартсын.

13. *(Үшінші абзац)* Дайындаушылар өзіне бекітілген аймақтағы колхоздар мен совхоздардан барлық товарлы жеміс-овощ өнімін сатып алуды ұйымдастыруға және қабылдауды қамтамасыз етуге толық жауап береді деп белгіленсін.

14. Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық атқару комитеттері картоппен, овощпен және жемістермен сауда жасауды осы заманғы жабдықтармен жабдықталған жеміс-овощ магазиндері мен павильондарының жүйесін кеңейту жолымен түбірінен жақсартуға, сауданың прогрессивтік формаларын (товарларды жуып, ыдысқа салып сату және т. б.) кеңінен қолдануға шаралар қолдансын.

Сауда мен қоғамдық тамақтандырудың ірі кәсіпорындарының қа-

лалар мен жұмысшы поселкелеріне жақын орналасқан совхоздармен және колхоздармен тікелей байланысы, картопты, овощты және жеміс-терді тікелей магазиндерге, асханалар мен ресторандарға жеткізу, сондай-ақ колхоздар мен совхоздардың қалалар мен жұмысшы поселкелерінде бұл өнімдермен фирмалық сауда жасау барынша дамытылсын.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы облыстық атқару комитеттерінің келісімі бойынша бірқатар ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында жас және қайта өңделген түрдегі картоппен, овощ және жеміс-термен сауда жасайтын сауда орталықтарын ұйымдастырсын.

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне тұтыну кооперациясына үй беру және бұл сауданы ұйымдастыруда басқа да қажетті көмек көрсету міндеттелсін.

16. Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігіне картоп пен овощ бағытындағы совхоздарда, сондай-ақ овощ-бақша дақылдары мен картоптың тұқымын өсіретін шаруашылықтарда картоп, овощ сақтайтын орындар және овощ пен азық-түліктік бақша дақылдарын өңдейтін цехтар салу жүктелсін.

17. Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне овощ және картоп өсіру бағытындағы совхоздар мен колхоздарда жаңа суармалы жерлерді жоспарлауды, салуды және бар жерлерді қайта құруды бірінші кезекте қамтамасыз ету, сондай-ақ сумен қамтамасыз етуге және суаруға пайдаланылатын суды үнемді жұмсауға байланысты жұмыстарды орындау міндеттелсін.

19. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі, Қазақ Темір жол басқармасы, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы халық шаруашылығын дамытудың жылдық жоспарларының жобаларында дайындау және сауда ұйымдары мен совхоздарда орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қаржылар есебінен овощ және картоп сақтайтын орындарды іске қосу жөніндегі тапсырмаларды, сондай-ақ картоп пен жеміс-овощ өнімдерін дайындау, тасымалдау, өңдеу және сақтау жөніндегі материалдық-техникалық базаны дамыту үшін күрделі қаржылар, автотранспорт құралдарын жабдықтар, материалдар және басқа да материалдық ресурстар бөлуді көздейтін болсын.

20. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне міндеттелсін:

а) аймақтық конструкторлық бюроның күшімен картопқа арналған контейнерлердің конструкциясын жақсарту және оларды «Қазсельхозтехниканың» кәсіпорындарында жоғары сапада шығаруды қамтамасыз ету;

б) тәжірибе станциялары мен совхоздардың картоп пен овощ дақылдарын өсіру мен жинау үшін, олардың шаруашылық сынақтар жүргізуі және аймақтық, топырақ және ауа райы жағдайларына байланысты машиналарды іріктеп алу үшін жаңа техниканы әкелуді ұлғайту.

21. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттеріне картоп пен овощты өсіру мен жинауды комплексті механикаландыру үшін қажетті ауыл шаруашылығы техникасын әкелуге заявкалар жасауда совхоздар мен колхоздарға білікті көмек көрсету міндеттелсін.

Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі шаруашылықтардың заявкаларына сәйкес техника жеткізіп беруді қамтамасыз етсін.

22. Қазақ ССР Министрлер Советінің республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігіне арнаулы механикаландырылған отрядтар құру және шаруашылықтармен жасасқан шарт бойынша қи мен торфтық-минералдық қорларды дайындау, тасып жеткізу және топыраққа енгізу жөніндегі жұмысты орындау, торфты тыңайтқыш ретінде пайдалану үшін қажетті жерлерде торф кен орындарын әзірлеуді ұйымдастыру міндеттелсін.

31. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Финанс министрлігі мен облыстық атқару комитеттері жыл сайын халық шаруашылығы жоспарларында аталған совхоздарды ұйымдастыруға тиісті шығындарды көздейтін болсын.

33. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі және облыстық атқару комитеттері колхоздар мен совхоздарда аз тараған овощтарды: патиссондарды, шпинатты, петрушканы, укропты, сельдерейді, салатты, пастернакты және басқалары халықты және өңдеуші өнеркәсіп орындарын жабдықтау үшін қажетті мөлшерде өсіруді қамтамасыз ету міндеттелсін.

34. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының және Целиноград ауыл шаруашылығы институтының ректорларына 1970 жылдан бастап, ауыл шаруашылығының басшы кадрлары мен мамандарының білімін көтеру факультеттерінде овощ пен картоп өсіретін совхоздар мен колхоздардың агрономдарының білімін көтеру тобын ұйымдастыру міндеттелсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі овощ пен картоп өсіретін шаруашылықтардан мамандық көтеру курстарына агрономдарды дер кезінде жіберетін болсын.

35. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне ауыл шаруашылығы техникумдары жанында жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы кадрларының мамандығын көтеру мектептерінде, 1970 жылдан бастап, картоп, овощ өсірушілер бригадирлері мен звено жетекшілерін және жабық топырақта овощ өсіретін шеберлер даярлау тобын ұйымдастыру міндеттелсін.

# ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 ЖЫЛҒЫ 17 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 86 ҚАУЛЫСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚАЗАҚ ССР ЖЕМІС-ОВОЩ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕМІС-ОВОЩ ӨНІМІН, ЖҮЗІМ МЕН КАРТОП ӨНДІРУДІ, ДАЙЫНДАУДЫ, ӨҢДЕУДІ, САҚТАУДЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ[1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 22 апрельдегі № 176 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

2. Қазақ ССР Жеміс-овощ шаруашылығы министрлігі мен облыстық атқару комитеттеріне картоп, овощ, бақша дақылдарын, жеміс, жидек, жүзім және мал шаруашылығы өнімін өндіруді едәуір ұлғайту және оларды сатып алудың 1983 жылға және тұтас бесжылдыққа арналған жоспарларын сөзсіз орындау жөнінде нақты шараларды әзірлеп, жүзеге асыру міндеттелсін, ол үшін:

совхоз өндірісінде егіншілікті жүргізудің ғылыми негізделген жүйесін кеңінен енгізуге, жерді, әсіресе, суармалы жерді тиімді пайдалануға және ауыл шаруашылығы дақылдарының тиімділігін арттыруға қол жеткізілсін;

бригадалар мен буындарды коллективтік мердігерлікке жедел көшіруді қамтамасыз ете отырып, совхоздарда еңбекті ұйымдастыру барынша жетілдірілсін;

тұқым өсіретін және питомниктік совхоздардың жұмысы айтарлықтай жақсартылсын, колхоздардың, совхоздардың, басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен халықтың сортты тұқымдар мен көшет материалдарына деген қажетін толық қанағаттандыру үшін овощ, бақша дақылдары мен азықтық тамыр-жемістердің сортты тұқымдарын өндіру, жеміс-жидек дақылдарымен жемістің көшет материалдарын өсіру арттырылсын;

жеміс-овощ өнімдерін, жеміс пен картопты дайындауды, өңдеуді, сақтау мен сатуды ұйымдастыру одан әрі жетілдірілсін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің егіс даласынан тұтынушыларға дейінгі барлық кезеңіндегі шығыны жойылсын, егіс даласы-магазин тікелей байланысы дамытылып, нығайтылсын;

малдарды, әсіресе сүт бағытындағы мал табынын азықтандыру мен күтіп-бағу жақсартылсын, саулық малды пайдалану және төл алу тиімділігі күрт арттырылсын, мал өнімділігінің елеулі өсуіне қол жеткізу үшін мал шаруашылығында прогресті технология кеңінен қолданылсын.

---

[1] 1-пункт, 2-пункттің жетінші — оныншы абзацтары және 3-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

# СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ДАЙЫНДАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ШИТТІ МАҚТА МЕН МАҚТА ТҰҚЫМЫН ҚАБЫЛДАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ БОСАТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ СССР ҮКІМЕТІНІҢ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ» 1968 ЖЫЛҒЫ 9 ДЕКАБРЬДЕГІ № 962 ҚАУЛЫСЫНАН ТУАТЫН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 31 январьдағы № 56 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 3, 18-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қолхоздардың, совхоздардың, тағы басқа мемлекеттік шаруашылықтардың мемлекетке сататын шитті мақтасын Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің контрактациялық шарттарда көрсетілетін мақта дайындау пункттері қабылдайды.

2. Мақта дайындау пункттеріне тапсырылатын шитті мақта сапасы шитті мақтаға тағайындалған мемлекеттік стандарттың талаптары негізінде анықталады.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және Шымкент облыстық Советінің атқару комитеті мыналарды орындауға міндетті:

б) шитті мақтаны қолмен тергенде оны бөлек жинауды және колхоздар мен совхоздардың өзінде белгіленген стандартқа сәйкес сорттауды, ал машинамен тергенде — мақта өсімдігі қауашақтарының 50—60 проценті ашылған кезден бастап шпинделді машиналармен екі рет жинауды қамтамасыз ету.

5. Мақта дайындау пункттеріне суық түспей тұрғанда шитті мақтаның колмен жиналған көсегін, сондай-ақ ылғалдылығы белгіленген нормадан асып кеткен мақтаны қабылдауға тыйым салынады.

6. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне жақсы жабдықталған кептіргіш-тазартқыш цехтары бар дайындау пункттерінде колхоздар мен совхоздарда машинамен жиналып, тікелей мақта жинағыш машиналардың бункерлерінен ыдыссыз тасып әкелінген, далада кептірілмеген және тазартылмаған I, II, III сортты шитті мақтаны салмағына белгіленген жеңілдіктерді қолдана отырып, қабылдауға рұқсат етілсін.

7. Кептіруді және тазартуды керек ететін шитті мақта кептіргіш-тазартқыш цехтарда оны кептіруге және тазартуға жұмсалған шығындарды мақта тапсырушы шаруашылық шартқа сәйкес мақта тазалау заводтарына өтегеннен кейін қабылданады.

8. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі және Шымкент облыстық Советінің атқару комитеті мыналарды орындауға міндетті:

б) дайындау пункттерінде далада кептірілмей қабылданған I сортты шитті мақтаның ылғалдылығын (құрғақ абсолюттік салмақтың) ең кем дегенде 9 процентке, II сорттың — 10 процентке, III сорттың — 11

---

[1] 14-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 25 ноябрьдегі № 531 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 24, 109-ст.).

2-пункттің екінші және үшінші абзацтары, 8-пункттің «а» тармағы, 9, 12, 20, 23, 24 және 26-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

25-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 9 декабрьдегі № 962 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

процентке жеткенше кептіру, сондай-ақ осы мақтадан стандартты мақта талшығын өндіруді қамтамасыз ету.

10. Шитті мақтаны колхоздардан, совхоздардан, тағы басқа мемлекеттік шаруашылықтардан сақтау сенімхаты бойынша қабылдауға рұқсат етілмейді.

11. Шитті мақтаны қабылдаған кезде оның сортын, салмағын, ылғалдылығын және тазалығын анықтауға мақта дайындау жүйесінде атқаратын қызмет бабы жөнінен осыған правосы бар қызметкерлерден басқалардың қатысуына жол берілмейді.

13. Республиканың мақта егетін колхоздарына колхозшылардың еңбек ақысы есебіне беру үшін ұн мен азық-түліктік астықты мынадай тәртіппен сату белгіленсін: мемлекетке тапсырылған советтік сортты шитті мақтаның әр тоннасы үшін — 3 центнер астық.

Қазақ ССР Сауда министрлігіне, Қазақстан Тұтынушылар одағына мақта егетін колхоздарға ұн мен азық-түліктік астықты республикаға ұн мен астыққа бөлінген рыноктық қордың шегінде бөлшек сауда бағасы бойынша тұтыну кооперациясы ұйымдары арқылы, қол ақшасыз есептесу, ұсақ көтерме лимитіне есептемей сату тапсырылсын.

15. Мемлекетке шитті мақта сататын колхоздарға сауда жеңілдіктері кемітіліп, бөлшек сауда бағасымен өсімдік майы сатылады.

Колхоздарға өсімдік майы мен күнжараны тікелей сауда кәсіпорындарынан, тұтыну кооперациясының қоймаларынан сатып аларда сауда шығындарын жабу үшін тұтыну кооперациясы ұйымдарына белгіленген мөлшерде сауда жеңілдіктері беріледі.[1]

16. Мақта дайындау пункттері мақта егетін колхоздарға қазіргі қолданылып жүрген баға бойынша дайындау пунктіне қаптап тапсырған шитті мақтаның бір тоннасына 3,12 метр есебімен қап-қанар, сондай-ақ мақта терушілер үшін оның терген шитті мақтасының 1,5 тоннасына 1 алжапқыш есебімен мақта матадан өзіндік құны бойынша алжапқыштар сатуға тиісті.

17. Мақта егетін колхоздарға қосымша мақта мата, линта және шай сатудың қазіргі қолданылып жүрген шарттары сақталатын болсын.

18. Мақта қабылдауға және сақтауға арналған қойма үйлерін қандай да болмасын басқа бір қажеттер үшін пайдалануға тыйым салынсын.

19. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігіне мыналарды қамтамасыз ету міндеттелсін:

шитті мақтаны мақта дайындау пункттерінде және мақта тазалау заводтарында белгіленген тәртіп бойынша бір орталықтан кептіріп, тазарту;

шитті мақта мен мақта тұқымын дұрыс тасымалдау және сақтау, мақта тазалау заводтарында мақтаны сорттарына, репродукцияларына қарай бөлектеп тазарту, мақтаның егілетін тұқымына қойылған стандарттарды қатаң сақтау, тұқымдық шитті мақтаның және егілетін тұқымның документациясын жүргізу жөніндегі талаптарды орындау, себуге арналған мақта тұқымын дер кезінде дайындау және тапсыру;

мақта дайындау пункттері мен мақта тазалау заводтарында жетіспеген шитті мақтаны, мақта талшығын, мақта тұқымын, линтаны есептен шығарудың қатаң тәртібін қазіргі қолданылып жүрген заңға сәйкес белгілеу және оның мүлтіксіз орындалуына бақылау жасау.

---

[1] 15-пункттің екінші абзацының күнжараға қатысы бар бөлігі Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 ж. 25 ноябрьдегі № 531 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

21. Шитті мақтаға, оның талшығы мен тұқымына жыл сайын 1 августа инвентаризация жүргізілетін болсын.

22. Егуге арналған мақта тұқымы өнеркәсіптің көтерме бағасы бойынша босатылсын.

## ДАЙЫНДАУШЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТЕМЕКІ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖӘНЕ ТЕМЕКІНІҢ САТЫП АЛУ БАҒАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚ ССР ҮКІМЕТІНІҢ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 21 марттағы № 147 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 6, 51-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

Дайындаушы ұйымдардың темекі қабылдауы және темекінің сатып алу бағалары туралы нормативтік актілерді өзара үйлестіру және әр түрлі болуын жою үшін және СССР Министрлер Советінің «Дайындаушы ұйымдардың темекі мен махорканы қабылдауы және темекінің, махорканың, осы дақылдар тұқымының сатып алу бағалары туралы СССР Үкіметінің шешімдерін біріктіру туралы» 1968 жылғы 8 январьдағы № 12 қаулысына сәйкес осы мәселелер жөнінде Қазақ ССР Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін біріктіру қажет деп танылып, олар мына түрде баяндалсын:

1. Қолхоздардың, совхоздардың, тағы басқа шаруашылықтардың мемлекетке сататын темекісін Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігінің жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар қабылдайды.

2. Ферменттелмеген сары жапырақты темекі (барлық ботаникалық сорттарын) өткізушілерден қабылдағанда ылғалдықтың ең жоғары нормасы — 19 процент қолданылады.

Сары жапырақты темекі жоғарыда көрсетілген нормадан жоғары, бірақ 23 проценттен аспайтын ылғалдықпен қабылданады.

3. Ферменттелмеген сары жапырақты темекі үшін ылғалдықтың минималдық нормасы — 12 процент.

4. Ылғалдығы 19 проценттен төмен сары жапырақты темекіге белгіленген, бірақ осы қаулының 3-пунктінде көрсетілген ылғалдықтың минимальды нормасынан төмен емес, темекіге үстеме ақы төленеді, ал көрсетілген нормадан жоғары ылғалдықтағы темекіден ылғалдықтың әрбір проценті үшін салмағы 1,2 процент мөлшерінде кемітіледі.

5. Ылғалдығы белгіленген нормадан жоғары темекі қабылдағанда ылғалдығын қалыпты кондицияға жеткізуге кеткен шығынды өтеу үшін бағасынан (салмақ кемітудің осы қаулының 4-пунктінде белгіленген мөлшерінен басқа) 1 процент мөлшерінде кемітіледі.

6. Құм мен топырақ араласқан ферменттелмеген сары жапырақты

---

[1] 9, 10-пункттердің жапырағын жазбай стандартпен буылған темекіні өткізгендігі үшін қосымша ақы төлем бөлігі, 13, 16-пункттер, сондай-ақ № 1 қосымша Қазақ ССР Министрлер Советінің 1971 ж. 26 марттағы № 168 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

18-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

17-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 8 январьдағы № 12 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

темекі өткізгенде ГОСТ-та белгіленген нормадан тыс бөгде қоспаның әрбір проценті үшін салмағынан 1 процент мөлшерінде кемітіледі.

7. Үшінші сорт темекі мыналарға бөлінеді:

а) тиісті типтер үшін № 8073-56 ГОСТ-қа сәйкес барлық түсті және түрі бозғылт темекі (қоңыр және қарайған, сондай-ақ I және II типтес темекі үшін жапырағының 70 проценттен астамы және темекінің қалған типтері үшін жапырағының 30 проценті күңгірт-жасыл темекіден басқасы);

б) бозғылт темекі үшін белгіленген нормадан жоғары күңгірт-қоңыр (бірақ қараймағаны) және күңгірт-жасыл.

Бозғылт және күңгірт темекі сапасының қалған көрсеткіштері № 8073-56 ГОСТ бойынша үшінші сортты темекінің кондициясына сәйкес келуі керек.

8. Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, ерекше жағдай ретінде колхоздар мен совхоздардан сапасы жағынан белгіленген кондициядан ауытқыған темекіні, оның ішінде бөгде қоспасы мен ылғалдылығы жоғары, атап айтқанда осы қаулының 2-пункті екінші абзацында белгіленген нормадан жоғары ылғалдықтағы сары жапырақты темекіні бағасы мен салмағын тиісінше кемітіп қабылдауға рұқсат етілсін.

Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне темекі-ферментациялық кәсіпорындарда ылғалдығы жоғары темекіні кептіруді және оны құм мен топырақтан тазартуды, сондай-ақ осы мақсат үшін колхоздар мен совхоздарды әлгі жұмыстардан бірте-бірте құтқаруды еске ала отырып, кәсіпорындарды қажетті жабдықтармен жарақтандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз ету тапсырылсын.

10. Собольчск, сигаралық және бакун сорттарынан басқа дестеленіп өңделген немесе жапырақтарын жазып, стандартпен буылған барлық типтегі үшінші сортты ферменттелген темекіні өткізгенде тоннасына 300 сом, ал жапырағын жазбай стандартпен буылған темекіні өткізгенде тоннасына 50 сом мөлшерінде қосымша ақы төленеді.

11. Бөгде қоспалардан тазартылып, кондицияға жеткізілген темекі фарматурасына, сондай-ақ үсіген темекіге (газель) төртінші сортты темекі бағасының 25 проценті мөлшерінде төленеді.

12. Жапырағының ең көп дегенде бестен бірі көгеріп кеткен ферменттелген темекіге төртінші сортты темекінің бағасы, ал жапырағының бестен бірінен көбі, бірақ үштен бірінен аспайтын бөлігі көгеріп кеткен темекіге төртінші сортты темекі бағасының 60 проценті мөлшерінде төленеді.

14. Темекі өндірісімен бірінші рет айналысқан колхоздарға, совхоздарға, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарына оны еккен алғашқы үш жыл бойы темекінің осы аудандарға белгіленген сатып алу бағасына 20 процент мөлшерінде үстеме ақы төленеді.

Белгіленген сатып алу бағасына жоғарыда көрсетілген үстемелер төленуге тиісті колхоздардың, совхоздардың, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының тізбегін облыстық Советінің атқару комитеті бекітеді.

15. Сорт сынау учаскелерінен жиналып, мемлекетке сатылатын темекі мен махорканың шикізатына екі есе артық мөлшерде төленеді.

## 3. Мал шаруашылығы өнімін қабылдау, сақтау және босату

# ДАЙЫНДАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАЛ, ҚҰС, ҮЙ ҚОЯНДАРЫ МЕН ЖҰМЫРТҚА ҚАБЫЛДАУЫНЫҢ, САҚТАУЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨТКІЗУІНІҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ, СОНДАЙ-АҚ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ, ОРМАН ҚҰСЫ МЕН БАСҚА ЖАБАЙЫ ҚҰСТАРДЫ САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ССР ҮКІМЕТІНІҢ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1970 жылғы 11 ноябрьдегі № 685 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 22, 111-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына халықты етпен және ет өнімдерімен жабдықтауды жақсарту және ет өнеркәсібі орындарының өндірістік қуаттарын барынша тиімді пайдалану үшін жағдайлар туғызу мақсатында малды, құс пен жұмыртқаны жоспардан тыс сатып алу жоспарлары мен тапсырмаларында белгіленген көлемде сатып алуды, сондай-ақ совхоздардың, колхоздардың, тағы басқа шаруашылықтардың мал мен құсты контрактация шарттары бойынша мемлекетке жыл бойына біркелкі сатуын қамтамасыз ету міндеттелсін [2].

2. Совхоздардың, колхоздардың және басқа шаруашылықтардың мемлекетке сататын малын, құсы мен үй қояндарын қабылдауды Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі жүйесіндегі кәсіпорындар

---

[1] 26-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

25-пункт СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 31 июльдегі № 627 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1970 ж., № 14, 115-ст.).

[2] 1-пункт жоспардан тыс сатып алу тапсырмалары бөлігінде Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 9 июльдегі № 288 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 14, 54-ст.).

мен мал дайындау ұйымдары, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесіндегі мал дайындау ұйымдары, ал өнімді аз өндіретін аудандарда (Қазақ ССР Министрлер Советі мен Орталық Тұтынушылар Одағы бекіткен тізімдер бойынша) тұтынушылар кооперациясының қабылдау-дайындау пункттері, базалары мен кәсіпорындары жүзеге асыратын болып белгіленсін.

Совхоздар мен құс фабрикалары контрактация шарты бойынша құс етін тікелей сауда орнына, ал қалалардың, өнеркәсіп орталықтарының және курорттардың аймақтарындағы (Қазақ ССР Министрлер Советі бекіткен тізімдер бойынша) совхоздар мен құс фабрикалары, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құс өнеркәсібі бас басқармасы жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар, ғылыми-зерттеу мекемелері мен оқу орындарының тәжірибе, тәжірибе-өндірістік және оқу-тәжірибе шаруашылықтары мұнан басқа санаторийлерге, демалыс үйлеріне, балалар үйлері мен басқа да мекемелерге тапсыра алады.

3. Совхоздардың, колхоздардың, тағы басқа шаруашылықтардың мемлекетке сататын жұмыртқаларын қабылдауды тұтынушылар кооперациясының қабылдау-дайындау пункттері, базалары мен кәсіпорындары жүзеге асырады.

Контрактация шарттары бойынша совхоздар, колхоздар және басқа мемлекеттік шаруашылықтар жұмыртқаны заңда белгіленген тәртіп бойынша тікелей сауда орнына, емдеу мекемелеріне, санаторийлерге, демалыс үйлеріне, балалар үйлеріне, тағы басқа мекемелер мен кәсіпорындарға тапсыра алады.

4. Мемлекетке сатылатын малдың, құстың, үй қояндары мен жұмыртқаның кондициялары қазір қолданылып жүрген стандарттарға немесе техникалық шарттарға сәйкес болуы тиіс.

5. Халық депутаттары облыстық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне мыналарды қамтамасыз ету міндеттелсін:

— мемлекетке тапсырылатын малдың сапасына әрдайым бақылау жасау;

— совхоздар мен колхоздарда мемлекетке сату үшін қойылған малды жайып семіртуді және бордақылауды батыл жақсарту, қоңсыз және салмағы аз малды өткізу және сою фактілерін ет ресурстарының азаюына әкеп соқтыратын ешбір төзгісіз ұқыпсыздықтың көрінісі ретінде қарап, өңдеуге тапсырылатын малдың жергілікті жағдайларға қарай белгіленген жас және салмақ кондицияларына сәйкес келетін қоңы жақсы және жоғары салмақтық кондициялы ірі қара, қойлар мен шошқалар ет комбинаттарына түсу үшін бордақыланбаған, арық малдың, әсіресе салмағы аз төлдердің союға тапсырылуына жол бермеу.

6. Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне совхоздардан, колхоздардан, тағы басқа шаруашылықтардан ет комбинаттарына (дайындау ұйымдарының базаларына соқпай) бруцеллезбен ауырған, сою үшін бракқа шығарылған малды ет сатып алудың мемлекеттік жоспарының орындалуына есептей отырып, қабылдау міндеттелсін.

7. Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне жалпы дайындау және басқа шығындарды өтеуге бағытталған үстеме бағаларды, сондай-ақ қорларды тұтынушылар кооперациясының мал сатып алу мен тапсыруды жүзеге асыратын ұйымдарына белгіленген мөлшерде төлей отырып, тұтынушылар кооперациясы ұйымдарынан олардың сатып алған жылқыларын кідіріссіз қабылдау қамтамасыз етілсін.

8. Түйе етін жергілікті жабдықтауға пайдаланған жағдайда совхоздар мен колхоздарда мал сатып алудың мемлекеттік жоспары есебіне

түйелер сатып алу туралы мәселені Қазақ ССР Министрлер Советі шешеді деп белгіленсін.

9. Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы:

— мемлекеттік сатып алулар бойынша түскен малды жасасқан контрактация шарттарына сәйкес үзіліссіз қабылдауды және өңдеуді қамтамасыз ететін болсын;

— тапсырушылардан келіп түскен малдың дұрыс қабылдануына және қоңдылығын анықтауға қатаң бақылау орнататын болсын. Малдың қоңдылығын анықтау жөніндегі ережелерді бұзған адамдар белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылсын.

10. Дайындау ұйымдарына және ет өңдеу кәсіпорындарына малды табын ведомстволарынсыз және жолдама документтерінсіз қабылдауға тыйым салынсын.

11. Дайындаушыларға колхозшылардан және басқа азаматтардан мал сатып алу үшін қолма-қол ақша беруге, әдетте, жол берілмейді деп белгіленсін. Колхозшылардан, басқа да азаматтардан сатып алынған мал үшін есеп айырысулар дайындау ұйымдарының кассалары арқылы, сондай-ақ почта арқылы аудару жолымен жүргізілуге тиіс.

12. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі және Қазақ темір жолы басқармасы малды тасымалдағанда, айдағанда және соярдың алдында дайындау пункттері мен ет өңдеу кәсіпорындарында ұстаған кезде оның тірілей салмағын жоғалтуын және қоңдылығының төмендеуін болдырмауға қажетті шаралар қолданатын болсын.

Жақын жерлердегі ет комбинаттарына мал, әдетте, арнаулы автомобиль транспортымен немесе айдап жеткізілуге тиіс.

13. Малды ет комбинаттары мен мал соятын пункттерге айдаған кезде оның салмағы мен қоңдылығын жоғалтуын алдын ала болдырмау мақсатында халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне мал айдауды тәртіпке келтіруге тиісті шаралар қабылдау міндеттелсін, ол үшін:

— белгіленген тәртіп бойынша мал дайындау және мал бордақылау ұйымдарына мемлекеттік запастағы жердің есебінен тұрақты пайдалану үшін жер бекітіп беру;

— мал айдайтын тұрақты трассаларды белгіленген тәртіп бойынша белгілеу, оларды суаттармен және малдың жолшыбай тынығуы үшін ықтасындармен қамтамасыз ету, өткелдерді жабдықтау, мал жайылатын учаскелер бөлу, мал азықтандыру пункттерінде мал өздігінен жайылатын кезде жасыл конвейер ұйымдастыра отырып, мал азығының жеткілікті қорын жасау;

— мал айдайтын әрбір трассаның бойында мал дәрігерлік бақылау жасауды қамтамасыз ету;

— малды ұзақ айдайтын трассалардың бойында жайып семіртуді ұйымдастыру, осымен бірге айдалатын малдың салмақ қосуы жөнінде тапсырмалар белгілеу;

— дайындау ұйымдарының жүйесін тұрақты ысылған мал айдаушы кадрлармен нығайту.

14. Халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне және Қазақ ССР Сауда министрлігіне мыналар міндеттелсін:

— темір жолмен малды тасымалдағанда оны жолда болған кезде қажетті жемшөп мөлшерімен қамтамасыз етуге шаралар алу;

— мал және ет тиелген маршруттардың ет өңдейтін кәсіпорындар мен тоңазытқыштарда тұрып қалуына жол бермей, оларды дер кезінде түсіріп алуды қамтамасыз ету.

15. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі мен халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне малды өңдеуге біркелкі тапсырып тұруды қамтамасыз ету үшін ірі ет комбинаттарының аймақтарындағы мал шоғырландыру базаларын қоса алғанда облыстарда мемлекеттік сатып алу бойынша келіп түскен малды қондандыруға, бордақылауға және жайып семіртуге арнайы бейімделген шаруашылықтарды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастыру міндеттелсін.

16. Ет өңдейтін және құс өңдейтін кәсіпорындарға мал мен құсты жеткізіп тұру графиктерін облыстық атқару комитеттері бекітеді деп белгіленсін.

17. Дайындау ұйымдарына қоныс аударушылардың көшіп шыққан жерінде тапсыратын малын, малды қабылдағаны туралы оның салмағы көрсетілген квитанцияларды жеке адамның атына жаза отырып, қабылдау міндеттелсін.

Совхоздар мен колхоздарға жоспарлы тәртіп бойынша қоныс аударушылардан мал қабылдау және оларға көшіп барған жерлерінде мал беру СССР Дайындау министрлігі, СССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, СССР Финанс министрлігі мен Тұтыну қоғамдарының Орталық одағы бекітетін нұсқауда көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.[1]

Дайындау ұйымдары қоныс аударушылардан малды көшіп шыққан жерінде қабылдағанда, сондай-ақ көшіп барған жерінде оларға мал бергенде оны бағалау мемлекеттік сатып алу бағалары бойынша жүргізіледі.

18. Асыл тұқымды малды, сондай-ақ асыл тұқымды үй қояндары мен құсты сатып алу «Казплемживобъединениеге» жүктелсін.

«Казплемживобъединение» жүйесіндегі ұйымдар арқылы совхоздар, колхоздар, басқа да мемлекеттік шаруашылықтар сататын асыл тұқымды малдың тірілей салмағы оны бағып өсірген шаруашылықтардың мемлекетке мал мен құс сату жоспарының орындалуына килограмына килограмм есебімен есептеледі.

19. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне және өз шаруашылықтарында асыл тұқымды ірі қара, қой, шошқа және жылқысы бар басқа да министрліктер мен ведомстволарға жоғары өнімді малдардан туған және малдың тұқымын асылдандыру үшін шаруашылықтарда пайдаланылмайтын асыл тұқымды төлді өсіріп, совхоздарға, колхоздарға, тағы басқа ұйымдарға «Казплемживобъединение» жүйесіндегі ұйымдар арқылы асыл тұқымды малға қолданылып жүрген сатып алу бағалары бойынша сату міндеттелсін.

20. «Казплемживобъединение» жүйесіндегі ұйымдардың совхоздарға, колхоздарға, басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындарына жеткізіп тұратын малының сапасына және өткізілетін малға қолданылып жүрген бағалардың сақталуына бақылауды мал тұқымын асылдандыру ісі жөніндегі және ауыл шаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыру жөніндегі мемлекеттік станциялардың, сондай-ақ аудандық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармаларының зоотехникалық және мал дәрігерлік қызметкерлері жүзеге асырады деп белгіленсін.

---

[1] 17-пункттің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 ж. 28 октябрьдегі № 561 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 23, 117-ст.).

21. «Казплемживобъединение» жүйесіндегі ұйымдарға етке сою үшін бордақылауға қойылған малды сатып алуға тыйым салынсын. Бұл ұйымдардың міндеттері асыл тұқымды және тұқымы жақсартылған жергілікті мал дайындау және оны совхоздарға, колхоздарға, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарға тек қана мал басын өсіру және толықтыру мақсаттары үшін сату болып табылады деп белгіленсін.

22. Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына өнеркәсіптік аңшылық шаруашылықтарымен және Қазақстан Аңшылар одағының облыстық аңшылар және балықшылар қоғамдарымен жасасқан шарттар бойынша орман құсын, басқа да жабайы құстарды сатып алу жүктелсін.

23. Халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері жабайы құстарды сатып алу ісінде дайындау ұйымдарына қажетті көмек көрсететін болсын.

24. Қазақ ССР Сауда министрлігіне Министрлік жүйесіндегі тоңазытқыштарда мұздатуға және сақтауға арнап дайындаушылардан орман, суда жүзетін және жабайы дала құстарын қабылдауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

## БАКТЕРИЯ ЖӘНЕ ВИРУС ПРЕПАРАТТАРЫН ӨНДІРУ ҮШІН ЖЫЛҚЫНЫ СССР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТТАРЫНА ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1963 жылғы 17 сентябрьдегі № 741 ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1963 жылғы 4 июльдегі № 734 қаулысына[1] сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) 1963 жылдан бастап СССР Денсаулық сақтау министрлігінің СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісілген заявкалары бойынша совхоздардан жылқыны СССР Денсаулық сақтау министрлігінің вакцина және сыворотка (іріткі, сарысу) ғылыми-зерттеу институтына жеткізуді қамтамасыз ету;

б) Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан өлкелері мен Алматы облысының совхоздарын олардан жылқыны үнемі алып тұру үшін СССР Денсаулық сақтау министрлігінің ғылыми-зерттеу институттарына бекітіп қою.

2. Бактерия және вирус препараттарын өндіру үшін жеткізілуге тиісті жылқыны бекітілген совхоздарда СССР Денсаулық сақтау министрлігі өз қарамағындағы ғылыми-зерттеу институттары арқылы алдын ала көріп-зерттейді және таңдап алады деп белгіленсін.

3. Совхоздар жылқыны СССР Денсаулық сақтау министрлігінің вакцина және сыворотка ғылыми-зерттеу институттарына қолданылып жүрген өткізу бағалары бойынша сатады, ол жылқы ет өндіру мен мемлекетке сату жоспарының орындалуына есептеледі деп белгіленсін.

---

[1] СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз.

# ДАЙЫНДАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ІШЕК, МӘЙЕК ШИКІЗАТЫН, ШОШҚА МЕН ЖЫЛҚЫНЫҢ ҚЫЛЫН, ҚҰСТЫҢ ҚАУЫРСЫНЫ МЕН МАМЫҒЫН ҚАБЫЛДАУЫ, САҚТАУЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БҰЛ ШИКІЗАТТАРДЫ САТЫП АЛУ БАҒАСЫ ТУРАЛЫ[1]

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ**
**1968 жылғы 27 августағы № 535 ҚАУЛЫСЫ**

**(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 16, 111-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына және облыстық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) облыстарда тұтынушылар кооперациялары ұйымдарының ішек шикізатын сатып алуы жайына бақылауды жүзеге асыру, бұл шикізатты сатып алуды едәуір арттыруға, сондай-ақ сатып алынған шикізаттың және онан жасалатын фабрикаттардың сапасын жақсартуға шаралар қолдану;

б) колхоздар мен совхоздардың, тұтынушылар кооперацияларының, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігінің қасапхана кәсіпорындарының төңірегіндегі елді мекендерде малдың үйде сойылуына жол бермеуге шаралар қолдану, сондай-ақ осы аталған кәсіпорындардан шалғайдағы елді мекендерде малды колхоздар мен совхоздар бөлген арнаулы қасапшылардың союын қамтамасыз ету.

2. Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына және облыстық атқару комитеттеріне мәйек шикізатын дайындау көлемін көбейту үшін бұл шикізатты колхоздардан, совхоздардан, басқа да шаруашылықтардан, халықтан және мал соятын пункттерден сатып алуды арттыру шараларын жүзеге асыру міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігіне мал соятын пункттер мен ішек өңдеу шеберханаларында тиісті санитарлық жағдай болуына, сондай-ақ пункттерде сойылған малдың иелеріне ет тасу үшін транспорт қызметінің көрсетілуін қамтамасыз етуге, бұл үшін жеке меншік транспортты пайдаланумен қатар мал сойылатын пункттерге колхоз транспортын беру жөнінде колхоздармен шарт жасасуға шаралар қолдану міндеттелсін.

4. Колхоздарға ішек шикізатын жинаушыларға және оны алғаш рет өңдеушілерге, сондай-ақ оның сапалы сақталуын қамтамасыз етуші адамдарға ішек шикізатын тұтыну кооперациясы ұйымдарына сатқаны үшін шаруашылықтарға төленетін қаржының 30 процентке дейінгісін төлеу ұсынылсын.

Тұтыну кооперациясы ұйымдарына колхоздардың келісімімен аталған қаржыны осы жұмысты тікелей колхоздардың өзінде атқарған адамдарға төлеуге рұқсат етілсін.

7. Совхоздардың директорларына құстың қауырсынын, мамығын,

---

[1] 5 және 6-пункттер Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 ж. 17 декабрьдегі № 633 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 1, 2-ст.).

9 және 11-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 20 майдағы № 352 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

шошканың, жылқының қылын жинауды көтермелеу үшін мал фермаларының қызметкерлеріне дайындау ұйымдары арқылы жиналған және сатылған құс қауырсынының, мамығының, шошқа мен жылқы қылы құнының 50 проценті мөлшерінде ақшалай сыйлықтар беру міндеттелсін.

10. Колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілер мен басқа да азаматтардың мемлекетке және кооператив ұйымдарына сатқан ішек және мәйек шикізаты, шошқа мен жылқының қылы, құс қауырсыны мен мамығы үшін ақшадай ақы осы аталған өнімдерге колхоздар мен совхоздар және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдары үшін белгіленген сатып алу (өткізу) бағасы бойынша төленеді.

## СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ТІКЕЛЕЙ САУДА ЖҮЙЕСІНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ҚӘСІПОРЫНДАРЫНА, БАЛАЛАР, ЕМДЕУ ЖӘНЕ БАСҚА МЕКЕМЕЛЕРГЕ САТЫЛАТЫН СҮТ ПЕН ҚАЙМАҚ ҮШІН КОЛХОЗДАРМЕН, СОВХОЗДАРМЕН ЖӘНЕ БАСҚА ШАРУАШЫЛЫҚТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 28 МАРТТАҒЫ № 293 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ[1]

### ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1979 жылғы 28 апрельдегі № 178 ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Облыстық атқару комитеттеріне сүт пен кілегейді тікелей сауда жүйесіне, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, балалар, емдеу және басқа мекемелерге сауда скидкасын шегеріп тастағандағы бөлшек сауда бағасы бойынша сата алатын колхоздардың, совхоздардың және басқа шаруашылықтардың тізбегін бекітуге право берілсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Финанс министрлігі мен Қазақ ССР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті аталған шаруашылықтарға сүт пен кілегейдің сатып алу бағасы мен сауда скидкасын шегеріп тастағандағы бөлшек сауда бағасы арасындағы айырмашылықты өтеудің, сондай-ақ бұл өнімдерді пастерлеуге және оларды тұтынушыларға жеткізуге шығарған шығындардың мөлшерлерін (сатылған сүт пен кілегейдің тоннасына шаққанда) анықтасын.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті сүт пен кілегейді тікелей сауда жүйесіне, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, балалар, емдеу және басқа мекемелерге сататын совхоздарға, колхоздар мен басқа да шаруашылықтарға сүтті қайта өңдеу үшін қажетті жабдықтарды бөліп отырсын.

---

[1] 3-пункт СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 28 марттағы № 293 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 7-томын қараңыз).

## ҚОЙ ТЕРІСІ-ТОН ШИКІЗАТЫН ДАЙЫНДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕМШІЛІКТЕР ТУРАЛЫ [1]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 10 майдағы № 204 ҚАУЛЫСЫ

Республикада қой терісі-тон шикізатын дайындауды ұйымдастыруды жақсарту, оның ресурстарын ұлғайту, сапасын арттыру мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

5. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы колхоздардан, совхоздардан және басқа мемлекеттік шаруашылықтардан, сондай-ақ халықтан тон-мехтық қой терісін айналмалы жинауды барлық жерде ұйымдастырсын. Шикізатты сұрыптауға, сақтау мен дер кезінде өткізуге жауапты кадрлар даярлауға шаруашылықтарға көмек көрсетілсін.

6. Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі былғары шикізаты заводтарында шикізатты дер кезінде қабылдау мен дұрыс сұрыптауды қамтамасыз етсін.

Тондық қой терісін хромдық былғары өндірісіне пайдалануға жол бермейтін болсын, тондық шикізатты қой терісі-тондық өндіріске пайдалануды жақсартсын.

## АҢ ТЕРІСІ ҚӘСІПШІЛІГІН, АҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫН, ҮЙ ҚОЯНЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ АҢ ТЕРІСІ-МЕХ ШИКІЗАТЫН ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ [2]

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 17 марттағы № 123 ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 7, 20-ст.)

Аң терісі кәсіпшілігін, аң шаруашылығын, үй қояны шаруашылығын дамыту және аң терісі-мех шикізатын дайындау жөніндегі нормативтік актілердің көп болуын жою мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Аң терісін және мех шикізатын негізгі дайындаушы болып Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы белгіленсін.

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар аң терісін және мех шикізатын дайындауға тұтыну кооперациясы органдарымен контрагенттік негіздегі шарттар бойынша ғана қатысады деп белгіленсін.

2. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы:

а) құнды терілі аңдардың запастарын ұтымды игеру және ұдайы өсіру жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырып отыратын болсын, мұның өзінде аңшылық жерлерді дайындау ұйымдарына бекітіп беру және кәсіпшілік-аңшылық шаруашылықтарын құру жолымен аңшылық кәсіпшілігін одан әрі дамытуды, құнды терілі аңдардың запастарын игеруде иесіздікті жоюды негізгі міндеті деп санасын;

---

[1] 1—4 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

[2] 15-пункттің бірінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 7 июньдегі № 241 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 13, 48-ст.).

31-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

б) өз қарамағындағы ұйымдарға биотехникалық, мелиоративтік және аңшылық-шаруашылық жұмыстарын жүргізудің жоспарларын жыл сайын белгілейтін болсын, олардың орындалуына қатаң бақылауды қамтамасыз етсін. Құнды терілі аңдардың негізгі түрлері санының жайын зерттеуге, ондатраның мекендеуіне және оларды ұдайы өсіруге жарамды су қоймаларына ондатра орналастыруға ерекше назар аударатын болсын;

в) торда өсірілетін аң шаруашылығын, үй қояны шаруашылығын дамыту, сондай-ақ аң терісі мен мех шикізатын облыстар мен кәсіпшілік шаруашылықтары бойынша дайындау жоспарларының Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы Бас басқармасымен және профессор Б. М. Житков атындағы Бүкілодақтық аңшылық шаруашылығы мен аң өсіру ғылыми-зерттеу институтының Қазақстан бөлімшесімен келісілген жобаларын, оларда аң өсіретін шаруашылықтардың тиісті материалдық-техникалық базасын нығайтуға арналған қажетті қаржыларды бөлуді көздей отырып, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жыл сайын табыс етіп тұрсын;

г) облыстық тұтыну қоғамдары одақтары мен аудандық дайындау конторларының дайындау аппараттарын жоғары және арнаулы орта білімді аңшы мамандармен және аң өсірушілермен толықтырсын, олардың мамандықтары бойынша жұмыстарда пайдаланылуын қамтамасыз етсін;

д) дайындалатын аң терісі-мех шикізатының сапасын арттыру мақсатында аудандық дайындау конторлары мен базалары жанында оны қосымша өңдейтін пункттер ұйымдастырсын, аң өсіретін шаруашылықтарда зоотехникалық және ұйымдастыру жұмысын жақсартсын, шикізат қабылдаушылар мен кәсіпші аңшылардың білікті кадрларын тұрақты даярлауды қамтамасыз ететін болсын;

е) үй қояндары мен үй қояны терілерін сатып алудың жылдық жоспарының көлемі 10 мың данадан асып түсетін аудандарда еңбек жөніндегі белгіленген жоспарлардың шегінде үй қояны шаруашылығы жөніндегі нұсқаушылар қызметін көздейтін болсын;

ж) торда өсірілетін құнды терілі аңдар мен үй қояндарын өсіруге жұмысшыларды, қызметшілер мен колхозшыларды кеңінен қатыстырсын, бұл үшін оларға асыл тұқымды төлдің қажетті санын сатсын, оларды азықтандыру, бағу мен күту ережелері жөнінде нұсқаулар және консультациялар жүргізсін, сондай-ақ өндірілетін өнімді тұтыну кооперациясының дайындау ұйымдарына өткізуге аң және үй қоянын өсірушіәуесқойлармен шарттар жасасатын болсын;

з) совхоздарға, колхоздарға және басқа шаруашылықтарға, сондай-ақ аң өсіруші-әуесқойларға, оларға аңдардың құнын төлетіп нутрияларды белгіленген бағалар бойынша немесе шарттар бойынша (ақы төлемей), бірақ алған әр асыл тұқымды аң үшін жыл ішінде міндетті түрде екі бас нутрия өткізетін етіп (тағы да ақы төлемей) босатуды қамтамасыз ететін болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1961 жылғы 3 февральдағы № 53 және 1966 жылғы 17 марттағы № 178 қаулыларымен аң аулау кәсіпшілігі аудандарында белгіленген жұмысшы-аңшылардың санын аудандық бір дайындау конторында — 30 адамға дейін, ал селолық тұтыну қоғамында 10 адамға дейін жеткізуге Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына право берілсін, олардың еңбегіне ақыны тұтыну кооперациясы ұйымдары өздері өткізетін аң терісі, жабайы құс, жидек, саңырауқұлақ және басқа өнімдердің дайындау құнын төлеуге арнап алатын қаржылардың есебінен, сатып алу жөніндегі үстеме шығындардың қолданылып жүрген нормаларын оларға арттырмастан, төлеп отырсын.

3. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының дайындау ұйымдары аңшылар мен балықшылар қоғамдарына, аң терісін контрагенттік негіздерде өткізуге шарттары болған жағдайда, оны аңшы-әуесқойлардан сатып алу жөніндегі ұйымдастыру шығындарын өтеуге арнап, өткізілетін аң терісінің құнына селолық тұтыну қоғамдарына берілетін үстеме ақының мөлшерінде, ал аң терілерін тікелей аң терісі-мех базаларына түсіріп берген жағдайда — аудандық тұтыну қоғамдары одақтарына белгіленген үстеме ақының 90 проценті мөлшерінде қосымша төлейтін болсын. Аң терілерін контрагенттік негіздерде сатып алуға қатыстырылатын аңшылар қоғамдарына аңшы-әуесқойлармен олар өткізген аң терісі үшін есеп айырысуға нақты ақша берілсін.

4. Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағына еңбек жөнінде оған белгіленген жоспар шегінде құнды терілі аңдарға бай аңшылық жерлері бар облыстық аңшылар мен балықшылар қоғамдарында 100-ге дейін штаттағы аңшылар ұстауға рұқсат етілсін.

5. Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағына Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен бірлесіп аңшылар мен балықшылар қоғамдарына тіркелген барлық жерлердегі ондатраның және басқа құнды терілі аңдардың есебін жыл сайын жүргізу және соның нәтижелері бойынша аң терісін контрагенттік негізде қолға түсіру және тұтыну кооперациясының дайындау ұйымдарына өткізу жөнінде, сондай-ақ құнды терілі аңдардың санын ұлғайтуды қамтамасыз ететін шаралар жүргізу жөнінде оларға тапсырмалар белгілеу міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағы:

а) аң терісін қолға түсіруге қатысу үшін тұтыну кооперациясының аудандық дайындау конторлары қарамағына аңшылар мен балықшылар қоғамдарының мүшелерін жіберетін болсын;

б) тұтыну кооперациясы дайындау ұйымдарының заявкалары бойынша штаттағы жұмысшы-аңшыларды және аң терісін қолға түсіріп, өткізуге шарттар жасасқан адамдарды өздерінің мамандандырылған магазиндері арқылы мылтықтармен және олардың оқ-дәрілерімен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етіп тұратын болсын.

7. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының кәсіпшілік-аңшылық шаруашылықтары мен аудандық дайындау конторларының штаттағы жұмысшы-аңшыларын және транспортын аң терісін қолға түсірумен және биотехникалық, аңшылық-шаруашылық шараларын жүргізумен байланысы жоқ жұмыстарға қатыстыруға тыйым салынсын.

8. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасына жабайы жануарлардың жекелеген түрлерін қолға түсіруге тыйым салуға право берілсін.

9. Облыстық, қалалық және аудандық атқару комитеттері тұтыну кооперациясы дайындау ұйымдарының және үй қоянын өсіруші-әуесқойлар серіктіктерінің (қоғамдарының) заявкалары бойынша аң шаруашылығы және үй қояны шаруашылығы фермаларын, қосалқы шаруашылықтарын ұйымдастыру және аңдар мен үй қояндарын азықтандыруға қажетті жемшөп өндіру үшін жер учаскелерін белгіленген тәртіп бойынша бөлетін болсын.

10. Құнды терілі аңдардың қазіргі бар запастарын неғұрлым толық игеру мақсатында Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Орта Азия обаға қарсы институты эпидемия қаупі бар аудандар үшін құнды терілі аңдар кәсіпшілігінің, олардың терілері мен мех шикізатын дайындап, өнеркәсіп кәсіпорындарына тиеп жөнелтудің тәртіптерін Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен бірлесіп әзірлеп, бекітетін болсын.

11. Аң аулау кәсіпшілігінің негізгі аудандарында орналасқан кәсіпорындар мен мекемелердің басшыларына дайындау ұйымдарының

өтініштері бойынша аң терісі кәсіпшілігі маусымында жұмысшылар мен қызметшілерге — тәжірибелі аңшыларға өндіріске нұқсан келтірместен жалақысын сақтамай 1—2,5 айға демалыс беруге рұқсат етілсін.

12. Тұқымға арнап ауланатын ондатраның сатып алу бағасы бір басқа 6 сом мөлшерінде белгіленсін.

13. Қәдімгі балпақтарды аулаушылар өткізген әрбір тері үшін сатып алу бағасына 3 тиыннан қосымша төлеу совхоздарға рұқсат етілсін және колхоздарға ұсынылсын.

14. Аңшылық кәсіпшілігін ұйымдастыру жөніндегі шығындарды өтеу үшін аңшылар бригадаларына тұтыну кооперациясының дайындау ұйымдарымен шарттар бойынша өткізілетін аң терісі құнының сомасынан бес процент мөлшерінде ақшалай үстеме ақы төленеді деп белгіленсін.

15. *(Екінші абзац)* Дайындау ұйымдары авиатранспортты арендаға алу жөніндегі шығындарды ауыл шаруашылық шикізатын дайындаудан алынатын табыстар сомасы есебінен өтейтін болсын.

16. Облыстық атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен Қазақ ССР Сауда министрлігіне кәсіпшілік маусымында аңшыларға сату үшін олардан сатып алынатын аң терісі құнының 50 процентіне дейін жететін сомаға рыноктық қорлар есебінен ұн, жарма және басқа азық-түлік товарлары мен аңшылық жарақтарын аң терісін дайындауды жүзеге асыратын ұйымдарға жыл сайын бөлу міндеттелсін.

17. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасын, Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағын, профессор Б. М. Житков атындағы Бүкілодақтық аңшылық шаруашылығы мен аң өсіру ғылыми-зерттеу институтының Қазақстан бөлімшесін қатыстырып ондатраның санын айтарлықтай өсіру, оның терілерін дайындау көлемін ұлғайту, ондатра өсірілетін жерлерді сақтау және жақсарту жөніндегі шараларды жүйелі түрде әзірлеп, жүзеге асыратын болсын.

18. СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторы гидромелиоративтік жұмыстар жүргізуге және қажетті техника алуға арналған ұзақ мерзімді кредиттерді Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына белгіленген тәртіп бойынша жыл сайын беретін болсын.

19. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасы, Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағы, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық және аудандық атқару комитеттері ондатра өсірілетін жерлерді сақтауға шаралар қолданатын болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Қорық және аңшылық шаруашылығы бас басқармасымен, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағымен және олардың жергілікті жерлердегі органдарымен келісіп алмай, қолданылып жүрген су режимін өзгертуге, ондатралардың үйшіктері бар жерлерде қамыс шабуға және өртеуге, сондай-ақ ондатра шаруашылығына нұқсан келтіретін басқа жұмыстар жүргізуге тыйым салынсын.

20. Қазақ ССР Ғылым академиясының Зоология институты мен профессор Б. М. Житков атындағы Бүкілодақтық аңшылық шаруашылығы мен аң өсіру ғылыми-зерттеу институтының Қазақстан бөлімшесі ондатра, суыр, тиін, қызыл түлкі санының азаюы себептерін ашуға, оларды ұлғайта өсіру мен дайындауды арттыру, сондай-ақ терісі үшін торда өсірілетін аң шаруашылығын республикада одан әрі дамыту және

оның экономикалық тиімділігін арттыру жөніндегі ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеуге ерекше назар аудара отырып, аң терісі кәсіпшілігі мен аң шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын кеңейтсін.

Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы аң терісі кәсіпшілігі мен аң шаруашылығы саласындағы ғылыми жұмыстарды шаруашылық шарттар бойынша жүргізуге арналған қажетті қаржылар бөлуді жыл сайын көздейтін болсын.

21. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, облыстық және аудандық атқару комитеттері жоғары сапалы мех терісін беретін үй қояндарын өсіруге және республиканың үй қоянын өсіретін шаруашылықтарының асыл тұқымды үй қоянына деген қажеттерін толық қанағаттандыру үшін таза тұқымды үй қояндарын өсіруге ерекше назар аудара отырып, совхоздарда, колхоздар мен оқу-тәжірибе шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық оқу орындарында, мектептерде, балалар үйлерінде, жас натуралистер станцияларында, бау өсіру серіктіктерінде және үй қоянын өсіруші-әуесқойлар серіктіктерінде (қоғамдарында) үй қояны шаруашылығын дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырсын.

22. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағының заявкалары бойынша мыналарды бөлуді жыл сайын көздейтін болсын:

— торда аң өсіретін және үй қоянын өсіретін шаруашылықтарды қамтамасыз ету үшін және үй қоянын өсіруші-әуесқойларға, үй қоянын өсіруші серіктіктерге (қоғамдарға) және аңшы-өткізушілерге (кәсіпші иттерді азықтандыру үшін) сату үшін өзектері мен азықтық қоспалары аз жемдік дәнді, құрама жемді;

— торда аң өсіретін шаруашылықтардағы және аң терісін мемлекетке өткізетін аң өсіруші-әуесқойлардың шаруашылықтарындағы аңдарды азықтандыру үшін белгіленген тәртіппен бекітілген нормалар бойынша II категориялы қосалқы өнімдерді, жас және тоңазытылған түрдегі бағалы емес тұқымды балықтар мен балық қалдықтарын, бұлшық етті, майсыз сүт пен ірімшікті, жемдік майды, наубайшылық құрғақ ашытқыны.

Қазақ ССР Сауда министрлігі, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Дайындау министрлігі, СССР Балық шаруашылығы министрлігінің Қазақ балық өңдеу және балық өнімдерін өткізу жөніндегі өндірістік-өткізу бірлестігі бөлінген қорлар бойынша жемшөп жеткізіп беруді қамтамасыз етсін.

23. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі аң өсірумен шұғылданатын шаруашылықтарға биопрепараттарды қажетті мөлшерде істеп шығаруды, тасып жеткізуді және оларға сатуды қамтамасыз ететін болсын.

24. Қазақ ССР Балық шаруашылығы министрлігінің кәсіпорындарына, балықшы колхоздарға және аңшылар мен балықшылар қоғамдарына бағалы емес тұқымды балықтарды аң өсірумен шұғылданатын шаруашылықтарға аңдарға жем үшін сатуға, сатылған балық мөлшерін кейіннен аулау жоспарының орындалуына есептеуге рұқсат етілсін.

25. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығын өндірістік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық жоспарларының жобаларында аң өсіру

және аңшылық шаруашылықтарының қажеттерін ескере отырып Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағына жабдықтарға, машиналарға, транспорт құралдарына арналған қорларды бөлуді көздейтін болсын.

26. Аң аулау арқылы қолға түсірілетін, мемлекетке міндетті түрде тапсырылуға жататын құнды терілі аңдардың бағалы түрлері терілерінің тізбесі № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

27. Аң аулау арқылы қолға түсірілген құнды терілі бағалы аңдардың иленбеген немесе иленген, бірақ мемлекеттік таңбасы (штампы) жоқ, халық депутаттары поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің, олардың атқару комитеттерінің немесе халық депутаттары аудандық, қалалық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтерінің әкімшілік комиссияларының шешімі бойынша алынып қойылған терілері:

иленбегендері — қолданылып жүрген ГОСТ-тарға сәйкес, аң терісі-мех шикізатының сатып алу бағалары бойынша тұтыну кооперациясының дайындау ұйымдарына тапсырылуға;

иленгендері, сондай-ақ олардан жасалған дайын бұйымдар — Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағының мамандандырылған магазиндері арқылы комиссиялық негіздерде өткізілуге жатады.

28.Аң аулау арқылы қолға түсірілген, мемлекетке міндетті түрде тапсыруға жататын құнды терілі аңдардың иленбеген, сондай-ақ иленген, бірақ мемлекеттік таңбасы (штампы) жоқ терілерін азаматтардан өңдеуге және бояуға қабылдауға республиканың халық тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарына тыйым салынсын.

29. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Аңшылар мен балықшылар қоғамдары одағы, облыстық және аудандық атқару комитеттері:

а) қоғамдық және әуесқойлық үй қояны шаруашылығы мен аң шаруашылығын ұйымдастырудағы озық тәжірибені көрсететін көрмелер, аңшылық кәсіпшілігін, аң шаруашылығын, үй қояны шаруашылығын дамытудағы жоғары көрсеткіштері және мемлекетке сатылатын терілердің жоғары сапасы үшін таңдаулы шаруашылықтарды, үй қоянын өсіруші-әуесқойларды және аң өсірушілерді дипломдармен наградтауды;

б) таңдаулы бригада, таңдаулы аңшы, аң өсіруші, үй қоянын өсіруші конкурстарын өткізсін.

30. Республикалық газеттердің, «Кооператор Қазахстана» журналының және ауыл шаруашылық журналдарының редакциялары құнды терілі аңдарды аулау және ұдайы өсіру, аң шаруашылығы мен үй қояны шаруашылығын дамыту, аң терісі-мех шикізатының сапасын арттыру жөніндегі озық тәжірибе мен жұмыс әдістерін жүйелі түрде көрсететін болсын.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің*
*1980 жылғы 17 марттағы*
*№ 123 қаулысына № 1*
*ҚОСЫМША*

## АҢ АУЛАУ АРҚЫЛЫ ҚОЛҒА ТҮСІРІЛЕТІН, МЕМЛЕКЕТКЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ТАПСЫРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ҚҰНДЫ ТЕРІЛІ АҢДАРДЫҢ БАҒАЛЫ ТҮРЛЕРІ ТЕРІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Борсық
Тиін
Белек (Қаспий итбалығының күшігі)
Қасқыр
Аққіс
Жанат тәрізді ит
Сары күзен
Қарсақ
Жабайы мысық
Түлкі
Қара күзен
Ондатра
Құну
Сілеусін
Бұлғын
Сарғыш күзен
Суыр
Балпақ-зорман
Күзен

## ХАЛЫҚТЫ ЖАБДЫҚТАУДЫ ЖАҚСАРТУ ҮШІН РЕСПУБЛИКА ТҰТЫНУ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЕТ ӨНДІРУДІ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛУЫН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОСЫМША ШАРАЛАР ТУРАЛЫ [1]

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ 1981 жылғы 13 январьдағы № 18 ҚАУЛЫСЫ**

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қ а у л ы е т е д і:

1. Кооперативтік ұйымдардың қосалқы ауыл шаруашылықтарын одан әрі дамытып, нығайтуды қамтамасыз ету, халықты жабдықтауды жақсарту үшін ет, сүт, жұмыртқа және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатып алуды барынша ұлғайту Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы басқармаларының, облыстық тұтыну қоғамдары одағының, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттерінің, облыстық атқару комитеттерінің маңызды міндеттерінің бірі деп саналсын.

2. *(Екінші абзац)* Облыстық атқару комитеттері қажетті материал-

---

[1] 2-пункттің бірінші абзацы, 3—5-пункттер, 6-пункттің екінші абзацы, 7, 9, 13, 14-пункттер, 15-пункттің бірінші абзацы және 16-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

дарды алғаннан кейін екі апталық мерзімнен кешіктірмей Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қосалқы ауыл шаруашылықтары туралы» 1978 жылғы 4 декабрьдегі № 985 қаулысын жүзеге асыру туралы» 1979 жылғы 9 январьдағы № 7 (Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 4, 8 ст.) және «Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 жылғы 9 январьдағы № 7 қаулысын ішінара өзгерту туралы» 1980 жылғы 11 марттағы № 109 қаулыларымен белгіленген тәртіппен қосалқы ауыл шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін жер учаскелерін бөлу туралы мәселені шешетін болсын.

6. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен облыстық тұтыну қоғамдары одағы халықтан еттің, сүттің, жұмыртқаның артығын келісілген баға бойынша сатып алуды түбірінен жақсартсын, азаматтармен олардың ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуына шарт жасасуды кеңінен қолдансын.

